



International Taraz
Innovative Institute
named after Sherkhan Murtaza



BAŞKENT
ÜNİVERSİTESİ



«ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ
ЦИФРАНДЫРУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ІТ - ЛИНГВИСТИКАНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ»
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМУ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ
БАҒДАРЛАМАСЫ
24-25 мамыр, 2024 ж.

ПРОГРАММА
МЕЖДУНАРОДНОЇ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЇ КОНФЕРЕНЦИИ
«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСКОЙ ФИЛОЛОГИИ И
ИССЛЕДОВАНИЕ ІТ-ЛИНГВИСТИКИ В ПЕРИОД ЦИФРОВИЗАЦИИ»
24-25 мая, 2024 г.

**PROGRAM OF INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL
CONFERENCE NAMED**
«TOPICAL PROBLEMS OF KAZAKH PHILOLOGY AND THE STUDY OF
IT LINGUISTICS DURING THE PERIOD OF DIGITALIZATION»
24-25 may, 2024y.

ІІ - ТОМ



Тараз - 2024

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

**ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ИНСТИТУТЫ
МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТАРАЗСКИЙ ИННОВАЦИОННЫЙ ИНСТИТУТ
ИМЕНИ ШЕРХАНА МУРТАЗЫ
INTERNATIONAL TARAZ INNOVATIVE INSTITUTE NAMED AFTER
SHERKHAN MURTAZA
BASHKENT UNIVERSITY, ANKARA, TURKEY**



**«ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ
КЕЗЕҢІНДЕГІ ІТ - ЛИНГВИСТИКАНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ»
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ
24-25 мамыр, 2024 ж.**

**МАТЕРИАЛЫ
Международной научно-практической конференции
«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ И ИССЛЕДОВАНИЕ IT – ЛИНГВИСТИКИ
В ПЕРИОД ЦИФРОВИЗАЦИИ»
24-25 мая, 2024 г.**

**MATERIALS OF INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL CONFERENCE NAMED
«CURRENT PROBLEMS AND RESEARCH OF IT – LINGUISTICS
IN THE PERIOD OF DIGITIZATION»
24-25 November, 2024**

II-ТОМ

Тараз- 2024

УДК 811.512 .122 (075.8)

ББК 81.2 Каз-923

Б 81

«Қазақ филологиясының өзекті мәселелері және цифрландыру кезеңіндегі IT-лингвистиканың зерттелуі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. – Тараз, 24-25 мамыр, 2024. – 285б.

«Актуальные проблемы и исследование IT – лингвистики в период цифровизации» – сборник материалов Международной научно-практической конференции. – Тараз, 24-25 мая, 2024. – с.285.

ISBN 978-601-7325-00-8

Жинаққа қазақ тіл білімінің лингвистикалық статистика саласының білікті маманы, филология ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің академиялық профессоры, доцент Белботаев Алмасбек Батанұлының мерейтойына орай Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының ұйымдастыруымен 2024 жылдың 24-25-ші мамыр аралығында өткізілген «Қазақ филологиясының өзекті мәселелері және цифрландыру кезеңіндегі IT-лингвистиканың зерттелуі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда тыңдалған баяндама материалдары енгізілді.

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақсаты – Белботаев Алмасбек Батанұлының қазақ тіл білімінің лингвистикалық статистикасына қатысты ғылыми зерттеулері мен филология ғылымының өзекті мәселелері бойынша пайымды тұжырымдарды негізге ала отырып, «IT лингвистикасының бастау көздері» «Лингвостатистика және жиілік сөздіктер жасау технологиясы», «Білім беру жүйесіндегі жанаша бағыттардың теориялық негіздері», «Филология ғылымының даму аспектілері», «Педагогикалық ғылымдардың қазіргі жағдайы мен дамуы», «Гуманитарлық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары» бойынша тың баяндамалар жинақтау.

Конференция жинағына ҚР және шетел ғалымдарының, еліміздегі бірқатар жоғары оқу орындарының ғалымдары мен жас ғалымдардың, сондай-ақ, университет ғалымдары мен профессор-оқытушылар құрамы, магистранттар мен студенттердің ғылыми жұмыстары енгізілді.

Редакция алқасы:

Редакционная коллегия:

Саурықов Е.Б. – ф.ғ.д., профессор – төраға; Баяндин М.А.– э.ғ.д. Мүшелері: Пертаева Э.Қ. – ф.ғ.к., доцент м.а., Беркенова Р.А. – ф.ғ.к., доцент м.а., Сиразитдинов З.А. – ф.ғ.к., Наз Пенах – PhD доктор, Белботаев А.Б. – ф.ғ.к., профессор, Кужаева М.Т. – ф.ғ.к., доцент м.а., Кәрібаева А.Ө. – ф.ғ.к., доцент, Әбілов М. – ф.ғ.к., доцент, Қазжанов Ғ.Т. – п.ғ.м., Архабаева Г.Е. – аға оқытушы, Игиликова Э.С. – аға оқытушы, Сарсенбаева М.Б. – аға оқытушы, Саржаев О.Т. – аға оқытушы, Стамкулова Б.Ш. – п.ғ.м., Тлепова Б.П. – аға оқытушы, Семембаева Г.Ә. – оқытушы, Байлыбеков Ғ.

ISBN 978-601-7325-00-8

UDC 81'271

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ АДАМНЫҢ
ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗІН СИПАТТАЙТЫН ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ТІРКЕСТЕР**

ХАЛЫМ БОТА

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің 2-курс докторанты,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Резюме. В данной статье исследуются казахские и английские фразеологические обороты характеризующие негативные черты человеческого поведения на основе мировоззренческой и межкультурной коммуникации.

Цель статьи - сравнить и сопоставить казахские и английские эквиваленты фразеологизмов, описывающих негативный характер, а задача - использовать отрицательный характер человека в двух языках через фразеологизмы.

Научная значимость статьи-влияние языковых единиц, характеризующих негативный характер, на развитие межкультурной коммуникации на двух неродственных языках.

Методология исследования основана на сопоставительном анализе казахских и английских фразеологических оборотов, выявлении полных, частичных эквивалентов в сравниваемых языках и анализе безэквивалентных английских и казахских фразеологических оборотов.

Ключевые слова: характер, личность, поведение, негативное поведение, фразеологическая фраза, отрицательная черта, настроение, эмоции

The article considers the phrasaological units that characterize negative character of a person in two unrelated languages on the basis of worldview and intercultural communication.

The purpose of the article is to compare the Kazakh and English equivalent of phraseological units characterizing negative character according to the meaning and the purpose is to use negative character of a person in two languages through phrasaological units.

The scientific significance of the article is the influence of language units describing negative character on the development of intercultural communication in two unrelated languages

The research methodology is based on comparative analysis of the Kazakh and English phraseological units, identification of full and partial equivalents in the compared languages and analysis of non-equivalent English and Kazakh phraseological units.

Key words: character, a person, behavior, negative character, phraseological trait, negative trait, mood, emotion

Мінез - әрбір адамның жеке өзіне тән психологиялық ерекшеліктері мен қасиеттерінің жиынтығы. Осы қасиеттер мен ерекшеліктер әр адамда әрқилы қалыптасып жетіледі. Адам бойындағы мінез болмысына қарай жағымды және жағымсыз болып жалпы екі топқа бөлінеді. Бұл мақалада адам мінезінің тек жағымсыз қасиетін қазақ және ағылшын тіліндегі фразеологиялық тіркес ерекшеліктерімен сипаттап айтылады.

Мінез-құлықтың негізгі қозғаушы күші эмоция болып табылады. Атақты лингвист В.И.Шаховскийдің айтуы бойынша, әртүрлі мәдениеттегі адамдар бірегей эмоциялық күйді бастан кешеді: ашу, қуаныш, бақыт, өкініш, жеккөру және т.б.[1]. Ғалым О.Шумейка [2] Американдық ағылшын тіліндегі «жағымсыз эмоцияның» семантикалық өрісінің 17 доминантты түрін анықтайды, оның мазмұнын зерттейді, эмоция мен сезімнің арасындағы диалектикалық қатынасын көрсетеді.

Жұмыстың мінезге қатысты мазмұнын ашу мақсатында негізгі түйінді сөз «жағымсыз» сөзіне сипаттаманы Қазақ әдеби тілінің сөздігіндежағымсыз «сүйкімі жоқ, ұнамсыз» деген мағынасы бар анықтамалар берген[3].

Жағымсыз мінездің болуы дүние жүзіндегі барлық адамзат баласының табиғатына тән құбылыс, алайда олардың тілде көрініс табуы әр ұлттың тұрмыс-салтына, мәдениетіне, менталды көзқарасына және әлем суретін қабылдау ерекшелігіне байланысты.

Екі тілде де адамның жағымсыз мінезін сипаттайтын фразеологиялық тіркестер жетерлік. «Жағымсыз» мазмұндағы концептілерге жататын фразеологиялық теңеулер адамның ақымақтық, қорқақтық, ашкөздік т.б. сол сияқты жағымсыз жақтарын суреттейді.

1. «Ашулану, ызалану, мазасыздану, қайғыру» концептісі: *кәрін төгу, ашуға булығы ашуы алқымына тығылу, көзін аларту/алайту, қас жүзі қара, мінезі шайпау, жанын шығару, көзіне көк шыбын үймелету, ит арқасы құрысу, жүрегі қобалжу, дегбірі қашу, шыдамы жетпеу, кірпігінен қырау тамған*және т.б

Ағылшын тілінде: *bear a grudge against somebody – біреуге тісін қайрау, be at daggers drawn - жауласу, be up in the air – ашуға бой беру, a cloud on one’s brow – қабағынан қар жауу, drive somebody crazy – біреудің есін шығаратындай ашуландыру, make somebody’s heart bleed – біреуге қасірет шектіру, hang one’s head – күйзеліске ұшырау, break one’s heart – жүрегі жаралану, be out of one’s senses– өзін-өзі ұстай алмау, eat somebody out of house and home – біредің ит терісін басына қаптау, give somebody the hump – көңіліне сағыныш ұялату, get butterflies in one’s stomach – іш-бауыры мұздап, денесі түршігу.*

2. «Мейірімсіздік, қатыгездік, өзімшілдік» концептісі:*жүрегі қара, Қара байдай қаныпезер, қара жүрек, тас бауыр, тас жүрек, тас көңіл, көкірегі бітеу, без бүйрек, жүнін жұлған тырнадай, кесіп алса қан шықпас, тезі қатты, көн көңіл және т.б.*

Ағылшын тілінде: *get grey, grind the faces of the door, hard-hearted, be full of yourself, swollen head, a heart of stone, as miserable as bandicoot, fling somebody aside like an old boat, cold as a frog, a cold fish, a heart of flint*және т.б.

3. «Өтірікші, қулық, айлакерлік» концептісі:*екі сөзді кісі, өтірікті судай сапырды, басқан ізіне шөп шықпайды, биттің ішіне қан құяды, жылан жүрісті, қырқылжың түлкідей, тақыр жерден шөп шығарған, серттен таю, мүйіз ішінде жасырыну, бір тасы қойнында жүру, тырнағын көрсетпей сыйпау және т.б.*

Ағылшын тілінде: *carry water on both shoulders, draw the wool over somebody’s eyes – көзіне шөп салу, go to the bad, lose one’s shirt, put somebody on the spot, throw dust in somebody’s eyes – көз бояу*және т.б.

4.«Қызғаншақтық, сараңдық» концептісі: *пейілі тар, іші арам/тар, ішіне қыл айналмайды, іші жарыла жаздады, қу бастан қуырдақ ет алды, пейілі бұзық, қатты кісі, шық бермес Шығайбай, кесіп алсаң қан шықпайтын жан, сегіз кессе де сіркедей қан шықпау, тастан қатты*және т.б.

Ағылшын тіліндегі ФБ: *get somebody the cold shoulder–біреуді менсінбеу немесе әдейі байқамағансықтау, have a chip on one’s shoulder–өзінің сәтсіздігіне біреуді кінәлау, turn up one’s nose at somebody – өзін басқадан артық санау, тәкаппарлану, wash one’s hands of somebody – қара басының қамын ойлау және т.б.*

5. «Қанағатсыздық, ашкөздік» концептісі: *дүниеге көзі тоймаған, пейілі тар, қасқырдай тойымсыз, аш қасқырдай, жемтікке қонған күшіктей, әкесі аштан өлгендей және т.б.* Қанағатсыздық қасиетті көбінде жыртқыш аңның бірі қасқырдың жағымсыз әрекетімен сипатталады.

Ағылшын тіліндегі фразеологизмдер: *bigheaded – тойымсыздық, have a mind like a cesspool – арам ой болу, suck somebody’s blood – біреудің қанын сорғандай несібесін жеу, as greedy as a wolf – аш қасқырдай, mean as cat’s meat - сараңдық, jump at something like a cock at a groser – бірденеден құр қалғандай жармасу, және т.б.*

6. «Жалқаулық» концепті: көлігі болдырған жолаушыдай, көгендеген қойдай, сең соққан балықтай, болдырған түйедей бұралаңдау, бордай босау және т.б. Жалқаулық қасиет адамның әлсіз, ештеңеге құлқы жоқ жағымсыз жағын сипаттайды. Әсіресе, *бордай босау* сөз тіркесі әлсіз, ешнәрсеге күші жоқ болдырған түйедей әрекетін сипаттап тұр.

Ағылшын тілінде: *twiddle one's thumbs – қол құсырын отыру, bone idle – жатынишер, kick up somebody's heels doing nothing-біреуге оң қазу, idle away one's time-уақытын бос өткізу* және т.б.

Қай тілде болмасын адамның мінез-құлқына байланысты сипаттама әр-түрлі құбылыстармен, жануарлармен, заттармен, табиғатпен, өсімдіктермен, тіпті түстермен де салыстырыла береді.

Орыс ғалымы В.И. Шаховский өзінің еңбегінде жағымсыз эмоцияларжағымды эмоцияларға қарағанда көп екендігін айтса, Э.Н. Ажарбекова өзінің ғылыми жұмысында адами қасиеттерді білдіретін фразеологизмдерді топтау барысында, қазақ тілінде оң бағалауыш мәнді фразеологизмнің теріс бағалауыш мәнді фразеологизмге қарағанда көп екендігін айтып өткен [4]. Дегенмен де, зерттеу барысында жағымсыз қасиетті білдіретін сөз тіркестерінің басымырақ екендігі байқалды.

Екі тілде де адамның жағымсыз мінезін, жан-дүниесін бейнелейтін фразеологиялық тіркестер жетерлік. Оның себебі адамның ұнамсыз әрекеттері, оған деген жағымсыз, теріс көзқарас әрқашан адам жадында көбірек сақталып қана қоймай, адам психикасына күштірек әсер ететіндігі және ұмытылмайтындығы белгілі жайт.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шаховский В.И. Категория эмоции в лексико-семантической системе языка. – Воронеж, Россия – 1995

2. Шумейко О. Semantics of lexical units that denote negative emotions in modern American English. The J. Adv. Sci., -2011. pp.10

3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 15-томдық. 5-том / Құраст. Б.Абылқасымов, С.Бизақов, А.Жүнісбеков және т.б – Алматы, 2011. 5-том. – Д – Ж – 518 бет.

4. Е.Н. Ажарбекова // Адами қасиеттердің лексика-семантикалық экспликациясы. Phd дәрежесін алу үшін даярланған дисс. - Қарағанды 2022. 65 бет.

УДК 81-2

ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫ - ТІЛ МӘДЕНИЕТІНІҢ БАСТЫ КӨРСЕТКІШІ

КЕНЖЕБАЕВА Н.Е.

№39 гимназиясының педагог-зерттеушісі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Іле ауданы

Резюме. Под культурой речи мы понимаем правильность речи, коммуникативную уместность, точность, разумность, ясность и понятность, чистоту, выразительность, разнообразие, приятность и уместность речи. Чистота речи – это отсутствие лишних, ненужных слов, аморальных, непристойных слов. Человек, который умеет правильно говорить, способен полностью донести до слушателя свои мысли и идеи. Чтобы свободно говорить на публике, нужно много работать, читать и учиться. Статья посвящена проблеме культуры публичной речи, как одной из проблем современного социального спроса, рассматривается как важное средство самовыражения говорящего.

Ключевые слова: чистота речи, культура речи, красноречие, ясность речи.

Summary. By speech culture we mean the correctness of speech, communication, accuracy, reasonableness, clarity and comprehensibility, purity, expressiveness, variety, pleasantness and appropriateness of speech. Purity of speech is the absence of superfluous, unnecessary words, immoral and indecent words. A person who is able to speak correctly, is able to fully convey their thoughts and ideas to the listener. Speaking fluently in public requires a lot of work, study and learning. The Article is devoted to the problem of the culture of public speech as one of the problems of modern social demand, it is considered as an important means of self-expression of the speaker.

Keywords: purity of speech , culture of language, eloquence, clarity of speech.

Сөз мәдениеті, сөйлеу шеберлігі тілдік, сөйлеу қатынастары процесінде маңызды рөл атқарады, сондықтан да ол өз мамандықтарына сай адамдармен жұмыс жасап, олардың қызметтерін ұйымдастыратын және басқаратын, іскерлік келіссөздер жүргізілетін, тәрбиелеу, оқыту, емдеу, т.б. түрлі тұрмыстық қызмет көрсететін адамдарға ауадай қажет. Адамның қалай сөйлегеніне қарап, оның рухани және парасаттылық өрісін, ішкі мәдениетінің дәрежесін анықтауға болады. Сөйлеу мәдениеті – ауызша және жазба әдеби тілдің қалыптарын (сөздерді дыбыстап айту, екпін, сөз қолдану, грамматика, стилистика ережелерін) меңгеру және тілдің мәнерлеу құралдарын қа- тынастың әр түрлі жағдайларында олардың мақсаттары мен жағдаяттарына сәйкес қолдану біліктілігі. Сөз сөйлеу мәдениеті деп біз сөздерді сөйлеудің дұрыстығын, қатынастық лайықтылығын, дәлдігін, ойға қонымдылығын, анықтығы мен түсі- ніктілігін, тазалығын, мәнерлілігін, әр түрлілігін, естілуге жағымдылығы мен орын- дылығын айтамыз. Сөз қолдану мәдениетін арттыратын негізгі шаралардың бірі – тіл тазалығы. Тіл тазалығы дегенде, ойымыздың, сөзіміздің бөтен, бөгде элементтермен шұбар- ланбауын талап етеміз. Әрине, бөтен тілден сөз алмай, таза ана тілі материалының негізінде ғана өмір сүретін әдеби тіл деген болмайды. Көркем шығарманы, сондай- ақ, әдеби нормадан ешбір ауытқымай, бөтен тілдік элементтерді қоспай, «таза әдеби» тілде де жаза беруге болмайды. Өйткені, көркемсөз шеберлері адамдарға өмірдің өзі көтерген саласын жан-жақты көрсету, олардың дүниетанымын, эстетикалық талғамын арттыру мақсатын көздейді.

Сөздің тазалығы – оның ішінде артық, керексізсөздердің, өнегесіз, былапыт сөздердің жоқтығы. Ондай сөздерге сөз арасындағы ойлану, кідірістерде жиі қолда- нылатын (сонымен, сосын, айтсақ, былайша айтқанда), жалпыға түсініксіз аймақтық сөздер (сым-шалбар дегеннің орнына), қазақ тілінде баламалары бар, шетел, орыс сөздері, жаргондық және былапыт сөздер жатады. Артық айтылған, жиі-жиі қайталанған қажетсіз сөздер тыңдаушылардың жүйкесіне жағымсыз әсер етеді, сондықтан да кейбір тыңдаушылар айтушының сөзінде осындай сөздердің қанша рет қайталанғандығын санап отырады. Мұндай сөздер тілде сөйлеу кезінде шектен тыс толқудан, жұрт алдында ойланып сөйлей алмаудан, өз ойларын тұжырымдауға тиісті сөздерді таба алмағандықтан, сайып келгенде, сөйлеушінің жеке сөздік қорының кедейлігінен пайда болады.

Сөздің мәнерлілігі – бұл оның тыңдаушылар мен оқушылардың назарын аударып, қызығушылығына тигізетін қасиеттері. Сөйлеуші тыңдаушылардың тек ақыл-ойына ғана емес, сонымен бірге оның сана- сезіміне, қиялына да әсер етуі керек. Сөздің бейнелілігі мен сезімдік күші оны жақсы қабылдап, түсінуге, есте сақтауға септе-седі, жақсы сөзден тыңдаушылар эстетикалық ләззат алады. Сөздің мәнерлілігі ақпараттық (айтылған ақпарат тыңдаушыларға қажет болғанда) және сана-сезімдік (тыңдау- шыларды сөздің айтылу, сөйлену шеберлігі қызықтырғанда) болып екіге бөлінеді.

Жалпы сөз сөйлеуді шебер меңгеруді қажет етпейтін мамандық жоқ. Сауатты да шешен сөйлей білу дағдысы адами жағымды қарым-қатынас орнатуға әрі оны ұзақ мерзімге сақтауға мүмкіндік жасайды. Мағынасы көмескі, тіптен қажетсіз көрінетін сөзді өз орнымен, дәл мезетінде шебер де шынайы қолдана білсе ғана, ол теңдессізкүшті құралға айналады. [2,17].

Бүгінгі ұлттық сөйлеу тілі мәдениетінің жоғары формасы ретінде шешендік кең көлемдегі мәдениеттің ажырамас бір бөлігі қалпында қатты сезілуде әрі танылуда. Қазіргі таңда зиялы адамның сүренсіз де сөлекет сөйлеуі, яғни іскер маманның сөйлеу мәдениетінің төмендігі адам баласының оқи және жаза білмеуі секілді ыңғайсыз болмақ.

Біздің адами іскерлік қарым-қатынасымыз сәтімен жүзеге асуы үшін тек қана тілді, оның грамматикасы мен сөздік қорын терең біліп қою жеткіліксіз. Дидарласушыңды еліктіре отырып, оған әсер ету үшін, өз бағытыңызға зейінін аудару үшін, өзіңізге ұнам- ды адамдармен, тіпті өз қарсыластарыңызбен сөйлесе білу үшін, дос-жаран арасын- дағы әңгімеге қатыса білу үшін, өз сөзіңізді орынды үйлестіре білуге үйрену аса қажет. Заманында Аристотель күллі адам баласының белгілі дәрежеде шешендіктану іліміне қатыстылығын анықтаған. Демек, іскер бизнесмен, мұғалім, заңгер, агроном, әлеуметтік сала қызметкері, саясаткер, менеджер, дін саласын уағыздаушы өз кәсі- бінің шарықтау шегіне жеткісі келсе, сөйлеу өнерін жете меңгеруі тиіс. Себебі олар адамдармен үнемі қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, кеңес беруге, ұстаздық етуге, ресми ретте шаршы топ алдында сөйлеуге тура келеді. Ал шаршы топ алдында сөйлеу үшін, не айтатыныңды білу аздық етеді, бұған қоса, қалай айту керектігін білген жөн. Іскер маман сөз сөйлеуге даярланудың алғашқы кезеңінде мақсатына орай «Кімдерге сөйлеймін?», «Оларға не айтамын?», «Оларға бұны не үшін айтамын?» деген сауалдарды ойлануы тиіс.

Егер де мәтінді өзге біреу әзірлесе, ол тек сөздің жансыз сұлбасы ғана. Ендеше, бұнымен сөз сөйлеуші шешеннің көл-көсір әсер туғызуы мүмкін емес. Тыңдаушылар мінбедегі сөйлеушінің

дисгормониясын бірден аңғарады. Іскер маманның сөйлеу мәдениетінің заңдылығы, табиғи арнасы ежелгі дәуірден бастау алады. Бұл шешендік өнерге қатысты ұлы данышпандардың түйіндерінде көрініс тапқан. Заңдылықтың табиғатын таразылап ұсынылар кейбір тұжырымдарға, пайымдауларға кезек берсек, төмендегіше түйіндерді әр кез ескеру артық емес. Жинақтай айтсақ, іскер маманның жоғары дәрежедегі сөйлеу мәдениетінің болуына қойылар талаптар мынадай: тыңдау- шыны қадірлей білу; сөйленген сөздің анық, дәл, айқын естілетін болуы; сөз сөйлеуде бет-аузыңның, қолыңның қимылын қатыстыру. Тыңдаушыларға көз қырын салып отыру; сөзді әбден ығыр болған, үйреншікті сөздерден бастамау; сөздің қысқа әрі тұжырымды болуын қадағалау.

Тіл тазалығының сақталуына кедергі келтіріп отырған осындай жаргондар ел болашағы саналатын жастарға кері әсерін тигізетіні сөзсіз. Сондықтан мектеп оқушыларының ауызекі сөйлеу тілінде көп кездесіп жататын жаргондарды қол- даныстан ысырғанымыз жөн. Сауатсыз жарнамалар мен тікелей аудармалар туралы көп айтып жатамыз. Алайда ең маңыздысы ауызекі сөйлеу стиліндегі осындай олқылықтарға бей-жай қарауға болмайды. Бүгінгі оқушы – ол ертеңгі ел беделін көтеруге қалтқысыз қызмет ететін азамат. Сондықтан жастардың дұрыс әрі таза сөйлеу мәдениетін қалыптастырған абзал. Байқап отырсақ, кез келген оқу орнының студенті қарым-қатынаста өз сөздеріне жаргондарды пайдаланатынын байқаймыз. Аялдамада, көшеде, дүкенде қай жерде жүрсек те өздері ғана түсінетін жаргондарды құлағымыз естіп жатады. Мән бермейтіміз рас. Әрине, жаргондарды пайдалану әдеби сөздік қорларының аздығын көрсетеді. Бұл жастардың болашағы не болмақ? Сол үшін жастарға күнделікті сөйлеу мәдениетінде әдеби тілді мейлінше мол пайдалануын қолға алу қажет сияқты. Оқытушы сол әдеби тілдегі сөздердің эмо- ционалдық және логикалық сипатын оқушыға түсіндіріп отыруы керек. Себебі көп жағдайда оқушы әдеби сөздерді орынды пайдалана алмай жатады да, құлағына тез сіңетін жаргондармен алмастыра береді. Мәселен, мектеп мұғалімдері сабақ барысында қазақтың шешендері қалдырған даналық сөздерінен үзінді келтіріп, оқушының сөздік қолданысын кеңейтуге ұмтылу қажет. Сонда ғана оқушы жаргондар бұл бай тіл байлығының белгісі емес екенін түсінеді. Ең бірінші, бала тілі үйде қалыптасады. Содан кейін мектепте және араласатын ортасында. Сондықтан ата-ана да, мұғалім де баланың сөйлеу мәдениетін жіті назарында ұстағаны жөн. Қазақ тіл біліміне еңбегі сіңген белгілі академик Р.Сыздық: «Тіл мәдениеті проб- лемалары отбасы тәрбиесімен, мектептегі оқу ісімен, жалпы әр алуан оқу-тәрбие орындарының нақты жұмыстарымен тығыз байланысты болып келеді. Бұдан да биіктеу қарасақ, тіл мәдениеті ұлттық әдеби тілдің әлеуметтік базасының өзгеріске ұшырауына, өзге тілдерімен арақатынасына да тікелей ұштасып жатады» деп орынды атап өткен [3,68].

Бұл ойды профессор Б.Момынованың: «Тілдің тек қана жазба түрі емес, ауызекі тілдің де жағымсыз құбылыстарға бой алдыруына, жастар тіліндегі жасандылықтың шексіз көбеюіне, тіл мен сөйленістің техникалық сөздермен қойыртпақталуына қарсы әрекеттердің басын ұйыстыруы да – лингвоэкологияның міндеті» дегенімен жалғастыруға болады. Жастардың күнделікті ауызекі сөйлеу тілінің қалай қалып- тасып келе жатқаны баршамызды алаңдатуы керек. Себебі аралас тілде сөйлеп, дө- рекі жаргондарды пайдаланатын жастар болашағы бұлыңғыр. Ал біз олардың елін, жерін сүйетін, ана тілін, дәстүрді құрметтейтін азамат болып өсуіне ықпал етуіміз керек. Сондықтан бұл мәселе әлеуметтік лингвистиканың маңызды тақырыбы болабермек [4,117].

Лингвомәдениеттануда сөйлесушілердің сөз әдебі арнайы зерттеледі. Әрбір этникалық мәдени ортада сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы сөйлеу идеясының қалыптасқан үлгісі болатынын да осы сала зерттейді. Бұл идеал оқытушы мен студент, әйелі мен күйеуі, әке мен бала, басшы мен бағынышты, жасы үлкен қадірменді адам мен жастың т.б. арасында, яғни сөйлесудің түрлі сферада өтуіне сәйкес қалыптасқан. Сөйлесу сфералары жартылай ресми, ресми, ресми емес, достық жағдайдағы, т.б. түрде бола береді. Сол сияқты сәби, бала, жасөспірім, оқушы-студент, қызметтік (бас- тық-бағынышты), ер мен әйел яки гендерлік, маман және маман емес адамдардың түсінісуі кезінде орындалатын бейвербалды амалдар және басқа да әлеуметтік топтар қолданатын бейвербалды амалдар бар. Өйткені, кез келген адам – өмірде, қоғамда белгілі бір рөлді орындаушы. Айталық, көлік жүргізушісі, көлікке мінсе – жолаушы; үйде әркім де ата-ана, қызмет орнында маман, қызметкер, саясатта мәртебесі биік – саясаткер, т.б. Осы рөлдеріне қарай әркім сөз саптайды, сөйлейді, түрлі дене қимыл- дарын жасайды, сөйтіп ым- ишараттардың топтары қалыптасады, оларды орындау дағдысы қалыптанады. Адам мәдениеті өскен сайын адамның қарым-қатынас жасау мәдениеті жоғарылай түседі. Ал адамның бір рөлден екінші рөлге көшуге бейім болуы коммуниканттың әлеуметтік әдебі деп аталады. Ал сөз әдебі осы әлеуметтік әдептің бір құрамдас бөлігі болып табылады. Ол құрамдас бөлікке, әрине, бейвербалды амал- дар да енеді. Адамның сөз әдебі де, бейвербалды құралдары да, әлеуметтік жіктеліске сай, адамның мәртебесіне лайықты болады [5,48].

Сөйлеу – жеке өзінің қажетің ғана емес. Қоғамдық сипаты мол қасиет бұл. Сөйлеу мәдениеті осыдан шығады десек, артық айтқандық емес. Сөз – қару, сөз – демеу, сөз – бағыт бағдар, сөз – іс-қимыл болған заманда өмір сүру өте күрделі, әрі қиын. Сөйлеу мәдениеті дегенге тек сыпайы сөйлеу деген ұғым қалыптаспауы керек. Сыпайылықтың да жөні, жосығы бар. Сыпайылықты бүгінде тым қарабайыр түсіну де қоғамдық пікірде нық орнықты. Ынжықтық, өз ойын кесіп айта алмаушылық, кібіртіктеу, орынсыз ұялу, дер кезінде сөйлей білмеу секілді қасиеттер сыпайылықпен бірге қоныс теппейді. Сыпайылықтың ауылы биік өреде. Қажет жерінде қайсарлық таныту, сөзді күмілжімей жалындап, жайнап сөйлеу, жарқырай көріну секілді қасиеттер төл тіліміздің сөйлеу мәдениетімен қабысса, нұр үстіне нұр. Осындайда халқымыздың «Қолынан да, сөзінен де іс келеді» деген мақтаньшқа тола тағылымды даналығы ойға оралады. Сөйлеу мәдениетінің қалауы да сол. Ал қазақ тілі – айнадай жарқыраған, сәуле шашар, керек кезінде айбынданып, айбарланып, қуатты күшке айнала алатын құнарлы да нәрлі тіл.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. – А., 1989. – 161 б.
2. Аймағамбетова А. Көпшілік алдында сөз сөйлеу мәдениетін жетілдіру. – Алматы, 2017. – 128 б.
3. Сыздықова Р. Сөз құдіреті. – А., 1997. – 210 б.
4. Момынова Б. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Оқу құралы. – Алматы, 2006. – 210 б.
5. Ерназарова. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі. – Алматы, 2001. – 194 б.

ӨОЖ 81'33

ҰЛТТЫҚ КОРПУС БАЗАСЫНА ТАРИХИ ІШКОРПУСТЫ ӘЗІРЛЕУДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

МУРСАЛАЙ КЕРИМ

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының кіші ғылыми қызметкері,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Резюме. В статье говорится о необходимости создания «исторического подкорпуса» в рамках национального корпуса казахского языка. Определено значение исторического подкорпуса в национальном корпусе. В ходе исследования рассматривается преимущество разработки исторического подкорпуса, содержащего тексты письменного наследия античной и средневековой эпохи. Анализируется процесс развития исторического подкорпуса русского языка. Отдельные сведения приведены о субкорпусах национального корпуса казахского языка, включающих все функциональные стили. База данных исторических текстов казахского языка сгруппирована по периодам. Изучены структура и практическое применение разработки исторического подкорпуса в мировой практике. В результате исследования показана важность предоставления оригинала, факсимиле и перевода рукописи в исторический подкорпус.

Summary. The article talks about the need to create a “historical subcorpus” within the national corpus of the Kazakh language. The significance of the historical internal corpus in the national corpus is determined. The study examines the advantage of developing a historical subcorpus containing texts of the written heritage of ancient and medieval eras. The process of development of the historical subcorpus of the Russian language is analyzed. Separate information is provided about the sub-corpora of the national corpus of the Kazakh language, including all functional styles. The database of historical texts of the Kazakh language is grouped by periods. The structure and practical application of the development of the historical internal building in world practice have been studied. The study shows the importance of providing the original, facsimile and translation of the manuscript into the historical subcorpus.

Қазақ тіл ғылымының жетістіктерін жаһандану үдерісіне сай цифрландыру, бұл қолданбалы тіл білімінің лингвистикалық ұлттық корпустарды зерттеу мен әзірлеу жұмыстары арқылы жүзеге асырылады. Бұндай ауқымды зерттеу жұмыстары қазақ тіл білімінде де «корпустық лингвистика» саласында орын алып келе жатыр. Бүгінгі таңда Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының мамандары қазақ тілінің ұлттық корпусына мәтіндер базасын жинақтап,

инновациялық-ақпараттық база ретінде үздіксіз жетілдіріп отыр. Ұлттық корпус ұғымы тек синхрониялық емес, сонымен қатар диахроникалық зерттеулердің құралы болып табылады.

Қазақ тілінің тарихи ішкорпусы, 2022 жылдан бастап «Мемлекеттік тілдің ақпараттық инновациялық базасы ретіндегі қазақ тілінің ұлттық корпусын әзірлеу: ғылыми-зерттеу және оқыту интернет-ресурсы» атты бағдарламалық нысаналы зерттеу аясында алғаш рет зерттеле бастады. Қазірде көптеген қолжазбалармен толықтырылып, метабелгіленімдер қойылып, толықтырылып келе жатыр. Корпусқа енетін ертедеуірде, орта ғасырда жазылған барлық жазба мұралар мәтіндерінің базасы және ондағы лингвистикалық мәліметтер шығыстанушыларға, тарихшыларға, түркітанушыларға, жалпы көпшілікке таптырмас пайдалы құрал бола алады.

Қазақ тіл білімінде қолданбалы лингвистика саласы 1970 жылдардан бастау алады. Тіл зерттеуді автоматтандыру мәселесі профессор Қ. Бектаевтың есімімен байланысты [1]. Одан кейін оның шәкірті профессор А.Жұбановтың «Основные принципы формализации содержания казахского текста» монографиясы қолданбалы лингвистиканың дамуына өз үлесін қосты [2]. Содан кейін 2020 жылы Қазақ тілінің ұлттық корпусын жасау ісі, институттың директоры А.Фазылжанованың жетекшілігімен кемелдене түскен еді. Институт мамандары тілдік корпусты ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыдан зерттеу және қазақ мәтіндерінің базасын өңдеп, корпусқа енгізу мәселесімен айналысып келеді. Қазақ тілінің ұлттық корпус мәселесімен айналысқан отандық ғалымдардан К.Бектаев, А.Жұбанов, А.Фазылжанова, А.Жаңабекова атап айтуға болады.

Қазіргі таңда Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының мамандары қазақ тілінің ұлттық корпусының барлық функционалды стильдерін қамтитын ішкорпустарын әзірленуде. Олар:

Ахмет Байтұрсынұлы ішкорпусы – Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы жинақталған әрі кейбір ұғымдардың мәдени-семантикалық мағынасы берілген корпустық база.

Тарихи ішкорпус – тарихи жазба ескерткіштердегі араб және латын графикасында жазылған мәтіндердің корпустық базасы. Мәтіндердің факсимилиясы, транскрипциясы, аудармасы берілген.

Ауызша ішкорпус – электрондық форматтағы ауызша сөздердің транскрипциясы жасалып, сөзжазбасы, сөйлеуші орфоэпиясы мен қалыптасқан орфоэпиялық норма жазбалары берілген корпустық база.

Диалектологиялық ішкорпус – диалект сөздерді өңір бойынша іздеу жүйесі бар корпустық база. Жергілікті сөздің қай өлкеде, қандай мағынада қолданылатыны туралы ақпарат берілген.

Мақал-мәтел ішкорпусы – «тірек» сөз арқылы мақал-мәтелдердің тізбегі берілген корпустық база. Мақал-мәтелдердің түсініктемесі (жасалу уәжі, тура және ауыспалы мағынасы) берілген.

Параллель ішкорпус – қазақ және орыс тіліндегі көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің теңестірілген аударма мәтіндер базасы. Ішкорпусқа алынған шығарманың екі тілдегі жалпы сөзсаны, сөйлем саны, жиілігі сынды статистикалық ақпараттармен толыққан.

Ономастикалық ішкорпус – қазақ тіліндегі топонимдердің (антропоним, ороним, гидроним, ойконим, некроним, фитоним) этимологиясы, семантикасы, географиялық орналасуы жөнінде ақпараттармен қамтылған корпустық база. Топонимдердің сөзжасамдық ерекшеліктері қарастырылған әрі орфографиялық нормасы мен бейномасы берілген.

Жарнама ішкорпусы – қазақ қоғамындағы бизнес коммуникация негізінде өндірістік қатынастарды реттеуші жарнама мәтіндерінің базасы. Бұл ішкорпус қазіргі қоғамда таратылу орны мен әдісіне қарай көше, көлік, сауда орындары, БАҚ, интернет жарнамаларының түрлері бойынша жинақталған.

Лингвомәдени ішкорпус – құрамында мәдени-танымдық ақпараты бар тілдік бірліктердің халықтық білімдер жүйесімен анықтауға негізделген корпустық база [3].

Ұлттық корпуста «тарихи ішкорпусты» әзірлеу басқа ішкорпустарға қарағанда аса үлкен жауапкершілікті қажет етеді.

Себебі ерте кезеңдегі жазба ескерткіштер мәтіндері әр түрлі графикада және әртүрлі көлемде сақталған. Осыған орай қазіргі таңда «тарихи іш корпустың» әлемдік тәжірибедегі қолданысын зерттей отырып, қазіргі қоғамға өзінің тарихи мәдени құндылықтарынан мол ақпарат ала алатындай қазақ тілінің тарихи іш корпусын әзірлеудің маңыздылығы зор. Тарихи іш корпуста қазіргі қазақ тілі тарихының әр түрлі кезеңдері жазба мұраларынан, тіл тарихынан, сөздің этимологиясынан, т.б. тіл танымдық тұрғыдан ақпарат беретін мәліметтер жиналады. А. Фазылжанова: «Ұлттық корпус базасында тарихи ішкорпус болуы шарт, ол тарихи кезеңдердегі

сол тілдің көрінісін білдіреді. Тарихи ішкорпустан XII-XVIII ғасырлардағы қазақ тілінен хабар ала аласыз немесе бір сөздің тарихи кезеңдердегі көрінісін таба аласыз», – деп атап көрсетті [4].

Бүгінгі таңда мәтіндер базасын жаппай цифрландыру кезеңінде араб графикасымен жазылған жазба мұраларды электронды форматқа айнылдыру аса оңай жұмыс емес. Жазба мұралар мәтіндерінің электронды нұсқалары тіл тарихымен айналысатын зерттеушіге немесе қызығушылық танытып жүрген кез келген пайдаланушыға қолжетімсіз болатыны жасырын емес. Олардың көбі шетелдік немесе отандық мұражайлар мен кітапханаларының сирек қолжазбалар қорындасақтаулы. Өзге елдердің тарихи іш корпусын әзірлеудің тәжірибелерін қарастырғанымызда, орыс тілінің ұлттық корпусы өзге тілдердің корпусына қарағанда ертерек басталғанын, әрі жан-жақты қамтылғанын сайттарынан көруге болады [5]. Ескі орыс тілі іш корпусы XV-XVIII ғасырлар аралығын қамтитын үш миллион сөз қолданыстан тұрады. Корпусқа әдеби шығармалар, шежірелер, мақалалар тізімі, қабық хаттар, тұрмыстық деңгейде жазылған хаттардың мәтіндері енген. Орыс тілінің тарихи корпусының ерекшелігі – пайдаланушы өзіне қажетті ақпаратты тауып қана қоймайды, конкордастағы кез келген сөзге меңзермен нұсқағанда ұяшықтан сол сөз туралы лингвистикалық ақпараттар ала алады. Жалпы әлемтілдерінің корпусын барласақ, көптеген тілдерде тарихи іш корпусының мәтіндер базасы жасалмаған. Бұны орыс тілінің ұлттық корпусының сайтында берілген тізімінен байқауға болады. Мәселен, сайтта әлем тілдеріне жасалған классификация бойынша орыс тілінің тарихи іш корпусын есептемегенде, герман тілдерінен: американ ағылшын тілінің тарихи корпусы, ескі нидерланд тілінің тарихи корпусы, исланд тілінің тарихи корпусы; роман тілдерінен: орта ғасыр француз тілінің корпусы, үндіеуропатілдерінен: валлытілінің тарихи корпусы, үнді-еуропаеместілдерден: оксфордкөнежапон корпусы, грузин тілінің корпусы, түркі тілдерінен: татар тілінің тарихи корпусы жасалғанын көрсетеді. Сондай-ақ, аталмыш тілдердегі онлайн іздеу жүйесі бойынша олардың бірі қол жетімді болса, кейбірі қолжетімсіз болып тұр [6, 163б.].

Қазақ тілінің тарихи мәтіндер базасын төмендегі кезеңдер бойынша, яғни тарихи іш корпусқа топтастыруға болады:

- 1.V-IX ғғ. көне түркі дәуіріндегі жазба ескерткіштерінің мәтіндік базасы.
- 2.X-XV ғғ. орта ғасыр дәуіріндегі жазба мұралардың мәтіндік базасы.
- 3.XVI-XIX ғғ. ескі қазақ жазба үлгілерінің мәтіндік базасы.
- 4.XX ғасырдың басындағы жазба мұралардың мәтіндік базасы.
- 5.Латын графикасымен жазылған жазба мұралардың мәтіндік базасы [6, 164б.].

Тарихи іш корпусқа енгізілетін аталмыш материалдардың көбі араб графикасымен оның ішінде қадим, жадид, төте жазуларымен жазылған. Бұндай түрлі графикада сақталған жазба ескерткіштер мәтіндеріне қызығушылық танытатындар – зерттеушілер (түркітанушылар, тарихшылар, әдебиетшілер). Араб графикасымен жазылған жазба ескерткіштер мәтіндерін корпусқа енгізу мәселесін қарастырайық:

Корпусқа әр дәуірдегі көлемі әр түрлі жазба ескерткіштер алынады;

•әрбір жазба мұраға ақпараттық белгіленімдер көрсетіледі;

•мәтіндегі әрбір сөзге лингвистикалық белгіленімдер қойылады. Қазақ тілінің тарихи корпусы алғаш рет жасалып жатқандықтан, XII-XX ғасырлардағы әр дәуірден екі-үш жазба мұрадан ғана алынады. Әзірше араб графикасымен жазылған қолымызда бар жазба мұралармен жұмысжасалады. Материалдарды тезірек жинақтауда, алдымен, мәтіндердің дайын электрондық нұсқаларын ашық электронды кітапханалардан алыну керек. Әрине, араб графикасымен сақталған материалдардың, әсіресе жарық көрмеген жазба мұралардың көбі сирек қолжазбалар қоры сақталатын кітапханалардан табуға болады. Қазақ тілінің тарихи мәтіндер базасы әр түрлі жанрдан тұратыны белгілі. Сондықтан базаға шежіре, дастан, жыр-өлең, проза, оқу құралы, мақала, хат, жарлықтар, т.б. жанр түрлеріенеді.

Тарихи ішкорпусқа қолжазбаның тұпнұсқамен қатар факсимилесі және аудармасының берілуі:

– ізденушінің мәтіндердің шынайы қалпын көруге, талдауына мүмкіндік береді;

–араб графикасымен жазылған мәтіндерде бұлыңғыр жазылған әріптер, сөздер, тіпті сөйлемдер болса контекстке қарап толықтырылған кейбір жағдайлар байқалады;

– салыстырмалы жұмыс жасау үшін онлайн-режимде бірден-бір пайдалы, аса қажетті тілтанымдық құрал болып есептеледі.

Әр бір жазба мұраға берілетін ақпараттық белгіленімдері толық, дәл болуы керек. Әлемдік тарихи корпусының тәжірибелерін ескере отырып, әрбір жазба мұраға берілетін ақпараттық белгіленім төмендегідей болуын жоспарлап отырмыз: – мәтін туралы қысқаша аңдатпа; – мәтін

авторы (аты-жөні); – мәтін тақырыбы; – мәтін графикасы: көне жазу, араб-қадим, араб-жадид, араб-төте; – мәтіннің алғашқы жариялануы; – мәтін стилі: ресми, публицистикалық, тарихи шежіре, көркем, ғылыми, педагогикалық дискурс; – мәтін жанры: проза, поэзия, (аралас: поэзия, проза), сөздік, хат, жарлық, газет, өтініш, арыз, оқулық, мақала, ғылыми ақпараттық, ғылыми көпшілік, – мәтін дерек көзі; – мәтіннің нұсқалары: Қазан нұсқасы, Демезон нұсқасы, – мәтін транскрипциясының авторы; – мәтін аудармасының авторы; – мәтіннің бет саны; – аудитория жасы; – мәтінді корпусқа енгізген автор; – мәтінді корпусқа енгізген мерзімі; – Ескерту: жоғарыдан төмен берілген сандар сөйлемнің қатарын көрсетеді. Тарихи корпус әзірлеудегі қиындықтардың бірі – мәтіндердегі сөздерге лингвистикалық белгіленімдердің қойылуы. Жазба ескерткіштер мәтіндеріндегі кез келген сөз туралы лингвистикалық ақпарат көрсетететін конкордансты жасау қиындық тудыруы мүмкін. Себебі, араб графикасымен жазылған мәтіндердің қолжазбасы әр түрлі каллиграфиямен берілетіндіктен, таныла бермеуі мүмкін. Өйткені, мәтіннің танылуында мынадай қиындықтар кездеседі: кейбір диакритикалық белгілердің (кесра, сукун, фатха), графикалық символдардың анық көрінбеуі немесе түсіп қалуы; кейбір сөздердің бірігіп жазылуы. Оған арнайы автоматтыңдырылған белгіленім түрлерін қарастыруды қажет етеді.

Ұлттық корпус базасында тарихи ішкорпусты әзірлеудің басты артықшылықтары:

– Электронды тілдік корпус халық игілігі үшін, кез келген тілдік ақпаратты пайдаланушы оңай әрі жылдам табу үшін арналады;

– Лингвистикалық белгіленімдер зерттеушілер үшін тек ақпараттық құрал қызметін ғана емес, өздеріне қажетті анықтамалық дереккөз де бола алады;

– Зерттеуші кез келген жерде және кез келген уақытта отырып, бастаған зерттеу жұмысын жалғастыра алады;

– факсимиленің әр бетіне сәйкес берілетін мәтіннің транскрипциясы мен аудармасы зерттеушінің тарихи-салыстырмалы, диахрондысхронды зерттеулер жасауына мүмкіндік береді;

– нұсқалар арасында лингвотекстологиялық зерттеулер, лексикографиялық жұмыстар жасауға болады. Бұл әрі қарай архаикалық тілдік (фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, фразеологиялық), т.б. белгіленімдерінің модельдерін нақтылауға көмектеседі.

Қорыта айтқанда, ғылым мен техниканың үлкен қарқынмен даму кезеңінде жаңа техникалық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, қазақ тілінің ішкорпустарын толқтыру өзекті мәселелердің бірі. Бүгінге дейін құрастырылып, ғылыми көпшіліктің пайдалануына берілген қазақ тілінің ұлттық корпусы, ғалымдардың тілдік ақпаратты оңай тауып, ақпараттық құрал ретінде пайдаланды. Сонымен қатар сөздіктер құрастыруда, әртүрлі (академиялық, нормативтік) грамматикалар жазуда немесе белгілі бір лингвистикалық құбылыстарға сипаттама беруде, мәтіндік материалды автоматты жолмен өңдеуде орасан пайдасын тигізіп қана қоймай, ғылым салаларында зерттеулер жүргізуде жаңа технологиялар қалыптастыруға тиімді жол ашады. Әсіресе филология ғылымдарының өзекті мәселелерін шешуде өзектілігін күшейте түсті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

[1] Бектаев К.Б. Статистико-информационная типология тюркского текста. – Алма-Ата: Изд-во. "Наука" КазССР, 1978. – 184 с.

[2] Жубанов А. Основные принципы формализации содержания казахского текста. – Алматы, 2002. – 250 с.

[3] Қазақ тілінің ұлттық корпусы // URL <https://qazcorpus.kz/>

[4] Фазылжанова А. Үштілділік ұлттық мүддеге қызмет етуі тиіс // <http://www.ikitap.kz>. – Тамыз, 2016.

[5] Национальный корпус русского языка // URL: <https://ruscorpora.ru/new>.

[6] Сейітбекова А.А., Сейдамаст Ә.Қ. Тарихи ішкорпусты әзірлеудің әлемдік тәжірибесінен. Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. Филология сериясы. -Том 66. -№3 (2022). 159-170

ӘОЖ 81'11 : 81'33

**КОПИРАЙТЕРДІҢ ПРАГМАЛИНГВИСТИКАЛЫҚ БІЛІМІНІҢ
ЖАРНАМАҒА ӘСЕРІ**

БЕЙСЕНХАН САМАЛ

Резюме. На рынке информационного бизнеса, стремительно развивающемся с 2010 года, предприниматели часто обращаются за помощью к копирайтерам, чтобы рационально представить рекламируемый объект заказчику. В этой небольшой статье было проанализировано, в какой степени прагмалингвистические знания копирайтера влияют на беглость рекламы, а также показана важность реализации структур речевых актов.

Summary. In the infobusiness, which has been rapidly developing since 2010, entrepreneurs often turn to copywriters for help in order to rationally present the advertised object to the customer. This short article analyzed the extent to which a copywriter's pragmalinguistic knowledge influences advertising fluency and showed the importance of implementing speech act structures.

“Data era” аталатын ақпараттық ғасырда өмір сүрудеміз. Теледидардан бөлек, әр отбасы мүшесі өз смартфонды арқылы минут сайын түрлі ақпарат ағынын қабылдайды. Әлеуметтік желілер (youtube, instagram, tik tok, facebook т.б.), көше бойындағы жарнама тақтайшалары, дүкеннің мандайшасы, фильм, бейне ойын-дар, музыка т.б. ақпаратты тасымалдаушы көздер өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Адамзат пайда болғаннан бері дамып келе жатқан кәсіп түрлері де ХХІ ғасырда ақпараттық басымдыққа ие болып, инфобизнес (ақпараттық бизнес) деген атпен әлемде 2010 жылдан бастап кең қолданысқа енді. Елімізде 2015 жылдан бастау алған бұл бизнестің түрі инстаграм әлеуметтік желісі арқылы пандемия кезінде (2020 жылдан бастап) қарқынды дамыды. Санитарлық сақтық мақсатында карантин жариялануына байланысты барлық оқу-ағарту, елдегі алам-берім қатынастары түгелдеу онлайнға көшті. Халықтың жаппай онлайнға бейімделуі инфобизнестің дамуына зор мүмкіндік берді. Қазір игергіңіз келген мамандықты арнайы 3-4 жыл университетте оқуға жағдай болмаса, білікті мамандардан 2-3 айдың ішінде үйреніп, маман атануға мүмкіндік бар.

Информациялық монетизация (инфобизнес) - белгілі бір саладағы маманның жинаған білімімен, тәжірибесімен бөлісу арқылы табыс табуы. Анықтамадан-ақ инфобизнестің ауқымы кең екенін түсіне аламыз. Мысалы, ғалымдар, кәсіби психолог, таргетолог, мобилограф, инженер, маркетинг т.б. тіпті етікші де өз білімі мен тәжірибесін басқаларға үйрете алады. Әрине инфобизнеспен айналысып табысты болу әр маманның өзіне байланысты. Бұл кәсіпте тек маман өз саласы бойынша білімді болуы жеткіліксіз, сонымен қатар маркетинг бойынша білім алуы қажет. Маманның өз білімін табысқа айналдыра білуі маркетинг жүйесін дұрыс қолдана білуінде [1, 151 б.].

Бизнес туралы сөз қозғағанда жарнама ұғымының да қатар жүретіні белгілі. Себебі бизнесті тұтынушыға жеткізудің бірден бір жолы жарнама. Сондай-ақ жарнама - маркетингтің, бизнес жүргізудің ғана емес, лингвистиканың да маңызды элементтерінің бірі, онсыз бүгінгі қоғамды елестету мүмкін емес [2, 35 б.]. Жарнама қоғамда қалыптасқан нормалар мен тіл заңдылықтарына сәйкес белгілі бір коммуникативтік жағдайда мақсатты түрде жасалатын, сөйлеу актісі ретінде көрініс табатын әлеуметтік әрекеттің бір түрі. Ол екі үлкен қызметті атқарады:


1. ақпарат беру: бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жарнамаланатын нысанды барынша көпшілік қауымға тарату;

2. әсер ету: көпшілік қауымды сендіру, олардың ойына, танымына, таңдауына әсер ету [3, 5 б.].

Жарнаманың аталған екі қызметті мүлтіксіз атқаруы жарнама жазушы копирайтердің білімі мен біліктілігіне байланысты. Копирайтер жарнама бағытталған мәлімет қабылдаушының (адресат) қажеттіліктерін анықтап, жарнамаланған нысанның сол қажеттілікті өтей алатындығын адресаттың деңгейінде түсінікті, ұтымды жеткізе алса, ол жарнама өтімді болады. Қазіргі тілмен айтқанда жарнамасы атып кетеді, рекке шығады. Демек жарнаманың өтімділігі копирайтердің прагмалингвистикалық біліміне тікелей байланысты. Себебі жарнама өтімді болу үшін жарнама мәтіні мен мәлімет қабылдаушы (адресат) арасында прагматикалық қатынас жоғарғы деңгейде жүзеге асуы қажет. Егер копирайтертердің прагмалингвистикалық білімі жоқ болса, екеуара байланыс орнамайды. Соның салдарынан жарнама да өтімсіз болады.

Прагмалингвистика - тілді қолдану/жұмсалыс кезінде, яғни нақты тілдік жағдайдағы тілдің қызметін, түсіндірілуін және ықпал етуін зерттейтін тіл білімінің бір саласы [5, 191 б.]. Кез келген мәтін бір мақсатты көздейді. Адресанттың мәтін арқылы көздеген мақсат-ниеті оқырманға, яғни

адресатқа әсер етуі мәтіннің прагматикасын көрсетеді. Ол прагматиканы жасаушы - адресант [4, 23 б.]. Ал біз талдап отырған жарнамаға қатысты прагматиканы жасаушы адресант - копирайтер. Инфобизнес маркетингінде клиент аватары, мақсатты аудитория деген түсінік бар. Копирайтер клиентпен арадағы коммуникация үдерісін жүзеге асыру үшін мақсатты аудиториясын жан-жақты зерттеп, қажеттілігін анықтайды. Адресаттың коммуникативтік құзыреттілігін: тұлғаның психологиялық ерекшеліктері, тұлғаның әлеуметтік мәртебесі, мәдени қоры мен тілдік құзыреттілігі, білім мен білігі ескере отырып жарнама мәтіні жазылуы қажет.



1-сурет. Коммуникация үдерісі [4, 21 б.]

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты «**МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ АҚПАРАТТЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАЗАСЫ РЕТІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҰЛТТЫҚ КОРПУСЫН ӘЗІРЛЕУ: ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСЫ**» жобасы аясында жарнама тілінің ішкорпусын әзірледі. Негізгі 5 түрлі нысан бойынша жарнама мәтіндерін жинап, зерттеу жұмысын жүргізуде. Атап айтсақ, көліктегі, көшедегі, сауда орталықтары, БАҚ-тағы жарнамалар мен қатар инфобизнесітегі жарнама мәтіндері сұрыпталып, жиналды. Осы зерттеу барысында жарнама мәтінінің прагматикасының жоғары немесе төмен болуы копирайтердің прагматингвистикалық біліміне байланысты екені анықталды.

Жарнамаланған нысан адресатқа өтімді болу үшін үш деңгейлі құрылымның кем дегенде бірінен өтуі қажет. Бұл сөйлеу актісінде қамтылатын локуция, иллокуция, перлокуция деген құрылымдар. Копирайтердің міндеті осындай күрделі құрылымдарды қамтитын көлемді ақпаратты ықшам түрде, екі-үш сөйлеммен, кейде тіпті сөз тіркесі немесе бір сөзбен жеткізе алу. Прагматингвистердің пайымдауы бойынша, сөйлеу актісі сөздің құрамына кіретін нәтиже мен әрекет ретінде түсіндіріледі: сөйлеуші сөйлеу актісін жүзеге асыра отырып айтылымды дыбыстау (локуция) арқылы коммуникативтік мақсат пен интенцияны (иллокуцияны) тыңдаушының санасы мен әрекетіне әсер ету арқылы эффектiге (перлокуцияға) қол жеткізуге және жүзеге асыруға тырысады [4, 26 б.]. Демек жарнама өтімді болуы үшін осы үш актіні қамтуы қажет. Мысалы мына жарнаманы талдап көрейік.

Эксперт болсаң, дәл осы видео сізге арналады. 24/7 сторис жүргізіп, прогрев жүргізіп, тікелей эфир өткізіп шаршасаңыз. Мен Шарипова Жансая наставник, ментор, 2024 -тегі жаңа варонкалар арқылы прогревтің 10 - фишкасы арқылы табысыңды x5, x10 есеге өсіруге көмектесе аламын. Ол үшін дайрекке “разбор” деп жазыңыз!

Менің менторлығымнан кейін сіз:

-үлкен чекке сатуды

-өзіңді брендке айналдыруды

-инфобизнеске 5-10млн □ +жоғары табысқа жетуді үйренсесің!

Эксперттерге тегін "разбор" жасаймын! дайректке "разбор" деп жазыңыз!

Бұл жарнама AIDA моделі арқылы адресаттың білім мен тілдік қорына, психологиясына сай жазылған. **AIDA моделі** өнімді/қызметті жарнамалау барысында әр әлеуметтік топтағы адамдардың мәселесін шешу жолын көрсетіп жазу [1, 152 б.]. Мысалдағы жарнама инфобизнеспен айналысатын мамандарға арналып жазылғандықтан, инфобизнеспен айналыспайтын адресатқа түсініксіз болуы мүмкін. Жарнамадағы локуция түсінікті, себебі мәтін сөздері грамматикалық тұрғыдан дұрыс байланысқан, сөздері түсінікті. Ал иллокуциясы экспертке инстаграм арқылы табыс табудың нақты қадамын үйрету, перлокуция ретінде тегін разбор арқылы іс-әрекетке шақырып тұр. Сөйлеу актісінің үш құрылымы да жүзеге асқан өтімді жарнама деп санаймыз.

Жарнаманы прагматикалық тұрғыда зерттеу жарнамаға қатысты әлеуметтік, психологиялық, психофизиологиялық факторларды ескеруді, сондай-ақ жарнама жасау мен оның қолданылуына қажетті экстралингвистикалық жағдайды да назардан тыс қалдырмаудың қажет екенін дәлелдеп отыр [3, 20 б.].

Мысалы, мына жарнаманы барлық жағынан ұтымды жарнама ретінде ұсына аламыз.

Елдің бәрі құмартып жатыр, келіс, мейлі, келіспеңіз.

Кигендердің құны артып жатыр, сізде болса жеңіс деңіз.

Жаңа дүкен гүл аңқып жатыр "Әмин" деді періштеміз,

Астананы қуантып жатыр, Мәңгілік ел, 38.

Елдердің іздейтіні жалғыз Тарбия.

Таң қалды Бразилия, Алжир, Англия,

Пакистан қызығады, сұрайды Саудия,

Замбия, Англия

Шапаны Тарбияның ғажап сәнді, ия?

Қазақша киінгендер үлкен армия.

Ашылды Астанада күткен Тарбия, Тарбия, Тарбия.

(<https://www.instagram.com/reel/> осы сілтеме арқылы тыңдай аласыз).

Жарнамаланған нысан қазақы нақыштағы киім болғандықтан көбінде ұлттық құндылықтарды бағалайтын тұтынушылар көбірек қызығушылық танытады. Қазақы брендті халқымыздың ұлттық аспабында ұйқасты өлеңмен ұтымды жарнамалап тұр. Ал мына бір жарнама мәтінін талдасақ, не себепті өтімсіз болғанын түсіне аламыз.

Қыздар! Мен сияқты, менімен бірге білім алғыларыңыз келсе?! Марал ханымның курсына қатысыңыздар! Себебі: біріншіден: адамның аурасы жеңіл. Екіншіден: общительная. Үшіншіден: сабақты тез түсіндіреді. Төртіншіден: сіздің положенияңызға кіру біледі. Мобилограф саласын оқу үшін міндетті түрде атақты адамның мыңдаған подписчиктің болуы қажеті емес! Тек мықты наставник және де соның жолын үйрететін жақсы специалист! Жарнама мәтінінде бірнеше локуциялық қателіктер бар. "Положенияңызға кіру біледі" емес "сізді түсіне біледі", "атақты адамның мыңдаған подписчиктің болуы қажеті емес" деудің орнына "мыңдаған подписчигі бар атақты адам болудың қажеті жоқ" деп, "жақсы специалист" "тәжірибелі, мықты маман" деп берілгенде ұтымды болар еді.

Қорытындылай келгенде, бизнес өкілдері кәсібінің сатылым көлемін арттыруды қаласа, мақсатты аудиториясын жан-жақты зерттей алатын прагматикалық білімі бар копирайтерлермен тығыз жұмыс жасағыны жөн деп есептейміз. Мақалада талданған мысалдардан прагматикалық білімнің жарнама өтімділігіне тікелей әсер ететіндігін көрдік. 2024 жылдан бастап инфобизнес нарығында нағыз мамандардың бәсекелестігі басталды. Өртүрлі курстарды сатып алушы халық та тек эмоциямен курс алуды қойып, өзіне нақты керек білімдерді алуға ынталы. Сондықтан инфобизнестегі эксперттер, кәсіпкерлер масштабқа шығу үшін білікті копирайтерлермен бірлесе жұмыс жасауы тиіс. Ал сол прагматикалық білімі бар копирайтерлерді даярлау тіл мамандарының алдында тұрған міндеттердің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. “Асқар Жұбанов оқулары” тұрақты ғылыми танымдық алаң аясында ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - Алматы: “ЖК Асыл”, 2023. - 288 бет.

2. “Тіл және қоғам” №2 (44) /2016. Қыздархан Рысберген

3. Жарнама тілі: лингвопрагматикалық аспект. Авторефераты / Увайсова М. М. -Алматы, 2010. 30 бет.

4. Саяси дискурстың прагмалингвистикалық және когнитивтік компоненттері (қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар материалдары бойынша) / Кенжеқанова Қ. К. -Алматы, 2015. 180 бет.

5. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі / Сулейменова Э. Д., Шәймерденова Н.Ж., Смағұлова Ж.С., Ақанова Д.Х. - Астана: “Арман-ПВ” 2008, 392 бет.

ӘОЖ 81:004.4

ҚАЗАҚ ЛЕКСИКОГРАФИЯСЫ. БІРТІЛДІ ОҚУ СӨЗДІГІН ТҮЗУДІҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

МҰСАБЕКОВА МӘДИНА ДАНИЯРБЕКҚЫЗЫ

Ә.Бөкейханов атындағы №1 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ОРАЗБАЙ АЛИНА АЛИҚЫЗЫ

Ә.Бөкейханов атындағы №1 гимназияның 9 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В данной научной статье освещены актуальные проблемы истории лексикографии. Основная цель научной статьи-рассмотреть различные аспекты применения информационных технологий в лексикографических исследованиях и показать их значение для развития науки о языке.

Summary. This scientific article covered topical issues of the history of lexicography. The main purpose of the scientific article is to consider various aspects of the use of information technologies in lexicographic research and demonstrate their importance for the development of language science.

Лексикографиялық құрастырма негіздері туралы Р.Түсіпқалиева былайша жазады: «Үлкенді-кішілі сөздіктерді жасауда атқарылатын қызметтің, істелетін істің біртекті болмайтындығына әліге дейін жеткілікті назар аударылмай келеді. Мысалы, сөздікті түзудегі атқарылатын қызметтің бірі - таза филологиялық қызмет. Мұнда әртүрлі атаулық бірліктерге анықтама беріліп, талдау жасалады. Екінші қызмет - осы филологиялық деректердің түрлі қасиеттерін мақсатты түрде тұтас жүйеге айналдырып, ашып көрсету арқылы жаңа сапада қайта ұсынуды қамтиды. Бұл жерде сөздікшінің тек қана тілші емес, оған қосымша құрастырма жұмыстарының маманы, сөздікші-инженер болуына тура келеді. Сөздікті құрастыруға байланысты жұмыстар лексикографиялық құрастырма деп аталады. Лексикографиялық құрастырма – үлкенді-кішілі сөздіктерді, сөздіктің жүйелері мен серияларын ойлап шығарумен, олардың мақсатқа сай ең тиімді түрін, компоненттік құрамын белгілеумен, сондай-ақ, құрылымдық жаңартулар көмегімен сөздікке максималды ақпараттық құндылық беретін, пайдалануға ыңғайлы етіп жасайтын инженерлік-филологиялық қызметтің түрі». Бұл жерде құрастырманың кем дегенде үш түрі туралы сөз болып отырғандығын баса айту қажет. Оның бірінші түрі – кез келген сөздікті құрастыру ісі және оны құрастыруға қатысты құрылымдық мәселелердің жиынтығы. Яғни бұл ұғым бір сөздік көлеміндегі, сөзтізбе мен сөздік мақаланың құрылымына қатысты, сөздіктің ішкі құрылымына қатысты құрастырма мәселелер көлемін ғана қамтиды. Екінші түрі – лексикалық құрамы тілді үйренудің деңгейіне байланысты бірте-бірте күрделеніп жасалатын, бірнеше кітаптан тұратын сөздіктер сериясын құрастыруға қатысты. Мұндай сөздіктер оқытудағы сатылылық (градуалдылық) ұстанымына негізделіп түзіледі. Үшінші түрі – белгілі бір тілдің құрамы мен құрылымын толық ашып көрсету мақсатында немесе тілді жан-жақты меңгерту мақсатында әртүрлі сөздіктерден құралатын сөздіктер жүйесін жасауға қатысты. Бастапқы материалдар (картотека қоры) туралы ілім.

Сөздіктердің дереккөздері жөніндегі, сөздікке негіз болатын бастапқы материалдарды жинақтау мен сақтаудың формалары мен әдіс-тәсілдері жөніндегі мәселе – сөздік түзу жұмысындағы келелі мәселелердің бірі. Қандай лексикографиялық шығарма болса да, оның түзілуі картотека мәселесінің оңды шешілуімен тікелей байланысты екендігі анық. Жобаланып отырған сөздікке алынатын дереккөздер корпусын анықтау, басқа сөздіктерді дереккөз ретінде пайдаланудың сипаты мен ерекшеліктерін белгілеу, жалпы ғылыми, жалпы әдеби, жалпы тілдік шығармалардан, сонымен бірге, арнаулы салалық бағдарлы шығармалардан материал жинақтаудың әдіс-тәсілдерін сипаттау, ауызекі сөйлеу тілі негізінде даярланған жазбаларды пайдаланудың әдіс-тәсілдері мен қолданым шектерін анықтау, тиісті тілдік бірлікті ұсынатын мәтін бөлшегінің сипаты мен ұзындығын белгілеу, тілдік бірліктің қолданымын дәйектейтін мәтін бөліктерінің жалпы санын айқындау – материалды дайындауға қатысты іс-шаралардың қысқаша тізбесі осындай. Оның үстіне сөздік материалдарды жинақтайтын картотекалардың түрлері, оларды толтырудың әдістемесі, сонымен бірге, материалды сұрыптап алудың инструкциясы, картотека жасау ісін механикаландырудың, автоматтандырудың жолдары, т.б. – лексикография теориясында қарастырылуы тиісті мәселелер. Сөздік түзу ісін жоспарлау мен ұйымдастыру туралы ілім. Әрбір лексикографиялық туындының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты оны жоспарлаудың, инструкциясы мен проспектісін жасаудың, сөздікті түзу ісін ұйымдастырудың өзгешеліктері болатыны белгілі.

В.В.Морковкиннің жазуы бойынша, сөздік проспектісі мынадай негізгі бөліктерден тұрады: 1) сөздіктің мақсаттары мен міндеттерін баяндау; 2) нақты адресатты көрсету; 3) сөздіктің композициясын сипаттау; 4) сөздіктің сөзтізбесін сипаттау (сандық және сапалық); 5) сөздік мақаланың құрылымын сипаттау; 6) сөздік мақаланың жекелеген элементтерін жүйелі түрде, бірте-бірте, ретімен және детально сипаттау; 7) белгілерді, қабылданған қысқартпаларды, шартты таңбаларды сипаттау; 8) дереккөздерді (соның ішінде лексикографиялық та) көрсету; 9) қосымшаларды сипаттау [1, 55-56].

Лексикография тарихының мәселелері. Сөздіктер тарихын зерттеу. Теоретикалық лексикография екі бөліктен құралады. Оның бірінші, негізгі бөлігі – лексикография теориясы болса, екінші бөлігі лексикография тарихы. Лексикографияның теориялық мәселелерін зерттеген В.В.Морковкин лексикография тарихы ұғымының өзінің біртекті еместігін, оның өзі іштей екі тармаққа бөлінетінін жазады. Оның біріншісі ретінде – сөздіктер мен лексикографиялық тұжырымдамалар тарихын атайды. Қазақ лексикографиясындағы сөздіктердің түзілім тарихына арналған алғашқы еңбектердің бірі – «Қазақ лексикографиясының тарихы» атты М.Малбақовтың зерттеуі. Аталған жұмыста XVIII ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында жазылған лексикографиялық туындылар қарастырылады. Зерттеуде, сонымен бірге, аталған кезеңдегі сөздіктердің сөз тізбе құрамы мен сөздік мақала құрылымы, атаулардың лексика-семантикалық құрамы баяндалады. Сөздіктер мен олардың авторларының қазақ лексикографиясы тарихындағы орны айқындалады. Қазақ лексикографиясының өткен дәуірдегі тарихын зерттеуге арналған тағы бір еңбек – Б.Атабайдың Л.Будагов сөздігіндегі қазақ сөздерінің құрамы мен құрылымын қарастыратын жұмысы.

Зерттеуде жалпы түркілік сөздікке алынған қазақ лексикасының тақырыптық, семантикалық құрамы, фонетикалық құрылымы баяндалады, аталмыш сөздіктің типологиялық сипаттамасы, оның қазақ лексикографиясы тарихындағы алатын өзіндік орны туралы сөз болады. М.Малбақов ортағасырлық түркі лексикографиясында, ортағасырлық араб жазулы сөздіктерде, сондай-ақ, кейінгі түркі тілдерінің лексикографиясында, соның ішінде қазақ лексикографиясында да бұрынғы дәстүрдің жалғасып келгендігін, алайда XVIII ғасырдан бастап Ресейге тәуелді болып, оның құрамына кіре бастаған қазақ елінде араб жазулы қазақ лексикографиясындағы орта ғасырлардан бері жалғасып келе жатқан дәстүр сабақтастығының бұзылғандығы туралы жазады. [2, 35-36].

Лексикография тарихының екінші тармағы ретінде типтік сипатты лексикографиялық мәселелердің шешілу тарихы, атап айтқанда, сөз тізбенің құрамы, атау сөздердің сипаты тәрізді сөздіктің құрылымына қатысты жағдайлардың тарихи кезеңдегі жекелеген сөздіктер мен ғылыми-теориялық еңбектердегі қарастырылуын атайды. Аталған мәселеге байланысты жазылған ғылыми-теориялық еңбектер қатарына Ш.Ш.Сарыбаевтың «Проблемы казахской региональной лексикографии», К.Ш.Хұсайынның «Радлов и казахский язык», М.Малбақовтың «Қазақ лексикографиясының тарихы» атты еңбегін жатқызуға болады. Ш.Ш.Сарыбаев зерттеуінде диалектологиялық сөздіктердегі лексикографиялау ұстанымдары, сөз тізбе мен сөздік мақала құрылымы мәселелері талданады. К.Ш.Хұсайынның еңбегінде сөздіктердегі типология мәселесі,

В.В.Радлов сөздігінің қазақ лексикографиясындағы орны сөз болады. М.Малбақов зерттеуінде қазан төңкерісіне дейінгі қазақ сөздіктерінің құрылымдық элементтері, атап айтқанда, сөз тізбе құрамы мен сөздік мақала құрылымы, атау сөз тұлғасы, негізгі сөздік тұлға мәселесі, фонетикалық және грамматикалық сипаттама, параметрлік құрылымдар талданады. [3, 28-29].

«Оқу лексикографиясы» тіркесіндегі жетекші мүше – лексикография. Ал осы сөздің ішкі формасы, мәні қандай деген сауалға жауап іздер болсақ, оны сөздің этимологиясынан табамыз. В.В.Морковкиннің пікірі бойынша, «лексикография» терминіне берілетін этимологиялық түсініктемелерді екі түрге бөліп қарастыруға болады. Бірінші түсінікті жақтаушылар бұл грек тіліндегі Λεξικόν - ‘сөздік’ және ῥάφω - ‘жазамын’ сөздерінің қосындысынан келіп шыққан деген көзқарасты ұстанады. Алайда, аталған екі сөздің ішкі формасына бұлайша талдау жасауда терминнің мағынасын оның қазіргі кезде білдіретін ұғымына етене жақындастырушылық байқалады. Нәтижесінде сан қырлы лексикографиялық қызметті оның бір-ақ қырынан түсіндірушілік орын алған. Екінші көзқарас бойынша, термин Λεξικός - ‘сөзге қатысты’ және ῥάφω- ‘жазамын’ сөздерінің бірігуінен пайда болған. Қазіргі кезде осы көзқарастың дұрыстығы дәлелденіп отыр. Демек, терминнің қазіргі мәнін («сөздік түзудің теориясы мен практикасы») назарға алмай, сөздің бастапқы этимологиясына үңіліп, оның ішкі формасын ашуға талпынған кезде «оқу лексикографиясы» деген сөз тіркесінің «сөздерге тілүйретім мақсатында сипаттама жасау» деген мәнде қолданылуы тиіс екендігі мәлім болады. Талданып отырған терминді осы мәнде түсіну негізінде аталмыш саланың қарастыратын нысандары құрамына оқу құралдарындағы, тілүйретімдік-әдістемелік басылымдардағы сөздердің семантикалық, синтаксистік, стилистикалық, морфологиялық, статистикалық қасиеттеріне сипаттама жасау ісі кіреді. Оқу лексикографиясын осындай жаңа ұғымда түсінушілік оның екі бірдей ғылым саласының, атап айтқанда, лексикография мен лингводидактиканың ара-жігінде пайда болған ғылыми пән екендігіне көз жеткізеді. В.В.Морковкин «оқу лексикографиясы» ұғымын анықтау мақсатында жаңа саланың бес түрлі қолданым аясы болатындығын сөз етеді.[4,78-79].

Қазіргі таңда лексикография ғылым мен білім, техника, өнеркәсіп салаларының бәріне де қатысты, қолданым аясы өте кең пәндердің бірінен саналатыны белгілі. Сол себепті лексикографиялық туындыларды түзудің ғылыми-теориялық мәселелерін зерттеуде таза лингвистикалық факторлар да, алуан түрлі ғылым салаларының ерекшеліктерінен туындайтын экстралингвистикалық факторлар да ескерілуі тиіс екенін тәжірибе көрсетіп отыр. Осымен байланысты бірнеше ғылым саласының ара-жігінде пайда болған ғылыми пәндердің бірі – лексикографияның жаңа саласы – оқу лексикографиясы. Сондықтан оқу лексикографиясының ғылыми-теориялық негіздерін зерттеу осы салада түзілетін туындылардың авторлардың тілдік түйсігіне, субъективті жағдайларға тәуелді болмауы үшін, объективті ғылыми негізде жасалуы тиіс екендігі аталмыш зерттеудің тақырыбын белгіледі. Оқу лексикографиясында «көлемі шағын болғанмен, мәні зор» сөздіктер жасалады, солардың бірі – қазақ тілінің лексикалық негізін құрайтын базалық лексиканы қамтитын оқу сөздігі. Бұл тәрізді шағын көлемді біртүрлі оқу сөздіктерін түзудің ғылыми негіздерін, олардың сөзтізбе құрамы мен құрылымдық ерекшеліктерін зерттеудің таза ғылыми тұрғыдан да, қазақ тілін үйретуге бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру тұрғысынан да маңыздылығы дау тудырмайтынын зерттеу барысы нақты дәлелдеді. Соның нәтижесінде базалық лексиканың тілүйренім сөздігі тіл құрылымынағы маңыздылығы жағынан іріктеліп алынатын құрылымдық сөздерден, қолданым жиілігі бойынша сұрыпталып алынатын жиілік тізбеден және тілдік жүйені қамтитын негізгі атаулар бойынша жасалатын тақырыптық тізбеден тұратын төрт мың лексикалық бірліктен құралатыны айқындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы: Санат, 2000. – 30 б.
2. Жұбанов А.Қ. Қолданбалы лингвистика: қазақ тілінің статистикасы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 209 б.; 22-б.
3. Алексеев П.М. Частотный словарь. – СПб., 2001. – 12 б.
4. Бектаев К.Б. Статистико-информационная типология тюркского текста. – М.: Наука, 1978. – 714 с.

IT- ЛИНГВИСТИКАСЫНЫҢ БАСТАУ КӨЗДЕРІ ЖӘНЕ ДАМУЫ

КОСАЕВА ЛИЗА ТЛЕУБЕРДИЕВНА

«М.Мақатаев атындағы №13 орта мектебі» МКМ, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Іле ауданы

Резюме. В современном мире информационные технологии являются составляющей любой сферы профессиональной деятельности, в том числе лингвистики. Если когда-то язык не был необходим для использования компьютеров и связанных с ними программ в лингвистических исследованиях, переводе и преподавании, то сегодня будущим преподавателям иностранного языка, переводчикам и лингвистам необходимы знания, связанные с использованием информационных технологий в сфере их профессиональной деятельности. В наше время владение информационными технологиями рассматривается наряду с такими качествами, как чтение и письмо. Сегодня специалист с высшим образованием должен иметь возможность свободно перемещаться в огромном информационном пространстве, приобретать необходимые знания и навыки, в том числе: поиск, обработку и хранение информации с использованием новейших информационных технологий, должен обладать полными знаниями в области компьютерных систем и сети.

Summary. In the modern world, information technologies are a component of any field of professional activity, including linguistics. If once language was not necessary for the use of computers and related programs in linguistic research, translation and teaching, today future foreign language teachers, translators and linguists need knowledge related to the use of information technology in the field of their professional activities. Nowadays, mastery of information technology is considered along with such qualities as reading and writing. Today, a specialist with a higher education must be able to move freely in a huge information space, acquire the necessary knowledge and skills, including: searching, processing and storing information using the latest information technologies, must have complete knowledge in the field of computer systems and networks.

Ақпараттық-технологиялардың дамыған заманында кез келген сала қарқынды дамуда. Тіпті әлем бойынша кез келген ақпарат секунд ішінде таралауда. Көпшілігіміз іздеу жүйелерін, дауыстық көмекшілерді және мәтіндік аудармашыларды күн сайын пайдаланамыз. Бұл технологиялардың пайда болуы математикалық модельдерді пайдалана отырып, табиғи тілдерді сипаттаумен айналысатын жасанды интеллект саласының есептеуіш лингвистикасының арқасында мүмкін болды. Біздің ата-бабаларымыз дамып келе жатқан қоғамның қажеттіліктеріне қызмет ету үшін мыңдаған жылдар бұрын табиғи тілді ойлап тапты. Қазіргі табиғи тілдер өз заңдылықтарына сәйкес дамиды: әр дәуірде олар адамның қарым-қатынасының, сезімдерін, ойларын және әрекеттерін білдірудің құралы ретінде қызмет етеді. Тілдің құрылымы мен қолданылуы әңгімеге қатысушылардың тәжірибелері мен білімдері, сондай-ақ дүниетанымдары мен мінез-құлық үлгілері ұқсас деген болжамға негізделген. Мүлдем басқа сипаттағы болмыспен – компьютермен ақпарат алмасу үшін тек тілді қолдану үлкен қиындық болды. Лингвистикалық грамматиканың компьютерлі моделі 1960 жылдардан, Лос Анджелестегі Калифорния университетінің синтаксис мамандары құрған ағылшын тілінің генеративті грамматикасын тестілеуге арналған бағдарламаның құрылуынан бастау алады. Сол бағдарламалар тілдегі жаңа теорияларды зерттеп, тестілеуде әлі де қолданылуда. Компьютерлік лингвистика мамандары сөйлем құра алатын және адам баласы оларды өңдеуде қазіргі лингвистикалық теорияларды қолдануға итермелейтін компьютерлік бағдарламаларды құрастыруда. Компьютерлік модельдер тілдік өнім шығаруда және егер ол кем дегенде адам тіліне жартылай болса да ұқсас сипатқа ие болғанда, оны өңдеп-түсінуде бағдарламаға енгізілген грамматиканың қолданылуы мүмкін деп есептеледі. Алайда мұндай грамматиканың расында да адамның тіл өнімдерінің өңдеу модельдеріне сай келетіні екіталай. Джонатан Свифт адам тіліне қатысты компьютер арқылы орындалатын жиілікті өте дұрыс болжап айтқан болатын. Ол – статистикалық анализ. Ол бойынша, әріптер мен дыбыстардың, морфемалардың, сөздердің, сөздік категориялардың, тіркес түрлерінің және тағы басқаларының салыстырмалы жиілігін кез келген корпуста жылдам әрі тиянақты түрде енгізуге болады. Соңғы 200 жылда адамзат күнделікті өмірде қоғамға қызмет етуді жалғастыратын

механикалық және электрлік құрылғылардың көмегімен көптеген тапсырмаларды сәтті автоматтандырды.

20 ғасырдың екінші жартысында адамдардың назары тілді өңдеуді автоматтандыруға ауысты (Natural Language Processing, NLP). Содан бері құрылғылар механикалық функцияларды ғана емес, сонымен қатар интеллектуалды функцияларды да орындады. Енді машиналарда жаңа тапсырма бар: мәтінді оқу, оның дұрыстығын тексеру, белгіленген нұсқауларды орындау немесе мәтіннің мағынасына негізделген дәлелді жауап беру. Адамдар тек соңғы шешімдерді өздеріне қалдырды. Адамдар арасындағы қарым-қатынас пен компьютерді түсіну арасындағы алшақтықты жою үшін NLP көптеген пәндерді, соның ішінде есептеу лингвистикасын (CL) пайдаланады. Есептеу лингвистикасының не екенін, ол қандай мәселелерді шешетінін және мүмкіндігі шектеулі адамдарға қалай көмектесетінін қарастырайық. Есептеу лингвистикасы табиғи тілді өңдеуге байланысты мәселелерді шешеді. Есептеу лингвистикасы – табиғи тілді меңгеруді компьютерлік модельдеумен және мәтін мен сөзді автоматты өңдеудің қолданбалы есептерін шешумен айналысатын білім саласы.

Есептеу лингвистикасының тарихы 1950 жылдары атакты американдық лингвист, публицист және философ Ноам Хомскийдің табиғи тілдің құрылымын ресімдеу жөніндегі зерттеулерінен, сондай-ақ машиналық аудармадағы сынақ эксперименттері мен табиғи тілді түсінуге арналған алғашқы бағдарламалардан басталады. Компьютерлік лингвистика 1954 жылы қаңтарда Джорджтаун университетінде (АҚШ) машиналық аударма бойынша әлемдегі алғашқы қоғамдық эксперимент жүргізілген кезде пайда болды деп айтуға болады. Инженерлер толық автоматты режимде 60-тан астам сөйлемді орыс тілінен ағылшын тіліне аударма алды. 1980 жылдардың аяғында интернеттің дамуымен электронды түрде қолжетімді мәтіндердің көлемі күрт өсті, бұл ақпараттық іздеу технологияларының кванттық секірісіне әкелді [1, 87б.]. Табиғи тілдегі мәтінді өңдеу үшін мүлдем жаңа міндеттер пайда болды. Сонымен бірге алғашқы машиналық оқыту алгоритмдері мен статистикалық машиналық аударма жүйелері құрылды. Тілді өңдеу саласындағы серпіліс терең оқыту алгоритмдері дами бастаған 2010 жылдары болды. Содан бері есептеу лингвистикасында мәселелерді шешу үшін көптеген әзірлемелер пайда болды және әлі де пайда болады.

Бүгінгі таңда компьютерлік лингвистер табиғи тілді өңдеуге арналған бағдарламаларды, мәтін мен сөзді тану құралдарын, аударма жүйелерін, мәтіндік редакторларды, тіл үйрету материалдарын, дауыстық көмекшілерді, смарт чат-боттарды және т.б. әзірлейді. Есептеу лингвистикасы үлкен көлемдегі мәтіннен қажетті ақпаратты алу құралы ретінде маңызы зор. Мәтінді интеллектуалды автоматты өңдеу қажеттілігі негізінен екі себепке байланысты туындайды, олардың екеуі де шығарылатын мәтіндер санына байланысты. Бүкіл әлем бойынша мәтіндермен жұмыс істейтін миллиондаған адамдарда құжаттарды өңдеудің заманауи стандарттарына сай білім мен білік жеткіліксіз. Мысалы, кеңседегі хатшы басқа компанияға жақсы іскерлік хат жазу үшін қажет жүздеген әртүрлі ережелерді, әсіресе, ол өзінің туған тілінен басқа тілде жазғанда, әр уақытта ескере алмайды. Сондықтан, компьютерді пайдаланушылардың әрбір жаңа буынын оны өздігінен орындауға қайта-қайта үйреткеннен гөрі, бұл жұмысты бір рет орындау оңтайлырақ. Көптеген жағдайларда негізделген шешім қабылдау немесе ақпаратты табу үшін мәтіннің үлкен көлемін оқып, түсіну және ескеру қажет. Интернеттен ке белгілі бір өнімге күтілетін сұраныс туралы ақпаратты табу үшін сарапшылар осы тақырыптағы мәтіндерді жүз жыл бойы оқуы керек еді. Мұндай жағдайларда компьютерді пайдалану тапсырманы орындаудың жалғыз мүмкін жолы болып табылады.

Компьютерлік лингвистиканың өңдеу объектісі табиғи тілдегі мәтіндер болғандықтан, оның дамуын жалпы тіл білімі саласындағы базалық білімсіз елестету мүмкін емес. Тіл білімі – адамның табиғи тілі, оның құрылымы мен қызметі туралы ғылым. Тіл білімі бірнеше бөлімдерден тұрады: Фонология және графика тілдік белгілердің есту немесе көрнекі түрде қабылданатын жағын, ал семантикасын, керісінше, олардың мағыналық, түсінікті және аударылатын бөлігін зерттейді. Морфология сөйлеу сөздерінің ішкі құрылымы мен сыртқы формасын, оның ішінде сөйлеу мүшелерін және олардың категорияларын қарастырады. Синтаксис сөйлемнің құрылымын, сөйлемдегі сөздердің сәйкестік ережелері мен орын тәртібін, тіл бірлігі ретіндегі жалпы қасиеттерін зерттейді. Прагматика белгілердің оларды жасайтын және түсіндіретін субъектілерге қатынасын зерттейді. Бұл бөлімдер берілген табиғи тілдегі мәтіннен грамматикалық және семантикалық ақпаратты алудан тұратын мәтінді автоматты талдау кезеңдерімен сәйкес келеді. Тіл білімі – жалпы адамның табиғи тілі және оның жеке өкілдері ретінде дүние жүзіндегі барлық тілдер туралы ғылым. Кең мағынада ол тілді білумен және осы білімнің нәтижелерін практикалық

мақсаттарға берумен айналысады. Ал қолданбалы тіл білімінің міндеттеріне пайда болуы қазіргі ғылыми-техникалық революцияға байланысты, қоғамдық, жаратылыстану және техникалық ғылымдар арасындағы байланыстардың күшеюімен сипатталатындар жатады. Орыс тілді елдерде 1950 жылдардан бастап қолданбалы лингвистика компьютерлік, ақпараттық технологиялармен және ақпаратты автоматты өңдеу жүйелерімен байланысты болды [2, 12 б.]. Тілдің негізгі мақсаттарының бірі – ақпаратты жеткізу үшін қолдану. Ақпарат тілдің көмегімен кодталады. Қазірдің өзінде 20 ғасырдың ортасында, ақпаратты зерттейтін арнайы ғылымдар пайда болады: информатика және кибернетика. Компьютерлер ақпарат алмасу символдық ақпараттың үлкен массивтерін кодтау, өңдеу, сақтау және беру құралына айналады.

«Тіл біліміндегі ақпараттық технологиялар» деп компьютердің көмегімен тіл және оның қызмет ету заңдылықтары туралы ақпаратты алу, сақтау, беру, тарату және түрлендірудің заңдылықтары, әдістері мен құралдарының жиынтығы түсініледі. «Адам – компьютер – адам» тілдік қатынас және тілдік модельдеу мәселелері компьютерлік лингвистика сияқты жас ғылымның зерттеу саласында жатыр. Жоғарыда тоқталғанымыздай, IT лингвистика информатика мен лингвистиканың тоғысқан жерінде алғашқы компьютерлер енгізіле бастаған кезде қалыптасты. Бұл бағыт 60-70 жылдары белсенді түрде дами бастады және ол ең алдымен тіл білімінде осы компьютерге негізделген әдістерді қолдануды білдірді. XX ғасырдың аяғында компьютерлік технологиялар мен олардың лингвистикалық мәселелердегі белсенді қолданылуына байланысты бұл ғылым «компьютерлік лингвистика» деген нақты атау алды. Тіл біліміндегі «ақпараттық технология» ұғымы негізінен қолданбалы лингвистиканың міндеттеріне жатады. Оларға жасанды интеллект жүйелерін құру, автоматты аударма жүйелерін құру, мәтіндерді автоматты түрде аннотациялау және абстракциялау жүйелерін құру, мәтінді генерациялау жүйесін құру, тілдерді оқыту жүйесін құру, ауызша сөйлеуді түсіну жүйесін құру, сөйлеуді генерациялау жүйесін құру, автоматтандырылған ақпараттық іздеу жүйелерін құру; атрибуция және шифрды шешу жүйелерін құруимді және жалған анонимді мәтіндер, гуманитарлық ғылымдар үшін әртүрлі мәліметтер қорын (сөздіктер, карточкалар, каталогтар, реестрлер және т.б.) әзірлеу жатады. Оларға мыналарды автоматтандыру кіреді: мәтіндік сөздіктер құру, сөзге морфологиялық талдау жасау, көп мағыналы сөздің мағынасын анықтау, сөйлемді синтаксистік талдау, сөздіктен сөз іздеу, сөйлем тудыру, т.б. [3, 95 б.]. Тілдерді автоматты түрде өңдеу жүйелерін құру қажеттілік себебінен туындады. Бағдарламалауды барлық қолданушыларға үйрету мүмкін емес, ал адам мен компьютер арасындағы диалогтың оңтайлы түрі табиғи тілдегі диалог болып табылады. Ауызекі сөйлеу тілін өңдеуде табиғи немесе шектеулі табиғи тілде адамның қарым-қатынасын қамтамасыз ететін әдістердің, технологиялардың және нақты жүйелердің дамуын білдіреді. Сөйлеу диалогының артықшылықтары бар: ауызша сөйлесу қолданушы үшін арнайы дайындықты қажет етпейді, диалог қол мен көруді босатады, дауыс тану жүйесінің арқасында объектіге рұқсатсыз кіруден қорғауға болады, оны мүмкіндігі шектеулі адамдар пайдалана алады. Дегенмен, мұндай қосылымның кемшіліктері де бар: шу кедергілеріне бейімділік, ұзақ уақыт бойы компьютерге шектеусіз деректерді енгізу мүмкін емес. Мұндай жүйелер хабарламаларды қабылдау мен сөйлеуді ұйымдастыру үшін қажет, мысалы, телефон арқылы электрондық поштаны алу, сондай-ақ ауызша сөйлеуді электронды түрде мәтінге аудару. Компьютерлер сонымен қатар шет тілін қолдану арқылы оқытуға көмектесе алады. Бүгінгі таңда мәтінді құруды ынталандыратын мақсаттардан тесттің прагматикалық құрылымын синтездеу мүмкіндігі туралы көптеген сұрақтар туындайды. Мысалы, сөйлем құрылымдарына қалай бөлу және олардан терең мағыналық құрылымдарға қалай өту керектігі түсініксіз. Ақпаратты табу қазіргі уақытта жиі кездесетін мәселе. Қазір ақпаратты жүйелеп, оны табуды жеңілдету қажет. Бұл мәселе ақпаратты іздеу жүйелері негізінде шешілді. Кез келген іздеудің мәні ақпарат сақталатын мәліметтер базасында сұраныс бойынша ақпаратты таңдау болып табылады. Ақпараттың қандай формада берілгені маңызды емес. Жоғары тиімділік үшін шығаратын арнайы бағдарламалар қолданылады. Адамды қоршаған әлемде мәтіндер санының үнемі көбеюі жағдайында дұрыс құжатты табу және оның мазмұнымен танысу мәселесі туындайды.

Толық мәтінді құжаттардың тезистері мен аннотацияларын дайындау мәселені шешуге көмектеседі. Олар оқырманға бастапқы құжаттардың мазмұны туралы түсінік береді және әрбір жұмыстың толық мәтіндерімен танысу қаншалықты қажет екенін бағалауға мүмкіндік береді. Ең қарапайым автоматты жинақтау және аннотация жүйелері MS Word, Intelligent Text Miner және Oracle жүйелеріндегі AutoSummarize функциясы болып табылады. Рас, бұл бағдарламалардың мүмкіндіктері бастапқы құжаттан түпнұсқа фрагменттерді таңдаумен және олардың мүмкіндіктерімен шектеледі [4, 93б.]. Барлық осы және басқа да көптеген салалар заманауи

арқасында күн сайын дамып келеді. Бүгінгі күні компьютермен әрекеттесу кезінде тіл мамандарына ғана емес, қарапайым пайдаланушыларға да көмектесетін көптеген жүйелер мен әдістер бар. Компьютерлік лингвистика есту, көру және сөйлеу қабілеті шектеулі адамдар үшін қарым-қатынасты жеңілдетеді. Саңырау және есту қабілетінің бұзылуы әлемдегі сенсорлық мүгедектіктің ең таралған түрі болып табылады. Бүгінгі таңда планета халқының 5%-дан астамы немесе 430 миллион адам есту қабілетінің жоғалуынан зардап шегеді, ал 2050 жылға қарай бұл сан екі есеге артады[5,62б.]. Есту проблемалары генетикалық себептерден, туудың асқынуынан, кейбір жұқпалы аурулардан, созылмалы құлақ инфекцияларынан, кейбір дәрі-дәрмектерді қолданудан, шамадан тыс шудан және қартаюдан туындауы мүмкін. Сенсорлық функциялардың басқа да бұзылыстары туралы айтатын болсақ, соқырлық және сөйлеуді жоғалту сияқты, олар да халық арасында кеңінен таралған. Осыған байланысты сенсорлық жүйелердің дисфункциясынан зардап шегетін адамдар үшін қарым-қатынасты жеңілдетуге арналған көбірек технологиялар пайда болады. Олардың ішінде ең көп тарағандары сөйлеуді тану және синтездеу қызметтері, оларды жасауда компьютерлік лингвистикалық әдістер қолданылады. Есептеу лингвистикасы мүмкіндігі шектеулі адамдарға көмектесу үшін мынадай міндеттерді шешеді:

- Сөйлеуді синтездеу және физикалық немесе когнитивтік бұзылулармен тану;
- Түсініктілікті жақсарту үшін сөйлеуді түрлендіру;
- Күнделікті өмір сүруге және шектеулі өмір сүру ортасын құруға арналған сөйлеу және тілдік технологиялар;
- Көмекші балама байланыс үшін модельдеуге және машиналық оқытуға жаңа тәсілдер;
- Шектеулі деректерге негізделген көмекші байланыс және сөйлеу синтезі үшін жекелендірілген дауыстар;
- Көмекші технологияларға бейімделген мультимодальды пайдаланушы интерфейстері және диалогтық жүйелер;
- Көру қабілеті бұзылған адамдарға арналған графикалық ақпаратты ұсыну;
- Сөйлеу үшін интерфейс қолданбалары;
- Тілді өңдеу қолданбаларына арналған ми-компьютер интерфейсі;
- Көмекші технологиялар үшін сөйлеу, табиғи және мультимодальды интерфейстер;
- Мәтінді жеңілдету, сөйлеу немесе арнайы таңбалар сияқты бейімделген көрсетілім режимдері.

Компьютерлердің тілге қатысты кез келген салада тиімділігін айтып отыру артық болар еді. Оның біраз саласын өзіміздің компьютерлік лингвистика тармақтарын, табиғи тілдердің түрлі компьютерлік бағдарламалармен қарымқатынасын зерттеуде қамтып өттік. Бүгін лингвист мамандар грамматикасының табиғи тілге сәйкестігін тестілеуден бастап, тілдік мәселелерді шешу және сот лингвистикасы деңгейіне дейінгі компьютерлердің қолданыс аймақтарын талдаймыз. Лингвистердің адам тіліне арнап құрастырған грамматикасы компьютерлер қолданатын грамматикамен бірдей болмауы мүмкін; көбінесе лингвистикалық сипаттау модельдері бойынша мүлдем ұқсас болмауы да мүмкін. Адамдар мен компьютерлер әртүрлі болғандықтан, түрлі ұқсас нәтижелерге әртүрлі жолмен жетеді. Қарапайым сөзбен айтқанда, кез келген ұшу құрылғысы кез келген құстың дәлме-дәл қайталамасы бола алмайды. Сол сияқты компьютер грамматикасы адам тілінің грамматикасына барлық жағынан ұқсай бермейді.

Қалай дегенмен де, компьютерді адам тілі грамматикасына негізделген ережелерге сәйкес модельдеуге болады. Ең дұрыс грамматика үлгісі – адам тілінің барлық сөйлемдерін құрастыра алатын грамматика. Сөйлем құра алмау – грамматикалық тұрғыда қате сөздер тізбегі сияқты көрінуі мүмкін. Алайда табиғи тілде адам баласы грамматика бойынша қате сөз тіркестерін айта алады – үзік сөйлемдер, асығыста айтылған сөздер, спикердің сөйлеу әрекетіне қатысты түрлі ағаттықты байқасақ, қате деп баға берер едік. Оған себеп, грамматика деген – шексіз, оның лингвистикалық ережелерге сәйкестігін тексеру үшін өте көлемді жұмыс атқарылуы тиіс. Осы тұрғыда IT саласы мен тіл білімінің яғни лингвистиканың маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Кадырова, Г.М.Шетел тілін оқытуда компьютерлік технологияны қолданудың артықшылықтары / Г.М.Кадырова, А.Е.Туребаева, Гулзат Егизбайқызы. – Текст: непосредственный // Молодой ученый. – 2015. – № 8.1 (88.1). – С. 87-89.
- 2.Абилова К.С.Жаңа технологияның тиімділігі//Мұғалім.Қазақ тілі және әдебиеті. – 2012. №9.-12-15.
- 3.Абилова Б.А. Компьютерлік лингвистиканың мәселелері. – Алматы: Print, 2007. –197 б.

4. Азимов Э.Г., Вильшинецкая Е.Н Материалы Интернета на уроке английского языка // Иностранные языки в школе.-2001.-№1.- 93-97.

5.Кенжебаев, Т. К. Мектептің оқутәрбие үрдісіне инновациялық технологияларды ендіру жолдары [Мәтін]: оқу-әдістемелік құрал / Т. К. Кенжебаев, С. А. Көшімбетова. – Тараз : Тараз университеті, 2004. - 64 б.

ӘОЖ 82. 345.017

Т.АМАНЖОЛОВ ТАРИХИ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР

ТОРТКУЛБАЕВА ТУРСЫНАЙ АБДИГАЗИЕВНА

Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институтының доценті, филология ғылымдарының пәлсапа докторы, Қарақалпақстан Республикасы, Нөкіс қ.

Резюме. В статье рассматриваются художественные особенности исторических стихотворений Т. Аманжолова.

Summary. The article examines the artistic features of historical poems by T.Amanzholov.

XVIII-XIX ғасыр мен XX ғасырдың бастапқы кезі қазақ, қарақалпақ тарихында шежірелі оқиғаларға бай болды. Жоңғар қалмақтарының шапқыншылығы «Елім-ай» мен «Босқан ел» шығармасын туғызды. Ақ патшаның отарлық саясаты «Зар заман ақындары» шығармашылығының өзегі болды. Әжінияз «Бозатау» поэмасын өмір болмысынан шығарды. XX ғасырдың алғашқы жылдары «Оян, қазақты» әдеби ортаға әкелді. Қарақалпақ аймағында жасаған қазақ ақын-жыраулар шығармашылығына бұл дәуірдің де ықпал етіп, сәулелеген, көркемдігімен танылған туындылары аз болмады.

Қазақстаннан тыс аймақта жасаған қазақ ақындары да дәуір жыры мен сөзінен тыс қалған жоқ. Солардың бірі – Тілеумағамбет (Қу молда) Аманжолұлы.

Тілеумағамбет ақынның өлең-термелері әр түрлі тақырыпқа арналған. Бірақ, бір-біріне жақын ой пікірде, идеяда өрбіп отырады. Кеңес кезінің дамытқан саясатынан тыс қала алмайды. Кеңес империясы орнаған орындардың бәрінде жасаған импровизаторлар да, жазба ақындар да – бәрі де дәуірдің бас жаңалығы деп таныған, мойындатылған Қазан төңкерісін, көпшілік партияны, оның көсемін мадақтау сол кездегі суреткерлердің нысанасында тұрды.

«Әмүдәрия бойында» өлең-термесінде халықтар достығын сәтті жырлайды.

Бізде мұндай тарих бар,
Надандықтан безбек бар,
Қарақалпақ, өзбек бар,
Ішкі жақтан қосылған.
Орыс, ноғай, татардан,
Әрбір түрлі халық бар,
Барлық кедей бірігіп,
Жасармыз деген үміт бар [1, 186.].

Халықтар достығы халықпен бірге жасап келе жатқан тақырып. Достық тақырыбы күн озған сайын жаңғырып, жаңарып толыға береді.

«Жаралғалы бұл дүние» атты шығармасы газетте басылған. Өлең-терменің бірінші бөлімінде «Бұрын оқымаған сауатсыз халық едік, бай адамның қолында, малын бағып жүр едік» - деп баяндайды. Екінші бөлімінде, бай қолынан билік кеткеннен кейін «Азат болып кедейлер, қуанып көңілі шат болды». «Оқып кедей баласы, жазғаны қалам хат болды» - деп, кеңес үкіметімен бірге келген кедей нұрлығын баяндайды. Үшінші бөлімде, - «содан біре он жеті жыл өтті, он сегізінші жылға қарады». Сол жылдардан соң биік межеге жеттік деген ойын түйіндейді.

Тілеумағамбет–жыршылық өнерінен, ақындық өнеріне жеткен адам. Халық шығармашылығында қолданылатын әсірелеу (гипербола), литота және оқиғаны баяндау, салыстыру әдісі Тілеумағамбет шығармашылығында сақталған.

Мынау кедей баласы,
«Жет шошқа» –деп ақырып,
Бай адамның қолында,
Тас төбенді жарғанда,
Малды бағып жүр едік,

Бетіне байдың карамай,
Күнім бүгін шыққансын,
Ауыз ашуға жарамай,
Ақымды бер деп сұраған,

Болатын едік сор мандай [2, 36б.]- деген жолдар кедейлер күйін литота күйінде жеткізген. Бірақ, литоталық мәлімдеу өмір шындығымен берілген. Ақын әсірелеулерінде де заман шындығы риясыз емес. Демек, ақын ауыз әдебиеті материалындағы образ жасау әдісінен шеттемей, авторлық поэзиясында метафоралық, тенеулік шалқуларды шығармасына кіргізген. Сөйтіп, Тілеумағамбет өзі жасаған дәуір үніне өлең-термелері арқылы ақындық үнін қосқан.

Тілеумағамбет қазақтың дәстүрлі поэзиясына өлең-термелерімен үн қосса, айтыстары арқылы оны одан әрі жалғастырады.

Ақынның екі айтысы бар, бірі – «Тілеумағамбет пен Жақсылықтың жұмбақ айтысы», екіншісі – «Тілеумағамбеттің Адай ақынмен айтысы» Мәмбетназаров Қ. Н.Дәуқараев атындағы тарих, тіл және әдебиет институты. Қолжазба қорына тапсырылған материалы. Р-80, 36798, Б.7-10].

«Тілеумағамбет пен Жақсылық айтысы» сүре айтысқа жатады. Тілеумағамбет Жақсылыққа жолдаған жұмбағында: «Жұмбақты данаға жіберсең шешеді, наданға жұмбақ жіберсең, оны шеше алмай, әуеніне кетеді», сондықтан «ақыл жастан дегенмен, Сізді сынауға жұмбақ жібердім» дейді.

Үсті қотыр боз бие,
Өзі биік зор бие,
Мәуежемісжегені,
Иесі сырттан бағып тұр,
Боз биенің ақ сүті,
Екі емшектен ағыптұр,
Бір шараға құяды,
Әлітолмай тұрады.
Адамдар қайран қалады,
Бұл сөзімді ақылмен,
Ойлаған адам табады,
Шешіп алыпсөзімді,
Айтып жүр деп жазады [1, 198б.]-

Жақсылық Мамытұлы ұстазы, ақын ағасының жұмбағын шешеді. Ол жұмбақты көп ортасында жыршылық өнерімен жырлауға ыңғайлайды. Жұмбақты әуезділікке түсіреді. Ақынға «Жұмбағың жеңіл екен» деп, сын айтады. Жұмбақтың шешуі: «Орта Азия маңы екен, сол аймақтағы үсті қотыр боз биенің, шарықтағы тау шығар, боз көрініп тұрғаны жырарсы толған қаршығар. Мәуе-жеміс жегені жете біткен тал шығар. Екі емшегің Әмудәрия мен Сырдариядан ағып жатқан су шығар» - деп келіп, ретімен:

Бір шараға құйғаны,
Әлі толмай тұрғаны,
Аральскі мор шығар.
Айналайын, молдеке-ау,

Осы айтқаным жөн шығар [1, 36б.] – дейді. Жұмбақ шешіледі. Айтыстар тысқа құрылмаған. Ұстаз бен шәкірттің бірін-бірі «Сәлем хат» түрінде ой өрісін байқап көруден әріге жалғасбайды. Дегенмен, ол екі жақты бағалылығымен құнды. Бірінші – кеңістік пен дәуірді жұмбаққа түсіруі – тапқырлықты көрсетеді. Екінші – Тілеумағамбет ақын сал (мүгедек) күйінде жатса да, шығармашылықтан қалмағанын танытады.

«Тілеумағамбеттің Адай ақынмен айтысы» нағашылы-жиеннің тұрпайы сөз қақтығысынан әрі аспайды. Екеуі де бірін-бірімұқатады, жерлейді, тілдейді. Бірақ, Тілеумағамбет:

Бізден шыққан Жетірудың,
Біреуі Әбубәкір шайырды,
Сенен шықты Қарасай,
Бізденшықтысөзтолғап,
Ізім жырау, Талас-ай,

Екі жүйрік қосылса [3, 40б.] – деп, ру жүйріктері туралы мәлімет беруі құптарлық.

Өз репертуарын әрдайым толықтырып отыратын жыршыларымыз төл шығармашылығын дамытуға келгенде репертуарындағы құнарлы, құнды шығармалардан олқы келетін өнер

туындысын шығармауға тырысады. Керісінше, Т.Аманжолов сияқты дәуір үніне сәйкес келетін, өзінің дара қабілетін танытатын көркемдігі күшті, мәнді шығармаларды шығарады. Бұлар қазақ фольклорының дамуына үлес қосушылар қатарынан да, авторлы әдебиет өкілдері қатарынан да өз орнын таба алатын тұлғалар болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмажанов Қ. Торткулбаева Т. Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы. – Алматы: Дәстүр, 2017, 200б.
2. Мәмбетназаров Қ. Н. Дәуқараев атындағы тарих, тіл және әдебиет институты. Қолжазба қорына тапсырылған материалы. Р-80, 36798, Б.36]
3. Көшекбаев Н. Үш Барақ. //Жұлдыз журналы, 1985, 40б.

ӘОЖ 81. 211.79

СТИЛИСТИКАНЫҢ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРЫ МЕН КАТЕГОРИЯЛАРЫ

ЫБЫРАЙЫМ Ә.О., ТУРСЫНБАЕВА А.Т.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,
Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

Резюме. В статье рассмотрены основные понятия и категории стилистики.

Summary. The article discusses the basic concepts and categories of stylistics.

Стилистика – тіл білімінің тілдік тәсілдер жүйесін синхрондық және диахрондық жағдайда зерттейтін тіл ғылымының саласы. Стилистиканың қарастыратын мәселелері әртүрлі деңгейдегі тілдік құралдардың мәнерлегіштік мүмкіндіктері, олардың стилистикалық мәні мен бояулары, сондай-ақ қарым-қатынастың сан алуан аялары (сфера) мен жағдайларындағы сөздердің қолданылу заңдылықтары, әр аяға байланысты қолданыс тілін пайдалану, ең бастысы – тілдің қолданылуының коммуникативтік заңдылығы мәселелері болып табылады [1,370б].

Стилистиканың ғылым ретінде өзіндік ұғымдар жүйесі бар. Кейбір ұғымдар мен категориялар негізгі, басты болып табылады, ал кейбірі – солардан тарайды, үшіншісі жеке сипатта болады.

Стилистиканың негізгі ұғымдары: 1)тілдің стилистикалық құрылымы; 2)стиль (функционалды стиль); 3)стилистикалық бояу; 4)стильдік сипат; 5)синонимия, тілдік құралдардың арақатыстылығы менвариативтілігі; 6)стилистикалық норма және оның функционалды-стильдік түрлері [2,16б].

Тілдің стилистикалық құрылымы – бұл бейтарап және стилистикалық мәні бар тілдік құралдардың қолданылуы, ол тілдің деңгейлік құрылысы бар жалпы жүйесіне негізделеді және коммуникативтік қызметтен басқа, тілдің негізгі қоғамдық функциясын қамтитын функционалды стильдер мен оның подстильдерін орындайды.

Тілдің жеке қызметіне қатынас, хабарлау, әсер ету, экспрессивті, эмотивті (қоздыру қызметі), волюнтативті (ырзалық білдіру қызметі) және т.б. жатады.

Тілді стилистикалық қолдану оған нақты-сөйлеу функциясын (белгілі бір функционалды стиль арқылы) – репрезентативті (ойдың пәніне бағыттау (бейімдеу), байланыс орнату (контактоустановливающую) (сөйлеу актісіне қатысушыларға, олардың арасында байланыс орнатуға бағыттауды (бейімдеу) және т.б. тілдің жекелеген бірліктерінің көпқырлы стилистикалық қызметін орындауға мүмкіндік береді.

Стиль – стилистиканың кез келген саласындағы кез келген бағытының негізгі ұғымы. Стильдің ерекшеліктеріне: а) тілдік құралдардың қолданылу нормасына сай таңдап құралуы; ә) шектелген және арнаулы лексикалық құрам; б) өзіне тән сөздердің мағыналық реңктері мен сөзжасам элементтері; в) өзіне тән фразеология; г) өзіне тән синтаксистік конструкциялар; ғ) әр стильге лайық мәнерлегіш құралдардың құрамы мен қызметі жатады [1,371б].

Стиль – тілдің қоғамдық саналы қабылданған түрі. Ол құралдардың жиынтығымен, оларды таңдау мен жүйелі-сөйлеу ерекшеліктерімен сипатталады, қоғамдық қатынастың белгілі бір саласында қолданылады және басқа да қоғамдық-коммуникативтік сфераның ұқсас түрлерімен байланысады.

Стилистикалық бояу – тілдік бірліктердің – сөздердің, фразеологизмдердің, сөз тіркестерінің, синтаксистік конструкциялардың, кейбір морфологиялық категориялар мен формалардың, сондай-ақ жекелеген сөйлемдер мен көлемі үлкен аяқталған мәтіндердің бояуларының түрлі топтарын қамтитын түпкі ұғым.

Тіл білімінде ұзақ уақыт бойы стилистикалық бояу термині «стилистикалық мағына» мәнінде де, яғни тілдік единицалардың стилистикалық бояуы оның нағыз стилистикалық мағынасы ретінде танылып келді. Стилистикалық бояудың екі түрі бар: 1) жеке стилистикалық бояу; 2) экспрессивті бояу;

Жеке стилистикалық бояу – бұл тілдің жекелеген бірліктерінің немесе оның тұтас қабаттарының, оларды түрлі салаларда қолданумен, сондай-ақ тілдік қатынастың формасымен байланысты бояуы. Сөздерде, фразеологизмдерде, грамматикалық формалар мен конструкцияларда стилистикалық бояу болады. Олардың стилистикалық бояуы өздерімен мағыналас бейтарап құралдармен қатар келгенде анық көрінеді. Мысалы: Аңқау – стилистикалық бейтарап болса, алаңғасар – ауызекі сөйлеу тілінің лексикасы; Ар, ұждан, намыс – поэтикалық сөздер болса, ұят, шам – қарапайым сөздер. Соқыр – бейтарап сөз, зағип, көр – поэтикалық сөз, т.б.

Жеке стилистикалық бояу таза күйінде сирек кездеседі. Көбіне оның бойында экспрессивтілік, эмоционалдылық, бағалаушылық бояулар болады.

Экспрессивті бояу – бұл аталмыш құбылыстың (объект, жақ, әрекет, жағдай, т.б.) сапалық және сандық белгілерінің айтылу сипаты мен дәрежесін білдіретін стилистикалық бояудың бір түрі. Экспрессивтілік – сөздің таза мағынасына жамалатын өзіндік қоспа. Салыстырыңыз: Көп – заттың мөлшерін жай ғана білдіріп тұрса, оның синонимдері: көл-көсір, ағыл-тегіл, ұшан-теңіз, телегей-теңіз, аспа-төкпе, ұлан-асыр, аста-төк, шылқыма сөздерінің бойында күшейту, үдемелі қарқындылық пен қосымша сандық-сапалық реңктерді көруге болады. Әдетте сөздің экспрессивтілігі туралы айтылады. Алайда, ол фразеологизмдерде (ала тайдай бүлінді, ботадай боздады, жер қапты т.б.) де, тілдің ірі бірліктері – сөйлемдерде, күрделі синтаксистік тұтастықта және т.б. да болады.

Экспрессивтіліктің екі түрі бар: 1) эмоциясыз және 2) эмоциялы. Бұл екі бояудың көрінісін төмендегі эмоционалды-экспрессивті сөздердің бойынан байқаймыз: Ұсқын – бет, жүз: Еркебұланның ұсқынын көріп, жаны ашып кетті (Ә.Тарази). Сиық – бет, жүз. Қазір адам қызығарлықтар сиық қалды ма бізде (Б.Тілегенов).

Эмоционалды бояу – «бұл сөз мағынасынан құралған ерекше мағыналық мазмұннан пайда болған бағалау (жағымды немесе жағымсыз) жағдайы» [3,35]. И.Р.Гальперин эмоционалды бояу мен эмоционалды мағынаны ажыратуды ұсынады: «Бұл екі ұғымның арасындағы айырманы белгілеу кейде өте қиын бола тұра, эмоционалды мағына мен эмоционалды бояудың арасында өте нәзік кейбір айырма бар. Эмоционалды мағына – бұл сөзге тән сезім, қатынас, бағалау мәндері. Кейде бұл эмоционалды мағына заттық-логикалық мәнмен бірлесе отырып, айтушының осы соңғы мағынадағы түсінікке қатынасын білдіреді. Эмоционалды мағына, әсіресе, сөз бойындағы жалғыз мағына (мысалы одағайлардағы сияқты) болған жағдайда ерекше анық көрінеді.

Эмоционалды бояу – бұл эмоционалды мағынаның бастамасы ғана. Бұл бояу интонация арқылы көрінуі мүмкін, ол белгілі контекстерде жиі қолданылу нәтижесінде ассоциативті байланыс арқылы пайда болуы ықтимал. Мысалы, сезімді білдіретін сөздер (егер олар ғылыми шығармаларда тек термин ретінде қолданылмаса) әрдайым эмоцияналды бояумен көмкерілген» [4,118]. Н.М.Разинкина да осы идеяны дамытып, тереңдете отыра, эмоционалды мағынаны білдіретін сөздегі бағалаудың үш белгісін көрсетеді: 1) бұл бағалаудың өте субъективті сипаты; 2) эмоционалды әсер етудің орасан күші; 3) белгінің дифференциацияланбаған таңбасы.

Сонымен, сезімге тікелей қатысты түсініктерді білдіретін сөздер эмоционалды мағынаға ие болады; эмоционалды бояу «сөз бойында сөз мағынасының заттық-логикалық ерекшелігіне байланысты жанама пайда болады да, оның айналасына субъективті-сезімдік қатынас (жағымды немесе жағымсыз) қалыптастырады» [3,36].

Кейбір авторлар: а) эмоционалды-экспрессивті бояу; б) тілдік единицалардың функционалды-стильдік бояулары; в) олармен үйлесетін бірліктердің сипаты; г) бояудың айтушының қатынас пен коммуникативтік мақсатымен екі жақтан да қатысты болуы сияқты – факторлардың әсерінің жиынтығы стилистикалық мағына ретінде анықтауға болатын қажетті стилистикалық эффектін жасайтынын көрсетеді [5,82].

Сөз бойындағы экспрессивтілік пен эмоционалдылыққа жағымды – жағымсыз бағалаушылық бояу жамалуы да мүмкін: тамақ іш – атауынды іш; бет, жүз – сиық, пошым; ұят –

шам; аласа – қортық, мәстек, мыртық; жеңілтек, ұшқалақ – шошақай, тұштақай. Міне осылайша, аталмыш үш компоненттің бір күрделі бояуға құйылуынан эмоциональды-экспрессивті-бағалауыштық сөз пайда болады.

Сөздің бағалауыштық, эмоциональды-экспрессивтілік сипаттары стилистикалық жіктелуге жиі ұшырайды. Мысалы, жағымды бояуды көбіне кітаби стильдерге тән болса (көмектесу – үлесін қосу, от – жалын), жағымсыз бояу ауызекі сөйлеу тілінде (тұштақай, мәстек, сиық, т.б.) көбірек кездеседі. Эмоциональды-экспрессивті сөздер қалжың, қалжың-кекесінді, мақұлдамау, еркелету, көтеріңкі және т.б. сипатқа ие бола алады. Бұл реңктер, әсіресе, айтылу барысында интонация арқылы ерекше көрінеді. Тіпті экспрессивті-стилистикалық сипаты жағынан бейтарап сөйлемдердің өзі түрлі реңктерге ие болуы мүмкін.

Стилистикалық бояулы құралдардың ішінен белгілі функционалды стильдерде үнемі қолданылатын кейбір тілдік бірліктерді көрсетуге болады. Мысалы: ресми, іс-қағаздар стиліндегі: тапсырылсын, назарға алынсын, талап етілсін, таныстырылсын, шара қолданылсын, т.б.; газеттік-публицистикалық стильдегі: Отан, патриотизм, ұлтшылдық, еңбек вахтасы, т.б.

Стилистикалық бояу тілдік (тілдік бірліктерге тән) және сөйлеу (речевая) (сөйлеу барысында, контексте туындайтын) болып бөлінеді. Сөйлеу бояуын қалыпты мағынасынан тыс, жаңа мағынада (сөздердің ауыспалы мағыналары, бір морфологиялық тұлғаның орнына басқа тұлғаны пайдалану, т.б.) қолданылған бейтарап құралдар қабылдай алады.

Стильдік сипат (стилевая черта) – бұл белгілі бір функционалды стильдің ерекше-сапалық белгісі, оның айырым белгілерінің бірі. Стильдің сапалық белгісін түрліше атайды: стильдік сипат (стилевая черта), стилистикалық сапа, сөйлеу стилінің белгісі және т.б. Стильдерді сипаттау, әсіресе, оларды салыстыру барысында мынадай стильдік сипаттарды (стилевая черта) қарама-қарсы қою жиі қолданылады: образсыздық (ол ресми, іс-қағаздар стиліне тән) – образдылық (көркем әдебиеттің айырым белгілерінің бастысы); эмоциональдылық (публицистикалық стиль) – эмоциясыздық немесе тиімділік (ғылыми стиль, әсіресе, математика ғылымы); дәлдік – дәлсіздік, логикалық – логикасыздық, стандарттылық – даралық және т.б.

Кейбір стильдік сипаттар бір емес, бірнеше (екі-үш) стильге ортақ болып келеді, алайда олардың әрқайсысы сол стильдерде өзіндік ерекшелікке, өзіндік функциональды-стильдік сапаға ие болады. Мысалы, дәлдік ауызекі сөйлеу стилінен басқа стильдердің барлығына да тән. Бірақ, ресми-іскерлік құжаттардың дәлдігі, математикалық баяндау дәлдігі, көркем бейнелеу дәлдігі біркелкі емес.

Лингвистикалық стилистиканың пәні – тілдің мәнерлегіш құралдары, түрлі функциональды стильдерде сөйлеудің ең мақсатты құралдарын таңдап алу мен пайдалана білу, сондай-ақ қоғамдық-өндірістік қатынастың белгілі бір салаларында қолданылатын функциональды стильдерді сөйлеудің типтік бөлшегі ретінде қарастыру.

Стилистиканы барлық деңгейдің (фонетикалық, лексика-фразеологиялық, морфологиялық, синтаксистік) тілдік құралдары қызықтырады. Ол тілдің функциональды-стильдік және эмоциональды-экспрессивтік элементтері мен қатар стилистикалық бейтараптық элементтерін де қамтиды. Стилистикалық бейтарап құралдар стилистикада ешқандай бояулы тұлғасы жоқ бірлік ретінде қарастырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: «ІДК-ТІРО» редакциялық-баспа орталығы, 1998. – 508 б.
2. Стилистика русского языка. Под ред. Н.М.Шанского. – Л.: Просвещение, 1989. – 223 с.
3. Разинкина Н.М. О разграничении понятий «эмоциональное значение» и «эмоциональная окраска» // Иностранные языки в школе. – М., 1968. № 1.
4. Гальперин И.Р. Очерки по стилистике английского языка. – М., 1958.
5. Кожин А.Н., Крылова О.А., Одинцов В.В. Функциональные типы русской речи. – М., 1982.

THE CONTENT AND FEATURES OF SPEECH ETIQUETTE OF KAZAKH NATION

ABDYGALIYEVA N.N.

2nd year Phd student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ ұлтының сөйлеу этикеті қарастырылады. Сөйлеу этикеті ұлттық тіл мен мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде талданады. Мақаланың мақсаты – қазақ тіліндегі сөйлеу этикеті бірліктерін олардың негізгі көрсеткіштерін қарастыра отырып, сипаттау және талдау. Мақаланың ғылыми маңыздылығы – тілдегі этикет бірліктері мәдениетаралық қарым-қатынастың қалыптасуы мен дамуына тікелей әсер етсе, тәжірибелік мәні – тілдегі этикет бірліктерінің ұлттық тілдің заңдылықтарына сәйкес қолданысына мән-мағынасын жоғалтпай ықпал ету.

Қазақ тілінің сөйлеу этикеті және оның мәдени-ұлттық ерекшеліктері ауыз әдебиеті мен басқа да коммуникативтік тәжірибелерді зерттеуді, сондай-ақ ұғымды лингвомәдениеттанудан түсіндірудің маңызды сипаттамаларын анықтауды көздейтін жаңа ғылыми зерттеудің негізгі пәні болып табылады. көзқарас. Бұл мақаланың ғылыми маңыздылығын анықтайды.

Тірек сөздер: тілдік қатынас, сөйлеу этикеті, қатынас мәдениеті, бата-тілек сөздер, сөйлеу дәстүрі, тілдік норма, аспект, әлемнің тілдік көрінісі.

Аннотация. В данной статье рассматривается речевой этикет казахского народа. Речевой этикет анализируется как составная, неотъемлемая часть национального языка и культуры. Цель статьи – описать и проанализировать единицы речевого этикета, рассмотрев их основные показатели в казахском языке.

Научная значимость статьи состоит в том, что этикетные единицы в языке напрямую влияют на формирование и развитие межкультурных отношений, а практическая значимость заключается в пропаганде использования этикетных единиц в языке в соответствии с законами национального языка в зависимости от ситуации, не теряя своего смысла.

Речевой этикет казахского языка и его культурно-национальные особенности являются основными предметами нового научного исследования, которое предполагает изучение устной литературы и других коммуникативных практик, а также выявление существенных особенностей интерпретации концепта с лингвокультурологической точки зрения. Это определяет научную значимость статьи.

Ключевые слова: языковое общение, речевой этикет, культура общения, слова благословения, речевая традиция, языковая норма, аспект, языковая картина мира.

The concept of “speech etiquette” is closely related to the concept of “culture of communication”. The phenomenon of “relationship” is the subject of psychology, philosophy, linguistics, semiotics, pedagogy, ethics, aesthetics, etc. is developing on the basis of many sciences. Since the 60s of the 20th century, the phenomenon of “relationship” has been studied as a psychological interaction of people in all forms at the level of socio-psychological theory. Currently, due to the rapid development of the psychology of relationships, it is defined as a special type of human interaction. “Relationship culture can have many services: pedagogical, journalistic, etc. is a sign of professional competence in the field” [1; 106].

Speech etiquette encompasses many ready-made patterns (words of politeness, greetings, farewells, etc.) that facilitate the people’s interaction. Communication comprises three important parts: introduction (greeting), the basic theme of the conversation (the reason for the communication) and conclusion (phrases to end the interaction). They can be same for all topics, and they help the interlocutors understand what they convey [2].

Speech etiquette is a special national regulation of speech in the situations of defining, supporting and completing communication of communicants, in accordance with their social situations and roles, and personality relations in formal and informal communication [1; 12]. Speech etiquette is the object of research of communicative linguistics, pragma linguistics and a number of scientific areas such as functional stylistics, rhetoric, text linguistics, psycholinguistics, cognitive linguistics, sociolinguistics, ethnolinguistic and paralinguistic.

Current research allows us to state the basic descriptive principles of speech etiquette that is accepted as a rule of speech behaviour that is implemented in any society and with appropriate meanings. Speech etiquette is “the field of communication between people, where many factors, such as language, nationality, ethnicity, etc., are the basis of communication” [3]. Prohibition and permissiveness in any uses, which are opposed to each other, are undoubtedly given only in terms of the cultural values of these contradictions. The use of forms of speech etiquette that do not correspond to the situation leads to the violation of the microclimate of the relationship. Speech etiquette is considered an important element of any national culture. It has a twofold relation to culture: 1) it is an element of communication, speech culture; 2) it is an element of language, and language is the origin and product of culture, its tool and its keeper [1; 54]. Features of national culture are reflected not only in external signs (for example, architecture or clothes), but also in forms of speech. For example, the Greeks say “Rejoice!”, which means to be “favorably disposed to God's grace”. Whengreeting, the first thing the Chinese say is: “Have you eaten?”. English people start with the question: “The weather is good today”, in Kazakh the greeting is: “Are the animals safe? Is your home safe?”. It starts with questions like ethnographic communication and other scientific directions that rely on the national-cultural features of speech etiquette. Speech etiquette is a historical “social heritage”.Linguistic and cultural studies aim to comprehensively cover the language and culture of the entire population. That is, the basis of intercultural communication is the linguistic and cultural knowledge, which is aimed at a complete and objective understanding of the cultural values, linguistic aspects and trends of the ethnic group. It aims to organize and analyze the “language – culture” relationship, which is mostly found in the works of von Humboldt, in the framework of national (specific) document, language, culture, and literature. Speech etiquette has been investigated by scholars as C. Bally, J. Vandpiec, V. and the common problems of language and culture abroad. von Humboldt, E. Cepip, D. Wopf, P.O. Jacobson, A.N. Afanatyev, F.I. Buklaev, V.V. Vinogpadov, G.O. Vinokup, A.A. Potebnya, etc.

The traditional etiquette of the people is a special ethno-cultural phenomenon that is formed and developed in close connection with the history of the ethnic group. Each country has its own etiquette patterns that distinguish it from others to a certain extent and become a distinct ethnic sign of the language users. Such a position of traditional folk etiquette in the system of cultural values of every country requires comprehensive and complex research. Etymology of various units of speech etiquette, evolution of general etiquette, etc. issues are relevant today[4].Based on the opinions of domestic scientists such as G. Smagulova and E. Zhanpeyisov, linguistic and cultural studies as a scientific discipline is described in detail. It is a scientific discipline of the synthesis type, which is limited to the science of culture and philology (linguistics). The main objective of linguistic and cultural studies is to clarify the understanding of culture and language, in the process of its functioning and in the holistic systemic unity of this concern.

The research conducted is an action research, which included various types of materials and data collection methods.Based on the socio-linguistic principle that every social group has its own language, eloquent language is the language of intellectuals. Blessing affects the human mind in a special form, but its main meaning is understood as a result of thinking. It appears as a result of spiritual digestion of the truth of the benefactor, which is taken from his own experience, life events, but does not require proof. In addition to expressing a compact and concise thought, a blessing is a thorough, figurative thought summarized in a short word, each of its points is used as a separate saying. Since the blessings are formed on the basis of the national-cognitive structure, they reflect the manifestations of the spiritual worldview of the Kazakh personality and culture. “In the speech act of blessing, the suggestor takes precedence over the suggester and acts according to a specific purpose. In order to reach a pragmatic level through suggestion, the participants need to be able to perceive the communicative situation psychologically, as well as having a representative of the Kazakh nation who can understand the concepts of mutual understanding, communicative and linguistic competence and language relations. This shows that wish-blessing is not a form of speech that appears during action, but a form of speech that is used only in a ready-made form during the situation” [5; 41]. Words of wishes and blessings belong to the patterns of oral speech, emotions and feelings go hand in hand when giving blessings.

Verbal communication, or language communication, is an important process that forms the manners of people in society, and language reflects the level of their objective worldview. At this point, typical phrases related to the subject of the conversation described by L. P. Yakubinsky, related to life, often repeated in the usual relationship situations, are ready in our memory. For example: *Мейрамыңыз құтты болсын! — Рақмет; Нәрестенің бауы берік болсын! Айтқаныңыз келсін; Туған күнің*

құтты болсын! Құттықтаймын! Алласақтасын! Алла біреуге алақан жайдырмасын! Не деген керемет!

The educational, didactic and communicative function of blessing words can be observed in other language units. “The word of blessing, on the one hand, is an example of a word that belongs to folk works, the language is beautiful, the content is harmonious, and on the other hand, it is one of the indigenous archives with a special educational meaning. Our people's tradition of blessing and wishing well, thirdly, speech etiquette or, in the language of science, the very important word etiquette “belongs to the rules” [6,91].

As we have noticed from the given examples, any speaker of Kazakh language can determine the ultimate semantic presupposition of these answers. By means of implicates unique to the Kazakh spoken language, the addressee shows how he perceived the illocution of the stimulus, that is, whether he agrees or disagrees with the reactive task along the stimulus, or confirms or disagrees with it. Such answers are rationally combined with the intention of the stimulus and serve to establish understanding between the communicators, because they are fixed in the listener's mind. Ready-made answers in such a language fulfill their illocutionary function regardless of the speech situation in which they are used. For example, there are specific types of ready-made responses to the following stimulus cues:

– *Армысыз, азага! Асылаға! — Барбол, немен жүрсің, жарқыным?* [3;11].

– *Ассалаумағалайкүм, Балтааға! Келдіңдерме кешікпей...*

– *Ақанбысың, әліксалам... Аманбысың, жарқыным (Құшақтасып амандасады)* [3;103].

The addressee's ability to use these language units, that is, the fact that he knows such a linguistic feature of a certain person, is a reflection of his worldview, education, and the level of his knowledge base. “Kazakh blessings are a spiritual enrichment text based on the worldview of the people, even if it is not clear what is said and how it is said, the pragmatic form of the blessing text is formed in the concept of every Kazakh. From the very name “blessing” gives the illusion of a sign of goodness and warms the heart” [5;81].

Linguistic culture is not only the correct and orderly use of words, it provides aesthetic orientation. It connects with stylistics at its highest level, has a positive influence on its issues, and provides full opportunity for the formation of stylistic norms. The difference between the linguistic norm and the stylistic norm is that the scope of application of the linguistic norm of the literary language is not limited. The linguistic norm acquires the qualities of correctness of general usage. The functional nature of the language norm is connected with the existence of variability. Variability of language methods provides functional and stylistic classification of literary language. The language norm is subject to certain regularity and consistency. It can be observed that there are many words with the common lexical meaning of politeness in each nation. Usually, the behavior and social etiquette of a communicative person conforms to the norms established in that environment. He makes a language relationship according to that norm. However, if it deviates from the norms and principles established in that society, the relationship will be broken. That's why every speaker tries to maintain maximum politeness during the speech and use the position of unity and cooperation appropriately. Therefore, it is necessary to try to avoid an unsuccessful communicative situation due to the rational use of tricks and tactics available in the language.

REFERENCES

1. Formanovskaya N.I. Rechevoietiketimezhkul'turnayakommunikasiya. - M.: Vysh. Shk., 2002. — 456 p. (Speech etiquette and intercultural communication)(in Russian.)
2. Klyuev E.V. Verbal'nayakommunikasiya. - M.: Ripol Classic, 2002. —p. 9.(in Russian)
3. KurdanovaKh.M., Sarbasheva Z.M., Kairova R.B., Influence of speech etiquette on the formation of personality Human capital, 2019. - 6 (126),157-164
4. Yebelekbayeva A.K., Smagulova G.N. Rechevoyetiket v kazakhskomichuvashskomyazykakh (naosnoveprivetstviy). Tiltanym, 2023.- (2):107-116. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-2-107-116> (in Kazakh)
5. Izhar I., Rokhman F., Pristiwati R., Pristiwati R. Linguistic Etiquette of Serving Food in Local Wisdom of Indonesia's ManjauMaju Lampung Tribe Society, Cogent Arts & Humanities, 2023.- 10:1, DOI: 10.1080/23311983.2023.2183610
6. Baehren, Lucy. Saying “goodbye” to the conundrum of leave-taking: A cross-disciplinary review. Humanities and Social Sciences Communications, 2018. - 9.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАР

АДЕНОВА ДИНА ҚАБЫЛҚЫЗЫ

Қ.Сұлтанбеков атындағы шағын орталықты орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы

Аннотация. В статье приводятся примеры невербальных способов в произведении М.Магауина, и рассматривается их функция.

Ключевые слова: вербальная коммуникация, невербальная коммуникация, движение, жест, знак, национальная традиция, художественное произведение, приветствовать, кинема, национальный характер.

Annotation. This article includes examples of nonverbal means which are given in M. Magauin's work and also the functions considered.

Key words: verbal communication, nonverbal communication, gestures, mimes, sign, national tradition, piece of art, greetings, kineme, national character.

Тіл – ұлттық қазына, қарым-қатынас құралы. Қарым-қатынас тіл арқылы және бет әлпеттегі өзгерістер, дене қимылдары, ым-ишара көмегімен іске асырылады.

Адами қатынас барысында сөйлеу тілін түсінікті етіп, толықтырып тұратын бейвербалды амалдар вербалды амалдарға қарағанда басым екендігін көптеген ғалымдар дәлелдеген. Бейвербалды амалдардың ұлттық дәстүріміздегі сөйлеу тіліне қосымша мағына беріп, адамдардың бір-бірін өзара түсінуге жетелейтін рөлі ерекше екендігін де байқауға болады.

Жазушы М.Мағауиннің «Аласапыран» тарихи шығармасынан аталмыш амалдарға мысалдар келтірсек: *«Мұсылман рәсімінде босаға аттаған адам бірінші болып сәлем береді. Әрине, іштегі кісі (кісілер) өзінен өлшеусіз төмен болмаса...»*

- Ассалам-аһалейкөм!!

Тәрде, қызыл ала кілем үстінде, ұзыншақ, төрткіл жастыққа белінен батып отырған, дағарадай жасыл сәлделі қара шұбар кісі селт етпеді. Кекірейген қалыпта суық жүзбен, тесіле қараған...

Тілмаш аударып үлгермеді, тіпті Құл-Мұхамед те өз сөзін толық аяқтап бітпеген, қызылбас елшісі атып тұрды. Әйтсе де сәлем алмап еді. Құл-Мұхамед тапап жіберердей төніп келіп, қос қолын бірдей ұсынғанда ғана салаң еткізіп оң қолын ұстата салды» [1.24-б.]. Суық жүзбен тесіле қарау, салаң еткізіп оң қолын ұстата салу – бір адамның екінші адамға деген қатынасын аңғартады. Қос қолын бірдей ұсыну – амандасу ишараты.

Бас изеу – құптау, мақұлдау. 1. *«Құл-Мұхамед көзі жарқ етіп, бас өкіл – Василий Щелкаловқа сынай қараған да, қасындағы кеңесшілеріне мойын бұрған, Шөгел бек күбір етіп еді, Бұқа-мерген бас изеді» [1.11-б.].* 2. *«Ғади-бек суық жымып бас изеді де, кеңесті отырып жалғастыруға ишарат жасады» [1.25-б.].*

Ғалым А.Пиз «Язык телодвижения» атты еңбегінде *«Кивание головой почти во всем мире обозначает «да» или утверждение. Похоже, что это врожденный жест, так как он также используется глухими и слепыми людьми. Покачивание головой для обозначения отрицания или несогласия является также универсальным, и может быть одним из жестов, изобретенных в детстве» [2.18-б.], - деген.*

Бас шайқау, қол сілтеу, арқаны қағу, екі қолын көкке созу т.б. кинемаларына мысалдар келтіруге болады. 1. *«Қусыңдар сендер, азиаттар,- деді Дьяк басын шайқап. – Бірақ есіңде болсын, Царевич, Елшілік дуанының шешімінсіз ешбір шаруа тынбайды» [1.23-б.].* 2. *«Дьяк күрсініп, қолын сілтеді» [1.23-б.]. « - Бекер! Бекер!..- деді қолын сілтеп, асыл жүзікті шынашағы селтең-селтең етіп» [1.28-б.].* 3. *« - Мен де жас болдым, -деді Дьяк. Царевичті өзімсіне арқаға қақты» [1.23-б.]. «Кімнің басына қара түн туары – хақ тағаланың ғана еркінде!-деді шамдана бастаған Құл-Мұхамед. – Я, Алла! –деді оқыс дауыстап, екі қолын бірдей көкке созып. – Сүнни мен шиидің қайсысы ақ, қайсысы қара – өзіңе аян!» [1.27-б.]. Камзолы екі айрылған, беті әлем-тапырақ, екі көзі қып-қызыл Есеней мана ат сауырына мінгендей, аяғын талтайта секіріп, Исмайылдың үстінен аттап өтті де, екі қолын көкке соза, тізерлей сылқ түсіп, тәңірге мүнәжат айтқан» [1.167-б.]. Тізерлей екі қолын көкке созу – наным-сенімге байланысты жасалатын бейвербалды амалдар.*

«Ораз-Мұхамед тіздеде сұлық жатқан оң қолын болмашы көтеріп, бас еліні тежеді» [1.21-б.]. «Арттағы нөкерлердің бірі зекіп тыймақ еді, Ораз-Мұхамед қолын көтеріп, тоқтатып тастады» [1.170-б.]. Қолмен ишара жасау арқылы тежеу, тоқтату мағынасы берілген.

Туындыдан адам қарауының бірнеше түрлерін кездестіреміз. Мысалы:

1. « - Царевич, патша нөкері һәм ақтажы боярдың дәргейіне өзің баратын шығарсың? – деді Василий Щелкалов Ораз-Мұхамедке сынай қарап» [1.22-б.]. «Иншаллах, көп ұзамай-ақ алтынды Стамбұлда, қасиетті Айя-София мешітінде Хазірет Әлидің атына хұтпа оқылмақ! – Иран елісі тағы да бөгеліп, қазақ елісіне сынай қарады» [1.27-б.].

2. Бірақ Құл-Мұхамед не ризашылық білдірмей, не қостамай, үнсіз тесіле қарап, бедірейген де қалған» [1.27-б.].

3. «Өзіне айтылған сөзді анық түсінген, оның мән-мағынасын ғана емес, бар салмағын да айқын аңдаған Ғади-бек момақан кейіпте тәржімаға көшкен Дәулет-Бахты тілмашқа бажайлай қараған» [1.32-б.]. «Қазақ Ордасының елісі Құл-Мұхамед сені елге қайтаруды сұрайды,-деді Борис Ораз-Мұхамедке бажайлай қарап, байыппен» [1.61-б.]. 4. «Патшаның бас өкілі, салмақты, маңғаз, салқын жүзді Бәселей бек ұйқыдан шошып оянғандай, басын қалт көтеріп, қазақ елілеріне шүбәлана қарады» [1.9-б.]. «Соғыстың ауыр салмағын кім көтермек?-деді Ғади-бек, бұлталақсыз, шиырдан шиырға салып дәікелетпей, турасына көшкен қазақ елісіне шүбәлана қарап» [1.28-б.].

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «бажайла», «шүбә», «шүбәлан» сөздеріне мынандай түсінік берілген: **«БАЖАЙЛА** 1. Аңғару, байқау, байыптау.

2. Тәптіштеп, егжей-тегжейіне жету» [3.97-б.]. **«ШҮБӘ** – күмән, күдік, шәк». **«ШҮБӘЛАНУ** – Күмәндану, сезіктену, күдіктену» [3.928-б.].

Қос қолын бірдей созу – қоштасу ишараты. «Ғади-бек сұраулы жүзбен, таңырқай қарап еді, Құл-Мұхамед төрге қарай қайта аттап, қос қолын бірдей созды. – Хайыр, көріскенше...» [1.33-б.].

Жазушы бейвербалды амалдарды шебер қолданып, адамдардың арасындағы қарым-қатынасты тиімді жеткізген. «Қақпадан енерде алға озған бас елі сәлем жасап үлгерген жоқ, нық басып алға аттаған Әз-ханым Құл-Мұхамедті құшақтай алды. Мұндайды күтпеген Құл-Мұхамед әлі де рәсім жөнінен таймай, қос тізерлей сылқ түсіп еді. Хан анасы шынтағынан демеп, тұрғызып алды. Содан соң маңдайынан сүйген... – Шырағым, сен де кел!- деген сосын Петр Новосильцевке. – Өркенің өссін! – Оны да құшақтап бетінен сүйді» [1.36-б.].

Құшақтау, сүю – сүйіспеншілік белгісі. **Қос тізерлеу** – құрметтеу, сәлемдесу ишараты.

Ғалым А.Пиз әлемдегі негізгі қарым-қатынастағы қимылдардың айырмашылығы жоқ екенін айтады. Ол адамдар бақытты болса, олар күлетінін, адамдар қайғылы болса, олар тұнжырайтынын мысалға келтіреді [2.17-б.]. Көркем шығармада ой мен сөздің, сөз бен түрлі тілсіз қатынастың жарасым табуы жазушының шеберлігі болып табылады. Қарым-қатынас барысында тілдік амалдар секілді бейвербалды амалдар да маңызды рөл атқарады. Вербалды амалдарды бейвербалды амалдар толықтырып тұрады. Кез келген адам күнделікті өмірде ым-ишараттың көмегімен көңіл-күйін, пікір-көзқарасын білдіреді, жеткізеді. Халқымыздың тұрмыс-тіршілігімен, ұлтымыздың тәлім-тәрбиесімен, салт-санасымен тығыз байланысты көптеген бейвербалды амалдар – ұлттық сипатқа ие.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мағауин М. Аласапыран. Тарихи дилогия. Екінші кітап. – Алматы: Жалын, 1983. –456 б.
2. Пиз А. Язык телодвижений. Как читать мысли других людей по их жестам. Нижний Новгород: Ай-Кью, 1992. -272 с.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/ Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. - Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

ЭТНОЛИНГВИСТИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

САТБЕКОВА А.К.

Астана көп салалы колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В этой статье рассматриваются вопросы, о том что некоторые проблемы этнолингвистики и их изучение истории и развития даны объяснение в научном основе. А также сделаны этнолингвистические анализы о этимологии родов тюркской народности.

Summary. This article addresses the issues that some problems of ethnolinguistics and their study of history and development are explained in a scientific manner. And also ethnolinguistic analyzes of the etymology of the clans of the Turkic people were made.

Этнолингвистика – этностың болмысын, оның тілі арқылы танып білу мақсатында туындаған лингвистика ғылымының дербес бір саласы. Тіл білімінде өзіндік орны бар, тілдің табиғатын, оның даму заңдылықтарын толық, әрі жан-жақты зерттеу барысында іштей жіктеліп, дүниеге келген әлеуметтік лингвистика, лингвостатистика, психолінгвистика сияқты, этнолингвистика да жаңадан дүниеге келген ғылым саласы [1, 275б.]. Ол этностың табиғатын тереңнен танып білу мақсатында, тілдің өзіне тән ғажайып мүмкіндіктері мен мол қазынасын, сарқылмас байлығын зерттеп – зерделеуді мақсат етеді. «Этностаным» мен «тілтаным» ғылымдарының ортақ проблемасы шеңберінде, тіл ғылымының тоғысу нәтижесінде пайда болған жаңа сала.

Этнолингвистикаға қатысты еңбектердің көпшілігі сөздік түрінде болғанымен, оған байланысты ғылыми зерттеулер мен тақырыптық жинақтар да баршылық. Мәселен, академик А.Т.Қайдаровтың көп жылдар бойы жинап жүрген материалдары негізінде жарық көрген [2, 75б.]. «Қазақтар: ана тілі әлемінде» атты 4 томдық этнолингвистикалық сөздігін атауға болады. Академик А.Т.Қайдаровтың бастамасымен Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының А.Байтұрсынов атындағы «Тіл білімі» институтында «Этнолингвистика» ғылыми-зерттеу мектебі ашылды. Қазақ этнолингвистикасы жайлы қомақты еңбек жазған ғалымдардың бірі А.Т.Қайдаров, М.М.Копыленко болды. М.М.Копыленконың 1996-жылы «Основы этнолингвистики» атты еңбегі жарық көрді [3,27б.]. Сондай-ақ «Қазақ этнолингвистикалық мектебінің» негізінің қаланып, бағыт – бағдарын өзіндік зерттеу тәсілінің қалыптаса бастағанын көрсететін нақты дәлелдер, осы салада әртүрлі тақырып бойынша қорғалып жатқан көптеген докторлық Е.Жанпейісовтың, Ә.Ахметовтың, Ж.Манкееваның және кандидаттық С.Сәтенованың, А.Жылқыбаеваның, А.Мұқатаеваның, Қ.Ароновтың, Р.Шойбековтың, М.Мұсабаеваның, Б.Уызбаеваның, М.Ержановтың диссертацияларын тілге тиек етуге болады [4,25б.].

Этнолингвистиканың негізгі міндетінің бірі – сан алуан бұлақтардың көзін ашып, ауызекі тілден, ауыз әдебиеті үлгілерінен, тарихи деректерден, көркем әдебиет шығармаларынан, шежірелерден, лексикографиялық, этимологиялық, этнолингвистикалық еңбектерден этностың болмысына қатысты деректерді жинау болса, екінші міндеті–оларды бір жүйеге келтіріп, мазмұнын айқындау, оларды этностың өзі туралы сөйлете білу. Біздің негізгі зерттеу бағытымыз да осы міндеттердің шешімін тауып, этнолингвистиканың басты зерттеу нысаны болған этностардың тарихын қозғау болып отыр. Өйткені, этнос дегеннің өзі халық болса, оның шыққан тегі ру, тайпа, ел, халық, ұлт аттары. Мәселен, көне түркі заманынан бері келе жатқан тайпалар атауы бүкіл түркі халықтарының қай тайпадан шыққанын дәлелдейді. Мысалы, Массagetтер – деген кім? Ол туралы ғалымдардың пікірі қандай? Қазіргі Алматы тұрған жерді бұрын заманда сақтар мекендеген. Оларды грек шежіресінде «массagetтер» деп атайды. «Тарихтың атасы» деп танылған Геродот айбарлы массagetтер туралы былай деп жазады: «Бұл халық өзінің көптігімен және жаугершілігімен көзге түседі, массagetтер киген киімі, тұрмыс - салты жағынан скифтерге жақын. Сақ тайпаларының одағына: массagetтер, дайлар (дахилар), каспилер, исседондар, аримаспалар, аландар, кейініректе, савроматтар мен сарматтар кіреді. Массaget, яксарт тайпалары Көк теңіздің, Арал теңізінің солтүстік және шығыс-солтүстік өңіріне, Сырдарияның оң жақ

алқабына орналасқан. Ерте заманда Сырдария «Яксарт» деп аталған. Дайлар (немесе дахилар) тайпасы Сырдарияның төменгі жағына, яғни көк теңіз қолтығына орын тепкен [5, 275б.].

Массагет тайпаларын – қарақалпақ тарихы мен этнографиясын зерттеуші ғалымдар қарақалпақтар деп есептейді. Мәселен, қарақалпақ халқының тарихы мен этнографиясын зерттеген ғалымдар Л.С.Толстов, Т.А.Жданко, С.Камалов, О.Юсупов, Д.Аймуратов, М.Тлеубергенов т.б. қарақалпақтарды массагет тайпаларынан таратады және қарақалпақтарды Якса өзені бойында Ахмет Яссауи дәуірінде жасағандығы туралы мәлімет береді. Қарақалпақ халқы Түркістанды ата мекеніміз деп есептейді. Ал түркі халықтары арасында дайлар деп жүрген тайпалар бұл қазақтың «адай» руы, дахилар деп жүрген тайпа «түркмендер» болуы керек. Өйткені, Түркменстан жерінде Фараб деген ауыл бар. Ол Отырардың бұрынғы атауы. Көк теңіз деп отырғанымыз Каспий теңізі болса керек. Себебі, ағылшын ғалымдарының жазбаларында Якса (Сырдарья) мен Окса (Амударья) өзені Аралға құйып тұрғанда, Каспий жоғалған, ал Каспийге құйып тұрғанда Арал жоғалады деген пікір айтқан [6, 25б.]. Сонда Көк теңіз бен Арал теңізі Каспий мен Арал теңізін меңзеп тұр.

Сондай-ақ Т.А.Жданко өзінің қарақалпақтардың тарихына арналған еңбегінде [7, 39б.] қоңырат және он төрт рудан тұратын қауымдар құрамын және осы руларға тиісті танбалар мен ұрандарға анализ жасайды және рулардың тарихи орналасқан қоныстары мен ол жерлерден көшу себептері жайында жазылған деректер мен түркі халықтары аузынан жазылып алынған аңыздарды пайдаланып, этникалық белгілерді ашып көрсететін деректерді келтіреді. Он төрт рудың арасындағы үлкен бір қауым – қыпшақтар. Құбла Арал аймағында қыпшақ қауымының қаңлы, саңмұрын, қанжығалы, ябы, майлы балта, бокмұрын, арық, естек, қат қаңлы, бағаналы, салтыр, орманшы сияқты топшалары кездеседі дейді. Сондай-ақ бұл рулар қазақ халқында да кездеседі.

Клапрот, Григорьев және Толстовтардың болжамы бойынша, «массагеттер» – «ұлы геттер» дегенді білдіреді, – дейді. Маркварт пен Томашек массагет атауын балық жеушілер деп таратып, олардың ирандық екендігіне меңзейтін тұжырымдарын айтқан [8, 12б.]. Түрк ғалымы Тоған массагеттерді қазақ, өзбек және басқа түріктер арасында сақталып қалған «Масқар», «Масақ», ру-тайпаларының атауларымен байланыстырып, мұндағы «ет» қосымшасы жинақтық-жинақылық мағына беріп тұр, – дейді. Б.з.д I мыңжылдықта өмір сүрген скиф-сақ-массагеттердің ортақ мекен-жайлары ағылшын, неміс, түрік тілдерінде жазылған еңбектерде жақсы-ақ сипатталған. Ол өзбектегі «Месхит», Қырымдағы «Месгит», Дербент төңірегінде жасаған Масқат руы көне массагеттен туындаған, – деген тұжырымын «Худуд ал-Алемнің» еңбегіне сүйене отырып жазған [8, 12б.].

Сондай-ақ, «узбек тилиниг изокли луғати» еңбегінде: «йук болиб кетган, тарихда маълум роль уйнаган, хозирда илмий-оммабоп ва тарихга оид адабиетда учрайдиган халк, қабила ва сулолаларнинг номлари: скифлар, готлар, хунлар, хазарлар, массагетлар, суғдилар, шақлар. селжукийлар, темурийлар, қорахонийлар, аштархонийлар, романовлар ва бошқалар».

Печенег жазба ескерткіштері ішінде, дәлірек айтқанда, печенегтікке шартты түрде қатысты жазудың үш негізгі тобы бөлінеді: 1) Надь-Сен-Миклогиялық ыдыстардағы; 2) Венгриялық сақиналардағы; 3) Новочеркасский мұражайының ыдыстарындағы, Маяцкий қалашығы тастарындағы, Элиса маңында орналасқан қорғандағы руна жазуы топтарының, олардың кейбіреулерінің Орта Азиядағы Қарақалпақстан Қойқырылған қала қалашығындағы қазба жұмысында табылған таңбалармен белгілі байланысы бар. Есте қаларлығы, Қойқырылған қала қалашығы IX ғасырдағы печенегтердің қоныстанған орны болып табылатын жерде орналасқан.

«Печенегтікпен» ұқсас деп табылған руналар VIII ғасырда печенегтер болған Таласта да ізін қалдырды. Бұл кезде Александровский жонының (Ачиктали) оңтүстік беткейінде табылған және мемлекеттік Эрмитажда сақталған атақты «Таластық таяқша» туралы айтылып отыр [9, 137б.]. Жалпы түркі тілдес халықтар тарихына келгенде, Тұранның құлдырауы мен терең дағдарысты бастан кешкен Түркістан өлкесінің тарихын екі бағытқа бөле қарап, зерттеу қажеттілігі сезіледі. Бірінші бағыт – Азия мен Рум (Византия), екінші бағыт – Түркістан атанған жерде қалған халықтар тарихы [10, 59б.].

Қазақстан территориясын түркі тілдес ру - тайпалардан басқа үнді-иран тілдерінде сөйлеуші тайпалар (сақ, юечжи, соғды т.б.) мекендеп келгені мәлім. Бұл қазіргі кезеңдегі қыпшақ тайпаларынан шыққан түркі тайпалары мен көшпенді түркілер атанған қазақ, қарақалпақ, өзбек тайпалары болуы мүмкін. Өйткені, сақ екеу болған, оны «қайсақ» деп атауының бір себебі, сақтан - қазақ пен созақ тараған. Ал қазақтан – қазақ, созақтан –

қарақалпақ тараған. Оны Талас бойы қазақтарының тілдік ерекшеліктері мен әдет-ғұрыптары дәлелдейді. Сонан соң сол өңірден шыққан кейбір ақын-жазушылардың тіл ерекшеліктері негізгі деректер бола алады. Соңғы кезде қоғамда және тілімізде өзбек пен қарақалпақ сөздері кең өріс алуда. Мұның себебі, бұл өңірде қазақтарға қарағанда өзбек пен қарақалпақ тілінің ықпалы басым. Ал сарматтар мен савроматтар тайпасы болса, Каспий теңізінің терістігінде, шығыста Еділ өзеніне дейінгі солтүстік Жайық өзенінің басына дейінгі жерлерде тұрғаны белгілі. Юэжилер – оның қазіргі түркі тілдерімен қандай байланысы бар? Юэжи тайпасы – туралы мәліметті О.Сүлейменовтың «А3 и Я» еңбегінен, көне түркі тілдері туралы жазылған кейбір ғалымдардың еңбектерінен білеміз. Б.з.д. кезеңде қазақты құраған түркі ру-тайпаларының этникалық негіздері Хунну, Үйсін, Динлин, Тохар (Юэжи) тәрізді Алтай-Саян және батыс монғол жеріндегі мемлекеттік бірлестіктерден бастау алатын [11, 196].

Мәселен, түркі тілдес халықтардың ежелден мекендеп қалыптасқан жері – Еуразияның дәл кіндік тұсы. Атап айтқанда, Орталық Азия, Оңтүстік Сібір, Еділ бойы және Орал өңірі 9 млн шаршы километрді алып жатыр. Қазіргі таңда бұл жерде 40 түркі тілдес ұлттар мен ұлыстардың 25 пайызынан астамы тұрып жатыр.

X-XV ғасырларда түркі халықтарының өз алдына жеке халық болып қалыптасуы, орта ғасыр түркі тілі деп аталады. Осы күнге дейін өмір сүріп келе жатқан түркі тілдерінің басым көпшілігі өзінше қалыптаса бастаған дәуір А.Н.Самойловичтің пікіріне сүйенсек, бұл жерде Орта Азия түркілерінің бәріне ортақ болып келетін жалғыз арналы және жаппай қолданылатын бір ғана әдеби тіл. Ол әдеби тіл өз басынан үш кезеңді өткізген [12, 96б.].

1. Қараханидтер династиясына бағынып тұрған түркілердің әдеби тілі;
2. Оғыз-қыпшақ тайпаларының тілінде қолданылған әдеби тіл;
3. Шағатай ұлысында тұратын түркілердің әдеби тілі.

Ірі тарихи тарихи оқиғалар мен мемлекеттік бірлестіктердің құрылуы, түркі өз ішінде түрліше болып қалыптасуына, кең таралуына себепкер болды. Мәселен, алғашқы Түркі қағанаты құрылғанда оғыз, қарлұқ тілдері, Алтын Орда Мемлекеті дәуірінде қыпшақ тілі, Әмір-Темір әмірлігі кезеңінде шағатай тілі, ал Осман империясы шарықтағанда селжук тілі гүлденіп дамыды. Түркі тілдерінің дамуындағы ең көне дәуір Қараханидтер династиясы дәуірі жөнінде Грум-Гржимайло пікіріне сүйенсек, Қараханидтер династиясының орталық өңірінде өмір сүрген түркілердің тілі ұйғыр-қарлұқ тайпаларының тілі негізінде дамыған да, оғыз тілдерінің әсеріне ұшыраған. Оғыз-қыпшақ тайпаларының тілінде оғыз-қыпшақ рулары мен тайпалары сөйлеген. Олар Сырдарияның төменгі ағысынан бастап Алтын Орда арқылы Кіші Азия мен Мысыр еліне дейінгі кең алқапты қамтыған.

Көне түркі мемлекетінің өмір сүрген дәуірі мен мекен еткен қонысы жайлы тарихи пікірлерге сүйенсек, Орта Азия мен Қазақстан, Еділ-Дон аралығы мен Кавказ тауларының етегінде көшіп-қонып жүрген Көне түркі тайпаларының ту тіккен жері Сібір өлкесі. Мәселен, түркі халықтары демографиялық орналасуы жағынан өзара бірігіп, екіден, үштен, ал кейбіреулері төрттен топ құрап өмір сүргені байқалады. Оны Н.А.Баскаковтың құрастырған түркі тілдерінің классификациясынан байқаймыз. Мысалы, түрік, азербайжан, түрікмен; өзбек пен ұйғыр; қазақ, қарақалпақ, ноғай; татар, башқұрт; құмық, қарашай-балқар; алтай, шор, тува, хакас, ұранқай, тоғалар; қырым, қарайым, қырымшақ т.б. Бұл жөнінде белгілі түрколог ғалым А.Н.Гумилевтің, П.Пелльоның дәлелді пікірлері бар. Ең көне түркі жазба ескерткіштері болып есептелетін «Манихейлер құраны» өзінің шығу тегіне қарай Орталық Азияға емес, Орта Азияға тиісті деп көрсетеді профессор С.Е.Малов [13, 108б.].

Сондай-ақ, ол Орталық және Орта Азиядағы шығыс түркі әдеби тілі «Д» дыбысын, одан кейін батыс түрік әдеби тілі «Й» дыбысын қолданылғанын айтады. Алтай тіліндегі көне түркі тілінің ерекшеліктері: Д-мен келген көне түркілік сөздердің құрамында – ғар, ғару тұлғаларының қазақ тілінде сақталуы туралы да мәлімет береді. Кейін бұл тілдің «шағатай тілі» деп аталғанын көрсетеді [14, 221б.].

Ойымызды түйіндей келе, түркі тайпалары туралы деректерді білмей тұрып, олардың қай тайпадан, қай рудан шыққанын айта алмаймыз. Біз халық болып қалыптасқанға дейін түркі тайпасы болып әлемге танылсақ, түркі тайпалары бөлінгеннен кейін өз алдына ел болып қалыптастық. Мәселен, Қазақ елі – Қазақия, Қарақалпақ елі, Өзбек елі, Қырғыз елі т.б. Ал онда жасаушы адамдар өз алдына халық болып қалыптасқанға дейін, бірнеше руларға бөлінген. Әрбір ру өз таңбаларымен айқындалған. Сондықтан, біз этнолингвистиканы зерттей отырып, оларды макроэтнонимдер мен микроэтнонимдер арқылы дәлелдей аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. –А., 2002.
2. Қайдаров А.Т. Этнолингвистикалық сөздік. «Қазақтар: ана тілі әлемінде». –А., 2002. 4-том.
3. Копыленко М.М. «Основы этнолингвистики» –А., 1996.
4. Қазақ тілі энциклопедиясы. –А., 1997.
5. «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы «Қазақ ру-тайпаларының тарихы» –А., 2006. II том.
6. Кәрібаева Ә.Ө. Арал теңізін қалай қорғаймыз //Әму дәрья журналы. –Нөкіс, 1987, № 4
7. Жданко Т.А. Очерки исторической этнографии Каракалпаков –М.–Л., 1950, -С.163.
8. Юсупов О. Ойлар. – Нөкіс: Қарақалпақстан, 1960. – 31б.
9. Аманжолов А. Түркі филологиясы және қазақ жазуы. – Алматы, 1985. – 189б.
10. Түркістан тарихы. – Алматы, 1992. – 289б.
11. История Монгольской Народной Республики. – М., 1983. – С.98.
12. Баскаков Н.А. Социоллингвистический анализ языковой ситуации в регионе Средней Азии и Казахстана. –Нукус: Билим, 1992.-С.48.
13. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – Л., 1951. – С.108.
14. Әбушәріп С. Түркітану. – Алматы, 1999. – 120б.

УДК 811.161.1.

ФОРМИРОВАНИЕ ЛИНГВОКУЛЬТУРНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ БИЛИНГВА ЧЕРЕЗ СРАВНИТЕЛЬНО-СОПОСТАВИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ РУССКИХ И КАЗАХСКИХ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ

ОМАРОВА АЙГУЛЬ ОРЫНБЕКОВНА

старший преподаватель кафедры «Подготовка учителей русского языка и литературы», Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, Республика Казахстан, г. Тараз

НҰРЖАНҚЫЗЫ КАМИЛЛА

студентка 1 курса специальности «Подготовка учителей иностранного языка», Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, Республика Казахстан, г. Тараз

Түйіндеме. Бұл мақалада «сердце/жүрек» компоненттері бар тұрақты сөз тіркестердің салыстырмалы талдауы арқылы қостілді тұлғаның лингвомәдениеттік құзыреттілігінің қалыптасу мәселесі қарастырылады. Тек қана қазақ тіліне тән, ал орыс тілінде лақуналық идиомаларға түсініктеме берілген.

Summary. In the article the problem of forming the cultural and lingual competence of bilingual person is analysed through the studying regional geography material on the example of comparative analysis of phraseologisms with component "heart/zhurek. Gaps for the Russian language, peculiar only to the Kazakh language, showing the physical condition associated with digestion are identified.

Объектом исследования научной статьи является проблема формирования лингвокультурологической компетентности билингва через изучение страноведческого материала на примере сравнительно- сопоставительного анализа русских и казахских фразеологизмов с жүрек». Предметом изучения «сердце Фразеологизмы русского и казахского народов, извлеченные методом сплошной выборки из Толкового словаря С.И.Ожегова, Фразеологического словаря русского языка под редакцией М.И. Степанова и компонентом стали Қазақтілінің түсіндірмесөздігі под редакцией Т. Жанузакова, І. Кенесбаева с компонентами «сердце / жүрек». Лингвострановедение ставит своей задачей изучение языковых единиц, наиболее ярко отражающих национальные особенности культуры народа-носителя языка и среды его существования.

Для лингвострановедения большой интерес представляют идиомы, пословицы, поговорки, паремии, в которых отражены национальное мировоззрение, мировосприятие, своеобразие культуры, истории, традиционного образа жизни народа - носителя языка. Мы взяли за основу лингвострановедческого материала идиомы с компонентом «сердце/ жүрек», потому что они имеют ярко выраженную национально- культурную семантику и являются страноведчески

ориентированной лингвистикой. Изучение фразеологического корпуса, пословиц и поговорок тесно связано с концептологией. Для полного понимания и интерпретации представленных идиом двух народов мы даем краткую информацию о концепте и мнения разных ученых, поскольку к ней повышен интерес в современной лингвистике. Напомним, что концепт явление того же порядка, что и понятие, однако отличается от него этнокультурным содержательным компонентом, включающим образные, ценностные смыслы. Концепты предмет эмоций, симпатий и антипатий, а иногда и столкновений. Концепт - основная ячейка культуры в ментальном мире человека. Рассмотрим также определение концепта, данное в Советском энциклопедическом словаре: «Концепт (от латинского *conceptus* - мысль, понятие), смысловое значение имени (знак), т.е. содержание понятия, объем которого есть предмет (денотат) этого имени». З.К. Ахметжанова считает, что существуют признаки концепта, которые помогли нам при исследовании: 1. Ценностная составляющая; 2. Полиапеллируемость, то есть, концепт должен пронизывать все единицы языкового текста, речевое поведение носителей языка, языковое сознание, отражаться в пословицах, поговорках, Фразеологизмах, идиомах иметь высокую частотность употребления; 3. Это слово обязательно должно быть многозначным. Должно быть вовлечено во фразеологический корпус языка, т.е с ним много Фразеологизмов и паремий. Он должен получить художественное отражение: сказки, анекдоты, легенды, истории; 4. У человека должен быть сильный ассоциативный ряд с этим понятием или явлением; 5. Исторически концепты изменчивы. Это не статичное, а подвижное явление как и сам язык. Если что-то раньше оценивалось отрицательно, то сегодня к нему может быть нейтральное или положительное отношение. Понятие лингвокультурема с концептом находится в отношениях общего и частного. Чаще всего культурема является составляющей концепта. Есть положения о том, что концепты могут рождаться и умирать, но в данной работе мы не будем доказывать или оспаривать его. Поскольку мы изучаем функционально значимые для русской и казахской культуры соматизмы, то близкое к нашему пониманию концепта предложено М. В. Пименовой: «Концепт - это некое представление о фрагменте мира или части такого фрагмента, имеющее сложную структуру, выраженную разными группами признаков, реализуемых разнообразными языковыми способами и средствами. Концептуальный признак объективируется в закрепленной и свободной формах соответствующих языковых единиц - репрезентантов концепта. Концепт отражает категориальные и ценностные характеристики знаний о некоторых фрагментах мира. В структуре концепта отображаются признаки, функционально значимые для соответствующей культуры. Полное описание того или иного концепта, значимого для определенной культуры, возможно только при исследовании наиболее полного набора средств его выражения».

Таким образом, каждый ученый выделяет какие-то свои сущностные черты термина «концепт». Однако во всех определениях можно выявить следующие общие черты: во-первых, концепт неразрывно связан с культурой; во-вторых, он является элементом человеческого сознания, будучи результатом мыслительной деятельности. И, наконец, концепт зависит от опыта человека и его знаний о мире. Понятия «сердце /жүрек» имеют все признаки, присущие концептам, поэтому перейдем к их анализу. Свое исследование мы проведем, следуя классификации, предложенной М.В. Пименовой, так как эта классификация для нас наиболее приемлема. Сердце - 1. Центральный орган кровообращения в виде мускульного мешка (у человека с левой стороны грудной полости, груди). 2. Перен. Этот орган как символ переживаний, чувств, настроений человека. Золотое сердце у кого-нибудь. 3. Важнейшее место, сосредоточение Москва - сердце родины. В казахском языке слово имеет два первых значения. Кроме этого, слово жүрек в казахском языке носит значение дополнительного органа, способствующего пищеварению. В исследуемых языках сердце является основным органом чувств, основным составляющим компонентом человечности. Сердце имеет постоянное свойство стучать/ соғу, биться/ дүрсілдеу, работать/жұмыс істейді это выражается неинтенсивными глаголами. Все эмоции и переживания человек проносит через свое сердце: при тревоге, дрожать от страха / қорыққанынан дірілдеу, клокотать/ аузынан шығу /аттай тулау от волнения или наплыва чувств, от радости, высказывать из груди / кеудесінен шығып кете жаздайды, переживать / уайымдайды, страдать / бейнеттенед разорваться / қарс айрылу. Сердце имеет свойство предчувствовать) жүрек сезеді. Сердце от тревоги и беспокойства имеет свойство сжиматься / жүрек жұдырықтай болды. Неправедное поведение окружающих людей может будоражить, волновать сердце / жүректі мазалайды, қобалжытады, қинайды, ызаландырады. Эмоциональные переживания могут сердце рвать на куски / жүрегі қарс айрылу. Здесь мы видим использование двумя народами более интенсивных глаголов. Когда человек успокаивается, то он скажет сердце

успокоилось, отлегло от сердца или стало на место / жүрегі орнына келді, қалпына келді. В окружении родных, близких людей, дружественной среде, человеку становится комфортно, уютно. Это состояние он передает фразами отдыхать сердцем / жүректің рахаттануы. В такой атмосфере человек может обнажить сердце жүрегін жайып салу. Если человек ошибается, идет наперекор своему сердцу, совести, предаёт свое сердце, говорят: изменяет своему сердцу / жүрегін ұстап сатты. Если из сердца ничего не осталось от переживаний русский человек скажет: израненное сердце, а казах: жүректен түк қалмады. Когда собеседник пытается повлиять на человека задевая эмоции, воспоминания, говорят: играть на сердечных струнах / жүрек қылын шертті, жүрек сырын шертті. Иногда человек свои чувства или отдельного человека может вырвать из сердца / жүректен жұлып тастау, то есть заставить себя забыть о нем.

В народе уважают человека с сердцем, имеющие следующие качества: отважное / батыр, храброе / баты. решительное / сотқар, бесстрашное / қорықпайтын. Высоко ценит человек, имеющий сердце золотое / асыл / алтын, доброе / жайдарл мягкое / жұмсақ, негативно оценивают человека бессердечного жүрексіз, жестокосердного / қатыгез, с каменным сердцем / т жүрек. Абсолютную правду русский человек может высказать, положив руку на сердце, а казах говорит начистоту ашық айтқанда или жүр ашып айтқанда. Пожелания хороши, когда их говорят от чистого всего сердца / шын жүректен. Различные эмоциональ переживания могут способствовать различной температуре сердца, от доброй вести и теплых слов оно может оттаять / еріді, елжіреді от негативной информации может похолодеть / суып, мұздап қоя берді, охладеть / суыды / қайтты, окаменеть / тастай болды, онеметь, замереть / тоқтап қала жаздады. Поступком или неосторожным словом можно сердце ранить / жаралау, оно может сгорать / өрт болып жану. Благородным поступком или праведным поведением сердце можно завоевать или овладеть / жаулап алу, жеңіп алу. Впечатлительный человек принимает близко к сердцу / көңіліне алады. Когда поступок человека понравился, русский человек скажет: пришлось по сердцу или как маслом по сердцу, а казах скажет: жүрекке майдай тиді, жүрегіне жайлы келді это абсолютно эквивалентные оценки поведения. Вдохновленный чем-то человек может иметь пламенное сердце / жалындаған, лапылдаған, өртенген жүрек. У каждого человека бывает свое сокровенное сердечные тайны / жүрек құпиясы. Чей-либо поступок может камнем остаться в сердце / жүрегіне берш, тас болды. В представлении русского и казахского народа сердце имеет форму ёмкости, у него есть все присущие ёмкости качества: на дне сердца / жүрек түбінде, глубина / терендігі, и край / жүректің бір бөлігінде, шетінде. Человек может в сердце носить камень и обиды, его можно излить или облегчить как ёмкость или сосуд. Казах в сердце носит печаль / мұңлы жүрек.

В рассматриваемых языках сердце может иметь полярную температуру, то есть быть горячим / ыстық или холодным / суық, может быть большим / үлкен, мягким / жұмсақ, твердым / қатты и каменным / тастай. Мнение двух народов совпадает в том, что оно хрупкое, его можно разбить / жару, имеет отверстия, через него можно пропустить / жүректен өткізу. За серд- це можно брать / алу, хватать / шабу, держать / ұстай алу. Это вме- стилище чувств: радости, любви, заботы, сострадания, милосердия, переживаний гнетущего, тяжелого, радостного. Қуанышқа, сүйіспеншілікке, қайырылымдылыққа, ұайымға, мұңға толы, қырық жамау, алтын жүрек. Русский человек, имеющий намерение жениться, просит руку и сердце женщины у нее и родителей. Для казахского народа эта лакунарное высказывание. Казах замуж зовет, используя другие высказывания, не связанные с сердцем: «Тұрмысқа шығуыңды сұраймын». Надо признать, что Абай Кунанбаев внес весомый вклад в изменение национального менталитета казахского народа, в частности, в восприятие понятия сердце. Именно Абай Кунанбаев в свои произведениях стал говорить о сердце как носителе нравственности совести, эмоциональных переживаний. В Четырнадцатом слов назидания Абай говорит, что, прежде всего, казах понимает жүректі адам как храброго, бесстрашного человека это узкое понимание. Абай пытается внести новое, более широкое и объемное видение понятия сердце и его роли в жизни. Предназначение сердца Абай видит в бескорыстии, добродетельном поведении, чистой совести, безграничной любви к окружающим, сострадании, готовности прийти на помощь. Он резюмирует, (дословно) если язык и ум подчинить сердцу, то не будет места для лжи, зависти, корысти. воровства. Все перечисленные качества Абай соединил в емкое понятие жылы жүрек. В Семнадцатом слове Абай говорит о силе, уме и сердце, которые поспорили, пришли к науке и попросили сказать, кто из них важнее. Наука помогает разрешить спор и говорит, что необходимо сохранить чистоту сердца / жүрек тазалығы, наука рекомендует подчинить силу и ум чистому сердцу, только тогда человека можно назвать настоящим человеком. Перу Абая Кунанбаева принадлежат следующие характеристики сердца: жылы, жүрек, рақымдық пен әділге толы жүрек, ізгілікке жүрегім бір

ұмтылар, тулағыш мінезі бар жүрек, өлең жүректің отын басады, жүректің басынан у төгілгендей. Абай говорит окровавленное от переживаний сердце / ауру жүрек ақырын соғады жай, шаршап қалған кеудемде тулай алмай, кейде ыстық қан басып кетеді оны. Абай делает вывод, что сердце должно быть сильным жүректе қайрат болмаса, только со смертью сердце может стать ледяным өлсем...қайран менің жүрегім мұз болмай ма? Великий мыслитель степи считает, что сердце будит, будоражит мысли / жүрек тербеп, оятар баста миды. Он продолжает мысль, что спящее, дремлющее сердце может разбудить мелодия или песня / ұйықтап жатқан жүректі ән оятар, үннің тәтті оралған мәні оятар.

Абай Кунанбаев уверен, что в памяти сердца остаются совершенные человеком бескорыстные добрые поступки / жүректен ізі кетпес қызық көрсек, жақсылықты аянбай жұртқа бөлсек. Он предлагает заглянуть в глубину его сердца, чтобы понять его / жүрегіннің түбіне терен бойла, мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла. Работа над переводами произведений М.Ю. Лермонтова, И.А.Крылова, Я. Полонского расширила границы восприятия понятия, и этими мыслями Абай делился со своим народом. В работе над переводом произведения Я. Полонского Абай пишет, что сердце является хранилищем истинных богатств сокровищ, которые непременно надо раздавать окружающим тебя людям / Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы, теңіздің түбіндей-ақ қарап бақшы, сол жүректен жылылық, достық пенен бұлақша ағып тармақшы. Он продолжает мысль Я. Полонского, что полноводная река сердечных сил может иссякнуть из-за холодного расчетливого ума / жүректің кең дариясы құрып қалмақ, суық ақыл, жүрекке бұйрық жазып, оны бір өзі өзгеше жолға салмақ. Сердце в понимании Абая должно управлять разумом. Мы ограничимся только этими примерами, потому что понимаем, что толкованию «сердца» Абаем Кунанбаевым необходимо посвятить отдельное исследование. Для людей, изучающих казахский язык, большую сложность представляют чисто специфические казахские идиомы с компонентом «жүрек». Их мы называем языковыми уникалиями казахского языка, связанными с его мировосприятием, менталитетом, образом жизни и деятельности. Сложность заключается в том, что казахский народ свое физическое состояние, связанное с пищеварением, озвучивал с использованием слова жүрек: жүрегі талды, сазды / проголодался; жүрегі тесті, кесті / изжога; жүрегі айныды / тошнит, жүрегі көтерілді / душно, нехорошо после приема пищи; жүрек жалғады, басты - перекусить; жүрекке ас батпады - не идет в горло. Русский человек никак пищеварение не связывает с сердцем, это лакунарные идиомы для русского языка. Нами приведен анализ 44 фразеологизмов на русском и 44 фразеологизмов на казахском языках, большинство из которых совпадают не только в значении, но и в оценке. Их можно назвать эквивалентными фразеологизмами, несмотря на различную лексическую наполняемость, они совпадают в содержании и интерпретации. Мы постарались показать влияние творческого наследия Абая Кунанбаева на мировоззрение, мировосприятие, оценку понятия сердце казахского народа.

Нами выявлены специфические уникальные казахские фразеологизмы с компонентом «жүрек» в количестве 6 единиц, которые в свою очередь являются лакунами для русского языка. Поскольку свое исследование мы вели согласно классификации концептов, предложенной Пименовой М.В. в работе «Концептуальные исследования», то и выводы сделаем согласно этой классификации. Соматические фразеологизмы с компонентами «сердце / жүрек» по признаку проявления в национальной концептуальной системе мы отнесли к исконным, потому что у них сильно развитая структура, они хорошо хорошо группируются, что свидетельствует о большом количестве времени, потраченом на осознание всех составляющих этого концепта в русском и казахском языках, что свидетельствует о том, что это и внедрении их в языковую практику. Они обширно представлены древние концепты и относятся они к общенациональным знаниям и представлениям русского и казахского народов о человеке и человеческом теле. По признаку развития структуры мы их отнесли к развивающимся концептам, так как они активно используются в национальной концептуальной системе, пополняются новыми признаками. По признаку постоянства базовой структуры эти концепты постоянными (сохранившимся). Фразеологизмы двух языков с компонентами «сердце/ жүрек» это постоянные концепты, поскольку понятийная и ценностная части структуры концепта не изменились.

Исследуемые нами концепты относятся к первичным (основным), потому что послужили базой для развития производных. Если рассматриваемые нами явления построить по признаку их востребованности, то мы их относим к ведущим/ ключевым, так как они широко представлены в паремиологическом фонде, фольклоре, художественных произведениях исследуемых языков. В тоже время мы фразеологизмы с компонентами «сердце / жүрек» отнесли к ведущим / ключевым, так как это находит отражение в количественном составе соматических фразеологизмов. Мы

показали совпадение в восприятии сердца у двух народов, совпадение оценок поведения человека и оценки переживаний. В тоже время выявили, что лакунами для русского языка являются фразеологизмы с компонентом сердце, демонстрирующие пищеварением. физическое состояние,

Список использованной литературы:

1. Мироненко Н.С. Страноведение: теория и методы. - М.: Аспект Пресс, 2009.-С. 286
- 2.Тешева М.М. Лингвистика и страноведческий аспект в преподавании английского языка.- Чебоксары, 2013.
3. Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры. - М.: Академический проект, 2004.-816 с.
4. Холодная М.А. Когнитивные стили. - М.: Мысль, 1990.
5. Павиленис Р.И. Проблема смысла. - М.: Мысль, 1986. - 286 с.

ӘОЖ. 81.548.12.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛІН ЗЕРТТЕУДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

ТАЖИБЕК АМИНА

Жамбыл атындағы №5 мектеп-гимназиясының 6 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

КУЛЕКЕЕВА Т.К.

Жамбыл атындағы №5 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Данная статья посвящена стадии изучения языка произведений великого поэта Абая Кунанбаева в области лингвистической статистики (лингвостатистики), а также рассматриваются последующие направления исследования.

Summary. This article is devoted to the stage of language studying of the great poet Abay Kunanbayev's works in the field of linguistic statistics as well as the further research directions were determined.

Абай тақырыбында оның шығармалары тілін дәстүрлі әдіспен емес, есептік, санақтық тұрғыдан – лингвостатистикалық бағытта зерттеген алғашқылардың бірі – чех ғалымы Гржевичек Людек болды. Ол бұл бағытта «О некоторых вопросах стиля произведения Абая» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын 1964 ж. қорғады. Оның «Абай Құнанбаев поэзиясындағы аллитерация», «Абай Құнанбаев поэзиясындағы өлшем (бұл екі еңбек те ағылшын тілінде жазылған), «Абай Құнанбаев поэзиясындағы дауысты дыбыстар үндестігінің эстетикалық қызметтері» атты бірнеше мақалалары болды

Гржевичек Людек зерттеуін Пушкин, Байрон, Лермонтов шығармаларынан қазақ тіліне тәржімалаған негізге сүйене отырып ағылшын тілінде орындаса да оларда ақын поэзиясының фонетикалық, морфологиялық, лексикалық ерекшеліктеріне тоқталды. Әсіресе, оның ақынның Пушкин, Байрон, Лермонтов шығармаларынан қазақ тіліне тәржімалаған өлең жолдарын зерттеп, статистикалық тұрғыдан дәлелдеп беруінің өзі сол кезде бүгінгі түркі тілдерін зерттеудегі берері мол елеулі еңбек болғандығын атап айтқанымыз жөн.

1965 жылы Т. Жанұзақов газет бетінде «Тіл біліміндегі статистикасы» деп аталатын мақала жазды. Мұнда ол статистикалық методтың мақсат – мәні жайлы айтып: «Бұл метод бойынша, фонемалар мен лексиканың жиілігі, синтаксис құрылысының заңдылығы дәлме-дәл зерттеледі», - дейді де, қазақ тілінің материалына жүгінеді. Соның ішінде Абай тілінің сөз байлығына, әр түрлі жиілікте қолданылған сөздердің түріне, көлеміне, лексиканың түгелдей қамтылуына (покрываемость) тоқталады, соған қарап ақынның тіл шеберлігін сөз етуге ұмтылады. «Демек, жеке жазушының тіл байлығын, сөз қолдану ерекшелігін статистикалық тұрғыдан дербес зерттеп, талдау, оның тілінің көркемдік, мәнерлілік рең жағын, стилі мен орасан байлығын, мағыналық сипатын толық танытады», - деген тұжырымға келеді [1].

1966 жылы Ленинград қаласында (кейін Санкт-Петербург аталынған) «Межвузовская конференция по вопросам частотных словарей и автоматизации лингвостатистических работ» атты конференция болып, онда Қ.Б.Бектаев «Частотный словарь языка Абая» деген тақырыпта баяндама жасады [2].

Зерттеуші Ж.Төкебаева осы тақырып аясында жұмыс жасау кезінде проф. Р.Сыздықованың «Мүрсейіт көшірмесіне көңіл аудару керек», - деген пікірін ескеріп, 1977 жылғы текстологиялық өңдеуден шыққан жинақты тандап алған. Бұған өзіндік дәлелі де жоқ емес. Ғалым XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ мәдени дүниесінде өмір сүрген кітаби тілдік үлгілердің қайсысын қандай сипатта, қандай дәрежеде, қандай құрамда болғанын анықтау үшін қажет болғанын, ол негізінен, қазіргі қазақ мәдени дүниесінде осы кітаби тілге жататын жазу нұсқаларының болуын, сондай-ақ, осы нұсқаларды біріктіретін, жақындастыратын лексикалық, грамматикалық, орфографиялық белгілер арқылы зерттеу қажеттілігінен туындап отырғандығын өзіндік дәлелдер ретінде алға тартады.

Зерттеу жұмысы Абай шығармалары негізінде түзілген жиілік сөздіктер (екі сөздік:

1) Абай тілі сөздігі (1968); 2) 1977 ж. шыққан Абай шығармалары жинағының (2 томдық) негізінде компьютермен түзілген – Абай тілінің жиілік сөздігі негізінде жасалынған.

Негізі, жиілік сөздіктердің түрлері көп. Олар зерттеудің талап-мақсаттарына қарай құрастырылады. Бұл жайында кезінде профессор Қ.Б.Бектаев та, ғалым А.Б.Белботаев та өз еңбектерінде айтып, жазып көрсеткен. Олардың мәнін, мазмұнын ашқан мақала-еңбектері де бар [3].

Зерттеуші ғалым Ж.Төкебаеваның анықтауынша, Абай шығармаларының тілі бойынша жасалған сөздіктердің бір-бірінен мынадай айырмашылықтарын көреміз:

1) екі сөздіктің де тілдік деректері (мәтіні) бір болғанымен олардың басылым уақыт аралығы – 20 жыл;

2) Абай тілі жиілік сөздігі мақсаты мен құрылымы жағынан жаңа тұрпатты сөздік;

3) Абай тілі сөздігі (1968) қарапайым қол еңбегімен жасалып, ондағы ақын қолданған сөздің саны жуық шамамен «алты мыңдай» деп көрсетілсе, Абай тілінің жиілік сөздігінде компьютердің көмегімен алынған 6756 реестр сөздің әр түрлі сөзтұлғаларда әрқалай жиілікте жұмсалып, ондағы мәтін көлемінің 46596 сөзқолданыстан тұратындығы анықталған. «Абай тілі сөздігінің» мәтінінде әрбір сөзге олардың грамматикалық мағыналарын білдіретін шартты белгілер (индекстер) қойылмаған болса, «Абай тілі сөздігінде» бұлар анықталып көрсетілген.

Жалпы, Абай тілін бұдан әрі терең де жан-жақты зерттеп, оны ақын заманына дейін және одан кейінгі дәуірлердегі қазақ тілі материалдарымен нақты түрде салыстыра зерттеудің, сондай-ақ қазақ әдеби тілінің тарихын тілдік деректер негізінде тексеруде «Абай тілі жиілік сөздігінің» мәні айырықша десек болады. Сондықтан да, «Абай тілі жиілік сөздігі» Абайдан кейінгі қазақ тілінде қандай өзгеріс болғанын, оның даму бағыты мен сипатын бағдарлау үшін жасалып отырған, қазіргі қазақ тілі лексикасының даму тарихы, оның өсу дәрежесі мен көлемінің сипатын анықтайтын бірден-бір көмекші құрал бола алған.

Ақын шығармаларында көне сөздердің көп болуы да сол ақын өмір сүрген уақытқа, заманына байланысты. Олар қазақ тілінің сөздік қорына енген жоқ, тек сол заманда қолданған күйінде қалып отыр. Олардың саны - 1% - дан аспайды. Сөйлемде қолданылу жиілігі де өте төмен. Сонымен қатар ақын шығармалары тілінде түркі тілдерінде жоқ (иран, араб) аффикстердің көмегімен жасалған сөздер, мысалы: *әсем-паз, өнер-паз, жағым-паз, би-шара, бей-маза, бей-қам* сияқты сөздер де бар.

Ақын шығармаларында образды көрсету үшін *гибадат, таклиди, шагири* т.б. сөздер қолданған. Араб-иран тілдерінен енген бұл діни сөздер қазақ сөзінде тамыр жаймаса да, ақын шығармаларының тілдік стильдік сипатына жатады. Сол сияқты, жиілік сөздік бойынша Абай шығармаларының мәтінінің 50 % -ын ең жиі қолданылған 158 сөз құрайтынын байқауға болады. Бұл ақынның сөздік тізбесіндегі 6293 сөзінің 2,5 %-ы ғана.

Ғалымдарымыз Абайды «қазақ халықының қазіргі әдеби тілінің іргетасын қалаушы» деп танып, соны үлгі тұтып жүр. Бұл туралы ұлы ақын Абай шығармаларының тілін дәстүрлі әдіспен зерттеген М.О.Әуезовтен бастап, Қ.Жұмалиев, С.Мұқанов, М.С.Силь-ченко, М.Мырзахметов, Б.Кенжебаев, Е.Ісмаилов т.б. толып жатқан ғалымдар айтып та, жазып та келеді.

Қысқасы, абайтану ғылымында Абай шығармалары тілінің лингвистикалық статистика тұрғысынан зерттеліне түсуі бүгінгі таңда өз өзектілігін сақтайды. Мақаланың жазылуындағы мақсат – ұлы ақын Абай шығармаларының тілін зерттеу арқылы оның мәңгілік асыл мұрасын

насихаттау, оны әлемге таныту. Өйткені Абай ісі, Абай шығармалары әр заманда өз ұрпағымен, өз оқырманымен бірге жасайды. Бірге қаралып, бірге сөз етіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жанұзақов Т. Тіл біліміндегі статистика. – Алматы, 2000.–245б.
2. Бектаев К.Б. Частотный словарь языка Абая. Межвузовская конференция по вопросам частотных словарей и автоматизации лингвостатистических работ. Тезисы докладов и сообщений. – Ленинград, 1966.
3. Бектаев Қ.Б., Белботаев А.Б., Жұбанов А.Қ., Мырзабеков С. М.Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөздігі. А., 1979.

ӘОЖ 811.512

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАЛАРЫ

НАУРЫЗБАЕВА ЗАРИНА НУРЛАНБЕКОВНА

№21 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. В статье рассматриваются вопросы развития словарного запаса детей дошкольного возраста, овладения новыми словами, досконального выявления и обогащения выученных слов.

Summary. The article discusses the development of the vocabulary of preschool children, mastering new words, thoroughly identifying and enriching learned words

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін меңгертудің әдістемесінің негізін қалаған ғалым-әдіскер екендігін бүгінгі ұрпаққа қалдырған әдістемелік мұраларынан белгілі. Ұлы ұстазымыздың өз заманында қарапайым қазақтың сауатын ашқан «Әліппе», «Сауат ашу», «Тілашар» т.б. оқу-құралдары күні бүгінге дейін әдістемелік және тілтанымдық тұрғыдан өз мәнін жоймаған күнды еңбектер екені даусыз. Ғалымның «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай» деген сөздері әрбір педагогқа бұлжымас қағида болары сөзсіз.

Ахмет Байтұрсынұлы көрнекті ғалым ретінде ғана емес, әдіскер ретінде де көп еңбек еткен. Алғашқы әліппе, оқулық, тіл құралдарын жазумен қатар, осы оқу құралдарын тәжірибе жүзінде қалай пайдалану қажеттігі жөнінде де ғылыми тұрғыдан терең талдаулар жасайды. Бұл тұрғыдан Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдістемелік ғылымының бастаушысы болды. «Баяншы», «Әліппе астары», «Нұсқаушы», «Тіл жұмсар, әдістемелік еңбектері мен «Баулу мектебі», «Жалқылау», «Қай әдіс жақсы», «Дыбыстарды жіктеу» атты мақалалары осының айғағы болса керек. Ғалым өзінің оқулықтарында әріптерді балаларға тез әрі оңай үйрету үшін көптеген әдістерді пайдаланған. Дыбыспен балаларды жаттықтыру – оқу мен жазу үйретудің негізі. Ол өзі жасаған әліппидегі әріптерді үйрету үшін, ең алдымен, оны жазып үйрену үшін, тілдегі дыбыстарды тани білу керектігіне назар аударады. «Әріптерді тани білуді» мақсат ету – таңбаның негізгі белгілерін бағамдауға үйрету. Таңбаның негізгі екі белгісі бар. Бірі – сыртқы тұлғасы да, екіншісі оның мағынасы. А. Байтұрсынұлы осының екі жақтылық белгісін балаға дұрыс пайымдатуға көңіл бөлген.

Жақсы оқытудың негізгі әдістерінің бірі ретінде ғалым баланың бұрынғы білген білігін ұштау, соның негізінде жаңа хабар ұсынуды басты назарда ұстаған сыңайлы. Айталық «Дыбыспен жаттығу» үшін әрбір дыбыстарды саралап алған соң, оны жазуарқылы ұғындыруда мынадай әдіс-тәсіл қолданады: «жазу дегеніміз – дыбыстың таңбасы. Әр дыбыстың әр елдің таңбасындай таңбасы болады. Таңбасына қарап қай дыбыс екенін танымыз». XX ғасыр басындағы бала үшін өз елінің таңбасын білу – аса күрделі дүние болмаған. Әрбір ата ана өз елінің, руының таңбасын баласының санасына сіңіріп өсірген. Міне осы жадтағы жазу жүйесін ғалым үлгі ретінде пайымдатып, санаға сәуле түсіріп алып, аналогиялық таным негізінде оның жаңа әріпке тез енуіне, түсінуіне жағдай туғыза алады.

«Оқу үйренгендегі басты мақсат – керек сөзді жаза білу, жазылған сөзді оқи білу Сөз – дыбыстың мағыналы болып тізілгені. Сөз айту дыбысты ауызбен тізу. Оқуға келген балалар сөйлей білсе де, дыбыстарды тізіп сөз шығара білмейді. Себебі олар сөздің дыбыстан тізілетінін білмейді»- деп жазады ғалым. «Үйрену һәм үйрету ең басында қиын. Балалар оқудың басында қиналмаса, оқудан тауы шағылмай, көңілі қайтып, мұқалмайды; оқуға бек қыластанып, оқыған сайын қызығады.» Мұның өзі қазіргі таңдағы оқулық жазу жүйесінде басты бағдар, талап болатын ойлар. Жақсы оқытудың негізгі әдістерінің бірі ретінде ғалым баланың бұрынғы білігін ұштау, соның негізінде жаңа хабар ұсынуды басты назарда ұстағанын айтады. Айталық, «Дыбыспен жаттығу» үшін, әрбір дыбыстарды саралап алған соң, оны жазу арқылы ұғындыруда мынадай әдіс-тәсіл қолданады: «Жазу дегеніміз – дыбыстың таңбасы. Әр дыбыстың әр елдің таңбасындай таңбасы болады. Таңбасына қарап қай дыбыс екенін танымыз». Әрбір ата-ана өз елінің, руының таңбасын баласының санасына сіңіріп өсірген. Міне осы жадтағы жазу жүйесін ғалым үлгі ретінде пайымдатып, санаға сәуле түсіріп алып, аналогиялық таным негізінде оның жаңа әріпкестіз енуіне, түсінуіне жағдай туғыза алады. «Оқу үйренудегі басты мақсат – керек сөзді жаза білу, жазылған сөзді оқи білу.

Сөз – дыбыстың мағыналы тізілгені. Сөз айту дыбысты ауызбен тізу. Оқуға келген балалар сөйлей білсе де, дыбыстарды тізіп сөз шығара білмейді, себебі олар сөздің дыбыстан тізілетінін білмейді - деп жазады ғалым. «Жастардың оқу-тәрбие жұмыс түзелмей, жұрт ісі түзелмейді» дегенді мақсат етіп ұстаған ғалым «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласында бала оқыту жүйесін құрудың алғашқы бастамаларын көрсетеді. Әліппеден өзгекітаптардың әлі шыға қоймағанына қынжылыс білдірген автор «...әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастау керек. Неге десеңіз, болыстықта билік те халық та – оқумен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде, оқумен түзеледі. ... Жаңалыққа жастар мойынын бұрып қайырылар, халық түзелуінің үміті жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі бәрінен бұрын ескеріліп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс» - деп жазады. Ғалым оқыту ісіндегі ең басты, әрі маңызды нәрсе оқуды дыбыспен жаттықтыру деп түсінеді. «Дыбыспен балаларды жаттықтыру - оқу мен жазу үйретудің негізі. Істің басы түзу басталса, барысы да түзу болмақшы» дегенді нықтай айтады. Бұл пікірлерді қазіргі кезде өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде меңгертуді қолдарына алып жүрген ұстаздар басты бағыт ретінде қолданса мақұл болар еді.

Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік бағытта жазылған «Тіл жұмсар» атты еңбегінің мәні зор. Ғалымның өзін көрсетіп бергендей, тіл туралы еңбек жазу бар да, оны балаға оқыту жүйесі бар: «Тіл құрал» қазақ тілі қандай құрал екендігін тұтас түрінде таныту үшін түрлі бөлшектерін, тетіктерін ұсағын ұсағынша, ірісін ірісінше жүйелі түрде орнында алып көрсетіп танытады. «Тіл жұмсар» сол үлкен құралдың бөлшектерін, тетіктерін балаға шағындап, бөлек-бөлек ойыншық сияқты құрал жасап, соларды танытып, соларды жұмсату арқылы барып үлкен құралды танытады» «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі – бір ғана әдісті болу, керек орнында жоқ әдісті табу да қолынан келу», - деп ой түйіндеген әдіскер – ғалым Ахмет Байтұрсынұлының жазғандарын аналар тағылым – үлгі мол. Қай кездегі мұғалім не оқытушы болса да, оқыту әдісін көп білу шарт. Әр әдісті орынды қолдана білсе, қайсыбір әдіс болса да өз орнында орынды көрінері даусыз. Әдіскер – ғалым оқытудың дұрыс жолға қойылу үшін мынандай әдістемелік қағидаларды ұсынады:

- 1) Жаңа берілген сабақты баланың білетін мағлұматтарымен ұштастыру;
- 2) Тиісті таныстыру арқылы сабақтың мазмұнына ынталандырып, ілтипат аудару;
- 3) Сабақты алдын ала даярлайтын сұраулар қою арқылы ынтасын арттыру.
- 4) Қажетсіз мағлұматтардан сақтану, баланың ілтипатын қоздыратын қызықты нәрселерді сөйлеп, үйрету;
- 5) Баланың ішін пыстыратын біркелкі мағлұматтарда сақтану, лайықты салыстыру, теңестіру, ұқсастыру, түрлі әдісті оңтаймен оқытуға, жандандыруға тырысу.
- 6) Алғашқы кездегі оқыту деректің көрнекі болуы. Оған сай жобаларды дұрыс қолдану.
- 7) Өзгелерді ынталандыру үшін оқытушы үйрететін нәрсесіне өзі де ынталану, өзі де жақсы көру, оқытушы сүйген нәрселерді оқушы дасуы еді.

Біз бүгін Ахмет Байтұрсынұлы салған арнаға қайта оралып отырмыз. Өйткені ол сауат ашудың бірнеше әдісін (шағын сөз әдісі, жазу оқу әдісі, ескі емле әдісі) тексеріп көріп, тіліміздің жүйесіне ең ыңғайлы дыбысты әдіске сүйеніп, теңдесіз әліппе жазып шыққан.

Қорыта айтқанда, А. Байтұрсынұлының – өзінің ағартушылық қызметі мен педагогикалық көзқарастары арқылы халықтық идеяны кеңінен насихаттап, оны нақты іске асыру жолына бар өмірін арналған ғұлама ұстаз, халық педагогы, «ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға

болмайтын ерекше тұлға». Ұлтымыздың ұлы ұстазы баланың сауатын ашу әдістерін қайткенде жақсартамын, жетілдіремін деп әлемнің алдыңғы қатарлы тәжірибелерін зерттеп, озығын тандап, мұғалімдердің жаңаны меңгеруіне жол ашты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-ай, 2013.
2. Оқу құралы. (Қазақша әліпби). Жетінші басылуы. – Орынбор, 1925. – 72 б. 3.
3. Байтұрсынов А. Алтытомдықшырғармаларжинағы. 3-том. Алматы: Ел-шежіре, 2013.
4. Байтұрсынов А. Баулу мектебі // «Жаңамектеп» №1, Б. 22-27, 1925 б. Байтұрсынов А. Тілтағылымы. Алматы: Ана тілі, 1992

ӘОЖ 373.3.016

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

НАМЕТКУЛОВА ГУЛЬЖАН НУРЛАНОВНА

№21ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. В данной статье рассматриваются вопросы преподавания казахского языка и литературы в школе, цель профессиональной деятельности учителя, внедрение не только традиционных, но и инновационных методов обучения, успешная социализация учащихся в обществе.

Summary. This article discusses the issues of teaching the Kazakh language and literature at school, the purpose of the teacher's professional activity, the introduction of not only traditional, but also innovative teaching methods, the successful socialization of students in society.

Қазіргі таңда білім беру саласында күрделі өзгерістер мен жаңашылдықтар болып жатыр. Бұндай өзгерістер болашақ ұрпаққа сапалы білім берумен байланысты. Еліміздің болашағы жастарда екені біздерге мәлім. Осы ұрпақты саналы да сапалы етіп тәрбиелеу ұстаздардың еншісінде. Білім беру ордаларындағы ұстаздар мен оқытушылар алдында тұрған басты міндет - шәкірттерінің шығармашылық әлі білім дағдыларын қалыптастыру. Міне, өз ұрпағының өнегелі, өнерлі әрі еңбексүйгіш, абзал азамат болып ер жету үшін халық педагогикасын негізгі мақсатын шығармашылықпен оқу- тәрбие үрдісіне тиімді пайдалану әрбір ұстаздың міндеті болып табылады.

Мұғалімнің кәсіби қызметінің мақсаты-оқушылардың қоғамда табысты әлеуметтену, еңбек нарығында белсенді бейімделу қабілетін қалыптастыру. Бұл мақсатқа жетуге мамандандырылған білімгекөшу ықпал етеді, сондықтан қазіргі мұғалім өзінің кәсіби қызметінде оқытуға дәстүрлі ғана емес, сонымен қатар оқытудың инновациялық әдістерін де енгізіп, мұғалімдердің біліктілігін арттырып, осылайша жаңа жағдайда жұмыс істеуге дайындалуы керек. Мұғалім оқушыға білім беру мен қатар тәрбиелеп, сауатты тұлға болып қалыптасуына, әлеуметтік ортаға бейімдейді. Сондықтанда мұғалімдер білім беру жүйесінде, қоғамда, әлемде болып жатқан өзгерістер мен жаңашылдықтардан тыс қалмауы қажет. Ж. Аймауытов бабамыз айтқандай: «Сабак беру – жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер» десек, бүгінгі оқыту жүйесінде әр түрлі инновациялық технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде.

«Инновация» деген сөз – латынның «novus» жаңалық және «in» енгізу деген сөзінен шыққан, ал оның қазақша аудармасы «жаңару, жаңалық, өзгеру» деген мағынаны білдіреді. Ал «технология» сөзі гректің «techné»- өнер, шеберлік және «logos»- ғылым деген сөзінен шыққан, яғни «шеберлік туралы ғылым» деген мағынаны білдіреді. Оқыту технологиясы мен әдістеме ғылымы бір-бірімен тығыз байланысты. Әдістеме ғылымы «Нені оқыту керек?», « Не үшін оқыту керек?», «Қалай оқыту керек?» деген сұрақтарға жауап іздесе, оқыту технологиясы «Қалай нәтижелі оқытуға болады?» деген мәселенің шешімін іздейді. Олардың мақсаты бір, яғни оқытудың тиімді жолдарын қарастыру. Оқытудың тиімді жолдары оқытудың әр түрлі әдістері арқылы анықталады.

XXI ғасырдағы уақыт талабына сай әр оқытушы сабақтарын жаңаша ұйымдастырып, өзіндік тың ізденістерге талпынады. Жаңа технологияны қолдану төмендегідей алғышарттар арқылы іске асады: 1-кезең - оқып-үйрену кезеңі, 2-кезең-меңгеру кезеңі, 3-кезең-өмірге ендіру кезеңі, 4-кезең-дамыту кезеңі.

Бүгінгі таңда оқыту тәжірибесінде Ж.Қараевтың «Үшөлшемді деңгейлеп оқыту», Н.Оразақынова «Сатылай кешенді талдау», М.Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы», «Оқу мен Жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту», дамыта оқыту технологиясы кеңінен қоладылып келеді. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қолданылып жүрген оқыту технологияларының бірі- «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту». СТО бағдарламасы әлемнің 18 елінде тәжірибеге енгізілген, облыс 2002 жылдан бері жұмыс жүргізеді. Бұл бағдарламаның философиясы-жазу мен оқу арқылы сыни ойлауды дамыту, бала бойындағы өзіндік «менін» қалыптастырып, шығармашылық қабілетін ашу, пәнге деген қызығушылығын арттыру. Әдіскер-ұстаз Қ.Бітібаева: «Мектептегі барлық пәндердің ішінен баланың жан-жүрегі, ой дүниесіне бойлай еніп, оның рухани өрісін болжай алатын бірден-бір пән әдебиет пәні сияқты. Әдебиет пәні нағыз достықтың, ынтымақтастықтың пәні» деп баға берген. Қазақ тілі сабағында жаңа технология жүйесінде проблемалық және іскерлік ойын арқылы оқытудың да маңызы аса зор. Оқушылар әр түрлі проблемаларды талдайды, оның шешу жолдарын іздестіреді. Мұндай сабақтар оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады, пәнге қызығуын арттырады, өмірде кездесетін түрлі қиындықтарды жануға тәрбиелейді. Іскерлік ойын сабақтарын өткізу технологиясы 3 кезеңнен тұрады.

1-кезең. Дайындық (рөлдерді бөліп беру, оқушыларды топтарға бөлу, проблемаларын алдын-ала таныстыру, қажетті материалдарды жинау).

2-кезең. Ойын кезеңі (оқушылар жасаған хабарламаларды тыңдау, пікірталас жасау, қабылданатын шешімді талқылау және оны бақылау, талқыланған шешімді қабылдау).

3-кезең. Қорытындылау (проблемаларды шешудің тиімді жолдарын іздестіру).

Қазақ тілін сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдана отырып оқыту бір мақсатқа бағынады: оқушыларды «ояту», оқылатын материалға деген қызығушылықты ояту, әр түрлі мәселелерді шеше алатын шығармашылық тұлға жасау.

Ол үшін сабақта оқулықтар, үлестірме материалдар, қосымша дайындамалар ұсынылады. Материалды зерделеу кезінде студенттерге проблемалық тапсырмалар қойылады, олар жауаптарын өздері табады. Материалды бекіту үшін кластер құру қолданылады – тақырыптың негізгі бағыттарының символдық бейнелері бар кестелер.

Сауалнама кезінде кластерлер «жабық», яғни белгілерсіз және «ашық», яғни тақырыпты ішінара түсіндіреді. Осылайша, оқушылар жаңа нәрсені үйрену, тану ғана емес, есте сақтау, ойлау қабілетін дамытуға екі есе мүмкіндік алады. Мұндай сабақтарда студенттер оқу процесіне қызығушылықты арттырады, көбірек білуге, жақсы жауап беруге деген ұмтылысты көрсетеді.

Келесі, қазақ тілін оқытуда дамытушылық оқыту технологияларын қолдану тиімділігі кем емес. Өз жұмысында мәтінді талдау бойынша жұмыс кезінде студенттердің ассоциативті ойлауын дамытуға көп көңіл бөлінеді. Сабақтарда келесі технологиялар сәтті қолданылады: - Топтық; - Тұлғаның шығармашылық қасиеттерін дамытуға бағытталған дамыта оқыту жүйесі; - Оқытуды дараландыру технологиясы; - Жобалық технологиялар (бұл тәжірибе жобалық технологияларды сабақтарда да (зерттеу жобалары), сондай-ақ сабақтан тыс іс-шараларда да белсенді пайдалануды көздейді (сценарийлер әзірлеу және осы сценарийлер бойынша іс-шаралар өткізу). Мысалы, қазақ тілі сабағы 4 кезеңнен тұрады: «тақырыпқа қызығушылық шақыру»; «тақырыпты ұғыну»; «тақырыпқа батыру»; «Рефлексия». Әр сабақ тақырып бойынша жобалық қызметпен аяқталады. Ең көп таралған заманауи технологиялардың бірі-модульдік оқыту, онда проблемалық және жеке-жеке тәсіл қолданылады. Модульдік технология оқытудың икемділігін, жеке тұлғаның жеке қажеттіліктеріне бейімделуін, оның дайындық деңгейін қамтамасыз етеді. Осылайша, қазақ тілі сабақтарында сөйлеу әрекетінің 4 түрі қолданылады: түсіндіру, тыңдау, оқу, жазу, сөйлеу. Тақырыпты ашу үшін белсенді әдістер мен әдістер қолданылады. Әр модульдің соңында бақылау жүргізіледі, яғни әр оқушы сабақ материалын қандай деңгейде меңгергенін көрсететін диагностика. Жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологиясына сәйкес сабақтар жеке тұлғаның шығармашылығына жағдай жасау арқылы өткізіледі, оқушылардың өзін-өзі ашу, өзін-өзі тану мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

Қорыта айтқанда, сабақта тиімді әдіс-тәсілдерді тиімді қолдансақ, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алып, шығармашылық, зерттеушілік қабілеттерінің қалыптастыруға ықпал етеміз. Білім алушылар бойына мейірімділік, бір-біріне деген сенімділік

қасиеттерін ұялата аламыз, себебі олар топпен жұмыс жасағанда бірлесіп жасауға үйренеді, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артады. Оқыту процесінің нәтижелі болуы оқытушының сабақ беру шеберлігіне, сабағын қызығылықты жүргізіп, зейін қойдыра білуіне, оқушылардың өздігінен білім алуға үйренуіне байланысты. Қандай да болмасын жаңа әдіс-тәсілдер әрбір оқушының өз бетімен оқып үйренуіне сенімін ұялатып, шығармашылықпен жұмыс істеуіне, қорытынды жасай алуына, сөйлеу мәдениетінің өсуіне ықпал етеді, білім сапасын арттырады. Оқыту технологияларын сабақта қолдану оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймайды, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсерінтигізеді. Жаңа әдіс-тәсілдерді мән-мағыналарына, ерекшеліктеріне қарай таңдап қолдана білсек, балаға білім беруде ұтарымыз анық.

Міржақып Дулатовтың «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт-оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасак та, дүниедегі сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз-оқу. Надан жұрттың күні – қараң, келешегі – тұман» деген сөздерімен аяқтағым келіп отыр. ХХІ ғасыр-ғылым ғасыры. Мақсатты білім беру-тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе. Ал осы жалпыеуропалық стандартқа сай жаңа білім беру-жеке тұлғаның жан-жақты дамуына әкелетін бірден-бір жол!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа технологияның элементтерін қолдану. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. 2015, №5, 14-22-б

2. Инновациялық технологиялар арқылы функционалдық сауаттылықты көтерейік. Қазақстан мектебі. 2014, №9, 17-19-б

3. Оқушыларды сын тұрғысынан оқыту тәсілдері. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. 2015, №3. 11-14-б

ӘОЖ 82-1/-9

БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ – БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ БӘЙТЕРЕГІ

АУЕЖАНОВА ЗАБИРА ЕЛЕМЕСОВНА

№32 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассказывается о жизни и творчестве классика казахской детской литературы Бердибека Сокпақбаева, его вкладе в детскую литературу.

Summary. The article tells about the life and work of the classic of Kazakh children's literature Berdibek Sokpakbayev, his contribution to children's literature.

Кітап – адам баласының ақыл-ойынан туған байлықты сақтап, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын, білім және тәрбие беретін құрал.

Кітап – біздің ақылшымыз, сырласымыз, досымыз. Кітапты оқи білу, түсіну, есте сақтау қабілеттерін арттырады. Ғасыр көші ілгері жылжып, тарих беттері қалыңдығымен адамзаттың кітапқа деген құрметі, пейіл-ықыласы ортаймаса керек. «Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге», - деген Абай атамыз «кітап» атты құдіреттің ғажайып күшін бойына жинап, өмірлік азық етпеп пе еді?! Бүгінгі күні теледидар, компьютер, интернет үлкен рольге ие болып отырған уақытта кітап оқудың сиреп бара жатқаны ащы да болса шындық. Сондықтан, кітапты насихаттаудың түрлі формалары мен әдістерін пайдаланып, оқырмандардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру бағытында жұмыс жүргіземіз.

Балаларға арнап шығарма жазу, сол арқылы кішкентай оқырманның құрметіне бөлену үлкен таланттылықты қажет етеді.

Міне, біздің қазақ балалар әдебиеті де осындай таланттарға кенде емес. Біз Ыбырай атамыздан бастап Мұзафар Әлімбаев, Сапағали Бегалин, Сейтжан Омаров, Кастек Баянбай, Сәкен Жүнісов, Мұқан Иманжанов, Мұхтар Мағауин, Тұманбай Молдағалиев, Сайын Мұратбеков, Қадыр Мырза Әли т.б. көптеген балалар жазушыларын білеміз. Солардың ішінде шоқтығы биік, бірегей таланттардың бірі – Бердібек Соқпақбаев аталарың болатын. Оның шығармаларын оқыған кез келген бала өмірбаянымен де танымып шығады. Себебі жазушының шығармаларының басты кейіпкері өзі болып табылады. Балалық шағына деген сағынышын өз шығармаларына арқау еткен.

Шоқтығы биік қаламгер балалар мен жасөспірімдерге арналған 20-дан астам әңгіме, повесть, роман ұсынды. "Менің атым – Қожа", "Балалық шаққа саяхат", "Өлгендер қайтып келмейді" туындыларында өзі өмір сүрген заманның шынайы келбетін суреттеді. Айта кетейік, еліміздің руханиятына өшпес мұра қалдырған жазушының. Өзінің шығармашылық өмір жолын балаларға арнап өлең жазудан бастаған ол кейін прозалық шығармалары арқылы балалардың сүйікті жазушысына айналды. Сондай-ақ балаларға арналған бірнеше киноға сценарий, пьесалар жазды.

Белгілі жазушы Б.Соқпақбаев 1924 ж. 13 қазанда Алматы облысы, Нарынқол ауданы (қазіргі Райымбек ауданы) Қостөбе ауылында дүниеге келген. Осы жерде мектеп бітірген. 1949 ж. Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтын бітіріп, туған ауылында мұғалім болып қызмет еттіп, біраз жыл ауыл мектебінде бала оқытқан. «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Балдырған» журналында, Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында істеген. Қазақстан Жазушылар одағында балалар әдебиеті жөніндегі әдеби кеңесші болған. Шығармашылық жолын өлеңмен бастап, 1950 жылы «Бұлақ» атты жыр жинағын шығарған. Кейін балалар мен жасөспірімдерге арналған 20-дан астам әңгіме, повесть, роман кітаптарын ұсынды. «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Бозтөбеде бір қыз бар», «Өлгендер қайтып келмейді» және «Қайдасың, Гауһар» секілді туындылары КСРО халықтарының және шетелдердің көптеген тілдеріне аударылып, сахналық, экрандық нұсқаға айналған. 1967 жылы Балалар мен жасөспірімдерге арналған фильмдердің Канн қаласында (Франция) өткен халықаралық фестивалінде «Менің атым Қожа» фильмі (Б.Соқпақбаевтың сценарийі) арнаулы жүлдеге ие болды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған.

Бердібек Соқпақбаевтың барлық туындыларында оның шығармашылығының қайнар көзі халық өмірінен бастау алғаны сезіледі. Жазушының бейнелеу қабілеті өте бай. Ол өз кейіпкерлерінің портретін шебер суреттеп, әрқайсысын өзіне тән тілде сөйлетеді. Кейіпкердің ішкі күйзелісі мен ой-пікірлері жазушының басты көркемдік әдісі болып табылады.

Бердібек Соқпақбаев тірі кезінде-ақ қазақ балалар әдебиетінің классигі деп аталып кетті. Оның кітаптары ешқашан кітапхана мен дүкен сөрелерінде шаң басып жатқан емес. Жазушының шығармаларын балалар мен ересектер де асыға күтетін. Соқпақбаевтың кітаптарын барлық жастағы оқырмандар мен ұрпақ жақсы көреді. Өзінің шығармашылық өмір жолын балаларға арнап өлең жазудан бастаған ол кейін прозалық шығармалары арқылы балалардың сүйікті жазушысына айналды. Сондай-ақ балаларға арналған бірнеше киноға сценарий, пьесалар жазды.

Жазушы шығармаларының ішіндегі бала жүрегіне жол тапқан үздік туындысы «Менің атым Қожа» повеі болды. Бұл – қарапайым тілмен жазылған, шындықтан туындаған шығарма. «Өтірік ештеңе қоспаймын» деп уәде берген автор уәдесін орындайды да, повесте жазушы балаларға бала болып бар сырын ашады. Өзінің бар болмысын, жамандығын да жақсылығын да жасырмай жазады. Сол жасырмай жазуының арқасында оқырманның ыстық ықыласына бөленеді.

Тіпті бұл повесть бойынша «Қазақфильм» киностудиясында көркем фильм түсіріліп, 1967 жылы Канн қаласында өткен Балалар мен жасөспірімдер фильмдерінің халықаралық фестивалінде арнайы жүлдеге ие болды. Берді аға дәл осы ерекше әңгіменің арқасында танымал болды.

Повестің басты кейіпкері – Қожа арманшыл, сотқар бала. Тектектігімен үнемі түрлі жағдайларға тап болып жүретін Қожа ақыл-ойы мен біліктілігінің арқасында қиындықтардан шыға алды. Ол біреудің қайғы-қасіретіне көз жұма қарамайтын елгезек, жоғары әділеттілік сезіміне ие, досқа адал, қайырымды, зұлымдыққа жол бермейтін бала. Ал осы қасиеттердің барлығы оқырмандардың жүрегінен мейірімділік тудырып, Қожа батыр бала атанды.

Жазушының 1960 жылы жарық көрген «Балалық шаққа саяхат» атты тағы бір повесті қазақ балалар әдебиетінің асыл мұрасына айналды. 1930-шы жылдардағы кішкентай кейіпкердің тағдыры арқылы өтетін повесть сол уақыттағы оқиғаларды және қазақ халқының қиын өмірін еш боямасыз көрсетеді. Соқпақбаев бұл шығармасында балалық шағын қызықты етіп әңгімелейді. Соның арқасында оқырман сол дәуірдің шынайы тарихи шындықтарын көре алды.

Соқпақбаевтың көптеген шығармалары жас оқырмандарға арнап жазылған.

Адамның әрбір кезеңі оның шынайы қуанышына толы. Осы тұрғыдан алғанда, қаладан атасына келіп, басынан қызықты ауыл өмірін өткерген қалалық қыз туралы «Аяжан» атты әңгімесі шынайы қызығушылық тудырады.

Бердібек Соқпақбаев тірі кезінде-ақ қазақ балалар әдебиетінің классигі деп аталып кетті. Оның кітаптары ешқашан кітапхана мен дүкен сөрелерінде шаң басып жатқан емес. Жазушының шығармаларын балалар мен ересектер де асыға күтетін. Соқпақбаевтың кітаптарын барлық жастағы оқырмандар мен ұрпақ жақсы көреді.

Артында өшпес мұралар қалдырған аса биік дарын, қазақ балалар әдебиетінің классигі Б.Сокпақбаев көзі тірісіндегідей ұстаздығынан жазбай, рухани тірлігін жалғастыра беретіні хақ. Бұл шығарманың басты мақсаты – жақсылыққа тәрбиелеу. Қожаға еліктеген бала қаншама бала әдебиетке жақын болып, кітап та жазғандары бар. Сондықтан оның шығармаларын іздеп оқитындар қатары алдағы күндері де көбейе түсетіндігі күмәнсіз. Көзі тірісінде классикалық шығармаларымен бірде-бір сыйлыққа ие бола алмаса да, қалың оқушыларының назарынан ешуақытта тыс қалған емес. Жазушы өмірінің бақыты да, ғұмырының ұзақтығы осы болса керек, әсіресе Б.Сокпақбаев тәрізді әдебиетті арым деп білген жазушының ғұмыры халқымен бірге жасайды.

Оқушылар, біз бүгін сендермен бірге балалар әдебиетінің классигі Бердібек Сокпақбаев атамыздың өмірі мен шығармашылығымен таныстық. Бердібек Сокпақбаевтың балаларға арнап жазған шығармалары көп. Жазушы шығармашылығы жөнінде белгілі ақын-жазушылардың пікірлерінен үзінділер келтірейік. Қ.Баянбаев: «...Қаламгердің анық өсіп, шеберліктің белгілі бір биігіне шыққанын көрсеткен туындысы – Менің атым Қожа» повесі... Қожа бейнесі – қазақ балалар әдебиетіне қосылған қомақты олжа. Оның енесі барған сайын биіктеп, Марк Твеннің Том Сойерімен, Аркадий Гайдардың Тимурымен, қазақ фольклорының Тазша баласымен тайталаспай-ақ, тіпті соларға жете қабыл жүргенінің өзі әдебиетіміз үшін аз бедел ме?!»

Жазушы С.Шаймерденов: «...Бердібек өз көзімен көрген нәрсені ғана жазатын, қағазды бекерден-бекер шимайламайтын еді ғой.» Нақтылы жазу, ұтымды жазу Бердібектің үлгісі деп тартынбай-ақ айтуға әбден болады.

Жазушы Т.Ахтанов: «... Бердібек не нәрсені жазуды, оны қалай жазуды еркін игеріп, меңгерген суреткер жазушы». Баршаңызды рухани азығымыз – көркем әдебиетті көп оқуға шақырамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сокпақбаев, Б. Менің атым Қожа [Мәтін] : хикаят / Бердібек Сокпақбаев. - Нұр-Сұлтан : Фолиант, 2021. - 152 б.
2. Шымкентбай Ғ. Менің атым Қожа [Мәтін] : Б.Сокпақбаев әңгімесі желісі бойынша. 2 деңгей. 300 сөз / Ғазиза Шымкентбай. ; [сурет. Ә.Қаратай]. - Алматы : altynsaga, 2021. – 16 б.
3. Сокпақбаев, Б. Шығармалары [Мәтін]. 1 т. / Бердібек Сокпақбаев. - Алматы: ҚАЗ ақпарат, 2014. - 380 б.
4. Сокпақбаев, Б. Балалық шаққа саяхат [Мәтін] : [повесть] / Бердібек Сокпақбаев. – Алматы: Өлке, 2014. – 328 б.

ӘОЖ 81. 478. 89

АУДАРМАТАНУ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

САНАКУЛОВА Д.К., ИСАМЕТОВА К.А.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің магистранттары,
Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

Резюме. В статье рассматривается лексико-семантическая структура терминов переводоведения.

Summary. The article examines the lexical-semantic structure of translation studies terms.

Қазіргі таңда қазақ тіл білімі ғылымында арнайы зерттеуді талап ететін салалардың бірі – аударманың лингвистикалық теориясы. Бұл сала – қазақ тілтаным үшін әлі жетілмеген, тиісті деңгейдегі ғылыми сипатын ала қоймаған тіл білімі салаларының бірі. Сондықтан бұл ғылымның негізгі бағытын айқындап бере алатын бірқатар ұғым-түсініктердің даралана қоймау себептері де осыған тікелей байланысты.

Қазақ тіл білімінде аударматану мәселесі – ХХ ғасырдың соңғы жылдары ғана қолға алынған жаңа салалардың бірі. Сондықтан қазақ тіл біліміндегі аударма теориясы да, аударма практикасы да, аударма іс-тәжірибесінің теориялық тұғыры да енді қалыптасып келе жатыр.

Қазақстан тіл білімінде Ө.Айтбайұлының аударма ғылымы және оның қалыптасуы туралы зерттеулері, А.Алдашеваның аударматанудың лингвистикалық және лингвомәдени негіздерін айқындауға арналған ғылыми зерттеулері мен Б.Хасанов, Р.З.Загидуллин, Н.Ж.Шаймерденова және т.б. ғалымдардың еңбектері аударма теориясы мәселелеріне арналды.

Тіл білімінің арнаулы салаларының қайсысын алсақ та, сол салалардың әрқайсысының өзіне тән ұғымдар жүйесі, терминологиялық аппараты болады. Ондай арнаулы ұғымдардың атаулары, ұғымдар жүйесі мен терминдері арнайы зерттеуді қажет етеді. Сонымен қатар, аударматану саласындағы терминологиялық жүйенің тілдік, соның ішінде, лексикалық ерекшеліктерін айқындау, аталған терминологиялық жүйе шеңберіндегі ұғымдар жүйесі мен сипаты сияқты тілдік фактілерге талдау жасау бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелері болып табылады.


Терминологиялық лексиканы зерттеп, оның теориялық мәнін, маңызын анықтауда жоғарыда аталған қазақ ғалымдарының және орыс тіл білімінде А.Реформатский, В.В.Виноградов, Н.А.Баскаков, В.И.Сифоров, Р.А.Будагов, О.С.Ахманова, В.Ф. Журавлев, В.П.Даниленко, Г.В.Степанов т.б. ғалымдардың еңбектерін атауға болады [1].

Терминжасамның басты талаптарының бірі – атаудың уәжді болуы. Ендеше атау қатаң шарттылықтан аулақ болу керек, кез келген ұғымның атауы уәжді болу керек, сонда өзге тілден еніп, аударылып немесе жаңадан пайда болып жасалып отырған ұғымның мазмұн-мағынасы оның атауынан көрініп тұрады. Яғни, атаудың ар жағында тұрған ұғым аударма немесе түсіндірме сөздіксіз-ақ түсінікті болып тұру керек.

Бұл зерттеулерде терминжасамның ғылыми принциптері мен шарттары анықталып, сөздік жасау, салалық терминжасам мәселесі арнайы қарастырылды. Дегенмен қазіргі кездегі ғылыми лексиканың бір құрамдас бөлігі, жеке бір терминдік жүйені – тіл білімі терминологиясын даралап зерттеудің маңыздылығы өте зор.

Тілдің өзі нысан ретінде алынатын зерттеулерде тіл білімі терминдері жүйесінің бірлігі «метатіл» деп аталады. Мамандар арасында «метатіл» анықтамасы туралы пікірлер көп: метатіл – «екінші дәрежедегі» тіл; «метатіл» – ерекше семиологиялық жүйе; тіл білімінің «метатілі» – терминдер арасындағы жүйелі қатынастар мен жалпы ғылыми лексиканы білдіретін күрделі құбылыс және т.б.

Әрбір ғылым саласының дамуы тіл білімі метатілінің дамуын талап етеді. Белгілі бір ғылымның, оның ішінде, аударматану саласы метатілінің қалыптасуы мен дамуына өзара байланысты бірнеше себептер ықпал етеді: аударма теориясы бағытындағы зерттеулердің күрделенуі мен тереңдеуі; аударма теориясында жаңа бағыттардың пайда болуы; жаңа терминдік бірліктердің пайда болуы; жаңа концептуалдық аппараттың қалыптасуы мен белгілі терминдердің жаңа мазмұнмен толығуы. Соңғы жылдары аударма мәселесі көптеген лингвистикалық қырларынан қарастырылып келеді. Мысалы, психоллингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, контрастивті лингвистика, мәдениаралық коммуникация, салғастырмалы стилистика және т.б. Олардың негізгілерін төмендегі сызбадан көруге болады:



Сурет 1 – Аударманың тіл білімі салаларымен байланысы

Осы тұрғыдан алғанда, терминнің мағынасы мәселесі арнайы зерттеуді қажет етеді, себебі бұл аударматану метатілінің дамуына маңызды үлес қосады. Мағына мәселесін зерттейтін тіл білімінің семантика саласы орыс тіл білімінде М.М.Покровский, А.А.Потебня, В.В.Виноградов есімдерімен байланысты.

Тіл білімінде семантика теориясының жүйелілік мәселесін зерттеуші Л.А.Новиков өзінің зерттеуінде мағына түрлерінің мынадай жіктемесін ұсынады [2]:

1) Сигнификативтік мағына (сигнификативтік мағына таңбаның сигнификатқа (ұғымға, мән-мағынаға) қатынасы арқылы айқындалады). Ол сөздің толық семантикалық мүмкіндігін, сөздің мән-мағыналық көрінісін айқындайды. Мысалы, аударматану – аударманы лингвистикалық құбылыс ретінде зерттейтін тіл білімінің саласы; жағдаят – сөйлеу әрекеті сәтінде болатын немесе айтылымда сипатталатын шындыққа сай болмыстың құрамдас бөліктерінің жиынтығы; түпнұсқа – аудармадағы бастапқы мәтін (аударма осы мәтіннен жасалады) т.б.;

2) Құрылымдық мағына (лексикалық мағынаның құрылымдық аспектісі). Бұл мағына семиотика теориясына сәйкес белгілі бір таңбалық жүйе шеңберіндегі таңбаларға деген қатынасы арқылы анықталады. Осы негізде ол өз ішінде синтагматикалық құрылымдық мағына және парадигматикалық құрылымдық мағына түрлеріне бөлінеді:

а) синтагматикалық құрылымдық мағына (лексикалық мағынаның құрылымдық-синтагматикалық аспектісі). Құрылымдық мағынаның бұл түрін валенттілік деп те атайды. Мысалы, аударма тілі, аударма теориясы, аударма процесі, аударма бірлігі, аударма лингвистикасы, аударма нормасы, аударма баламалығының нормасы және т.б.

ә) парадигматикалық құрылымдық мағына (лексикалық мағынаның құрылымдық-парадигматикалық аспектісі). Ол белгілі бір топ құрайтын лексикалық бірліктердің өзара байланысын және қарама-қарсы мағыналарын белгілейді.

3) Прагматикалық мағына (лексикалық мағынаның прагматикалық аспектісі). Мағынаның бұл түрі, негізінен, сөздің эмоционалды және экспрессивті-стилистикалық сипатын көрсетеді. Сондықтан бағалаудың спецификалық тілдік көрінісін белгілейтін лексикалық мағынаның бір түрі болып саналады. Ол аталымның экспрессивті түрінде ғана орын алады;

4) Сигматикалық (заттық, денотативтік, жағдаяттық) мағына (лексикалық мағынаның сигматикалық, заттық, жағдаяттық аспектісі). Сигматикалық мағынаның атқаратын негізгі қызметі тілдік бірліктердің нақты жұмсалуды мен белгілі коммуникативтік міндетті атқаруымен байланысты. Мысалы, «Жоғарыда айтылғандай сорақы кемшіліктер осы аудармалардың көпшілігінде-ақ бар» (Қ.Аманжолов, Шығ.жин.); «Бірақ та, мен де бір кезде асқан ақындық шеберлікті керек қылатын аудармашылық өнерге ден қоярмын деген игі тілектің жетегінде болатынымын» («Қаз.әдебиеті»); «Абайдың өз шығармалары мен аударушылық еңбегі қатар жүріп отырған» (Ғ.Мүсірепов). Байқап отырғанымыздай, метатілдік бірліктердің мағынасы лексикалық мағынаның үш түрінде ғана көрініс табады.

Сонымен, тіл білімінде «термин-мағына-ұғым» мәселесіне қатысты үш түрлі көзқарас қалыптасты:

1. Терминдердің лексикалық мағынасы бар, бірақ ол сол ұғыммен толық сәйкес келе бермейді (Л.С.Ковтун, Д.Н.Горский, К.Н.Левковская);

2. Терминдердің лексикалық мағынасы бар және ол сол ұғымды толық сипаттайды (Е.М. Галкина-Федорук, П.С.Попов, А.Шафф);

3. Терминдер – ұғыммен сәйкес келетін лексикалық мағынаға ешбір қатысы жоқ тілдік бірліктер (В.А.Звегинцев, А.А.Реформатский, Л.Н.Капаназе).

Сонымен бірге, «Терминнің ерекшелігі оның тұрпат межесінде емес, мазмұн межесінде, яғни, оның мағына сипатында. Ғылыми термин – бұл ғылыми ұғыммен байланысты мағынасы бар

тілдік бірлік. Бірақ бұл мағына ғылыми ұғымның тек негізгі және маңызды белгілерін ғана көрсетеді» деген пікірлер бар екені белгілі [5, 37].

Біздің ойымызша, термин-сөздер – ғылыми ұғымдарға сәйкес келетін арнайы терминологиялық лексикалық мағынасы бар тілдік құрылымдар.

Аударматану саласының терминологиялық жүйесіне жататын терминдердің барлығына бірдей ортақ сема (архисема) – «аудару ісі» болып табылады. Бұл – «аудару» мағынасын білдіретін өзекті сема. Жалпылаушы сема барлық терминдік атауын «аударма» деген жалпы атау төңірегіне топтастырса, даралаушы сема әр терминдік бірліктің «көркем аударма», «сөзбе-сөз аударма», «төлтума аударма», «толыққанды аударма», «еркін аударма», «баламалы аударма» секілді мағыналық ерекшеліктерін көрсетеді.

Сондай-ақ тілдегі терминдердің архаизмдену құбылысы, ең алдымен, ғылыми-техникалық прогреспен, ғылыми зерттеулердегі жекелеген ұғымдардың мағыналарын нақтылаумен және т.б. байланысты болады. Терминдер кәсіби терминдер мен жаргон сөздер сияқты қолданылу жағынан шектеледі де, архаизмденуге анағұрлым бейім болады, яғни тарихи және диалектикалық өзгерістерге ұшырайтын әлемнің тілдік бейнесінің көріністерімен тығыз байланысты. Мұндай үдеріске бір кездері ұзақ уақыт бойы қолданыста болған ояз, ауылнай, пионер, комсомол, коммунист, саяси бюро және т.б. сөздерді жатқызуға болады. Демек архаизмдердің бейтерминденуіне әртүрлі экстралингвистикалық түрткіжайттар (саяси жағдайлар, мемлекеттік формацияның ауысуы және т.б.) негізгі әсер болып табылады. Қазіргі кезде қазақ терминологиялық қорын толықтырып отырған көздің бірі ретінде неологизмдер саналады. Неологизмдерді олардың пайда болуына байланысты екі түрге жіктеуге болады:

1) тілде бұрын-соңды орнықтаған жаңа түсініктердің пайда болуына байланысты жасалған неологизмдер: нанотехнология, мультимедия, ноутбук, сканер, смартфон, электромобиль, биткоин т.б.;

2) тілде бұрыннан бар атауларды түрлендіріп, жаңғыртып, жаңартып қолдану арқылы жасалған неологизмдер: әуежай, ұшақ, сынып, құн т.б. Осы ретте бірінші топқа жататын лексикалық бірліктер – кірме сөздер, ал екінші топтағылары қазіргі қазақ терминологиясында басымдық ала бастаған ұлттық таным негізіндегі терминжасам үдерісінде пайда болған неологизмдер деуге болады. Қазіргі қазақ терминжасамындағы бұл құбылыс, негізінен техника, жаратылыстану салаларына қатысты болғанымен, саяси-экономикалық түрткіжайттардың әсерінен қоғамның басқа да әлеуметтік салаларында көрініс береді. Мысалы, өсім, нарық, оңтайландыру, түсім, кеден, ірі кәсіпкер, қазыналық кәсіпорын, шағын бизнес, көтерме сауда, кешенді сауықтыру, жаппай сатылым, бөлшек сауда, өсімпұл, үстемақы, құнсыздану, төлемақы, бәссауда, мердігер және т.б. неологизмдер негізінен экономика саласына қатысты терминдер болып табылады.

Қазіргі қазақ терминологиялық жүйесіндегі жарыспалылық құбылысын мынадай негізгі түрлерге бөлуге болады: 1) қазақ тіліндегі терминдердің орыс тіліндегі немесе орыс тіліне еуропа тілдерінен енген нұсқасы мен қазақ тіліндегі баламасының жарыса қолданылуы: аббревиатура – аббревиатура, қысқарған сөздер; абзац – абзац, азат жол; абстрактный – абстрактты, дерексіз, ойтөкті; агглютинативные языки – агглютинативті, жалғамалы тілдер; агглютинация – агглютинация, жалғаным, тіркесім; адвербиализация – адвербиалдану, үстеуге айналу; аджуванто – аджуванто, жасанды тіл; адресант – адресант, сөйлеуші; аккомодация – аккомодация, бейімдеу; аккумулятив – аккумулятив, табыс септік; актуализация – актуалдану, өзектену; аффикс – аффикс, қосымша, жұрнақ; альвеола – альвеола, қызыл иек; альвеолярный звук – альвеол дыбыс, тіл ұшы дыбыс; альтернативия – альтернативия, дыбыс алмасуы; аморфность – аморфтық, тұлғасыздық, түрсіздік; ампликация – ампликация, мағына үстемелеу; афоризм – афоризм, нақыл сөз, индикатив – индикатив, ашық рай; инфинитив – инфинитив, тұйық етістік; лингвистика – лингвистика, тіл білімі, тіл ғылымы, тілтаным; номенклатура – номенклатура, атау; номинация – номинация, атауыш, аталым; процесс – процесс, үдеріс; рефрен – рефрен, қайырма; функция – функция, қызмет; принцип – принцип, қағидат, ұстаным, автор – автор, төлие, иегер, туындыгер және т.б.; 2) орыс тіліндегі немесе орыс тіліне еуропа тілдерінен енген терминдердің қазақ тілінде бірнеше баламасының қолданылуы: агглютинативный – жалғамалы, тіркесімді; актуальность – өзектілік, зәрулік; диффуз – жентек, шашыратқы; знак – таңба, белгі; классификатор – топтастырғыш,

жіктегіш, сыныптағыш; мелодика речи – сөйлеу сазы, сөйлеу әуезі, сөйлеу сарыны; мотив – уәж, түрткі; начальный – бас, алғашқы, бастапқы; реализация – жаратым, жарату, іске асыру; словарная статья – лұғаттық мақала, сөздік мақала; немой звук – жасырын дыбыс, үіл дыбыс, ыңыл дыбыс, ызың дыбыс, ызыл дыбыс, шуыл дыбыс, суыл дыбыс, салдыр дыбыс және т.б.

Терминологиядағы мұндай жарыспалылық құбылысы әртүрлі ғылым салаларындағы терминдерді біріздендіруде қиындық туғызатыны сөзсіз. Сондықтан оларды қолдану барысында терминнің ғылыми анықтамасына сәйкес мағыналық әлеуетіне, қолданыс жиілігіне байланысты бір нұсқасын орнықтыру маңызды болып табылады. Қорытынды Кез келген тілдегі, оның ішінде қазақ тіліндегі көпмағыналы (полисемиялы) терминдер бірнеше салада әртүрлі заттың, нысанның атауы болғанымен, олардың мағынасы бір-бірімен өзара тығыз байланысты, жақын болып келсе, кеңмағыналы (эврисемиялы) терминдер әдетте жалпығылыми және жалпы техника саласына қатысты болып, олардың ғылыми анықтамасы бір-бірінен алшақ болады жатады. Қазақ тіліндегі терминдер мағыналарының кеңеюіне қазақ ұлтының тұрмысына тән заттар мен құбылыстардың, іс-әрекеттердің атаулары негіз болып, ұлттық таным негізінде метафоралану жолымен жасалады. Тілдегі архаизм сөздер терминденуі мен бейтерминденуіне әртүрлі экстралингвистикалық түрткіжайттар (саяси жағдайлар, мемлекеттік формацияның ауысуы және т.б.) негізгі әсер болып табылады. Сондай-ақ неологизмдер қазақ терминологиялық қорын толықтырудың бір көзі саналып, олардың басым көпшілігі орыс тіліне ағылшын тілінен енген терминдер болып келеді. Қазіргі кезде тілімізде салалық сөздіктерде, заңнамада, ғылыми еңбектерде еуропа тілдерінен орыс тіліне енген терминдер қазақ тіліндегі баламасымен қатар жарыса қолданылатын жағдайлар кездеседі және олар мынадай түрлерге бөлінеді:

1) қазақ тіліндегі терминнің орыс тіліндегі немесе орыс тіліне еуропа тілдерінен енген нұсқасы мен қазақ тіліндегі баламасының жарыса қолданылуы:

2) орыс тіліндегі немесе орыс тіліне еуропа тілдерінен енген терминнің қазақ тілінде бірнеше баламасының қатар қолданылуы. Қазақ терминологиясындағы семантикалық үдерістер (көпмағыналылық (полисемия), кеңмағыналылық (эврисемия), мағынаның жылжуы (кеңею/тарылу), архаизмдердің терминденуі мен бейтерминденуі және неологизмдердің терминденуі, жарыспалылық құбылысы) терминдердің жасалу, қалыптасу және даму жолдары, семантикалық құрылымы, мағыналық топтары, құрылымдық типтері, олардың терминологиялық жүйеміздегі, терминологиялық өрістердегі орны және т.б. мәселелер тұрғысынан жеке-жеке терең зерттеуді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Алдашева А.М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы, 1999. – 161 б.
- 2 Новиков Л.А. Семантика русского языка. – М., 1982. – 173 с.
- 3 Ахманова О.С. Предисловие// Словарь лингвистических терминов. – М., 1966. – 608 с.
- 4 Лингвистикалықэнциклопедиялықсөздік. – М., 1990. – 685 с.
- 5 Апресян Ю.Д. Лексическая семантика. – М., 1974. – 197с.
- 6 Мұсатаева М.Ш. Двужызычная лексикография: тенденции и перспективы. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. –204с.
- 7 Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: Учебное пособие.–Минск.: Тетра Системе, 2004. – 225 с.
- 8 Воробьев В.В. О русской национальной личности в языке и культуре // Язык и культура. – 1998. – ч.1.- С.52-57.
- 9 Попович А. Проблемы художественного перевода. – БГК им. И.А.Бодуэна де Куртенэ, 2000. – 280 с.
- 10 Левицкий В.В. Виды мотивированности слова, их взаимодействие и роль в лексико-семантических изменениях // Материалы семинара по проблемам мотивированности языкового знака. – Л.: Наука, 1969. – С.21-25

АҚМОЛЛА АҚЫН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

ТҰРЫСБЕК М.

№40 гимназияның 6 сынып оқушысы, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

АЛТЫНБЕКОВА М.Ж.

№40 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В данной статье рассматривается религиозно-просветительское направление в творчестве поэта А.Мухамедиярова и его роль в литературном наследии казахской литературы.

Summary. This article examines the religious and educational direction in the work of poet A.Mukhamediyarov and his role in the literary heritage of Kazakh literature.

Көркем әдебиет, оның ішінде бірінші кезекте халық ауыз әдебиеті ұлт тағдырының айрықша орны болған тарихи оқиғаларды суреттеу мен халық санасында ұлттық тұлға дәрежесіне көтерілген жекелеген адамдардың көркемдік тұрғыдан жиынтық бейнесін сомдау мақсатында айтулы рухани мұраларды дүниеге келтірді.

Осы рухани мұралардың барлығында де ең алдымен, бірінші кезекте ұлттың тұтастығын, ұлттық тұлғалардың елі үшін жасаған ерен еңбегін, тарихи қызметін, туған жер туралы идеяны насихаттау, әспеттеу, көркемдік тұрғыдан жүрегінен орын алған тарихи тұлғалардың жиынтық бейнесі әдебиеттің барлық жанрларында да жарқырап көрінеді.

Әдебиет адамзаттың рухани сұраныстарымен қатар дамып, қалыптасып отырады. Сондықтан да белгілі бір кезеңдегі әдебиеттің өрбу, даму эволюциясын білу үшін оның алдындағы ағымға, болмысқа қарамасқа болмайды. Мәселен, бүгінгі күнге дейін әдебиет тарихынан өзінің нақты бағасын, орнын ала алмай келе жатқан тұлғалар бар. Олар кезінде кітаби ақындар, діншіл ақындар деген желеумен әдебиет тарихынан, ел тарихынан ұмыт қалдырылды. Бұл діни-ағартушылық ағым XIX ғасырдың екінші жартысында өзінің үлкен прогресшіл ролін танытты. Оның Ақмолла, Мақыш, Нұржан, Әбубәкір, Шәді, Мәшһүр секілді өкілдері сол кезеңдегі қоғамдық ақыл ойға ықпал етті. Бірақ Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы әдебиетте таптық және партиялық көзқарасты тәрбиелеуге ұмтылған революцияшыл идеологияға ақындар жараспайтын еді. Міне, осының бәрі сайып келгенде, бүтін бір дәуірді қамтып жатқан әдеби процеске теріс баға берді, оқулықтан алынды, архивке өткізілді.

Дегенмен, бұл ағымды тану үшін, соның алдындағы әдебиетке зер салып, талдамасқа болмайды. Өйткені, бұл жоғарыда аттары аталған ақындар–ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетін жақындастырып тұрған алтын көпір. Яғни, белгілі бір дәуірдің алдындағы әдеби процестерге шағын шолу жасалған жөн.

Ағартушылық поэзияның тамыры қат-қабат тереңде жатыр. Қазақ халқының XIX ғасырдың басындағы бірсыпыра оқығандары, атап айтқанда, Ақмолла, Әбубәкір, Мақыш, Нұржан, Шәді, Мәшһүр Жүсіп сияқты ақындары мәдени-ағарту майданына, әдебиет майданына елдің прогресшіл, капиталистік дамудың әсері мен оянушылық, ағартушылық бағыттың өріс алуына байланысты шықты. Олар–XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің тарихында өз орнын алатын, үлкен мұра қалдырған өзіндік стильдері бар ақын-жазушылар.

Діни-ағартушылық бағыттың көрнекті өкілі – Ақмолла Мұхамедиярұлы адамгершілікті, оянушылықты, ағартушылықты мақсат еткен қайраткер. Өзінің шығармаларында феодалдық қараңғылыққа, ескі діни сенімге, надандыққа қарсы шықты. Ол халықты оятуды, оқуға тартуды мақсат етті, жаңа–жәдит оқуын жақтады, оны насихаттап, жаңалық үшін күресті. «Дұрысында тарихта болған, заманында өз әлінше қоғамдық прогресшіл қызмет атқарған, әлеуметтік-мәдени, әдеби мәні бар азды-көпті шығармалар қалдырған ақын-жазушылардың бәрінің де аттары аталуға, қыметтері мен шығармалары көрсетілмейтін ақын-жазушылар болмауға тиісті» [1, б.4]. Ақмолланың негізгі көзқарасы–ағартушылық бағыт болды. Сондықтан да оның өлеңін діни-ағартушылық поэзия деп бөліп атауға болады.

«...Қазақ ғылымы, профессор Б.Кенжебаев Ақмоланың әкесі қазақ десе, татар, башқұрт оқымыстылары оның тегі башқұрт деп жазады. Зады, бұл мәселені анық шешу қажет. Бірақ әдебиет тарихы үшін ең маңызды нәрсе – Ақмолла творчествосы, оның интернационалдық рухы, көп қыры» [2, б.92] – деп есептейді филология ғылымдарының докторы, профессор Р.Нұрғалиев.

Осындай пікірді кезінде башқұрт әдебиетшісі С.Мирасов та айтқан болатын. Ол: «Сөз жоқ, біз үшін Ақмолланың өмірі, үш халыққа– башқұрттарға, қазақтарға, татарларға қызмет еткен мұрасы қымбат» [3, б.2] – деп жазды.

Міне, бұл ортақ ойлардың негізгі түйіні десек, артық айтқандық емес. Сондықтан да өз дәуірінде озық көзқарасымен танылған Ақмолла секілді ақынның шығармашылығын жан-жақты зерттеу, оның өміріне тереңірек үңілу абыройлы іс екені даусыз.

Ақмолла зерделі өмірін қазақ топырағында өткізіп, осы халықтың мұң-мұқтажын жоқтады. Өзінің саналы өмірін қазақ халқын оятуға, оларды ағартуға жұмсады. Ол жетімдік зардабын ерте тартады. Әкесі Мұхамедияр оның жеті жас шамасында қайтыс болады. Панасыз қалған ана мен бала күйікті тіршілік кешеді. Бірте-бірте жесірлік, жалғызбастылық болашақ ақынның анасын қажытады, ауруға шалдықтырады. Тағдыр ауыртпалығына шыдай алмаған Бибігүлсім Камалитдин деген татар хазіретіне тұрмысқа шығуға мәжбүр болады. Сөйтіп, қайтсе де бейкүнә сәбидің өмірін аман сақтап қалуды ойластырады. Бақытына қарай Камалитдин өмір тауқыметін көп тартқан, тұрмыс-тіршіліктің небір ауыртпалығын мойнымен көтеріп жүрген жан болады. Кейін молдалықпен айналысып, хазірет атанады. Бірақ, ол Ақмолланың өнер-білімге ұмтылуын, кітапқұмарлығын жақтырмайды. Өгей әке Мифтахитдинді жұмысқа салып, ақша табуын көздейді. Ал, Ақмолла болса, әкесінің мұндай ойына көнбей, білім қууды мақсат еткен.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы бірсыпыра қазақ ақындары, атап айтқанда, Ақмолла, Әбубәкір, Нұржан, Мақыш, Мәшһүр, Шәді сияқты ақындар мәдениет пен әдебиет майданында елдің прогресшіл, капиталистік дамудың әсерімен, оянушылық, ағартушылық бағыттың өріс алуына байланысты ел ішінен заман талабына сай қайнап шықты.

Аталған ақындар негізінде өздері діни көзқарасты толық жақтай отырып, ортағасырлық дүние қараңғылыққа, феодалдық қалыптың қатыгез заңдарына қарсы шықты, халықты әйтеуір оқытуды, оятуды арман етті. Жаңа оқуды жақтады, ел арасына жаңаша кітаптар шығарды.

Капиталистік қанауға XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қарсы болған көптеген қозғалыстар болды. Капиталға, капиталистік қанауға әр түрлі көтерілістер, отар елдер, отарлаушы елдер арасындағы азаттық соғыстар, капиталистік мемлекеттер арасындағы соғыстар мен империалистік соғыстар күшейді. Бұл кезде жалпы демократтық қозғалыстар, әлеуметтік революциялар дәуірі басталады.

Қазақтың сөз болып отырған дәуірінде, капитализмнің прогресшілдік дамуы кезінде, соның әсерімен әдебиет майданына келген ақын-жазушылары Ақмолла, Әбубәкір, Нұржан, Мақыш, Мәшһүр, Шәді сияқты ақындары жаңа дәуірдің, әлеуметтік революциялар дәуірінің деңгейіне көтеріле алмады, ағартушылық бағытта қалып қойды.

Жалпы әдеби процесс, әрбір әдеби құрылыс, әрбір ақын, жазушының шығармашылығы өз заманының, өзін тудырған заманның ерекшелігіне, талап-тілегіне қарай зерттеліп бағаланады.

Ақмолла шын мәніндегі ағартушы ақын, бұл жөнінде қазақ ғалымдары кезінде түрлі ой-пікірлер айтты. 1961 жылы Алматы қаласында қазақ әдебиеті тарихының проблемалық мәселелері жөніндегі ғылыми-теориялық конференция болып өтті. Ол кейінде “Әдеби мұра және оны зерттеу” деген атпен кітап болып шықты. Аталған конференцияда XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті туралы жасаған баяндамасында профессор Б.Кенжебаев: “Қазақтың XX ғасыр басындағы азды-көпті өлең жазып, кітап бастырып, халық арасында атағы шыққан шығармаларында кейбір көзқарастан ауытқып жүрген ақын-жазушылары Ақмолла Мұхамедиярұлы, Әбубәкір Шоқанов, Мақыш Қалтаев, Нұржан Наушабаев, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Шәді Жәңгіров.

Бұл ақын-жазушылар оқулықтарда кейде “кітапшыл ақындар” деп аталып жүрді. Бұларды біздегі кейбір әдебиетшілер “кітаби ақындар” деп атауды орынды көреді. Өз еңбектерінде солай деп атайды. Бұл дұрыс емес. Рас, XX ғасырдың басындағы әлгі аталған ақын-жазушылардың көрген мектебі, оқып, нәр, азық алғаны татардың, әзірбайжанның, Орта Азия халықтарының бұрынғы әдебиеті, Шығыстың әдеби дәстүрі еді. Дегенмен, тұтас алғанда бұл ақын-жазушылар азды-көпті өмірмен байланысты болды, қоғам өмірімен араласты. Шығармаларының тақырыбын көбіне қазақ халқының өз тұсындағы қоғамдық өмірінен алып жазды, азды-көпті қазақ өмірінің күнделікті әлеуметтік мәселесін сөз етті” [4, б.67] десе, осындағы еңбекте Ә.Қоңыратбаев өз сөзінде Нұржан және сол қатарлас ақындар туралы төмендегі пікірді айтқан.

“А.Мұхамедиярұлы, Н.Наушабаев, М.Көпеев, Ә.Кердері, Балқы Базар, Ш.Бөкеев сияқты ақындардың көзқарасындағы қайшылықтарды айта отырып, олардың шығармаларын дұрыс бағалауға тиістіміз” [4, б.68].

Ақмолла өлеңдерінің негізгі тақырыбы–қазақ даласының жағдайына, оның ішінде өз елінің күй-жайына арналған. Өлеңдерінің жалпы сарыны қазақ тақырыбын қамтиды. Оның

өлеңдерінде қазақ ауыз әдебиетінің озық үлгілері жинақталған. Ол өз шығармашылығында қазақ халқын өнер-білімге шақырды. Сондықтан Ақмолланы XIX ғасырдың екінші жартысындағы ағартушы ақын деп айтуымызға, оның мұрасын пайдалануымызға, халыққа танытуға толық хақымыз бар.

Ақмолланың қайталап, толықтырылып, түрлі адамдар жинап бастырған төрт кітабы бар екенін алдыңғы тарауда айтып өткенбіз. Ақынның ол жинақтарда жарияланған және қолжазба күйінде сақталған өлеңдерін түр жанрына қарай мынадай топқа бөлуге болады.

- 1) Ақмолланың Марджани жөніндегі мәрсиясы;
- 2) Ақмолланың түрмеде жазған өлеңдері;
- 3) Ақмолланың жалқаулық, надандықты шенеген өлеңдері;
- 4) Ақмолланың өнер білімді, ғылымды насихаттап жазған өлеңдері;
- 5) Ақмолланың табиғат лирикасы;
- 6) Ақмолланың өнер-білімді, ғылымды насихаттап жазған өлеңдері;
- 7) Ақмолланың сатиралық өлеңдері;
- 8) Ақмолланың терме өлеңдері;
- 9) Ақмолланың айтыс өлеңдері;
- 10) Ақмолла өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктері.

Тағдыры қилы оқиғаларға толы ақынның артында қалған өлмес мұрасы мол. Оның өлеңдеріне көбірек зер салып, егжейлеп оқып, байыбына, мазмұнына тереңірек үңілген сайын жүрегіңді селт еткізіп, көңілге сан қилы ойлар әкелетін жыр жолдарын көбірек табасың. Ақын өлеңдерінің ішінде сасық байлық, надандықты шенеп жазғаны ерекше орын алған. Әрине бұл өлеңдерінде әлеуметтік теңсіздіктен қалай құтылу керектігі жөнінде халыққа жол көрсете алмайды. Бірақ, ол ел ішіндегі жаман харекетті, байлыққа ұмтылушылықты, надандықты шенейді.

Ақмолла «Байлық туралы» деп ұзын толғау жазған. Ол негізінде тоғыз бөліктен тұрады. Оның әр бөлігінде қазақ қоғамындағы әртүрлі жай баяндалған. Ол байлықтың жиналу жолдарын айта отырып, үстем тап өкілдерін сынға алады. Әсіресе, Ақмолла бұл өлеңдерінде әдемі теңеулер табады. Сөйтіп, ақын халықты жақсыға үндейді, теріс әдеттен жиренуге шақырады. «Қайтсем, байимын, қайтсем малымды көбейтем» деген онбаған әдет деп ой қорытады. Ақмолла:

Дертіміздің баршасы дүние түлкі,
Дүние үшін жер қазып болдық күлкі.
Қанағат қылмағанның қарны аш,

Түнде ұйқы көрмедік, күндіз күлкі [5, б. 33] –

дейді ақын. Қарап отырсақ, ақынның бұл айтқандарынан тек өмір шындығын көруге болады. Егер адам алдына байысам деп қана мақсат қойса, ол небір зұлым әрекеттерді жүзеге асырады. Біреудің астына ор қазып, біреуді өсектеп, біреуді жазықсыз жәбірлеп, «түнде ұйқы, күндіз күлкі көрмесе» оның өзі кәдімгі жазылмас дертке айналатыны анық. Ал, ондай адамнан не үміт, не қайыр? Міне, бұдан біз Ақмолланың байлық алдамшы, бір күндік дәулет екенін айта отырып, елді саналы болуға, жақсылыққа шақырғанына қосыламыз.

Ақмолла байлардың қалтырауық болмысын дөп басып, өлеңдерінде оны шебер суреттеп отырады. Мұндайда ақын шабыттанып, өткір тілмен байлықты, құмарлықты, надандықты сынап отырған. Сөйтіп, халыққа тигізер пайдасы жоқ, қара бастың ғана қамын ойлайтын, адамдарды сынап, мінейді, оларды өткір сатира тілімен түйрейді:

Бар ойлар қайтып жарлы болмайын деп,
Пәленше байдан кейін қалмайын деп.
Бір ойлаған байына қолы жетсе,

Және ойлайды алдыма салмайын деп [5, б.87] –
деген Ақмолла өлеңінің өзі осыны анық көрсетсе керек.

Ақмолла осылай суреттеп, сараң байлардың портретін жасайды. Ол өлеңдерді оқыған сайын әр тиыны үшін қалтыраған, айла сұмдықтарын жүрегіне жинаған шірік байларды көз алдымызға елестетеміз. Ақын мұндай сәтте топ жарған жүйріктей желпіне, ащы мысқылмен жазады:

Жүзге малын жеткенде жүгірерсің,
Бір тиын шығын болса жүгінерсің.
Қанағатың азайып сол күндерде,

Бір мал өлсе жүз қайғымен өкінерсің [5, б.56] –

Революцияға дейінгі татар, башқұрт, қазақ ақын-жазушылары Ақмолла жөнінде азды-көпті пікір айқан ғалымдар мен жазушылар түгелдей Ақмолла Мұхамедиярұлын үлкен, дарынды ақын, артында мол мұра қалдырған қайраткер деп таниды.

XX ғасыр басындағы ақындар шығармашылығы, оның ішінде Ақмолла Мұхамедиярұлы туралы зерттеушілеріміз бен сыншыларымыздың жаңсақ пікірлерін осы секілді ағымдардың әсерінен айтылған сындар деп білеміз.

Қорыта айтқанда, шын мәнісінде Ақмолла өлеңдері халықтың, өз елінің жақсы қасиеттерін, ішкі-сыртқы жағдайын, болмысын барынша терең ашып, жарқырата көрсеткен поэзия дер едік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Жазушы, 2004. – 345б.
2. Нұрғалиев Р. Өнер алды қызыл тіл. – Алматы: Жалын, 1995. – 370б.
3. Мирасов С. Ақмолла // «Башқұрстан» газеті, 27 қыркүйек, 1924ж.
4. Әдеби мұра және оны зерттеу. (Қазақ әдебиеті тарихының проблемалық мәселелері жөніндегі ғылыми-теориялық конференцияның материалдары). – А, 1999. – 497б.
5. Ақмолла. Күндер мен түндер. – Алматы: Жалын, 1996. – 286б.

ӘОЖ 82.337.78

М.ӘУЕЗОВТИҢ АБАЙҒА ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

АКШАЕВА Б.К.

Сарыкемер мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

АБИТАЕВА Д.К.

№6 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. В статье рассматриваются исследования М. Ауэзова об Аббае.

Summary. The article discusses M. Auezov's research about Abai.

Абай мен М.Әуезов мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын, маңызын жоймайтын зерттеудің қайнар көзі. Бұл күндері Абай Құнанбаев пен Мұхтар Әуезовтің есімдері ұлттық сана-сезімде мәңгі аталатын ұлы тұлғаларға айналды. Дана Абайды қазақ халқының рухани ұстазы ретінде тануымыз ұлы ақынның өз мұрасы арқылы ғана емес, сонымен бірге әлемдік көркем ойдың алтын қазынасына айналған М.Әуезовтің тарихи эпопеясы арқылы жүзеге асты. Бұл ретте ең бірінші тілге тиек етеріміз – Мұхтар әлемінің Абай әлемімен рухани сабақтастық мәселесі. “Бүгін біздің назарымызды көбірек аударуға тиіс нәрсе Мұхтар Әуезовтің ұлы Абаймен рухани жақындық-жалғастығы. Мұның өзі дүниежүзі әдебиетіндегі айрықша құбылыс. ...Абайды әлемге әйгілеу үшін Әуезов қандай қажет болса, Мұхтар Әуезовтің дүниежүзі мәдениетінің биігіне көтерілуіне Абай мұрасы, Абайдың өнерпаздық, ойшылдық дәстүріндей үлкен тірек сондай қажет еді”, – деп академик З.Ахметов Абай мен Мұхтардың рухани сабақтастығының дүниежүзі әдебиеті үшін маңызы зор екенін атап көрсетеді [1, 32 б.].

«Әдебиет пен искусстводағы дәстүр мен жаңашылдық – творчестволық, эстетикалық және тарихи категория. Өйткені, ол қатып қалған құбылыс емес», – деп анықтама береді ғалым А.Нұрқатов [2, 7 б.]. Дәстүр мен жаңашылдық мәселесі ежелден келе жатқан барлық халықтың әдебиеті мен өнеріне тән дамып жалғаса беретін мәңгілік үрдіс деуге болады.

Ұлттық әдебиеттер арасындағы көркемдік дәстүрлер жалғастығы бар да, сондай-ақ әр халықтың әдебиет өкілдері арасындағы дәстүр сабақтастығы бар. Ақын-жазушылар арасындағы дәстүр мен жаңашылдық, әдеби сабақтастық мәселесі барлық халықтың әдебиетінде кездеседі. «Дәстүр және оның жалғасу заңдылықтары бір әдебиет тарихы көлемінде де, бір аймақ, тіпті әлемдік әдебиет аясында да көрініс таба алады», – деп профессор Ж.Дәдебаев айтқандай, дәстүрдің бір-біріне ұласуы әлем әдебиетіне тән құбылыс [3, 3 б.].

Мұхтар Әуезов шығармашылығының ең негізгі өзек еткен арнасы, рухани ұстазы Абай тағлымында жатыр. Алып мұхиттан сусындаған Мұхтарға Абай тақырыбы оның өмірінің мағынасы мен мәніне айналды. Бес жасынан атасы Әуездің Абай өлеңдерін жаттатып, санасына мәңгілікке сіңіргені ақынға деген құрметінің алғашқы бастамасы еді. Жастайынан Абай мұрасына

қанығып, ақын шығармаларының құдіретін сезініп өсті. Бұл жайды М.Әуезов былай деп еске алады: «Атамыз бізді өзінше оқытатын. Бұл оның өзіне оңайырақ соққан болар. Ал шәкірт байғұстың көз жасы тимей-тимей кетуші еді. Аздап қара таныған соң өлеңдерінің бірінен соң бірін жаттадым. Өлеңдер бір түрлі түсініксіз. Ара-арасында: Пушкин, Лермонтов, Крылов, Татьяна мен Онегин тәрізді бұрын құлақ естімеген, оқшау, өзгеше есімдер ұштасып қалады» [4, 4 б.].

Бала кезінен Абай шығармаларын санасына сіңіріп өскен Мұхтар ақын жайлы жазуды он тоғыз жасында-ақ армандаған болатын. Әйтсе де М.Әуезов Қазан төңкерісінен кейінгі жылдардан бастап-ақ Абай мұрасының жиналуы мен зерттелуі туралы мәселеге қызу араласа бастаған еді. Әрі М.Әуезовтің Абай өмір сүрген ортада туып, жастайынан ақын шығармаларымен таныс болып өсуінің де белгілі дәрежеде мәні бар. Өйткені, ол сол дәуірдің ірілі-ұсақты оқиғаларын, ұлы ақын туралы ел арасындағы сан қилы әңгімелерді ой дүниесіне тоқи жүргендіктен, Абай өмірінде кездескен көп оқиғалардың сырын Абай мұрасын зерттеушілердің көбінен әлдеқайда жетік білді. Бұл жағдай Абай мұрасын жинап зерттеудегі М.Әуезовтің орасан зор еңбегінің жемісті болып аяқталуына айтарлықтай септігін тигізді.

Мұхтар – қазақ әдебиетінің Абайдан кейінгі Абайы. «Эпикалық роман «Абай», менің ойымша, XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі», – деп баға береді Луи Арагон [5, 22 б.].

Мұхтар Әуезовтің қазақ драматургиясын биікке көтерген “Еңлік-Кебек”, “Қарагөз”, “Түнгі сарын”, “Хан Кене” пьесаларын оқып отырғанда, Абайдың поэтикасының сарынын, поэзиясындағы ақын тілінің кейбір сөз оралымдарын кездестіруге болады. Мұхтар Әуезов шығармаларында Абай дәстүрі басты орын алғаны белгілі. “Әуезов Абайды тану арқылы өз халқының тыныс-тіршілігін терең білді, қам-қаракетін, қайғы-қасіреті мен шаттығын, аяулы арманы мен нұрлы үмітін, тарихи болмысы мен бүгінгі бітімін терең ұғынды. Әуезовті әлемдік биіктерге жетелеген де, бағыт сілтеген де – Ұлы Абай”, – деп белгілі жазушы Әбіш Кекілбаев Әуезовтің шығармашылық әлемінде Абайдың басты орын алатынын қадап айтады [6, 11 б.].

“Еңлік-Кебек” пьесасы Абыз толғауларынан басталады. Абыз – халық арманын, қасиетті идеяны арқалаушы жан.

Абыз. Кәрі көңіл о бір зәр. Күні еңкейіп, көлеңке басқан бейуақтай. Самал желі мұздай, көк майсаны сыздай етті. Ызғар сезген бойым бар. Панасыз ел баладай... .

Драматург Абыздың монологін пәлсапалық терең ойлылыққа құрайды. Әр сөзінде дидактикалық сарын бар. Ол халықтың қамын жеп, соның тілеуін тілейді. Абыз толғауындағы “күні еңкейіп, көлеңке басқан бейуақтай” деген тіркес Абайдың “Көлеңке басын ұзартып” өлеңінде бар сөздер. Мысалы:

Көлеңке басын ұзартып
Алысты көзден жасырса
Күнді уақыт қызартып,
Көкжиектен асырса;
*Күңгірт көңлім сырласар
Сұрғылт тартқан бейуаққа.*

Бұл өлең Абайдың өмірдің белесіне жетіп, соқтықпалы-соқпақсыз заманды басынан кешіп, “күңгірт көңіл” шырмауына оралған сәтін білдіреді. Ақын өзінің көңіл күйіндегі көңілсіз күңгірт сезімді табиғаттың кешқұрым бейуақтағы сәтіне орайластырып жырлайды. Айналадағы дүниенің суретін, сырын шарпыстырып, табыстыра жырлаған Абай өлеңіндегі сөздерді М.Әуезов Абыздың монологіне келістіріп береді.

«1942 жылы М.Әуезовтің «Абай» романының бірінші кітабының шығуы қазақ әдебиетінің ғана емес, республиканың мәдени өміріндегі тарихи оқиғалардың бірі болды». «Абай жолы» роман-эпопеясының жариялануы өте күрделі әрі маңызды жол болды. М.Әуезов алғашында Абай туралы романын үш кітап етіп жазып, «Телғара» деп атамақшы болады. Жазушы 1940 жылы күзде «Абайдың» алғашқы кітабын бітіреді. Қолжазбаның ортасынан асқанда шығарма көлемдене түсіп, 2-ші кітапқа жалғасады. «Телқара» деген аттың орнына «Абай» деп жазылады. Латын әрпімен жазылған қолжазбаны басып шығаруда көптеген қиындықтарға ұшырайды. Ең бірінші, 40-шы жылы графика ауысып, орыс графикасымен қайта жазуға тура келеді. Бірақ ұзақ талқылаудан соң роман латын әрпімен терілуге жіберіледі. Сол уақытта баспаның бас редакторы болып тұрған профессор Б.Кенжебаев ешкімнің рұқсатынсыз 1942 жылы кітапты басып шығарады. Сол үшін Б.Кенжебаевтың жеке басына көптеген қиындықтар туғызады. «Міне, осындай қысталаң, өзексіз тар, өнезе кезеңде Бейсембай Кенжебаевтың тәуекелі – қайталанбас рухани ерлік, қайталанбас кісілік», – деп Қ.Ергөбек ғалымның ерлік ісіне тәнті болады. Байқап отырсақ, Б.Кенжебаевтың азаматтығы мен батылдығы болмаса, «Абай» романының шығу-шықпауы, әрі қарай жазылуы-жазылмауы неғайбыл еді. Осылайша, «Абай» халқының қолына тиеді.

«Абай жолы» роман-эпопеясында қазақ халқының ұлттық мақтанышы, дана кемеңгері Абайдың өлмес-өшпес, жанды бейнесі суреттеледі. «Абай жолы» әлем әдебиеті тарихында ұлы шығарма ретінде қабылданған. Өмір тәжірибесі мен суреткерлік шеберлігі ұштала келе Әуезовтің тарих тереңіне бойлай отырып, басты кейіпкер – Абай образы арқылы бүкіл бір дәуірдегі халықтың әлеуметтік, тарихи шындығын көрсететін көлемі жағынан ірі эпикалық туынды жазу идеясы туындайды. Бұл идея жазушыға аяқ асты келген жоқ. Абай шығармашылығына деген оның қызығушылығы жиырмасыншы жылдардан пайда бола бастайды: ұлы ойшыл-ақынның өмірі, шығармашылығы жайлы деректерді жинастырып, зерттеп, ол туралы мақалалар жазады; ақынның жеке өлеңдерін бастырады; өзі тапқан тың деректермен толықтыра Абай өмірбаянын жазады. Абайдың өміріне байланысты жазба деректердің аздығы жазушыға көп қиындық туғызады. Сол уақытта болған көптеген оқиғалармен М.Әуезов жас кезінен таныс болған. Эпопеяда өзі сомдап шығатын болашақ кейіпкерлерінің кейбіреулерімен кездеседі. Ақынның өміріне қатысты жазба материалдармен қоса, ауызша деректерді жинағанын М.Әуезов өзі жазған болатын. «Мен роман жазбақ болғаннан кейін, керекті материалды әртүрлі жолмен өзім жинай бастадым. Абайдың жасы қазір жүз онға жуықтады, – өзі маған кездескен жоқ. Сондықтан, мен оның балалық, жастық шағын, жігіт кезін көрсету үшін, Абайды көзбен көрген адамдардың аздаған естеліктеріне сүйенуге мәжбүр болдым.

«Абай жолы» эпопеясының үшінші кітабынан бастап ендігі жерде Абайдың көптеген өлеңдерімен қоса қарасөздерін молынан кездестіруге болады. “Абай аға” атты Абайдың “Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат” атты өлеңінен үзінді беріледі. Жазушы бұл өлеңді Базаралының айдаудан келіп, оны қарсы алған көңілде ағайын, дос-жарандары жиналған топтың арасында Көкбай ақынның айтуы арқылы оқырманға таныстырады. Бұл топты құраған Абайдың жас шәкірттері мен балалары, ақын жастар мен Жиренше, Оразбайлар ортасында арнайы осы өлеңді жазушының Көкбай арқылы көпшілікке жеткізуінде терең мән жатыр. Адам баласын ақыл-парасатқа шақырған шығармаларының ішіндегі ең жүйелі, мазмұнды өлеңін таңдап алып, жазушы осы топқа ақыл-өсиет, адамшылық жолды нұсқайды.

«Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік,
Ер табылса жарайды, қылсаң сұхбат!».

Осы өлең арқылы жазушы Абайдың жастарды адамгершілікке, адамшылық түзу жолға шақырған ұстаздық, даналық тұлғасын танытады.

М.Әуезов Абайдың әрбір өлеңдері, қарасөздері, аудармаларын эпопеяның сюжеттік желісіне сай идеялық мақсатта пайдаланып отырған. Ақын өлеңдерінің қалай туғаны, кімге арналғаны, оның орындалуы мен таралуы сияқты көптеген мәліметтер беріп отырады. Жазушы эпопеяда ақын өлеңдері мен қарасөздерін бастан аяқ сол қалпында тізбектеп пайдалана бермейді де, көбінесе шығармашылық еркіндіктерге барған. Автор ақынның әрбір өлеңінің тарихымен таныстырып жатпайды да, оның есесіне, ақындық лабораторияны, ақындық психологияны қаламгерлік шеберлікпен барынша ашып суреттейді. Яғни Абайдың ақындық, қоғамдық, гуманистік, ойшылдық, даналық тұлғасын жан-жақты танытатын тарихи кең құлашты эпопея туғызып, сан ғасыр ұрпақтары оқи берер мәңгілік туындысын жазып қалдырды.

Қорыта айтқанда, Абай мен М.Әуезов шығармашылығындағы рухани ұқсастығы олардың эстетикалық танымдарының жалғастығында. Абайдың поэзиядағы эстетикалық танымы М.Әуезов шығармаларында проза тілімен көркемделіп жарқырай түсті. М.Әуезов Абайдың ақындық, өнерпаздық туралы айтқан пікірлері мен сөз өнері жайындағы эстетикалық танымын зерттеу еңбектерінде ғылыми тұрғыдан талдаған болса, ал «Абай жолы» роман-эпопеясында көркем образдар арқылы суреттеп берді. Ақынның өнер туралы айтқан эстетикалық толғаныстары жазушы туындыларында биік талғаммен көрініп, суреткер шеберлігін танытады. Мұхтар Әуезов – Абайдың өнердегі дәстүрін жалғастырушы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахметов З. Мұхтар Әуезов – қазақ әдебиетінің классигі / М.Әуезов – XX ғасырдың ұлы жазушысы және гуманисті. – Алматы: Ғылым, 1997. – 163 б.
2. Нұрқатов А. Абайдың ақындық дәстүрі. – Алматы: Жазушы, 1966. – 348 б.
3. Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 284 б.
4. Әуезов М. Менің өмірбаяным / Мұхтар Әуезов. Ұсынылатын әдебиеттер көрсеткіші. – Алматы: Қазақстан, 1968. – 104 б.
5. Луи Арагон / Мұхтар Әуезов әлемі. Құраст. Ж. Ауыпбаев. – Алматы: Жазушы, 1997. – 352 б.
6. Кекілбаев Ә. Әуезов туралы сөз. / М.Әуезов – XX ғасырдың ұлы жазушысы және гуманисті. – Алматы: Ғылым, 1997. – 163 б.

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ РУХАНИ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

КАРИБАЕВА А.У.

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.,
РАМның корр.мүшесі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В этой статье рассматриваются вопросы, о том, что духовные наследия тюркских народов, а также развитие терминов в тюркских языках.

Summary. This article examines the issues of the spiritual heritage of the Turkic peoples, as well as the development of terms in the Turkic languages.

Түркі халықтарының рухани бастауларының бірі Зәрдоштан қалған тарихи мұра – «Авеста» кітабы. Бұл бес тараудан тұратын «Авеста» түркі халықтарының тарихы мен мәдениетіне қатысты болғандықтан, осыған байланысты туындайтын көптеген сұрақтардың жауабын табу және осы мәселені түбегейлі зерттеп қарастыру міндеті, уақыттың еншісінде қалып келеді. Оны жан-жақты зерттеу мен зерделеу қазіргі ұрпақтың міндеті.

Түркі тілдері оңтүстікте иран, семит тілдерінің таралу аймағымен шектеледі. Ирандағы түркі тілдес халықтардың да саны жағынан жоғары. Ауғанстанда түркмендер, қарақалпақ, қазақ, өзбектер тұрады[1,22].

Парсылардың діни кітабы Авестада Афрасияб Тұран патшасы ретінде жырланады. Ал, Кэтран жырларындағы көңіл аударар бір ерекшелік, онда Афрасияб керісінше беті қайтпас қайсар, жауырыны жерге тимегенпалуан, айбыны елден асқан қолбасшы батыр ретінде бейнеленген. Оны мына бір сөз табиғаты да айғақтап тұрғандай: «Рүстем сынды палуан батыр кәпірлер Әмірлері Афрасиябтай тым қайсар», - деп суреттеу арқылы Рүстемді Афрасиябтай батыр ретінде қарайды[2,188].

Бұл Кэтранның Әбумансұрға арнаған мадақ жырында Афрасиябты қайсар батырды меңзей айтатын өлең жолында кездеседі «Оның даңқы Бағдаттан Баласағұнға дейін жеткен», - деп айтуында талай сыр, жерде бүгіліп жатқандай әсер қалдырады[2,190].

1826 жылы Р.К.Раск «Авестаның» ең көне тілге жататындығын және оның санскритпен жақындығын дәлелдеді.

XIXғ.30 жылдарында санскритолог Э.Бюрнуф Авеста тілі мен санскриттің заңдылықтарын салыстырып зерттей келе, Авеста тілінің негізгі грамматикалық белгілерін айқындап, оның кей бөлімдерін қайта оқып, аударды [3,101].

Ал, Фирдоуси «Авестадан» бастау алған болса, кейінгі келер ұрпақ, яғни қазақ ақындарының жырларына арқау болып ұласты. Мұның дәлелі ретінде түркі тілдеріндегі «палуан» терминінің қолданысына назар аударсақ, қазақ тілінде:

Шықты ортаға палуандар бұрқанып,

Я аруақ, рулы елі тұр танып.

Тастап жібер іштен шал да! Қап, деді!

Қара жігіт жүріп кетті күш алып[4,10].

Ал, өзбек тілінде: Давраға полвонзадалар кириб келаётир. Бир-бирини чамалаётган полвонларда «Буш келма, полвон!», «Муродинга йетгил, атаогил», деган хитоблар янграйды. Зеро полван – оршёт учун омиади, элнинг қуруши учун бахс бойлайди [5,5].

Біздің пікірімізше де оңтүстік қазақтарының тіліндегі парсы элементтерінің үлгілері қазіргі күнге дейін сақталғандығын байқаймыз. Мәселен, қазақтың «балуан» сөзі оңтүстік өңірінде «палуан» болып қолданылады.

Араб зиялылары түркі тілдерін зерттеп, олардың лексикасына, грамматикасына, өзекті мәселелеріне айрықша көңіл бөлген. Түркі тілдерін білуді білімпаздықтың белгісі деп түсінген, - дейді Р.В.Куницкий. [6, 11].

Келтірілген деректерге көңіл аударсақ, ежелгі дәуірде, арабтар мен түркілердің өзара қарым - қатынасы жоғары деңгейде көрінеді[7,7].

Сондай-ақ түркі тілінің кереметтігін дәлелдейтін деректер біздің ақын жазушылар еңбектерінде де кездеседі.Түп төркіні араб тілінен шығатын терминдер түркі тілдерінің

лексикасында қолданылып келеді. Мысалы: амал, дәреже, сағат, айып, айыпкер, кемер, делдал т.б. қазақ тілінде қолданылса, қарақалпақ тілінде: хәмел, дәреже, саат, айып, айыпкер, кәмәр, дәлдәлши болып қолданылады. Бұл терминдер өзбек тілінде де фонетикалық өзгешеліктермен қолданылады, мысалы: усул, даража, соат, айиб, айибкор, камар т.б.

Түркі тілдерінде: «Хәмел», «усул» және «амал» термині «күрес» спортында кездесе, ал *спортшылар дәрежесі, шахмат сағаты, айып соққы, айып доп*, - деген терминдер спорттың әрбір түрінде қолданылады. Тарихи жырлардағы кейбір кірме сөздердің бірі – *кәмер* сөзі Едіге батыр жырындағы сөздің қазіргі кезеңдегі мағынасы көмескі тартқан.

Екі иінін жауыр ғып,

Кәмер белін ауыртып, деп келеді.

Кемер лексемасы бұл «белбеу» мағынасында біршама түркі тілдерінде кездеседі. Мысалы, түрікменше: кемер, өзбекше: камар, қарақалпақша: кәмәр – жібек матадан жасалған әшекейлі бұйым.

Сонымен бірге парсы тілінде «кәмәрбәнд» деген сөзді кездестіруге болады. Бұл сөзді Ә.Нұрмағамбетов «Жергілікті тіл ерекшеліктерінің төркіні» атты еңбегінде қарастырады. Ғалым: «бәнд» - таңғыш, «кәмәр - мықым, бел» деген пікірді айтады. Сонда бұл сөздің мағынасы «бел таңғыш» болып тұр. Кейін келе сөздің соңғы сыңары түсіп, тек «кемер» күйінде ғана қолданылып жүрген болуы керек.

Араб филологтары қыпшақ тілін оқып үйрену мақсатында, әртүрлі сөздіктер, грамматикалық оқулықтар шығарды. Мәселен, Әбу Хайянның «Китаб ал-идрак ли-лисан ал-атрак» (XIVғ), Жамал-адин ат-Туркийдің «Китабу булғат ал-муштак фи луғат ат-түрк ва-л қыфчак» (XIVғ), Ал-Каваний «Ал - кулия ли - дабт ал луғат ат – туркийя» (XVғ), «Китаб ат -туқфат уз – закиа фил – луғат ат - туркийя» (XVғ) және т.б.[8,25] шығармаларды атап көрсетуге болады.

XIII-XV ғасырларда Сирия және Египетте түркі халықтарының әсері күшті болды. Оғуз және қыпшақ қауымдары жергілікті арабтарға саяси және мәдени жақтан әсер етіп, түркі тілдерінің мәртебесін көтерді. Сондықтан, түркі тілдері арабтар арасында үлкен құрметке ие болып, ал ғылыми жақтан үйретіле бастады.

Араб - парсы тілдерін зерттеген ғалым Л.З.Рүстемов арабтардың арасында көп қолданған: «Мән лай, әрифә әл-луғат-ат түркийә уә ан лән йәхафалла» деген мәтелді келтіреді. Бұл арабтардың түркілерді сыйлағаннан айтылған сөзі.

Дешті Қыпшақ хандығынан бөлініп шығуы, дербес мемлекет құрған қазақтардың ата - мұрасы ретінде саналады. Әрине М.Х.Дулати мен Жалайырдың шығармалары, сол кезеңнің дәстүрі бойынша, ортақ түркі тілі (шағатай тілі) мен парсы тілінде жазылды. [8.117б].

Өзбектердің ертедегі ата - бабалары иран тілдес қауымдар: соғдылар, хорезмийлер, сақтар біздің эрамыздың басында Орта Азияға келген түркі қауымдары, бұлар ғұндармен араласып түркілескен.

Түркі қауымының бұл атауы кейініректе «қара шаһар» өңірінде өмір сүрген арийліктерге берілген көрінеді. Қарақалпақстан аймағында, Әмударья ұлтанынан табылған археологиялық қазбалардың дәлелдеуінше, арийліктер ерте кезеңде Орта Азияда, Әмударья төңірегінде жасағандығын дәлелдейді.

Сондай - ақ, «қара шаһар» деп отырғаны орыстардың зерттеуіндегі «қарабөріктілер» яғни қазіргі қарақалпақтар елі болуы мүмкін. Бұл арийліктер Түркістанға б.з.д XIV-XIII ғасырларда келіп, кейін түріктенген болуы керек, - деген болжамды Тоган да айтқан [8, 81].

Бірақ, бұл пікірдің дұрыс – бұрыстығын білмейміз, дегенмен, ертеде қарақалпақтардың ата мекені Түркістан болған, олар қазіргі жасап жатырған жеріне Түркістаннан қоныс аударған. Сол дәуірдің ғұламалары Қожа Ахмет Яссауи, өзінің замандасы, белгілі ғұлама Сүлеймен Бақырғаниды әкім етіп, Сырдарьяның төменгі ағысы мен Арал бойларына, қарақалпақтардың қазіргі мекеніне жіберген.

Аса зор мәдениет тәфсірдің ұзақ ғасырлар бойғы сіңісудің нәтижесі болса керек. Сондай - ақ түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының құрамына енген иран тілді халықтардың тілдері арқылы енген болуы ләзім, - дейді көрнекті ғалым Нығмет Мыңжанұлы [9,58].

«Ғалаба» сөзі негізінен парсы сөзі болғанымен түркі тілдерінде «жеңіс» мағынасында қолданылады. Араб - парсы сөздерінің барлығы жекеше, көпше болып өзгереді, септеледі, жаңа сөз тудыру үшін негіз бола алады. Кейде парсы тілінің сөз тудырушы жұрнақтарын жалғау арқылы қазақ тілінде жаңа сөздер жасалады. Мәселен, парсы тілінің – кер, - гер, - дар, -қар, - паз, - қой, - гөй аффикстерімен қатар – хана, - құмар деген аффикстері, сондай-ақ, - би, -бей, - бе - секілді префикстері қазақ тілінде өнімді қызмет атқарады.

Мұтаһһир Таһирұлы әл-Мақдиси (Хғ) самани әулеті кезінде патша Мансур Нұхұлының уәзірі тарапынан қамқорлыққа алынған ғалымның 966 жылы жазылған «Китаб әл-бәләд уә-т тарих» (елдер және тарих кітабы) атты еңбегі жарық көрген. Ол Иран мен түркі тарихы дәуіріндегі арабтар туралы мәліметтер және Орталық Азиядағы қауымдардың әдет - ғұрыптары туралы аса қымбат мәліметтер келтірген.

Мәселен, Парсы ақыны Горгани өз заманында бір ер жігіттің даңқы шықса, оны Тараздан ғана шығар,- деп ойлауында үлкен мән бар. Себебі оның түсінігінше, Тараз қаласы Аспара сияқты сарбаздарды жасақтаудың «теңдесі жоқ ортасы»- деп ұғынатын ол өзінің парсы тіліндегі өлең жолдарында былай деп жырлайды:

«Бе жал бад рәфтар —е әсб-е тази
Гередәте кәшбаһа әсб-е Тарази».

Ал, бұл өлең жолдарын қазақшалап аударғанда: «Араб тұлпары шапса жел соқпай ма. Тараздық тұлпар ше, аз баға алған ба?..», - деп екі елдің *тұлпары мен ат шабысын* суреттей білген.

Парсы тілінен енген (-кер, - паз, - би, - не) т.б. жұрнақтар болса, араб, парсы, түркі және монғолша сөздерге тіркеліп, әр алуан сөздер жасауға септігін тигізген. Мысалы: *талап - кер, жауап - кер, айып - кер, өнер - паз, шабан - доз, т.б.*

Осындай қосымшалардың, әсіресе түркі тілінің заңдылығына жат сөз алуы, жұрнақтарының ауысуы бола бермейтін құбылыс. Мәселен, парсы тілінің болымсыздық жұрнағы –би, - бей, - на, - не қазақ тілінде көптеген сөздерде пайдаланылады: *бейтарап алаң, бейресми жарыс.*

Кірігу процесінде бір тайпаның тілі жеңімпаз тіл болып, өзінің грамматикалық құрылысы мен сөздік құрамын сақтап қалды да, қалғандары сол тілдің варианттары есебінде өмір сүреді.

Сондай - ақ өзбек тіліне көптеген араб - парсы шылаулары, сөз жасаушы аффикстері енген. Мысалы, *тамошобин* (көрермен), *таразибон* (салмағын өлшеуші) т.б.

Осындай тілдердің әсері өзбек тілінде сингармонизм заңын жоюға алып келген. Оны бір ғана сұраулық ұғымды білдіретін – *ми* аффиксі арқылы байқауға болады.

Біздің негізгі мақсатымыз, түркі халықтары: скифтер мен қазақтардың тамырын және Тигр мен Ефрат арасындағы ата - тегінің жерін бақылау, сонан соң, скифтер мен көшпелі түркі тайпаларының өмірі жайлы деректерді қарастыру.

Ал, Месопотамия – бұл адамзат тарихында өркениеттің бесігі, дамыған құпиялы жер, бұл жерде жүздеген жылдар бұрын болған ежелгі түркі тайпалары туралы өз тамырымызды білгіміз келеді. Осы құпиялы жердің өзінде адамзаттың бастамасы мен түркі көшпенділер тайпасы – қазіргі қазақтың ата - бабаларының қайнар көзі жатыр [10,11].

Көне грек авторларын үлгі етудің себебі, олардың ғылымының кереметтігінде емес, мұраларының жоғалмай жеткен ең ескі бұлақтардың болғандығында деп түсінеміз.

Қыпшақтардың Мысыр жеріне өтуі олардың Монғол басқыншыларынан бас сауғалап қашып көшуінің нәтижесі болды,- дейді қарақалпақ тілінің зерттеушісі Қ.Пахратдинов [11, 12].

... Скифтер және олардың мәдениеті гректердің ықпалы астында б.д.д V-VI ғғ. Қара теңіздің солтүстігі мен Солтүстік Түркістанның аралығындағы аймақта қалыптасқан,- дейді С.Әбушәріп [12, 116].

Месопотамияның мекендеушілері - шумерлер, олардың құрылымындағы ежелгі өркениет және ежелгі түркілермен байланысы адамзат тарихының қалыптасуы, дамуы барысындағы алғашқы қадамы.

Шумерлер өздерінің мол қазынасын, тілі мен мәдениетін өздерінің тікелей ұрпақтарына, скиф көшпенділері мен қазақтарға берді,- деп жазды А.Бахти. [13,3].

Сондай-ақ, б.з.б X ғасырда шумерлер Еуразия далаларынан келген,- деп айтуымызға болады. Еуразия далаларына б.з.б. VII ғасырдан III ғасырдың аралығындағы Дунай мен Енисей далалары жатады. Олар ежелгі түркі тілінде сөйлейтін көптеген туыс тайпаларға бөлінеді. Бұл - скифтер, сарматтар, сақтар, массагеттер, юэчжилер еді [13,155].

Шлегель өзінің «Үнділердің даналығы мен тілі туралы»1808 еңбегінде үндіеуропа тілдерінің салыстырмалы – тарихи грамматикасының алғашқы қағидаларын жасайды[14,8]. Осындай теориялық болжамдар әр түрлі тілдердің лексикалық сөздіктерін жасауға себеп болды.

Ал, қазіргі тілдерден халықаралық терминдер құрамына енген сөздер де аз емес. Мәселен, теңіз терминдері – нидерланд тілінен, музыкалық терминдер – итальян тілінен, спорт терминдері – ағылшын тілінен т.б.біздің тілімізге сатылай енді. [2, 98].

Сыртқы тұлғасы жағынан еш айырмасы жоқ, мағыналық жағынан толық немесе ішінара сәйкес келетін ғылым мен техника, саясат пен мәдениет, өнер салаларындағы халықаралық ұғымды білдіретін бірнеше туыс емес тілдерде қатар қолданылатын сөздер. Мәселен, ең жақсы зерттелген халықаралық терминдер – европеизмдер, яғни классикалық тілдер болып табылады. Олар грек және латын тілдерінің элементтері.

Сонымен қатар, Энрих Церен өзінің мақаласында: «Шумерлердің шығу тегі жайлы сұрақ зерттелген және үлкен қызығушылықпен зерттелуде. Олардың мәдениет ошағы Персия шығанағында болса да, олар сол жердің жергілікті тұрғындары болмаған. Мәселен, шумерлер тілі семиттер мен үнді - герман және басқа да бізге белгілі тілдерден емес», - деп жазған. [11, 17].

Сөзімізді түйіндей келе айтпағымыз, түркі жазуы, тілі мен әдебиеті, мәдениеті, руханияты әлем халықтарының өркениетіне зор ықпал етті. Дүниеде араб цифрлары деп аталған, қазіргі қолданып жүрген 0 ден 9 ға дейінгі санды түркі халқынан шыққан ғұлама Эль-Хорезми шығарған. Оны арабтар түркі халықтарын жаулап алғаннан кейін «араб цифрлары» деген атпен дүниеге танытқан. Ал тасқа қашалып жазылған түркі жазба ескерткіштерін алғаш рет тауып, оны түркі халқының жазуы ретінде әлемге танытқан шет ел ғалымдары Вильгельм Томсен мен В.В.Радлов болатын. Осындай мәселелерді түбегейлі зерттеп қарастыру, оны жан – жақты зерттеу мен зерделеу келешек ұрпақтың міндеті деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Гаджиева Н.З. Тюркоязычные ареалы Кавказа. - Москва, 1979. - С.22.
2. Розенталь Д.Э., Теленкова М.А. Справочник лингвистических терминов. - Москва, 1972. - С.188.
3. Кәкішұлы Ә. Бастау. - Алматы, 1990, - 107б.
4. Керимов Ф. Кураш тарихи // Фан – Спортга, илмий – назарий журнал. - Ташкент, 2000, №4. - 47б.
5. Нұрмаханов А. Түркі фразеологиясы. - Алматы: Ғылым, 1998. - 270б.
6. Пахратдинов Қ. Түркий тиллери. Нөкіс: Билим, 1994. - 28б.
7. Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. - Алматы, 1982. - 45б.
8. Мырзахметов М., Жеменей И., Абдуалиев А. Көне Тараз. - Алматы: Санат, 2002. - 215б.
9. Отар Ә.Б. Түркітану. - Алматы: Арыс, 2003. - 135б.
10. Мыңжанұлы Н. Түркістаннама. - Алматы, 2005. - 35б.
11. Бахти А. Шумерлер, скифтер, қазақтар: Түркі халқының ежелгі шығу тарихы – Алматы: Көшпенділер, 2003. - 215б.
12. Әбушәріп С. Түркітану. - Алматы, 1999. - 120б.
13. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. - Алматы, 1978. -

ӘОЖ 81.469.27

ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ – МӘДЕНИЕТ ПЕН ТІЛ БІРЛІКТЕРІНІҢ ЖИЫНТЫҒЫ

БЕЙСЕНОВА К.С.

Түгіскен орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Сарысу ауданы

БАЙШОНОВА И.Ш.

Ы.Сүлейменов атындағы №37 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются проблемы лингвистической культурологии в казахском языкознании.

Summary. The article deals with the problems of linguistic cultural studies in Kazakh linguistics.

Лингвомәдениеттану – мәдениет пен тіл бірліктерінің жиынтығын танып, жүйелі түрде қарастырады. Тілде бейнеленетін, тіл арқылы көрінетін мәдени құндылықтардың қолданылатын

жүйесін зерттейді. Осыған байланысты тіл мен мәдениеттің элементтерін шоғырландыратын, яғни жинақтайтын, синтездейтін «лингвокультурама» түсінігі лингвомәдени өріс, лингвомәдени компетенция деген түсініктер аталып, түрлі объекттермен жұмыс істеуде жиі қолданылып жүр. Бұл аталған терминдік ұғымдардың әрқайсысының арқалайтын жігі әртүрлі. Соның ішінде лингвокультурама терминін алғаш ұсынған – В.В.Воробьев. Ғалымның пікірінше, лингвокультурама–лингвистикалық және экстралингвистикалық ұғымдардың диалектикалық бірлігі болып табылатын кешенді денгей аралық бірлік [1, 45б.].

Мәдениеттің тілдегі көрінісі, ұлттық-мәдени сипаттардың тілдік құралдар арқылы белгіленуі ғылымда ретроспективалық ыңғайда этнолингвистика аясында қарастырылып келгені белгілі. Сонымен қатар, ғасыр соңындағы жана ғылыми бағыттарда қоғам, қоғамдық құрылым, жеке адамның қоғамдағы мінез-құлқы, табиғат құбылыстары, қоршаған табиғи орта, өсімдік, жан-жануар ерекшеліктері, сондай-ақ адамның антропологиялық келбеті, ішкі жан-дүниесі белгіленгендіктен, осыларды концептуалды немесе образды түрде атайтын тілдік құралдардың қай-қайсысында да лингвомәдени сипат, мәдениет пен тілдің қарым-қатынасы көрінетінін дәлелдеуге ұмтылыс күн санап артып келеді.

Тілдегі бірліктер халықтың дүние танымы, болмысы салт-санасы, әдет-ғұрпы, рухани мәдениеті сол халықтың тіршілігінің өмір сүрген ортасынан, менталитетінен психологиясы мен әлеуметтік-саяси көзқарасынан мағлұмат беретін ұлттық құбылыс болып табылады.

Лингвомәдениеттану – ұлттық сипаты бар деп танылатын әлеуметтік, танымдық, эстетикалық, этикалық, саяси, адамгершілік, руханилық тұрмыстың қағидалар мен заңдылықтарды тілдік құралдар арқылы жеткізуді зерттейтін тіл білімінің бағыты. Осы тұрғыдан лингвомәдениеттанудың ең негізгі мақсаты – ұлттық болмыстың тілдегі көрінісін, тіл фактілері мен халықтың танымдық, этика-эстетикалық категориялары арқылы рухани мәдениетін танытып, олардың қызметі мен орнын анықтау деп түйіндеуге болады.

Лингвистикалық мәдениеттану өзара шекаралас пәндер – мәдениеттану, лингвоелтану, әлеуметтік лингвистика, этнолингвистика пәндерінің қиылысуында пайда болып, олармен тығыз байланыста болуы және арнайы аспектісі тіл мен мәдениеттің өзара байланысы мәселесін өзінше қарастырады. Осындай ерекше белгілерге байланысты ғалым В.В.Воробьев лингвистикалық мәдениеттану пәніне төмендегідей анықтама береді: «Лингвокультурология – комплексная научная дисциплина синтеза-рующего типа, изучающая взаимосвязь и взаимодействие культуры и языка в его функционировании и отражающая этот процесс как целостную структуру единиц в единстве их языкового и внеязыкового (культурного) содержания при помощи системных методов с ориентацией на современные приоритеты и культурные установления (система норм и общечеловеческих ценностей)» [1, 36-37бб.].

Лингвистикалық мәдениеттану пәнінің мақсаты – халық мәдениетінің тіліне әсер етуін анықтау, олардың диалектикалық өзара байланысы мен дамуын жүйелі түрде қарастыру. Зерттеу объектісі – біртұтас жүйе түрінде туындайтын тіл мен мәдениеттің өзара әсері, өзара байланысы және осы өзара қатынас процесі. Демек, лингвомәдениеттанудың объектісі тіл білімі мен мәдениеттану пәндерінің қиылысқан жерінде зерттеледі. Зерттеу пәні ретінде төмендегідей объектілерді атауға болады:

- лингвоелтану объектілері – эквивалентсіз лексика мен лакуналар;
- аңыздар, ырымдар және салт-дәстүрлердің тілдегі формалары;
- тілдің паремиологиялық қоры;
- тілдің өзара қатынасы;
- сөйлеу әрекеті;
- сөйлеу этикеті және т.б.

Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы мәселесін алғаш рет көтерген ғалымдар. Я.Гримм, Р.Раск, А.Потебня. Бұл мәселелердің қайнар көзі – В.фон Гумбольдтің ғылыми еңбектері. Оларды ғалым мынандай ғылыми ой-тұжырымдар жасайды:

- материалдық және рухани мәдениет тілге әсер етеді;
- кез келген мәдениет ұлттық нышанға ие, мұндай сипат тілдік жүйеде айқын көрінеді;
- тіл-адам мен қоршаған ортаны жалғастырушы буын;
- тілге «халықтық рух» пен мәдениеттің белгісі-ішкі форма тән.

Қазақ тіл білімінде лингвистикалық мәдениеттану мәселелері түрлі аспектіде зерттеліп келеді, тіл мен этностың мәдени бірліктердегі көрінісі (Ә.Қайдар, М.Манкеева); акын-жыраулар поэзиясындағы этномәдени дереккөздер (Р.Сыздықова); этномәдени атаулардың этимологиялық

негіздері (Ә.Қайдар, Е.Жанпейісов, А.Алдашева, Г.Смағұлова, Р.Авакова, З.Ахметжанова, М.Копыленко, Исабаева).

Мәдениеттің тілдегі көрінісі, ұлттық мәдени сипаттардың тілдік құралдар арқылы қазақ ғылымында этнолингвистика аясында қарастырылып келгені белгілі. Бұл туралы Г.Смағұлова «Тіл арқылы мәдениеттанудың бір бірімен өзара тығыз байланысты жаңа ғылыми бағыттары қалыптасып келеді. Олар: 1)этнолингвистика; 2)елтану; 3)лингвомәдениеттану» деп аталған саланың бағыт-бағдарын саралайды [2,142б.].

Қазақ тіл біліміндегі аударма саласының лингвомәдениеттанулық сипатын зерттеп жүрген ғалым А.Алдашева аталған жаңа бағыттардың отандық тіл біліміндегі көрінісі туралы былай дейді: «Орта ғасырдың соңғы бөлігінде, ғасырлар тоғысқан тұста әлемдік озық лингвистика тілтанымның теориялық бағыттарын имманентті; структуралық лингвистикадан өзгешелеу жаңа арналарға яғни тілді жеке адаммен, оның ойлау өрісімен және рухани-практикалық қызметімен байланыстыра қарауға қарай бет бұрып отыр. Когнитивті, антропологиялық лингвистика деп аталатын мүлде жаңа салалардың қатарында соңғы жылдары «лингвокультурология» деп аталатын бағыт та аталып келеді. Бұлардың қай-қайсысы да – қазақ тіл ғылымы төселе қоймаған соны салалар» [3,221б.].

Лингвомәдениеттану бағытының ұлттық тілдің болмыс-бітімін айшықтап көрсетудің, дамытудың негізі екенін соңғы кездегі Г.Смағұлова, А.Алдашева, Ж.Манкеева, А.Салқынбай, Р.Авакова, Г.Сағидолдақызы, А.Сейсенова, Г.Қажығалиева, А.Сейілхан т.б. бірқатар ғылыми-зерттеушілік жұмыстар дәлелдейді. Бұл қазақ тіл біліміндегі этнолингвистикадан басқа таза лингвомәдениеттану ғылымының пән ретінде қалыптаса бастағанын көрсетеді.

Фразеологияның этномәденилингвистикалық қалыптарын олардағы ұлттық психологиялық табиғатты зерттеп жүргені Р.Авакова:«Әлемді бір бүтін дамудың орталығы деп танитын мәдениет іспетті тіл де бізге өзінің қырлары мен сырларына, жұмбағы мен құпиясына толы шексіз қасиеттерін ашуда»–деп тұжырым жасаса [4,47б.], тілдік бірліктер туралы деректердің номинациясының маңызын арттыруда ұлттық мәдени өмірімен байланыстылығы жайлы профессор А.Салқынбай былай дейді: «Тілдік деректерді лингвомәдени аспектіде зерттеу – ең әуелі тілдер арасындағы жалпы адами гуманитарлық, мәдени, өркениеттік қырларды айқындау болып табылады. Табиғаттағы, әлемдегі құбылыстар, қоғамдағы сана мен салт, бәрі де тілде өз көрінісін табатындықтан, атау мен оның жасалу сипаты лингвомәдени аспектіде қарастырылады [5,4б.].

Ал Г.Смағұлова лингвомәдениеттану пәнінің ерекшелігін: «Лингвомәдениеттану – этномәдени және этнопсихологиялық факторлар мен тілдегі ұлттық мәдени мағына компоненттерін тіл арқылы мәдениеттану бағытында зерттеп, тілдің дәл қазіргі қолданыс қызметін көрсететін, ұлттық ерекшелігін ешбір идеологиясыз заманға сай келбетін таныту. Бұл ретте тіл – ұлт – мәдениет дейтін үштік [триада] лингвомәдениеттану пәнінің зерттеу нысаны болмақ» деп көрсетеді [2,147б.].

Аударматанудың лингвомәдени мәселелерін қарастырған А.Алдашеваның пікірінше: «Лингвомәдени ерекшеліктер – ұлттық мәдениетпен біте қайнасқан, ұлттық мәдениеттен бөлшектенбейтін төл сипат-белгі [3,158б.].

Аталмыш пәндердің «тіл мен мәдениеттің» өзара байланысын зерттеудегі әдіс-тәсілдері, кейбір теориялық принциптері мен негіздері ұқсас болып келеді, қазақ тіл білімінде профессорлар Ә.Қайдаров, Е.Жанпейісов, М.Копыленко, Ж.Манкеева және Н.Уәлиев т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектерінің негізінде этнолингвистикалық зерттеулер ерекше қарқын алды. «Тіл мен мәдениет» мәселесі қазақ тіл білімінде А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Ә.Қайдаров, Е.Жанпейісов, Р.Сыздықова, О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, Т.Жанұзақов, Н.Уәлиев, Ж.Манкеева, Қ.Рысбергенова т.б. еңбектерінде қарастырылған.

В.В.Воробьевтің пайымдауы бойынша, «дүниенің тілдік бейнесін жүйелі түрде суреттеуге» лингвомәдениеттану – мәдени құндылықтардың белгілі бір тәртіппен таңдалған және ұйымдасқан жиынтығын, сөйлеуді тудыру мен қабылдаудың коммуникативтік үрдістерін ұлттық ақыл-ой мен тілдік дербестік тәжірибесін зерттеп, дүниенің тілдік бейнесін жүйелі түрде суреттейтін жаңа филологиялық пән [1,39-40бб.].

Лингвомәдениеттану – тілде бейнеленетін, тіл арқылы көрінетін мәдени құндылықтардың қолданылатын жүйесін зерттейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Воробьев В.В. Лингвокультурология. Теория и методы. –Москва, изд. РУДН, 1997.

2. Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Жазушы, 1998. – 190б.
3. Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы: Білім, 1998. – 201б.
4. Авакова Р. Фразеологиялық семантика. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 152б.
5. Салқынбай А. Тарихи сөзжасам. Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 156б.

УДК 81-2

МАҚАЛ-МӘТЕЛ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ДІҢГЕГІ

ШОПИЕВА А.Р.

№ 179 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алатау ауданы

Резюме. Воспитание молодого поколения – важная цель на протяжении всех веков истории человечества. В статье подчеркивается актуальность вопроса улучшения качества воспитания будущего поколения в условиях информатизации на основе национальных ценностей и с использованием народных средств пословиц и поговорок. В статье представлена структурированная модель воспитания духовно богатого человека с помощью пословиц и поговорок. Уважение, добросердечность, патриотизм, культура, трудолюбие, щедрость, человечность, уважительное отношение к национальным ценностям – составляющие духовной ценности. Пословицы и поговорки имеют особое место в становлении и современной личности с высокими духовно-нравственными ценностями, всесторонне развитой личности, способной адаптироваться к различным общественным изменениям, сознательно и качественно осваивающей новые знания. Казахский народ издавна уделял внимание этико-эстетическому воспитанию личности.

Summary. The question of training up the younger generation is one of the great goals that has been pursued for centuries in the history of mankind. Our work emphasizes the relevance of the issue of improving the quality of future generations in accordance with the requirements of modern informatization based on our national values and proverbs. This article presents a structured model of nurturing a spiritually rich person with the help of proverbs and sayings. Respect, obedience, kindheartedness, patriotism, culture, diligence, generosity, humanity, respect for national values are all a spiritual value. The author considers the problems of education of the future generation on the basis of proverbs and sayings. Thus, calls on the fact that proverbs and sayings have a special place in the formation of a civilized one with a high progressive moral basis, developed all-round, adapted to various social changes, consciously and qualitatively absorbing the knowledge, the spiritually rich personality of our generation, and it should be noted that the Kazakh people paid attention to the ethical-esthetic education of the person.

Қазіргі уақытта ғылым мен техниканың көз ілеспес жылдамдықпен дамуына байланысты оқушыларға білім беру, оларды тәрбиелеу және дамыту міндеттері барған сайын күрделеніп бара жатыр. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен кенже қалмауы үшін уақыт талабына сай, білімді де парасатты, жан дүниесі кемел, намысшыл, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу баршамыздың алға қояр маңызды міндетіміз. Ұлттың болашағы ұрпағында болса, ұрпақтың тәрбиесі ұстаз қауымының қолында. Ал, ұстаз мұраты жетілген, толыққанды, сапалы азамат тәрбиелеу болмақ. Бұл заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Мақаланың негізгі мақсаты – бүгінгі заманның өркениетті, прогресшіл бағытына сай адамгершілік қасиеті мол, жан-жақты дамыған, өзгерістерге бейімделгіш, сапалы да саналы түрде білім игеретін, өзге замандастарымен тең дәрежеде бәсекелесе алатын биік өрелі, өз тілін және ұлттық құндылықтарды игерген терең білімді саналы, мәдениетті, елжанды, рухани бай тұлға қалыптастыру. Оның қайнар бұлағы – халық педагогикасы. Халық педагогикасы ата-бабаларымыздың тәрбиеге қатысты ғасырлар қойнауынан сараланып жеткен іс-тәжірибелерінің жиынтығы. Сонымен халық педагогикасы дегеніміз – ол қазақ поэзиясының бөлінбес бөлшегі іспетті қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, айтыстар, ертегілер, аңыздар, жұмбақтар мен жаңылтпаштар. Ол – жан сезімімізді толқытып, ойымызға ой қосатын, қиялымызға

қанат бітіретін халқымыздың рухани байлығы мен болмысы. Халық ауыз әдебиеті ғасырлар бойы дамып, бүгінгі күнге дейін жетсе оның бойындағы қазыналарды таныта білу де сондай маңызды ғылыми-зерттеу жұмыстарына арқау болуы керек деп есептейміз.

Орыс халқының академигі Г.Н. Волков «Без памяти нет традиций, без воспитания нет духовности, без духовности нет личности, без личности нет народа как исторической общности» – сапалы тұлға жайында нақты өз тұжырымын білдіреді (Волков, 2000; Гумарова, 2018). Ұлттық болмысымыздың өзегін сақтай отырып, ұлттық салт-дәстүрлерімізді жаңғырту, болашақ ұрпақтың бойына ұлттық рухты сіңірту біздің алдымыздағы басты міндет. Уақыттың көші алға жылжыған сайын адамзаттың өмір сүру салты да өзгерісті қалайды. Техника қарыштап дамып, түрлі технологиялар пайда болады, алға қойған міндеттер мен таным-талаптар да өзгереді. Әйткенмен де, өзгермейтін құндылық – ұлттық болмыс, рухани тәрбие. Жаһандануға қарсы тұруға қауқар боларлық күш – ұлттық мәдениет. Бұл тұрғыда елімізде «Мәдени мұра» бағдарлама аясында көптеген шаралар атқарылып жатыр. Ұлттық мәдениетімізді сақтай отырып, модернизацияға ұмтылуда Жапонияның тәжірибесіне сүйенгеніміз дұрыс деп санаймыз. Жапония десе, кез келген адамның көз алдына кимано, самурайлардың қылышы және керамика елестейді. Дәл осылай бүкіл әлем қазақ дегенде, қымыз, шұбат, ұлттық киімдеріміз бен ұлттық ойындарымыз бірден көз алдарына елестетіндей болуымыз керек. Ол үшін атадан балаға мирас болған рухани-мәдени қазыналарымызды қастерлеп, өскелең ұрпақ тәрбиесіне тағылымы мол құрал екенін ескере отырып пайдалансақ, ертеңгі ел болашағына, ұрпақ тағдырына деген сеніміміз нығая түсері хақ.

Тәрбие жөнінде М. Жұмабаев «Тәрбие – адам баласын кәміл жасқа толып, өзіне-өзі қожа болғанша тиісті азық беріп өсіру» – дейді. Ата-бабадан қалған аманатқа қылау түсірмей кемел келешекке жеткізу жас ұрпаққа тәрбие мен білім беріп жүрген ұстаздардың иығына артылған парыз жүгі деп санаймыз. Осындай айтулы мақсаттарға жету жолында жаңа заманның тарихын қалыптастыратын қайсар да өр, білімді де білікті, жоғары мәдениетке ие, рухани дүниесі жоғары жастар тәрбиелеу құралы халық педагогикасы болып табылатын халық мақал-мәтелдері. Орыс педагогы К.Д. Ушинский: «Мақал-мәтелдер – балалардың тәрбиесі мен адамның жеке басының қалыптасуындағы сан ғасырлық тәжірибені қорытындалаушы, нағыз – халық педагогикасы» (Ушинский, 2002) – деп көрсетеді [1; 48]. Мақал-мәтелдер халықтың дүниетанымы, өмірге көзқарасы, философиясы, өзге де мәселелер кеңінен көрініс табады. Сөз мәйегі мақал-мәтелдер қашанда белгілі бір ойды жеткізеді, әлдебір нәрселерден сақтандырады, бір сөзбен айтқанда, адамның тал бесіктен жер бесікке дейінгі өміріне азық болатын даналық ғибрат. Жас жеткіншектерге тәлім-тәрбие беру, оларды өнер-білімге баулуға таптырмас жауһарларымыз мақал-мәтелдердің маңыздылығы ерекше. Мақал-мәтелдер жастардың еңбекқорлығын жетілдіруде, тұлғалық қабілеттерін қалыптастыруда және бала тәрбиесінде ерекше орын алатын халық даналығы.

Мұндағы ақыл-кеңестер қысқа да нұсқа, әрі тұжырымды болды. Қазақ халқы – рухани құндылықтардың мұрагері. Төл жәдігеріміз – ауыз әдебиеті, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, өлең, жыр, терме, ата тілегі – ұлттық тәрбие бесігі. Осы тұрғыдан келгенде мақал-мәтелдер халқымыздың өткені мен кешегісі емес ол бүгінгі халқымыздың жанды дауысы. «Отан – оттан да ыстық», «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас», «Туған жердің қадірін шетте жүрсең білерсің». Отанға деген сүйіспеншілік, туған жерге деген ыстық сезім, ата-мекенге деген құрмет пен қасиетті қазақ халқының мәдени құндылығы – мақал-мәтелдерден айқын көрінеді. Сол себепті халық күш-қуатын тасқын суға теңеп «Елдің күші селдің күші» деп бағалаған. Адамның өмірі қысқа өмірінде туған елін, Отанын жасартып, жақсартып кетуге атсалысуы тиіс. «Ерден аспақ бар, елден аспақ жоқ». Алдына ұлы мақсат қойып, ұлы мұрат үшін қызмет істеген азамат қана ұлылыққа лайық. Қазақ даласына алғаш білім ұрығын шашқан ұлы ағартушы Ы. Алтынсарин Абаймен тілдескендей, «Біз надан боп өсірдік, Иектегі сақалды». «Өнер – жігіт көркі» деп Ескермедік мақалды... Біз болмасақ, сіз барсыз, Үміт еткен достарым, Сіздерге бердім батамды... деп, қазақтың бейқам өткен өміріне өкініш білдіріп, келер ұрпаққа үміт артады, біз ескермедік, сендер естеріңнен шығармандар деп, «Өнер – жігіт көркі» халық даналығын өсиет етеді [2, 218].

Дегенмен, бүгінгі жастарды кемел тұлға, сапалы ұрпақ тәрбиелеуді ата-баба мұралары мақал-мәтелдерді қолдану арқылы қол жетуге болатындығы айқындалды. Мектептерде тәжірибелік-педагогикалық жұмыс жүргізілген сабақ барысында мақал-мәтелдерді оқып үйренуде оқушылардың шығармашылық ізденулеріне мүмкіндіктер туғызу мақсатында төмендегідей әр алуан сабақ түрлері мен әдіс-тәсілдері пайдаланылды. Сыныптан тыс жұмыстарда оқушылармен шығармашылық жұмыстар әдеби кештер, пікір-талас, викторина-ойындар, баяндама, сурет салу шығармасы, түрлі кездесулер мен ойын-сауықтар ұйымдастыру және т.б. жұмыстар жүргізілді. Болашақ жастардың теориялық білімдерін, іскерлік дағдысын орынды қолдану нәтижесінде мақал-

мәтелдер негізінде сапалы тұлғалық бейнесін қалыптастырудың мүмкіндігі зор. Халық шығармасының басқа түрлеріне қарағанда, мақалдың өзіне тән ерекшеліктері мен өзгешеліктері бар. Ең алдымен, әдебиеттік жағынан алғанда, мақал үлкен толғау, образ арқылы берілген логикалық ой қорытындысы болып келеді. Ол адам өмірінде, тұрмыс тіршілікте, қоғамдық жағдайларда кездесетін әртүрлі құбылыстарға, тарихи мәні бар оқиғаларға берілген даналық баға, тұжырымды түйін есебінде қолданылады. Қандай мақалды алсақ та, оның шығуына үлкен оқиға, мәнді әңгіме себеп болған. Мақал соларға берілген баға, жасалған қорытынды, яғни «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні». Мақал-мәтелдер өзінің көп-жақтылығымен баланың табиғи тұлғалық асыл қасиеттерін (адамгершіліктің өзегін; адамдарға деген ізеттілікті, өзінің халқына, Отанына сүйіспеншілікті; эстетикалық талғам мен әртүрлі шығармашылық қабілеттілікті; дене бітімінің дұрыс жетілуін; болашаққа деген сенімді және т.б.) қалыптастырады дей келе, мынадай міндеттерді негізге алуға болады:

- жер туралы түсінігі – бұл адамзаттың ортақ үйі және табиғаты;
- Отан туралы түсінігі – бұл әрбір адам үшін қайталанбайтын, ерекше, тағдырдың оған сыйлаған, ата бабасы оған қалдырған аманаты, отаны;
- ата-ана туралы түсінігі – бұл әрбір адам баласының қамқоршысы;
- еңбекке деген қызығушылығы – адамзат тұрмысының негізі;
- білімге деген қызығушылығы – әртүрлі еңбек нәтижесіне, соның ішінде шығармашылықты еңбек нәтижесіне қызығушылығы;
- достық, ынтымақтастық түсінігі – еркіндіктің, бірліктің және бейбіт өмірдің нышаны [3, 21].

М. Жұмабаевтың: «Тәрбиеден мақсұт – баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару... Әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі... Өз ұлтын сүйген адам өз ұлтының бақыты үшін өз бақытын құрбан қылады» – деген жан тебіренісі, ұлттық тәлім-тәрбие мектебінің мұрасы арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу бүгінгі күннің негізгі міндетіне айналып отырғанын көрсетеді [4, 73]. Қазақ ұлттық тәрбие беру тәжірибесінің айқын мысалдарына сүйене отырып, қазіргі заманғы білім мен тәрбие беру ұйымдарында халықтың денсаулығы мен күш-жігерін дамыту үшін дәстүрлі дене тәрбиесі қалай қолданылатынын және халық педагогикасының дәстүрлерін пайдалану жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеудің тиімділігін арттыру әдістерін көрсетеді.

Сонымен, осындай дәйектермен жасжеткіншектердің бойында отансүйгіштікті қалыптастыруда мақал-мәтелдер тамаша үлгі болып табылатындығы байқалады. Сондықтан да рухани тәрбие білім беру мен саналы рухани бай тұлға қалыптастыру – уақыт, замана талабы, себебі бүкіл әлем жаһандану процесіне байланысты көпәтносты және көптілді болып келеді. Бұл дегеніміз өзінің белгілі мәдениеті, дәстүрі, тарихы, өмір сүру жолы бар ұлттар бүгінгі техниканың қарыштап дамыған заманында осы атадан-балаға мирас болған мұраны шаң жуытпай, ұлттық құндылықтарды сақтап, кейінгі ұрпаққа табыстауымыз керек [5, 82].

Қазіргі жаһандану заманында тарихи тамырынан ажырамаған, рухани құндылықтармен байыққан, алдына мақсатқа жетуге ақылы мен қайратын серік қылатын тұлға қалыптастыруға мақал-мәтелдердің орны ерекше. Демек, халық ауыз әдебиеті ғасырлар бойы дамып, бүгінгі күнге дейін жетсе, оның бойындағы қазыналарды таныта білу бүгінгі жаңа ғасырдағы жаңаша ойлайтын жастардың тәлімдік-тағылымдық жұмыстарына арқау болуы керек деп есептеймін. Заңғар жазушы М. Әуезов айтқандай «Біз ауыз әдебиетін зерттей отырып, халық санасындағы отаншылдық сезімді, халық ұғымындағы адамгершілік гуманизмді, халықтың қанатты үміті оптимизмді... сол халықтың өткендегі өмірін, аңсау-арманын, әдет-ғұрпын, халықтың ұжымдық тәрбиесінің жемісін көреміз» ауыз әдебиетінің отансүйгіштікті жастардың бойында қалыптастырудың тәрбиелік мәнін айқын көріп отырмыз. «Толқыннан толқын туады» демекші ара-жігі ажырамай, үзілмей жалғаса береді, ұрпақтар өседі, өрбиді, жанарады, жалғасады. Бүгінгі балаға қамқорлық танытқан адам ертеңге еңбек сіңіреді! Мақал-мәтелдер болашақ ұрпақты адамгершіліктің үстіңгі баспалдағы отансүйгіштікке тәрбиелеуде, алға ұмтылдыруға, қазіргі нарықтық техникалық өрлеу заманында оң әсер беретін мүмкіндікке ие. Сондықтан да жастарымызды рухани тәрбиелеуде бәріміз табандылық танытуымыз тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Гумарова А.А. Роль этнопедагогика в преподавании предмета «История Казахстана» //edu.e-history.kz № 2. 2018

2. Проблемы педагогики / К.Д. Ушинский; сост. и отв. ред. Э.Д. Днепров. – М.: УРАО, 2002. – 591 с. – (Новая педагогическая библиотека)
3. Rui J.V. Soares From «Paremiology to Paremiology» Tavira, Portugal: AIP-IAP. 2010.
4. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 8 б.
5. Волков Г.Н. Этнопедагогика. – М., 2000.-232.

ӘОЖ 82.123.16

ҚАЗАҚ ФРАЗЕОЛОГИЯСЫНЫҢ СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН МЕНГЕРТУ

БАЯЛИЕВА А.Ж., ШАЛИБЕКОВА Г.М.

Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжінің оқытушылары,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В данной статье речь идет об изучении, становлении и развитии фразеологической отрасли казахского языкознания. Приводятся примеры фразеологизмов, которые писатели сумели уместно использовать в художественной литературе, которое не так часто встречается в языке. Кроме того, автор рассказывает о корнях, имеющих национально-культурное значение в становлении казахских фразеологизмов.

Summary. This article deals with the study, formation and development of the phraseological branch of Kazakh linguistics. Examples of phraseological units that writers have managed to use appropriately in fiction, which is not so common in the language, are given. In addition, the author tells about the roots that have national and cultural significance in the formation of Kazakh phraseological units.

Қазақ фразеологиясының тіл ғылымының бір саласы ретінде қалыптасып, дамуы және зерттелуі академик І.Кеңесбаевтың есімімен тығыз байланысты. Ол сонау 40-жылдардан кейін-ақ түркітануда фразеология, фразеологиялық тіркестер табиғаты жөнінде ғылыми түсінік қалыптастырады. Оның көлемді зерттеулерінен соң бірсыпыра түркі тілдес халықтар тіліндегі түрлі фразеологизмдерді талдап, даму бағытын саралау өзге ұлттардағы тілші ғалымдардың үлесіне тиді. І.Кеңесбаевтың 1977 жылы «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінің» шығуы тек қана қазақ тіліндегі үлкен жетістік қана емес, туыстас тілдер үшін де көш бастағанын атап кету керек. І.Кеңесбаев фразеологияны тілдің құрамды бөлшектерінен, тіл ярустарынан бөліп алмайды, тілдің сол бөлшектерінен түбірлі айырмасын, бас белгілерін анықтайды.

Фразеологиялық тұлғалар мағынасының эмоционалды компоненті – олардың семантикалық құрылымындағы негізгі коннотациялардың бірі. Образды метафоралық, экспрессивті және стилистикалық мағыналармен қатар бұл коннотация фразеологиялық тұлғалардың стилистикасында маңызды орын алады. Түсіндірме, фразеологиялық сөздіктерде фразеологизмдердің мағыналық құрамының маңызды бөлімі қамтылу керек. Шындығында, бұл мәселе жеріне жеткізіле берілмей жүр. А.И.Молотков «Орыс тілінің фразеологиялық сөздігіне» кіріспе мақаласында: «Сөздікте фразеологизмдердің эмоционалды-экспрессивті бағасы өте шектеулі түрде беріледі... Бұл шектеу әр фразеологизмнің айқын эмоционалды-экспрессивті сипаттамасы туралы айтылған негіз жоқтың қасы және осы қатынаста белгіні қалыптастырудың қиындығымен түсіндіріледі. Әйткенмен де, кейбір фразеологизмдер сөздікте әзіл, мысқыл, тұрпайы, жақтырмау, дөрекі т.б. белгілермен көрсетілген. Мұндай белгілердің қойылуы фразеологизмдердің эмоционалды-экспрессивті реңктері туралы мәселенің шешілуіне практикалық жақтан келуін ғана білдіреді»[1, 125б.].

Тілімізде көкейге қонымды көркем, орамды алуан түрлі тұрақты сөз тіркестері кездеседі. Тіл қатынасына жататын қат-қабат тіркес тізбектерді халық орынды пайдаланады. Мақал-мәтелдермен барабар жоғары бағалап оларды қастерлей сақтап келеді.

Фразеологизмдер-сөйлеу тілінде де, жазу тілінде де көп қолданылатын қажетті құрылыс материалы. Ал оның бейнелегіш-мәнерлегіштік сипаты әсіресе көркем және публицистикалық шығармаларда айқын көрінеді. Фразеологизмдер - сөз шеберлері суреткердің көркем образ жасу үшін қолданатын эмоционалды-экспрессивті құралы.

Ғылыми стильде тұрақты сөз тіркестері образдылық-мәнерлегіштік қызмет атқармайды, олар көбінесе белгілі бір заттың ұғымның аты ретінде жұмсалады. Ал көркем шығармада,

публицистикада, фразеологизмдер белгілі стильдік мақсатта, жалпы халықтық формада және өңдеумен қолданылады. [2, 566].

Қазақ тіліндегі тиянақты тіркестер-тіл ішінде өз заңдылықтарына сәйкес өмір сүретін айрықша категория. Олардың әр алуан ірілі-ұсақты ерекшеліктері мен айырым белгілерін зерттейтін дербес пән-фразеология. Фразеология жөнінде филология ғылымының докторы К.Ахановтың пікірлеріне көңіл аударарлық. «Тіл біліміне кіріспе» (Алматы, 1997) фразеологияны біраз қарастырады. Ол жалпы фразеологияны негізінен екі топқа бөледі де, бірін-еркін сөз тіркесі, екіншісін-тұрақты фразеологиялық тіркес деп атайды. Мұның алдыңғысын синтаксистің құрамына талдап, кейінгісін лексиканың құрамында сөз етеді. [3. 255]

Сөйтіп, фразеология деген терминнің екі түрлі мағынасын ашып көрсетеді. Біріншіден «белгілі бір тілдегі тұрақты фразеологиялық сөз тіркестерінің жиынтығы» дегенді білдірсе, екіншіден, сол тіркестер жиынтығын ғылыми түрде зерттеп талдайтын ілім мағынасында түсіндіреді. Автор тұрақты тіркес пен еркін тіркестердің айырмасын нақты талдайды. Фразеологизмдерге тән мынадай нақты, басты ерекшеліктерді көрсетеді:

Тұрақты сөз тіркестерінің құрылымындағы сөздердің орнына қарағанда, әлдеқайда тұрақты, бекем болады.

Фразеологизмдер – ұлттық тілдің айқындығын, дәлдігін, икемділігін, бейнелегіштік күшін көрсететін фразеологиялық тұлғалар. Тілдегі мұндай мағыналас тіркестерді пайдаланып, шығарманың көркем тілінің керегіне жарату сөз шеберлерінің міндеті. Ал белгілі бір жазушы тіліндегі мағыналас фразеологизмдерге талдау жасау – оның тұрақты тіркестерді талғап, таңдап пайдалану принциптері мен өзіндік стиліне тән сөз қолдау ерекшеліктерінен көп мағлұмат береді. Мәселен, пародия, шымшыма шумақтар, әзіл-оспақ төңірегінде мұндай өзгешеліктер бірден көзге шалынады. Мұндағы фразеологиялық синонимдер үлесі – ойдың тереңдігі мен ішкі қуатын күшейтуде таптырмайтын тіркестер екендігі. Тегінде көркемдік тұрғысынан көркем мәтіннің тілдік талдауларының ең сүбелі жері – фразеологизмдер. «мәтін ішінде мәтін» болатын тұрақты тіркестер табиғаты, окказионалдық қолданыста тым образдылыққа негізделіп, сөйлеу стандартына сай келмей тұрғандай болады. Бірақ мұнда мына ерекшеліктерге назар аудару керек: фразеологизмдер өз табиғатында қоршаған айналаны, дүниені қабылдауда адамның ұлттық мәдени ойлау ерекшелігін аңартып жүреді. Рухани әлемнің үзік-үзік бөліктері сол ұлттың мәдениетінде сақталып қалады.

• Түйені түгімен жұтып, шелектеп арақ ішкен сенен гөрі иманды. Қартайса да аттан түспей, көштен қалмай келеді (О.Бөкеев).

• Өліспей беріспек емес, тастай қатып, халықтың барша дәулеті құйылған қазанның құлағынан айрылар сынай танытпайды.

«Мұндағы қазаның құлағынан айрылмау» соны образ, жаңа тіркес, авторлық қолданыстың сәтті үлгісі. «Қазан» сөзінің коннотациясына орай, соңғы уақытта қазақ тілінде тұрақталған тіркестер бар. Мысалы: «қара қазанда қайнап өсу», «қазанның құлағын ұстау», «қазанның құлағынан айырылмау». Абай фразеологиясын зерттеген ғалым Р.Сыздық «Фразеологизмдер – сандаған жылдар мен ғасырлардың қазынасы, бұл бір жағынан, екінші жағынан, ол жеке қаламгердің табысы, еңбегі, ізденісі» - дейді. [3. 95].

Фразеологиялық материалдар үшін ұлттық мәдени маңызы бар түп деректер төркінінің бірі – қазақтардың қазіргі интеллектуалдық рухани мұрасы екенін естен шығармау керек.

Мәдениеттің рухани түрі ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Бұл әдетте, дәстүр, дәстүр жалғастығы деп танылады. Соған орай, әр ұлттық өзіндік бітім-болмысын, қадыр қасиетін, басқалардан ұлт ретінде айырмашылықтарын, бүгінгі тілмен айтсақ, менталитетіне қарап ажыратады.

Мәдениет пен өркениет (цивилизация) кей тұста бірінің орнына бірі ауыстырылып қолданыла береді. Тіпті мағыналас болып кеткендей. Алайда бұл екі сөзді шатастырмау керек. XX ғасыр өркениет ғасыры десек, бұл кездегі мәдениет өзіндік ерекшеліктерімен басқалай дамыды. Өркениеттілікке тән жағдай қоғамның жоғары әлеуметтік, материалдық дамуы десек, мәдениет ұғымы бұл арада ұлттық рухани түсіністіктен табылады.

Бірақ белгілі жағдаймен қазақ ұлтының рухани мәдениетінің дамуында кері үрдіс пайда болды. Үзіле жаздаған дәстүр жалғастығы, салт ұғымдары дәл бүгінгі таңда ана тілі арқылы өзіндік мәдени таным түсінігін қайтадан түгендеуде. [4. 211]

Қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін танып білу үшін кейбір факторларды ескеру керек. Олар: мотивациялық және танымдық. Қазақ еліндегі дала заңдарының ерекше ықпалымен қалыптасқан рухани мәдениеттің бертін келе дәстүр жалғастығы биігіне көтерілуі және оның

өміршең боп сақталуы тек тілге ғана қатысты. Демек, мәдениеттің қай түрін алсақ та, оның түрі мен мазмұны тек сөз арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілген. Ендеше тіл арқылы мәдениеттану – ұлттың, халықтың кешегісі мен бүгінгісін тану.

Қазақ халқының рухани жан-жақты дамуына, ұлттық ерекшелікке, ұлттық болмысқа өз шығармаларымен зор үлес қосқан ақын-жазушылардың туындыларын зерттеп, олардың қаламына іліккен, қаламынан туған көркемсөз үлгілерін талдап, таразылап, анықтау қазіргі кезде өзекті мәселе екендігінде дау жоқ. Әр қаламгер заман озған сайын тілдік қолданыстар, соның ішінде фразеологизмдерді құлпыртып, жаңғыртып, жаңартып қолданады. Ж.Аймауытұлы, Б.Майлин және О.Бөкей көркемсөз үлгілерінің ішінде фразеологизмдерді сол қалпында немесе жаңғыртып, жаңартып, соны қырымен шебер пайдаланды.

Ж.Аймауытов, Б.Майлин, О.Бөкей өздерінің шығармаларында фразалық тіркестерді талғаммен, ұтымды пайдалануы шығарманың тілін әрі бай, әрі образды, әсерлі етеді. Сөйтіп, жалпы фразеологиялық тіркестер – жазушының көріктеу тәсілдерінің ең басты амалының бірі болып табылады.

Аталған ақын-жазушылардың туындыларының тілін зерттеу барысында, олардың қазақ тілін, шешендік дәстүрін, жалпы лексикалық байлығын өз шығармаларында көркемдікпен қолданғанын анықтадық. Туындыларында қолданған қарапайым сөздердің эстетикалық әсерін күшейтіп, әсерлеп, поэтикалық тілге ерекше ажар берген. Қазақ тілі лексикасының байлығын неше түрлі көркемдеу тәсілі арқылы құбылтып, шығармаларына көркемдеу құралы еткен. Ақын-жазушыларымыздың сөз шеберлігі, тапқырлығы ауыз әдебиеті үлгілерін шебер пайдаланып, ойнақы өрнек жасауынан байқалады.

Ақын-жазушыларымыз тұрақты тіркестерді өз ойын, көзқарасы мен дүниетанымын, жағдайларды көркем түрде суреттеуде, шығармаға экспрессивті-эмоционалды реңк беру мақсатында молынан пайдаланды. Жұмысты қорытындылай келе мынандай мәселелер анықталды:

1) Ақын-жазушыларымыз жалпы халықтық қолданыстағы бейнелі тұрақты тіркестер тұлғасын еш өзгертпей, сол қалпында молынан пайдаланған. Ақын халық тіліндегі фразеологиялық синонимдерді өз мақсатына орай құбылтып қолданған;

2) Ақын-жазушыларымыз ойын мәнерлілікпен жеткізуде «мәтін ішіндегі мәтін» жасап, фразеологиялық варианттарды, фразеологиялық синонимдерді, плеоназмдарды шебер пайдаланған;

3) Айтылатын ойды мейлінше ашық-айқын, мәнерлі, көркем түрде жеткізіп, әр ойды еселей түсу үшін, шығарма тілінің көркемдігін танытуда, оқиға немесе жағдайды тайға таңба басқандай етіп көрсетуде антонимдерді, сонымен қатар контекстік антонимдерді өз шығармасына арқау еткен;

4) Ұлттың даралығын сипаттайтын, ұлттық болмысты танытатын, ұлттың дүниетанымын ерекшелігін жеткізуде қызмет ететін «мәдени кодтарды» шығармашылықпен қолданған;

Ақын-жазушыларымыз өз ойын нақты бейнелеу үшін, жаңа ұғымды суреттеу үшін, заттың толық мән-мағынасын аша алмайтын сөздерге синоним тудыру үшін, өз сезімін ерекше көрсетіп, эмоционалды-экспрессивті реңкті сөздерді ұтымды пайдаланған;

5) Когнитивтік тұрғыда, концептілік сөздер де молынан ұшырасады.

О.Бөкей тіліндегі фразеологизмдердің лексика-семантикалық, грамматикалық ерекшелігін зерттеуде төмендегідей тұжырымға келдік.

1. Фразеологизмдердің түрлі сөз табынан екендігі, сөйлем мүшесі қызметін атқаратындығы анықталды.

2. Ақын халық тіліндегі ойға жан бітірер бейнелі тұрақты тіркестерді қолдануда шеберлік танытты.

3. Етістікті, есімді фразеологизмдер дайын күйінде де, авторлық өңдеумен де ақын шығармасында молынан кездеседі. [7.564]

Тілдегі фразеологизмдердің жасалуына сан түрлі құбылыстар, ұғымдар түсініктер себеп болған. Солардың бастылары: Біркыдыру фразеологизмдер өлшемдік ұғымдардың негізінде пайда болған. Мысалы: а) уақыт, мерзім өлшемдері: күншыға, сәске, түсте, таптал түсте, шаңқай түсте, күн ұясына кіргенде, көз байлана, қас қарая, құлқын сәріде, т.б. Тұрақты тіркестерді стильдік мақсатпен белгілі бір мағыналық реңк үстеп қолдануды жазушы көркем прозада кеңінен және шебер пайдаланған. Мысалдармен дәлелдейік: Қас қарайып, алқара көктегі сансыз жұлдыздар тым алыстан сиқырлана көз қысысады. Қас қарайды / кешқұрым қараңғы түсу мезеті туралы айтылады.

Б.Майлин тіліндегі фразеологизмдердің лексика-семантикалық, грамматикалық ерекшелігін зерттеуде төмендегідей тұжырымға келдік:

1. фразеологизмдердің кейіпкерлерді мінездеуге қолданылуы;
2. фразеологизмдердің кейіпкерге тілдік мінездеме беруде жұмсалуды;
3. фразеологизмдердің кейіпкер портретін беруде жұмсалуды;
4. Б. Майлин шығармашылығындағы фразеологизмдердің қолданылу ерекшелігінің тағы бір кыры, фразеологиялық түйдектер – мақал-мәтелдердің кейіпкер тілінде қолданылуы.

Фразеологизмдерді Б.Майлин өз қажетіне сай талғап, жаңғыртып қолдануы, оның ой-пікіріне, эстетикалық талғамына, қоғамдық саяси, философиялық көзқарасына сәйкес болып келеді. [6. 195]

Жазушы халық тілінің бар байлығын сөз айшықтарын өз шығармасында шығармашылық тұрғыда жұмсай отырып, өзіне тән ғана стиль құрайды. Яғни Белинский айтқандай даралық слог жасайды.

Ж.Аймауытұлы шығармаларындағы фразеологизмдердің қолданысы:

-кейіпкердің психологиялық келбетін (көңіл-күйін, ішкі жан дүниесін) көрсету үшін;

-образдылықты күшейту мақсатында

-портрет жасауға, сол арқылы кейіпкердің ішкі дүниесін ашу үшін.

Ж.Аймауытов шығармадағы трансформацияланған фразеологизмдерді қолдануда автор олардың көпшілік жүрегіне жақын, қарапайым болып келуін ескерген секілді:

- трансформацияланған фразеологизмдер: туғалы түз көрмеу, күштілерге бір зауал, тіс қаққандық қылу;

- контаминацияланған фразеологизмдер: аузын шайнап қала берді, қуығынан шаншыла отыр;

- жеке авторлық фразеологизмдер: тесік табатын епті кісі: қуарған қу бас өмір -бейне жапырақсыз ағаш; шықпаған шыбынды сүйретіп т.б.

Ж.Аймауытұлының сөз қолданудағы шеберлігіне прозадағы уақыт, оның ішкі мағыналық нәзік реңтерін дәл көрсететін құлқын сәрі, қас қарайған кез, апақ-сапақта, қызыл іңір, таң ала көбеу т.б. тілдік бірліктер айқын дәлел бола алады [5. 255]

Әр халықтың ұлттық мәдени ерекшеліктері оның ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ой сандығынан көрініс табады. Сол ой сандығын орынды, ұтымды пайдалану – сол ұлттың даралығын сипаттайтын ерекше етіп бағалайтын, сол заманды толыққанды суреттейтін тілдік құралы деп есептейміз. Ал осы құралды қолдануда Ж.Аймауытұлының шеберлігі ұшан-теңіз.

Ақын-жазушылар шығармаларындағы фразеологизмдер:

1.Фразеологизмдердің түрлі сөз табынан екендігі, сөйлем мүшесі қызметін атқаратындығы анықталды.

2.Ақын-жазушыларымыз халық тіліндегі ойға жан бітірер бейнелі тұрақты тіркестерді қолдануда шеберлік танытты.

3.Етістікті, есімді фразеологизмдер дайын күйінде де, авторлық өңдеумен де ақын-жазушыларымыздың шығармасында молынан кездеседі.

Сонымен бұл фразеологизмдердің ерекшеліктеріне, олардың шығармадағы қызметіне және авторлардың оларды қолдану тәсіліне Ж.Аймауытұлы, Б.Майлин және О.Бөкей шығармаларына сүйене отырып, талдаулар жасалды.

Көркем шығарма тіліндегі фразеологизмдерді талдап қарастыру – автордың өзіндік стиль жасаудағы тілдік тәсілдің өрнегін айқындау болып табылады.[5]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 б.
- 2.Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 218 б.
- 3.Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілер. –Алматы Қазақ университеті,1998.-200 бет
- 4.Қалиев Ғ, Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: «Сөздік- Словарь», 2006.-264 бет
- 5.Аймауытов Ж. Шығармалар жинағы. –Алматы: Жазушы, 1989. – 560 б.
- 6.Майлин Б. Бес томдық шығармалар жинағы. –Алматы: Жазушы, 1986.
- 7.Бөкей О. Таңдамалы шығармалар жинағы. Бірінші том. –Алматы: Жазушы, 1994. 496 б.

М.ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ

ДАУЛЕТКАЛИЕВА ЭЛЬМИРА МАКСУТОВНА

М.Мәметова атындағы №27 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассмотрены исследования М.Ауэзова касающиеся народной устной литературы

Summary. The article examines M.Auezov's research on folk oral literature

М.Әуезовтің қазақ ауыз әдебиетінің түрлі жанларына арналған еңбектерінің ішінен ақындар айтысының ерекшелігін сипаттаған зерттеуі айрықша орын алады. Айтыс жөнінде басқа да зерттеушілер жазғаны белгілі және ол мақалалардың қай-қайсысының да өзіндік қызғылықты жақтары бар. Бірақ айтыс жанрының табиғатын терең ашып, классикалық қағидаларын тұжырымдаған М.Әуезов еңбегі өз алдына бір төбе.

Ғажайып өнер–айтыстың әлеуметтік шындықтарды көтерудегі, үлкен заманалық мәселелер қоюдағы, ақындық тапқырлық пен шеберлікті арттырудағы орны мен мәнін зерттеуші жан-жақты талдаған. Ол, ең алдымен айтыстың көркем сөз өнері, төкпе өлең шығарудың мектебі, дарындылық, білімділік, алғырлық, шыншылдық, батылдық саналатын сайыс тәсілі екенін атап өтеді. Бұл тұжырымына революциядан бұрын өмір кешкен көрнекті ақындар айтысынан мысал келтіреді. Екіншіден, ғалым айтыстың жанрлық ішкі жіктерін ашып жүйелейді. Қыз бен жігіт айтысының, түре, сүре айтыстардың ерекшелігіне тоқталады, жұмбақ айтыстары мен жазбаша айтыстарға да көңіл бөледі. М.Әуезовтің назарын аударған тағы бір үлкен мәселе–айтыстың өмір шындығын толық ашуға қабілеттілігі. Ғалым айтыстың табиғатына тән ерекшеліктің бірі–қоғамдағы, жеке адамдар өміріндегі жақсылықты жарқыратып ашуы және кемшілік атаулыны аяусыз әшкерелей алуы деп түйеді. Өмірдің қат-қабатын аша алатындығы, ізденістерді ірі қомақты етіп, қауым алдына жайып салып, сұмдықтарды өшпестей етіп табалайтындығы айтыстың өзіне хас жанрлық өзгешелігі десе болады.

Бұл реттен алғанда айтыс ауыз әдебиетіндегі ең шыншыл жанрлар қатарына қосылады. Бұған мысалға көптеген әлеуметтік проблемаларды көтерген айтыстарды, соның ішінде Біржан мен Сара, Құлмамбет пен Жамбыл айтыстарын келтіре отырып, жалпы бұл жанрдың қазақ көркемсөз мәдениетінің жүйесіндегі маңызды орнын көрсетеді. Таптық, әлеуметтік қайшылық пен теңсіздік жайлаған ескі заманның небір ауыр дерттерін әшкере ете алуын, еңбекші халықтың көңіл түкпіріндегі мұңдары мен сырларын жұртшылық таразысына сала білуін айтыс ақындарының тарихи еңбегі санайды.

Айтыстың тағы бір ерекшелігін М.Әуезов ерекше бөліп көрсеткен. Ол ақындық тапқырлық сайысының көпшілік алдында өтетіндігі және айтыста жеңген мен жеңілгеннің бағасын халықтың өзі беретіндігі. Өнерді осылайша жұртшылық көзі көріп, құлағы естіп бағалайтындық дүниеде сирек кездесетін құбылыс. Өмірдегі орны, лауазымы, тегі мен дәулеттілігі қаншалықты зор немесе төмен болғанына қарамастан, айтыс, кезінде әріптестердің тек өнер қуаты бағаланған. Міне, осындай жанр «демократиялығы» айтысқа кез келген қабілетті адамның қатыса алуына мүмкіндік тудырған. Революциядан бұрынғы айтыста ерлермен қатар, әйелдердің де елеулі орын алуы осыған байланысты. Қоғамдық мәселелерде теңсіздік көрген әйел, қыздар айтыс кезінде кіммен де болса терезесі тең саналған. Қазақ арасында ақындық айтыстың соншалық үлкен орын алғанына қарап М.Әуезов «сол айтыстардың бәрін жия берсе, үлкендігі Алатаудай болар еді» деген[1, 123б.]. Бұл бейнелі сөздің тасасында шындық жатыр еді.

Ақындар айтысының көп қырлылығын, соның бірі оның тамашалық сипаты екенін де ғұлама талдап, анықтап берген. Мұндай өнер жарысында тек ақындық дарындылық қана байқалып қоймай, мәдениеттілік, біліктілік, сыпайылық, әріптестің қасиетін тани, бағалай білушілік, жүйелі дәлелге тоқтаушылық та сынға түседі. Демек айтыстағы ақын жеңісі шындықтың, парасаттың да жеңісі болып саналмақ.

«Айтыс жанрының ерте кезде өзінің негізгі сипаттарын сақтай отырып, жаңа өрнектерге ие болғаны да зерттеуші назарынан қағыс қалмайды. Ол ертедегі ру мен ру өкілінің жарысы ретінде өтетін айтыстың жаңа заманда әлеуметтік ауқымы кеңейіп түскенін, ендігі жерде әріптестер белгілі бір аудан немесе облыс атынан шығып сөйлейтінін сонылық деп есептейді, айтыстың өмірдегі

күллі жаңалықтардың жаршысы болып, кемшіліктерді күн тәртібіне қоятын қасиетін жоғары бағалайды, айтыстың сын мен өзара сын құралына айналғанын, жанрлық өрісі кеңейгенін көрсетеді. Бұл және басқа тұжырымдар ақындар айтысының қайта дамып келе жатқан қазіргі шағында өзінің ақиқаттығын айқындай түсіп отыр...» [2, 36б.].

Орта Азия мен Қазақстан халықтарының ауыз әдебиетінде ұқсас сарындар, үндес жерлер көп, елді қызықтырарлық ортақ ілгерішіл идеялар мол. Бұл мәселені XIX ғасырдағы ұлы ғалымымыз Шоқан Уәлиханов жіті аңғарып, туысқан көрші халықтар әдебиеті мен мәдениетіне көп көңіл бөлген еді. Осы дәстүрді саналы түрде жалғастырушының бірі— Мұхтар Әуезов. Мұны оның қырғыз халқының батырлық эпосы—«Манасты» зерттеуінен айқын көреміз. Бұл эпостың түрлі нұсқаларымен танысып, айтушыларын тыңдап, оның негізгі желісі мен жетекші сарындарын анықтауға ғалым бірнеше жылын жұмсаған. Соның нәтижесінде эпостың генезисі мен эволюциясын, құрылысы мен мәнін терең ашып, оның орны мен ерекшелігін көрсеткен. «Манасты» зерттеушілер бұл күнде аз емес, бірақ сонау отызыншы жылдардың өзінде-ақ жырдың халықтық белгілерін дәл нұсқап М.Әуезовтің ізденістері өз маңызын жоғалтпайды:

М.Әуезовтің фольклортанудағы дәстүрін оның әдебиет тарихшысы, сыншысы және теорияшысы қызметінен бөліп алып түсіну қиын. Ғалымның бұл саладағы еңбектерінің арасында тұтасқан желілік сипат бар. Соларды жинақтай сөйлегенде бүгінгі зерттеушілер үшін тағлым болып табылатын бірнеше мәселені екшеп айтуға болар еді.

1. Фольклор құбылыстарын бағалағанда оларда өз дәуірінің шындығы жинақталып, әсіресе, еңбекші халықтың арман-мүддесі, дүниедегі құбылыстарға бағасы мен көзқарасы елестеп отыратынына М.Әуезов айрықша көңіл бөлген. Мұның аты ауыз әдебиетін тарихилық принципі тұрғысынан қарастыру болып табылатын. Осы дәстүрді жалғастыра, кеңейте түсу—қазіргі ғалымдарымыздың қасиетті борышы.

2. Ауыз әдебиетін жинау мен зерттеу М.Әуезов үшін жеке өзіндік мақсат болған емес. Ол халық әдебиетінен, Максим Горькийше айтқанда, тілдің тұнған байлығын, ел санасында екшелген, бағасын алып болған мотив-сарындарды, сөз меруертін іздеді. Соларды жаңа заман көркем әдебиетінің ғимаратын тұрғызуға жаратты. Демек, ол әдеби-көркем мұраның мәнін қазіргі дәуірдің мәдени мұқтажын қаншалықты өтей алатындығы тұрғысынан тексерді. Ол «Айман-Шолпан», «Еңлік-Кебек», «Қобыланды батыр» дастандарынан да осындай қуатты бұлақ-көздер тапты да. Әдебиеттің қазіргі кезеңдегі даму тенденцияларының біріне айналып отырған «фольклоршылық», көптеген шығармаларда мифтердің, тәмсілдердің, аңыздардың кеңінен орын алып отыру мысалы да бір кезде М.Әуезов жол салған дәстүрдің өміршендігін дәлелдейді. Фольклор мен жазба әдебиет дәстүрінің бірін-бірі байытып отыру заңдылығын тексеру бүгінгі таңдағы әдебиеттану мен фольклортану ғалымдарының ардақты міндеттерінің бірі. Өкінішке орай, мұндай тақырыпты ғылым мен әдебиеттің әліппе шарттарынан хабары жоқ, бірақ кітап шығару қолына алып отырған кейбір әсіресе белсенділер ескерген деген сылтаумен жоспардан сызып жүргенін де білеміз. Демек, ғылым сын шарттарын тек ғалымдардың жақсы түсінуі мүлде жеткіліксіз, осы ғылым мен сынды өсіретін, түсінетін творчестволық жағдай да керек...

3. М.Әуезов фольклор туындыларында өмір шындығынан көркемдік шындық жасалуының өзіндік спецификалық ерекшеліктері мол болатынын әр кезде ескертіп отырған. Ол ауыз әдебиетінде дәстүрлілік, коллективтік, қайталамалық сарындардың кең орын алатынын, онда бір заманның ғана емес, түрлі дәстүрдің наным-түсініктері қабаттаса жүруі мүмкін емес екенін, полистадиялық көріністері ұшырайтынын терең таныған. Сол үшін де ғалым ауыз әдебиеті шығармаларының қаһармандарын өмірде болғанның ізі, дәл көшірмесі деп қараған жоқ, фольклордың өзіндік көркемдік жинақтаушылық заңдылықтарын мұрат тұтты. Фольклорға деген осындай көзқарастың қалыптасуы біздер үшін қажет-ақ. Амал не, бізде ғылыми істерге тұрпайы түрде араласып, талқылау, талдау процесін мүлде тоқыратып қоюға күш салғандар бұрын да болған, әлі де бар. Мәселен, эпосымыздың үлкен бір шоғыры тек осындай, ғылымнан тысқары әрекеттердің салдарынан зерттеусіз жатыр. Ұлттық нигилистердің әрбір жаңа ізденістерді ғайбат нысанасына алып, тұтас еңбектен жекелеген сәтсіз сөйлем немесе дәл айтылмаған бірер ауыз сөзді ғана іздейтін, содан өзінше зор қорытындылар шығармақ болып жанталасатын әдеті жойылған жоқ. Осындай дерттен айығып болмай, біз фольклор байлығымызды толық игере алмаймыз.

4. Ғалымның мұрасынан оның өз халқының патриоты бола білумен қатар, басқа халықтардың рухани жетістігін қадірлей, бағалай білетін шын мәніндегі интернационалистігі де айқын аңғарылады. Өз халқының көркемдік табыстарын өзгелерге таныстыру, басқа халықтық даналықтарын туған елінің игілігіне айналдыру—М.Әуезовтің берік ұстанған ғылыми азаматтық принциптері. Ол еліміздегі халықтардың көптеген классиктерінің шығармалары жайында

салдарлы зерттеулер жасады. Мұхтар Әуезовті қырғыз халқының ұлан-ғайыр эпосы «Манасты» зерттеуге ұмтылдырған да оның достық деп соққан ұлы жүрегі, халықтар ынтымағын жарастыруды көздеген асыл мұраты еді. Қазақ фольклорының көптеген қымбат ескеркіштерін орыс тіліне, басқа халықтар тіліне аударуды ұйымдастыру, басқа халықтардың фольклорын қазақ оқушысына толығырақ таныстыру М.Әуезов дәстүрін жалғастырудың нақтылы қадамы болар еді.

5.М.Әуезов фольклор дәстүрінің жаңғырып, жалғасып, жаңа жағдайда даму мүмкіндіктерін де көре білген. Ол халық ақындарының шығармаларын талдағанда ескі поэтикалық бейнелердің, жүйелердің жаңа дәуір шындығын асқақ жырлауға икемділігін көрсеткен. Қазір қазақтың көркем сөз мәдениетінің қазынасына қосылып отырған айтыс пен жыршылық, термешілік осыны дәлелдейді. Қазіргі заман қазақ фольклорының ерекшелігін, жаңа болмысын танып, тексеру де М.Әуезов дәстүрлерінің бірі. Осы байлықты толық жинап, қарқындырақ игеру де міндетіміз. Бірақ бұл жолда объективтік кедергілер бар. Осы күнге дейін бұрынғы және қазіргі ұшан-теңіз қазақ фольклорының тарихтық, теориялық, методологиялық, текстологиялық тағы басқа мәселелерін талқылап отыратын, мұраның үздік үлгілерін қалың жұртшылыққа ұдайы таныстыруға мүмкіндік беретін арнаулы орган жоқ, ол түгілі, ең болмаса, тоқсанда бір шығатын журнал жариялап отыру мәселесі де шешілмеген. Көп қызық материал ел арасында немесе архив тереңінде жатыр. Фольклорға дейін көзқарас түзелсе ғана, мұндай шаралар жүзеге асуы мүмкін.

Сонымен қорыта айтқанда, М.Әуезовтің фольклор мен әдебиеттану ғылымында салған дәстүрі ұзақ жасайды, жаңалықтарға жол аша беретін, зиялы қауымның азаматтық санасы күшейген сайын қадірі арта беретін дәстүр. Өйткені, ол дәстүр терең ғылыми таяныштарға, ұлы ақиқаттарға, Отанға деген перзенттік адал мұратқа негізделген дәстүр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Әуезов М. Шығармалар. 12 томдық. – Алматы: Жазушы, 1999. – XII т. – 536 б.
- 2.Әдібаев Х. Алыптың тұлғасы / Кітапта: Мұхтар Әуезов әлемі. Ред. басқ. З.Ахметов, Т.Әкім, Л.М.Әуезова. – Алматы: Жазушы, 1997. – 352 б.

ӘОЖ 82.222.89

АБАЙДЫҢ САТИРАЛЫҚ МҰРАСЫ

САПАРБАЕВА ГУЛЬНАРА СЕРГАЗИЕВНА

М.Мәметова атындағы №27 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-модератор, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье раскрывается группа сатирических стихотворений Абая-непревзойденного поведения отдельных людей. Проанализированы юмористические стихи и бытовые эпиграммы Абая.

Summary. The article reveals a group of satirical poems by Abai - the unsurpassed behavior of individuals. The humorous poems and everyday epigrams of Abai are analyzed.

Сатира да – әдебиеттің өзге жанрлары секілді өмірді, құбылысты танудың, сұлулық пен әсемдікті, жақсылық пен жамандықты бағалаудың ең көне үлгісі. Өйткені, адам санасы жетілгенде, оның қоршаған ортаға, әр алуан адамдар арасындағы қарым-қатынасқа белгілі дәрежеде сыни көзқарасының, қатысының орнығуы заңдылық. Дүниеде не жақсы, не жаман, жақсылықтың, жамандықтың негізі неде деген әр алуан мәнді сұрақтар ықылым заманнан бері адамзатты ойлантқаны белгілі. Мұның небір ғажап мысалдарын алысқа бармай-ақ қай елдің болмасын ауыз әдебиеті үлгілерінен көруге болады.

Ол жайында Т.Қожакеев: «Қазақ халқы да өмір үшін талай алыс-жұлыс, талас-тартысқа түскен. Әділетсіздік пен теңсіздікке, жамандық пен оңбағандыққа еш төзбеген. Ондай дерттерге ашуланған, ызаланған, жырымен, тілімен соққы беріп отырған. Бұл ретте өзінің өткір тілді, шешен де тапқыр, әзілкеш жұрт екенін еркін танытқан. Біздің ел бірде күңіреніп, бірде күйзеліп, тағы бірде жадырап жүріп ұлттық юморын, әр қилы күлкі-сықақ, аңыз-әңгімелерін мол туғызған» – деп жазса [1, б.14], ғалым М.М.Тлеужанов: «Сатираның алдына қойған мақсаты – қоғамның өрескел жақтарын сатираның объектісі ете отырып, әшекерлеу. Қазақ әдебиетіндегі туындыларға көз

жүгірте келе, біз олардың қатарында сатира мен юмор кездеспейтіндері кемде-кем екендігіне күмән келтіре алмаймыз», – деп атап көрсетеді [2, б.141].

Ал, М.Әуезов халық ауыз әдебиетін зерттей келе: «...қазақтағы бұл алуандас ертегілердегі сатиралық элементтерді айқындап ашу қажет», – деп тек ертегілердің өзінен бұл түрдің санқилы сипаттарын танып, қазақ әдебиетіндегі сатираның болашақта зерттелетін мәселе екеніне баса назар аударған [3, б.13].

Қазақ сатирасы Абай дәуірінде бірқыдыру өрлеу тапты. Ол көп ақын, жазушылардың шығармашылығынан салмақты орын алып, түр, мазмұн жағынан толығып, молықты. Бұған да тарихи, объективті себептер болды. Ең алдымен, бұл дәуірде Қазақстан Ресейге түгелдей қосылып бітіп, қоғамдық дамудың жаңа жолына ойысты. Оның экономикалық, рухани өмірінде елеулі өзгерістер жасалды. Ресейдің озат әдебиеті мен мәдениетінің сахарадағы әсер-ықпалы артты. Бұл жағдай алдыңғы қатарлы адамдардың сезім-санасын оятып, жетілдіре түсті. Көңіл көзі ашылып, ол қоғамның келеңсіз құбылыстарына жирене қарайтын, оны шенейтін дәрежеге көтерілді.

Осыдан барып қоғамдық өмір дамуында бұрынғы хандық дәуір мен ру-ақсақалдық заманды көкसेген ағыммен қатар, Шоқан, Ыбырай, Абай бастаған ағартушылық бағыт пайда болды. Енді осы екі ағым – ескі мен жаңаның арасында кескілеспей бітіспес қайшылық, талас-тартыс туды. Кертартпа ағым керіге оралуға жан салса, ағартушы-демократ ағым ескіні, тоқырауды тас-талқан етіп, жаңаға жол ашуға күш салды.

Осы қайшылық, таластың күшеюі сатира, юмордың өрлеуіне түрткі болды. Өйткені, күлкі, келемеж әр уақытта қоғамдағы, өмірдегі қайшылықтан туады. Демек, бұл тұста да ағартушылық-демократтық бағыттың кертартпа бағытқа қарсы күресі сатира, юморды жиірек пайдалануға итермеледі.

Абай дәуіріне қарай қазақ сатирасының көтерілуіне екінші себеп: бұл тұста сахараға орыс халқының классикалық сатирасы келді. Ол, біріншіден, оның айдалған, жер аударылған революционерлері арқылы жетті. Олар патшалық құрылысты құртуға ащы әжуа, өткір сөзімен күресіп жатқан орыс сатириктерінің атын атай, шығармаларын таныстыра келді.

Орыстың классикалық сатирасы, екіншіден қазақтың өзінің орыс мектептерінде оқығандары арқылы жетті. Г.Потаниннің айтуынша, Абайдың кадет корпусында оқыған інісі Халиулла Өскенбаев еліне келгенде ауыл адамдарын жинап алып, орыстың роман, повестерімен таныстыратын болған. Талай кітаптардың мазмұнын әңгіме етіп, айтып беріп жүрген.

Ұлы Абай да орыстың классик сатириктерімен осы екі жол арқылы танысып, солардан үйренуге, соларды насихаттауға ден қойған. Қазақ елі ішіндегі өсек-аянмен күн кешіп жатқан жастардың Толстойдай данышпаннан, Салтыковтай сатирикпен хабарсыз екеніне кейіген.

Абай дәуірінде қазақ сатирасының дами түсуіне үшінші себеп: бұл тұста әдебиеттің көрінер арена – дүркінді баспасөз пайда болды. «Түркістан уалаяты газеті» (1870-1882), «Дала уалаяты газеті» (1888-1902) шықты. Қазақ сатирасын дамыта түсуге бұл газеттер екі түрлі жолмен ықпал жасады. Бірінші жол – олардың өзі сын-сықақ шығармалар жариялап отырды.

Екінші жолы – олар өзінің сын материалдарымен сатира нысаналарын, сықақталуға тиісті нәрселерді көрсетіп, ақын-жазушылар аузына сөз салып отырды.

Сөйтіп Абай дәуірінде қазақ сатирасының өрлей түсуіне осындай тарихи үш жағдай себеп болды.

Абайдың сатиралық мұрасын жазылу түрі, формасы жағынан 3 топқа жіктеуге болады. Оның бірі – тұрмыстық эпиграммалар. Бұлар ақынның өз құрбы-құрдас, жора-жолдас, қыз, жеңгелеріне арнаған бір қақпайлары түрінде келеді. Оларда өз замандастары бойындағы жеке мін, кемшіліктерді әзіл-шыңын араластыра отырып шенейді. Ұялтып, қызартып, жөндем еткісі келеді, ұнамсыз қылық-мінезден арылтуға тырысады. Яғни, ол гуманист, моралист ретінде көрінеді.

Тұрмыстық эпиграммаларында Абай әжуа еткен кемшілік-міндер әр қилы, алуан сыпатты.

Оның бірінде ақын Жамантайұлы Көжекбайдың өсекшілдігін, ел арасын бүлдіріп жүретін мінезін сықақтаған. «Шәріпке», «Қара қатынға» атты эпиграммаларында замандас кейбір келіншектердің ұстамсыздығын, нәпсіқұмарлығын, көңілшектігін бетіне басқан. Академик М.С.Сильченко: «Естеліктерге қарағанда, 14-17 жасар Абай бірсыпыра сатиралық экспромт-арнаулардың авторы болған» дегенде осындай эпиграммаларын дәлелге алған [4, б. 16].

Әйелің – Медет қызы, аты – Өрім,

Айына бір жумайды беттің кірін.

Ер кезек ер жігітке үшке дейін,

Бір боқты тағы бас та және сүрін, –

деген эпиграммасын замандасы Қайранбай екінші әйел алмақ болғанда айтыпты. Мұнда ақын, бір жағынан Қайранбайдың бар әйелінің настығын мысқылдаған. Әрі замандасын тағы да осындай бір жаман әйелге ұрынып, саныңды соғып қал деген теріс тілекпен әжуалаған.

Ақынның тұрмыстық эпиграммаларының бірсыпырасы зілсіз болып келеді. Олардан сыналушыға деген ақын симпатиясы, шуақты көңілі сезіліп жатады. Мысалы, бір эпиграммасын Қиясбайдың көңілді мінезін, күлдіргіштігін, жүрген жерін думандатып әкететін әдетін паш ету үшін жазған. Басына қауіп қара бұлты төніп келе жатса да, уайым, қайғы қылмайтын қасиетіне ризалық білдірген. «Назарға» дегені жөнінде де осыны айтуға болады.

Абай эпиграммаларының жазылу әдісі де әр қилы. Ойды әсерлі жеткізу ниетімен ақын алуан-алуан «жүріс» жасайды, тәсіл қолданады. Кейде ол бір қажетсіз қылық, теріс түсінікті екінші бір болмыс-құбылыспен салыстыра, жарыстыра отырып, теріске шығарады. Мысалы, «Ғабидоллаға» арнаған эпиграммасында жетпіске жетем деп әуреленіп, әлектеніп жүрген саудагерді теректей боламын деп өзін-өзі қинаған жауқазынмен салыстырған. Жауқазынның жылы жаз күніне мас болуы мен Ғабидолланың өз дүниесіне мастануын параллель еткен. Боламын деп жүргенде қажыры қайтып, қартайып қалған Ғабидолла өмірін күз түсіп, тамырын үсік шалып, ақыры терек түгіл бетегеге жете алмай қалған жауқазын тағдырымен мысалдап айтқан. Осындай салыстыру, тімсәлдеу эпиграмманы әсерлі еткен.

Ал оңды әйел ала алмай, қор болып жүрген Дүйсенқұлға арнаған эпиграммасында жас қыз алмадың дегенді «Ала жаздай көгалды бір көрмедің» тағыда шыққан әйел алдың дегенді «Сары жұртқа қондың бір ірге аударып» деп бейнелеп жеткізген.

Абай сатирасының екінші саласы – сықақ өлеңдері. Бұл топтағы туындыларында ол қоғамдық, саяси-әлеуметтік мәселелерді қозғаған. Көбіне өз тұсындағы ел билеу жүйесінің берекесіздігін, былыққа батқан ұлық, болыс сымақтарды, әкім-пысықтарды, олардың кісі күлерлік бейшара қылығын әшкерелеуді мақсат етеді. Солардың ішіндегі ең уыттысы—«Болыс болдым мінекей» сатирасы.

Абайдың сатиралық өлеңдерінің бір тобы – жеке адамдардың ұнамсыз мінез-қылығын ашуға арналған. Олардың шартты түрде жазылғандарында кейбір жастардың жеке басының міні, теріс жүріс-жорығы мінеледі. Ұнамсыз да ұсқынсыз кейпі жасалады. Егер ақын жоғарыда талданған саяси өлеңдерінде сын нысанасының кім екенін олардың іс-қылығымен аңғартса, мораль, этика тақырыбына жазған сықақтарында психологиялық детальдармен аңғартады. Кейбір жастардың мақтаншақтығын, кеселді іске үйірлігін, шаруаға олақтығын, қияли қыдырымпаздығын сынайтын «Адасқанның алды-жөн, арты-соқпақ» өлеңіндегі:

Керегеге сабауды шаншып қойып,

Бөркін іліп қарайды жалтақ-жалтақ, –

деген жолдардың біріншісінде есерсоқтық, кісі күлерлік қимыл-қылығы көрсетілсе, екіншісінде психологиялық деталь бар. Бөркін сабауға іліп қойып, оған сұқтана қарап, мәз болу адамның санасын, психологиясын аңғартады:

Бет-аузын сөз сөйлерде жүз құбылтып,

Қас кермек, мойын бұрмақ, қоразданбақ, –

дегенде де мимикалық психологиялық детальмен кейбіреулердің кім екені айқынырақ ашылған.

Абай жарамсыз қасиет-мінезді сықақтайтын өлеңдерінің бірсыпырасын нақты адамдарға арнап жазған. Туған ағасы іштей өзіне жауыққан. Оразбаймен бірігіп, қастық істеуге дейін барған Тәкежаның пасықтығын, қараниеттілігін әшкерелеп, «Тәңірбергенге» деген сықақ қалдырған. Мұнда бауырының дүниеде өзінен басқа жан жоқтай сезінетіндігі, әлдеқандай боп жүретіндігі, тіпті салмақситын сыртқы бітімі де аңғартылған. Ақынның айтуынша, оның бәрі – табиғи мінез-құлық емес, малдың, дүниенің буы, көңілдің, көздің майының өсуінен пайда болған қылық. «Бай», «бай» дегенге мастанғандық, «қайырымсыз малға желіккендік».

«Семіздікті тек қой көтереді». Дүние, дәулет ақылсыз адамды бұзады. Малдылық, баршылық Тәкежанды да бұзған, ол «өз тамағым тоқ, қайғым жоқ» деп ағайынмен амандасуды, жөн сұрасуды қойған. Ағайын басына іс түссе, жаны ашудың орнына, «шоқ-шоқ» деп табалайтын болған.

Бұл өлеңінде ақын Тәңірбергеннің сатиралық образын жасау үшін портреттік детальдарды да пайдаланған. «Маң-маң басып» деген сөздермен оның сырт бітімі аюдай балпаңдаған, олақтау, сылбырлау кісі екені аңғартылған. Сөйтіп әділдік жолында әкесін де аямаған Абай бауыры Тәкежанды да сойып салған. Кейінгі ұрпаққа оның пасық психологиясын паш етер сатира қалдырған.

Абай өз күйеу баласы Дүтбайдың да ұнамсыз мінез-қылығын, ішкі арам дүниесін терең үңіле ашқан. Ақын суреттеуінде Дүтбай бірде мұнлана, бірде сұрлана қалады. Жылмындап, жылпылдап та кетеді. Бірақ, көзге солай етіп, артынан пыш-пыш өсек жаяды. Бояудай оңып, «жын сықылды бұзылып», «тұрлауы жоқ құбылып» тұрады. Яғни айнымалы, екі сөзді. Ақын оның осы мінезін ашып, осы мінін қайталап-қайталап мойнына қояды.

Абайдың бұл өлеңдері түр жағынан – сатиралық портреттік суреттемелер. Оларда болыстардың, Тәкежан, Дүтбай және басқалардың іс-тіршілігі, жүріс-жорығы, психологиясы, келбет бейнесі ашылады. Соларға мінездеме беріліп, нендей адамдар екені айтылады.

Ақын бірсыпыра сықақ өлеңдерін басқа түр – формада жазған. Оның «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», «Антпенен тарқайды», «Бойы бұлған» өлеңдері – сатиралық шолулар. Бірінші аталған өлеңде қазақ тұрмысындағы көп міндерді аңғартады. «Алам, алам» деп аузын ашып тұрғандарды мұрнынан тізіп, сыпыра әшкерелеп шығады. Өз тұсындағы кеудесінде жаны бардың бәрінің біреуден алсам деп, жүткініп тұратын мінезін, «берем» деген жан жоқ екенін күйіне сынайды. «Антпенен тарқайды» өлеңінде де Абай ел ішін жайлаған індет-дерттерге шолу жасайды. «Ор қазып байқайды туа жау емеске» деп қазақтағы өзара қастықты, пәлекорлықты, «Пысықтар шалқайды таласып теңдеске» деп, бақталастықты әшкерелейді. Ақын мұнда жегіштікті де, өсімқорлықты да сынаған.

Абай жеке адамдардың мінез-құлқын ашуға арналған сықақ өлеңдерінде психологиялық, портреттік детальдерді, суреттемелерді орнымен пайдаланды. Сатиралық шолулар «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», «Антпенен тарқайды», «Бойы бұлған» өлеңдерінің басты белгілеріне айналған.

Әдебиет өмір шындықтарын көркем бейнелеуге негізделсе, сатирада да өнер ретінде барлық шындық-бастауы өмірден, қоғамдық жағдайдан нәр алады. Сондықтан әр кезеңде, қоғамдық қатынаста көрінетін басты мәселелер сатирада да өз көрінісін, бейнесін тауып жатады. Бірақ байқалатын бір ерекшелік – адамдық құндылықтар қай кезде де маңызды. Сондықтан да қоғамдық жағдайдың көрінісімен айқындалғанымен, адамдық құндылықтарға кереғар келетін, зиянын тигізетін барлық залалды жайлар қай заманда болмасын сатираның ескірмейтін объектісі болып табылады. Ойымызды бір ғана мысалмен дәлелдейік: жалқаулық, берекесіздік, масылдық, сараңдық, ойсыздық т.б. бұл қай қоғамда да болмасын сатираның тұрақты нысанасы.

Қорыта айтқанда, ХІХ ғасырда сатира кеңінен дамып, түр, көркемдік амал-тәсіл алуандығы айқын көрінді. Тұрмыстық эпиграммалар, сатиралық портреттік суреттемелер мен шолу бұрынғыдан да гөрі кемелденді. Сюжетті сықақ өлең, уытты арнау мен айтыс өлеңдері, зілді шумақтар сатираның әлеуметтік мәнін күшейтті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қожакеев Т. Адам. Қоғам. Сатира. – Алматы: Қазақстан, 1980. – 176б.
2. Тлеужанов М.М. ХХ ғасыр қазақ әдебиетіндегі сатиралық шығармалардың кейбір көркемдік приемдары. – Орал: Ғылым, 2009. – 158б.
3. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: КМӨБ, 1959. – 245б.
4. Сильченко М. Творческая биография Абая. – Алма-Ата, 1957.

ӘОЖ 82.415.16

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ АҚЫНДАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСЫ

АРТИКОВА З.З.

Үлгілі орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

РЫСБАЕВА Н.С.

Үлгілі орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. В статье рассматривается художественная специфика национального самосознания и лирики поэтов советского периода.

Summary. The article examines the artistic specifics of the national identity and lyrics of the poets of the Soviet period.

Поэзия–тылсым әлем, тылсым күш. Мұнайғанның жүзіне күлкі сыйлаған, бейқам көңілді тұңғыық ойға шомдырған, ғашық көңілдердің асық жүректерін бір арнаға тоғыстырған не күдірет?...Әрине, ол–поэзия.

Өлең-сөздің патшасы екендігі бұрыннан-ақ белгілі. Сонау замандағы «Алып Ер Тұңғаны жоқтау» жырынан бастап, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған Абай атамызға дейінгі һәм одан кейінгі барша ақындар осыны дәлелдеп берді емес пе?!

Поэзияның бағалылығы тақырыптардың сонылығы алуандығына емес, сол жырлаған тақырыптар көркем құндылыққа ие бола ала ма – оқырман қауым соған қарайды, сонымен бағалайды. Тақырыптың төбесі де, төмені де бар. Замана биігінің шоқтығындай халық өрлеуіне белгі болар нәрлі нышандарды қазіргі ақындар қайдан тауып, қалай жырлап жүр? Осындай үлкен сауалдардың ығында одан гөрі кішірек, бірақ мәнді сұрақтарда туындайды. Солардың бірі – ақындарымыздың бейнелеу құралдарды іздеп табудағы талаптары мен қажыр қайраттары. Тілдік ізденістер қашанда көркемдік ізденістерге саяды. Бейнелегіш құралдарға бейғам қарайтындар көп сыбағадан қағажу қалады. Іздегендер мен ізденгендер ғана олжа табады. Халық тапқырлығы тілді байыту, жаңғырту, көріктендіруге кереметтей ерекше.

Ақынның табиғи шешендігі үстіне ,ананың ақ сүті сыйлаған тілмарлығы үстіне жеке басының сөздік қоры да мейлінше бай болуы шарт екені айтпаса да белгілі. Қазіргі және ежелгі халықтардың көптеген ақыны фабула мен өлшем арасын шектемейді. Сонымен қатар, ақындық тақырыпқа ерекше өлшем қоймайды. Бұдан тек қана ежелгі гректер ғана тыс тұр. Олар әрбір ақындық тақырыпқа ерекше өлшем қолданған. Соған қарамастан өлшемнің көпшілігі жалпы болып есептеледі. Философтың поэзия өнеріне байланысты тұжырымдарында келтірілген топтауларына сәйкес өз ретімен келтірсек, ақындарды үш топқа бөлген абзал.

Біріншісінің табиғи дарыны өлеңді жазып, келісті оқуға қабілеті бар: олар поэзияның көптеген түрінде, не қайсыбір жеке түрінде бейнелілікке, тамаша теңеулер құруға керемет бейім. Бұл ақындар қандай болғанда да өлең өнерінің сын-сипатымен онша таныс емес, тек аса алғырлығымен бейімділігі арқасында жырлары ұшқыр, жүрекке жылы тиіп жатады. Бұл ақындардың туындылары мүлде кемеліне келмегендіктен немесе өнерде берік қоныс теппегендіктен, шын мәніндегі екі ой қорытындысынан үшінші қорытынды туындататындар қатарына жатпайды, тек олардың жалпы поэзиямен айналысатынына қарап, екі ой қорытындысынан үшінші қорытынды туындадатындарға қосқанның жөн-жосығы келеді.

Екінші топтағы ақындар – өлең өнерімен толық таныс: қай тәсілді таңдамасын олар қағиданың да, бейнелеу құралының да қайсысына болсын жетік келеді. Мұндайларды екі қорытындыдан үшінші қорытынды жасайтын ақындар сапына толық жатқызуға болады.

Үшіншілердің қатарына ақындар мен алғашқы екі топтағылардың шығармаларына еліктейтіндер жатады. Олар бейнелеумен теңеуде әлгілердің ізденістерін дамытып отырса да поэзияның қағидаларына онша қанық емес. Осындай ақындарда қателіктер мен мүлт кетулер жиі болып тұрады.

Үш топқа жататын ақындар шығармалары табиғи дарын мен немесе арнайы жаттығу жағдайында туындауы мүмкін. Жоқтау жазуға икемделіп, төселген адамды кейде жағдай сатира немесе басқа поэзия түрлерін де жазуға мәжбүр етеді. Сондай-ақ өнерді зерттеп, белгілі поэзия түрін меңгеріп басқаларға немқұрайды қарамайтын жанды, ерекше себептерге байланысты – өзі білмейтін түрде жазуға сыртқы не ішкі жағдай итермелейді. Дегенмен, ғажап поэзия еркіндікте тұмақ. Одан әрі ақындар өлең жазуда кемелденгендігімен не баландығымен ерекшеленеді: бұл құбылыс ақын ойының әсерімен бірге, не оқиға өрбітуімен, не өлең тақырыбына байланысты пайда болады. Ал алғашқылармен салыстырғанда ақын идеясы өте-мөте пайдалы, кейде залалды болуы мүмкін, өйткені, қажетті психологиялық қиырт кейде басым, кейде тіпті жоқ болмақ. Дегенмен, айтып отырған тұжырымда бұған қатысты майда-шүйдеге мән бермегеніміз дұрыс, қалай болғанда да, бұл этика мен физиологиялық жай күй, оның жеке салалары туралы ойларда анық айтылған. Өлең тақырыбына мән

бергенде кейде ұқсас заттарды теңегенде ұзақ сонарға түсіп кетеміз. Ал басқа жайда өзінен-өзі көрініп тұр ғой. Мұндай сәтте ақын кемелдігі мен балаңдығының темірқазығы – заттардың ұқсастығының түр- түсіне қатысы бар. Кейде қайдағы бір әрі-сәрі жазылған өлеңнің өзі нағыз шебердің туындысына бергісіз керемет өлең шығаруы таңқаларлық емес. Бірақ оның себебі тек сәйкестік пен кездейсоқтықтан деп білген дұрыс. Ондайларды екі қорытындыдан үшінші қорытынды жасайтындардың сапына жатқызуға әсте болмайды. Алайда, қазақ ақындарының қаламынан кеңестік дәуірде де көптеген тамаша жырлар мен дастандар дүниеге келді.

«Қазақ ұлттық поэзиясы өзінің жаңа белесіне көтеріліп, кең тыныс ашты. Ұлттық поэзиямызды тек қана партиялық поэзия деп, қызыл саясатты жырлаған поэзия деп біржақты бағаласақ, тарихқа қиянат жасаймыз. Ұлы Абай негізін қалаған қазақ жазба поэзиясы әлемдік әдебиетпен үндесетін биік дәрежеге көтерілді. Поэзия әлеміндегі жауһар туындыларды қазақша сөйлету өз алдына, қазақ өлең сөзінің де өрісі кеңейіп, орыс тілі арқылы әлем халықтарының тілдеріне аударылып, шартарапқа тарап жатты. Енді, бүгін, өткенге көз жіберсек, қазақ ақындарының Абайдың асқар шыңына иек арта қапталдаса созылған өркеш-өркеш сілемдеріндей Шәкәрім мен Мағжанның, Ілияс пен Сәкеннің, Қасым мен Әбділданың, Жұбан мен Сырбайдың, Қуандық пен Тоқаштың, Мұқағали мен Қадырдың, Тұманбаймен Жүмекеңнің, Төлегенмен Фаризаның, Аұштап пен Жәркеннің, Темірхан мен Жұматайдың, Жарасқан мен Күләштің, Ұлықбек пен Есенғалидың, т.б. жалғастырған жыр көштеріне қарап көз сүйсінеді, көңіл тояды» [1, 286.].

Абай ақын көрсетіп кеткен ұлы жолдың үстімен жүріп, поэзия көгінің айқанат қырандарына айналған қаншама ақиық ақындарымыз бар: М.Жұмабаев, С.Торайғыров, С.Сейфуллин... бергін келе М.Мақатаев, Ж.Нәжімеденов, Қ.Мырзалиев, Ф.Оңғарсынова, К.Ахметова, М.Шаханов... Осы аталған ақындардың (аты аталмаған қаншама жыр жампоздары бар) жыр-жауһарларының куәсі – ХХ ғасыр. Ал біз, тәуелсіз заманның жастары, кімдерді оқып жүрміз немесе қазіргі қазақ поэзиясының арналары кімдер?

Еліміз Тәуелсіздік алған тарихи күнде дүниеге келген ең алғашқы өлеңдердің бірі мынадай сыр ақтарады :

Өзіңдікі – Елің де,
Өзіңдікі – Жерің де.
Өзіңді өзің еткен
Бақ–Тәуелсіздік– төрінде!
Қарамынаға жапқа,
Теңдік тиді қазаққа –
Езгідегі ұрпағың
Енді айналмас мазаққа!

Ақын асып-тасқан көңілмен, тау қопарар қуат-күшпен, шалқыған шабытпен жыр нөсерін төккен. Тауымда, орманымда, көлімде, далам мен баламда, жарым да, жаным да, арым да, заңым да, әнім де – бәрі-бәрі тәуелсіз, азат, бостан деп шартарапқа шаттық құсын ұшырған арқалы ақынды түсінуге болады.

Егемендік пен тәуелсіздік алған жылдар ең алдымен тарихи сананы ояту арқылы басталды десек, қателеспейміз, сірә. Жаңа қоғам құру үшін өткен қоғамдағы тарихымызда нендей құндылықтар ескерусіз қалып еді, нендей асылдарымызды жарқыратып көрсете алмадық, енді жас ұрпаққа қай бағытта тәрбие берген жөн, өз тарихын өзіне қалай оқыту керек деген секілді қадау-қадау сауалдар күн тәртібіне өткір қойыла бастады. Кешегі коммунистік идеология күйрегеннен кейін оның орнына ұлттық идеологияны орнықтыру қажет дейтін пікірлер жиі айтыла бастады. Бірақ, қарама-қайшы пайымдаулар мен топшылаулар қақтығысы жүріп жатса да біздің философтарымыз бен тарихшыларымыз идеологиялық майдандағы ту ұстар идеямызды анықтап, тұжырымдауға асықпады. Ал ақын Мұхтар Шахановтың мына бір өлеңінде:

Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала,
Әр адамда өз анасынан басқа
Жебеп жүрер, демеп жүрер арқада
Болу керек құдіретті төрт ана:
Туған жері–түп қазығы, айбыны,
Туған тілі – сатылмайтын байлығы,

Туған дәстүр, салт-санасы - тірегі,
Қадамына шуақ шашар үнемі,
Және туған тарихы, еске алуға қаншама
Ауыр әрі қасіретті болса да [2, 27б.],–

деп тәуелсіз ұлттың негізгі төрт тірегі, төрт ұстыны дәлме-дәл аталған. Ал, «Төрт ана» дейтін ұғым қазақы менталитетке жұғысымды, сіңімді деу қиын. Себебі, біз аспанда Ай–жалғыз, Күн–жалғыз, адамда–Ана жалғыз, Әке– жалғыз, Туған жер– жалғыз дейтін, – Көк әлемінде Тәңірі – жалғыз дейтін наным-сенімнің, иланымның тәрбиесінде өскенбіз. Бізге «төрт ана» ұғымы жат. Бұл әлгі көп «құдайлары» бар елдердің пайымдауларымен сәйкесер, бәлкім...

Егемендік, Тәуелсіздік тақырыбы сол Егемендік пен Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін кілт тиылса керек еді, жоқ қайта өтпелі кезеңдегі өткелектерден шыдам-төзімінің арқасында халқымыз аман-есен өткеннен кейін, бұл тақырып қайтадан үздіксіз жыр арқауына айналып жүре берді.

Қазіргі қазақ поэзиясы мағыналық, құрылымдық жағынан жаңа бір сипатта дамып келе жатқаны сезіледі. Өлеңнің түрленуі, сөздің талғампаздығы, бейнелілік, автордың поэтикасы, ақын жеке «меніне» сұрақ қоя білуі, солар арқылы қоғамдағы қайшылықтарды, ақтара білуін баса айтуымыз керек. Мұндай жаңалықтар әдебиет тарихының қай дәуірінде де болған. Алайда, өлең өрісіндегі ізденістер бір-біріне ұқсамайды. Қазіргі қазақ поэзиясының постмодерндік сипатта дамып, өрістеуіне бір шама жылдар ізденістер қажет болды. Қазіргі қазақ поэзиясының эстетикалық, ырғақтық түрленуіне аға ақындар С.Ақсұңқарұлы Ж.Ерман, Б.Жақып, Е.Раушанов, Т.Әбдікәрімов, С.Томанов, Г.Салықбай, А.Ыбыраев, Б.Үсенов, М.Райымбекұлы үлкен әсер етті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Иран-Ғайып.Жыр әлемі.–Алматы:Атамұра,2004.–352б.
- 2.ШахановМ.Жаңақазақтар.–Алматы:Білім,2000.–224б.

ӘОЖ 82.345.65

Ш.МҰРТАЗАНЫҢ «ҚЫЗЫЛ ЖЕБЕ» РОМАНЫНДАҒЫ ТҰРАРДЫҢ БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ

АМАЛБАЕВА ЗАМИРА ИСАХАНОВНА

№39 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.,

Резюме. В статье раскрывается роль и место прозы Шерхана Муртазы в жизни общества, национальной культуре, раскрываются языковые данные, характеризующие ее. Кроме того, были проанализированы вопросы о роли романа Ш. Муртазы «Красная стрела», о продолжении художественных изысканий и традиций.

Summary. The article reveals the role and place of Sherkhan Murtaza's prose in the life of society, national culture, and reveals the linguistic data characterizing it. In addition, questions were analyzed about the role of S. Murtaza's novel "Red Arrow," about the continuation of artistic research and traditions.

Егер адам көркемдік дарынмен туылса, онда осы дарынды іске асыру әр адамның өмірлік жолы мен жеке мүдделеріне байланысты екенін белгілі. Әйгілі классик Э.Хемингуэйдің айтуынша, адамның бақытсыз балалық шағы және ол кездескен көптеген қиындықтар жазушының қалыптасуына жақсы әсер етеді, қосымша сюжет, жаңа идея береді. Э.Хемингуэйдің бұл пікірімен келіскендер де, оған қарсы шыққандар да бар. 20 ғасырдың классикалық қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармаларынан осы пікірге сәйкес келетін заттарды табуға болады. Балалар әдебиетінің жарқын жұлдызы Б.Соқпақбаев, халық жазушылары С.Мұратбеков, Ш.Мұртаза

сияқты дарынды адамдардың өмірі мен шығармашылығының арасында керемет және әсерлі рухани көпір салынғаны белгілі. Шерхан Мұртазаның шығармашылығы журналистикадан бастау алды.

Ш. Мұртаза қазақ әдебиетіндегі жаңа дәуірдің, әлеуметтік мазмұнның, жаңа классикалық әдебиеттің тақырыбы мен идеясының және көркемдік сапасының жарқын өкілдерінің бірі болған. Ол әлеуметтік дүниетаным, тарихи мақсаттар, эстетикалық-көркемдік құрылым бойынша әртүрлі сипаттамалары бар сөйлеу өнерін жасады, қазақ әдебиетіндегі реализм әдісін берік бекітті. Ол туған халқына үлкен сүйіспеншілікпен қарап, оның тұрмысына, салт-дәстүрі мен мәдениетіне көңіл бөлді. Оның осы болашаққа деген сенімімен суретшінің уақыт әсеріне және жаңа өмірдің ауыртпалығына толы адамға деген құштарлығы байланысты. Оның үстіне, Шерхан шығармаларының салмағы тек осында ғана емес. Себебі, жазушының жек көретіні, не қабылдамайтыны, қандай моральды дамытқысы келетіні соншалықты ашық және анық. Суретші қайғылы немесе күйзеліске ұшыраса да, көңілді үміттерді оятып, алыс армандарды қоздырып, сосын шығарма жасайтыны құпия емес. Ш. Мұртазаның осындай шығармаларының бағытын, идеялық ерекшелігінің құпиясын жақсы түсіну үшін оларды оның шексіз өміршеңдігі мен құштарлығы айқын көрінетін шығармалармен бірге қарастыру қажет.

Шерхан Мұртазаның шығармашылығы жан-жақты, оның әрбір шығармасын іс-қимылға басшылық ретінде қарастыруға болады. Оның үстіне барлық әңгімелер, әңгімелер, мақалалар мен сұхбаттар оқырмандарға ең жағымды әсер етеді, өйткені олар адал өмір сүруге, жақсылық жасауға және әділеттілікті бекітуге үйретеді. Ол керемет жарқын және өте адал адам болатын. Бірінші кезекте, Шераға өзінің алдында адал болып, өзінің жақындарынан, достарынан және онымен бірге жұмыс істегендерден де солай талап етті. Және бүгін ол туралы жақсы сөйлейді, себебі ол әдеттегідей емес, осы тамаша адам, ұлы жазушы және қоғам қайраткері шынайы ризашылық пен таңданыс сезімін тудырады.

Шерхан Мұртазаның шығармашылық шеберлігі шындалып, үлкен суреткерлікке көтерілгенін танытатын айтулы еңбегі – бес кітаптан тұратын «Қызыл жебе» роман-эпопеясы. Бұл өзі туған әдебиетіміздегі көп томдық романдар дәстүрін сәтті жалғастырған және осы бағытта өзіндік бетбұрыс жасаған шығарма болды. Жазушы Тахауи Ахтанов «Қызыл жебе» романы туралы былай дейді: «Жаңа романда Шерхан тіл жағынан да өсіп, байи түскен. Кейіпкерлердің өз болмыс-мінезіне сай сөз саптауынан, табиғат суреттерінен авторлық баяндау тебіреністерден бүгінгі проза дәрежесіндегі салиқалы кеңдік, шымыр шырақтық сияқты тіл мәдениетін танымыз».

Демек, қаламгердің шеберлігін Тұрар Рысқұлов образын нағыз ұлттық болмысқа ұштастырып жазуынан-ақ көруге болады.

Тарихи-революциялық тақырып аясында жазылған «Қызыл жебе» роман-эпопеясының бірінші кітабынан соң, араға жылдар салып келесі кітаптары да жарық көрді. «Тамұқ» аталған соңғы кітабы 1994 жылы оқырмандар қолына тиді. «Қызыл жебе» роман-эпопеясы қилы заман тудырған, сол аласапыранда халқым деп қабырғасы қайысқан Тұрар Рысқұловтай ұлы тұлғаның өмір жолын негізге ала отырып, халық басынан кешкен ауыр сәттерді бар шындығымен көрсетуге ұмтылады. Сол себепті, Тұрар Рысқұлов тағдыры – халық тағдыры. Оның өмір жолындағы басынан өткен шындықтар халық тағдырындағы, тарихындағы шындықтарды елестетер еді. Сөйтіп роман-эпопеяның соңғы кітаптары («Қыл көпір», «Тамұқ») бүкілхалықтық трагедияны суреттеп көрсеткен, азалы кезең келбетін көз алдымызға алып келген келісті туындылар болып шыққан.

Жалпы, Шерхан Мұртазаның көркем шығармаларында дәуір тынысын бейнелеуі жазушылық шеберлігіне ғана емес, өмірді қаншалықты терең зерттеп білуіне де тікелей байланысты. Жазушы асқақ рухты көркем шығармаларында суреткерлік шеберлікпен көрсете білді.

Шындығында, оқырман қауым Т. Рысқұлов жайлы біраз жағдайларға қанық болғанымен, оның өмір жолын түгел қамтитын, ұлт мақтанышы бейнесін жоғарыдан көретін туынды әлі дүниеге келе қоймаған еді. Сол кезеңде зиялысынан адасып қалған ұрпақты ардақтысымен қауыштыра Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романы әдебиет әлемінің есігін ашты. Романның негізгі кейіпкері – Тұрар Рысқұлов. Автор оның жас шағынан бастап өскен ортасын, өмірден көрген-түйгенін, алған әсерін жан-жақты кең, байсалды суреттейді. Жастайынан көрген қиыншылық, жеген таяқ, аянышты тіршілік пенде атаулының пешенесіне жазыла бермейтін қатал тағдырды танытады. Тұрар қаршадайынан әкесі Рысқұлды өзіне үлгі етіп өсті. Ол әкесінің турашылдығын, күштіден күбіжіктемейтін, мықтыдан ықпайтын тәкаппарлығын, жарлымын деп жасымайтын мінезін ұғып өсті. Оқырман алғашқы кітаптан-ақ, болашақ большевиктің мінезі

қандай ортада, қалай қалыптасқандығы туралы жанымен ұғып, көңілмен танитын мол мағлұматтаралады.

Бүкіл тіршілігінде адамгершілік, азаматтық парыз бен асқақ мұраттар жетелеген Тұрар Рысқұловқа мансап креслосы емес, туған халқының өмірлік мүддесі биік. Ол сол үшін небір қиындыққа нартауекел етеді. «Буыршын мұздан тайған» талай қиын жағдаяттар мен күндерде Тұрар Рысқұловты аман алып шыққан да оның иманы зор, парызы биік, мүддесі асқақ, адал да әділ күрескер тұлғасы еді. Сондықтан болар, суреткер Ш. Мұртаза өзінің бас кейіпкерінің бойындағы әрі азаматтық, әрі қайраткерлік абзал қасиеттерді шанайы бейнелеп бере алған. Міне, өмірде тарих аренасында орын алған шындықтар нәтижесінде ашаршылыққа қарсы коммунистік патриоттық, азаматтық, қайраткерлік күрестің басты мазмұны – романдағы Т.Рысқұловтың өмірлік те, көркемдік те тұлғасын ірілендіріп тұр деп толық айта аламыз.

Ш.Мұртаза – ел өмірі, ұлт тағдыры, тұрмыс-тіршілігі, жақсысы мен жасығы туралы кестелі ойларын ортаға салып, қазақ әдебиетіндегі публицистика жанрының дамуына сүбелі үлес қосқан бірегейлердің бірі. Шебер жазушы Шерхан Мұртаза Тұрар бейнесін көз алдымызда қол жетпес биікке көтерген жан. Бес том кітап арнап отырып, жазушының өзі: «Тұрардың өз деңгейінде зерттей алған жоқпын. Т. Рысқұлов әлемі – шексіз, шетсіз әлем. Оның мұхитына сүңгу енді сендердің еншілерінде», - деген. Бұл да ұлылар айтуға тиіс сөз сияқты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұртаза, Ш. Жеті томдық шығармалар жинағы. 7-том [Мәтін] / Ш. Мұртаза. – Алматы: «Қазығұрт», 2005.
2. Қазақтың Шерағасы. Көп томдық жинақ. 10-том [Мәтін]. – Тараз: «ТИГУ баспаханасы», 2018.
3. Кембаева А., Саурықов Е. Шерхантану [Мәтін]: оқу құралы / А. Кембаева, Е. Саурықов. – Тараз, 2018.

ӘОЖ 81-119

МАҒЫНАСЫ ЖАҒЫНАН ҰҚСАС АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІН ТАЛДАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ АУДАРУ

САДУОВА ГАЛИЯ МАМИХАНОВНА

Мыңатай Қыстаубайұлы атындағы орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Данная статья посвящена изучению особенностей перевода пословиц с английского на казахский язык и отражает особенности и трудности перевода казахско-английских пословиц и поговорок, схожих по смыслу. В работе проведен текстовый анализ пословиц и поговорок, духовная и материальная культура которых привела к общему и особому понятию в познаниях двух народов.

Summary. This article is devoted to the study of the peculiarities of translating proverbs from English into Kazakh and reflects the peculiarities and difficulties of translating Kazakh-English proverbs and sayings similar in meaning. The paper provides a textual analysis of proverbs and sayings, the spiritual and material culture of which led to a common and special concept in the knowledge of the two peoples.

Мақал-мәтелдердің шығу төркіні, тілде қалыптасуы деген мәселеге келер болсақ, оның күрделілігі де, түпдеректі қалтқысыз табудың қиындығы да түсінікті. Дегенмен, қазақ халқының рухани қазынасын, сөз маржандарын қалыпқа келтіру барысында елеулі еңбек сіңірген Б.Адамбаевтың “мақал-мәтелдер әуелде аузы дуалы жеке кісінің аузынан шыққанымен, біреуден біреуге, ұрпақтан-ұрпаққа ауыса жүріп өңделген, өзгерген, бүкіл елге тарап, оны халық ақиқат деп таныған қағидаға, тіпті ережеге-заңға айналған” [1] деген ой-тұжырымымен толық келісуге болады. Тарихи деректер, ғылыми ізденістердің нәтижелері, танымал ғалымдардың пайымдаулары да жоғарыда айтылған пікірмен өзектес. Себебі, кез келген сөз ұрпақтан ұрпаққа жетіп, ақиқат ретінде таныла бермесі хақ. Өз дәуірінің озық ойлы кемеңгерлерінің халықтың көкейінен шығатын, ұтқыр ойы бейнелі, өткір сөзі ғана кеңінен таралып, танымал болуы мүмкін. Тарихи

деректер, ғылыми ізденістердің нәтижелері, танымал ғалымдардың пайымдаулары да жоғарыда айтылған пікірмен өзектес. Себебі, кез келген сөз ұрпақтан ұрпаққа жетіп, ақиқат ретінде таныла бермесі хақ. Қазақтың “Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би” деуі де сондықтан. Мұндай ақыл иелері халықтың мүддесін ойлаған, үлгі өсиет ретінде кеңес беріп, мұңды-шерлі жүректерді жұбатып, толып-тасығанның төгілетінін ескертіп, жастың өсетініне, жарлының байитынына, қиянаттың қияметке қалдырмайтынын сендірген. Халықтың дана билері мен шешендерінің бір кезде аузынан шығып, кейіннен ел аузында мақал-мәтел ретінде қолданысқа енген сөздерінен бірер мысал келтірейік.

Сондай-ақ, халықтық мақал-мәтелге айналып, жиі қолданылып жүрген “Көпті қорлаған көмүсіз қалады” тіркесінің Әйтеке бидің, ал “Бұлақ көрсең көзін аш” Бәйдібек бидің дуалы аузынан шыққан тілдік бірліктер деген деректер бар, мұндай мысалдарды әрі қарай тізбектеп, қатарын көбейте беруге болады.

Зерттеу барысында ертегі, аңыз әңгімелер негізінде қалыптасқан мақал-мәтелдердің де аз еместігі байқалды. Мысалы: *Түйе бойына сеніп, жылдан құр қалыпты; Аяз би әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл* т.б. Тілімізде жұмбақтардан бастау алатын мақал-мәтелдер кездеседі: *Сырты бүтін, іші түтін* (оқ); *Қараңғы үйде қабан күркіреді* (диірмен); *Күндіз бар да, түнде жоқ* (көлеңке), т.б. Бұл жұмбақтардың кейде жұмбақтық негізінен «қол үзіп», фразеологиялық тіркес, мәтел ретінде де қолданысқа енгені анықталды.

Рухы биік, ойы көркем, тілі шұрайлы, идеясы, мән-мазмұны терең, кесек туындыларымен ерекшеленетін дарынды ақын-жазушылардың, дара тұлғалардың көңіл түкпірінен шыққан пікір-пайымдаулары да жалпыхалықтық қорға еніп, тұрақты қолданысқа, мақал-мәтелдік сипатқа ие болуы мүмкін. Мысалы:

Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей; «Шешеннің тілі - шебердің бізі» т.б. (Абай); *Азға қанағат етпесең, көптен құр қаларсың* (Ыбырай); *Берекені көкпен тілеме, еткен еңбектен тіле* (М.Әуезов); *Жасыңда көргені жоқтың, өскенде айтары жоқ* (Ғ.Мұстафин) т.б. Мысалы: *«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей»*; *«Шешеннің тілі - шебердің бізі»* т.б. деген Абай сөздері халық арасында мақалға айналып, кеңінен қолданыс тапқан. Сондай-ақ, Ыбырай қаламынан шыққан *«Атаңның баласы болма, адамның баласы бол»*; *«Аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың»* (Әке мен бала әңгімесі); *«Азға қанағат етпесең, көптен құр қаларсың»*; *«Ауырғаннан аяған күштіріек»*; *«Байлық - қанағатта»* (Қанағат әңгімесі) т.б. сөздері де халық арасында мақал-мәтел ретінде айтылып жүргендігіне көз жеткіздік. Сонымен қатар, Жамбылдың *«Шешен кісі сөз бастар, Адал кісі ел бастар»* және т.б., М.Әуезовтың *«Ақыл – адам көрігі, ақылдың сабыр серігі»*, *«Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен»*, *«Берекені көкпен тілеме, Еткен еңбектен тіле»*, Ғ.Мұстафиннің *«Сөз - ойдың айнасы»*, *«Жасыңда көргені жоқтың, өскенде айтары жоқ»*, С.Дөнентаевтың *«Тіл – көңілдің тілмашы»* тәрізді ақын-жазушылар қаламынан шыққан ұлағатты сөздері қазақтың мақал-мәтелдер қорын байытуға қосылған зор үлес.

Зерттеу нәтижелері қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің ауқымды бір тобы қасиетті кітап Інжілге байланысты қалыптасқан. Халық арасында кеңінен таралып, көп оқылғандықтан, Інжілдік тізбектердің ауқымды тобы, тұлға тұрақтылығы, тіркес тиянақтылығы тәрізді белгілердің арқасында қолдануға даяр тілдік бірлікке айналған. Зерттеу барысында олардың бір бөлігінің түпнұсқадағы қалпын берік сақтағандығы, еш өзгеріссіз қолданылатындығы айқындалады. Мысалы: *You cannot serve God and mammon* (сөзбе-сөз аудармасы: Сен Құдай мен мамонаға бірдей қызмет ете алмайсың); *Ескерту: әрі қарай қысқаша – с.с.а. түрінде беріледі.

A soft answer turneth away wrath (с.с.а.: Жұмсақ (жылы) жауап ашуды қайтарады), *The spirit is willing, but the flesh is weak* (с.с.а.: Жан қалайды, бірақ дене әлсіз); т.б. Түп-төркіні Інжілге барып саятын мақал-мәтелдердің сәл өзгеріске ұшыраған түрлері де кездеседі. Мысалы: *Saw the wind and reap the whirtwind; Spare the red and spoil the child; You cannot make bricks without straw.*

Ағылшын мақал-мәтелдерінің Інжілден кейінгі негізгі қайнар көзі В.Шекспир шығармалары. Ағылшын мақал-мәтелдер қоры Шекспир шығармаларындағы цитаталар арқылы едәуір байыған. Бірқатар ғалымдар тобы ағылшын мақал-мәтелдерінің гүлдену дәуірі Шекспир өмір сүрген заманмен тұстас келеді деген пікір айтады [2]. Шекспир шығармаларында жазылған біршама мақал-мәтелдер оған дейінгі дәуірде де қолданылған болуы мүмкіндігін де естен шығаруға болмайды. Десек те, бұл мақал-мәтелдер Шекспирге дейін ауызша айтылып, еш жерде жазбаша тіркелмегендіктен жазба тіліне алғаш рет Шекспир шығармаларымен еніп, кейінгі ұрпаққа осы шығармалар арқылы жеткен. Әлі күнге дейін ғалымдар қай мақал Шекспирге дейін қолданыста болған, мақалға айналған қай цитат Шекспирдің өз туындысы, жазушының данышпандығы мен тапқырлығының жемісі деген сұраққа жауап іздеуде. Осы уақытқа дейін Шекспирге телініп келген

“*Brevity is the soul of wit*”, “*Sweet are the uses of adversity*” тәрізді кейбір мақал-мәтелдердің Шекспирге дейін ауыз әдебиетінде қолданыста болғандығы жөнінде азын-аулақ деректер табылғандығына қарамастан бұл сұраққа ғылымда нақты да толық жауап әлі де алынған жоқ [2].

Дүние жүзі тілдерінің сөздік қоры тәрізді ағылшын тілі паремиологиялық жүйесі де басқа тілдерден, мысалы, латын, француз, испан тілдерінен енген мақал-мәтелдермен толығып отырғаны анық. Олардың бір бөлігі ағылшын тіліне кірігіп кетсе, келесі бөлігі басқа тілден енген бастапқы қалпын сақтап қалған. Мысал ретінде, француз тілінен енген “*Chercher la femme*” (с.с.а.: әйелді ізде), яғни “қандай жамандық болса да, оның себебін әйелден іздеу керек” деген ұғымды білдіретін, ішкі формасы көмескіленген тілдік орамды келтіруге болады. Бұл тәрізді басқа тілдерден енген, қолдану жиілігі өте жоғары мақал-мәтелдер көптеп саналады. Мысалы, фр. *Honi soit qui mal y pense* (с.с.а.: Кімде жаман ой болса, күнә сонда); лат. *Noblesse oblige* (с.с.а.: Текті жерден шыққан соң, тегіне сай игілікті іс істеуге тура келеді); лат. *Vino Veritas* (с.с.а.: Шындық - шарапта); лат. *Verb. Sap.* (с.с.а.: Ақылдыға бір ауыз сөздің өзі жеткілікті); лат. *Caveat emptor* (с.с.а.: Сатып алушы, сақ бол) т.б.

Ақын-жазушы, саясаткерлердің ұтымды, үйлесімді айтылған қысқа, әрі нұсқа, айшықты сөздері де ағылшын тілінің сөздік қорын байытуға едәуір үлес қосқаны белгілі. Мысалы: *The customer is always right* (с.с.а.: Әрқашан тұтынушыныкі дұрыс) тіркесінің 1857 жылы Америка Құрама Штаттарында дүниеге келіп, кейінірек Британия азаматтығын алған, Еуропадағы ең үлкен сауда орталықтарының бірі “*Сэлфриджезді*” (Selfridge’s) ашқан Г.Сэлфриджге тиесілілігі жөнінде деректер бар [25,96.]. Себебі, оның барлық дүкендерінде “*The customer is always right*”, яғни “әрқашан тұтынушыныкі дұрыс” деген қатаң қағида қалыптасқан. Көпшілік көңілінен шыққан осы сөз кейіннен халық арасында жиі айтылып, дәстүрлі қолданысқа енген. Сондай-ақ ағылшын ғалымдарының пайымдауынша бүгінгі күні қолданыс жиілігімен ерекшеленетін “*Money talks*” (с.с.а.: Ақша сөйлейді) мақалы О.Генридің 1915 жылы басылып шыққан “*The tail of a tainted tenner*” шығармасы негізінде қалыптасқан [25,116.]. Ағылшын тілінде бұл тәрізді қолдануға даяр, астарлы “авторлы” тіркестердің мол қоры бар. Сонымен, ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдердің ауқымды бөлігі қасиетті кітап Инжілден, ал келесі бөлігі дарынды Шекспир сынды көркем сөз шеберлерінің, халыққа танымал ақын-жазушылардың туындыларынан, сондай-ақ көрнекті саясаткерлер сөздерінен бастау алғандықтары байқалады.

Қортыа келе, қазақ және ағылшын паремиологизмдерінің мынадай негізгі бастау көздерін атап өтуге болады.

Қазақ тілі:

1. Майқы, Төле, Қазыбек, Әйтеке сынды қара қылды қақ жарған билердің, от ауызды орақ тілді шешендердің, ел бастаған көсемдердің есімдеріне байланысты қалыптасқан мақал-мәтелдер;

2. Ауыз әдебиеті үлгілерінің, аңыз әңгіме, жұмбақ, ертегілердің негізінде қалыптасқан мақал-мәтелдер;

3. Аса көрнекті ақын-жазушылардың, қоғам қайраткерлерінің мақал-мәтелдік сипатқа ие болған мазмұнды сөз үлгілері;

4. Халықтық наным-сенімнен, діни мазмұнды шығармалардан, жыр үлгілерінен бастау алған мақал-мәтелдер;

5. Кірме мақал-мәтелдер (араб, парсы т.б.)

Ағылшын тілі бойынша:

1. Зерттеу нәтижелеріне сүйенер болсақ, ағылшын мақал-мәтелдерінің құнарлы бастау көзі қасиетті кітап Инжіл болып табылады;

2. В. Шекспир сынды ағылшын классикалық әдебиетінің ұлы тұлғаларының шығармаларынан таралған, тұрақты қолданысқа ие болған орамдар;

3. Өзге мәдени қоғамдастықтардан ауысқан мақал-мәтелдер;

4. Саяси тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің көркем өрілген, мәні зор үлгілері.

Қазақ және ағылшын паремиологизмдерінің түпдеректеріне қатысты негізгі айырма мынада: Қазақ мақал-мәтелдерінің ауқымды тобы жеке тұлғаға (би, шешен, ақылгөй, дана қариялар т.б.) байланысты қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа ауыша таралып отырған. Ал ағылшын мақал-мәтелдерінің негізгі бұлағы діни ағым, қасиетті кітаптан тараған ұлағатты сөздер болып табылады және сондай-ақ Шекспир сынды ұлы тұлғалардың айшықты, мәнді сөз үлгілері ерекше орын алады.

М.Әлімбаев: “Мақал дегеніміз – өмір құбылыстарын жинақтайтын және типтендіретін, бір немесе екі бөлімнен құралып, алдыңғысында шарт немесе жалпы пайымдау, соңғысында қорытынды, түйінді пікір айтатын бітімі бекем, өте ықшам, бейнелі әрі ырғақты халық нақылы,” –

деген өте орынды пайымдауында мақал табиғатына тән ерекшеліктердің барлығы тұтастай қамтылған [3]. Мысалы:

Better late than never,

Ештен кеш жақсы.

A good wife makes a good husband

Жақсы әйел жаман еркекті адам етеді.

Better die stunding than live kneeling

Тізерлеп өмір сүргенше, тік тұрып өлген артық.

Қ.Аханов: “Мәтелде ой-пікір, топшылау мақалдағыдай, тікелей кесіп айтылмайды да, образды түрде жанамалай айтылған ишара болады,” – деп түйеді [3]. Ғалым М.Ғабдуллин: “Егер мақалда дәлелдеу мен қорытынды пікір бірдей келіп отырса, мәтелде бұл екеінің бірі ғана болады,”

- деген пікір айтады [2]. М.Әлімбаев мәтелді: “Мәтел дегеніміз – халықтың арасында көп тараған, қорытындысы болмайтын, тұжырымы тиянақталмаған, қарама-қарсы шендестіруі жоқ ықшам да кестелі халық сөзі,” – деп түсіндіреді. Мысалы: *Құрғақ қасық ауыз жыртады; Анама жездем сай, т.б. All one's geese are swans. (с.с.а. Біреудің қаздары аққудай). The shoe is on the other foot (с.с.а. Басқа аяқтағы аяқ киім). That's the horse of another colour (с.с.а. Ол – басқа түсті ам). Do you see any green in my eye? (с.с.а. Менің көзімнен жасыл көріп тұрмысың?)*

Сонымен, мақал белгілі бір ұғымды тікелей білдірсе, мәтел жанамалап, меңзеп, тұспалдап жеткізеді. Мысалы: Көрмегенге көсеу таң; Мұртқа өкпелеп жүргенде, сақал шықты; т.б.

Демек, мақал дегеніміз – халықтың ғасырлар бойы жинақтаған өмір тәжірибесінің бір ауыз сөзбен берілген қорытындысы, түйіні. Мақал белгілі бір ұғымды тікелей білдірсе, мәтел жанамалап, меңзеп, тұспалдап жеткізеді. Мақалда айтылар ой тура не астарлап айтылады.

Мақал-мәтелдердің авторы болмайды, нақыл сөздердің, қанатты сөздердің авторы болады. Мақал-мәтелдердің шешендік сөз үлгісіне қарағанда мазмұны жалпы болады. Мақал-мәтелдер өзге тұрақты сөз орамдарына (қанатты сөз, т.б.) тұлға жағынан ықшам, мазмұн жағынан әмбебап болады. Мақал-мәтелдер өзге сөз орамдарына қарағанда әлдеқайда тұрақты, тиянақты болып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.В.Н.Комиисаров. Современное переводоведение. – М.: 1980. – 11б.

2.Ө.Ә. Айтбаев. Тіл және аударма. Қазақ ССР Ғылым академиясы, Тіл білімі институты. Терминдер және олардың аудармасы. – Алматы: Ғылым, 1990. – 131б.

3.Қ.Алпысбаев, Т.Қазыбек. Қазақ аудармасының теориясы мен тәжірибесі: оқу құралы, ҚҰУ. – Алматы, 2001. – 291б.

4.Гутнер «Пособие по переводу с английского языка на русский» М, «Высшая школа» 1982. – 321б.

ӘОЖ 821.512.122

ҚАЗАҚ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ХАРАКТЕР МЕН ЖАҒДАЙ

ДИНКЕЕВА АСЕЛ ЗАМАНБЕКОВНА

Мыңатай Қыстаубайұлы атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассмотрены вопросы, касающиеся ситуации и характера в казахских художественных произведениях, а также рассмотрены вопросы, связанные с ситуацией и характера в литературоведении.

Summary. The article discusses issues related to the situation and character in Kazakh works of art, as well as issues related to the situation and character in literary studies.

Шығармада такырып пен идея ара қатынасын гармониялық түрде бейнелеу мәселесі күн тәртібіне бүгін ғана қойылып отырған жоқ. Өйткені көркем әдебиеттің негізгі нысанасы адам өмірінің ақиқатын мүмкіндігінше толық, әсерлі етіп таныту. Осы орайда авторлардың ұнамды деген кейіпкердің басына барлық жақсылықты жиып беріп, кіршіксіз періште еткен кездері болған. Ал сынайтын адамына жамандық атаулыны төндіреді. Бұндай тәсілмен көркем туындының қадірі, әсері артпаса керек. Қайта бұл қаламгерлердің өмір байланыстарын терең

зерттемей, үстірт жазғандарының айғағы деген пікір көркем шығарма табиғатын жете меңгеру – идеяның жетілу процесін, өсу бағытын айқындайтынына мысал.

Нақтылы өмір материалын, қаһармандар характері қалыптасатын органы, жағдайды білу керектігін М. Әуезов арнайы атап көрсетеді: «Жазушы неге нашар жазады? Мұның себебі біреу ғана емес. Ең әуелі өмірді нашар білу бар. Жазам деген ортадан сыртқары тұрып жазуға болмайды. Өзің таңдап алған материалды сүю ғана емес, барлық шетін, нәзік жайларына дейін түгелімен қиялдап та іштен кеміру шарт. Таңдап алған ортасын және тиісті байланысты жайларын сүйіп сезінген көңілге ғана шыншыл, терең, сенімді суреттер сай келеді» дейді [1, 96б.].

Шынында да көркем шығарма нақты бір ортадан тысқары тұрып жазылмайтындықтан, сол ортаға тән ерекшеліктер туынды идеясына сай мінездің бойына жинақталатыны жөнінде Н. Ғабдуллиннің «Уақыт сыры» атты еңбегінде «Адам мінездерін жағдай жасайды. Сондықтан көркем шығармада геройдың мінездерін беталды ойша қарастыруға болмайды. Автор адам мінездеріндегі кездейсоқ жайларды теріп немесе кейіпкердің сырт бітімін күлкілі етіп көрсетумен адам мінездерін жасай алмайды, бұл үшін өмір шындығына терең бойлап, белгілі бір әлеуметтік ортаға тән сипаттарды жинақтап, образ арқылы көрсету керек» [2, 65б.], – деген пікіріне назар аудару керек сияқты. Сонымен қатар Р. Бердібай: «Көркем әдебиет қаһармандарының жасалу шарттылығы – аса күрделі теориялық мәселелердің бірі. Шығармада тұлғалардың толысып шығуын көптеген тәсіл - амалдар шешеді» деген пікір характер жасау бір ғана жолмен шешілмейтінін ескертеді. Ғалымның характер жасау үшін жазушыға қажетті теориялық білімнің бірі жағдайды жан - жақты таныту қажеттігі туралы тұжырымдары көңілге қонымды. Ол аталмыш еңбегінде «характердің жетілу процесін, өсу бағытын белгілейтін жағдай» [3, 89б.], – деп орынды пікір айтқан. Қазақ романдарында осы жағдайға көп мән бермейтіндіктен көркемдік талап орындалмайды. Оқырманды иландырмайтын, сендірмейтін туындылардың басты кемшілігі автордың жағдайды тани алмауынан, суреттеп бере алмағандығынан шығып жататына назар аударады. Характердің негізгі әлеуметтік әрекетіне түрткі болған жағдайды толық аша білу – көркем туындының негізгі шарты деген көзқарасты қолдау қажет.

Жағдай көркем шығармада нақты бір сәт (ситуация) арқылы да көрінуі мүмкін. Жағдай ұғымын түсіну үшін оның астарындағы мінездің ашылуына тікелей қатысты компоненттерді (тартыс , сәт , оқиға) білу шарт .

Көркем туындыда характер мен жағдайдың тоғысар бір жері – тартыс. Жағдай мен мінездің түйісу тұсы қақтығыс, перипетия десек, тартыс үстінде характер де, жағдай да дамидыны белгілі. Конфликт барысында оқырман да характерді жан - жақты тани алады. Сонымен бірге сан қилы қақтығыс арқылы автор да адам болмысының мағыналық қабаттарын аша алады , оған қоса тартыс көркем мәтіндегі характерлерді топтау, даралау, жинақтау қызметін атқарады деп жүрген пікір орынды сияқты .

Тартыс үстінде жағдайлар жиі өзгереді, перипетиялық іс - әрекет барысында адамның бұрын байқала бермеген қырларын көрсету үшін жазушылар жағдайдың сипатын ауыстырып отырады, яғни коллизия мен перипетияларды дамыту, оларды жаңаша құрастыру арқылы объективтік және субъективтік жағдайлардың тарихи - әлеуметтік астарына үнілу мүмкін болатынын білетін қаламгерлер аз болмаған, олардың жетістіктері де баршылық .

Тартыс шығармадағы бүкіл оқиға мен характердің дамуын қозғалысқа келтіретін негізгі күш деп тану артық емес. Тартыс адамның сын сәтте көрінетін ішкі рухани адамгершілік сапасын, бойындағы көмескі , кейде мән беріле бермейтін белгілерін жинастырып мінездің ашылуына септігін тигізетін қасиетке де ие. Осы орайда сөзіміз дәлелді болу үшін мына бір пікірді келтіру орынды сияқты: «тартыс» – өмірдегі қайшылықтардың өнерде көрінісі, адам тіршілігіндегі түрліше қарама - қарсылықтардың, адамға тән әр түрлі көзқарастағы, идеядағы, сенімдегі нанымдығы, іс - әрекеттегі мақсат- мүддеге кереғар құбылыстардың өнер туындысындағы жинақталуы, суреттелуі.

Жиырмасыншы ғасырдың басындағы әлеуметтік - қоғамдық жағдайдың әдеби үдеріске әсері айтарлықтай болды. Ғасырдың алғашқы жылдары қазақ прозасында негізінен характер мен жағдайдың байланысының мынадай түрлері байқалады.

а) Қалыптаса бастаған жағдайды өздері өзгертуге мүдделі жігерлі мінездер (мысалы , ауылды сауаттандыру , колхоздастыру , т.б.) .

ә) Қазан төңкерісінен кейінгі орнаған кеңестік жаңа жағдайларды қабылдағысы, өзінің бұрынғы мұратына адал, көзқарастарын өзгерткісі келмейтін бейнелер.

б) Кейбір шығармаларда қалыптасқан жағдай мінездерге пәрменді әсер ете алмайтын болғандықтан, бұл ретте характерді жан - жақты ашу үшін жасанды жағдайлар жасалынды .

Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары әдеби процесте революция ғана қоғамдағы жағдайдың көрінісі ретінде айқындалып, көптеген шығармаларда негізінен «мінез бен тобыр», «мінез және халық» сияқты ұғымдар жетекші орында болды. Бұл жағдайда кейіпкер тек әлеуметтік тұрғыдан анықталып, қалыптасуы маңызды еді.

Атап айтар болсақ, Ж. Аймауытовтың 1922-1923 жылдары жазылған «Өмір деген осы ма», «Тұмарбай мен қатыны», «Елес» тәрізді әңгімелері сол жылдардың қоғамдық сипатын толық ашып бере алатын туындылар.

Саяси - әлеуметтік түбегейлі өзгерістер дәуірінде туған шығармалардың көбі Қазан төңкерісі әкелген өзгерістердің қазақ ауылы мен қала өміріне әсері сан - қырлы болғандығын суреттеді. Ж.Орманбаевтың «Жылқышылары», Ө.Тұрманжановтың «Қошан кедейінен» мұны көруге болады. С.Садуақасовтың «Күлпәш», «Күміс қоңырау», «Салмақбай» сияқты әңгімелерінде қала мен ауыл өмірінің өзгеше сипаттары суреттеледі. «Күміс қоңырау» повесіндегі Сәлима сияқты еркіндікті, бостандықты аңсаған қыздың тағдыры суреттелген. Жаңа өмір лебі оған күш қуат береді. Яғни автор қоғамдағы жаңа серпіннің, жаңа жағдайдың адамға әсерін баса көрсеткісі келеді. Жаңа мінездің қалыптасуы үшін оған қоғамдық өзгерістердің бағыттаушылық әсерін көрсету мақсатында жазылған Ғ.Мұстафиннің «Ер Шойын», С. Сейфуллиннің «Жер қазғандар», С. Мұқановтың «Адасқандары», А. Асылбековтің «Біздің де күніміз туды», т.б. шығармалар айқын мысал. Қазақ халқының өмір - тіршілігін, тұрмыс - салтын, әдет - ғұрпын терең барлаған жазушы Ж. Аймауытов «Қартқожа» романында Қазан төңкерісі, азамат соғысы жағдайлары сюжетке арқау болып, Қартқожаның өсіп, ер жету жолдарында қалыптастырушы жағдайдың белсенді рөлін көрсеткен.

Шын мәнінде бұл тұстағы әңгіме, очерк, повестердің жағдайларында төңкеріс сабақтарының лебі айқын аңғарылып, көркем шығармалардың көпшілігінде характердің азаматтық бас бостандығы айрықша көтерілді. С. Сейфуллиннің «Жұбату» атты әңгімесіндегі қазақ қыздарының басындағы ауыртпалықтарды Мүслимжан бейнесіне жинақтаған. Әңгіменің соңындағы мына бір сөйлемдерде: «Қарындасым, шерлі қарындасым Мүслимажан! Жылама, тый көзіңнің жасын! Өтер қайғының қара түні!.. Міне, ақырындап ескен, бөтен сүйген майда жел. Бұл таң хабаршысы! Міне бұл – бақыт таңы, қара алдына, күтіп ал бақытыңды» [4, 67б.], – дейді. Яғни өмірге деген құштарлық, бақыт тек Қазан төңкерісімен келеді деген идеяны жазушы революция әкелген жағдаймен байланыстырады.

Мұндай идеядағы шығармаларда құндылықты революция әкелген бақытты жағдай деп, сол жағдай төңірегінде адам мінездерін өзгертіп, қайта қалыптастыруға бейім мінез бен жағдайдың түрлерін анық байқауға болады.

XX ғасырдың 60 - жылдарында ұлттық әдебиетімізде ауыл өмірі мен тұрмысының өз алдына дербес көркемдік әлемге, жетекші көркемдік, тарихи - мәдени жағдайға айналуының әлеуметтік, эстетикалық негіздері бар. Осы уақытта халық өмірінің терең қатпарларына, ұлт тарихы мен тағдырына, мәдениетіне деген көзқарас әр қилы өзгеріске ұшырағаны, әлеуметтік мәні күшейе түскені көпшілікке мәлім. Қазақы ауыл психологиясының қала тіршілігі мен мәдениетіне кірігуі мен бейімделуінің күрделі жағдайда жүріп жатқандығын жіті бақылап отырған авторлар бұл құбылыстың идеялық, адамгершілік негіздерін ашуға, жетістік - кемшілігін, болашағын бағамдауға күш салды. Тақырыптың жаңа қырын кейіпкердің тосын сырын адамгершіліктің соны құндылықтарын көрсетуге деген ұмытылыс авторлық ұстанымға да әр қилы әсер еткені бар.

Ауыл өмірін бейнелеудің реалистік дәстүрі қазақ әдебиетінде XX ғасыр басында қалыптасқан еді. М. Әуезов, Б. Майлиннің әңгіме - повестеріндегі басты мәселе – қазақ ауылының тыныс - тіршілігін, жалпы қоғамда болып жатқан өзгерістерді, мінез бен жағдай арқылы бейнелеу болғанына дәлел жетерлік. 50-60 - жылдардағы ұлттық проза өткен тарихты талдауға, түрлі тарихи науқандарды өзінше талқылауға белсене кірісе бастағаны мәлім. Оған қоса ұлттық мінез болмысы төңірегіндегі көркемдік ізденістер мен салиқалы ойлар да аталмыш уақыттан бастау алатынына ешкім дау айта қоймас деп ойлаймыз. Жеке адамның қоғамдық, әлеуметтік кәсіби параметрлеріне жіті назар аудару, жағдай мен сәттің арасындағы байланыстың өзгеру бағыттарын да ерекше бақылап отыру, қаламгерлердің жетекші мақсатына айнала бастағаны – осы кезең. Осындай жаңа әдеби құбылыстардың қалыптаса бастауы, көркемдік дүниетанымның қоғамдық - әлеуметтік мәселелерді жан - жақты зерттеуге бағытталуы, адам жаны, мінезі мен құлқының түрлі көріністеріне тереңірек үңілуі осы жылдардағы қазақ прозасында характер мен жағдайдың арасындағы байланыс түрлерінің өнімді түрлерін тану және анықтау хақындағы көптеген сұрақтарға орнықты жауап беруге мүмкіндік беретіні байқалды. Ұлттық мінездің прозадағы нұсқаларының типтерін жағдайға байланыстыра отырып нақтылау шығармашылық еңбектің қыр -

сырына тереңірек үңілуге көмектесетінін үнемі есте ұстаған жөн. «Ауыл прозасы», «өндірістік проза» деп белгіленген тақырыптық - жанрлық бірлікті, тұтастықтарды салыстыра қарастыру, жинақтап тексеру, ондағы жағдай мен мінездің типологиялық белгілері мен қасиеттерін айқындау да маңызды.

Көркем бейненің ішкі психологиялық әлемі, жеке қасиеттерінің жиынтығы мінездің кез келген жағдайдағы іс-әрекетінің басты ауанын, өзгеру сипатын, даму тәртібін анықтап тұрады деген тезистің ХХ ғасырдың екінші жартысындағы әдебиетімізде көбірек көрінгені және талқыланғаны белгілі. Соғыс жылдары қазақ прозасында трагедиялық жағдайдағы характердің болмысын көрсету ниеті басым болса, соғыстан кейінгі кезеңде «тартыссыздық теориясының» аздаған ықпалы болды. Енді ұлттық прозада өзін шектей білетін, ел үшін басын құрбандыққа тігуге дайын образдар мен әлеуметтік мәні әр түрлі жағдайлар көріне бастағанын қазір әркімдер әр қилы түсіндіріп жүр. Біздіңше, соғыстан кейінгі жеңімпаздар рухы бейбіт өмірге де қажет болған шығар. Бірте-бірте қайтадан әдебиетте қоғамдық характерлер қайтадан белең ала бастады, негізінен адам мен ұжым арасындағы күрделі қатынастар әдебиет үшін қызық бола бергені шындық, жеке адам санасы мен ұжымдық, объективтік сананың арасындағы қайшылық характердің жағдаймен ашық күреске шығуға деген ниетінен де көрінген. Характер болмысындағы жеке мен жалпының арақатынасы да зәру тақырыпқа айнала бастағаны да осы кезең, адам мен ол қиетін әр түрлі «масканын» текетіресі де көрінген тұс – осы.

Тартыс табиғатының 50-60-жылдары өзгере бастаған бірнеше зерттеуде айтылған, бірақ сол кезең прозасындағы тартыстың характер мен жағдайға қатысы әлі күнге дейін нақтыланбаған. Біздің пікірімізше, бұл – психологизмнің күшейе бастағанына байланысты құбылыс болғандықтан, ұлттық прозаны осы мәселелер төңірегінде қарастырған да артық болмас. Характерлерді талдау, олардың іс-әрекеттерінің психологиялық астарына үңілу көркем мәтіндегі характер мен жағдайдың байланысын өзгертті. Ендігі характер – стереотиптік жағдайларға бейімделе бермейтін рухани күш иесі, бірақ оның әлеуметтік, қоғамдық белсенділігі бұрынғыдай емес, оның ішкі күресі, дағдарысы жағдайға әсер ететін мықты негізге айналды. «Ішкі кейіпкер» әдебиеттегі жаңа тұлғаның қалыптасуына мұрындық болғанына баса назар аудару керек, мұндай характерлер жағдайдың жаңа түрлеріне, қоғамдық, әлеуметтік мәселелерге араласуды өзінің басты міндеті деп білген. Характер мен жағдайдың арасындағы қалыптастырушы-дамытушы байланыстар көркем тұлғаның көкжиегін кеңейтуге, дүниетанымын тереңдетуге деген ұмтылысымен ерекшеленеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. М. Әуезов Шығармаларының елу томдық толық жинағы / –Алматы: Дәуір, Жібек жолы, 2014.
2. Н. Ғабдуллин Шығармалары. – Алматы : Ана тілі, 2007. – 301б.
3. Бердібаев Р. Қазақ прозасындағы замандас бейнесі. – Алматы: Қазақстан, 1968. – 86б.
4. С.Сейфуллин Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы : Қазығұрт, 2013.

ӘОЖ 82.555.21

XX Ғ. 60-ЖЖ. ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ БАТЫРЛАР ЖЫРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯЛЫҚ МӘНІ

¹С.М. Мамытова, ¹Ә. Құранбек

¹ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Андатпа. Кеңестік кезеңде қазақ әдебиеті мен өнері және шығармашылығы өз даму жолының келесі бір маңызды сатысына көтерілді. Қазақ халқының фольклоры, мәдениеті, тілі мен өнері кеңестік идеологияның қысымына қарамастан дамып отырды. Солардың бірі ауыз әдебиеті мен оның ішінде Батырлар жырының қағазға түсірілуі және кеңінен таралуы болды. Батырлар жырының тәрбиелік, отансүйгіштік, адамгершілік, рухани мәні өте терең болып табылады. Сол сияқты, Батырлар жырының мазмұнынан және ондағы берілген әр түрлі материалдардан қазақ халқының ұлттық идеясы мен болмысын танып білуге болады. Ұсынылып отырған ғылыми мақалада, өткен ғасырдың 60-жылдары жарияланған Батырлар жырындағы ұлттық идеяны көрсетуге арналады. Батырлар жырының қазақ халқының төл туындысы екенін сипаттай отырып,

ондағы ұлттық идеяның онтологиялық негіздері көрсетіледі. Батырлар жырына ғылыми талдау жасалып, ондағы ұлттық болмысқа тән философиялық ойлар талқыға түседі. Қазақ батырларының ерлігі мен сол кезеңдегі оқиғалар және жалпы тарихи процесс талданады.

Түйін сөздер: батырлар жыры, ұлттық идея, қазақ халқы, онтология, кітаптар, графика.

Кіріспе

Қазақ халқының болмысында «ел болу», «мемлекет құру» және елін қорғау, халық немесе ұлт болып ұйысу сынды елшілдік пен отаншылдыққа тән мінез бен ұстанымдар ерте кезден қалыптасқан. Бұған қазақ тарихында сонау түркі заманынан, тіпті арғы түркілер дәуірінен бастау алатын бай тарихтың өзі куә бола алады. Осынау үлкен географиялық аумақта емін-еркін күн кешкен Ұлы дала халқының санасында тәуелсіз өмір сүру түркілер дәуірінен бастап қалыптасып дамыды. Қазақ даласында еркін және тәуелсіз өмір сүрген халықтың өз елі мен жерін қорғауда өзіндік мінез бен болмысы қалыптасты. Ел арасынан шыққан жауынгер, батыр тұлғалардың өз елін сыртқы жаудан қорғауда өзіндік тәжірибесі мен дәстүрі сақталды. Ұлы далада сонау ғұндар заманынан бастап дамыған батырлық пен елдіктің үлгісі қазақ халқының бойында да сақталып қалды. Қазақ халқынан шыққан батырлардың бойындасақталған ерекше жауынгерлік қасиеттер мен олардың елі үшін жасаған қызметі және өмірі туралы жазылған мәліметтердің ауқымды бөлігі бүгінгі күнге дейін ауызша жеткен. Олардың ең көлемдісі қазақ даласында Ноғайлы заманында және Қазақ хандығы кезінде жазылып, бүгінгі күнге дейін ауызша жеткен ең негізгі фольклор туындысы «Батырлар жыры» болды.

Қазіргі кезде Батырлар жырының мазмұны жан-жақты зерттелуде. Батырлар жыры тек әдеби, шығармашылық немесе тарихи тұрғыдан ғана зерттелмей, сонымен бірге философиялық тұрғыдан да қарастырылуда. Мұның барлығы сол замандағы қоғамның бет-бейнесі мен санасын, болмысын, ұлттық идеясын зерттеу қажеттігінен туындайтыны анық. Мұндай шығармалар халқымыздың философиясы мен ұлттық болмысын қарастыруда өте құнды саналады. Ауыз әдебиетінің мұндай шығармалары ұлттық болмыс пен ұлттық идеяның ерекшеліктерін терең түсінуге көмектеседі. Мұның өзі Батырлар жырының ұлттық идеялық мазмұнын зерттеудің қажеттігін арттырады.

Батырлар жырының үлкен бөлігі кеңестік кезеңде жазылып, алайда ол кезде ұлттық тақырыпты қозғау мүмкін болмағандықтан, бұл тақырып мүлде жабық болды. Кеңестік кезеңде, дәлірек айтқанда өткен ғасырдың 50-60-жылдары жазылған қазақтың Батырлар жырында еліміздегі жиналған фольклор байлығының 90 пайызы осы дәуірдің еншісінде саналады [1]. Ол кезде ұлттық тақырыпты қозғауға мүмкін болмағанымен, батырлардың ерлігінде ұлттық идея мен халықшылдық, отаншылдық айқын көрініп тұрды. Батырлар жырындағы ұлттық идея мен осы мазмұндағы мотивтерді зерттеу тек тәуелсіздік жылдарынан бастап қолға алынды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындайтын келесі бір басты бағыттардың бірі – ол графикалық жұмыстар арқылы тақырыптың мазмұнын ашу болып табылады. Батырлар жыры мен жалпы фольклор саласында ғылыми жұмыстар ұзақ уақыт бойы зерттеушілердің назарында болса, ал графикалық жұмыстар, атап айтқанда фотоматериалдар мен иллюстрацияларды пайдалану, оларға талдау жасау әлі де болса аз зерттелген. Бұл жағдай тақырыпты осы бір қырынан зерттеу қажеттігін көрсетеді. Өйткені, Батырлар жырындағы болып өткен оқиғалар графикалар арқылы да суреттелген. Ал, мұндай графикалар арқылы тақырыптың мазмұнын ашу аса маңызды саналады.

Әдіснамасы

Зерттеу тақырыбының теориялық-методологиялық негізі қазақ даласында туған Батырлар жырының мазмұнын ғылыми және философиялық талдай отырып, ондағы ұлттық идеяны анықтаудан тұрады. Сондай-ақ, Батырлар жырындағы ұлттық болмысты қалыптастырған тарихифакторларға кешенді талдау тақырыптың методологиялық негізін құрайды. Батырлар жырында бейнеленген елдік сана, тәуелсіз өмір, батырлық ерлік, адамгершілік, туған елге деген махаббат пен батырлық рух сынды категорияларды сипаттай отырып, оларды ұлттық идеяны қалыптастырушы негізгі компоненттер ретінде зерделеу тақырыптың теориялық негізін көрсетеді. Ғылыми жұмыста батырлық шығармалардағы ұлттық идеяны заманауи көзқарас пен ұстанымдар негізінде және тек фольклорлық, әдеби немесе тарихи тұрғыдан емес, сондай-ақ философиялық әдістер негізінде зерттеу мен зерделеу негізге алынып отыр.

Келесі кезекте, Қазақ фольклорындағы Батырлар жырын зерттеудің теориялық және методологиялық негізін айқындауда осы тақырып аясында зерттеу жүргізген ғалымдардың ғылыми еңбектері маңызды болып, олардың тұжырымдары да негізге алынды. Батырлар жырын жан-жақты зерттеушілердің ғылыми-философиялық тұжырымдарын талдау жұмыстары да тақырыптың

мазмұнын ашуға септігін тигізді. Тағы бір айта кетерлігі, Батырлар жырының тақырыбы өзекті мәселелер қатарынан табылуының бір себебі, оған теориялық жағынан талдау жасалған емес.

Зерттеу жұмысында дәстүрлі саналатын анализ, синтез, абстракциялау және сапалық зерттеулердің негізінде Батырлар жырындағы кейіпкерлердің ерлігі мен олардың ел бірлігі мен Отаны үшін жасаған қызметі суреттелді. Иллюстрациялық материалдарды көрсете отырып, онда кейіпкерлердің бейнесі анықталды. Сонымен қатар, қазіргі кезеңдегі философиямен байланысты болған пәнаралық зерттеу әдістерінің негізінде қазақ батырларының рухы биік, мақсаты айқын, ойлары ұшқыр, Отанға деген махаббаты мен сүйіспеншілігі жоғары тұлғалар болғанына көз жеткізілді.

Негізгі бөлім

Батырлар жырының ұлттық философиялық мазмұны

Фольклорлық туындылардың философиялық түп-негізін белгілі бір дәуірдің материалдық мәдениетімен, этикалық ерекшелігімен байланыстыра қарастыру қажет. Шын мәнінде фольклорда қазақ халқының ерлігі мен елдігі, рухани даналығы өте мол және ол кең көрініс тапқан. Солардың арасынан «Батырлар жырының» философиялық және танымдық орны ерекше. Батырлар жырында ұлттық сана мен болмысқа тән белгілер орын алып, ол негізінен өлең-жырларында, яғни текст ішінде және иллюстрациялық материалдарда бейнеленген. Батырлық эпоста ертегілер, мақал-мәтелдер, накыл сөздер, жырлар және басқа да халық ауыз әдебиетінің түрлерімен қатар қазақ халқының ой-өрісі, қоғамдық санасы, дүниетанымы, философиясы ерекше жарқын көрініс тапты. Сонымен қатар, «Батырлар жыры» сияқты туындылар мен шығармалар ноғайлы-қазақ батырларының елі мен жері үшін жасаған қызметін сипаттай отырып, сол замандағы елдің саяси өмірінен хабар береді. Сондай-ақ, Батырлар жырында аталып жүрген «ноғайлы-қазақ» ұғымы Қазақ хандығы мен Ноғай ұлысының халқының, кейіннен қазақ халқының өткенінен мәлімет беретін деректік құндылығы өте жоғары болған фольклорлық шығарма болып саналады.

Батырлар жырын, қазақ батырларының ерлігі мен олардың қайталанбас батырлығын баяндайтын фольклорлық әдеби-тарихи шығармалар философиялық баяндау үлгісіндегі жыр-толғау десек те болады. Батырлар жырында қазақ батырлары өздерінің ерлігі мен елдігін, өмір сүрген жолын қалыптастырып, сонымен қатар тарихи-саяси оқиғаларға философиялық ойлау үрдістерінің желісін көрсетуімен бірге, оның себеп-салдарын дәлелдеуі, келешек жайлы толғануы сияқты пайымдаулары көрініс береді [2].

Батырлық шығармаларды талдай отырып, оның ішінде батырлардың жеке ерлігінен тыс, елшілдік пен халықшылдықты және жалпы ұлттық идеясын көруге де болады. Батырлар жырының мазмұнын талдай отырып, әр түрлі сипаттағы батырлық ерекшеліктер мен өз халқы мен ұлтының тағдыры үшін атқарған істерін талдауға болады. 60-жылдары жарыққа шыққан Батырлар жырының мазмұнынан ұлттық идея мен халық бірлігін көруге болады. Бұл батырлық жырлардың да деректік құндылығы жоғарыда аталған тарихи-қаһармандық жырлармен бірдей. Тек олардың басты ерекшелігі әсіре ұлғайтып суреттеу мен ертегілік сипатының басымырақ болуымен, мәселен батырдың күн санап, сағат санап өсуі, атымен адамша тіл қатысуы сияқты және т.б. сипаттарымен ерекшеленеді.

Қазақ фольклорында ертегілер, мақал-мәтелдер, накыл сөздер, жырлар және басқа да халық ауыз әдебиетінің түрлерімен қатар эпостарда қазақ халқының ой-өрісі, дүниетанымы, философиясы ерекше жарқын көрініс тапты. Әрбір эпос – халық санасындағы болмыстың көркем-бейнелі көрінісі» [3]. Қазақ халқының ең жарқын эпикалық шығармалары: «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер-Тарғын», «Қамбар батыр», «Қозы Көрпеш Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан» және т.б. Барлық эпостарда моральдық-этикалық сипаттағы терең философиялық мағына жатыр. Яғни, ертегілер мен мақал-мәтелдердегідей эпоста тек дене күшіне ғана емес, батырдың біліміне, ақыл-ой қабілетіне және басқа да белсенді күштерге көп көңіл бөлінеді. Аталған эпостар өткен ғасырдың 60-жылдары жарияланған негізгі жұмыстардың бірі болған Батырлар жырының бірінші томында жарияланды [4].

Кез-келген халықтық фольклорда көрініс табатын батырлықтың үлгісі, Батырлар жырында да негізгі қасиеттерінің бірі болуымен танылған. Сыртқы жаулардан елін қорғау, жерінің бүтіндігін ойлау мақсатында ерен ерлер көрсету батырлықтың негізгі идеясы болып табылады. Қай кезеңде болса батырлық істер жырмен әсерленіп берілетіндіктен, ол фольклорлық дәстүрдің көркемдік тәсілі болуымен философиялық ойдың мәнін жеткізуші құрал болып сипатталады. Батырлар жырында елін, жерін қорғау негізгі мұрат болса, ынтымақты, бейбіт өмірді, қоғамдағы тіршілікті қалыптастыру

басты мақсат болып саналады. Демек халықтың санадан туған философиялық ой мен идея осыны аңғартады.

Қара өлеңмен берілген фольклорлық әсерлеудің негізіндегі философиялық ойдың желісін елестетеді. Кішкентайынан өсіп жетілген күш-қайраты мен оның ерекше жаратылысын баяндау арқылы фольклорлық дәстүрдің ерекше көрсеткіші ретіндегі белгісі екендігін аңғартады. Келесі бір маңызды мәселе – батырдың өз жауларын жеңуін поэзиялық суреттеудің негізіндегі халықтың арман-мақсатынан туған ой мен пікірдің барынша мазмұнды көрінісі екенін аңғартады. Осының өзінде-ақ халықтық және ұлттық сана мен идеяның табиғи көрінісін сипаттайтын тарихи шығарма ретінде танылып, онда осындай философиялық ойдың бар екенін көрсетеді [2, 75-76 б.].

Қазақ халқының эпостарындағы батырлар да әділ, ержүрек, батыл, дана болып келеді. Қаһармандық эпостарда батырлар өзінің ержүректілігін, батылдығын ел игілігіне, әділетсіздіктен жапа шеккендер мен жаудан жәбір көргендерді құтқаруға жұмсайды. Батырлар жырында жеке мүддеден гөрі ру, тайпа, ел мүддесін жоғары қою үстем болып табылады. Эпостық жырлар патриархалдық-феодалдық қоғам нығайған кезде жырланғандықтан, оның батырлары ру, тайпа мүддесі мен жеке басының мүддесін ұштастырады. Бір сөзбен айтқанда, батырдың батырлығы ел тағдырына қатысты маңызды оқиғамен өлшенеді. Батырларға қатысты жазылған осы бір факторларды талдай отырып, эпостық жырларда, жалпы батырларға арналған қазақ фольклорының туындыларында халық пен ұлтқа тән болған идеялар мен ой-пікірлерді көре аламыз [5].

Халықтық немесе ұлтжандылық батырлар жырының негізгі көрінісі болып табылады. Батырлар жыры фольклорлық туынды ретінде белгілі бір дәуірде болған оқиғалар негізінде туған халықтың арман-аңсарымен орайластырылған естелігі, халықтың таным-түсінігі дүние құбылыстарына берілген өзіндік бағамдары. Сол себепті де фольклорда баяндалған Батырлар мен оқиға желілерін халықтың шығармашылық туындысы ретінде өзіндік ойлау шарттарына бағындырады. Дегенмен, тарихи тұлғалар фольклорлық туындыларда кездесе қалған күнде біз олардың арасында бірдей пікір қалыптастыра алмаймыз. Мысалы, тарихта болған батырларды фольклорлық туынды қаһарманындай суреттейді. Бірақ, екеуі екі басқа құбылыс екеніне фольклор табиғатын түсінгенде барып ұғуға болады. Батырлар жырындағы басты ерекшелік – ол болған оқиғаны халықтың санасында бейнеленуі. Батырлар жырында тек батырлардың ерлігі ғана емес, халықтың аңсаған ой-қиялының көрінісі де танылады. Халық деген әрине тіршіліктен жақсылықты, әділдікті, адамгершілікті іздейді.

Батырлардың ерлігі және ұлттық идеяның көріністері

Келесі кезекте, Батырлар жырындағы кейіпкерлердің іс-әрекеті мен олардың ерлігіне жеке-жеке тоқталсақ, олардың ел мен жер үшін атқарған істерінен өз халқы мен ұлтына жақындығын көре аламыз.

Қобыланды батыр жырындағы ұлттық және халықтың идеяларға тоқталсақ, бұл жырдың өзіндік танымдық ерекшеліктері мен құндылықтары болып, ол өз заманындағы қоғамдық сана мен халықтың бірлігі туралы мәлімет береді. Оқырманға ой салатын және халықшылдық пен ұлттық бірлікке үндейтін идеяларға толы. «Қобыланды» жыры кеңестік кезеңде жарық көрген ең ауқымды эпостардың бірі. Кеңестік кезеңде 60-70 жылдары Қобыланды жырында тиісті талаптарға сай редакция жүргізілген. Осыған орай аталған еңбекте бұрынғы жинақтарда қамтылмаған немесе тіркестер, өлең жолдары мен жекелеген сөздер түпнұсқа бойынша түзетілген. Мұның өзі кеңес заманында Батырлар жырына деген құрмет белгісі екені түсінікті.

Қыпшақ заманынан қалған «Қобыланды батыр» жыры [4, 21-24 б.] рулық-тайпалық дәуірде туып, қалыптасып, Ноғайлы дәуірінде кең қанат жайып дамыған, Қазақ хандығы тұсында кемелденіп, толысқан эпикалық мұра. Бұл жыр кеңестік кезеңде оқырман арасында кең таралған батырлық эпостық шығарма болды [6]. Негізгі идеясы – ішкі алауыздықты айыптап, ел болып бірігу үшін бірлік пен татулықты ту еткен ерлерді ардақтау. Осы мақсатқа сәйкес өткен тарихтың аса маңызды кезеңін тұтастандырып, онда ескі ру-тайпалық санадан елдік өреге дейінгі сана дамуын көрсетеді. Мемлекет пен халықтың шешуші сәттерде өзінің тарихи жадындағы ерлік рухына иек артатыны, жырдың кейіпкері мен оқиғасын нақтылы тарихпен теңестіруге талпынатыны белгілі. Дегенмен, фольклордың тарихқа өзінің қалыптасқан заңдылықтары тұрғысынан қарайтындығына эпос табиғаты мысал бола алады. Бұл жырдың тарихи құндылығы, халықтың бірлігі мен ұлт тәуелсіздігі жолындағы идеялары қазіргі кезде анықталуда [7].

Кеңестік кезеңде алғаш рет ауқымды түрде кітапқа түсіріліп, жарияланған эпостық жырдың бірі «Алпамыс батыр» жыры болды. Мектеп жасынан бастап үлкен ЖОО-на дейін оқытылып дәріптелген жырлардың қатарынан орын алды. Тәуелсіздік жылдарынан бастап жырдың ұлттық және халықтар арасында орта эпос екені анықталып, оның егемендік пен ұлтжандылыққа қатысты тұстары

зерттеле бастады. «Алпамыс батырды» өз елінің ұлттық әдеби мұрасы ретінде қарастыратын халық өкілдері оның ұлт пен ұлыстарға бөлінбей, тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі халықтары біртұтас болып тұрғанда пайда болған жыр екенін ескермей жатады. Алпамыс батырды қазақ, өзбек, қарақалпақ, башқұрт, татар деп әркім өзіне бұра тартып еншілеуге, егелік етуге болмайды. Жырдың ең көне нұсқасы қашан ғылыми тұрғыда қалпына келтіріледі, сол кезде де оның қай ұлтқа тән екенін айта қиын. Өйткені, эпостық сана дәуірлеп тұрғанда ұлттық сана қалың ұйқыда жатқан болатын.

Дегенмен, кеңестік кезеңде және қазіргі уақытта жүргізілген зерттеулер «Алпамыс батыр» эпосын қазақ халқына тән батырлық шығарма деп сипаттайды. Бұл туралы бірқатар кеңестік зерттеушілер атап өткен. Онда қазақ қоғамына тән белгілер мен фактілер анықталғанымен дәлелдейді [8]. Эпосты зерттеуші кеңестік ғалым В.М. Жирмунский жырдың Қоңырат еліне тән екенін айта отырып, онда «Өзінің шығу тегіне қарағанда «Алпамыс» Қоңыраттардың рулық эпосы... Қоңыраттардың ру есебінде тарихқа белгілі бола бастауы монғолдардың жаулап алуымен байланысты» - деп көрсетеді [9]. Мұндай еңбектерді сараптай отырып, жырдың әуелде түркі, одан соң қазақ халқына тән болған ұлттық идеялардың болғанын көре аламыз.

Эпостарда батырлар халықтың қорғаушысы, тұтқынға түскен өз елінің адамдарын, жарын, оның әке-шешесін құтқарушы сипатында да көрсетіледі. Эпостардан батырлардың эпикалық идеалды ерекшеліктерімен қатар реалды адами ерекшеліктерін де көруге болады. Яғни, батыр енбекқор, мықты аңшы, мерген, жақсы бақташы, мейірімді бала, отағасы ретінде суреттеледі. Эпостарда батырлар немесе олардың әкелері ру-тайпа басшысы, көсемі болса, мемлекеттің пайда болуымен қаһармандық эпостарда батырлар хан дәрежесіне көтеріледі. Мұның өзі батырлар арасында өзіндік типтерге бөлінгендігін көрсетеді.

Эпостарда батыр ерлігінің, ақылының, әділдігінің арқасында қоғамдағы зұлымдықты жеңіп, әділетті қоғам орнатып, сол қоғамға хан болады. Халық та батырдың хан тағына отырғанда тыныштық пен әділдік орнататынына сенеді. Өйткені батыр халықтың арман-қиялындағы адам. Қазақ батырларынан хандыққа көтерілген және елінің болашағы жолында Ер Тарғынды көрсетеді. «Ер Тарғын» мен «Ер Көкше» жырларында да хандық таққа Тарғын мен Көкше отырады. Ол туралы «Ер Тарғын» жырының соңында «Жанарыстан үш Тарғын деген тауға барып жайлады, һәм қыстады. Һәм су жерді Мысыр етті. Сол елге Тарғынның өзі хан болды және батыр болды» [4, 409 б.], - дейді.

Қаһармандық эпостағы батыр - еркіндіктің, әлеуметтік теңдіктің, әділетті қоғамның символы. Батырдың хандық билікке қол жеткізіп, хан сайлануы әділетті қоғамның орнауы да болып есептеледі. Эпостарда батыр хан тағына қол жеткізгенде елде тыныштық пен әділдік орнайды. Бұл да батырды асқақтатудан, осындай хан болса екен деген тілектен, аңсаудан туғандығы сөзсіз. Батырлардың хандық деңгейге дейін көтеріліп, оның халықпен бірге болуында терең мән жатыр.

Эпостардағы батыр мемлекет құрылған тұста оның билеушісі хан типімен бірігіп, батыр хан типтері пайда болды. «Қарадөң» эпосында ноғай ханы өз баласы Бердіхан бола тұра хандықты Қарадөңге береді. Хандыққа ие болған Қарадөңнің батырлығынан басқа ақылдылығы, әділдігі мына жыр жолдарында көрініс тапқан: «Мынау тұрған Қарадөң, Кеудесі толған сана еді. Тоқсан баулы ноғайды, Тірі болса, бағады, Ашы менен арығын, Пақыр, міскін, кәрібін, Түгелдей көңілін табады»[10].

Қаһармандық эпос дәстүріне сай батыр болмаған ханның әділетті билеуші ретінде бейнеленуі өте аз кездеседі. Өйткені халықтық тарихи сана бойынша ең алдымен елінің мүддесін барлығынан жоғары қоятын, сол үшін жанын пайда туге даяр батыр тұлғасы ғана ел билеуге лайықты болып келеді.

Эпостардағы батыр типтерінің тағы бірі – аңшы, мерген типтері. Аңшы, мерген типтері өз бастауын мәдени қаһармандардан алады. Батырлардың мергендігі, аңшылығы көбіне ертегілерде кездесетін сюжет десек те болады. Ол туралы М. Әуезов: «Қазақ батырларының әңгімелерінде аңшылықтың өзі де көп жайылған үлкен бір салт болады [11]. Біздің батырлардың бір алуаны – аңшыдан шыққан батырлар» - дейді Мысалы, «Қамбар батыр» жырында Қамбар батыр өзін ғана емес «Алпыс үйлі арғын мен тоқсан үйлі тобырды» аңшылықпен асыраған аңшы-батыр. Жырда Қамбар батырдың ерлігі ел игілігіне, зәбір көргендерді құтқаруға бағытталады. «Қисса Қамбар» жырында Қамбар «он сан үйлі оят, қырық сан үйлі қият, алпыс үйлі арғын, жетпіс үйлі жебір, тоқсан үйлі тобырды» асыраған он сегіз жасар батыр ретінде суреттеледі. «Қамбар батыр» жырында Қамбардың «Алпыс үйлі Арунның, Тоқсан үйлі Тобырдың, Ашыққанын тойғызған» аңшылық өмірі, адал еңбектенуі кеңінен суреттеліп, жолбарыспен алысқан алғашқы ерлігі жырланады.

Қаһармандық эпостарда батырдан асқан ұлы тұлға жоқ. Сол себептен де жырдағы кез келген әлеуметтік топ өкілдерінен мейлі хан, мейлі бай болсын батырдың орны бәрінен жоғары тұрады. Батырдың бойында батырлық, батылдықпен бірге қаншама асыл қасиеттер ұштасып жатады.

Тұтастай алғанда, батыр жан-жақты, бойында көптеген ерекшелігі бар, өзі мерген, өзі аңшы, өзі палуан, өзі шешен, өзі мәрт, халық аңсарындағы ерекше тұлға.

Фольклорлық туындылардың классикалық үлгілерінде қалың жауға жеке-дара өздері аттанатын батырлардың есімдері белгілі. 60-жылдары шыққан Батырлар жырының екінші томында қамтылған «Ер Қосай», «Карабек батыр», «Төрехан батыр» және «Ақжонасұлы ер Кенес» сынды батырлардың қызметі ерекше суреттелген. Бұл жырлар жоңғар феодалдарының қазақ жеріне жүргізген шабуылдарына байланысты туған. Бұл жырларда әлеуметтік теңсіздік, таптар арасындағы қарама-қайшылық, бақталастық айқын көріне бастайды. Ру ішіндегі ірі феодалдардың кедейлерге көрсеткен қиянатына қарсы күрес аталған жырлардың басты тақырыбына айналады. Сондықтан бұл топтағы жырлардағы батырларүнемі ішкі, сыртқы жаумен бірдей беттесіп, белдесіп отырады [12].

Батырлар жырында «Төрехан батыр» жыры да халықтың ғасырлар бойғы асыл арман-тілегінен туған шығарма. Мұндағы айтылар ой әділетсіздікті, зұлымдықты сынап, ерлік пен ізгілікті дәріптеу болып табылады. негізгі идеясы — халықты сыртқы шапқыншылықтардан қорғап, елдің бірлігін, бүтіндігін уағыздау болып келеді. Жырда: «Хан болған шығар Төрехан, Байтақ елге жаңа да» - деген өлең жолдары оның билікті қолға алып, өз халқын біріктіру идеясын көрсетіп отыр [12, 290 б.].

Батырлар жыры туындыларында ешкімнен жеңілмейтін қайтпас-қайсар батырларының сипатталу себебінің өзіндік мақсаты бар. Олар, жамандықты болғызбау, оған қарсы шығу, халықтың қиялынан туған арман-тілегі. Арман-тілектен туған мұндай көріністерді халық шындықтың бейнесіндей қабылдайды. Осындай философиялық ойлар мен көзқарастар Батырлар жырының барлық кейіпкерлерінде кездеседі. Онда қазақ және ноғайлы батырларының іс-әрекеттері, елі мен жеріне деген махаббаты, Отанға сүйіспеншілігі айтылады. Халық танымына сәйкес Батырлар жырында философиясы терең нақыл сөздердің кездесуі жырларда ұлттық идеяның мазмұны бар екенін аңғартады.

Графикалық бейнелер мен иллюстрациялық материалдардағы халықтық, ұлттық онтология

Атап отырғанымыздай, батырлар жырындағы кейіпкерлердің фольклор үлгісінде халықтың кейінге үлгі-өнеге немесе өсиет етіп қалдырған мұрасы аз емес. Халықтың өзі қалыптастырған поэзия үлгісі арқылы батырлардың ерлігін өте жоғары деңгейде көрсете алған. Сондықтан, батырлар жыры тек деректік мәліметтер беріп қана қоймастан, өз заманының саяси жағдайы, қоғамның тіршілігін мен халықтық сананың серпілісі мен ұлттық идеяларға негізделген философиялық ойларды қалыптастырған. Бұл туралы тек жай ғана өлең жолдары мен мазмұны ғана емес, ондағы графикалық материалдардан да көруге болады [2, 76-77 б.].

Батырлар жырындағы графикалық суреттер мен иллюстрациялық материалдарға қарай отырып, оның мазмұнын ұғынуға болады. Олар негізінен батырлық, соғыс, жауынгерлік, ғашықтық, махаббат және осы сияқты мазмұнда болып, сонымен бірге одан елге, Отанға, ұлтқа қызметті көруге болады. Алпамыс батыр эпосында және басқа да эпостарда махаббат пен ерлікті, батырлық пен жауынгерлікті және отаншылдық пен халықшылдықты бейнелеген графикалық материалдары да бар. Батырлар жырында берілген кескін графикалар батырлардың ерлігі мен олардың елі мен жері үшін қызметін суреттейді. Оны атақты қазақстандық суретші Е.М. Сидоркин бейнелеген. Оның графикалары мен иллюстрацияларында әр түрлі идеялар орын алды. Ең бастысы графикалар мен суреттердегі идеяларға байланысты халықтың санасында, жан-дүниесінде негізгі батырлардың бейнесі, олардың өмірі, қызметі, сол замандағы саяси жағдай мен тіршілік туралы ой мен пікір қалыптасады. Батырлардың мінезі, тыныс-тіршілігі, өмірдегі ұмтылысы – негізінен ең тереңде жатқан идеялар болып, олар осы бейненің төңірегінде қалыптасқан құбылыстардан туады [13].

Батырлар жырын оқығанда эпостардың кейіпкерлері нақты бейнеге ие болып, ол оқырман санасының ажырамас бөлігіне айналады және белгілі бір деңгейде ой салатыны анық. Кейіпкерлердің функциясы ол ең алдымен суретшінің қиялымен жасалады, содан кейін қоғамда оның нақты келбет-бейнесі ретінде қалыптасады. Осылайша, оқиғаға мазмұн беріліп, оның желісі оқырман санасында бейнеленеді. Осы орайда, батырлардың бет-бейнесі мен тұлғасы көз алдына келіп, олардың еңбегіне оқырман тарапынан өз бетінше талдау жасалады. Осыдан барып оқиға желісін түсіну мен ол туралы ой қорыту арқылы қабылдаудың өзіндік стереотиптері өрбиді [14].

Батырлар жырындағы кейіпкерлер мен жеке тұлғалар халықты жасампаздық қызметке, ұлт бостандығы үшін күреске және т.б. жұмылдырады. Сол үшін рухтандырады. Мұнда моральдық-этикалық фактормаңызды болып, ол тарихи процесте халықтың еркіндігі мен тәуелсіздігі және ұлт

пен мемлекеттің өміршеңдігін сақтауда аса қажетті саналады. Бұл өз кезегінде ұлттық идеяның бар екенін көрсетеді.

Әрине, мұндай графикалар мен иллюстрациялық бейнелерді тек көшпенділер өмір салтының құндылықтарын жетік түсінген адам ғана бағалай алады. Мұндай материалдар кейіпкердің нағыз қазақ екенін немесе Ұлы Даланың бір жергілікті тайпасына жататынын, оның ақылды, батыр, ақсүйек екенін, билеуші тапқа кіретінін, отты тіл, тегеурінді күшті, салауатты адам екенін және өзін жоғары деңгейде ұстай білетінбиліктің аса әділ адамы ретінде тануға болады. Халықтың ақыл-ойынан және қоғамдағы қалың бұқараның сана-сезімі мен өмірінен туған бұл шығармалар бүкіл халыққа ауызша таралады. Сондықтан да олардың тарихи, философиялық және тіпті психологиялық мән-мағынасы өте терең.

Батырлар жырының текстік мазмұнынан бөлек ондағы графикалардан орта ғасырлардағы қарапайым көшпелі өмірдің философиясын, болмысын және қоғамның моральдық-этикалық құндылықтарын көре аламыз. Жалпы, Батырлар жырындағы графикалық бейнелерді суреттеген зерттеушілер аз болмады. Басты мақсат, иллюстрациялық материалдар негізінде халықтың өмірі мен болмысы көрсетілген. Сонымен бірге, шығармаларда халықтың ұлттық және мемлекеттік санасы мен идеясы көрсетілген. Олар негізінен батырлардың ерлігі мен халқына қамқорлығынан және ел мен жердің бүтіндігі жолындағы күрестен көрінеді.

Эпостарда батырлардың көркемдік ерекшеліктерімен қатар шынайы адами ерекшеліктері де жан-жақты бейнеленеді [15]. Эпостарда бейнеленген аңшы, мерген батыр типі мергендігімен елін асырайды, батыр хан типі зұлымдарды жеңіп, еліне тыныштық орнатады, би батыр типі әділ шешім айтып үлкен дау-жанжалдардың алдын алады, ал малшы батыр типі де зұлым байларға қарсы күресте жеңіске жетеді.

Тіл, әдебиет, тарих т.б. гуманитарлық саладағы зерттеушілер, негізінен, фольклорды үгіт-насихат үшін пайдаланса, бірде оларды ұлттық көзқарас үшін де т.б. қолданған. Халықтық сананың және ұлттық идеяның графикаларда суреттелуінше батырлар жырларында осы сарындағы ойдың, ұшқыр қиялдың шарықтау шегіне шыққанын көруге болады. Графикалық бейнелерде Қазақ хандығы тұсындағы саяси жағдай мен сол замандағы әлеуметтік элементтер сақталған. Эпостардағы графикаларда аңшы батыр, мерген батыр, малшы батыр сияқты батыр типтері десуреттелгенін көруге болады. Эпостарда кездесетін батырлық және тұрмыстық элементтердің көрінісі мен қаһармандық элементтері қоғам мен сананың эволюциялық дамуын көрсетеді [16]. Осындай тіршілік тынысымен өмір сүрген халықтың философиялық ойлау жүйесі оның көркем бейнелермен астасып жатқанын көрсетеді.

Қорытынды

Тәуелсіздік алған отыз жылдың ішінде отандық ғалымдар қазақ ауыз әдебиетінің негізгі бөлігі саналған Батырлар жыры бойынша жөнінде қыруар еңбектер жазды. Ғалымдар, қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, әдебиетшілер батырлардың кейпін әр түрлі сипатта, әр түрлі мазмұнда көрсетті. Батырлар жыры ғылыми-көпшілік мақалалар мен монографиялық еңбектердің тақырыбына айналды. Солардың ішінде батырлар жырының мазмұнын ұлттық философиялық сипатта көрсету қола алынып, бұл бағыт жаңа аспектілердің бірі саналады.

Қорыта айтқанда, 60-жылдары жарияланған Батырлар жырындағы және осы кезеңде жарияланған фольклорлық шығармаларды ұлттық мазмұнда философиялық талдау мен ондағы кейіпкерлердің қызметін сипаттаудың нәтижесінде бірқатар нәтижелерге алынды. Шығармаларды оқудың өзі оқырманға ұлттық идея мен тәуелсіз өмірдің құндылығын көз алдына келтіре алатынына көз жеткізілді. Батырлар жырындағы мәліметтерді талдау арқылы оның өз заманындағы жағдайды сипаттайтын шығарма болғандықтан, оның сол замандағы халықтың ұлттық болмысын көрсететіні даусыз.

Осылайша, халықтың жердің немесе қоғамның жекелеген өкілдерінің тәуелсіздігі туралы идея халық жадында эпикалық картиналар, әндер, күйлер және өнердің басқа түрлері түрінде қалды. Эпостардың мазмұнынан көрініп тұрғандай, олар әр кезеңде, тіпті әр дәуірде жасалып, нақты тарихи оқиғаларға негізделгені даусыз. Ал әрбір дерлік эпикалық шығармалар тәуелсіздік идеясы бір дәрежеде көрініс табады. Осының негізінде Батырлар жырының қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан елдің сана-сезімін, ой-өрісін, тарихы мен дәстүрлерін суреттейтін ауыз әдебиетінің күрделі салаларының бірі екеніне нақты көз жеткізе алдық.

Тақырыпты қорытындылай отырып, 60-жылдары ұлттық принциптерге негізделген тақырыптардың бірі ретінде Батырлар жырының әрқайсысы туралы жеке-жеке зерттеу жұмыстарын жүргізіп, тиісті ғылыми еңбектер жазып, олардың тақырыптық, идеялық, көркемдік ерекшеліктерін

философиялық тұрғыдан талдап көрсету жұмыстары болашақта орындалатын ғылыми міндеттердің бірі деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тоқтар ӘЛІБЕК: «Бабалар сөзі» – ұлттық бренд». // Қазақ үні. 2014 ж. 19 наурыз
2. Амиркулова Ж.А., Құранбек Ә.А Түркі фольклорындағы философиялық мәселелер. // «Түркілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы 2012. – Б. 74-79.
3. Каратаев, М.М. Эстетика казахского героического эпоса [Текст]: / Автореферат дис. на соискание ученой степени кандидата философских наук. (09.00.04) / АН КазССР. Отд-ние обществ. наук Ин-т философии и права. - Алма-Ата : [б. и.], 1973. - 23 с.
4. Батырлар жыры, 1-том. құраст.: М.Ф. Ғұмарова, Б. Уахатов; Қазақ ССР Ғылым акад; М.О. Әуезов атын. әдебиет және өнер ин-ты]. 3-басылым. - Алматы: Қазақтың мем. көркем әдебиет баспасы, 1961, – 404 б.
5. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы / Ә. Қоңыратбаев. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 288 б.
6. Кобланды батыр. Эпос народов СССР. Казахский героический эпос. Москва: Главная редакция восточной литературы. – 1975. – 448 с.
7. Бұлтбаева А. Қобыланды батыр эпосындағы тәуелсіздік идеяның көрінісі. // ҚР ҰҒА Хабарлары. – 2010. – №2. – Б. 16-21
8. Смирнова Н.С., Сыдыков Т.О. О казахских версиях «Алпамыса» // Алпамыс батыр / отв. ред. М. С. Сильченко. – Алма-Ата : АН КазССР , 1961. – С. 429–487.
9. Жирмунский, В.М. Сказание об Алпамыше и богатырская сказка М.: Изд. Восточной литературы. 1960. – 333 с.
10. Батырлар жыры, 3-том. құраст.: М.Ф. Ғұмарова, О.А. Нұрмағамбетова Т.Сыдықов, Б. Уахатов; суретші А. Гурьев; Қазақ ССР Ғылым акад; М.О. Әуезов атын. әдебиет және өнер ин-ты]. – Алматы: Жазушы баспасы, 1964, – 545 б.
11. Әуезов М. Әдебиет тарихы / М. Әуезов. – Алматы: Кітап, 1991. – 240 б.
12. Қазақ халқындағы батырлық дәстүрлер: оқу құралы / М.Қ. Дауытбекова, А.И. Батырлар жыры, 2-том. құраст.: М.Ф. Ғұмарова, О.А. Нұрмағамбетова, ТБ. Уахатов; суретші Е. Сидоркин; Қазақ ССР Ғылым акад; М.О. Әуезов атын. әдебиет және өнер ин-ты]. - Алматы: Қазақтың мем. көркем әдебиет баспасы, 1963, – 404 б.
13. Казахский эпос. Переводы под ред. И. Сельвинского. Художник Е.Сидоркин. Казахское государственное издательство художественной литературы. Алма-Ата, 1958. – 667 с
14. Құдабаев А.Ж. Ұлттық менталитеттің рухани негіздері. - Павлодар: ЭКО, 2009. – 168 б.
15. Ғабдуллин М., Сыдыков Т. Қазақ халқының батырлық жыры. - Алматы: Ғылым, 1972. – 340 б.
16. Бултбаева А.З. Идея независимости в традиционной музыкальной культуре казахов. // Известия НАН РК. – 2011. – №6. – С.151-153

ӘОЖ: 17.71.07 (075.3)

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰСТАЗДЫҢ БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

АРХАБАЕВА ГҮЛНҮР ЕРМАХАНҚЫЗЫ

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының аға оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются пути эстетического воспитания молодого поколения путем сочетания литературы и образования. В данной статье впервые рассмотрено и проанализировано явление, имеющее духовно-этическую и эстетическую природу, не ставшее объектом специального исследования в казахском литературоведении.

Summary. The article examines the ways of aesthetic education of the younger generation through a combination of literature and education. This article is the first to consider and analyze a phenomenon that has a spiritual, ethical and aesthetic nature, which has not become the object of special research in Kazakh literary criticism.

Қазақ әдебиетінде сан алуан түрлі образдар сомдалған, қазақ поэзиясындағы әйел образдары, хан, батыр, қараша халық тағы да басқа бейнелер көптеген ғылыми жұмыстардың зерттеу нысаны болғаны бәрімізге мәлім. Алайда, ұстаз бейнесі көптеген шығармаларға арқау болып келсе де, әлі күнге дейін, зерттеле қойған жоқ. Қазақ прозасындағы ұстаз бейнесінің сомдалуы біршама зерттеушілердің нысанасына айналғанымен, поэзиядағы берілуі әлі бірде-бір рет зерттеле қойған жоқ. Адамзат санасын біліммен нұрландырып, болашақ ақынды, мәдениет, қоғам қайраткерлерін, ел тұтқасын ұстайтын ерді – түрлі мамандық иелерін тәрбиелейтін ұстаздар қауымының орны қай заманда да ерен екені айқын.

Ұстаздың алдын көрмеген ғалым да, қайраткер де, қаһарман батыр да жоқ. Бүгінде алынып отырған тақырыбымыз – Қазақ поэзиясындағы ұстаз бейнесі және оның тәрбиелік эстетикалық мәні. Аталмыш тақырып турасында зерттеудің зәрулігі егемен еліміздің дербес дамуының рухани-мәдени талаптарынан да туындайды деуге болады. Сонда аталмыш тақырыптың терең маңыздылығы ұлттық болмысымызды қайта түлету, ұлттық тұтастықты нығайту, жас ұрпақ тәрбиесіне ықпал ету мақсатын көздеуінде. Қазақ поэзиясы туралы бұл мақаладағы мақсатымыз ұлттық санадағы ұстаз бейнесінің бейнеленуін жан-жақты талдай отырып, оның ел болашағы жас ұрпақты тәрбиелеудегі рөлін айқындау болмақ.

Көреген қазақ бауыр еті баласын «Сүйегі – менікі, еті – сенікі» деп, ел арасында ғылымбілімімен, өнерімен аты шыққан жақсыжайсаңдарға тапсырған. Қазақта білім үйретуші ұстаздың орны жоғары бағаланған. Білім үйрету ең сауапты әрі қадірлі іс болып есептелген. «Садақаның ең жақсысы – ілім үйреніп, оны басқаларға үйрету» деп білген қазақ көзі ашық, білімді адамның тұғыры қашанда биік тұратындығын, ілім үйретушіні әрдайым сыйлап, құрметтеу керектігін дәріптеген.

Мұғалім сөзінің түп төркіні араб тілінен енгені белгілі. Арабша-қазақша түсіндірме сөздікте бұл сөз «оқытушы, ұстаз, шебер» деген мағынаны береді. Ұстаз – шеберханасынан талай ғалымдарды, қоғам қайраткерлерін, ел жанашырларын болаттай шындап шығаратын шебер. Ұстаз еңбегінің жемісін өзі көрмесе де, ел көреді.

Қазақ поэзиясындағы ұстаз образының жинақталып, типтендірілу сипаттарын, идеялық көркемдік құндылықтарын, ұстаз образына ғана тән характерлік, психологиялық ерекшеліктерді айқындау арқылы оны іс жүзінде мектептерде, басқа да оқу орындарында оқушыларға тәрбиелік эстетикалық тұрғыда қолдау көрсетуге болады.

Ұстаз ұғымын сөз еткенде, оның поэзияға қатысын зерттеуге бекінгенде қазақ халқының аса көрнекті ағартушысы, жаңашыл педагог, жазушы, ақын, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсаринді атап өтпеу мүмкін емес. Ен жайлаудың дала қоңырауына айналған алғашқы ұстаз Ыбырай жайлы жазылған шығармаларда қомақты. Қара сөз қаламына телінген Ыбырай образы поэзияда да сөз етілді. Ол нағыз ұстаз жолымен жүрген педагог. Ауылдарды аралап, халыққа мектептің пайдасы туралы әңгіме жүргізеді. Бұл сөздерімізге Мұзафар Әлімбаевтың мына өлең жолдары дәлел:

«Қараңғы қазақ көгіне»

Ғылыммен жаққан жарық күн,

Өлмеске келген өмірге

Ұстазы – Ыбырайхалықтың! [1,257б.]

Ұстаз – тәрбиелеп отырған шәкірттері үшін үлкен тұлға. Шәкірт сол ұстазға қарап бой түзейді. Бала тәрбиесінде мектептің орнықандай қомақты болса, сол мектепте тәрбиені жүзеге асырушылардың бірі де бірегейі осы ұстаздары. Тағы бір өлең жолдарында М.Әлімбаев осы ұстаз тұлғасын суреттейді:

Сүйікті, парасатты мұғалімім!

Өзіндей адам жанын ұғады кім?!

Бас иіп шәкіртіндей құрмет тұтып,

Алдынан алғыс өлең шығар бүгін [1,375б.]

Ұстаз бейнесі – шәкірт үшін адамгершіліктің ең жоғарғы үлгісі. Ұстаздың лаулаған жалыны әр жүрекке жылу сеуіп, нұр құятын қуаттың, өмірлік энергияның қайнар көзі. Ұстаздық – сезім.

Келешек үшін тырмысып, жан аямай күрескен, өз бойындағы пендешілігін жая білген жан. Тіршіліктегі шырақтың сөнбе сошағы. Ұстаз еңбегі – ұлы еңбек. Сондықтанда ұлы ақын Абайдың:

Ақырын жүріп, анық бас,

Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық еткен жалықпас

Үйретуден балаға [2,174б.], – деп айтуында терең мағына жатыр.

Егер әр адамның жүрегінде ізгілік сәулесі болса, ол – мұғалімнің еңбегі. Сол нұрды жеткіншектің жүрегіне сіңіру үшін қаншама тер төкті десеңізші! Дүниеде адамды тәрбиелеп, азамат атандырғаннан артық абырой мен құрмет жоқ шығар, сірә?! Оқушылар танымына, санасына мінсіз Ыбырай ұстаздың бейнесін сіңіру арқылы еліне адал қызмет ету, ұлы мамандық жолының қадір қасиетін түсіндіру таптырмас әдіс.

Ақындар көбінде кімдерді өзіне ұстаз тұтады? Кейбір ақын үшін оған тәлім тәрбие берген адам, әлдебіреу үшін күнделікті келіп дәрісін өткен адам. Ал, кей адамға өмірдің өзі ұстаз. Мұғалім деген атты алу кез келгеннің қолынан келу мүмкін, бірақ, ұстаз болу аса қиын жол. Тура солай ұстаздың да мыңдаған шәкірттері болуы мүмкін, алайда, нағыз өз шәкірті сирек. Шәкірт санасында мәңгі ұстаз тұлғасымен сақталу кез келгеннің қолынан келе бермейді. Көптеген әдебиетшілердің ұлы ұстазына арналған тұлғалардың бірі кемеңгер жазушы Мұхтар Әуезов. Мұхтардың дәрісін тыңдаған, көзін көрген Қалижан Бекқожин өлең жолдары арқылы ұстазының толықтай образын жасай алған деуге болады. Ақындар тұтас тұлғасын бейнелеуде көркемдік теңеулерді шебер қолдана отырып, шындыққа жақын суреттеуге тырысқан. Өз ұстазының тұлғасын жасауда нағыз суреткерлік қабілетін аша түскен.

Өлемнің жарығынан алыстау маң,

Абайды тебіrentті Шыңғыстаудан.

Қырына сөз нөсері себеледі,

Жаңбырдай көктемдегі тұңғыш жауған [3,185б.]

Ақын ұстазының бейнесін сөз еткенде Абайға міндетті түрде тоқталып өтуі заңдылық. Себебі, бар ақынның да жазушы қаламгердің де, әдебиетке аяқ басқан әр тұлғаның ең алғашқы бет тұтары ұлы Абай емес пе? Мұхтар бейнесін жасауда Абай арқылы сабақтастықта қарау көп ақындарда кездеседі.

Ол жүрген жерде жайнап арайлы күн,

Ізінен шартарапқа таралды үн.

Өйгілеп қазақ даңқы дүниені

Мұхтармен аралап жүр Абай бүгін. [3,185б.]

Мұхтарды ұстаз ретінде жырға қосқан ақындар оны Абаймен бірлікте қарастыратыны шартты. Мұндай жағдайды Әбділдә Тәжібаевтың «Ағалар» деп аталатын туындысынан да көз жеткізуге болады. Ақын Мұхтар бейнесін жасауда Абай арқылы жол табады.

Қарашы, эне, Омарханұлы Мұхтарға,

Емендер ғана осылай өсіп шықпай ма?

Айта қойшы өзің, білмейтін оны жұрт бар ма?

Тимесін көзің, тек, жаным, оған сұқтанба. [4,285б.] немесе

Қарап тұр Абай. Көзінен жасы тамады,

Бұл неткен халық? Мұның кім емін табады?

Жиналған шақта иесіз қалған орынды,

Естіртпей ғана егіліп іштей санадық. [4, 285б.]

Ақын ұстазының бүгінгі халыққа ашына да, қимай қарағанын, елі деп соққан жүректерінің лүпілін оқырманға жеткізуге тырысады. Өлеңінің соңында: Тартатын емес тізгінді Мұхтар, түсіндім, Келемін көріп ұшқанын қыран құсымның. Қазақтың желі қанат боп оны көтерді, Құс болып аға, Қонбай ақ жерге өт енді! [4,286 б.] – деп, ұстазына жүрекпен тіл қатып, іштей сырласуымен аяқталады. Адам образын жасау үшін жазушы сол образды жасай алатын сапалы материал қарастыруы қажет. Ол материал – әрекет, оқиға, тартыс. Адам образын ол тетіксіз жасауға болмайтынын, нашар мінездеумен характер жасап шығару дәстүрі дұрыс еместігін ескеру қажеттірек. [5,394б.] Сол себептіде, кез келген образды өлең өрнегіне салу, Абайша айтқанда қиыннан қиыстыру шын ақынның жетістігі. Ал, ең қиыны қарапайым ғана күнделікті өмірде кездесетін образды өзгеден ерек, көркем етіп көрсетіп нағыз шын шебердің таланты болмақ. Ал, енді жоғарыдағы мәліметтерді тәрбие тұрғысында қалай қолданамыз деген сұрақ туындайды. Орта білім беретін мекемелерде, ЖОО-да қосымша курс ретінде өтілетін болса, жастардың рухани жетілуінде үлгі тұтар тұлғаларының бірі ұлы ұстаздарымыз болмасына кім кепіл? Сол арқылы да

жастардың бойындағы патриоттық сезімді оятуымыз да мүмкін. «Танып білу әрекеті эмоцияға да байланысты. Оқу үрдісінде поэзия эмоция арқылы тәрбиелі сезімге, адамның мінез-құлқына, ой-дүниесіне, ерекше әл беріп, оның мазмұн мағынасын байытып отырады» [5,108б] – деген сөздер оған дәлел.

Ұстаз – мәңгілік мамандық. Тарихи жағдайларға байланысты болатын қоғам ахуалындағы кез келген өзгерістер білім жүйесіне де әсерін тигізбей қоймасы анық. Ұстаз да заманына қарай өзгеріп, бейімделіп отырады. Ал бұл жағдай мұғалім мен өзге адамдар арасындағы, ең бастысы, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынастарға өз әсерін тигізері сөзсіз. Өзге халықтар сияқты қазақ елінің де бала тәрбиесі жөнінде атам заманнан жиып терген мол тәжірибесі бар. Қазіргі таңда жастар тәрбиесі барлығымызды алаңдатып отырған мәселе. Сондықтанда барынша жаңадан өсіп келе жатқан өскелең ұрпақ бойына жаңашылдықпен қатар ұлттық құндылықтарды да сіңіре білу біздің басты міндет болуға тиіс. Себебі, жастар – ертеңгі орта буын, келешек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Әдебиеттер Әлімбаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2009. 1-том. – 400 б.
- 2.Құнанбаев А. Өлең – сөздің патшасы. – Жидебай: Халықаралық Абай клубы, 2006. – 591 б.
- 3.Бекқожин Қ. Шығармалар жинағы. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2014. III том. – 297 б.
- 4.Тәжібаев Ә. Аралдар: Өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Раритет, 2005. – 264 б. – «Алтын қор кітапханасы». Классикалық зерттеулер: Көп томдық. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. 15-том. – 412 б.
- 5.Айтжанова Қ. Қазақ әдебиетін оқытудың әдіснамасы: оқу құралы. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002. – 326 б.

ӘОЖ 82.359.27

ТІЛ МӘДЕНИЕТІ

АБИТАЕВА Э.Е.

Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

АЮПОВА Э.М.

Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. Культура речи – сфера лингвистики, которая изучает нормы литературного языка, его развитие и связь с разговорным языком. Отличие культуры речи от других отраслей лингвистики в том, что культура речи тесно связана с повседневной разговорной культурой и письмом. Культура речи означает корректное использование языкового инструментария в коммуникациях.

Summary. Culture of speech is the sphere of linguistics that studies norms of the literature language, its development and relation with speaking language. The difference of culture of speech from other linguistic studies is that culture of speech is in close contact with everyday life speaking culture and writing. Culture of speech means correct systematic use of language skills in communicative relations.

Күнделікті өмірде «мәдениет», еңбек мәдениеті, ойлау мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, тіл мәдениеті, т.т. ондаған сөз тіркестерін өте жиі қолданамыз. Олардың ішінде біздің зерттеу тақырыбымызға қатысты сөйлеу мәдениеті, ойлау мәдениеті, тіл мәдениеті, жазу мәдениеті деген сөз «мәдениет» ұғымының мазмұны мен мағынасы нені білдіреді және оның тілге қандай қатысы бар – осы мәселеге біраз тоқталып өтелік. Соңғы сұрақтардың мазмұнын ашу үшін жалпы «мәдениет» деген ұғымның мазмұнын ашып көрсету қажет сияқты.

Мәдениет адамдарға туасы о бастан тән емес. Ол кең мағынада адамның қолы мен ақыл – ойы жасаған дүниені білдіретін сөз. Табиғатта жоқ, ертелі – кеш адамзат еңбегімен жасалған дүние – мәдени дүние. Мәдениет сөзі түрік тіліндегі «medeniyet» деген сөзден алынған болуы керек, адамның қолымен және ақыл – ойымен жасалған дүниені білдіретін сөз. Мәдени қарым - қатынастың ең жоғарғы да күрделі құралы тіл болып саналады. Ол дыбыстық және жазбаша белгілер мен символдар түрінде тұжырымдалған және берілетін мағыналар жүйесінен тұрады.

Тіл адамдардың бұрынғы ұрпақтармен ой-пікір алмасуының көзге көрінбейтін айрықша байланыс каналының қызметін, адамзаттың әлеуметтік дамуының үздіксіздігі мен сабақтастығының құралы қызметін атқарады. Тілдік белгілердің арқасында жеке-дара адамдардың тапқан білімі мен тәжірибесі қоғамдық игілікке, бүкіл адамзат баласының игілігіне айналады. Тілдік белгілер қызметі пайда болады. Демек, белгі, оның ішінде тілдік белгі сыртқы дүние құбылыстарын білдірумен, қоғамдық тәжірибені жинақтап, басқаларға жеткізумен байланысты. Барлық белгілер үшін олардың әрқайсысы бізге оның өзінен өзгеше басқа нәрсені білдіреді. Белгі ретінде қабыл алынған нәрсе өзінің «нақты болмысын» жояды, сөйтіп, «оған оның мағынасы және жаны ретінде басқа мазмұн береді. Тіл «дайын ойды» жеткізу құралы ғана емес. Сонымен бірге ол – ойдың пайда болу, қалыптасу құралы да.

Тілдің сөздік құрамына тән басты бір қасиет – жаңа сөздермен толығып, үнемі даму күйінде болуы. Мұнсыз тіл өзінің негізгі екі қызметін – ой - пікір алмасу қызметі мен дүние тану құралы қызметін – орындай алмас еді. Тілдің бұл екі басты қызметінің табиғи бірлігінен туатын тіл дамуының (барлық тілдерге тән) ішкі диалектикалық заңы бар. Тіл дегеніміз ең алдымен сөз, сөйлеу. Тіл үйрену оның сөздерін үйренуден басталады. Тілдің дамуы оның сөз қорында айқынырақ бейнеленетін себебі сол, өйткені халық шындық дүниені танып білу деңгейін, табиғат құбылыстарының сырына тереңірек үңіліп, оларды қоғам дамуы үшін пайдалана білуін, жаңа заттар мен бұйымдар жасай алу мүмкіндіктерінің т.б. даму жолдарын сөздердің көмегімен ғана көрсете алады, дәлелдейді. Халық, ұлт табиғат пен қоғам заңдылықтарын неғұрлым тезірек танып білсе, өндіріс пен қоғам заңдылықтарын неғұрлым танып білсе, өндіріс пен қоғамдық қатынастар, мәдениет пен тұрмыс неғұрлым жылдамырақ дамыса, тілдің сөздік қоры да соғұрлым тез және мазмұнды болап түседі. Қоғамның дамуы қандай табиғи құбылыс болса, оның тілінің сөздік құрамының баюы да сондай құбылыс.

Тілдердің сөздік қорының өзгеруі мен баюының негізгі екі жолы бар дейді тіл білімі ғылымы. Оның біріншісі – тілдің дамуының ішкі мүмкіндіктерін пайдалану және екіншісі – бөтен тілдердің сөздерін қабыл алудың нәтижесі болып табылатын кірме сөздердің есебінен баю жолы. Тілдің сөздік құрамына тән негізгі белгісі – туынды жаңа сөздермен толығып, үнемі даму күйінде болу. Әрбір тілдің сөздік құрамының дамуына ең алдымен сол тілдің сөздік құрамының дамуына ең алдымен сол тілдің негізгі сөздік қоры ұйытқы болады. Сөз тудырудың әр түрлі тәсілдері арқылы негізгі сөздік қордағы түбір сөздерден туынды сөздер жасалып, тілдің лексикасы толығып дамиды. Мұндай сөздер тудырудың басты тәсілі мыналар: лексика-семантикалық тәсіл, морфологиялық тәсіл және синтаксистік тәсіл.

Жалпы тілдің дамуы ең алдымен оның сөздік қорының баюынан көрінеді. Ал кез келген тілдің сөздік қоры екі жолмен баиды екен. Бірінші жолы – тілдің ішкі сөз тудыру жолы, ал екіншісі – басқа тілдердің сөздерін қабылдау жолы. Дамудың бұл екі жолы іштей байланысты, бірлікте. Басқа тілдермен байланыспай, тек өзінің ішкі мүмкіндіктерін ғана пайдаланып дамитын тілдер жоқ, сондай-ақ, тек басқа тілдерден қабылданатын кірме сөздердің есебінен ғана байитын тілдер де болмайтыны айтылған. Қазіргі кездегі ұлттық тілдердің қай-қайсысы болмасын, олар осы екі жолмен дамиды. Осы екі жолдың өзара бірлігіне сүйене дамыған тіл ғана өміршең тіл болмақ. Сондай тілдердің бірі – қазіргі қазақ тілі кеңес өкіметі жылдарында дәл осы екі жолмен дамиды: қоғам өмірінде, мәдениет пен идеологияда, ғылым мен техникада, жай күнделікті тұрмыста пайда болған жаңа нәрселер мен құбылыстарға сәйкес жаңа ұғымдар, жаңа сөздер, неологизмдер пайда болды. Мысалы, машина, механика, университет, студент, жасады серік, планета, кеме, велосипед және басқа мыңдаған сөздер күнделікті сөйлеу тілінде сан рет қайталанатын сөздерге айналды. Жаңа сөздер алғашында ғана жаңа, тың сөз болып көрінеді де, біраз уақыттан кейін әбден сіңісіп кетіп, үйреншікті сөздерге айналды.

Тілдің ішкі мүмкіндіктерін пайдалану жолымен негізгі сөздік қордағы түбір сөздерден көптеген туынды жаңа сөздер жасалды, қазақ тілінің лексикасы толығып байыды. Мұнда сөз тудырудың лексикалық-семантикалық, морфологиялық және синтаксистік тәсілдері қолданып, мынадай сөздер жасалды: достық (дос+тық), өндіру (өндірістік), басшы (басшылық), білім (білімділік), сүю (сүйіспеншілік), т.б. мыңдаған туынды сөздер пайда болды.

Ұлттық тілдердің даму деңгейінің бір объективтік көрсеткіші – сөздіктер жасау. Кеңес өкіметі жылдарында басқа тілдермен қатар қазақ тілінде де бірнеше екі тілді (орысша-қазақша және қазақша-орысша, немісше-қазақша, қазақша-немісше, т.б) сөздіктер жарық көрді. Мәселен, 1946 жылы жарық көрген екі томдық «Орысша-қазақша сөздік», 1954 жылы жарық көрген «Орысша -қазақша сөздік» және 1978 жылы жарыққа шыққан, 65 мың сөзі бар толықтырылған екі томдық «Орысша-қазақша сөздік» қазақ тілін дамытуда үлкен рөл атқарды.

Әрбір адам 10-15 жылдың ішінде мүмкіндігінше мол білім алуы үшін оқытуды қай тілде жүргізу қажет деген мәселені шешу әркімнің және ата-ананың өз еркіне беріледі. Өмір тәжірибесі көрсеткендей, ұсақ ұлттар мен халықтарға ғылым мен мәдениет жетістіктерін меңгерудің негізгі тиімді жолы- мәдениеті мен ғылыми мүмкіндігі мол ірі ұлттық тілді оқып үйрену. Алайда, мұндай тұжырымға келу үшін біздің еліміздің халықтары мен ұлттары оқу-білім мен мәдениетке жетудің барлық қажетті сатыларынан өтуі тиіс еді. Ол алдымен сауатсыздықты жою, содан кейін сауаттылықты біртіндеп көтере отырып, білім мен мәдениеттің жоғары деңгейіне қол жеткізу жолы еді. Сонда ғана ұлттық тіл еңбекшілердің білімі мен мәдени дәрежесін көтерудің пәрменді құралы бола алады. Қазақ халқы өзінің ұлттық тілін міне осы жолмен дамытады: 1940 жылға қарай халықтың сауатсыздығын негізінен жойып, 1970 жылға қарай жаппай сегізжылдық білім беруді, ал 1980 жылға қарай негізінен жалпы орта білім беруді іске асырған қазақ халқы басқа совет халықтармен бірге сауаттылық пен білімділіктің биік деңгейіне жетті. 1976 жылы 8 қыркүйекте, Халықарлаық сауаттылықты дамыту күні, ЮНЕСКО-ның жариялаған мәліметіне қарағанда, сол кезде Жер шарында 890 миллион адам әлі оқу-жазуды білмейтін сауатсыз екен. Осы тұрғыдан алғанда Орта Азия халықтары мен Қазақстанның кеңес өкіметі тұсындағы 70 жылда оқу-білім саласында қол жеткен табысын «сауатсыздықтан білім шыңына дейінгі жол». Осындай үлкен даму жолынан өткен советтік мемлекет жетпіс жасына жете ыдырап, бұрынғы одақтас республикалардың халықтары мен ұлттары дербес мемлекеттік даму жолына көшкеннен кейінгі қазақ тілі мен мәдениетінің даму жолы қандай болмақ деген мәселе төңірегінде біраз әңгіме қозғап зерттеу жұмысымызды түйіндедік.

Тілдік сөздік қорын молайтудың бұл екі қайнар көзі оны жетілдірудің сенімді жолы, өміршеңдігінің кепілі болып табылады. Ұлттық тілдің ішкі мүмкіндіктері есебінен баюы оның ішкі даму болашағының шексіздігін көрсетеді, кірме сөздер ұлттар мен халықтар арасында қарым-қатынастардың кеңейгенін, тілдік интернационализмнің күшейгенін дәлелдейді. Тіл дамуының бұл екі жолының ара қатынасы ешқашан өзгермейтін, қатып-семіп қалған құбылыс емес. Ол жеріне және уақытына қарай өзгертін құбылыс. Мысалы, халықтар арасындағы байланыс тұрақсыз, кездейсоқ болған феодалдық қоғам тұсында тілдің лексикалық жағынан дамуы негізінен ішкі мүмкіндіктердің есебінен жүрді де мұның өзі түрлі диалектердің көбеюіне әкеліп соқты. Тілдің қоғам өмірімен тығыз байланыстылығы дәл осы құбылыстан әсіресе айқын көрінеді: мемлекеттер мен қарым-қатынастардың күшеюі, ұлттық экономикалардың өзара жақындасуы тілдердің сөздік құрамын жақындастыруы.

Сонымен, қазақ тілін «тазартуға» бағытталған пуристік әрекеттер, біздің пікірімізше, төмендегідей екі теріс нәтижеге әкелуі мүмкін. Пуризм біріншіден, қазақ тілінің интернационалдық сөздер қорын белгілі бір мөлшерде кедейлетеді, қазақ тілін дүниежүзілік мәдениаралық өркениеттен алшақтатады. Екіншіден, орыс тілі қазақтардың ана тілін оқып үйренуін қиындатады, өйткені түсініксіз сөздердің көбеюі оларды шошытып, қазақ тілінен үркітуі мүмкін. Ал мұның бәрі, сайып келгенде, қазақ тілінің ұлттық мемлекет тілінің деңгейіне жетуін қиындатады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Тұрғынбаев Ә., Нұсқабаева Л. Тілралық байланыстар мен қатынастар диалектикасы.– Алматы: Білім, 2005.
- 2.Маслов Ю.С. Введение в языкознание.–Москва 1987.
- 3.Будагов Р.А. что такое развитие и Совершенство языка?–Москва: Наука, 1977.
- 4.Кармин А. Культурология. –Санкт-Петербург : Лань, 2003.

БАТЫРЛЫҚҚА ЖЕТЕЛЕР ҚАСИЕТТЕР

ТҮЙМЕБЕКОВА Ә.Ә.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 1-курс докторанты,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Резюме. В прошлом веке большое влияние на сознание человечества оказала Великая Отечественная война. Известно, что Батыр Б.Момышулы проводил глубокие психологические исследования и изучал глубокие чувства человека. Он ищет ответ на вопрос, когда героизм и храбрость человека становятся сильнее? Влияние человеческого воспитания на солдата доказывает, что только усвоение человеком национальных ценностей и не отход от своих корней ведет к героизму.

Summary. In the last century, the Great Patriotic War had a great influence on the consciousness of mankind. It is known that Batyr B.Momyshuly conducted deep psychological research and studied deep human feelings. He is looking for an answer to the question, when does a person's heroism and bravery become stronger? The influence of human upbringing on a soldier proves that only the assimilation of national values by a person and not a departure from their roots leads to heroism.

XX ғ. адамзаттың жан-дүниесін дүр сілкіндірген Ұлы Отан соғысы талай шығармаларға өзек болды. Ал сол соғысты басынан өткеріп, адамның қиын-қыстау сәтте арпалысар ар-намысы жөнінде Батыр Б.Момышұлы өзінің атакты дәрісін өткізгені бәрімізге белгілі. Әңгіме-дәрістің негізінде дүниеге келген бұл кітаптың «Соғыс психологиясы» деп аталуы, ең алдымен, ұрыс үстіндегі жеке адамның, тұтаса келе жауынгерлік сана қабылдауының, жанкешті арпалыс кезіндегі әртүрлі сана-сезім күйлерінің ғылыми-теориялық анықтамалығы іспетті екенін айтуымыз қажет. Себебі, бұл әдеттегі емес, ерекше жағдайдағы адам психологиясы. Мұның былайғы, бейбіт уақыттағы адам психологиясынан айтарлықтай ерекшелігі бар. Соғыс шындығы, сыны барынша қатал. Өмір мен өлімнің ашық түрде айқасқа түсуі, кез-келген сәтте төніп тұрған қауіп-қатер, жасау-жарағы жақсы қамдалған жау жағы, қатардағы қаруластың күнделікті опат болып жатуы адамның жан-жүйесіне айрықша салмақ салады. Ұрыс кезінде тасада, ашылып көрінбей қалар сезім-күй жоқ. Автордың көрсетуінде мұндай әр алуан психикалық көңіл-күй, атмосфера адамның жеке бас жағдайына, ішкі қайратына, мінез-құлқына байланысты сан қилы және күрделі болып келеді. Ұрыста кездейсоқ ешнәрсе болмайды. Қандай да бір іс-әрекеттің, қимылдың психологиялық, әлеуметтік-қоғамдық негізі болады.

«Тек ұрыста ғана адамның барлық қасиеті сынға түседі. Егерде бейбіт уақытта адамның кейбір ерекшеліктері байқалынбаса, онда ол ұрыс үстінде ашылады. Ұрыс психологиясы сан қырлы. Жеке және қоғамдық өмірде адам қасиеттеріне соғыс әсер етпей қоймайды. Ұрыста зәреңнің зәр түбіне кеткенін жасыра алмайсың. Ұрыс жалған батырлықтың бет пердесін сыпырып тастайды. Жалған нәрсе оқтың астында шыдас бермейді. Ерлік ұрыста мүлдем көрінбейді немесе барынша толық түрде көрінеді» [1,21]. Бұл Б.Момышұлының соғыс тәжірибесінен қорытылып шыққан ой-түйін.

Қарапайым күнделікті тірлікте бірден байқала, көріне қоймайтын адамның шын сипаты, бейнесінің ұрыс кезінде көпке бармай-ақ бірден ашылып жатуының сыры да осы еңбекте түсіндіріледі. Ажал, төніп тұрған қауіп-қатер – күшті психикалық әсер. Сондықтан мұндай тайталастағы адамның психологиясы барынша күрделі және ол жазушыдан кең ауқымды, шынайы суреттеуді, ішкі сырын ашуды талап етеді деп ой түйеді автор.

Ұрыс үстіндегі адамның жүйке жүйесін баурап алатын бір-біріне қарама-қайшылықты психологиялық күй былайша сипатталады: «Ұрыста – соғыста – адамға тән барлық: жоғары және төменгі қасиеттер өзі барынша ашылып көрінеді. Бұл сезімдерді екі топқа бөлуге болады:

Жоғары сезімдер:

Парыз
Адамгершілік
Ержүректілік
Ерлік
Батырлық
Қаһармандық және т.б.

Төменгі сезімдер:

Опасыздық

Ұждансыздық
Үрей
Қорқыныш
Шошу және т.б.

Парасат, инстинкт, интуиция – адам бойындағы бейнебір командалық инстанциялар сияқты. Ұрыс кезіндегі адамның сана-сезіміндегі кейбір мәселелердің төңірегіне соңғы кезде көңіл аударыла бастады. Бұл мәселелер жөніндегі пікір таластар окоп пен блиндаждарда, редакциялар мен жазушылардың бөлмелерінде де жүріп жатыр» [1,23],- дейді.

Ұрыс кезіндегі адамның сана-сезіміндегі әр алуан өзгерістерге, ауытқушылыққа мән бере қарау, зерттеу қажеттілігіне тоқталған автор өзінің ұрыс тәжірибесіне сүйене отырып, «Соғыс психологиясында» бұл мәселеге де кеңінен тоқталады. Мұнда ешқандай жалған ұғым-түсініктің, асыра сілтеудің жетегінде кетпей, табиғи түрде түсінуді, талдауды және оны жоюдың не жетілдірудің шараларын қарастыруды алғы міндетке қояды.

Ұлы Отан соғысының тәжірибесі жеңіске рухтың күштілігімен жетуге болатынын, табыс әскердің моральдік-адамгершілік күшіне тәуелді екенін айғақтады дейді автор. Бұл ретте материалдық құрал-жабдықтар мен қазіргі заманауи әскери техника күрестің материалдық базасы мен қаруы болып табылғанмен, бәрінің шешуші негізі - адам, оның бойындағы жеңіске деген қуат-жігер, ұмтылыс, темірдей тәртіп пен әскери дайындық, рух мықтылығы екендігіне терең мән беріледі.

Осы ыңғайда автор ұрыс кезіндегі жауынгердің басынан кешіретін психологиялық толқымалы жай-күйлерге байыпты талдау жүргізеді. Мәселен, ұрыс кезіндегі ең жағымсыз көріністің бірі, бірақ айналып кетуге болмайтын психикалық көрініс – қорқыныш. «Қорқыныш дегеніміз не? Қорықпаушылық дегеніміздің өзі жалпы табиғатта жоқ нәрсе. Қорықпайтын адам жер бетінде жоқ. Қорқыныш тірі нәрселердің бәріне, тек адам мен жан-жануарларға ғана емес, сонымен бірге тіпті өсімдіктерге де тән. Қалай болғанда да, жүзден аса ұрысты бастан өткізген екі жарым жылдың ішінде, әлі бірде бір қорықпайтын адамды кездестірген емеспін. Өлім қаупін сезінген бірде бір жан қорқынышсыз арпалысуға бармайды, бірақ бұл қорықпаушылық деген сөз емес. Қорқынышты әрбір адам өмірде талай-талай басынан өткізеді.

Егер сізге қазір әскери комиссариаттан шақыру қағазын алып келсе, қолыңызға шақыру қағазын ұстатқан сәтте-ақ сіз қорқынышты сезінесіз. Менің қолжазбаларымда бұл жөніндегі ойларым әскерге шақыру қағазынан бастап - әскери қызметтің қорқынышы, әскери жорықтың қорқынышы, ұрыс алдындағы қорқыныш, ұрыс кезіндегі қорқыныш, шабуылдағы қорқынышпен аяқталынған. Алайда, біз адамға тән және заңды нәрсені қалайша теріске шығара аламыз? Керісінше, бұл сезімді зерттей отырып, біз оған басқа сезімді қарама-қарсы қоюға тиіспіз, бірақ та қорқыныш жоқ деп айтудың керегі жоқ. Батылдық пен қорқақтық – бұл қорқыныштың парызбен күресінің нәтижесі. Қорқыныш бар, бірақ оны жеңуге болады. Үрейлену деген ұғым, сондай-ақ шамалы және қатты қорқу сезімі бар. Қорқынышты жалпы мәжбүр ету жолымен жеңуге болады. Қандай мәжбүр ету жолымен? Ең алдымен, өзіміз жеке адамның психологиясы деп айтатын ішкі мәжбүр ету жолымен» [1,25],- дей келіп, автор соғыс тақырыбына көркем шығарма жазудағы үлкен міндетті, суреткерлік басты жауапкершілікті де даралап айтып өтеді:

«...Жауынгерлік ерліктерді сипаттаған кезде – ішкі арпалысты суреттемейді. Жауынгердің қандай күрес пен психологиялық қиналыстың нәтижесінде қара бет болғанын немесе даңққа жеткенін ашып көрсету қажет. Міне, сонда ғана солдат пен офицердің бейнесі анағұрлым жанды, анағұрлым кесек тұлғалы болмақ» [1,25],- дейді майдангер.

Майдангер қорқынышты жеңудің екі тәсілі – ішкі мәжбүр ету және сыртқы мәжбүр ету, яғни қоғамдық ықпалдың әсер күшін саралай келіп, осы орайда қазақ халқының «ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді» деген сөзінің қуатына, яғни ұлттық психологиялық ерекшелікке баса назар аударады. Бұл талай шапқыншылықты бастан кешіріп, туған жерін, елін сақтап қалған өр рухты қазақ халқының жауынгерлік болмысының айнасы деген тұжырым жасайды.

Жауынгердің жан дүниесін қайрақша жанитын өткір сөздердің орысша-қазақша баламасы нақты дәлел түрінде көптеп келтірілген:

- «Мужу честь дороже жизни, благородному человеку честь дороже жизни»;
- «Өлімнен ұят күшті»;
- «Бесчестия – позор,- страшнее смерти»;
- «Жаным арымның садағасы»;
- «За жизни дерись до смерти»;
- «Өмір үшін өлгенше соғыс».

Міне, осындай адамның ішкі ерік жігерін жанитын адамгершілік, ұят сезімі, ерік-жігер, мақтаныш және басқа да сезімдерді арқау еткен ұлтты тіркестердің жауынгерлердің ішкі, сыртқы қорқынышын жеңудің өзіндік құралы болып табылатындығы да аталмыш еңбектің бір парасы. Ұрыс кезінде жиі байқалатын, әркімнің басында болмай тұрмайтын психикалық күй – қорқыныш сезіміне және оның бетін қайтарудың амал-тәсілдеріне осылайша жан-жақты талдау жасаған автор енді осыған қарама-қарсы күй - батылдықтың да табиғатын терең барлайды.

«...Қорқыныш - барлық тірі нәрселерге тән болса, батылдық - парыз сезімінің қорқынышпен күресі нәтижесінде туады екен. Ал парыз сезімі дегеніміз не? Бұл адамгершілік сезімі, намыс, ар-ұят – бұл адам өзін кез келген опасыздықтан сақтайды, қорғайды, яғни масқара болып жүргеннен абыроймен өлген артық деген сөз. Өлімнен ұят күшті...

Ерлік дегеніміз не? Бұл адамға туа біткен қасиет емес, дұрыс жүргізілген әскери тәрбиенің жемісі. Ержүректілік пен батырлықты найзаласқан қолма қол ұрыстан көргісі келетін адам қателеседі.

Ерлік табиғат сыйы емес, ең алдымен, өзіңнің ар-намысыңды және азаматтың қасиетті абыройын ұятқа қалу, опасыздық пен масқара болу сезімінен қорғай отырып, адамның ең ұлы сезімін – азаматтық парызын орындау үшін осындай адамгершілік, теңдікте өзіңмен сайысқа түсе отырып, тұтас коллектив өмірінің игілігін ғана емес, сонымен қауіп-қатерін де бөлісіп, жауды барынша жою, жанға жанмен, қанға қанмен аяусыз кек алу жолымен жеке басыңды және отандастарыңды қауіпсіз етуге ұмтылу, саналы түрде қауіп-қатерге бас тігуге мәжбүр ету. Батылдық – қимыл әрекет есебін тәуекел етумен үйлестіре алушылық» [1,27-28],- дейді Б.Момышұлы.

Автор батылдықтың, ерліктің түп төркінін нақты өмір тәжірибесімен ұштастыра отырып түсіндіреді. Батылдық, ерлік қимыл кездейсоқ, табан астында бола қалатын әрекет емес, оның психологиялық негізі болады. Сын сәтте, тіпті өлім қаупі төнген кезде сол психологиялық негіз, ішкі дайындық қана жауынгерді саналы ерлік әрекетке бастайды. Автордың айтуында, ол, ең алдымен, адамгершілік сезімі, намыс, ар-ұят деген категориялар. Осы бір қасиетті сезімдер адамды опасыздықтан сақтайды, масқара болудан өлімді артық санатады. «Соғыс психологиясында» осының барлығын теориялық-ғылыми тұрғыдан байыптаған Б.Момышұлы кейін өзінің соғыс тақырыбына жазған туындыларында көркем образбен, қайталанбас адам тағдырымен, оның жан сезімінің сыртқы белгісіне, нәтижесіне айналған арпалысты іс-әрекетімен, қасиетті өлімімен көрсетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Б.Момышұлы. Екі томдық шығармалар жинағы. 1т. –Алматы, Жазушы, 2002. – 480 б.
- 2.Момышұлы Б. Баукеңнің бұйрыққа қойған талабы. //Қазақ батырлары. 1991, 21 шілде.
- 3.Кузьмин Н. Москва помнит Бауке. //Бірлік, № 12, 1996, 15 ноябрь.
- 4.Жұматаева Е. Ерлік – елдік туы. –Шымкент, 1998. – 76 б.
- 5.Ыбырайұлы М. Халықтық мінез хақында. // Абай журналы. 1996, № 2. – 103
- 6.Майтанов Б. Сөз сыны. – Алматы: Ғылым, 2001. – 215 б.
- 7.Нұрғали Р. Телағыс. – Алматы: Жазушы, 1986. – 439 б.
- 8.Бек А. Арпалыс. –Алматы, Жалын, 1985. – 664 б.
- 9.А.Байтұрсынов. Әдебиет танытқыш. – Алматы, Жібек жолы, 2002. – 208.
- 10.Елеукенов Ш. Замандас парасаты. –Алматы, Жазушы, 1995. – 279 б.

ӘОЖ 82.123.85

М.ЖҰМАБАЕВ –СЫРШЫЛ ЛИРИК

МАМЕЕВА НАЗИРА АБУТАЛИПОВНА

Мырзатай орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

ШОНБАЕВА ИНДИРА ЖАНАБАЕВНА

Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. В казахской литературе Магжан имеет свои особенности, нежность, романтическую динамику. Он способствовал установлению европейской лирики в казахской поэзии, стал творческой школой для последующих поэтов.

Summary. In Kazakh literature Magzhan has its own characteristics, tenderness, romantic dynamics. He contributed to the establishment of European lyrics in Kazakh poetry, became a creative school for subsequent poets.

Мағжан – сыршыл лирик. Сыршылдық жағынан Мағжан көп ақындарға бәйге бермейді. Ақынның лирикалары көбіне-көп драмалық, трагедиялық сезімге толы.

Мағжан өзінің құдіретті, жалынды, тасқынды талантымен Абай поэзиясының аса нәзік, сұлу жағын – лириканы, жан – жүрек сезім, буырқанған асау жастық, асыл махаббат жырымен сондай сүйкімді, сондай жарасымды табиғаттың жастық шағын суреттеулерімен дара дамытып кетті.

Мағжан – негізінде табиғатынан асқан лирик ақын. Мағжан лирикасы жаңа жауған кіршіксіз ұлпа қарға жез сабаумен киімін сілкіп алғандай таза мұра.

Ақынның замандасы Ж.Аймауытов 1923 жылы Ташкентте оқитын қазақ студенттерінің алдында жасаған «Мағжанның ақындығы туралы» атты баяндамасында былай деп жазады: «Мағжан – алдымен сыршыл ақын». Мағжан сөзіндей «тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін» үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Ол жүректің қобызын шерте біледі, оның жүрегінен жаспен қаны аралас шыққан тәтті сөздері өзгенің жүрегіне тәтті у себеді. Мағжан не жазса да сырлы, көркем, сәнді жазады. Оқушының жүрегіне әсер ете алмайтын құрғақ өлеңді, жабайы жырды Мағжаннан таба алмаймыз. Ол табиғатты суреттей ме, әйелді жаза ма, тарихи адамдарды ала ма - бәрінде де ақынның ойлағаны, сезгені, жүрегінің қайғыруы, жанының күйзелуі, көңілінің кірбеңі көрініп тұрады. Қай өлеңін оқысақ та, не ақынмен, не өз жүрегімен, не ел жүрегімен сырласқандай боласың. Ақынның өзі көрінбейтін өлеңдерін оқысаңыз да еріксіз бір сезім туғызады. Әлде өкіндіреді, әлде мұңайтады, әлде жылатады, әлде есіркетеді, әлде жігер береді [1].

Әр ақынның өрісі: бірінші – заманға, екінші – туып өскен әлеуметіне, үшінші – нәсіліне (тұқымына) байлаулы. Ақын ерікті-еріксіз өз заманының тонын кимеске, өз әлеуметінің жоқтамасқа, тілегін орындамасқа әлі жоқ. Ақын өзгелерден гөрі әлеуметтік мұнын бұрын көреді, өзгелердің сезбегенін сезеді, көрмегенін көреді, ойламағанын болжайды, тіл жетпегенін айтып береді. Өзгелер салқын қарайтын сәрсеге ақын күйіп- піседі. Күшті ақын – әлеуметтік тіл қамшысы, мұңын- зарын айтқызатын емшісі. Өз әлеуметін, өз табын ілгері сүйреуге, көтермелеуге, демеуге күшті ақындардың әсері тиген. Ендеше, Мағжан да нағыз әлеумет ақыны. Ақынның әлеуметтік сұрауларды көтерген, күн тәртібіне қойған өлеңдері оның күллі творчествосында басым сарын болып естіледі. Ақынның көңілін бөлген, дәуірдің білгір проблемалары болып есептелген тақырыптардың аумағы мен салмағына да тоқталып өтейік. Мағжан шығармаларының басты тақырыбы – қазақ халқының ұлттық тәуелсіздігі жолындағы күресі. Бір жағы отаршылардың, екінші жағы жергілікті байлар мен билердің қарапайым халықты еріксіздік құлдығында ұстап келгені ақын жанын ауыртады. Енді бірде ол жер бетіндегі әділетсіздіктерден түңіліп, аспандағы жұлдызбен «сырласады», жаратқан «иеге» нала болады. Тағы бір шоғыр шығармасында әйел теңсіздігінің зардабын тебірене толғайды, құқықсыздық құрбаны болғандарға жанашырлық білдіреді. Туған жердің өзен, көлін, асқар белін, бұрынғы тарихын, қазіргі халін сөз етсе де тек бостандықты арман етеді. Халық мүддесін ойлап үн көтергені үшін әкімдерден жаза көріп, жапа шеккен, абақтыға қамалған ерлердің ісін мадақ етеді, жұртшылықты жаңа күреске шақырады. Таршылық, кемшілік көріп, көніп келе жатқан елінің мұң-наласын айту шығармаларының ортақ сарыны болып шығады. Жұрттың келешегі болатын жастарға сенім артады, қазақ халқының түбінде шын мәніндегі азат ел болатынына сенгісі келеді. Көреген ақынның сенімі алдамапты. Араға бірнеше жылдан астам уақыт салып, қазақ елі өз тәуелсіздігін алып, бұл күнде іргелі мемлекеттердің қатарына қосылды [2].

Сонымен Мағжан азаматтық, табиғат, саяси, махаббат, және философиялық лирикалар төңірегінде және де ақын лириканың қай түріне болса да қалам сермеген. Ең бірінші кезекте Мағжанның азаматтық лирикасына тоқталайық. Ақын өлеңдерінде азаматтық әуен өмірлік мұрат, ел, халық алдындағы перзенттік парызын сезіну, халықтың қалғып жатқан ой-санасына сәуле себуге талпынысы да кең көлемде көрініс тапқан. Олардың тереңінде кемел ой мен биік парасат, елім деп еңіреген ердің өршіл рухы мен халық қайғысына қабырғасы қайысқан жанның нәзік сезімі қатар жатыр. Қанға сіңген марғаулығына күйінеді, одан аршып алар жол іздейді. Өркениетті елдердің тіршілігінен ой түйіп, болашақты болжайды, соған өз халқын шақырады. Бірақ ол жалған

дабыра әсіре қызыл сөз түрінде емес, сынап отырып, шынайы жанашырлық танытқандай, жылата отырып жұбату айтқандай сабырлы да салмақты жыр жолдарымен жеткізеді. Ақындық сапарының алғашқы қадымында-ақ ол ағартушылық дүниетанымының аясында оолды. Мұның өзі түсінікті еді. Мағжан Абай ізін басты. Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағы шыққанда ол небәрі 16 жаста болатын. Бұл кезде ол «Ғалия» медресесінде өзі сияқты балғын талапкерлермен бірге әдебиет бақшасын тамашалап жүрген. Әсіресе, ол бір сөзі «мың жыл жүрсе дәмі кетпес» Абай поэзиясына ғашық еді.

Ақынның бұл кездегі творчествосы, негізінен алғанда, қалың ұйқыда жатқан елін маса болып ызындап оятуға ұмтылған Ахмет Байтұрсынұлы идеясымен үндесіп, сабақтасып жатады. Сол кездің өзінде-ақ Мағжан оқу-білімсіз халықтың ертеңі бұлдыр, көкжиегі тұман екенін сезген. Оқу білімге қол жеткізген халық қана асылды жасықтан ажырата алады деген пікірге тоқтайды.

Ақынның ендігі бір шоғыр шығармасы – табиғат лирикасы. Табиғат қашаннан бері ақындардың жырлап келе жатқан, бас иген құдайы. Жабыққан жанына ем болған дәруі. Сол заңға Мағжан да құл болған. Ол да табиғатты барынша іңкәрлікпен сүйіп, оның алуан құбылыстарынан өзіндік ләззат, нәр алады. Ол туралы тебірене жырлайды, тыным алады, жанына сая табады. Табиғатты Мағжаннан көп, одан артық суреттеген қазақ ақыны кемде-кем шығар. Бұл пікірімізді «Көкшетау», «Жиленді қара орман», «Толқын», «Жаз келді», «Сен», «Жазғытұрым», «Жазғы түнде», «Жел», «Бұлбұл», «Қайың», «Қысқы жолда», сынды түрі мен мазмұны үйлескен шығармалар сипаттаса керек. Мағжан табиғатты дәріптейді. Оған ешнәрсе теңгермейді. Теңгерсе, аса қадірлі, қасиетті нәрсені теңгереді: мысалы айнымас анаға, нәресте балаға, болмаса сүйген жарға теңеп жазады. Бұларсыз өмірде мағына жоқтығына ой тоқтатады. Атап өтерлік нәрсе сол – ақын өлеңдері тек сұлулықты, іңкәрлікті, табиғат жарасымын бірыңғай қызықтау деңгейінде қалып қоймай, адамшылық, әлеуметтік аңсарларымен де көмкеріледі [3].

Мағжан Жұмабаев туған елінің жоғын жоқтаған таза қазақ халқының ақыны еді. Оның арман- мұраты туған жер, өскен орта тағдырымен бірге болды, халықтың басынан кешкен ауыр тақсирет-тауқыметін сырттай бақылаушы, соны жалаң баяндаушы дәрежесінде қала алмады. Оның әр өлең жолдарынан ақын жанының терең күрсінісі, көлденең көз жасы, айықпас жан азабы, қасірет наласы айқын бой тастап отырады. Төңірегінде болып жатқан әділетсіздіктер мен кемсітушіліктер, жоқшылық пен жүдеушіліктер ақын жүрегінің жан сүзгісінен өтіп жатады, қанды жаспен қотарылып, ақ қағаз бетіне төгіліп түсіп отырады. Мағжан махаббат лирикасына да біраз қалам тартқан ақын.

Ақын поэзиясының бірсыпырасы жастық, махаббат туралы лирикалық өлеңдері. Мағжанның махаббат лирикасы – қандай да бір әдебиетке мақтаныш етуге тұрарлық өзінше бір қымбат, рухани әсем дүние. Сондықтан Мағжан поэзиясының биік шыңы да – махаббат лирикасы. Мағжан махаббат лирикасын сезім толқынына құрған. Өмір, тіршілік, бақыт тірегі – махаббат, сүю, жану, өртену. Ақын сезімі жалаң құштарлық емес, ол адамды сүйе білудің, сол сүю жолында шаттана да, қуана білудің көрінісі. Ақынның ғашықтық тақырыбына жазған осындай өлеңдерін нәпсіқұмарлыққа жатқызғандар да болды. Расында солай ма еді? Бірақ махаббат тақырыбына заманына сәйкес Мағжан Абайдан әрірек кеткен жері бар. Ол барынша ашық, айқын күйіп-жану, алаңсыз өртену, құлай жығылу, өліп-тірілу секілді өткір сезімдер арпалысын еркін жырлап жеткізу. Құмарлық, құштарлық деген әулие сезімді Абай да әдемі, сыпайы жеткізеді. Бірақ Абай сонау сезімді ұлғайған кезінде еске алу есебінде жазады, ал Мағжан тура соқа бастан кешіп тұрып, сағатында жазады. Жүрек дірілін, қан қайнауы, ес кетуін – бар сезімнің июін өлең кестесіне тайға таңба басқандай етіп түсірді. Оның бәрімізге қызықты болатыны да сондықтан.

Ақынның «Сүй, жан сәулем», «Сүйгеніме», «Гүлсім ханымға», «Жұлдызды – жүзік, Айды – алқа қылып берейін», «... альбомына» тағы басқа өлеңдері әрі нәзік, әрі шын мәніндегі шынайы махаббатты жырлай отырып, әлеуметтік мәселені көтереді. Себебі, жер бетінде сүйіспеншілік болмаса, адал махаббат болмаса, онда қандай да бір халықтың халық болып қалыптасуы, дамуы, өсіп-өркендеуі, өркениетті ел болуы екіталай, әлем кіндігі – адам. Әйел – сол адамның сезгіш жаны, махаббат, рахмет теңізінен жаратылған, адамгершілігін бастар асылы [4].

Мағжанның ендігі бір шоғыр шығармасы оның философиялық лирикасын құрайды. Мағжанның философиялық лирикасында жүректік сарын басым. Себебі, Мағжан тұрмысқа көңілі толмаған, өмірден көп қиындық көрген, мұң-зарға көп салынған. Сондықтан да өмірде рахат бар деп, тіршілікте қызық бар деп сенбей, кейде торығушылыққа салынатыны да бар. Тіршілік деген бір әурешілік: өмір, мен өлім мәселесі талай ойшылдарды, ақындарды терең қиялға батырған, не үшін жасау керек, өлетін болған соң, осы әурешіліктің барлығы неге керек деген қаралы сұраулар

жалпылама адамның басына келе бермейді. Не өте сезімі ауырған, не ажал босағасына таянған адамның ойына келеді.

Ақынның символизм арнасында жазған өлеңдерін байыппен оқу қажет. Рас, символистер, солардың бірі Мағжан, белгілі сезімді шегіне жеткізе әсірелеп, өлімді жиі еске алады. Сонда да оларды өмірден безу, жарық дүниені талақ ету «философиясымен» әуестенген деу де жансақтық.

Өмір хақында Мағжан тербеткен ойлар бір төбе. Тағдырдың талай ащы дәмін татқан Мағжанның жалпы адам атаулының дүниеге келіп кетуінің сырларын ойланбасқа шарасы жоқ-ты. Ақынның «Өмір» атты өлеңінен мынадай жолдарды оқимыз.

Өмір осы – бірде ол болар бұлтты.,
Қатты желді, дауылы, кейде отты.
Құрып дымың, қайғырып жас төгерсің,
Бұлт ашылар – қайғының бәрі бітті.

Өмірді құбылмалы ауа-райымен теңеп, образды түрде суреттейді. Бірде аспанды бұлт торлап, кара дауыл тұрып, жан- жануар баспана іздеп, бірде аспан ашылып, бар нәрседен қайғы мұң кетіп, күн сәулесі жердің жүзін аймалайды. Өмірде адам баласының басынан өткізер қат-қабат оқиғаларды терең толғаныспен түсіндіреді. Мағжанның осы өлеңінің философиялық лирикадағы басқа өлеңдерінен ерекшелігі, мұнда ақын оптимист, өмірде бақытты күндердің боларына сенеді [5].

Мағжан қазақ әдебиетінде өзіндік ерекшелігімен, нәзіктігімен, романтикалық серпінімен орын алады. Ол қазақ поэзиясында еуропалық лириканың орнығуына ықпал етіп, өзінен кейінгі ақындарға шығармашылық мектеп болды. Ақынның шығармашылық лабораториясынан үйренбеген, кестелі сөзін пір тұтпаған ақын кемде- кем.

Мағжан Жұмабаев қазақ әдебиеті аспанындағы аса жарық, нұрлы сәулесі мол, табиғаты бөлек, ерек ақын. Оның шығармашылық талантын кезінде қазақ зиялылары мен білімпаздары А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов, М.Әуезовтар бір ауыздан мойындады.

Табиғат оған дархан дарын, асқақ талант, шексіз-шетсіз сезім әлемін сыйлады, ал тағдыр ауыр соқпақ, шырғалаң шиыры мол жолды алдынан тосты. Сондықтан да, қысқа да арпалысты ғұмырында ол өз жанын жеген мәселелерді өлеңіне арқау етті, өткір жыр етті. Қоғам болмысымен қабыспай, үнемі арпалыспен өткен сезім әлеміндегі дауылдар қағаз бетіне жыр болып ақтарылды. Әлеуметтік мәселелерге өткір үн қатты. Жүрек дірілі үнемі жыр жоларына өз ізін тастап отырады. Қай тақырыпқа қалам тартса да, ол өзінің зерделілігін, парасатының кеңдігін, ой кемелдігін, сезім әлемінің көл-көсір кең, мол екендігін, ерекше көрсетіп отырады. Өзінің өлмес жырларымен Мағжан қазақ әдебиетінің аса ірі, ұлы ақындарының бірі болып қала беретіндігіне шығармаларын оқыған сайын көзің жете береді. Ашық күндеушілер де, білдірмей тобықтан шалушылар да болғанымен, қазақтың маңдайына біткен санаулы жарық жұлдыздарының бірі, тағдыры өз халқының тағдыры өкініш пен өкікке, күрсініс пен күйікке толы ақын. Мағжан халқымыздың інжу- маржанындай асыл мұрасы бүгінгі ұрпаққа да, болашақта дүниеге келер толқынға да керек. Мағжан ақынның екінші - өлмес ғұмыры енді басталды. Оның мұралары талай- талай толғамды пікірлерге желі болып тартылып, талай ұрпақтың қыран-қиялының томаға тартары болары ақиқат. Мағжан өлеңдерін, поэзиясын бұдан гөрі шын бағалап, оқып - үйренеріміз хақ. Мағжан жыл өткен сайын биіктей беретін, нұрлана түсетін поэзия жұлдызы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Абдуллин Х. Мағжан – жыр жұлдызы. Қазақ әдебиеті. – 1993. 26 наурыз.
- 2.Ақтаев С. Мұқанов М. Жүрек жыршысы М. Жұмабаевтың туғанына 100 жыл толуына орай. Халық кеңесі. – 1993. –24 тамыз
- 3.Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы. – Бес арыс, Алматы, 1992. –185б.
- 4.Әлімбаев М. Толқыннан толқын туады. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. –165б.
- 5.Әуезов М. Мағжанды сүйемін. – Бес арыс, Алматы, 1992. –158б.

ҰЛЫ ТҰЛҒА ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАР АРҚЫЛЫ ОҚИТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

САТҚЫНОВА АЙГУЛЬ ТУЛЕПБАЕВНА

Төле би атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Шу ауданы

Резюме. Турар Рыскулов – великая личность, известная во всем мире, пример для подрастающего поколения, воспитания чувства сострадания к своей нации. Чтение художественного произведения - развитие у учащегося понимания слова, мышления, обогащение духовного мира.

В ходе урока через изучение, анализ, сравнение определили образованность, остроту, преданность стране героя произведения Т.Рыскулова. Главная задача учителя в преподавании - привить детям творческие способности, интерес, готовность к практическим действиям, воспитывать креативное мышление.

Summary. Turar Ryskulov is a great personality, known of the world, an example for the younger generation, fostering sense of compassion for his nation.

Reading a work for art is the development of a student's understanding of the world, thinking and enrichment of the spiritual world. During the lesson, through the study, analysis, and comparison, the education, sharpness, and devotion to the country of the hero of T. Ryskulov's work were determined. The main task of a teacher in teaching is to instill in children creativity, interest, readiness for practical actions, and to foster creative thinking.

Тәуелсіздік – қасиетті, киелі ұғым. Ол ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы армандаған, үміті мен сенімі. Ол еркіндіктің белгісі. Тәуелсіздік таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан құдіретті сөз. Еліміз тәуелсіздіктің бесігінде тербелгелі биыл 33 жыл болды. Ұлы қазақ елі осы күнге жеткенше үш жүз жылға жуық бодандықтың бұғауында, жетпіс жылдан аса кеңес одағының шырмауында болды. Жер бетінде елдің бостандығын, халқының тәуелсіздігін ойламайтын жұрт жоқ болар. Әр халықтың даму тарихында өзінің адал еңбегімен, ерен ерлігімен ел тарихының төрінен орын алатын жекелеген азаматтар болатыны ежелден мәлім. Сондай тұлғалардың арқасында әр ұлт өзінің дербестігін сақтап, ұрпақтар жалғастығы өзінің өміршеңдігін дәлелдеп отыр. Қазақ жеке мемлекет болғалы ұлт тұтастығы мен тәуелсіздігі жолында талай «тар жол, тайғақ кешуден» өткен ұлы тұлғаларымыздың болғаны біздер үшін мақтаныш, әрі тарихымыз үшін үлкен мектеп.

Сондай тұлғаларымыздың бірі Тұрар Рысқұлов екені сөзсіз.

Сонымен, Тұрар Рысқұлов кім? Оның есімі халыққа, қазіргі ұрпаққа, келер ұрпаққа несімен қымбат? Бұл сауалға, жауап беру үшін Ш. Мұртазаның Т. Рысқұлов жайлы айтқан сөздеріне тоқталмақпын.

«Тұңғыш рет Тұрар Рысқұловтың кім екенін 1960 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде жариялаған қарт журналист байырғы большевик, партия қызметкері Рахымалы Байжарасовтың көлемді мақаласын оқып білдім» - дейді Ш. Мұртаза [1]. Бірақ сол кездегі солақай догматтар газеттің редакторын айыптап, мақаланың авторына да моральдік тұрғыдан қысымдық жасады. Бұл қиянатқа шыдамай, қажырлы журналист дүние салды.

Дегенмен, оның жазған мақаласы арқылы әсіресе жана, жас ұрпақ Тұрар Рысқұловтың кім екенінен біршама хабардар болып қалды. Бұл да болса шындықтың қалың шымылдығының ептеп түрілгенінің белгісі еді.

Тұрар Рысқұлов (1894-1938) қазақ халқының көрнекті перзенті, белгілі қоғам және мемлекет қайраткері. Оның бар ой – арманы, мақсат - мүддесі қазақ елінің тәуелсіздігі болды. Осы орайда, елінің басына күн туып, аштықтың азабын тартып жатқан тұста, ол өз басына төнген қауіптен қорықпай, Сталинге 1932-33 жылдары бірнеше хат жолдады. Ол хаттар сол кезеңдегі қазақ халқының ауыр тұрмысын баяндаумен қатар, елі үшін күрескен Т. Рысқұловтай аяулы азаматтың қиын - қыстау кезіндегі ішкі жан айқайын білдіретін аса маңызды тарихи құжаттар екені сөзсіз [2].

Тұрар Рысқұловтың партия алдында, мемлекет алдында атқарған еңбегі орасан. Ол – талант иесі айтулы оратор, табиғатынан ерекше туған жан. Михаил Фрунзе: «Бұл мұсылман

коммунистерінің ішіндегі аса ірі тұлға -қазақтардан Рысқұлов,ал өзбектерден Тұрсынходжаев. Рысқұловтың ерекше көзге түсетіні-ол ақылдылығымен қоса ,үлкен қажыр-қайрат иесі,өте берік мінезді адам» -дейді.Кейін Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметін егжей-тегжейлі зерттеген арнаулы беделді комиссия құрылды.Сол комиссияның қорытындысы бойынша, Тұрар Рысқұловтың атына жағылған қара күйе жуылып,ардақты есім біржолата ақталды.

Республика көлемінде,одан тысқары жерде Тұрар Рысқұловтың туғанына жетпіс жыл,сексен жыл толуына орай,қаһарман революционердің есімі еске алынып отырды.

Ол туралы республикада,Москвада түрлі кітаптар, мақалалар жазылып,документті фильмдер түсіріліп,көркем суреттер салына бастады. Тұрар Рысқұловтың есімінде қазір мектептер,көшелер бар [3,128-134бб.].

Осындай ерен еңбегі бар,қазақ елі үшін аянбай қызмет еткен Тұрар Рысқұлов, әлем таныған ұлы тұлғаға айналды.

Тәуелсіздік бізге оңай келген жоқ. Ендігі келешек жастарымызды мол біліммен сусындатып, елімізді көркейту,ұлан-ғасыр жерімізді теріс пиғылды басқыншылардан қорғап,тәуелсіздігімізді сақтай білуге үйрету. Әлем таныған ұлы тұлға - Тұрар Рысқұловтай азаматтарымызды жас ұрпаққа үлгі ету,еңбектерін білуге ұмтылдыру,өз ұлтына жанашырлық сезімін ұялату, мәдениеттілікке, білімпаздыққа, өжеттілікке тәрбиелеу. Қазақстанның болашағы, еліміздің тұтқасы – саналы, тәрбиелі,білімді,білікті жас ұрпақ. Олай болса, жастарымызды осындай азамат етіп өсірудің бірден-бір жолы мектеп қабырғасында көркем шығармаларды оқыту арқылы бойларына сіңіру деп білеміз.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізіп, саяси – әлеуметтік және экономикалық дамудың жаңа кезеңіне қадам басқан уақытта терең білім, сауатты ұрпақ тәрбиелеу – негізгі міндеттердің бірі.Егемендіктің тұғыры тұрақталып, тіл мен ділдің баянды болуы үшін мектеп қабырғасында елжандылық тәрбие идеяларының санасына дарытуда әдебиеттің алатын орны ерекше .

Әдебиет – сөз өнері. Әдебиетті оқыту – ғылым саласымен тығыз байланысқан.Ғылыми тұжырымда әдебиет «адамтану құралы», ал әдебиет пәні «адам тәрбиелеу құралы», — делінген.Ал , «Көркем шығарма – әдебиеттің құндылығы. Көркем шығарманы оқыту – оқушының сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту.Оқушы әдебиет сабағында көркем шығарманы қабылдау керек.Бұл – оңай үрдіс емес. Көркем туындыны оқытудың ең бастысы, сол көркем туынды туралы оқушы пікірі, ойына ерекше көңіл бөлген жөн. Бұл пәннің басқа пәндерді оқытудан өзгешілігі де, күрделілігі де осында .Мектепте әдебиетті оқытудың мән-маңызы көркем туындыны оқыту, талдау, оқырмандық пікір қалыптастырумен ашылмақ. Оқушының қабылдауындағы сезімді ояту – мұғалімнің қолында, яғни, оқушыға әдеби білім беру, әдеби, эстетикалық, адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін мұғалім әдебиетті оқыту барысында әдіс – тәсілдерді орнымен қолдану қажет.Оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып эстетикалық, интеллектуалдық, көркемдік, сезімдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру; оқырмандық тұрақты ынта-ықыласты, биік талғамды қалыптастыру; әдеби мұраны және онда бейнеленген құбылысты эстетикалық қабылдауына қажетті білім және біліктілікпен қаруландыру; логикалық ойын, ауызекі және жазбаша тіл мәдениетін қалыптастыру.

Көркем шығармаларды оқыту,баланың бойына сіңіре білу де - бүгінгі күннің өзекті мәселесі.Себебі,қазіргі таңда,кітапқа құмарлық бәсеңдеу үстінде.Сондықтан білімге,сабақтың тиімділігіне көп мән беру керек деген ойдамын.

10-ыныпта Ш.Мұртазаның «Бесеудің хаты «драмасы» тақырыбын өткендегі тәжірибемді ортаға салмақпын.

I. Ізденіс жұмысы: Хат жазған бесеудің өмір жолы мен қызметтері берілді.Оқушылар өздері ізденген «Бесеудің хатын» жазуға қатысқан кейіпкерлердің тағдырлары туралы әңгімелейді. Зерттеу сұрақтары арқылы осы кейіпкерлер жайлы мәлімет біледі.

«Тарих әлеміне басқа да кейіпкерлердің келуіне байланысты тұлғалардың шет қалуы мүмкін бе?». Мұнда Мүсіреповтен басқасы Гатаулин, Алтынбеков, Қуанышев, Дәулетқалиев, Қарабаев сияқты қоғам қайраткерлерінің уақыт ағымының өзгеруіне қарайеленбей қала ма деген сұрақтың жауабын іздейді. Яғни, іздене отырып, тың дүниелермен таныса алады.

Тәрбиелік мәні: балаларды отан сүйгіштікке, адалдыққа, адамгершілікке, ізденімпаздыққа, бірлікке жетелейді.

II. Көркем туынды негізіндегі автор ойы, идеясына талдау жасау.

Венн диаграммасы.Мазмұны, тақырыбы ұқсас шығармаларды, салыстыра талдау. Ш.Мұртаза «Бесеудің хаты» драмасыжәне Оразақын Асқар «Шетте жүрген бауырларға» өлеңіндегі ұқсастықты салыстыра талдап жазады. Яғни,шығармалардың өзіндік ерекшеліктерін

ондағы көтерілген мәселе, тақырыптары, ел жағдайы жөнінде ой қозғайды. Сонда оқушы көркем шығарманың маңызын, мазмұнын, оның өзегіндегі автор идеясын, кейіпкертағдырын түсінеді.

Венн диаграммасы арқылы кейіпкерлерді салыстыру.

I топ: Сталин мен Голощекин II топ: Рысқұлов пен Мүсірепов.

Балалар кейіпкерлердің мінезін, іс-әрекеттерін, жеке қасиеттерін жазып салыстырады.

Яғни, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді анықтау арқылы, жаманнан жиреніп, жақсыны үйренеді.

I II. Проблемалық сұрақтар:

- Қалай ойлайсыздар, бұл қасіретке қазақ халқы қалай ұшырады? Кім кінәлі?
- Бұл шығарма неліктен «Бесеудің хаты» деп аталған?
- Драмада аты аталған күйлердің маңызы неде деп ойлайсыздар?
- Шығарманы оқи отырып, қандай тәлім-тәрбие алдыңыз?
- Осы нәубеттен қазақ халқын кім құтқарды?

Осылайша оқыту-талдаудың ұтымды жағы мынада:

1. Шығарманың негізгі ойын түсінеді, проблеманы шешу үшін ізденеді, зерттейді, тың дүниелермен танысады.

2. Оқығанды ой жүгіртіп, зерделеп қабылдауына негіз болады.

3. Оқушы мәтінге сүйеніп, өз ойы, болжамын, көзқарасын айтуға дағдыланады.

4. Оқытудың жүйелілігі дұрыс жоспарлануы нәтижесінде оқушыға терең білім беру

жүзеге асады. Осы орайда, айта кетсем, Ұлы тұлға Т. Рысқұлов жайлы көркем шығармаларды оқыта отырып, ұлы тұлғамызды үлгі етіп, сондай-ақ, оқытудың тиімді жолдарын жүзеге асырдым. Бұл әдістердің тиімділігі балалардың шығарманы тез меңгеруіне, терең түсінуіне және білімдерін тексеруіне де пайдасы зор деп айта аламын. Өзге де сабақтарымдағы көркем шығармаларды оқыту кезінде қолданған әдіс-тәсілдерім етоқталмақпын. Мысалы: «Геометриялық фигуралар» әдісі арқылы жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді анықтап, соған лайықты фигураларды табады. Бұл әдіс пәнаралық байланысқа жатады, яғни математика пәнімен де байланысты. Сондай-ақ, сұрақ-жауаптарға қоса, болжау, сахналық көрініс, эссе, Венн диаграммасы, ПОПС формуласы, Екі жақты күнделік, «Т» жестелерін қолданамын. 10-сыныпта Ш. Мұртаза «Бесеудің хаты» драмасын өткенде, сахналық көріністі оқушылардың өздері ойнауға ұсыныс жасады. Оқушылар рөлді өздері бөліп, әсерлі орындап шықты. Мұндай кезде, сабақ қызықты өтіп, оқушылардың сабаққа қызығушылығы, белсенділігі артады. Әдебиет пәні жеке тұлғаның, адамның рухани әлемін, оның адамгершілігін, ойлауын, көңіл-күй сезімін, тілін, шығармашылық әрекет-бастауларын қалыптастыруда ерекше орын алады. Әдістеменің даму тарихында, қалыптасу үрдісінде әдеби білім беру негізгі қағида болып табылатын оқу бағдарламалары мен оқулықтар жасау мәселелері, әдебиет сабағын оқытуды жетілдіру сияқты мәселелер әдебиет пәні құрылымын құрайды.

Әдебиет пәні оқушы бойында биік эстетикалық талғамды дамытуды, өнер туындысындағы, табиғаттағы, адамдар қарым-қатынасындағы үйлесім мен әсемдікті танып ұға білуге, дұрыс бағалауға, әсерленуге, терең пайымдауға үйретеді, сонымен бірге ол көркем әдебиетке деген сүйіспеншілікті, ынта-ықыласты оята отырып, оқырман мәдениетін қалыптастырады. Әдебиет пәні оқушыны өнер туындысын тануда қажетті біліммен, біліктілік дағдылармен қаруландырып, онда көркем бейнені қабылдауға қажетті сезім сергектігін, шығарманы мазмұн мен түр бірлігінде, көркемдік тұтастыққа қабылдай білуді; шығармада кескінделген мінездер сырын, шығарма идеясын, жазушы позициясын шығарма арқауына сүйене отырып ашуды; өзіндік ой толғамында дербестік, идеялық-көркемдік құндылығы жоғары туындыларды ғана қалайтын талғампаздықты, көркем туындыларды салыстыра отырып, қарастыра алу біліктерін қалыптастыруды көздейді. Осы негізде мектептегі қазақ әдебиеті пәні жеке тұлғаның үйлесімді дамуына қызмет атқаратын негізгі эстетикалық пән деген тұжырымға келеміз. Қоғамның және мәдениеттің даму өзгерістеріне сай әдебиет пәнінің бағдарламалары, оқулықтармен қатар, оны оқыту әдістемелігі де жетілдіріліп отырады және ол қалыптасқан отандық әрі әлемдік тәжірибеге негізделеді. Әдістеме ең алдымен, мұғалімнің шығармашылық әрекетінің жүйелі болуына қызмет ететіндіктен, ол әдебиетші мұғалімге жоғары талаптар да қояды. «Әдебиетші мұғалім ең алдымен көркем сөз сипатын ашатын заңдылықтарды білуі керек. Сондай-ақ көркем туындыны талдаудың ғылыми әдістемелерін жетік меңгеруі қажет. Әдеби шығармаларды талдауда мұғалім мен оқушы арасында бірлескен еңбек, бірлескен шығармашылық, өнерпаздық орын алуға тиіс», - дейді белгілі әдіскер мұғалім Қ. Бітібаева [5].

Осыны негізге ала отырып, бірлескен жұмыстың нәтижесінде білімді ұрпақ болады деген пікірдемін. «Білімнің мақсаты-әрбір адамның шебер, өмір бойы оқуға қабілетті болуына көмек

көрсету [6,206.]. Сабақ барысында шығарма кейіпкері Т.Рысқұловтың елге жанашырлығын, өткірлігін, әділдігін, білімділігін зерттеу, талдау, салыстыру жұмыстары арқылы айқындадық. Көркем шығарманы оқи отырып, Т.Рысқұловтың ой жүйіріктігін, астарлы сөздерді ұтымды жеткізгеніне куә болдық. Жас ұрпаққа тәлім-тәрбиесі мол сабақ болды.

Аса көрнекті әдіскер-ғалым М.А.Рыбникова «Әдістеме дегеніміз- уақытты үнемдей білу» деп бекер айтпаған. Мен оны өз тәжірибемнен көріп, біліп келемін. Сабақта түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы сабақ қызықты, ұтымды өтеріне көзім жетті. Ұстаздың сабақ берудегі басты міндеті-балаларды шығармашылыққа, қызығушылыққа, практикалық әрекеттерге дайын болуға, креативті ойлауға тәрбиелеу. Ж.Аймауытұлы сабақ беру үйреншікті жай шеберлік еместігін, ол үнемі жетілдіруді қажет ететін үнемі жаңалық табатын өнер», -деп бағалайды [7]. Олай болса, біз инновациялық технологияларды пайдалану арқылы сабақ түрлерін жүзеге асыра отырып, балалардың ойлау қабілеттерін арттыруға, көркем шығармаларға құштар болуға қызығушылығын арттыра білейік. Мәнді де астарлы сөздерді түсіне білуге машықтандырып, ұлы тұлғаларымызды дәріптей білуге тәрбиелеу біздің басты мақсатымыз. Жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруде аянбай қызмет етсек, егеменді еліміздің болашағы жарқын болатыны анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Мұртазаев Ш. Не жетпейді?. – Алматы: Жазушы, 1990
- 2 <https://bilim-all.kz/>
- 3 <https://bilim-all.kz/>
4. [<https://martebe.kz/khazakh-adebietin-okhytu-adistemesi-panine-arnalghan-okhu-adistemelik/>
- 5 <https://infourok.ru/aza-debieti-pnin-innovaciyalik-oitu-disteri-pn-malimini-basti-980197.html?ysclid=lu13bhom8u2232> .
6. Найманбаева К., Игисинов Т. Заман ұстазының келбеті. -Алматы, 2009
- 7 http://megamozg.kz/index.php?page=view_category&subpartition=articles_kazakh

ӘОЖ 82.789.11

Ш.ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ

ИБРАИМОВА САЛТАНАТ МУСАЕВНА

Абай атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

АБДРАХМАНОВА САЛТАНАТ ХУДРЕТУЛЛАЕВНА

Абай атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. Особое место в истории духовной культуры казахского народа занимает Шакарим Кудайбердиев. Драгоценные произведения Шакарима глубоко раскрывает тайну его честности гражданского права глубину проникновения его произведений. Дается анализ самостоятельной, поисковой, познавательной деятельности учащихся.

Summary. Shakarim Kudaiberdiyev occupies a special place in the history of spiritual culture of the Kazakh people. Precious works of Shakarim read and not only read, mysterious, deeply reveal the mystery of his honesty, civil, law, about the depth of penetration of written works, the analysis of independent, search, cognitive activity of students is undoubted.

Әдеби туындының көркемдік әлемі қаламгердің ой-қиялы және дүниетанымы мен сөз саптасына келіп тіреледі десек, қазақ өлеңінің кеңістігінде Абайдан соңғы ойлы өлеңнің өрнегін салған суреткер – Ш.Құдайбердіұлы. Оның шығармашылығының поэтикалық жүйесіндегі өзіне тән ерекшеліктерді былайша сипаттауға болады. Ақын өлеңге өнер ретінде қарап, оны өрелі ой айтудың құралына айналдырған. Сондықтан да өлең жолдарында философиялық таным мен поэзиялық көркемдіктің тұтастықта жарасым тауып, нәтижесінде қазақ поэзиясында жаңа мазмұндағы өлеңдік өрнектер мен келісті суреттеулер, тың түр мен мазмұн пайда болып ұлттың рухани әлемін жаңа бір сатыға көтерген.

Ш.Құдайбердіұлы өлең сөздерін жетілдіріп, рухани әлемімізді жаңа әдіс- тәсілдермен, бейнелік оралымдармен, жаңа сөз тіркестерімен образдық үлгілермен толықтырған. Шәкәрімнің поэтикалық әлеміндегі бейнелі суретті образдардың мәні қазақтың ғана емес, жалпы адамзаттық ақыл-ой дүниесімен астасып жататындығымен құнды. Қандай да бір мәселені тілге тиек етсе де ақынның ерекшелігі оны кең ауқымда алып, өлең өлшеміне өрісті оймен сыйдыра білген. Бұл қасиет сөз зергерінің шағын өлеңдерінде де, көлемді туындыларында да бөлекше бітімге, әсерлі айшыққа ұласқан. Ақын поэмаларының тақырыптық жүйесі, жанрлық түрі, идеялық және мазмұндық негіздері қазақ поэзиясындағы тың үрдісті танытады. Онда дәстүрлі шығыстық сөз саптау үлгісі мен батыстың дамыған әдебиетінің ықпалы өзара үйлесім тапқан. Шәкәрім Құдайбердіұлының көп қырлы шығармашылығы тақырыптық мазмұны, көркемдік болмысы алуан түрлі, әрі күрделі. Оның негізі қай қоғамның да көкейкесті мәселесі болып келген адам тұлғасы мәселесін көтеруде жатыр. Ақын шығармашылығының түп тірегін және шешуші мәнін құрайтын адам мен қоғамның, адам мен тылсымның жаратушы мәселелерінің мәнін ашу іргелі зерттеуге негіз боларлық өзекті мәселе. Шәкәрім дүниетанымы өзі өсіп өнген жұрттың ауқымынан асып, бүкіл адамзаттық мазмұндағы ойлармен сабақтасып жататындықтан оның көркемдік әлеміндегі әрбір сөз қолданысы мен ой образының мәні терең. Сөз арқылы адам түзетпек болған сөз зергері шығармашылығының көркемдік поэтикасын ғылыми саралаудың аса маңызды қажеттілігі де осыдан туындайды. Өйткені барлық замандарға тән мәңгілік тақырыптарды (жан мен тән, өмір мен өлім, адам мен жаратылыс) бейнелеудегі поэтикалық үлгілер көнеден күні бүгінге дейін түрлі даму сатыларын басынан өткерді. Бұл жағдай Шәкәрім өмір кешкен аумалы-төкпелі трагедияға толы заманда ғана емес оған дейін де, бүгінгі күні де адамзат үшін аса маңызды тақырып. Ақын қалам тербеген аса елеулі тақырыптарда қоғам, әлеумет мәселелері терең ойшылдықпен көркемделіп ақын поэзиясы философиялық және терең әлеуметтік мазмұнға ие болады. Сонымен бірге руханиятымыздың өзгеше сипатты поэтикалық көркемдік болмысын қалыптастырып, аясын кеңейтеді. Әдебиеттің ежелден бергі объектісі адам болмысы, адамды тәрбиелеу, жетілдіру болса Шәкәрім бұл тарапта қазақ қоғамының азаматын тәрбиелеудің өркениетті үлгісін әлдекешан-ақ сомдаған, жеке адамды түзету арқылы қоғамды түзету, адам баласының өмір сүру барысындағы үздіксіз іздену, өзін-өзі жетілдіру мәселесіне ден қойғанда ғана тіршілікте үйлесім болатындығын ақындық шеберлікпен көркем бейнелеген. Демек адам болмысы, адамның жан дүниесіндегі түрлі сапалық өзгерістерді поэзия тілімен өрнектеудің өзгеше әдіс-тәсілін тапқан ақын қазақтың төл әдебиетімен ғана шектелмей түбі бір түркі руханиятының мазмұнды туындыларынан сусындап, әрі әлемдік ақыл-ой жетістіктерінен үйренген [1].

Шәкәрімнің лирикалық кейіпкерлерді сомдаудағы өзіндік қолтаңбасы шағын лирикалық өлеңдері мен көлемді туындыларында да сабақтастық тауып, ой мен сөздің мән мағынасын, әсерін арттыра түсетін: «шын нұр», «шын асық», «таза ой», «от жүрек», «тәтті тіл», «таза жан» т.б. көптеген эпитеттік қолданыстарды түрлендіре қолдануы ұлттық поэзиямыздағы көркемдік құралдарды тыңнан түлетіп қана қоймай, ақынның қаламгерлік қолтаңбасын айқындайтын айрықша белгіге айналған. Тек бейнелілік қана емес оның терең мазмұнымен өрілген өзгеше бітімі жаңа бір көркемдік дүниені қалыптастырды. Ақын поэзиясындағы адам мәселесі өзгеше өрнекпен, бөлекше талап – тілекпен сомдалып, алдымен адам жан дүниесінің сапалы жақтарын дамыту баса көрсетіліп, адам табиғи жаратылыстың күрделі нәтижесі ғана емес рухани жан әлемі ерекше қасиетке ие болған құбылыс екендігін дәлелдеу үшін поэтикалық жүйе жасалды. Осы мәселені шешуде суреткер небір жаңа метафоралар мен ауыстыруды түрлендіре қолданды. Дәстүрлі адам мен табиғат бірлігін психологиялық тұрғыдан сипаттаудың тың үлгісін танытқан сөз шебері шынайы болмыс суретінен асып, адам мен тылсым арасындағы нәзік қарым-қатынастың сипатын танытудың жаңа жолын қалыптастырды.

Ш.Құдайбердіұлының поэтикасы қазақ поэзиясында бұрын соңды қолданылмаған фразеологиялық оралымдармен бейнелі суретті сөздермен дараланады. Мысалы, «сұм жүректің оянбауы», «жебір ұлық қылған іс», «өлі жүрек», «көңілдің қабағы салбырады», «залым ғалым», «сұм ақын», «тозған ой», «азат ақыл», «күншіл мұңдар» сияқты алуан сипатты адам психологиясының суреттерін ашатын сөз образдарымен халқымыздың өлең өрісінде ерекше стиль, мәнер және өлең құрау машығын алып келді. Осындай психологиялық оралымдар ақын кейіпкерінің көңіл күйімен қоса оның рухани ой- дүниесінің терең қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай тың талаптарға өлең ұйқасындағы жаңа түр мен ырғақ та сәйкес келеді. Ойшыл ақынның шығармашылық поэтикасындағы Алла, жар, жаратушыны жырлау үлгілері дәстүрден ерекше сипатта көрінеді. Алланы дәріптеу, оны әділет пен тазалықтың қайнар көзі ретінде таныту үрдісі арқылы Шәкәрім жалпы адамзатқа ортақ қоғамдық мәні күшті мәселелерді көтереді.

Дүниенің құпия сырларын танып білудің жолын жаратушымен байланыста қарастыру арқылы «түзу адам» қалыптастырудың жаңа жолдарын ұсынады. Бұл тарапта да жаңа ұғымдар қалыптастырады. Мысалы, тек қана «нұр» сөзінің мағыналық өрісін кеңейту арқылы өлеңнің көркемдік сапасын биіктетіп қоймай жаратушыдан келген негіздің мәнін бүкіл ғаламға таратады.

Ш.Құдайбердіұлы шығармашылығының поэтикасы жанрлық, мазмұндық, стильдік күрделілігіне қарамастан қазақ халқының ұғымына сай, қазаки ойлау жүйесіне ұғынықты сипатта жазылды. Мұның өзі аса талантты тұлғаның жалпы адамзаттық құндылықтарды творчестволықпен игере отырып, оны өз жұртының игілігіне айналдыра білген ғұламалығын танытады [2].

Шәкәрім поэзиясының тақырыптық ауқымдылығын, идеялық тереңдігін, мазмұнының кеңдігін, әлеуметтік қажеттілігін атап көрсеткен М.Әуезов пен Ж.Аймауытовтың қазақ әдебиетінің даму процесіне арналған «Абайдан соңғы ақындар» атты мақаласында: «Осы күнгі ақындардың ішіндегі Абайға өлеңінің сыртымен болмаса да, ішкі мағынасымен еліктеген кісі – Шәкәрім. Мінді, кемшілікті, айтқанда жерлеп, шенеп, оңдырмайтын Шәкәрім өлеңінде ащылық бар» – деп, Шәкәрім поэзиясының реалистік сипатына баға берілген. А.Байтұрсынұлы да Шәкәрім поэзиясында өтірік әсерлеу, утопизм жоқ екендігін тілге тиек етеді. Шәкәрім кейіпкерлері қарапайым адамдар арасында жүріп өздерінің ерлігін, білімділігін, мәдениетін көрсете білген дара адамдар.

Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылық еңбектерін зерттеу, ұлы тұлғаның көп салалы шығармашылық туындыларының мән-мағынасын, философиялық тереңдік сипатын, маңызын саралап ашу, шығармаларының құндылығын өскелең ұрпақтың бойына дарыту – бүгінгі күннің басты бағыттағы ұстанымы болмақ. Сондықтан да қазірге дейін Шәкәрім шығармашылығы мен өнерін, талант-дарынын, туған өскен ортасын, тәлім-тәрбиесін, өнегесін көрген ұстаздарын, діни көзқарас танымын, рухани ағартушылық миссиясын, тарихын түгендеген, эстетикалық сұлулық, парасат әлеміне құштарлығын т.б. қырларын еңбектеріне арқау еткен.

Тәуелсіз ел болып, өткен тарихымызға қайтадан үңіліп, көне мұраларымызды түгендеп, өшкенімізді жандырып, халық арасына шығармаларын зерттеп насихаттауға қол жеткізген уақытта, ақын мұрасына ғылыми негізде талдау қажеттілігі туындады. Ш.Құдайбердіұлы мұрасын жинауға, баспаға дайындауға, ғылыми-зерттеуге негіз жасаған Ы.Дүйсенбаевтың мақаласы әдеби энциклопедияға жарияланды. Ақынның асыл мұрасын халқына табыстауда А.Шәкәрімұлының еңбегі ұшан теңіз. З.Ахметов: «Шәкәрім ұлы гуманистік, кеменгер ойшыл, қазақ әдебиетінің классигі», – деп ақынға баға бере отырып, «Өлең өрнектері», «Дәстүр жалғастығы» «Шәкәрім Құдайбердіұлының қазақ әдебиетінде алатын орны» деген мақалаларында ақынның қазақ әдебиетінде алатын орнын айқындап берді. Әсіресе, ақын өлеңдерінің текстологиясын, Абай мен Шәкәрім шығармаларындағы дәстүр жалғастығы проблемасын зерттеуде, поэмаларын зерделеуде Қ.Мұхамедханов көп еңбектенді. Ол сонымен қатар, Шәкәрім кейіпкерлерінің образдық, психологиялық ерекшеліктері, қоғам мен адам туралы пікірлері жайында көптеген құнды пікірлер айтты. Ғалым Шәкәрім еңбектерін бағалауда ірі қадам жасай отырып, мұндай шығармаларға нақты талдаулар бере білді.

Шәкәрімнің шығармашылық жолы – XIX ғасыр мен XX ғасыр арасында қазақ әдебиетінің дамуына үлес қосқан ғалым этнограф Ш.Уәлихановтың, балалар әдебиетінің атасы, педагог Ы.Алтынсариннің, хакім Абайдың көзқарастарын, шығармаларының идеялық тақырыптарын С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Торайғыров және тағы басқа қазақ зиялыларының еңбектерімен байланыстырған «рухани алтын дiңгек». Шәкәрімнің ақындық тұлғасын бізге алғаш рет танытқан ақын – С.Торайғыров. Шәкәрім мен Сұлтанмахмұт шығармаларында әр қырынан ашылатын тақырыптар, әсіресе, оқу-білімді насихаттау, адалдықты паш ету сияқты ұлттық рух тұнып тұр. «Қазақтың екі ұлы перзентінің сырттай танысуы «Айқап» журналымен тікелей байланысты. Ұлт қамын ойлаған Ш.Құдайбердіұлы мен С. Торайғыров «Қазақ» газеті арқылы түйдектелген түйінді ойларын оқырманмен бөлісіп, келелі проблемаларды бүкпесіз батыл талқыға, көптің назарына дер кезінде ұсынып, қалың жұртшылықтың үнемі ілтипатында болды», – деген зерттеуші ғалым А.Еспембетовтың пікірінен қос классиктің баспасөз арқылы бірін-бірі тануы, қазақ ұлтының аласапыран уақытта мұң-мұқтажын, отарлық езгіден құтқару керектігін сезініп, олардың жүзбе-жүз танысып, араларында үзілмеген сыйластық, қаяусыз достық, шексіз сүйіспеншілік болғандығын аңғарамыз [3].

XX ғасырдың басында Шәкәрімнің жарыққа шыққан шығармаларына айырықша назар аударып, баспа бетінде пікір білдіріп отырған Әлихан Бөкейханов екендігі еңбекте нақты көрсетілді. Ш.Құдайбердіұлы мен Ә.Бөкейхановтың бір-бірімен таныстығы 1900 жылдан басталса керек. Олардың рухани қарым-қатынаста болғандығын Семей қаласында кездесіп тұрғандықтарын

кейбір саяси мәселелерге байланысты хат жазысып, пікір алысып отырғандықтары жайлы ғалымдардың дәлелді дәйектері бар. «Түрік, қырғыз қазақ һәм хандар шежіресі» жайында жазған мақаласына пікірін айтып жазған мақаласында Ө.Бөкейханов Шәкәрім мұрасын бүкіл халықтың тануы керектігіне мән бере отырып, оны насихаттау керектігін жете түсінген. Демек, аталған халық зиялыларынан басқа елге қамқор, зерек ойлы азаматтар да Шәкәрім шығармаларына дер кезінде үн қосып, өз ойларын білдіріп, құнды еңбектер екендігін бағалап отырған.

Ш.Құдайбердіұлы шығармашылығы әр түрлі ғылым салалары тарапынан зерттеліп, соңғы жылдары Шәкәрімтану жеке ғылым саласы ретінде біршама жетістіктерге жетіп, қалыптаса бастағаны белгілі. Шәкәрім болмысының күрделілігі мен оның қалдырған мұраларының сан салалы сипаты әр түрлі ғылым өкілдерінің назарын аудартып тың ізденістер тудыруда. Яғни ақын шығармашылығының поэзиямен ғана шектелмейтіндігі философиялық тарихи дерек көздері мен ағартушылық педагогикалық көзқарастарының жүйесін кешенді түрде зерттеудің енді қолға алына бастауы заман үрдісінен туған қажеттілік. Әрине Шәкәрімнің философиялық, ағартушылық, психологиялық ой тұжырымдарын танудың негізі – поэзиялық туындылары. Шәкәрім шығармашылығын зерттеудегі осы ерекшелікті шәкәрімтанушылардың қай-қайсысы да атап көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 162б.
2. Әбдіғазиев Б. Асыл арна. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 145б.
3. Шәкәрім поэзиясының рухани тіректері // Ұлт тағылымы. – 2004. №3.

ӘОЖ 82.137.05

АБАЙ ӨЛЕҢІНДЕГІ ШЫҒЫС ҮЛГІСІН АЙҚЫНДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

УТЕП ДІНАЙЫМ ХАЙРАТҚЫЗЫ

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ПЕРТАЕВА ЭЛЬМИРА КУЛИБАЕВНА

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының
аға оқытушысы, ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассмотрены вопросы определения восточного образца в стихотворении Абая.

Summary. The article discusses the issues of defining the Oriental pattern in Abai's poem.

Абайтану саласының қиын да күрделі бір арнасы ол – сөз жоқ, Абай шығармаларындағы Шығыстық қайнар көздер.

Абай мұрасының Шығысқа қатысы жайлы баспасөзде алғаш жарияланған пікірлер Кәкітай Ысқақов пен “Уақыт” газетіндегі (1908, № 388) мақала еді.

Абай шығармаларындағы шығыстық сипаттарды зерттеу үлкен әзірлікті қажет ететін күрделі мәселе. Бұл ең әуелі, жалпы мұсылман Шығысы мәдениетін, философия тарихы мен классикалық мұраны түпнұсқадан оқу деген сөз.

Осы тұрғыда Абай шығармаларының Шығысқа қатысы жайын түбегейлі қарастырып, ғылыми деңгейге көтерген Мұхтар Әуезовтің әр уақыт оралып соғып, жаңа таным, соны пікірі ұсынып, мәселені тереңнен зерделеп отырғаны белгілі. Абайдың Шығысына байланысты М.Әуезов пікірлері үздіксіз, жанды ізденіспен толығып, байып, дамып отырды.

М.Әуезов Абай шығармаларының Шығысқа қатысы жөнінде алғашқы пікірін өте ертеде жазылған Абай өмірбаяны жайлы еңбегінде білдіреді.

Абай мұрасының шығыстық белгілері жайлы абайтану саласында М. Әуезов ең алғаш мақсатты түрде мәселені қойды.

«Ол Абайдың жастық шағынан басталып, өмірінің соңына дейін өзекті желідей созылған шығыстық белгілердің ақын дүниетанымы мен көркемдік шеберлігінің қалыптасу, даму, өсу жолындағы түрлі кезеңдерін ерекше ден қойып зерделеп отырды» [1, 27б.].

М.Әуезовтің Абай мұрасының Шығысқа қатысы жайлы зерттеулері, ондағы ғылыми ойының қорлану, жетілу, жаңа сапа тауып түбірлі пікірлерге бет алу жолына ой жіберсек, әр кезеңде әр түрлі таным тұрғысынан келіп отырғанын, түрлі ой-толғаныспен елеп-екшеп, сұрыптап отырғанын көреміз.

1934 жылғы “Абай ақындығының айналасы” атты зерттеуінде Мұхтар Әуезов ақынның шағатай әдебиетіне қатысына сәл жатырқай қарайтыны белгілі.

1945 жылы М. Әуезов Абай мұрасының нәр тартқан үш бұлағы жайлы аса күрделі танымын алғаш рет айқын танытқандай.

Абайдың шығыстың көркем классикалық поэзиясымен шығармашылық қатынасы жайлы бір айтса, Абайдың ақындық кітапханасының шығыстық арналарын қарастыруында және де бір үлкен мәселе етіп Абайдың тарих, философия жөніндегі сусындаған бұлақтары Шығыс ойшылдарының еңбектері де болғандығын айтты.

М. Әуезов Абайдың Шығысын абайтанушы М. Мырзахметовтің көрсетуінде мынадай төрт салаға топтастырды.

1. Абайдың ақындық кітапханасының көлемі мен жайы.
2. Абай және Шығыс классиктері.
3. Абайдың исламиятқа қатысы.
4. Абай және мораль философиясы.

Бұл пікірлер, әрине, М.Әуезовтің Абайдың Шығысқа қатысын зерттеуді орынды көтеріп, түрлі нәтижелерге қол жеткізудегі сатыларын, қамтыған мәселелерін ауқымын айқындауда, сонымен бірге Абайдың Шығысын тануда белгілі бір уақыттарда қажеттілігі болған пікірлер. Біздіңше, Әуезовтің Абайдың Шығысын ашуын әлде де қарастыра түсу арқылы аталған мәселелердің ар жағынан Абайдың Шығысын зерттеуді тереңдете түсер көп қисындар табуға болады.

Абай шығармаларының Шығысқа қатысын бұрмалау, теріс бағалау, үстірт қана шолып өту, тіпті кейде тарс етіп, жұмған ауызды ашпай өте шығу сияқты түрлі ахуалды абайтану ілімі бастан аз кешкен жоқ. Сондай құбылыстар Абайдағы айқын көзге ұрып тұрған шығыстық белгі, шығыстық сарындарды басқаша тануға, тануға итермеледі.

Абайдың Шығыс әдебиетіне қатысы жайлы қазақ әдебиеттану ғылымында М.Әуезовтен кейін С.Мұқанов, Қ.Жұбанов, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев, Р.Сыздықова, Қ.Өмірәлиев, М. Мырзахметов, Т.Әлімқұлов, А.Қыраубаева, Ө.Күмісбаев, Ғ.Есім, А.Жақсылықов, т.б. ғалымдар еңбектерінде қарастырылып отырды.

Бүгінде Абайдың Шығыс әдебиетімен, Шығыс мәдениетімен байланысын қарастырған біршама толымды зерттеулер бой көрсетіп отыр. Абайда, Абайдың Шығыс әдебиетінен алғаны, үйренгені туралы оның өлең өлшемі, сөз қолданысы, дүниетаным пікірлерін аша түсер нақытылы зерттеулерге бару – қазіргі абайтанудың ендігі кезектегі күрделі міндеттерінің бірі.

Абайдың ақындық айналасы мәселесі – абайтанудың өзекті арнасы. Абайдың Шығыс мәдениетіне, әдебиетіне қатысы жайлы әріден айтылып келеді. Абайдың Шығысы дейтін мәселенің аясында Абайдың исламиятқа қатысы да, Шығыс поэзиясы үлгілерінен үйренуі де, Шығыс философиясына бойлауы да белгілі бір дәрежеде айтылып, қамтылып отырды.

«Абайдың Шығысқа қатысы жайлы баспасөз бетінде алғаш жарияланған дүние “Семипалатинский листок” газетіндегі Әлихан Бөкейханов жазған азанама болса керек. Абайдың өмірі мен шығармалары жайында Кәкітай Ысқақұлынан алған деректерді Әлихан Бөкейханов Абай ақындығы жайлы өзіндік наным-таныммен құнарландырып, жүйелеп баяндап бергендігі белгілі» [2, 32б.].

Ислам дінінің далаға орнығуының пайда-зиянына орай жаңа заманның талабымен Абай білімге ден қойып, араб, парсы түркі тілдерін кітап арқылы үйренеді. Табандылығы мен бейімділігінің нәтижесінде өз бетімен араб, парсы тілдерін еркін меңгеріп, қасиетті біліммен сусындады. Молда мен қожалар туралы далаға кең таралған “аңқау елге арамза молла” деген мақалға орай олар өздерінің жан дүниесінің пасықтығын әшкерелеуден қорқып Абаймен кездесіп, сұхбаттасудан қашқақтап жүретін. Осы арада Абайдың ислам дініне қатынасын да айта кету лазым” – деген Әлихан Бөкейханов абайтанудағы үлкен бір мәселенің жайын алғашқылардың бірі болып қозғаған еді.

Әрине, Абайдың қасында болып, не оқып, не білгенін көбірек көріп, таныған Кәкітай Ысқақұлының мына бір деректерін Әлихан Бөкейханов пайдаланды: Уақытында аз да болса ислам діні, ғылымы кіріп келе жатқан жаңа заманның ретімен Абай ғарапша, парсыша, түрікше кітаптарды көп оқып, олардың ішіндегі ғылымынан үлкен хабардар болды. Сол талаппенен қырда ғарапша, парсышаға Абайдан артық білетін ешкім болмады.

Өзге жерде өтірікті-шынды жұртты өзіне қаратып жүргенде, Абай алдында надандығы білініп маскара болып қалам ба деп шала оқыған ғылымы бар молда-қожалар Абайдан қашып жүруші еді.

Нәзір Төреқұлов “Қазақ” газетінің 1916 жылғы 9 ақпанда шыққан №164 санында жарияланған “Әдебиетімізге көз салу” дейтін мақаласында әдебиет, тіл мәселелерін қозғай отырып, тілді байыту мәселелеріне үңілуге тартады.

Қазақ тілі, анықты да гибкость – икемділігінде, плавность – ағымы тегістігінде Радлов секілді түршілердің ойынша Европа тілдерінен франк тілімен тең. Бірақ қошаметіне мәз болып, тілімізді ескерусіз тастай алмаймыз, һәрдайым тіліміз үшін бар күшімізді жұмсап, ажарларымыз, байытуымыз тиіс.

Бұл пайда негізді қай жерге құрайық, жетпеген сөздерді, терминдерді, мағыналарды, әдебиетті, жаңа түрлерді қайдан алайық? Міне осы мәселелерді шешпеншілік. Соның үшін басқаларға бір көз жіберелік дей отырып, Абай Европа мәдениетіне; әдебиетіне бой ұрып, қазақ әдебиетін түрлендірді, әйтпесе ол үшін араб, ғажам жолы да ашық еді деп, Абайдың Шығысқа қатысын арнайы сөз етуді қажет деп таппайтындай байлам жасайды.

Жалпы, абайтану тарихында Абайдың Батысын басым айттық. Абай қазақ өлеңіне әкелген жаңалықтың барлығын орыс, Европа әдебиетінің ықпалы деп қана қарастырған жағдайларымыз басым болды. Абайтануда Абайдың Шығысы саяси ағартушылардың ықпалынан ұзақ жылдар бойы ұдайы шектеліп отырды. Қазіргі кезеңде, кезінде абайтанудағы “ақтандақтар” болып дамуға мәжбүр болған көптеген жазба дерек, тұжырым-танымға тыйым салу тыйылған кезде, Абайдың Шығысы жайлы тынымымызды кеңітуге, байытуға, дамытуға өріс ашылып отырған уақытта, сол, бір замандарда “жабық” қалған жазбалардың құндылығы арта түсіп отырғаны даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы: Жазушы, 2020. – 464б.
2. Дербісәлин. Ә. Қазақ әдебиетінің бастаулары. – Астана: Фолиант, 2015. – 287 б.

ӘОЖ 82.189.21

Б.МОМЫШҰЛЫНЫҢ ҚАЛАМГЕРЛІК ШЕБЕРЛІГІ

ҚЫЛЫШБЕК АРУЖАН ЖАНАРБЕКҚЫЗЫ

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ПЕРТАЕВА ЭЛЬМИРА КУЛИБАЕВНА

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының
аға оқытушысы, ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается мастерство Бауыржана Момышулы
Summary. The article examines the skill of Bauyrzhan Momyshuly

Әр халықтың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүр-салттары бар. Ұлттық ерекшелікті айқындай түсетін белгінің біреуі сол ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрыптар екені белгілі. Баукең қуаныш болсын қайғы болсын дастарханға жаппай арақ қояды ұнатпайды. Бұл ата-баба дәстүріне жат екенін, әсіресе, кісі өлгенде арақ ішіп, артында төбелес шығаруды бейбастық санайды.

«Қазір жас өлсін, кәрі өлсін марқұмның жүзін топырақ жасырмай жатып саусылдатып тізіп қояды. Қойылған соң ішіледі, ішілген соң кейбіреулердің көзіне түйенің екі өркеші төртеу болып елестей бастайды, – неге бұлай, ей, дейді, біреу жылайды, біреу күледі, енді біреу даурығып көпке-көрнеу өтірік мақтауға кіріседі. Сөйтіп, қаралы үйде артық ауыз сөз туып та кетеді. Барлық жерде кездеседі демеймін, бірақ өз көзіммен көрмесем айтпас едім. Бір композитордың қырқында

еске түсірейік деп оның шығарған әндерін айтып, содан кейін тірі композиторларды еске қоса түсіріп, аяғы концертке айналды.

Бөтелкені мөлтілдетіп тізіп, ән салып ата-бабам елім өлік жөнелтпеген» [1, 89б.].

Балаға біреудің қатты ұрысып, зекіп, ұруын Баукең дұрыс тәрбие санамайды. Әрі мұндай әрекет істеген келіні мен баласына дұрысын айтып, түзеп те отырған. Ойымыз дәлелді болу үшін мына бір эпизодты мысалға келтірейік:

«Атамның сондай тапсырмасының біреуін орындап үйге келсем, Ержан дегенің барлық ойыншықтарын атасының бөлмесіне тасып апарыпты. Ойыншықтың шашылмаған жері жоқ.

–У-у-у, пых-пых, –деп үйді басына көтеріп, төрт аяқтап паравоз болып жатыр екен.

– Бұның не? Атаның мазасын алдың ғой, шық қане? Ана жаққа барып ойна, – деп орнымнан жұлқып тұрғызып, есікке қарай итеріп жібердім де, шашылып жатқан кубик, машина, «солдаттарын» жинай бастадым.

– Бармаймын ол жаққа. Атамның қасында ойнаймын, – деп қайтадан ойыншыққа жармасты.

–Барасың, – деп қолынан мықтап ұстап есікке қарай жетелеп едім, Ержан кетпеймін деп тырыса бастады.

Осы кезде үндемей қарап жатқан атам:

–Ежик, маманы тыңдау керек, – деді немересіне. Осының өзі жеткілікті болды. Қолына сыйған ойыншығын алып, бөлмеден шықты. Қалғанын мен жинап, еденді жым-жылас етіп, енді бітіріп келген шаруамды баяндайын деп аузымды ашқаным сол еді...

–Керегі жоқ, – деді төбемнен қойып қалғандай екпінмен.

– Отыр! – Сұқ саусағымен орындықты көрсетті. Пышақпен кескендей сөзі де, қимылы да шұғыл. «Ол тықыр мен бұл тықыр ұқсамайды» деп өзі айтатынындай, бір пәленің басыма төніп келе жатқанын біле қойдым.

– Сенің балаң екені рас! Қалай тәрбиелеймін десең де ерік өзіңде. Баланың арасына түсуден аулақпын. Бірақ менің көзімше Ержанды жұлқылама! Соңғы сөздерін тісін шықырлатып айтып, тістенген қалпы үндемей сәл отырып:

– Маған бөгет болып жатса мазамды кетірсе, өзім тіл таба алам. А таких безгроматных педагогов мне не нужно, понятно?! – деп айқайлай жіберді. Басымды көтеруге шама қайда!

–Айналдырған жалғыз баланы жер-әлемге сыйғызбайсыңдар. Бала ойнамаған, бала шашпаған үйлерің құрысың! Не сұмдық бұл! Жұмыс істеп жатырмын деп анау данышпаның қасынан қуады, әрі бар тамақ пісіріп жатырмын деп сен айдап шығасың. Маған келіп еді, жұлмалап ала жөнелдің. Кез-келген жерінен теуіп ойнайтын доп па бала сендерге? Он – человек. Надо уважать достоинство ребенка!» [1, 94б.].

Баукең немересі Ержанның өз әке-шешесі бар ғой, солар ойлансын, маған не жоқ демейді. Керісінше баласы мен келініне ой салады.

«Мына Ержанды балалар бақшасына беру керек, екі жылға жетпей мектепке барады. Балаларға үйреніп, тіл табысуы оңай болмайды. Өйткені, жалғыз өсіп үйренген бала ешкімге қосыла алмай таяқ жейді. Көп баланың тобы жат болып көрінеді де, мектепке барғанда баланың психикасына жаман әсер береді. Балалардан қашқақтаған соң олар мұны қабылдамай, көпке дейін араларына сіңдірмей, түрпектейді. Балалардың қарым-қатынасының өз заңдылықтары бар екенін ұмытпаған жөн. Мүмкін, мектеп бітіргенше де, көптің ішінде жүріп жалғызсырап, мектепті жат көріп кетуі ғажап емес. Сонда қандай білімнің нәтижесін күтпексіңдер? Коллективке үйренбеген бала эгоист, өзімшіл болып өседі, өзін басқалардан ерекше, артық екенмін деп санайды. Ал ондайлардан шынайы азамат шықпайды. Ауылда болса бір сірә, далада еркін жүру мүмкіндігі болар еді. Қалада төрт қабырғаға қамалып отыр, айнала қаптаған машина, өзін көшеге шығарып жіберу қауіпті. Үнемі ертіп алып шығуға сенің де мүмкіндігің болып жатқан жоқ. Қайта апапа алып кеткенде өңіне қан жүгіріп, жел қағып қоңырқайланып келеді. Бала өзі шамалас тең тұстармен жиі араласып, асыр салып ойнап жатпаса жетектеген алып шығып қыдырып әкелуден пайда шамалы, әншейін эпизодтық бірдеме болады. Содан кейін, бұның жазу танып, кітапты өздігінен оқығанына да мәз болмаңдар (Ержан жаза алмағанмен төртке толар-толмаста жазуы ірі ертеректерде өзі оқи беретін). Ол көзіне зиян және мектепке барып әліппені оқи бастағанда «мұның бәрін білем» деп мұғалімді зейінсіз тыңдап, сабақ үстінде зерігіп отыратын болады. Міне, осы жерде, өзімшілдіктің алғашқы белгісі қылтияды. Сондықтан, мұны ойластыру керек, кейінге қалдыратын жай нәрсе емес, –деді» [1, 54б.].

Кітапта Бауыржанның немересі Ержанмен қарым-қатынасын көреміз. Бір байқағанымыз, Баукең баланы көрер көзге елжіреп еркелетпейді. Бірақ жақсы қылығы үшін мақтаудан да

қашпайды. Ал бала бойынан еріншектікті, жалған сөйлеп, бір нәрсені жасырып қалуды байқаса, оған жаны төзбейді. Онда да бірден ақырын, ұрысып ала жөнелмей, ол әдеттің жағымсыз екендігін әр түрлі мысалдармен ұқтырып түсіндіреді. Тілді шұбарламай, таза сөйлеуге, нақышпен ойын жеткізуге дағдыландырады. Баланың тілін жетілдіруде ауыз әдебиетінің ең байырғы, ең көне түрі мақал-мәтелге көп сүйенген. Бала не түсінеді деп немқұрайлыққа салынбай, Ержанға мақал, нақыл жұмбақ, жаңылтпаш үйреткен. Ол келіні Зейнепке «Мына Ержанға мақал, нақыл үйрет. Жәй сылдырлатып жаттатпай, алдымен шағынасын ашып, санасына сіңдір, сонда ұмытпайды», –деп кеңес береді [1, 54б.].

Тұжырымдай келгенде, «Шуақты күндерді» оқи отырып, Баукеңнің ұрпақ тәрбиесіне немқұрайды қарамайтын ұстаздық қырын танимыз.

Аты аңызға айналған даңқты батыр Б.Момышұлының көзсіз ерлігі мен батырлығы сонау сұрапыл соғыс жылдарындағы көркем шығармаларда көрініс тапты. А.Кривицкийдің «Москва түбіндегі қарауылы», А.Бектің «Арпалысы» қан майдандағы жауынгерлердің жүрегіне от жақты, бойына ерліктің дәнін сеуіп, рух берді.

Бұл шығармаларды оқу арқылы әр ұлттың өкілдері Бауыржанды ғана танып қоймай, бүкіл қазақ халқының ерлік сипатын таныды. Күн өткен сайын Баукеңнің әр тұлғасын өз шығармаларына арқау еткен қаламгердің қатары еселеп молая түсті. Солардың ішінде Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңызы» мен З.Ахметованың «Шуақты күндерінің» орны ерекше.

Ә.Нұршайықов Бауыржандай ойы алғыр, көзі көреген, тілі өткір, өмір өткелдерінен үлкен сана арқалап, еркелік мінез дарытып шыққан адам арқылы қазақ халқының бүкіл сыр-сымбатын әскери толғаммен көрсетті. Ә.Нұршайықов бұл романын шын мәнінде ерлік эпосы деп атауға да болады. Шығарманың қан тамыры мен ағып жатқан басты мұраты елге, Отанға, Антқа, дәстүрге, достыққа опалыққа жанқиярлық өнегесі. Мұнда бір Бауыржанның емес, нағыз үлгі тұтуға тұрарлық, есті, арлы әр алуан адамның да суреті бар. Кітаптың тәрбиелік тамаша тәлімі осында. Сонымен қатар романда сәулемен қатарласа келетін көлеңкедей өмірде араласып жүретін пейілі тар, іші қарау жексұрын жандардың да кескіні көрініп отырады. Бауыржан сынды ерлердің даңқын көре алмай қызғаныштан күйіп кете жаздайтын, оның таудай табысын елемей, иненің жасуындай мінін адырайтып көрсететін санасы төмен, бірақ қолында әкімдік күші барлардың жат, күйкі мінезі мен кесапаты бірге жасасып келе жатқан күншілдік, тоғышарлық секілді кейбір көлеккелі құбылыстар әшкер болады. Ең бастысы, романда Б.Момышұлының батырлық қасиеттері сан қырлы тұсынан көрініс табады. Романда оның өжеттігі, бірбеткейлігі, ерлігі, батылды, қайсарлығы, ойшылдығы, ұшқырлығы, табиғи қарапайымдылығы, қаталдық пен қайырымдылықты ұштастыра білуі, Отанын, елі-жұртын, халқын сүйген патриоттығы, шешендігі дархандығы, жомарттығы, шыншылдығы тағы басқа қасиеттері тамаша суреттеледі.

Ал, батырдың келіні З.Ахметованың қаламынан туған «Шуақты күндер» – өзіндік ерекшелігімен оқырман қауымын өзіне тартатын туынды. Бауыржан Момышұлы туралы жазған бұл естелік үлкен өмірдің үй іші-ыстық ұядағы тыныс-тіршілігінің бір үздік сырындай. Кітапта Баукең – қадірлі әке, сүйікті ата, сыйлы да қымбатты қайын ата. Кітаптың өзге шығармалардан артықшылығы да сонда – Баукеңнің жанұядағы қадір-қасиетінің сөз болып, оның күрделі бейнесінің тағы бір жаңа қырлары ашылып, толыса түскенінде.

Поэзия майталманы М.Мақатаев:

«Алтын да, алмас та емес жалтылдаған,

Бір сый бар, аға, саған, тартылмаған!

Ұрпақтар аңыз етіп айта жүрер,

Сыйдан да он есе артық даңқың маған» [2, 57б.],–

деп жырлаған екен.

Ал, С.Мұқанов:

«Айтайын ең алдымен қуанышты:

Қазақта ұл туғанмен талай күшті.

Жер жүзіне тамсандырып Бауыржандай

Есімі қайсысының хатқа түсті» [3, 49б.],–

деп Б.Момышұлының ешкіммен теңеспес әр тұлғасына, оның халық тарихы мен әдебиетінде алар орнына баға береді.

Қорыта айтқанда, Б.Момышұлындай халқымыздың бір туар азамат ел тұлғасы күннен күнге көркем әдебиетте сап алтындай жарқырай түсері хақ. Адалдық пен әділдіктің, батырлық пен табандылықтың, өжеттік пен өткірліктің үздік үлгісі болған Баукеңнің өнегеге толы сөзі мен істері болашақ ұрпаққа болары сөзсіз.

«Қай туындыны алсаңыз да негізгі оқиғаға қатысы шамалы, яғни жанама кейіпкерлердің де бейнелері қызғылықты сомдалған. Б.Момышұлының өз шығармаларында әңгіме желісі негізінен бас қаһарман атынан баяндалатындықтан, әрбір кейіпкер бас қаһарманның әуенімен бірде көрініп, бірде жоғалып кетіп жатады. Сөйтсе де, олардың бәрінің де – жеке-дара өсу, қалыптасу, кемелдену жолдары айқын, толыққанды бейнелер қатарына жатады. Ал, Б.Момышұлының естелік, күнделіктерін болмаса онымен сұрақ-жауап ала отырылып жазылған туындыларда да батыр бейнесі ерекше соны сипат алып, мейлінше бар қырынан ашыла түседі» [4, 53б.].

Бүгінгі таңдағы суреткер үшін басты нәрсе – характер, адам мінезіндегі даралық сипат, оның түрлі сезім иірімдері сияқты психологияның көзге шалынбайтын нәзік қатпарлары болса, Б.Момышұлы туралы шығармаларда аталған шарттылықтардың бәрі табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахметова З. Шуақты күндер. – Алматы: Білім, 2014. – 250б.
2. Мақатаев М. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жалын, 2003. – 230б.
3. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Ғылым, 2003. – 221б.
4. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы. 2003. Т.2. – 321б.

ӘОЖ:73.151.881

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫН ӨЗБЕК ТІЛІНЕ АУДАРУ

ӘБІЛДА ӘНЕЛ ШАЙДІЛДӘҚЫЗЫ

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

БЕРКЕНОВА РАБИГА АГАБЕКОВНА

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының
аға оқытушысы, ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассмотрены вопросы перевода казахской прозы на узбекский язык.

Summary. The article discusses the issues of translating Kazakh prose into Uzbek.

Кез келген әдебиет сол ұлттың ғасырлар бойы жинақталған дәстүріне сүйеніп, халықтың тарихымен мәдениетімен, күнделікті өмір салтымен бірге дамитаыны даусыз. Ұлттық әдебиеттің қалыптасуы мен дамуында оның басқа елдер әдебиеттерімен байланыстарының мән-маңызы ерекше. Әдеби байланыстар – әдебиеттердің әлемдік деңгейдегі өсу жолдарына, түрлі ұлт мәдениетінің тарихына, нақты әрбір қаламгер шығармаларына қатысты туындайды.

Өзбек халқымен әдеби, мәдени үрдісті жалғастыруда қазақ ғалымдары да үлкен күш жұмсауда. Олардың негізгі міндеті өзбек әлеуметіне өздерінің шығармаларын ұсыну, олардың шығармаларын қазақ оқырмандарына таныстыру. Басқа ел мәдениетіне үңілу, көркем шығармаларымен алмасу, сөйтіп әдеби байланысты нығайту қашанда өз өзектілігін жойған жоқ.

Өзбек жазушыларымен, зиялыларымен кездесіп, жиі-жиі сұхбаттас болған Сәбит Мұқанов туысқан халық өмірін, қазақ-өзбек халықтарының достығын өз шығармаларына арналы арқау, өрісті өзек етті. Мысалы, 1943 жылдың 31 қаңтарында Ташкентте неміс басқыншылығына қарсы ұйымдастырылған жиынға академик Қ.И.Сәтбаевпен бірге С.Мұқанов та қатысады. Сонда өзінің қаламдас достары Хамит, Әлімжан, Айбек, Ғафур Ғұлам, Камил Яшен сияқты өзбек жазушыларымен кедеседі. Өзбек-қазақ халықтарының достығы туралы ой толғап, әдеби байланыстар жайында сыр шертіседі. Нәтижесінде, 1946 жылы жазылған «Сырдария» романынан өзбек әйелі – Шаадат образын көреміз. Автор осы туындысында өзбек елінің тірлік-тынысын суреттей отырып, өзбек әйелдеріне тән биязылық пен нәзіктік сырларын аша түседі.

Қазақ-өзбек халықтарының дәстүрлі достығы мен туысқандығына ерекше ілтипат пен айрықша мән бере қараған С.Мұқанов, екі халық достығы жайлы, әдебиеттерінің байланысы туралы, өзбек қаламгерлері жөнінде ойлы да мәнді мақалалар да жазды. Бұл ретте оның «Туысқандығымыз жайлы бірер сөз», «Үлкен мәдениет қайраткері», «Әдебиетіміздің достық жаршысы», «Жас жігіттей гүлденсін», «Туысқандар» сияқты т.б мақаларын атауға болады.

Мәселен, ол екі халықтың тарихи тамырластығы жайлы тоқтала келіп: «Өзбек – өз ағам» деген сөз, қазақ, қазақ болғалы айтылып келе жатқан сөз. Бұлай деудің тарихи мәні бар. Өзбек пен қазақ белгісіз замандардан бері «төскейде малы, төсекте басы қосылған, аралас-құралас елдер», – десе, тағы бір ұлағатты ой түйінінде: «Науаи заманынан басталған әдебиеттік байланыс, кеңестік дәуірде де әлдеқайда өркендеді», – деп үлкен бір салиқалы байлам жасады.

Соңғы рет 1971 жылы Өзбекстан жазушылар одағы басқармасының пленумына қатысып, екі халық достығы жайлы, әдебиеттер байланысы туралы келелі пікірлер қозғады. Ғафур Ғұлам, Айбек, Максұт Шайхзада секілді ардақ тұтар қаламгерлер өмірден өткен соң, өзінің де байланысуы бәсеңст түскендігін айта келіп, өзбек-қазақ халықтарының дәстүрлі достығын, соның кең өрісін сақтай түсу жөнінде өнегелі лебіз білдірген еді. Сонда өзбек жазушыларынан Хамит Ғұлам, Мирмухсин, Иззат Сұлтанов, Асқад Мұхтар, Нәсір Фазылов, Вахоб Розыматовтармен пікір алыса отырып, «Бақыт – достықта, ырыс – ынтымақта, біз қазақ-өзбек халықтары достығын, әдебиеттер байланысын күшейтуіміз керек», – деген болатын.

С.Мұқанов соңғы сапарында Самарқанд қаласында да болып, өзбек өңірінен алған әсерлері «Аспаз», «Азамат адамдар», «Туысқаныма», «Достық белгісі», «Ғафур Ғұлам», «Досыма» деген прозалық, поэтикалық шығармаларында кең өріс тапқан [1].

Өзбек әдебиетінің ең жақын досы, өзбек жазушыларының қадірменді сыйласы да сырласы – Сәбит Мұқановты туысқан өзбек халқы да, оның қаламгерлері де ерекше қадір тұтып, өздерінің Ғафур Ғұламы мен Айбегіндей көреді. «Біздің Сәбит аға» деп, құрметпен тілге алып, оның шығармаларын сүйіп оқып, сүйсіне пікір айтады. Ерекше қадірлеп, ардақ тұтады. Социалистік Еңбек Ері, белгілі драматург К.Яшен: «Сәбит аға Өзбекстанда құрметпен еске алынатын сүйікті қаламгер. Оның туындылары біздің елімізде сүйіп оқылады», – десе, белгілі өзбек ақыны және прозиги Мирмухсин: «Сәбит ағаны мен Ғафур Ғұлам, Айбек, Абдулла Қаһһар қатарларына қоямын. Онымен талай рет сөйлескенде оның дарқан дарындылығына тәнті болғанмын», – дейді.

Расында да Сәбит Мұқановтың шығармалары өзбек тіліне аударылып, өзбек оқырмандарының кітапханалары арасынан өз орнын тапқаны қашан. Сәбиттің «Өмір мектебі» 1954 жылы Нәсір Фазылов аудармасында өзбек оқырмандарына жетсе, оның «Ботакөз» романы 1962 жылы Хабиба Зияханов аударуымен өзбек тілінде жарық көрді. Сондай-ақ Сәбиттің «Балуан Шолақ» шығармасы да Нәсір Фазылов аудармасында өзбек оқырмандарының жүрегінен орын алды. Оның үстіне, 1960, 1971 жылдары Өзбекстанда қазақ әдебиеті мен өнерінің апталығы болып өтуіне орай Өзбекстанда «Қазақ әңгімелері», «Қазақ қындары», «Алатау оттары» сияқты т.б жинақтар өзбек тілінде жарық көрді. Бұл жинақтарға Сәбит Мұқановтың өлеңдері мен әңгімелері де енген.

Аударма – бір ұлтпен екінші ұлтты, бір халықтың әдебиетімен екінші халықтың әдебиетін, мәдениетін байланыстыратын, жақындастыратын, туыстастыратын, достастыратын және ана тіліміздің сөздік қорын байытып, тіліміздің өткірлігін, икемділігін, үйлесімділігін, бейнелеу қабілетін арттырып, жалпы, дүниетану өрісімізді ұлғайтатын сала. Көптеген қазақ жазушыларының шығармаларын өзбек тіліне аударылып, екі әдебиеттің достық байланысуында қыруар қызметтер атқарып, жүрген аудармашы, әрі прозаик Нәсір Фазыловтың Ғафур Ғұлам мен Сәбит Мұқанов туралы «Қос шынар» атты повесть жазуы, туысқан өзбек халқының, қаламгерлерінің Сәбит Мұқановқа деген үлкен құрметінің, ыстық ілтипаттарының айғағы [1].

Өзбекстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы Хамид Ғұлам Қазақ әдебиеті газетіне жариялаған «Достық – жыр арқауы» атты мақаласында қазақ жазушылары және олардың шығармасы туралы былай дейді: «...Туысқан екі республика жазушыларының осы бас қосулары кезінде қазақ, өзбек тілдеріне аударылып, басылып шыққан кітаптар саны бұған дейінгі ондаған жылдар ішіндегімен пара-пар түсті. Қазір біздің өзбектер Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын, Сәбит Мұқановтың «Ботакөз», Ғабит Мүсіреповтің «Қазақ солдатты», Ғабиден Мұстафиннің «Қарағанды» романдарын ана тілінде оқиды. Сондай-ақ өзбек тілінде «Қазақ әңгімелері» және «Қазақстан ақындары» деген атпен екі үлкен жинақ шықты. Бұлардан басқа С.Мұқановтың «Өмір мектебі», С.Бегалиннің «Сәтжан», Қ.Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» повестері, Ғ.Мүсірепов пен С.Бегалин әңгімелерінің, М.Қаратаев сын мақалаларының жинақтары өзбекшеге аударылды. «Шарк юлдизи» деп аталатын әдеби журналымыздың төртінші нөмірі түгелдей қазақ әдебиетіне арналды. Мұнда 70-тен астам қазақ ақын-жазушыларының шығармалары бар.

Соңғы жылдары өзбек ақын-жазушыларының да талай-талай романдары, повестері, пьесалары, өлеңдер жинақтары қазақ тілінде басылып шығып, республика жұртшылығына кеңінен

тарағанын біз жақсы білеміз. Бұл үшін біз қазақ достарымызға – қазақ ақындары мен жазушыларына, аудармашылар мен редакторларға көп-көп рахмет айтамыз» [2].

Дархан дарын, ғұлама ғалым Мұхтар Омарханұлы Әуезов өзбек әдебиетіне ылғи да туысқандық пейілмен көңіл аударып, әрбір таланттарының шығармаларын қалтарысқа қалдырмай, үнемі қадағалай оқитын, қарымды қаламгер екендігін танытады. Әрі, әрқандай көркем шығармалардың өзіндік ерекшелігін шебер тани білетін, қара қылды қақ жарған әділ, үлкен білімге ие, шын мәніндегі кемеңгер екендігін де аңғартады. Мәселен, М.Әуезов 1959 жылы Мәскеуде өткен өзбек әдебиеті мен мәдениетінің апталығына қатысып: «Көпшілік жолдастар сияқты мен де соңғы кездердегі өзбек жазушыларының кітаптарын оқудан, театрда қойылған спектакльдерін көруден ойға оралған өз пікірімді белгілі дәрежеде қорытындылап айтуға ұрынып көремін»,– дей келіп, одан әрі Абдулла Қահһар, Хамид Ғұлам, Шараф Рашидов, Асқар Мұхтар, Пірімқұл Қадиров сияқты т.б өзбек прозаиктерінің романдары жайлы өз пікірін ортаға салады да: «Апалы-сінділер» туралы өз пікірімді өткен жылы Асқар Мұхтаровқа айтқанмын. «Апалы-сінділер» тамаша, ғажайып шығарма»,– дейді.

«Республикамыздың жазушы және ақындары, сондай-ақ өнер қайраткерлер қауымы үлкен салтанатқа – өзбек әдебиеті мен өнерінің Қазақстанда өткізілетін онкүндігіне зор және тыңғылықты дайындықпен келді. Өйткені бұл онкүндік өзбек және қазақ халықтары өмірінде, олардың мәдениет тарихында аса маңызды үлкен оқиға болып қалмақ.

Бұл екі республиканың саяси, экономика және мәдениет салаларындағы қарым-қатынсы күн сайын өсуде. Бұған туысқан халықтардың ежелден келе жатқан және қазіргі өркендеп, өскен мәдениет мұралары өзінің пайдалы әсерін тигізуде.

Қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушы Абай Құнанбаев, бәрімізге де сүйікті болған ақынымыз Жамбыл Жабаев, қазақ кеңес әдебиетінің ең көрнекті қайраткерлері Мұхтар Әуезов пен Сәкен Сейфуллин шығармалары Өзбекстанда да баршаға мәлім. Әбділда Тәжібаев, Жұбан Молдағалиев, Сырбай Мәуленов, Әнуар Әлімжанов, Олжас Сүлейменов және де ондаған жазушы-ақындардың шығармалары бізде өзбек тілінде бірнеше рет және көптеген тиражбен басылып шықты»[3].

Біздің екі әдебиетімізді туыстастырып келе жатқан кісілер – жанашыр аудармашылар. Мәселен, Міртемір, Ұйғын, Нәсір Фазыловтардың қазақ әдебиетін өзбек халқына таныстыруда еткен еңбектері зор.«Қазақ пен өзбек әдебиеттері ара-тұра «онкүндік» аталатын мәжіліспен бас қосып, іс-тәжірибелерімен пікірлеседі де, жетістіктерін де, кемшіліктерін де ортаға салып отырады» [4,26.].

Онкүндікте әдебиет пен өнердің тамаша шағрамалары жөнінде пікір алысу және талқыға салулар болады. Өнер саласындағы бұл пікір алысулар біздің шеберлерімізді бұдан да мазмұнды шығармаларды жазуға талаптандырады.

Жас жазушы Пірімқұл Қадировтың «Үш тамыр» атты романын кейбір Москвалық әдебиет зерттеушілер мен сыншылар әбден сынап, түкке тұрғысыз етіп тастағанда, Мұқаң студенттер, зиялылар өмірінен жазылған бұл шығарманың ерекшелігін жан-жақты ашып, терең талдаулар жасайды. Жас таланттың болашағына үміт арта сөйлеп, оны қолдап қуаттайды. Ол жайлы, бүгінгі таңдағы белгілі өзбек прозаигі П.Қадиров өзінің «Семург қанатында» атты естелігінде ұлы тұлғаның кемеңгерлік сипатын тән ала, өзіне ұстаз ретінде таниды.

Міне, осындай туысқан халықтар әдебиетінің оның ішінде өзбек әдебиетінің жақын досы, аса білгір, өзбек зиялыларының сыйласы да сырласы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің үні мен әуені жылдар өткен сайын биіктеп, оның даңқ тұғыры туысқан халықтар арасында кең өріс ала бермек [5].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сейданов Қ. Өзбек әдебиетінің досы. // Социалистік Қазақстан. 1990. 21 сәуір.
2. Ғұлам Х. Достық – жыр арқауы. // Қазақ әдебиеті. – 1962, 15 мамыр.
3. Кучқаров А. Гүлдену жолында. // Лениншіл жас. – 1976, 6 қыркүйек.
4. Мұқанов С. Туысқандар. // Қазақ әдебиеті. - 1972. 1 қыркүйек.
5. Сейданов Қ. Мұхтар Әуезов және өзбек әдебиеті. // Айғақ. 2004. 29 қыркүйек.

ФАРАБИДІҢ ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫНДАҒЫ ЕҢБЕКТЕРІ

ДАНЫШПАНОВА ҚЫМБАТ ТАҢЖАРЫҚҚЫЗЫ

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

БЕРКЕНОВА РАБИГА АГАБЕКОВНА

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының
аға оқытушысы, ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье подробно рассматриваются вопросы исследовательских работ Фараби, касающиеся теории литературы.

Summary. The article examines in detail the issues of Farabi's research works concerning the theory of literature.

Фараби – әдебиет теориясыменде жан-жақты шұғылданған ғалым. Әдебиет теориясы бойынша көптеген зерттеулер жазғанын Фараби шығармаларының сақталып қалған тізімдерінен білеміз. Араб ғалымы Ибн Әби Усайбаның (1203-1270) айтуы бойынша, Фарабидің өлең құрылысын зерттеуге арналған «Өлеңжәнеұйқас туралы сөз», «Өлең ырғағы туралы», «Поэзия өнерінің негіздері туралы трактат» деп аталатын зерттеулері болған. Бұл салада Фарабидің бізге толық күйінде жеткен екі зерттеуі ерекше назараударады. Олардың бірі – «Өлең өнері» деп аталады. Бұл еңбек негізінен араб поэзиясының теориялық мәселеріне арналған. Мұнда өлеңнің мазмұны мен формасы арасындағы үндестік мәселесі, сондай-ақ бәйіт, газел, месневи, т. б. сөз болады.

Екіншісі – «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат» деп аталатын зерттеу. Мұнда Фараби грек поэзиясының жанрларына, терминдеріне, өлең өлшемдеріне талдау жасайды. Соңғы жылдары Әл-Фарабидің бұрын ғылымға белгісіз болып келген аса құнды бір шығармасы Братислава университетінің кітапханасынан табылды. Арабша жазылған бұл ғылыми еңбек «Китаб ашшеер» («Өлең кітабы») деп аталады. Бұл шығарманы араб тілінен өзбек тіліне аударып, оған алғы сөз, ғылыми түсініктер жазып, жеке кітап етіп шығарған белгілі өзбек ғалымы А.Ирисов болды.

Әл-Фарабидің «Өлең кітабы» - көлем жағынан шағын ғана туынды. Мүмкін мұның өзі алғашында көлемді шығарма күйінде жазылған болуы да ықтимал. Кейінірек белгілі бір себептер әсерімен кітап көлемі әдейі қысқартылып, бізге тек тезис күйінде жеткен болуы да ғажап емес. Фарабидің бұл зерттеуі жеке кітап күйінде сақталмаған. Ұлы ғалымның он екі бөлімнен тұратын логика саласындағы кітабының ішіне қосылып, сонымен бірге түптелген екен.

Фараби өзінің «Өлең кітабын» мынадай сөздермен бастайды: «Біз поэзиясымен хабардар болған көптеген халықтарға қарағанда, арабтар өз поэзиясында бәйіттің соңғы жағына көбірек мән береді. Сол үшін де араб бәйіттері белгілі бір өлшемдігі шектелген сөздермен толықтырылады әрі көркемделеді, мұның өзі оларда сирек қолданылатын яки көпшілікке мәшһүр болған сөздерді пайдалану арқылы іске асады. Жоғарыда аталған бәйіттердегі сөздерден туындайтын мән-мағына осы әңгіме болып отырған нәрсе мен оқиғаларға ұқсайтын еліктеу болуы керек. Мұндай жағдайда қолданылатын сөз тіркестері ырғақты, белгілі бір бөлшектерге жіктелген болуы керек, тіпті ондағы әрбір ритм, ырғақ, буын, бунақ саны да шектеліп тұруы шарт. Өлеңнің әрбір ритмінде қолданылатын сөз бөлшектері тәртібінің де өзіне лайықты шекарасы болады.

Өлең шумағының әрбір буын бунағындағы ритм тәртібі мен өзге шумақтағы тәртіп өзара үндесіп жатуы керек. Міне, осы жоғарыда айтылған шарттардың орындалуы нәтижесінде, өлеңнің әрбір құрамдас бөлігі оқылған кезде өзара бір мезгілде оқылады. Әрі біркелкі болып шығады. Әрбір ырғақта қолданылатын бәйіт сөздерінің де белгілі бір тәртібі, шекарасы бар. Мұнда бәйіт сөздерінің соңғы жағы да шектелген. Не дыбыстар дәл өзіндегідей, яки оны дауыстап оқығанда тең келетін сөздер болуы керек.

Бәйіттегі сөздерде әңгіме не туралы айтылып жатқан болса, соған ұқсас етіп, бейнелі түрде айтылуы тиіс. Сонымен бірге бәйіттердің бір-бірімен үндес болуы да талап етіледі. ...Алайда грек

шайыры Хомердің (Гомер) етістік қолдануына қарасақ, ол өз жырларында өлең жолындағы соңғы сөздердің сәйкес келуіне мән бермейді...» [1, Б:13-14].

Фараби осы еңбегінде «бәйіт сөздерінің соңғы жағы да шектелген» деген пікір айтқан. Оның мәнісі: өлеңнің соңы бірінші тармақта қалай келген болса, екіншісінде де солай келуі керек деп түсінген қажет. Бұл арада Фараби өзара ұйқасатын сөздер туралы әңгіме қозғап отырған сияқты. Өйткені мұндай жағдайда тармақ соңындағы әріптер, дыбыстар ұдайы бірдей болып келеді, әсіресе соңғы буындар солай болады. Сонымен бірге Фараби: «Бәйіттегі сөздер де әңгіме не туралы айтылып жатқан болса, соған ұқсас етіп бейнелі түрде айтылуы тиіс», -дейді. Орта ғасыр философтары табиғаттағы әрбір құбылыстың әсері қоғамдық өмірде сол күйінде қайталанып, өз көрінісін тауып отырады деп түсінген. Сондықтан табиғат пен өмірдегі құбылыстарды жырлаушы ақындар оларды «табиғатқа еліктеуші» деп атаған. Алайда бұл арада Фараби көркем сөз өнеріндегі ұқсату-теңеу жөнінде әңгімелейді. Демек, сол өмірдегі әрбір оқиға тек теңеу жолымен, образ арқылы ғана оқырманға жетеді деген пікірді меңзеп айтып отыр.

Әбу Насыр әл-Фараби өзінің «Өлең кітабында» поэзияның бірқатар теориялық мәселелеріне – өлеңнің композициялық құрылысына, шумағына, өлшеміне, ұйқасына, т. б. шолу жасай келіп, жырдың барлық компоненттері ақынның айтайын деп отырған ой жүйесіне лайық, орынды болуы керек деген түйін жасайды. Жақсы өлеңде қашанда басы артық, оғаш тұрған шумақ, тармақ болмайтынын ескертеді.

«Өлең кітабында» айтпақ болған басты пікірі – өлеңнің ішкі мән-мағынасы мен сыртқы тұлғасы өзара қабысып, логикалық тұрғыдан үндесіп тұруы тиіс. Поэзиялық туындының әрбір буыны, бунағы, ұйқасы, үні, өлшемі, т. б. бір-бірімен үндесіп, дәлме-дәл келіп жатқанда ғана ол оқырманның ойынан шығады. Дарынды шайыр құдды ұста секілді. Қарапайым сөздердің өзінен-ақ таңғажайып өрнектер жасайды. Фарабидің әдеби мұрасын игеруде оның кейінгі кезде табылған «Өлең кітабын» жан-жақты зерттеп, оны оқып-үйренудің мәні зор.

1979 жылы қазақ тілінде тұңғыш рет талантты әдебиетші Аян Нысаналиннің аударуымен «Жазушы» баспасында ұлы бабамыздың «Трактат және өлеңдер» [2.] деген атпен кішкене жинағы жарық көрді. Мұнда келтірілген Фарабидің қысқа да болса нұсқа трактаты «Өлең өнерінің, қағидалары» деп аталады. Бұл шығарма атынан көрініп тұрғандай поэзияның теориялық негіздерін баяндауға арналған. Трактат былай басталады: «Рахматы күшті раббымның атынан, бұл зерттеудегі негізгі мақсатымыз –тынық ой маржанын сүзіп, онымен танысқандарға философтың поэзия туралы айтқандарын түсінуге қол ұшын беру еді. Алайда біз аталмыш өнерге байланысты белгілі жайларды шиырлап, тәптіштеп жатпаймыз. Өйткені философтың өзі де софистика өнері, әсіресе, поэзия өнері хақындағы тұжырымдарын, аяқтаған жоқ. Бұның бір ғана себебі бар, оның өзі софистика туралы толғамдарының соңында айтқандай, өзінен бұрынғылардан негіз алып, қағидаға айналдырып жүйемен өсіре бағалайтын ешнәрсе таппаған. Сондықтан да сонша таудай талантымен дарқан дарынды бола тұрып, философтың өзі де ширатып, пісірмеген нәрсені тәмәмдау талабы ақталар ма, сірә. Біз тек қана осы өнерді зерттегенде септігі тиер-ау деген қағида, сана салихалығын танытатын сөздерді атап өтудің дәл қазір мүмкіндігі туды деп есептейміз».

Ал Фарабидің ақындығына келсек ғұламаның шығармашылығының бұл қыры біздің ғасырымыздың ортасына дейін зерттелінбей келеді. Бұл туралы тек бірінші болып әлгінде келтірілген Махмуд Аббаста, 1947 жылы ғалым Декхода Тегеранда (Иран), бастырған «Лұғатнаме» деген энциклопедиясында әңгіме көтеріліп, оның бірсыпыра өлеңдері келтіріледі. Совет ғалымы Е.Э.Бертельстің парсы-тәжік поэзиясы тарихына арналған еңбегінде, түрік зерттеушілері Ахмет Әтеш, Хафиз Данышпан, еңбектерінде Фарабидің шайырлығы, әдеби мұрасы туралы көп жаңалықтар келтіреді. Бұлар және басқа оқымыстылар Фарабидің араб парсы, түрік т.б. тілдерде әртүрлі жанрада жыр жазғандығын растайды, үзінділер келтіреді. Фарабидің бір пара өлеңдері әлем (космос), ондағы адамның орны мен өмірінің мәнісі туралы философиялық рубайлар түрінде болып келеді. Ғұламада лирикалық сарында жазылған сырлы, мұнды өлеңдер де баршылық. Фараби де адам, пенде, оның да алыста ел-жұрты ауыл-аймағы бар, өмір өтпелі, қоршаған надандық, өзішіл пенде...

Қашыктасаң туған жер – қалың елім,
Не біржүйрікболдырып жараудеген,
Шаршадым мен, қанатым талды менің,
Шаңыт жолға сарылып қарауменен.

Кері оралмай жылдарым жатыр агып,
Қасіреттің жасына көз жуанар.
О, жаратқан, көп неткен ақымағың,
Құм сықылды тез ысып, тез суынар.

Зиялы аз бір тұтам тіршілікте,
Әкімдікке күллісі жүгіреді.
Көкірекпен сезініп, күрсініп көп,
Жаным менің түршігіп, түңіледі [3, 83б.].
Соңғы шумақ кеше мұны Абай ағамыз айтып кеткен:
Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім.

немесе:

Ойында жоқ Салтыков пен Толстой
Я тілмаш, я адвокат болсам деген бәрінде ой, -

Фарабиде:

Тіршілікке құрыштай бол төзімді,
Сан мәртебе алдаса да өзінді.
Тағдырыңды еш уақытта жазғырма,
Тіпті кейде болса әзәзіл азғырған.
Өрге жүзген өнегелі ісімен,
Таңда адал дос өз теңіңнің ішінен.

Жүргендеркөпдостық атынмалданып,

Алайда тек қалма оған алданып, - деген сияқты парасатты жолдарды еріксіз еске түсіреді. Бірақта Фараби дүниеден біржола түңілмейді, ол табандылық, адалдық, адамдық, өнеге-білім туын жоғары ұстайды. Қазіргі қолда бар мәліметтерге қарағанда, Әл-Фарабидің алпысқа жуық туындылары сақталып, бізге жеткен. XX ғасырдың 70-90 жылдары солардың кейбіреулері кейде толық, кейде үзінді ретінде орыс, қазақ тілдеріне аударылып жарық та көрді.

60-жылдардан бастап Қазақстанда да әл-Фараби мұрасын жинау, бастыру, зерттеу жұмыстары жүйелі жүргізіліп келеді. Ә.Марғұлан, А.Машанов, О.Жәутіков, А.Қасымжанов, А.Көбесов, Қ.Жарықбаев тағы басқалардың бастамасымен 1968 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының жанынан Фарабитану тобы құрылды. Бұл ғылыми ұйымды қазір белгілі ғалым, профессор Мұқаш Бурабаев басқаруда. Осы ғалым жетекшілігімен «Фарабитану тобы» Әбу Насырдың ғылыми мұрасын жинау, аудару және жарыққа шығаруды онан әрмен жалғастыруда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Машанов А. Фараби және Абай. – Алматы: Ғылым, 1994. -156 б.
2. Әбунәсір Әл-Фараби. Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат / Кітапта: Сөзстан. 2-кітап. Құрас. Б.Сарбалаев. – Алматы: Жалын, 1980. – Б. 8-14.
3. Әбунәсір Әл-Фараби. Трактат және өлеңдер. Аудар. А.Нысаналин. – Алматы: Жазушы, 1974. -186 б.

ӘОЖ:37.015.3

М.МАҒАУИННИҢ «ЖАРМАҚ» РОМАНЫНЫҢ ТІЛТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

ДУЙСЕНБАЕВА БАХЫТ МУРАТОВНА

Ы.Сүлейменов атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Сарысу ауданы.

Резюме. В статье проанализированы языковедческие и тематические особенности романа М. Магауина «Жармақ».

Summary. The article analyzes the linguistic and thematic features of M. Magauin's novel «Zharmak».

Шығарма жазудағы өзіндік ерекшелігі, көркемдік құпияны игеруі, образ жасау шеберлігі, тарихи деректерді орайына келтіріп қисынды қолдануы жатық та көркем, тілі кесек тұлғалардың бірі—Мұхтар Мағауин. Мұхтар Мағауин қазақ прозасына XX ғасырдың 60-жылдары келді. С.Қирабаев әдебиет саласына жаңа талантты тұлғалардың келуіне қуанып: «Жастар прозасында ауыл өмірі, ұлттық психология, дәстүр кең сөз бола бастады (М.Мағауин, С.Мұратбеков, Ә.Кекілбаев, О.Бөкеев, Д.Исабеков, Т.Әбдіков, Т.Нұрмағамбетов, М.Сқақбаев)» [1,62 б.], – деген.

М.Мағауиннің тілдік ерекшелігі туралы өз кезінде Фабит Мүсіреповтің: «Мұхтар Мағауин ана тіліміздің байлығын, оралымды, астарлы, әрі от-жалынды, әрі нәзік те биязы бояу-сырларын алғашқы адымдарынан бастап-ақ меңгеріп алғанын көрсетеді. Тіліміздің оралымдылығын тереңдете қосқан үлесі де аз емес. Еркек, әйел бейнелері қандай сом! Осы айтқандарымыздың әділет екендігіне сенгендіктен, Мағауин Мұхтар бұдан он-он бес жыл бұрын-ақ іргелі жазушыларымыздың қатарына қосылды» [2,346.], –деп пікір білдіріпті.Қатарлас, қаламдас жазушы Ә.Кекілбаев: «Мұхтар Мағауин - саяси озбырлық, рухани әрі-сәрілік, кәсіби балаңдық жабыла қинап, дағдарыс тығырығына қамалған әдебиетіміздің одан әрі дамуына жаңа қарқын бітіруге тырысқан алпысыншы жылдардағы серпілісте айрықша көзге түсіп, сол қарқынын әлі күнге үдетпесе, бәсеңдетпей, жанқиярлық танытып келе жатқан кесек тұлғамыз. Оның бүгінгі де, ертеңгі де оқырмандар алдында сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Қадым замандар тақырыбына алғаш қадам тартқан ғалым ретінде ұлттық көркем ойдың ең кемел күштерінің төл тарихымыздың кенде зерделеніп келе жатқан кезендерін көрсетуге жаппай жұмылуына түрткі болды. Өзі де сол бәйгеде озып шыға алған жүлделі жүйрік» [3,56.], – деп бағалады.

Әдебиет зерттеушілері көбінесе эпикалық кең құлаштылық пен полифониялық үрдістердегі фабулалардың дамуына, қоғамдағы әлеуметтік өмірдің әр саласынан суарылып, кеңірек сомдалған кесек образдарға көбірек мән беріп жатады. Дегенмен, ірі талант иесінің ұсақ жанрларды игеру барысында да өзіндік көркемдік стилін, жазу машығын жан-жақты ашып көрсете алатыны әдебиет тарихынан жақсы мәлім. Жанрды игеру тенденциясы туралы мәселеге қатысты ой айтылған кезде, М.Мағауиннің де нақ осындай санаттағы жазушы екендігін жаңылыспай табуға болады.Оның шығармаларының басын біріктіріп тұратын ортақ көркемдік нышан – «адамның жан дүниесін ашу жолындағы жазушының өзіне тән қарапайым машығы, қайшылықты құбылыстарды тосын перипестиямен жеткізе алу қасиеті» [4,760б.].

Оқырманның қабылдауына сай белгілі бір көркемдік канонмен дамып келе жатқан сюжеттік желінің аяқталуы М.Мағауин әңгімелерінде қашан да тосын. Автор қалыптасқан идеялық үрдісті бұзып, шығарманың соңындағы көркемдік түйінді бұған дейін оқырман ойына келмеген басқа бір арнаға лып еткізіп аударып жіберуге бейім.

Жалпы М.Мағауиннің біраз туындыларында мысқыл, кекесін сезіліп отырады. Бұған Б.Майтановтың 1970 жылы жарық көрген мына бір пікірі дәлел: «Ал мынауың диалекті ғой!», «Өткінші», «Сентябрьде» әңгімелерінде мысқыл мен кекесін табы, бұғып бүрер ирония мол» [5,36.].

Көрнекті ақын-жазушылардың шығармаларының тілі екі бағытта зерттеледі. Бірі – қаламгердің қолданыс тілінің дамуындағы орны мен сіңірген еңбегін анықтау болса, екіншісі – қаламының шеберлігін, өзге де тілдік ерекшеліктерін саралау. М.Мағауеннің тілін дәл осы екі тұрғыдан қарастыру керек, өйткені ол әдеби тіл нормаларын дұрыс, көркем қолдана білген қарапайым қаламгер емес, өзіндік қолтанбасын қалыптастыра білген коммуникативті қаламгер. тілдің ішкі мүмкіндіктері арқылы. Қалай десек те, шығармаларын талдаумен қатар автордың өз тілі де қарастырылады. Ең алдымен автор шығармасының идеясын, мазмұнын білуге талпыныс жасалады, содан кейін олар осы мазмұнның сыртқы түріне, тіліне үңіле бастайды.

Автор тілін когнитивтік лингвистика аясында зерттеу қазіргі қазақ тіл біліміне жаңа талаптар қойып отыр.Зерттеу нысанасы болып отырған М.Мағауиннің «Жармак» романының тақырыптық-тілдік ерекшеліктерін саралау үшін алдымен романның постмодерндік нышан арқылы жазылған шығарма екенін атап өту керек. Постмодернизм – XX ғасырдың екінші жартысында модернизмнен кейін өнер, сәулет, кескіндеме, әдебиет, жалпы көркем мәдениет тенденциялары негізінде пайда болған бағыт. Осыған орай, постмодернизмді XX ғасыр бағыты немесе құбылысы деп тану үшін оның негізгі белгілері мен ерекшеліктерін анықтауымыз қажет. Ғалым-зерттеуші Б.Майтанов мынадай ерекшеліктерді атап өтті:«*Постмодернизмдегі ең үлкен дүниетанымдық ерекшелік – керітартпа романтиктердегі сияқты өзіне таныс өмір сиқынан*

түңділушілік. Олар айналаны өзгертуге де тырыспайды. Бәрін шарасы таусылған көзбен, тіпті бейтараптықпен, қажыры кетілген, көбінесе өзіне қаратылған ащы мысқылмен (самоирония, тіпті самопародия) топшылайды. Үкім айтуға ұмтылмайды. Сырт қарап қана ілбін отыратындай. Шын мәнісінде бұл сияқты бет-перденің (маска) ішінде керемет қарсылық тулап жатады. Олардан сыншыл сарын, реалистік элементтерді таба алмаушылық қателікке ұрындырар еді»[5,45б.], – екенін көрсетеді. Романның постмодерндік нышаны – күнделікті өмірде мың құбылған заман ырқының, ұлт психологиясын сызат еткен құбылыстардың, ұлттық менталитетіміздің, тіліміздің қасіретін бейнелеу.

Романның негізгі сюжеті Мұрат Бейсенұлы Қазыбеков пен оның көлеңкесі Марат Бейсенұлы Қазыбеков туралы. Жаңа заман бейнесін таңбалайтын «Жармақ» романында Мұрат пен Марат бейнесі арқылы қазақ руханиятының болмысы шындық пен шындықтан алшақ кетпей, қарапайымдылықтан күрделілікке қарай сызық сызып, мүлде жаңа жолға бастайды. Мұрат Бейсенұлы Қазыбеков – қарапайым ғылыми ортада өмір сүрген, өзіндік ғылыми ұстанымы бар замандасымыз. Бірақ оның көкейіндегі терең ойлар екінші жартыжылдықта, Маратпен бетпе-бет келіп, күресте кеңірек, егжей-тегжейлі, жан-жақты ашылатынын түсінеміз.

Романда суреттелетін негізгі оқиғалар – 20 ғасырдың соңғы ширегі мен 21 ғасырдың басындағы оқиғалар. «Жармақ» романының негізгі тақырыбы – қазақ халқының тарихы мен ұлттық құндылықтары. Оның өткені – кеңестік солақай саясаттың өз тарихын, рухани байлығын таба алмауы, деп жазады. М.Мағауин қазақтың шыққан тегіне, өзгенің тілі мен мәдениетіне еліктеп, Маңғыстаудың көзін көрген ұрпақты өткір сынға алып, тамаша шығармаларын ХХ ғасырдың 60-жылдары жазды. Бұл туралы Ғабит Мүсірепов: «Мағауиннің алпысыншы, жетпісінші жылдары жазған әңгіме, повестері қалам ұшы өткір, әр сөздің ішкі-тысқы ен-таңбасын, қат-қабат сыры барын сол кезде танытыпты. М.Мағауиннің сол тұста жазған «Әйел махаббатты», «Күтпеген кездесу» сияқты әңгімелерін, «Қара қыз» сияқты повесін оқыған сыншы, не болмаса замандас достары сол күн-ақ авторды құшақтап құттықтаған шығар деп ойлаймын. Өз басым сол достар қуанышының ішінде болмағанымды өкініш еткендеймін. Пендешілік-тағы...» [2,113б.], – жазушыға өте жоғары баға берді. «Жармақ» романын осы шығармалардың заңды жалғасы деп білеміз. Өйткені, романның негізгі тақырыбы – ұлтсыздық дерті.

Романдағы Мұраттың идеясы – халқына адал қызмет ету. Ұлттық менталитет бар. Ол үшін ұлттың тілін, дінін, ділін сақтау қажет. Қазақ болып, ұлт болып, мемлекет болып өмір сүруінің бірден-бір шарты осы.

«Жармақ» – уақыт бойынша хронологиялық ретпен жазылған шығарма. Ол бүгінгі кеңістік пен уақытты мифологиялық, фольклорлық әдіс-тәсілдер арқылы мифтік сана арқылы түс, аруақ, аянды кейінге қалдыру арқылы жаңа көркемдік формада бейнелейді. Бұл көркемдік тәсілдер қазақ әдебиетінде ертеден қолданылып келеді. Олардың бастауы мифологияда жатыр: тотемдік, магиялық, анимистік және т.б. нанымдар мен нанымдар.

Ғалым С.Қасқабасов 2012 жылдың 15-21 қаңтарында «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған мақаласында «Жармақ» романының күрделі де қайшылықты психологиялық тартысы туралы былайша былай дейді: «*Бір адамның екіге бөлінуі философиялық тұрғыдан алғанда өте күрделі құбылыс, көркем өнерде, әдебиетте өмірдегі қайшылықтарды, кейде ашық айта беруге болмайтын әлеуметтік, саяси, қоғамдық, рухани келеңсіздіктерді көрсету үшін кейіпкерді екіге жарып, суреттейтін аллегориялық тәсіл*» керек, мұның М.Мағауиннің «Жармақ» романында тереңнен суреттелгендігінен аңғарамыз»[6,4б.], – дейді.

С.Қасқабасовтың сөз болып отыраған мақаласында «Жармақтың» тақырыбы туралы да айтылып өтті. «*Жармақтың өн бойында қамшыдай өріліп отырған өзекті мәселе – қазақ халқының тарихы, оның ұлт болып қалыптасуы мен рухани құндылықтары. Шығарманың бүкіл мазмұны, сюжеті осы проблемаларға құрылған. Қай оқиға болса да, ұлттық мәселелерге байланысты өрбиді*»[6,4б.], – деп сабақтайды ғалым.

Зерттеуші романды «постмодерндік стильдегі әлеуметтік-психологиялық немесе философиялық» деп сипаттап, Жармақты «өмірбаяндық» немесе «тарихи» деп атауға болмайтынын қадап айтты.

Мұхтар Мағауин шығармалары оқырманға көп нәрсені аңғартады. Ол да жанып тұр. Оқырманға мұндай азапты шығарманы белгілі шеберлер ғана жаза алатынын ескерсек, бұл қаламгерлердің арасынан Мұхтар Мағауинді көреміз. Бұл романның бірінші жетістігі болса, екінші жетістігі – шығарма тілі заман талабына сай өзгеше стильде жазылған.

Романның тілдік ерекшеліктері туралы көптеген пікірлер бар. Мұны соңғы жылдары баспа беттерінде жарияланған мақалалар мен интернеттегі талқылаулардан көреміз. Ал Жармақтың

тілдік ерекшеліктерін арнайы атап өткен бірде-бір ғылыми еңбек жоқ. Сондықтан бұл жағдайда да мерзімді басылымдарда жарияланған шолулармен шектелуге тура келеді.

«Жармақ» романының тілі туралы жеке монография болмаса да, белгілі жазушы-ғалымдар С.Қасқабасов, Ғ.Бельгер, Ж.Қорғасбек, Т.Жұртбай, Ө.Балқыбек, Ө.Меңдеке, А. Мәуленов тақырыпта. Ғ.Бельгер автордың сөйлеу мәнері мен сапасы туралы айтады. 2010 жылы «Жұлдыз» журналында жарияланған «Мұрат пен Марат: Екі жарты – бір бүтін» мақаласындағы ойын 2012 жылы «Отбасы және денсаулық» журналының №9/10 санында қайта басылды. Оларда Ғ.Бельгер роман атауына ерекше мән беріп, «жармақ» атауының диалектикалық лексикадан жасалған сөз екенін көрсетеді: *«Роман түпнұсқада қазақша сирек кездесетін сөзбен «Жармақ» деп аталады. Мен өскен өлкеде (Солтүстік Қазақстан) жармақ деп бидай дәнінің жартысын, қиыршық үгінді, жарманы айтады. Сірә, «жарма, жару» сөзінен түзілсе керек»*[7, 96.]. Мұнда автор Мағауиннің сөз қолданысындағы тілдік тәсілдің өзіндік артықшылығы туралы *«Жазушы сөз семантикасын адамға көшіріп, адамның жартысын – тәні ғана емес, рухани жартысын «жармақ» деп таңбалайды. Жармақ бұл жағдайда тең екіге бөлінген адам табиғаты»* екенін көрсете келіп, «Жармақ» атауының бойынан көрініс тапқан екі сипатты атайды:

1) Қоғамды іріткен саяси, этикалық, моральдық індеттерді көрсетуі;

2) өздерін «зиялы қауым» деп есептейтін топтың рухани сорлылығын суреттеу.

Тұрсын Жұртбайдың: *«Жармақ» – саяси памфлет пен психологиялық көркем саралауға құрылған трагедиялық шығарма. Мұндағы бір адамның екіге жарылуы тарихи және өмірлік шындықтан туып отыр. Бір бетіне – ұлт намысын, екінші бетіне – ұлтсыздықты ұран етіп алған дүбара тұлғаның қос жарылуы, жүрегі мен санасының екіұдай арпалысуы, махаббаты мен жар төсегін бөліскен жарыместелік, бір адамның өзін-өзі соншама сүйе отырып жеккөруі, өзінен-өзі жерінуі романда публицистикалық рухта сараланып, трагедиялық шешіммен аяқталады,* [7].

Романның тілі мазмұнды болсын деген ой.

Кейіпкер атақ-даңқы мен байлығының арғы бетінде таңбаланған сатқындық қарғысын өшіріп, біржақты, ұят ұлтының мүддесі үшін өмір сүруді армандайды. Жармақтың жартысы парламентке кіріп, халқын дүрліктіріп, мемлекетаралық деңгейде «Қазақсыз Қазақстан» ұранын жүзеге асыруға кіріскенде, жартысы өз-өзіне қол жұмсады. Тек өлімімен ғана Жармақты сатқындықтан құтқарды. Өйткені, Жармақсыз онсыз өмір сүру мүмкін емес сияқты. Маратсыз – Мұрат, Мұратсыз – Марат. Мұрат Мараттың сөзін бөліп, өзін өлтіреді. Яғни, Марат ұлт үшін өзін де, Мұратты да құрбан етеді.

Тұрсын Жұртбай: *«Әрбір қазақ зиялысы мұндай үмітсіздікті басынанкешіретіні анық. Осындай амалсыз тәуекелге барған шығармашылық иелерінің тылсым тағдыры өз бойымызға тұнып тұрғаны анық. Олар да Марат сияқты өмірден өз еркімен бас тартып, қалғанын ойлағысы келетін сияқты. Еркін өмірдің тоқырауға ұшырап, еркін қоғам мен жабық қоғамға апарып соғуының себебін іздейсің. Оның бір жауабы Мұхтар Мағауиннің «Жармақ» романы «публицистикалық пафоста көркемдік жағынан сараланған»* [8].

Әмірхан Меңдеке роман тілінің заман талабына сай өзгеріп, бұрынғы қалпынан ауытқып, көлемі кішірейгенін айтады. Ал бұл автордың тілді дұрыс білмеуінен немесе тіл білмеуінен емес, керісінше, шығарма тілін жаңа стильде таңдап алу арқылы бүгінгі қоғамдық сұранысты жеңудегі тапқырлықты алға тартады.

Расында, жазушылардың жазу шеберлігі, стилі, әдіс-тәсілдері өзгерді. Бұл туралы Ж.Қорғасбек: *«Бұрынғыдай бауырын жазып, кең көсіліп жазатын жазушылар қалмай бара жатыр. Жанр ықшамдалып, оқырманның уақытына қарай ыңғайланып келеді. Тіпті, Мұхтар Мағауин сияқты үлкен жазушыларымыздың прозасына публицистика араласып кетті. Қазір Мағауиннің кейінгі шыққан «Жармақ» романы жартылай көркем шығарма, жартылай публицистика сияқты әсер қалдырады»,*[9]—деген пікір айтады.

Енді бірде ол Мұхтар Мағауиннің бүкіл шығармаларын жоғары қоя отырып, «Жармаққа» байланысты күмәнді ойын білдіреді. Бірақ, оның Мағауиннің жазушылығына, қайраткерлігіне, суреткерлігіне ешқандай да қатысы жоқ екендігі айта келіп: *«Әңгіме жеке шығарма туралы ғана болып отыр. Мұхтар Мағауиннің «Жармақ» романын үлкен жазушының егде тартқан кезіндегі бір сәтті, бір сәтсіз эксперименті деп айтуға болады. Сәттілігі – жаңа әдеби тәсіл арқылы қоғамның бүкіл қоясын ақтарып бере алғандығы. Сәтсіздігі – әлем әдебиетінде бар, көп қайталанған үрдістің көшірмесі сияқты әсер ететіндігі»*[9], – дейді.

Бұл жайында белгілі публицист Аманхан Әлім: *«Герман Гессенің «Степной волк» романында Гарри деген кейіпкері бар. Жазушы сол кейіпкерінің қолжазбасын тауып алып: «Мен Гарридің жазған бір сандық қолжазбасын оқып отырмын», – дейді. «Жармақтағы» оқиға Герман*

Гессенің «*Степной волк*» романы сияқты басталады»[9], – деп жазды. Жоғарыда Ж.Қорғасбек те осыны меңзеп отырған сияқты. Рас, бұл ешқандай да жаңалық емес, дегенмен біздің пайымдауымызша, мәселе деталь, сюжет алуда емес, мәселе соны қалай алып шығуда. Ал «Жармақта» бұл миссия толығымен орындалған.

«Мәдениет» телеарнасында түсірілген хабардың «Халық сөзі» газетінде жарияланған нұсқасында танымал әдеби сыншы **Әмірхан Меңдеке мынандай ой түйеді:** «Қазір біз көркемдік дегенді басқаша ұғамыз. Ал бұл романда мақсат басқа. Телеграфтық стильмен жазылған. Дастарханның басында өсек айтылғанда орнынан тұрып кете алмайсың ғой. Өйткені, өсек қызық. Көркем тілмен табиғатты суреттеу деген сияқтыларды ысырып тастайды да, оқырманға жеткізетін ойды телеграмма құсап шұғыл жеткізеді»[9].

Сыншы роман тынысының кең екендігін айта келіп, оған өзінше баға беруде: «Біз қазір ұлт ретінде қатты азғындалдық. Рухани тұрғыдан. Бірақ бұл көбіміздің көзімізге көрінбейді. ...Рухани азғындауды көру өте ауыр. Мен ойлаймын, рухани азғындауды көзінің алмазы бар, көкірегінің дүрбісі бар Мұхтар Мағауин сияқты мықты жазушылар ғана көре алады деп. Сол көргенін бізге жеткізген. Өз басым бұны роман-ескерту деп бағалаймын», [8]– деп қорытынды жасайды.

Міне, М.Мағауиннің «Жармақ» романы және оның тақырыптық, тілдік ерекшелігі жайлы топтасқан пікірлердің бас-аяғы осыған саяды. Г.Бельгер: «Роман басынан аяғына шейін публицистикалық қуатты серпінмен жазылған. Рас: «Жармақ» публицистикалық серпінді, ділгір мәселелерді қозғайды, тартысты. Мен мұндай сапаны артықшылық деп есептеймін. Мұндай сипат мені еліктіріп, қызықтыра түседі, ойлануға, кешегі өткенге үңіле түсуге итермелейді, қайшылығы мол бүгінгі тірлік көңілге күмән ұялатып, болашақ туралы ойға жетелейді. Болмысқа ұлттық хәмжалпыадамдық тұрғыдан қарайсың. Бұл – роман-толғаньыс, роман-эссе, роман-айтыс-тартыс»[10,108б.], – деген екен. Біз де осылай қабылдадық.

Жалпы, М.Мағауиннің қай шығармасы болмасын идея құндылығымен ерекшеленеді, тілі мүлде бөлек.

Жалпы, М.Мағауин шығармашылығының көркемдік канондарының бірі – оқырманды шығарманың көркемдік шешуінде ұстау. Бұл, әрине, жазушы үшін шығарманы эстетикалық мақсатқа жеткізудің тиімді жолы. Көркемдік-идеялық жетістігі анық көрінгенде ғана мұндай көмескіліктің сәтті болатынын есте ұстаған абзал. Осы көркемдік тәсілді бейнелейтін «Жармақ» романын М.Мағауиннің көркемдік жетістігі деп бағалау керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ғабдуллин Н. Мұхтар Мағауин. / 1том –Алматы: Жазушы, 1990. – 468 б.
2. Мүсірепов Ғ. Әдебиет – кәсіп емес, өнер. –Алматы: Жалын, 1987. -350 б.
3. Кекілбаев. Ә. Кесек тұлға. –Алматы: Жазушы, 2004. – 336 б.
4. Қазақ әдебиетінің тарихы: жоғары оқу орындарына арналған оқулық, редакторы Қирабаев С., 2002. –410 б.
5. Майтанов. Б Ақша Қар // Қазақ әдебиеті газеті. 1970, 21-тамыз, 3 б.
6. Қасқабасов С. «М.Мағауиннің «Жармақ» романы» «Қазақ әдебиеті», 2010.15-21қаңтар
7. Бельгер Г. Мұрат пен Марат // «Отбасы және денсаулық». 2012. №9/10
8. Жұртбай Т. Мұхтардың қос ағашы // Қ.Аманжолов атындағы әдеби портал/Бір күй бар бөлімі.
9. Жармақ жан айқай ма, әлде не? // Вақ.kz ақпараттық порталы. Өнер бөлімі.
10. Бельгер Г. Мұрат пен Марат: Екі жарты – бір бүтін // «Жұлдыз» журналы. 2010, №2

ҚИМЫЛ ЕСІМДЕРІНІҢ МАҒЫНАСЫ МЕН ҚОЛДАНЫСЫ

АЛЬБЕК ЗАРИНА РАХАТҚЫЗЫ

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ИГИЛИКОВА ЭЛЬМИРА САУЫТБЕКҚЫЗЫ

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының аға оқытушысы,
п.ғ.м., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются общие вопросы фразеологии в казахском языкознании, тюркологии в целом, характерные для них общие, своеобразные устойчивые закономерности (систематические) в природе создания регулярных фраз.

Summary. The article considers general issues of phraseology in Kazakh linguistics, Turkology in general, common, peculiar stable patterns (systematic) characteristic of them in the nature of creating regular phrases.

Тілдегі негізгі мағыналы бөлшек - сөз екені аян. Тілдік механизмде сөз негізгі әрі маңызды бірлік болып табылады. Грамматикалық тұлғалардың мағынасының ашылуы да сөзге тікелей тәуелді. Оны жеке дара бөліп алып қарастыруға болмайды. Кез-келген грамматикалық тұлға тек сөзге жалғанғанда ғана «жанданады», сөзбен бірігіп барып, сөз күдіретін, қасиетін таныта алады. Грамматикалық бірлікті сөзден бөліп қарастыру ешқандай нәтиже бермес еді. Ол сөзге жалғанып барып, лексикалық бірліктің мағынасын өзгерте, түрлендіре алады, сөйтіп өзінің де негізгі мағынасын ашады.

Кез келген тілдік құбылысты семантикалық деңгейде зерттеудің бір артықшылығы оның мүмкінділігін айқын әрі толық көрсетіп, сол бірліктің мағыналық және мазмұндық қасиетін, басқа бірліктермен байланысын, белгісін, синонимдік не омонимдік қатарын т.б. ажыратып айқын көрсетеді. Сондықтан да, қазіргі таңда тіл білімінде семантикалық теорияның актуальдылығын көптеген тілші ғалымдар айқын көрсетіп отыр.

Сөз болып отырған қимыл есімі жөнінде де осыны айтуға болады. Грамматикалық тұлға ретінде, жеке тұрғанда -у-дың ешқандай мағынасы жоқ. Оның негізгі мағынасы мен мәні сөзге байланысты. Етістік- өзінің күрделілігімен байланысты қазақ тілінде өте көп зерттелген сөз табы. Етістікті сөз табы ретінде А.Байтұрсынов анықтап, оның грамматикалық категорияларын белгілегеннен бастап, күні бүгінге дейін талай ғалымдардың зерттеу еңбектеріне нысан болды /1/. Түркітанушыларды атамағанның өзінде, қазақ тіл білімінің ірі ғалымдарының көбі бұл мәселені зерттеп, ол туралы өз пікірлерін білдірген. Осы ретте Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, М.Балақаев, І.Кеңесбаев, А.Қалыбаева, В.А.Исенғалиева, Н.Оралбаева, Ы.Маманов, А.Әбілқасым, И.Қ.Ұйықбаев, Н.Т.Сауранбаев, Т.Р.Қордабаев Ш.Ш.Сарыбаев, Р.Ғ.Сыздықова, Ә.Т.Қайдаров, Б.Қасым, А. Салқынбай т.б. осы сияқты ірі ғалымдардың еңбектерін атап өткен абзал. Дегенмен, етістіктің арнайы қарастыруды қажет ететін мәселелері әлі де ұшырасады. Солардың бірі- қазіргі қазақ тіліндегі қимыл есімдері.

Қимыл есімдері /кейде тұйық етістік, қимыл атауы/- етістіктің мағына жағынан да, түрлену жүйесімен де ерекшеленетін функциялық формаларының бір түрі. Қимыл есімдері түбір етістік пен туынды түбір етістікке -у /-ұу,-үу/, -ыс /-іс/, -мақ /-мек, бақ, -бек,- пақ,-пек/ жұрнақтары жалғану арқылы жасалады.

Барлық етістік формалары жіктеліп, жақтық, шақтық мағынаны аңғартса, қимыл есімдерінде ондай белгі жоқ. Керісінше, есімдерше көптеліп, тәуелденіп, септеліп қолданылады.

Қимыл есімдерінің етістіктің бір түрі болып тұрып, мұндай ерекшелікке ие болуы қимыл- әрекеттің өзін емес, сол әрекеттің аталуы ретінде қолданылуына байланысты.

Зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша мына төмендегідей қорытынды жасауға болады:

1. Қазақ тіл білімінде грамматикалық тұлғалардың мағынасы /ішінара айтылған ойлар болмаса/ әлі де болса анықталмаған. Грамматикалық тұлғалардың да өзіндік ішкі мағынасы

болады, әрі ол лексеманың мағынасымен тығыз байланысты. Сөздің грамматикалық семантикасы мен лексикалық мағынасы бір-бірімен бірлікте, байланыста қаралуы тиіс.

2.–У тұлғасы – етістіктің атауын, яғни қимыл есім туғызатын функционалды форма. Ол етістіктің кез-келген негізіне жалғанып, жаңа мағыналы сөз туғыза алмайды. Тек іс-әрекеттің, процестің, қимылдың атын, есімін көрсетеді. Нольдік формадағы етістік пен –у тұлғасы арқылы жасалған қимыл есімі арасында айырма бар.

3.–У тұлғасы моносемиялық аффикс. –У-дың мағынасы тек қимылдың атауын туғызу ғана. Ал қимыл есімнің мекендік, құралдық, сыни т.б. мағыналары себепші сөздің семантикасы арқылы қалыптасады.

4.Кез-келген грамматикалық формалар әуел баста белгілі бір сөздің негізінде қалыптасуы, кейін тұлғалық өзгеріске түсуі немесе бір ғана мағыналық қырын иемденіп жіктеліп шығып, десемантизациялануы мүмкін.

5–У тұлғасы арқылы жасалған қимыл есімге процестік сема да, заттық сема да тән. Процестік сема себепші сөз арқылы берілсе, заттық сема –у тұлғасының жалғануының нәтижесі.

6. Қимыл есімі контексте екі түрлі деривациялық қатынаста жұмсала алады. Синтаксистік деривация деңгейінде лексикалық мағынасы өзгеріссіз қалып, тек синтаксистік қызметі өзгеретін болса, толық субстантивтенген уақытта лексикалық мағынасы толық өзгеріп, басқакатегориялықмағынабереді де, лексикалық деривация деңгейінекөтеріледі.

7. –У тұлғасының негізге жалғануы арқылы қимыл есімі жасалады, зат есім жасала алмайды. Сөздің лексикалық мағынасы өзгеруі үшін тек қана семантикалық даму нәтижесінде қимыл есімі субстантивтенуі шарт. Қимыл есімінің субстантивтену деңгейін шартты түрде екіге бөліп қарастыруға болады: толық субстантивтенген және контексті субстантивтенген қимыл есімі.

8. Туынды сөздің семантикасы – себепші негіз бен сөз тудырушы аффикстің негізінде жасалады. Туынды сөздің мағынасын жеке сөз ретінде зерттеу – оның басқа түбірлес лексикалық единицалармен терең жүйелі байланысы бар екенін көрсетеді.

9. Туынды сөздердің мағынасы түбір сөздің мағынасымен байланысты. Қимыл есімді сөздер туу үшін оның түбірі міндетті түрде етістік болуы керек. Түбірдің мағынасы туынды сөзге қарағанда кең, әрі көп мағыналы болады. Ал мазмұны негіздің мазмұнынан кедей. Туынды сөз арқылы жасалған жаңа атау – түбір сөздің күрделі әрі көп мағынасының әрбір қырының ерекше көрінуі мен дифференциялануы, сөйтіп жекелік, нақтылық мағына алуы.

10. Туынды сөз жасалу үшін сөз, ең алдымен қимыл есімі болуы керек. Сонан соң барып, қимыл есімі субстантивтену деңгейіне көтеріледі. Туынды сөздің сөзжасамында –у тұлғасының да өзіндік рөлі бар. Оның сөзжасамдағы рөлі функциональдық-семантикалық ыңғайда қарастырылады, себебі –у-дың мағынасы сөздің ішінде қалыптасады да, лексикалық номинативтік бірліктердің қатынасы арқылы анықталады.

11. –У тұлғалы қимыл есімінің субстантивтенуі тілдік жүйеде омонимдік сөздерді қалыптастыруға себепші болады. Омнимдік сөздердің негізгі критерийі – мағыналарының бір-бірінен мүлде бөлек болуы десек, туынды сөздердің бәрі бірдей омонимдес бола бермейді. Себебі түбірдегі мотивтендіруші сөздің мағынасы арқылы олардың ішкі семасының жақындығы, кейде бір ғана мағына екені анық көрінеді. Сондықтан демеу-демеу, ою-ою, қию-қию т.б. сияқты сөздер омонимдес емес тек түбірлес, көп мағыналы сөздер деп танылуы қажет.

12. Сөздің толық сөзжасамдық мүмкіндігін білу үшін, түбірлес сөз бен туынды сөздерді сөзжасамдық ұяға бөлу қажет. Сонда бүкіл сөздердің сөзжасамдық ұя – түбірін анықтап, олардың сөзжасамдық ұяларының сөздігін жасауға болады. Бұл әрі олардың мағыналарының даму заңдылығын анықтауға мүмкіндік береді, сөздердің нағыз омонимдік мәнін ашуға көмектеседі.

13. Кейбір қимыл есімді туынды сөздер семантикалық ішкі ерекшелігіне сәйкес жалқы есім мағынасында, оның ішінде аты болып та жұмсала алады. Сөздердің кісі атын жасауға негіз бола алуы – оның ішкі семантикасына байланысты.

14. –У тұлғалы қимыл есімі техникалық ғылымдар үшін терминдер жасаудың негізгі көздерінің бірі. Әсіресе, физика ғылымы бойынша көпшілік терминдер қимыл есімі арқылы жасалған. Қимыл есімінің семантикалық ерекшелігі – бүгінгі заман талабына сәйкес техникалық ғылымдар терминін қалыптастыруға, дамытуға мүмкіншілік туғызу үшін пайдалануға аса қолайлы.

Қорыта айтқанда, қазақ тілі етістіктері рай категорияның ішінде «тұйық рай» деп танылып келген – у жұрнақты тұлғаны рай категориялары қатарында емес, қазақ тілі граматикасының мектептерге қазақ тілі сабағына арналған оқу бағдарламаларында өз алдына «қимыл есімдері»

деген жеке тақырыппен беріліп және осы тақырыптың ішінде ол тұлғаның өзіндік белгілері / септелуі, тәуелденуі, көптік жалғауын қабылдауы, сөздер тіркесіндегі мағыналары, олардың туынды тұлғалары т.б. / жинақталып, түгел қамтылса, қазақ тілін оқыту жүйесінде болсын, ғылыми жұмыста болсын өте ұтымды болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. Алматы, 1991.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.- Алматы. 8 том. 1986.
3. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. Алматы, 1998.
4. Қазақ грамматикасы.- Астана, 2003, 784б.
5. Томанов М.Т. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Алматы, 1988.
6. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 2005.
7. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы, 1993.

ӘОЖ 811.33

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҮСТЕУЛЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ МЕН МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ӨЗГЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

ОРЫНБАСАР АҚМАРАЛ ЕРЛАНҚЫЗЫ

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

САРСЕНБАЕВА МАЙРА БЕКБОСЫНҚЫЗЫ

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының
аға оқытушысы, п.ғ.м., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются словообразовательные подходы к современному казахскому словосочетанию, некоторые процессы модернизации, применяемые в последнее время в их сочетании с различными морфологическими изменениями и другими классами слов, синтаксической деятельности в предложении.

Summary. The article discusses word-forming approaches to the modern Kazakh phrase, some modernization processes used recently in their combination with various morphological changes and other word classes, syntactic activity in the sentence.

Сөз таптары – сөздердің құрылымдық-семантикалық немесе лексика-грамматикалық топтары. Олар бір-бірінен білдіретін мағыналары, морфологиялық белгілері, сөзжасамдық және сөзөзгерімдік қасиеттері мен синтаксистік қызметі жағынан ажыратылады. Сөз таптарының өзіндік ерекшеліктері, ортақ белгілері, өзара байланыстары мен даму жүйесі бар. Тілдегі осындай сөз таптарының бірі – үстеу. Үстеу сөздер дербес сөз табы ретінде өзге грамматикалық категориялардан кейін қалыптасты. Соған орай кейінгі жылдары үстеу сөз табына байланысты көптеген зерттеулер мен оқулықтар, ғылыми еңбектер дүниеге келді. Бұл бағытта, әсіресе, Л.Н.Харитонов, С.Ф.Фузайлов, А.Ысқақов, А.Шукүров, З.З.Абсалям, С.А.Гочияева, С.А.Давлетова, О.Джамалдинов сияқты ғалымдардың еңбектерін ерекше атауға болады. Үстеулердің сөз табы ретінде алатын орны және атқаратын қызметі, лексика-грамматикалық ерекшелігі бір жүйеге түсіп, оның пайда болуы мен қалыптасуы, даму факторлары, тарихи құрамы мен мағыналық құрылымы және адвербиалдану процесі біршама зерттелінді. Соған қарамастан үстеу сөз табының, әсіресе, қазақ тіліндегі үстеулердің әлі де толығырақ зерттеуді қажет ететін – олардың ішінара тұлғалық өзгерістерге ұшырауы ғалымдар назарынан тыс қалып келеді.

Үстеу сөз табы – өзіндік қыры мен сыры жан-жақты толық ашылмаған күрделі сала. Қазақ тіл білімінде үстеуге байланысты бірнеше ғылыми-әдістемелік еңбектер жазылды. Алайда, бұл зерттеулердің көпшілігі үстеулердің лексика-семантикалық топтарын ажыратып, оларды морфологиялық жағынан түрленбейтін сөз табы ретінде көрсетумен шектеліп отырды. Ал үстеулердің басқа сөз таптарымен тіркесу қабілеті, сөйлемдегі синтаксистік қызметі, олардың

морфологиялық өзгерістерге ұшырауы кейбір авторларда бір-екі сөйлеммен айтылып кеткені болмаса, ғылыми негізде терең зерттелініп, толық бағасын алған жоқ. Сондай-ақ үстеулердің сөзжасамы жайында да әртүрлі пікірлер қалыптасқан. Кейбір ғалымдар бұл мәселені қамтып, көрсетіп кеткенімен, ол еңбектер бүгінгі ғылым тұрғысынан біршама өзгертулер мен толықтыруларды талап етіп отыр.

Қазіргі тіл білімінде жаңа коммуникативті-прагматикалық, функционалды-семантикалық бағыттардағы зерттеу жұмыстары кеңінен жүріп жатқаны белгілі. Бірақ олар үнемі бір нәрсеге арқа сүйейді. Ол – тілдің құрылымдық жүйесі, тілдің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік бірліктері. Олардың қолданыс үстіндегі қызметін, сонымен байланысты мағыналық реңктердегі өзгерістердің себебін анықтау барысында ғылыми ойдың қозғалысында кері қайту тілдің құрылымдық жүйесінде жатқан негізгі қозғаушы күштерді ашу, солардан іздеу сияқты процесс байқалады. Ал қазақ тілінің лексика-грамматикалық құрылысында басы ашылмаған сондай мәселелердің біріне үстеу сияқты сөз табын құрастырушы тіл бірліктерінің толық ашылмауы жатады.

Түркі және қазақ тілдеріндегі үстеу сөздерді дербес сөз табы ретінде зерттеу нысанына алып, зерттелу тарихын, қалыптасу жолдары мен даму ерекшеліктерін, лексика-семантикалық топтарын айқындаған зерттеуші-ғалымдардың ғылыми-тұжырымдарына талдау жасау – жалпы үстеу сөз табының пайда болу тарихы мен қалыптасу жолдарын айқындауға мүмкіндік береді.

Қазақ және басқа да түркі тілдеріндегі үстеу сөз табының даму, қалыптасу жолдары басқа сөз таптарына қарағанда мүлдем ерекше. Әртүрлі сөз таптарынан түрлі жолмен ауысып келген лексемалар үстеулердің дербес сөз табы ретінде қалыптасуына ықпал етті. Бұл бағытта Н.К.Дмитриев, С.Фузайлов, А.Ысқақов, А.Шукюров, М.Ф.Сариева, Л.Н.Харитонов, А.М.Щербак, Ә.Ибатов және т.б. ғалымдардың жасаған теориясының маңызы ерекше орын алады. Белгілі бір сөз таптарының сөйлем ішінде пысықтауыштық қызмет атқаруы үстеулердің өз алдына дербес сөз табы болып қалыптасуына мүмкіндік туғызды. Ондай сөз таптары функциялық қызметіне байланысты контексте және дара семантикалық мағынасын өзгертіп, өзге сөздер қатарына өте бастады. Мұндай сөздер тобы грамматикалық табиғатына байланысты үстеулер деп аталды.

Қазақ тіліндегі үстеулер қимылдың алуан түрлі белгілерін, жай-күйін немесе сапаның дәрежесін білдіретін грамматикалық құбылыс. Үстеу сөздердің басқа сөз таптарынан ерекшелігі – оның негізінен қимылдың белгісі мен заттың сынының белгісін білдіріп, сөйлемде пысықтауыштық қызмет атқаруы мен морфологиялық жағынан түрленбеуі. Алайда тілдегі болып жатқан эволюция мен түрлі даму процестері үстеу сөздерге де әсерін тигізбей қалған жоқ. Морфологиялық жағынан еш түрленбейді деп есептелетін үстеу сөздер қазіргі қазақ тілі мен түркі тілдерінде коммуникативтік қызметі мен мағынасына қарай түрлі формаларға ие болып қолданылып жүр. Мәселен, кейбір үстеулердің сөйлемдегі қызметіне қарай көптік, тәуелдік, септік жалғауларын қабылдап заттанып, жіктік жалғауын қабылдап предикаттық қызмет атқаруы көркем әдебиет пен баспасөз беттеріндегі қолданыстарда жиі кездесетін процесс болып отыр. Үстеулер мұндай түрлі формаларға ие болғанымен, өзінің үстеулік мағынасынан мүлдем алшақтап кетпейді. Ол өзінің семантикалық мағынасын сақтай отырып, белгілі бір контексте ғана заттың немесе предикаттық мағына беріп тұрады.

Қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасамның тіл білімінің дербес бір саласы екені анық. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі, соның ішінде үстеулердің де сөзжасам жүйесі қарқынды даму процесіне ие. Сөзжасам процесінде түбір сөздің лексикалық мағынасы пайда болатын сөздің жаңа мағынасында негіз болады. Тілде пайда болған жаңа сөз түбір тұлғаның негізінде жасалады және олардың мағыналарының арасында белгілі дәрежеде байланыс үзілмейді. Үстеулердің де басқа сөз таптарын қалыптастырудағы өз орны бар. Бұл, әсіресе, зат есім, етістік, шылау сөздердің сөзжасамынан анық көрінеді. Қазіргі қазақ тілінің 10 томдық түсіндірме сөздігінде синтетикалық тәсілмен үстеу сөздерден жасалып, жеке реестр сөз дәрежесіне жеткен туынды зат есім, етістік, сын есімдер мольнан кездеседі.

Қазақ тілінің сөзөзгерім жүйесі аналитикалық және синтетикалық тәсілдер арқылы жасалады. Сөзөзгерім қосымшаларын екі топқа бөліп қарастыруға болады. I. Тұлғажасам қосымшаларға зат есімнің реңк мәнін тудыратын жұрнақтары мен иелік мәнді жұрнақтары, реттік сан есім жұрнақтары, сын есім мен үстеулердің шырай жұрнақтары, етістіктің етіс, болымсыздық, шақ, рай, есімше, көсемше категорияларының жұрнақтары және көптік жалғаулар жатады. II. Сөзөзгерім қосымшаларына тәуелдік, септік және жіктік жалғаулар жатады.

Конверсия – сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі. Сөздердің белгілі бір грамматикалық категориядан ауысып, өзге лексика-семантикалық, сөз табындық дербестікке ие

болуы конверсиялық сөзжасамның нәтижесі. Субстантивация конверсия құбылысының бір формасы. Заттанатын негізінен мезгіл, мекен, мөлшер және кейбір қимыл-сын үстеулері. Олар морфологиялық тәсілмен, яғни тәуелдік, септік, көптік жалғаулары арқылы заттанады. Синтаксистік тәсіл арқылы заттанатын үстеулер де кездеседі. Тіліміздегі субстантивтенген үстеулерді уақытша контекстік субстантивтену тобына жатқызамыз. Өйткені қазіргі сөз қолданысымызда толық субстантивтеніп, жаңа мағынаға ие болып, реестр сөз дәрежесіне жеткен үстеулер байқалмайды. Ал уақытша субстантивтенген үстеу сөздер қазіргі тілімізде кең қолданысқа ие болып отыр.

Үстеулер сөзөзгерім қосымшаларын қабылдап, ішінара морфологиялық өзгерістерге ұшырайды. Үстеулердің тұлғалық өзгерістерге ұшырауы белгілі контексте, коммуникативтік қызмет өрісінде ғана кездеседі. Үстеудің тұлғажасам формалары ретінде шырай жұрнақтары мен көптік жалғауды атауға болады. Үстеулер сонымен қатар тәуелдік, септік, жіктік жалғаулар арқылы да өзгереді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. –Алматы: Ана тілі, 1992. -444б.
2. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. –Алматы: Ана тілі, 1991. -384б.
3. Мергенбаев Е. Қазақ тілінің сөзөзгерім жүйесі. –Алматы: Санат, 1994. -228б.
4. Жұмағұлова Ө.А. Қазақ тіліндегі көсемшенің мағынасы мен қызметінің дамуы. Филол. ғылым. канд. дәрежесін алу үшін жазылған диссер. Авторефератф. –Алматы, 1999. -24б.
5. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. –Алматы: Рауан, 1998. -304б.
6. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. –Алматы: Ғылым, 1989. 308б.
7. Аманжолов А. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. –Алматы: Санат, 1994. -320б.
8. Оралбаева Н., Әбдіғалиева Т., Шалабаев Б. Практикалық қазақ тілі. –Алматы: Ана тілі, 1993. -272б.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ДАМУЫ

НҮРДИН НҮРДАУЛЕТ

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Астана қ.
Ғылыми жетекшісі: **ШОЛПАНКУЛОВА ГУЛНАР КЕНЕСБЕКОВНА**

Аннотация. В статье подробно рассматривается значение информационной культуры в современном образовании. Раскрываются особенности развития информационной культуры (умение работать с информацией, критическое мышление и соблюдение этических принципов и т.д.) Для успешной адаптации учащихся к современному информационному обществу. Проводится анализ ученых, изучавших рассматриваемую проблему.

Ключевые слова: культура, информация, Информационная культура, информационное общество, информационные навыки, критическое мышление, этика информационного поведения, трудности в образовании, доступ к информации.

Annotation. The article examines in detail the importance of Information Culture in modern education. The specifics of the development of Information Culture for the successful adaptation of students to the modern Information Society (the ability to work with information, critical thinking and compliance with ethical principles, etc.) are revealed. The analysis is carried out by scientists who have studied the issue under consideration.

Keywords: Culture, Information, Information Culture, Information Society, information skills, critical thinking, ethics of information behavior, difficulties in education, access to information.

Ақпаратқа толы қазіргі әлемде оқушылардың ақпараттық мәдениетін дамыту білімге жағымды қосымша емес, тікелей қажеттілікке айналады. Технологияның қарқынды дамуы және ақпараттың үлкен көлеміне қол жеткізу бүкіл әлем бойынша білім беру жүйелеріне жаңа қиындықтар (ақпараттың шамадан тыс жүктелуі, ақпараттық мәдениетті оқу процесіне біріктіруді және барлық оқушылар үшін сапалы ақпаратқа қол жеткізу және т.б.) туғызады. Ақпараттық мәдениет оқушыларды қазіргі ақпараттық қоғамдағы өмірге дайындаудың негізгі элементіне айналады.

Ақпараттық мәдениет қазіргі білім берудің маңызды аспектісіне айналууда. Ол қоғамдағы ақпараттың жұмыс істеуінің және жеке тұлғаның ақпараттық қасиеттерін дамытудың әртүрлі аспектілерін қамтиды. М.Г.Вохрышева ақпараттық мәдениетті осы процестермен байланысты мәдениет саласы ретінде қарастырады [1]

Н.Б. Зиновьеваның пікірінше, тұлғаның ақпараттық мәдениеті-бұл әлеуметтік маңызды ақпаратты игеру процесінде адамның ішкі әлемін үйлестіру. Бұл дегеніміз, ақпараттық мәдениеттің дамуы тек фактілерді игерумен ғана шектелмейді, сонымен қатар ақпараттық ортаны түсіну мен бейімдеуді қамтиды [2]

А.А.Гречихин ақпараттық мәдениет мәдениеттің құндылықтарына негізделген ақпараттық қызметпен байланысты екенін атап көрсетеді. Бұл ақпараттық Дағдылар мен құзыреттіліктерді игеру жалпы мәдени білімнің ажырамас бөлігі болуы керек дегенді білдіреді [3]

И.Г.Хангельдиеваның зерттеулері сонымен қатар ақпараттық мәдениет контекстіндегі жалпы адамзаттық рухани құндылықтардың маңыздылығын көрсетеді. Бұл ақпараттық технологияларды техникалық меңгеру ғана емес, сонымен қатар ақпаратты пайдаланудың этикалық және моральдық аспектілерін түсіну қажеттілігін көрсетеді.[4]

Ақпараттық мәдениеттің негізгі аспектілерінің бірі-адамның ақпаратпен тиімді жұмыс істеу қабілеті: оны әртүрлі контексттерде іздеу, талдау, бағалау, синтездеу және пайдалану. Бұл тек компьютерлермен, интернетпен және басқа байланыс құралдарымен жұмыс істеудің техникалық дағдыларын ғана емес, сонымен қатар сыни ойлауды, сенімді ақпаратты жалған ақпараттан ажырата білуді, сондай-ақ ақпараттық кеңістіктегі этикалық мінез-құлықты қамтиды.

Заманауи білім беру бағдарламалары бастауыш мектептен бастап жоғары білімге дейінгі оқытудың барлық кезеңдерінде ақпараттық сауаттылықты оқытуды біріктіруге ұмтылуы керек.

Оқушылардың цифрлық дәуірде ақпаратпен тиімді жұмыс істеу үшін қажетті білімді ғана емес, дағдыларды да алуы маңызды.

Алайда, оқушылардың ақпараттық мәдениетін дамыту бірқатар қиындықтарға тап болады. Олардың бірі - оқушылар ақпараттың көптігіне тап болған кезде және оның маңыздылығы мен сенімділігін анықтау қиын болған кезде ақпараттың шамадан тыс жүктелуі. Мұндай жағдайларда оқушыларды ақпаратты сүзуге және оның сапасын бағалауға үйрету маңызды.

Тағы бір қиындық-ақпараттың барлық көлемін игеруге уақыттың жетіспеушілігі. Заманауи технологиялар ақпараттың үлкен көлеміне қол жеткізуге мүмкіндік береді, бірақ уақыт шектеулі ресурс болып қала береді. Оқушылар өз уақыттарын тиімді басқаруды және оқу үшін ең маңызды ақпаратты таңдауды үйренуі керек.

Сондай-ақ оқушылардың ақпараттық мәдениетін дамытудың маңызды аспектісі ақпаратты пайдаланудағы этикалық дағдыларды дамыту болып табылады. Бұған авторлық құқықты құрметтеу, плагиатпен күресу және интернеттегі саналы және жауапты мінез-құлық кіреді. Білім беру мекемелері оқушылардың этикалық құндылықтарын қалыптастыруда және оларды ақпараттық кеңістіктегі дұрыс мінез-құлыққа үйретуде маңызды рөл атқаруы керек.

Соңында, оқушылардың ақпараттық мәдениетін дамыту тек оқу бағдарламаларымен шектелмеуі керек екенін атап өткен жөн. Кітапханалық сағаттарды, семинарларды және воркшоптарды қоса алғанда, сабақтан тыс іс-шаралар ақпараттық сауаттылықты дамыту үшін тамаша алаң бола алады. Сондай-ақ студенттердің өзгертін ақпараттық ортаға сәтті бейімделуіне мүмкіндік беретін зерттеу дағдыларын өз бетінше зерттеуге ынталандыру маңызды.

Қазіргі ақпараттық қоғам контекстінде ақпараттық мәдениет қазіргі адамның қалыптасуында шешуші рөл атқарады. Ақпараттық мәдениетті адамның ақпараттық кеңістікте шарлау, оның дамуына белсенді қатысу және ақпаратпен сәтті өзара әрекеттесу қабілеті ретінде түсіну оның білім берудегі маңыздылығын көрсетеді. Е. А. Медведева ақпараттық мәдениеттің дамуы білімді игеруге ғана емес, сонымен бірге қазіргі әлемде табысты жұмыс істеу үшін қажет ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететінін атап көрсетеді [5]

Ақпараттық мәдениет, Е.Л.Семенюкке сәйкес, ақпаратпен жұмыс істеудің әртүрлі аспектілерін қамтиды, соның ішінде оны алу, жинақтау, өңдеу, жаңа ақпаратты жасау, беру және практикалық пайдалану. Бұл ақпараттық мәдениеттің көп өлшемді сипатын көрсетеді, ол оны дамытуға кешенді көзқарасты қажет етеді.[6]

Ақпараттық мәдениет тек жеке даму деңгейімен шектелмейтінін ескеру маңызды. Т. Н. Соснина мен П.Н. Гончуковтың пікірінше, ол жалпы қоғамның, ұлттардың және нақты қызмет салаларының даму деңгейлерін сипаттайды. Бұл білім берудің барлық деңгейлерінде және қызметтің әртүрлі салаларында ақпараттық мәдениетті оқытуды біріктірудің маңыздылығын көрсетеді.[7]

Білім беру мекемелерінің алдында тұрған қиындықтардың бірі-оқушылардың сапалы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету. Ақпараттың шамадан тыс жүктелуі және жалған ақпараттың таралуы жағдайында оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға және ақпараттың сенімділігі мен маңыздылығын бағалау дағдыларына үйрету маңызды.

Тағы бір қиындық-ақпараттық мәдениетті оқу процесіне біріктіру. Технологияның қарқынды дамуына байланысты білім беру мекемелері оқушылардың заманауи талаптары мен қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқу бағдарламалары мен әдістемелерін үнемі жаңартып отыруы керек.

Әр түрлі әлеуметтік-мәдени ортадағы оқушылардың ақпараттық мәдениетіндегі айырмашылықтарды ескеру және барлығына білім мен ақпараттық ресурстарға қол жетімділіктің тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету маңызды.

Ақпараттық мәдениеттің этикалық аспектісі де бар. Оқушыларға ақпаратты пайдаланудағы этикалық принциптерді үйрету, авторлық құқықты құрметтеу және плагиатпен күресу ақпараттық мәдениетті дамытудың ажырамас бөлігі болып табылады.

Қазіргі қоғамда ақпараттық мәдениет жеке даму мен әлеуметтік бейімделудің маңызды аспектілерінің біріне айналууда. Әр түрлі зерттеушілер бұл тұжырымдаманың көп өлшемділігін және оның қазіргі әлемдегі маңыздылығын атап көрсетеді.

В.А.Минкинаның пікірінше, ақпараттық мәдениет ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті мен дағдыларын ғана емес, сонымен қатар тривиальды емес мәселелерді шешу, кәсіби оқуды жүргізу, жаңа ақпаратты өңдеу және жасау қабілетін де қамтиды. Бұл ақпараттық мәдениетті дамытудың күнделікті өмір контекстінде ғана емес, сонымен қатар кәсіби қызметте де маңыздылығын көрсетеді.[8]

Оқушылардың ақпараттық мәдениетін дамытудың негізгі элементі тек оқу процесі ғана емес, сонымен қатар сабақтан тыс жұмыстар болып табылады. Кітапхана сағаттары, ақпараттық сауаттылық семинарлары және сыни ойлау шеберханалары сияқты сабақтан тыс іс-шаралар ресми оқытуды тиімді толықтыра алады және ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын тереңірек игеруге ықпал етеді.

Алайда, оқушылардың ақпараттық мәдениетін ойдағыдай дамыту үшін олардың жеке ерекшеліктерін, даму деңгейін және ақпараттық ресурстарға қол жетімділігін ескеру қажет. Білім беру мекемелері әлеуметтік мәртебесіне немесе тұрғылықты жеріне қарамастан барлық оқушылар үшін білім мен ақпаратқа тең қол жеткізу үшін жағдай жасауға ұмтылуы керек.

Сондай-ақ, оқушылардың ақпараттық мәдениеті тез өзгертін ақпараттық ортаға сәтті бейімделудің маңызды факторы болып табылатынын атап өткен жөн. Ақпараттық мәдениетті дамыту оқушыларға тиімді оқып қана қоймай, сонымен қатар қазіргі еңбек нарығының және жалпы қоғамның талаптарына сәтті бейімделуге көмектеседі.

Жалпы, оқушылардың ақпараттық мәдениетін дамыту-бұл білім беру процесінің барлық қатысушыларының ынтымақтастығын қажет ететін күрделі және көп қырлы процесс. Сапалы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету, сыни ойлауға және ақпаратты пайдаланудың этикалық принциптеріне үйрету, ақпараттық мәдениетті оқу үдерісіне және сабақтан тыс жұмыстарға интеграциялау - осының бәрі қазіргі әлемде оқушылардың ақпараттық мәдениетін табысты қалыптастырудың негізгі аспектілері болып табылады.

Н.И.Гендина ақпараттық мәдениет ұғымын толықтырады, бұл диалогты, өзгергіштікті және білімнің ашықтығын түсіну қажеттілігін көрсетеді. Бұл дегеніміз, ақпараттық мәдениетті дамыту тек ақпаратты алу мен игеруді ғана емес, оны талдау, әртүрлі көзқарастарды көру және өзгерістер мен жаңа идеяларға дайын болу қабілетін де қамтуы керек.[9]

Ақпаратқа толы қазіргі әлемде оқушылардың ақпараттық мәдениетін дамыту білімге жағымды қосымша емес, қажеттілікке айналады. Ақпараттық мәдениет-бұл ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті ғана емес, оны талдау, сыни тұрғыдан бағалау және этикалық тұрғыдан пайдалану мүмкіндігі. Осы маңызды процестің негізгі аспектілерін қарастырыңыз.

Ақпаратпен жұмыс жасауда оны тиімді іздеу, талдау және бағалау қабілеті шешуші рөл атқарады. Бұл тек табысты оқу үшін ғана емес, сонымен қатар кейінгі кәсіби қызмет үшін де қажет. Сонымен қатар, оқушыларға фактілерді есте сақтап қана қоймай, сыни тұрғыдан ойлауға, әртүрлі ақпарат көздері арасындағы байланыстарды көруге және қолда бар мәліметтер негізінде өз дәлелдерін құруға үйрету маңызды.

Ақпараттық мәдениеттің дамуында этикалық аспект те маңызды рөл атқарады. Оқушылар авторлық құқықтың мағынасын түсініп, плагиатпен күресіп, басқалардың зияткерлік еңбектерін құрметтеуі керек. Ақпаратты пайдаланудағы этикалық принциптерге үйрету басқа адамдардың білімі мен шығармашылығына жауапкершілікпен және құрметпен қарауды қалыптастыруға көмектеседі.

Білім беру мекемелерінің алдында тұрған қиындықтардың бірі-ақпараттың шамадан тыс жүктелуі. Ақпараттың үлкен көлемінде студенттер көбінесе мағыналы және сенімді ақпаратты таңдауда қиындықтарға тап болады. Сондықтан оларға ақпаратты өзектілігіне, беделіне және пайдалану мақсатына қарай сүзуге және бағалауға үйрету маңызды.

Ақпараттық мәдениетті оқу процесіне интеграциялау білім беру мекемелері үшін де қиындық туғызады. Теориялық білімді игеруге көмектесіп қана қоймай, оларды іс жүзінде қолдануға мүмкіндік беретін оқытудың тиімді әдістерін әзірлеу қажет. Оқу бағдарламалары ақпараттық қоғамның заманауи технологиялары мен талаптарын ескеруі маңызды.

Г.М.Клименконың пікірінше, ақпараттық мәдениет қазіргі қоғамның басты міндеттерінің бірі болып табылады. Ол адамның хабардарлық деңгейін анықтайды, құндылық бағдарларының жүйесін қалыптастырады, стереотиптер түрінде білім мен құндылықтарды игеруге ықпал етеді. Сонымен қатар, заманауи ақпараттық технологиялар ақпараттық мәдениетті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, өйткені олар ақпараттық қоғамның ажырамас бөлігіне айналады және қызметтің барлық салаларында жеке тұлғаның ашылуына ықпал етеді.[10]

Білім беру мекемелерінің алдында тұрған қиындықтардың бірі-оқу бағдарламалары мен әдістемелерін ақпараттық қоғамның тез өзгертін технологиялары мен талаптарына бейімдеу қажеттілігі. Ақпараттық мәдениетті оқыту барлық деңгейдегі білім берудің ажырамас бөлігі болуы керек және теориялық білімді де, ақпаратпен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын да қамтуы керек.

Сонымен қатар, әлеуметтік мәртебесіне немесе тұрғылықты жеріне қарамастан барлық оқушылар үшін сапалы білім беру ресурстарына қол жеткізуді қамтамасыз ету маңызды. Бұл Қашықтықтан оқытудың тиімді стратегияларын әзірлеуді және қол жетімді және инклюзивті білім беру орталарын құруды талап етеді.

Жалпы, оқушылардың ақпараттық мәдениетін дамыту білім беру мекемелері, ата-аналар, жалпы қоғам және білім алушының өзі тарапынан назар аударуды талап ететін күрделі және көп қырлы процесс болып табылады. Сапалы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету, сыни ойлау мен этикалық қағидаттарды дамыту, сондай - ақ ақпараттық мәдениетті білім беру процесіне интеграциялау-қазіргі әлемде оқушылардың ақпараттық мәдениетін табысты қалыптастырудың негізгі аспектілері.

Қорытындылай келе, оқушылардың ақпараттық мәдениетін дамыту қазіргі білім берудің маңызды аспектісі болып табылады, ол білім беру мекемелері мен жалпы қоғамның кешенді көзқарасы мен назарын талап етеді. Қазіргі ақпараттық орта ұсынған барлық сын-қатерлер мен мүмкіндіктерді ескере отырып, оқушылардың ақпараттық мәдениетін дамыту олардың қазіргі әлемдегі табысты бейімделуі мен дамуының негізгі элементіне айналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Вохрышева, М.Г. Формирование науки об информационной культуре // Проблемы информационной культуры: сб. статей: Методология и организация информационно-культурологических исследований / науч. ред. Ю.С. Зубов, В.А. Фокеев. - М.: Магнитогорск: Изд-во Магнитогорской гос. консерватории им. М.И. Глинки, 1997. - вып. 6. – 75 б.
2. Зиновьева, Н.Б. Информационная культура личности. - Краснодар, 1996. – 69 б.
3. Гречихин, А.А. Информационная культура (Опыт определения и типологического моделирования) // Проблемы информационной культуры: Сб. статей. - М.: 1994. – 12 б.
4. Хангельдиева, И.Г. О понятии информационной культуры // Информационная культура личности: прошлое, настоящее, будущее: Тез. докл. Междунар. науч. конф., Краснодар - Новороссийск, 11-14 сент. 1996. – 7 б.
5. Медведева, Е.А. Основы информационной культуры // Социс. - 1994. - №11. – 59 б.
6. Семенюк, Э.Л. Информационная культура общества и прогресс информатики // НТИ. - 1994. - № 1. - Сер. 1. – 2 б.
7. Соснина, Т.Н. Словарь трактовки понятия "информация" / Т.Н. Соснина, П.Н. Гончуков. - М., 1997. – 168 б.
8. Минкина, В.А. Информационная культура и способность рефлексии // Высшее образование в России. -1995. - № 4. – 32 б.
9. Гендина, Н.И. Информационная культура и информационное образование // Информационное общество: культурологические аспекты и проблемы: Междунар. научн. конф. Краснодар - Новороссийск, 17-19 сент. 1997: Тезисы докл. - Краснодар, 1997. – 102 б.
10. Клименко, Г.М. Развитие информационной культуры учащихся старших классов общеобразовательной школы в процессе гуманитарного образования: автореф. дис. ...канд. пед. наук. - М., 2004. – 11 б.

ӘОЖ 81'1/3:311=512.122

ОҚУЛЫҚТАРДЫҢ МӘТІНДЕРІНЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ-СТАТИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ ЖАСАУ

МАМАЕВ ҚАЙРАТ СЕРІКБАЙҰЛЫ

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Тіркеу офисінің басшысы, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

Резюме. В статье рассмотрены вопросы лингвистико-статистического анализа текстов учебников с составлением алфавитно-частотных, обратно-частотных, частотных словарей.

Summary. The article deals with the issues of linguistic and statistical analysis of textbook texts with the compilation of alphabetical-frequency, reverse-frequency, frequency dictionaries.

Компьютерлік техниканың дүниеге келуі қазіргі кезде инженерлік-экономикалық есептерді шешуді жеңілдетумен қатар, білім саласының қарыштап дамуына да игі әсер етті. Компьютер арқылы мәтінді бір тілден екінші тілге аударуға, ғылыми-техникалық мәтіндердің рефераттары мен аннотацияларын автоматты жолмен жасауға, қажетті ақпаратты жедел тауып алуға кең жол ашылды. Компьютер бұл күндері практикалық тіл білімі саласындағы, әсіресе, еңбекті көп қажет ететін іс-әрекеттерді ішінара автоматтандыруда, мәтін түріндегі материалдарды әр алуан белгілеріне қарай сұрыптауда жиі пайдаланылып жүр.

Компьютерлік техниканың өркендеуі, дәл әдістердің қолданыс табуы тіл білімінің сан алуан салаларын, соның ішінде, лингвистика ғылымын да жеделдете дамытуға ықпалын тигізді. Үнді-еуропа тіл білімі мамандары қолданған математикалық және кибернетикалық әдістердің түркітану бағытындағы зерттеулерге де әсері тимей қойған жоқ. Алайда бұл құбылыс 1960 жылдарға дейін айтарлықтай еленіп, ескерілмеді [1, 23-24 бб.].

Лингвистикалық зерттеулерді автоматтандыруда «адам-машина-адам» жүйесі басшылыққа алынады. Осыған орай, адам мен компьютер қызметіндегі кейбір ұқсастықтар мен айырмашылықтарды саралап көрсетуге болады. Атап айтқанда, компьютер шапшаң әрекет жасайды және барлық амалдарды дәлме-дәл орындайды, оның жадындағы ақпарат ұзақ мерзім бойында сақталады, әрі қажетті сәтінде қолма-қол іздеп табуға мүмкіндік бар. Ал адамның ми қызметінің ерекшелігі – эвристикалық (тапқыштық) қабілетінде. Демек, лингвистикалық зерттеулерді автоматтандыру жұмысы компьютердің аталған мүмкіндіктері мен адамның ойлау қабілетінің ерекше қасиеттерін ескере отырып, жүзеге асырылуы тиіс.

Лингвистикалық зерттеулерде компьютерді қолдану әріптердің, фонемалардың, сөздердің, сөз тұлғаларының, сөз тіркестерінің т.б. жиілік тізбелерін – сөздіктерін жасаудан басталады. Әр кезеңдегі түрлі авторлар шығармаларының мәтіндері бойынша жарық көрген жиілік көрсеткіштер арқылы жалпы лексикологияның мәселелері, жалпыхалықтық лексиканың құрылымы, оның әр алуан қабаттарының ара қатынасы, қазіргі замандағы тілдік норма, жазушы тілінің функциональдық стилі мен ерекшеліктері, сөз қорының тарихи дамуы және т.б. аса маңызды мәселелер принциптік тұрғыдан жаңаша пайымдалып отыр.

Лингвистика ғылымының негізін қалаушы ғалымдардың бірі Дж. Гринберг нысандарды зерттеудің қарапайым түрімен шектеліп қоймай, оларды салыстыру мен жіктеуге көшу керектігін “Один из шагов, которое должна предпринять любая наука, если она хочет ясно осмыслить потенциальные возможности своего научного метода, заключается в том, чтобы, не ограничиваясь простым описанием изучаемых объектов, перейти к их сравнению и классификации ” атты пікірімен тұжырымдаған [2, 60-61 бб.].

Қазіргі уақытта тілтану мен әдебиеттану ғылымдарында тіл мен сөйлеу мәнерін үйренудің статистикасы жайлы бай тәжірибелер жинақталған. Мұнда тіл белгілері мен сипаттамаларының объективті мәндерін анықтау көзделеді. И.А.Бодуэн де Куртенэ, М.Н.Петерсон, Е.Д.Поливанов және т.б. білімпаздар тілдік элементтерді сандық тұрғыдан бағалауға тырысқан.

Кеңес дәуірінде П.М.Алексеев, Г.Г.Белоголов, М.Г.Борода, А.Н.Гвоздев, Б.Н.Головин, Р.Г.Пиотровский, Р.М.Фрумкина сынды тілтанушы ғалымдар тіл біліміне лингвистикалық статистика әдістерін қолдану мүмкіндіктерін зерттеп, құнды еңбектер жариялаған.

Тілді зерттеудің жаңа бағытын эстондықтар Я.Микк пен Ю.Тулдава, өзбекстандық С.А.Мухамедов, қарақалпақстандық М.Айымбетов, қырғызстандық Т.Садыковтар өз ана тілдерін зерттеу ісінде қолдану мүмкіндіктері арқылы жүзеге асырған.

Әлемнің алдыңғы қатарлы ғалымдарының озық тәжірибесін елімізде Қ.Б.Бектаев, А.Қ.Жұбанов, Ә.Ахабаевтар қазақ тілін зерттеуге қолданған. Қ.Б.Бектаевтың «Статистико-информационная типология тюркского текста» атты монографиясында [3] және Р.Г.Пиотровский, А.А.Пиотровскаялармен авторлық бірлестіктегі «Математическая лингвистика» [4], А.Қ.Жұбановтың «Основные принципы формализации содержания казахского текста» [5] еңбектерінде лингвостатистикалық әдістерді тілге қолданудың қыр-сырлары жете зерттелген.

Қ.Молдабеков, Б.Қалыбеков, М.Ермекебаевтар бала тілінің лексикалық қорының өзгерісі мен даму ерекшеліктеріне байланысты зерттеулер жүргізген. Зерттеу жұмыстарында балаларға арналған оқулықтар мен көркем әдебиет мәтіндерін лингвостатистикалық талдау арқылы алынған алфавиттік-жиілік сөздіктер негіз болған. Атап айтқанда, Қ.Б.Бектаевтың «Қазақ ертегілері тілінің алфавитті-жиілік сөздігі» (1973), Қ.Б.Бектаев пен Қ.Молдабековтің авторлық бірлестікте дайындаған «Балалар әдебиетінің алфавитті-жиілік сөздігі» (1988), «Бастауыш класс оқулықтары тексінің алфавитті-жиілік сөздігі» (1990), Б.Қалыбековтың «Бастауыш мектеп оқулықтары мәтіндерінің алфавитті-жиілік сөздігі» (1999) атты еңбектері жарық көрді.

Жаңа бағыт жоғарыдағы қазақ тілтанушы ғалымдарының докторлық және кандидаттық диссертацияларына да арқау болды.

Адамның тілдік қызметі мәтіннің морфологиясы мен лексикасын танып-білу құралы болып табылады да, қабылданатын ақпараттың 65-82%-ын қамтиды. Сондықтан, қазіргі кезеңде тілді зерттеу мен салыстыруды осы жүйеден туындайтын мәтіндерден бастаған жөн.

Квантитативтік және ақпараттық модельдерді құру және оларды талдау қандай да бір тілдің мәтіндерін толық зерттеудің негізгі құралының бірі болып табылады. Қарапайым лексикалық-статистикалық модельді құруда тілдің келесі статистикалық сипаттамалары негізге алынады:

- а) жиілік сөздіктегі лексикалық бірліктің (ЛБ) реттік нөмірі мен жиілігінің арақатынасы;
- ә) мәтіннің жиілігі жоғары ЛБ-лер тобымен қамтылуы;
- б) мәтін тілінің аналитизм және синтетизм дәрежелері;
- в) жиіліктері өзара тең ЛБ-лер тобының арақатынасы және т.б.

Соңғы 25-30 жылда еліміздің білім саласындағы жаңашыл өзгерістерге байланысты мектеп бастауыш сынып оқулықтарының мазмұны да түбегейлі өзгерістерге ұшырап, әрбір кезеңде жаңаланып, жарық көріп отырды. Оқулықтардың бірқатары атүсті дайындалып, апробациядан өткізілмей қолданысқа жіберілді. Баланың жасерекшелігіне қарай қойылатын талаптар ескерусіз қалды: бастауыш сынып оқулықтарында қазақтың, шетелдің классик ақын-жазушыларының шығармаларынан үзінділер келтірілді, мақалалардың көлемдері артты және т.с.с. Түске дейін мектепте, түстен кейін ұзартылған топта жүрген баланың бір сәт ойнауына да уақыт бөлінбеді. Баласының болашағын ойлаған бірқатар ата-аналар бұған қоса баланы түрлі спорт, тіл үйірмелеріне жаздырып, таңертең сағат 8-де үйінен шыққан бала түнгі 20-21-лерде оралатын етті. Осының бәрі бұғанасы қатпаған баланың сабақтан жеріп, білімге деген құштарлығының жоғалуына соқтырады.

Мақсат – оқулықтардың мазмұнын баланың жас ерекшелігіне сай етіп дайындау. Ол үшін қазіргі таңда оқытылып жатқан оқулықтардың мәтіндері бойынша жиілік сөздіктер дайындалып, лексикалық бірліктердің құрамдарына талдау жасалуы тиіс. Бұл – ауқымды жұмыс.

Жекелеген сөздердің алфавиттік-жиілік сөздігін (АЖС), кері жиілік сөздігін (КЖС), жиілік сөздігін (ЖС) құру барысында сөз тұлғалары түгелдей таңбаланды. Сөз таптарын грамматикалық таңбалауда келесі белгілеулер жүйесі қолданылды (1-кесте):

1-кесте – Сөз таптарының грамматикалық белгілеулері жүйесі

Сөз табы	Белгіленуі	Мысал
Сын есім	с	Қызыл-с
Сан есім	а	Алты-а
Есімдік	м	Сен-м
Етістік	е	Жүру-е
Үстеу	ү	Азын-аулақ-ү
Шылау	ш	Және-ш
Еліктеуіш сөздер	л	Лап-л
Одағай	о	Ай-о
Модальсөздер	д	Керек-д
Затесім	з	
Есім сөздер:		
• Кісіесімдері	2	Нұржан-2
• Қысқарғансөздер	4	ҚР-4
• Мәдени-ағарту және тұрмыстық қорындар атаулары	5	Қазақстан Республикасы Ғылымакадемиясы-5
• Оқулықтар, мақалалар, ән-күй атаулары	6	«Әліппе»-6
• Географиялық атаулар	7	Алматы-7
• Тарихи атаулар	8	Қазақ-8
• Жануарларға қойылған ат	9	Ақтабан-9

Компьютер арқылы сөздіктер дайындауда «Статистика речи» тобы құрған әдістеме басшылыққа алынды.

Компьютер арқылы сөздіктер жасаудағы тәжірибеміз АЖС, КЖС, ЖС дайындауда ауқымды іс-әрекеттер орындалатындығын көрсетеді [6]. Сөз тұлғаларының, сөздердің сөздіктерін құруда 1990-шы жылдары академик Қ.Б.Бектаевтың басшылығымен дайындалған және 2000 жылдары компьютерлік техниканың қарыштап дамуына байланысты, өзіміздің жасаған арнайы компьютерлік бағдарламаларымыз қолданылды. Жалпы, орындалатын іс-әрекеттердің мазмұнына талдау жасай отырып, оларды келесі кезеңдерге біріктіруге болады:

1-кезең. Зерттелінетін материалды дайындау.

1.Қажетті әдебиеттерді жинақтау.

2.Таңдаманың мөлшерін анықтау.

3.Омоним сөздерді, кісі есімдерін, қысқарған сөздерді, географиялық және тарихи атауларды, оқулықтар, мақалалар, ән-күй, мәдени-ағарту және тұрмыстық орындар атауларын арнайы белгілеулермен таңбалап шығу. Компьютердің эвристикалық мүмкіндігінің шектелушілігінен әрбір мәтін алдын ала лексикалық-семантикалық өңдеуден өткізіледі. Мұнда сөз қолданыстардың ішінен лексикалық омонимдер анықталып, арнайы белгілеулермен таңбаланады. Ал әртүрлі сөздердің АЖС-ін, ЖС-ін және КЖС-ін құру барысында сөз тұлғаларына түгелдей морфологиялық таңбалаулар жасалынады.

4.Арнайы белгілеулермен таңбаланған мәтінді сканер құрылғысы арқылы не DOS жүйесіне қатысты қарапайым мәтіндік редакторлардың бірінде компьютерге енгізу.

5.Енгізілген мәтіннің қатесін тексеру, өңдеу.

2-кезең. Жекелеген сөз қолданыстар қатарын алу.

3-кезең. Сөз қолданыс қатарын алфавит бойынша орналастыру.

4-кезең. Сөз тұлғаларының алфавитті-жиілік сөздігін алу.

5-кезең. Сөз тұлғаларының КЖС-ін алу.

6-кезең. Сөз тұлғаларының ЖС-ін алу.

7-кезең. Сөздердің (лексемалардың) АЖС-ін алу.

5-кезеңде алынған сөз тұлғаларының КЖС-ін пайдалана отырып, әрбір сөз тұлғасының түбір сөзі анықталады. Қазақ тілінде түбірге 800-ге тарта жалғаудың жекелей, кейде бірінен соң бірі қабаттасып жалғанатындығынан бұл кезең қолмен орындалады.

8-кезең. Сөздердің (лексемалардың) КЖС-ін алу.

9-кезең. Сөздердің (лексемалардың) ЖС-ін алу.

1990-шы жылдардағы БСО, 1998-2004 жылдардағы «Ана тілі» оқулығы мен хрестоматиясы мәтіндерінің жиілік сөздіктері біздің тарапымыздан жоғарыдағы алгоритм бойынша MS DOS жүйесінде дайындалған программалармен компьютер арқылы алынған. Бұл АЖС, ЖС және КЖС-тер 1998-2004 жылдардағы «Ана тілі» оқулығы мен хрестоматиясын, 1990-шы жылдардағы БСО-ны лингвистикалық-статистикалық және лексикалық-грамматикалық талдау нысаны ретінде қарастырылды. Дайындалған сөздіктер бойынша зерттелінетін мәтіндердің статистикалық және ақпараттық сипаттамаларын автоматты түрде есептеуге мүмкіндік бар [7,8].

Тілдік құбылыстарды зерттеуде әлі де болса заманауи компьютерлік техниканы қолдану үрдісі төмен. Қазіргі таңда сөз тұлғаларының АЖС, КЖС және ЖС-ларын алуда MS OFFICE құрамындағы MS Excel программасын қолдануға болады.

Алайда сөз тұлғаларынан жекелеген сөздерді ажырату, түбір сөзге жалғанған жалғауларды анықтау қолмен атқарылатын үлкен жұмыс. Болашақта жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдану арқылы арқылы бұған қол жеткізуге болады деп ойлаймыз.

Біздің ойымызша, оқулықтардың мәтінін зерттеп, олардың баланың жас ерекшелігіне сәйкестігіне талдау жасау кезек күттірмейтін мәселе. Осы мақсатта оларды өткен жылдардағы біздің зерттеулерімізде алынған нәтижелермен салыстыруға болады. Өкінішке орай, оқулық құрастырушылардың бірқатары қазір ақпарат ғасыры екенін, осыған орай балаға ақпаратты мейлінше көп беруді тілге тиек етеді. Сондай-ақ, баланың төменгі сыныптардан бастап шетел классиктерінің еңбектерімен сусындап өсуін алға тартып, үлкен көлемді мәтіндерді оқулықтарға енгізеді. Қазақтың классиктерінің жыл мезгілдері, табиғат құбылыстары жайлы жазбалары да баланың тіліне лайықталып, ықшамдалмайды. Алайда, баланың жас ерекшелігі ескерілмей дайындалған оқу оқулықтардың пайдасына қарағанда зияны көп болуы мүмкін. Сөздік қоры толық қалыптаспаған бастауыш сынып оқушыларына салалас, сабақтас құрмалас сөйлемдерден тұратын мәтіндер ұсынылады. Сондықтан, балаға сапалы білім беру үшін оқулықтардың сапасын арттыру қажет. Осы мақсатта қазіргі таңда қолданыстағы оқулықтардың мәтіндеріне лингвистикалық-

статистикалық және лексикалық-грамматикалық талдаулар жасалуы кезек күттірмейтін іс болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұбанов А.Қ. Қолданбалы лингвистика: қазақ тілінің статистикасы. Оқу құралы. -Алматы: Қазақ университеті, 2004. -209 бет.
2. Гринберг Дж. Квантитативный подход к морфологической типологии языков // Новое в лингвистике. -М.: Издание иностранной литературы, 1963.-С.60-61.
3. Бектаев К. Б. Статистико-информационная типология тюркского текста. -Алма-Ата: Наука, 1978. -167 с.
4. Пиотровский Р.Г., Бектаев К.Б., Пиотровская А.А. Математическая лингвистика. -М.: Высшая школа, 1977. -382 с.
5. Джубанов А.Х. Основные принципы формализации содержания казахского текста. - Алматы, 2002. -250 с.
6. Мамаев Қ.С. Қазақ бастауыш сынып оқулықтары мәтіндерін компьютер арқылы зерттеу мүмкіндіктері // Вестник КНУ имени Жусупа Баласағұна: Серия 1. Гуманитарные науки. Вып. 5. - Бишкек: КНУ, 2007. -С.64-70.
7. Погудина В.В., Коваленко Е.М. Прагматические проблемы изучения языковой личности и частотные словари // Сборник научных трудов международной научно-методической конференции: Личность, речь и юридическая практика. – Ростов-на-Дону, 2015. С170-173.
8. Мамаев Қ.С. Лексикалық бірліктерді лингвостатистикалық талдау: Монография/ Қ.С.Мамаев- Шымкент: «Әлем», 2020.-175 б.

ӘОЖ 81.11

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ШАМҒОНОВА РАИСА ГАРИФУЛЛИЕВНА

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Қазақстан Республикасы, Орал қ.

БУРКУТОВА ТОМИРИС ГАБДУЛГАЛИЕВНА

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 4-курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Орал қ.

Резюме. Казахстан должен быть признан во всем мире как высокообразованная страна, использующая три языка. Это казахский язык - государственный язык, русский язык - язык межэтнических отношений и английский язык - язык правильного вхождения в мировую экономику" - как сказал наш посол Н.А. Назарбаев, мы станем вечно конкурентоспособной страной только в результате того, что будем трехязычное государство.

Summary. Kazakhstan should be recognized worldwide as a highly educated country using three languages. These are the Kazakh language - the state language, the Russian language - the language of inter-ethnic relations, and the English language - the language of proper entry into the global economy" - as our ambassador N. A. Nazarbayev said, we will become an eternally competitive country only as a result of being a trilingual state.

Ұлтаралық татулық – мемлекеттік тұрақтылықтың негізі. Еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің татулығы, ынтымағы өзге елдерге үлгі боларлықтай екені даусыз. Тәуелсіздік тізгіні қолымызға тиіп, егеменді ел болған алғашқы күндерден бастап – ақ елімізде тіл саясаты мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың тікелей басшылығымен салиқалы да, сындарлы түрде жүзеге асырылуда. Елбасымыз айтқандай, биылғы халыққа арнаған «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты жолдауында Үкіметтің алдына «Тілдердің үш тұғырлылығы» мәдени жобасын іске асыруды жеделдету міндетін қоя отырып, бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқыту сапасын арттыру қажеттігіне ерекше назар аударды.

Сонымен қатар Білім мен ғылымның, экономиканың, бизнестің, саясаттың, жалпы бәсекелестіктің қарыштап дамып отырған бүгінгідей жаһандану кезеңінде Елбасы көрегендік танытып, алдымызға үш тілді білу қажеттігін қойып отыр. Алдымыздағы өскелең ұрпақтың алдында бірнеше тіл білу міндеті тұр.

Біздің мақсатымыз: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Өз ана тілін біліп, өзге тілдерді құрметтеуге, қадірлеуге үйрету. Оқушыларды ізденуге дағдыландыру. Мемлекеттік тілді білу – парыз, өзге тілдерді үйрену – құқық. Қазіргі таңда мектептерде жаңартылған бағдарлама бойынша ағылшын тілі 1-ші сыныптарда оқытылуда. Негізінен ағылшын тілін ерте жастан оқытудың мақсаты – оқушылардың ағылшын тілінде қарым-қатынас жасай алу негіздерін меңгеруі болып табылады. Ерте жастан ағылшын тілін оқыту оқушылардың коммуникативті даму біліктілігін арттырады, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді, бірден көп тілдерде сөйлеуге мүмкіндік алады. Ал әлемдік тіл ретінде бейресми түрде орныққан ағылшын тілін меңгеру ұлттың бәсекеге қабілеттілігін шыңдай түседі. Қазір ағылшын тілін білу – уақыт талабы.

Шет тілін оқытуда мотивацияның басты рөлін түсіну үшін, білім беру мекемелерінде мұғалімдерге оның негізгі әдіс-тәсілдерін, құрылымын жақсы білуі қажет. Мотивация мәселелерін қарастыруда және қалыптастыру жолын іздестіруде оны түсінуге мүмкіндік бола бермейді, себебі, мотивацияның қалыптасуы бұл мұғалімнен оқушыға берілмейтіндігі әр сабақтың үрдісінде көрінеді. Уәждердің қалыптасуы – бұл, біріншіден, сабаққа деген ішкі ынта сезімінің көрінуі және барлығын түсіне отырып, мотивациялық құндылықтар ортасын өз бетінше әрі қарай дамытуы.

Неден бастаған жөн деген сұраққа жақсы оқулық керек дер едім. Өйткені дұрыс таңдалған оқу құралы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Қазіргі кезде ағылшын тілінен оқу құралдары өте көп, қазіргі таңда 1-сынып «Smile» оқулығымен оқытылуда. Бұл кітаптың ерекшелігі сөйлеу мен тыңдау дағдыларын дамытуға арналған оқу кітабы мен дискілер, жазу тапсырмалары бар жұмыс кітабы және әр сабақтың жоспары мен әртүрлі әдіс-тәсілдер көрсетілген мұғалімге арналған кітабы, тақырыпқа сай көрнекіліктері берілген.

Шет тілін оқытудың тиімділігін тек қана білім алушыларға байланысты емес, оқыту стратегиясына байланысты. Осы стратегиялардың үйлесімімен ең жоғарғы тиімділікке қол жеткізуге болады. Бұл мақсатқа жету үшін ең басты фактор мыналар: мұғалімнің білім алушыға немесе оқушыға деген педагогикалық іс- әрекеттің тиімділігін жетілдіру және сабақтағы әлеуметтік-психологиялық бірлестік жағдайындағы қарым-қатынасы. Тілді үйрену сабақтарында оқушылардың тыңдау, оқу, жазу, сөйлеу дағдыларын дамыту сабақ барысында жүзеге асып отыруы тиіс және жазудан гөрі оқушылардың тыңдап түсінуіне, сөйлеуіне көбірек назар аударылады, өйткені бұл жаста балалардың көбі есту, көру арқылы есте сақтайды. Бастауыш сыныпта ата-аналардың көмегі де өте маңызды. Егер олар бүгін сабақта үйренген сөздерін күнделікті үйде қайталап отырса, келесі сабақта балалар оны ұмытпай еркін қолданатын болады. Қойылған мақсаттарға жету үшін бастауыш оқушыларының сөйлеу дағдыларын жетілдіру, дамыту және сабақта ойын түрлерін қолдануы керек. Өйткені, ойын – көңіл-күй, ойлау күштерін талап ететін, ұйымдастырылған сабақ болып табылады. Әр кез ойын шешім қабылдауды ұсынады, себебі, жеңіске жету мақсаты болады. Осы сұрақтарды шешуде ойлау шығармашылықтары қалыптасады. Пән бойынша алған білімі емес, тіл бойынша дайындығы төмен оқушылар ойында алдыңғы, бірінші болуы мүмкін, себебі, олардың тапқырлығы, жинақтығы ойын барысында көрінеді. Мысалы 1 сыныпқа арналған бір сабағымды алып көрсетсем, «About myself» яғни, өзін және отбасымен таныстыру. Бұл тақырыпта оқушы отбасы мүшелерімен танысады. Танысу барысында “This is ” құрлымымен және “my” есімдігімен толықтай меңгеріп шығады. Сондай-ақ бұл құрлымдарды оқулыққа арналған дискіден оқушылар тыңдап, қайталап және көзбен көріп сөйлей алуға дағдыланады.

«Жаз және көрсет» - деген тәсіл оқушылардың шет тіліндегі сөздің қорларын қарым-қатынас жасау үрдісінде қолдануға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл де – әмбебап тәсіл болып табылады, мұны лексика мен грамматиканы бекітуге қолданылады. [1.276] Қарым-қатынаста қабілеттерін дамыту үшін өлеңдер қолданылады. Өндердің оқушылар үшін қызықтылығы мынада: олардың не жайында айтылатында, қандай әуен түрінде орындалатындығы. Өндер оқушыларға бірдене жайлы хабар береді, қызықтырады, яғни қарым-қатынаста бірінші орынды алуға итермелейді. Бұл жағдайды оқушылар шығармашылық жұмыс арқылы, яғни отбасы мүшелері суретін салып және жазып, басында түсіндірілген құрлымды қолданып айтып шығады. Бұл жерден оқушылардың толық жұмысқа қамтылуы байқалады. Осыдан келе сурет салу барысында ән қосымша орындалса, оқушылардың көңіл-күйлері көтеріліп, сабаққа деген ынталары, қызығушылықтары молайады.

Осы оқулықтан көретініміз, әр тақырыпқа ән бірге берілген және сол әннің бейне баяныда бірге берілген. Оқушылар әндерді үйрену барысында, жаңа ақпараттар алады, шығармашылық қызығушылықтарын қалыптасуына септігін тигізеді. Мысалы, оқушылар, өлеңді үйрену барысында, дене мүшелері мен сезім мүшелерінің, ағылшын тіліндегі атауымен танысады. Эстетикалық мотивация жайлы айтпай кетуге болмайды. Әсіресе, эстетикалық мотивация-ойлауды дамытады, көңіл-күй, ойлау, жағымды сезімдерді қалыптастырады. Бұлардың барлығы оқушылар шет тіліндегі өлеңді сүйіп қызығушылықпен орындаған жағдайда ғана жүзеге асады. Тілді үйрету үрдісінде әндер-дәстүрден тыс мерекелік элемент ретінде білім алушылардың эмоционалды ортасына (кеңістігіне) өз әсерін тигізеді. Өзге оқыту барысында тіл шығармашылығын әуен түрінде қолданғанда, материал тез жатталып, шаршағандарын басады.

Әндерді орындау мынандай қабілеттерді арттырады:

- айту дағдыларын жетілдіреді, дауыс ырғағы және ырғақ артикуляциясындағы нақтылықты жетілдіруге мүмкіндік береді, шет тілі бойынша тілін, сөздік қорын байытады,
- тыңдалым, оқылым дағдыларын, біліктілігін арттырады.
- монологтық, диалогтік айтылуларды қалыптастырады.
- сөйлеудің дайындалған, еркін түрін дамытады.

Оқу материалдарының мазмұнын іріктеу барысында тез жатталатын, эмоционалды, бояуы қанық материалдарды алғаны дұрыс. Сабақ материалдарына нақты кейіпкерлерді енгізген жөн. Жұмыс барысында оқушылармен, оқулықтағы мәтіндерді ғана қолданбай, мұғалім бейнесабактарды қолдануға мүмкіндігі бар. [2,55б] Өзге тілдегі қарым-қатынасқа байланысты коммуникативтік тапсырмалар білім алушыларда үлкен қызығушылық тудырады. Егерде сөйлеу барысында сөздерді көп қолдансан, балалар жақсы жаттайды. Ағылшын тілі сабағындағы диалогтар жаңа сөздерді игеруге көмегін тигізуде, нәтиже көрсеткеніндей коммуникативтік әдістер – оқушылардың сабақ барысындағы сүйікті ең көп қолданылатын әдістерінің бірі. Бастауыш оқушыларына ағылшын тілін үйретуде түрлі әдіс-тәсілдерінің көптігіне қарамастан кейбір қиындықтар кездеседі. Ағылшын тілін оқытуда бастауыш сыныптағы (1-2 сынып) жас ерекшеліктеріне негізделеді: атап айтсақ, тез шаршайды, көңіл аудармау, есте сақтау деңгейі төмендейді. Сонымен бірге, қарым-қатынас қабілеттерін дамытудағы негізгі қиындықтарды, мынадай мотивациялық мәселелерді де жатқызуға болады:

Қойылған міндеттерді шешуде оқушыларды тілдік және сөйлеу құралдарының жетіспеушілігі. Оқушылар сабақта ұжымдық тақылауға кейбір себептерге байланысты қатыспайды. Оқушылар шет тілінде байланыс жасау ұзақтығына шыдай алмайды, әсіресе, үлгерімі төмен оқушыларға қатысты.

Осыған орай балалардың физикалық психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, көп күш түсірмейтін тапсырмалар беруі қажет. Бастауышта ағылшын тілі оқыту кезеңінде әр сабаққа билер және әр түрлі қозғалыс түрлері қолданылады (сергіту сәттері). Бұларды қолдану барысында әрбір оқушыға тілдік материалды сақтау мақсаты қойылады. Өлеңдердің шумақтарын, тармақтарын қолдану күнделікті тәжірибеде негізгі грамматикалық үлгілерін сақтауға септігін тигізеді. Сонымен бірге оқыту үрдісінде пәнге деген қызығушылығын арттырып, тартымды ойындарға ұласады. [3,30б.]

Таңдамалы сабақ (дәстүрлі емес сабақ) әр түрлі болады, яғни, оқытудың дәстүрден тыс әдіс-тәсілдері қолданылады және мұнда балалардың оқыту деңгейін ғана көтеріп қоймайды, сонымен бірге басқа да қабілеттерін ашуға септігін тигізеді. Атап айтсақ, өлеңдерді декларациялау қабілеті, сөйлеу дағдыларын дамыту, жағдайды көрсету, шет тілінде өлең айту, сөйлеу барысында өзіндік көзқарасын беру, болып жатқан жағдайлар туралы ақпарат беру, сөйлеу мәдениетін сақтау, ағылшын тілінде сөйлейтін елдердің салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен жан-жақты танысады. Тек оқушылардың сабақ шығармашылығындағы, яғни, сабақ барысында, негізгі түрлері – шет тілінде айтылым, оқылым, жазылым болып қана қоймай мұғаліммен жеке бір-бірімен жанды, белсенді қарым-қатынас болуы керек. Балалардың шет тіліне деген қызығушылығын арттыру үшін оқу үрдісінде сабаққа деген белсенділігін жақсы ұйымдастыру керек. Аталып өткен әдіс-тәсілдер, бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытуға септігін тигізеді. Әсіресе, танымдық қызығушылығын дамыту осы жас ерекшелігінде тиімді болмақ.

Қорыта келгенде, «Тілдердің үш тұғырлылығы» бағдарламасының негізгі мақсаты мемлекеттік тіл – қазақ тілін орыс және ағылшын тілдерінің деңгейіне дейін көтеріп, бәсекелестігін арттыру болып табылады. Өскелең ұрпақтың үш тілді: қазақ тілін – мемлекеттік тіл, орыс тілін ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілін халықаралық тіл ретінде оқып үйренуге ұмтылыс жасауы – замана талабы, болашақ ұрпаққа қажеттіліктен туындап отыр. Осыдан келе,

көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуіміз керек. Бұл оқушылардың халықаралық жобаларға қатысуын кеңейту, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құсайын А.Е. мақаласы
2. Президенттің Қазақстан халқына жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан». Астана, 28 сәуір. - 2007 жыл.
2. Бочарова Л.П. 1996; - 276. «Игры на уроках английского языка в младших классах для развития речевых навыков и умений»
3. Гальскова Н.Д. 2004; - 556. Теория и практика обучения иностранным языкам. Начальная школа.

УДК 37.014.3.371.321

О ПОДГОТОВКЕ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ НОВОЙ ФОРМАЦИИ В УСЛОВИЯХ РЕФОРМИРОВАНИЯ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ.

БЕСПАЕВА Г.К., АЛИНА Г.М.

НАО «Медицинский университет Семей», Республика Казахстан

Түйіндеме. Мақалада заманауи, жоғары білікті жоғары оқу орнының оқытушысы қандай болуы керектігі талқыланады, себебі жоғары оқу орнының басты міндеті әрқашан студенттерге сапалы білім беру болған және болып қала береді.

Summary. The article discusses what a modern highly qualified teacher of higher education should be, since the main task of higher education has always been and always remains the task of providing high-quality education to students.

За годы независимого развития страны содержание отечественного образования и воспитательного процесса качественно изменилось.

Эти позитивные изменения связаны с тем, что разработаны и приняты законы «Об образовании», «О науке», Государственная программа развития образования Казахстана.

Цель программы-повышение глобальной конкурентоспособности казахстанского образования и науки, воспитание и обучение личности на основе общечеловеческих ценностей, увеличение вклада науки в социально-экономическое развитие страны. [1].

Современная политика относит образование к важнейшим источникам развития общества. Поэтому Высшая школа Казахстана должна обеспечить повсеместный доступ населения к качественному образованию на всех его уровнях. [1].

В ходе реформирования образования в вузах первоочередное внимание уделяется внедрению учебных планов с учетом содержания мировых стандартов.

Центральной фигурой при этом является преподаватель, ему принадлежит стратегическая роль в развитии личности студента в ходе профессиональной подготовки.

Проблеме профессиональной подготовки педагога уделялось и уделяется большое внимание в исследованиях педагогов (О.А.Абдуллина, В.И.Андреев, Ю.К.Бабанский, Е.В.Бондаревская, И.И.Казимирская, А.П.Сманцер, Н.В.Кухарев, В.П.Тарантей), психологов (А.К.Маркова, С.В.Кондратьева, Н.В.Кузьмина, Ю.Н.Кулюткин, Л.М.Митина), методистов (И.А.Новик, Н.Х.Розов, А.Г.Мордкович, Г.И.Саранцев и др.).

Каким же должен быть “современный высококвалифицированный преподаватель высшей школы”?

Современный педагог — подчеркивает профессор Н.Х. Розов — “должен обладать глубокими и разносторонними познаниями в своей предметной области, быть в курсе новейших научных достижений» [2]. Он обязан активно, систематически заниматься собственной исследовательской

работой. Публиковать в журналах, докладывать на форумах и внедрять в практику свои научные результаты, потому, что без серьезной собственной научно-исследовательской работы невозможна действительно эффективная преподавательская работа.

Однако было бы глубочайшим заблуждением сводить деятельность преподавателя университета просто к деятельности научного работника. Ибо преподаватель университета – это прежде всего Учитель, обучающий и воспитывающий молодое поколение специалистов. Процесс приобщения к знаниям студенческой аудитории, разнородной по интеллектуальному потенциалу и творческим задаткам, по профессиональной целеустремленности и личностным интересам, по психологическим особенностям и учебной дисциплине, требует помимо научных способностей еще и совсем другой, особый талант и настоящее человеколюбие [2].

Аксиомой является то, что преподавание любой дисциплины – сложнейшая сфера человеческой деятельности, где отличное владение содержанием предмета и собственные достижения в творческих исследованиях сами по себе успеха совсем не гарантируют.

В современных условиях главнейшую роль играет личностно-ориентированное обучение. А это означает, что преподаватель должен получить необходимые познания в области психологии, овладеть психологическими инструментами.

Преподавание любого предмета в университете XXI в. немыслимо без полноценного освоения современных информационно-компьютерных и мультимедийных образовательных технологий. Образно говоря, сегодня преподавание должен осуществлять тандем “преподаватель – компьютер”, активное привлечение компьютера, интернета, электронных и мультимедийных продуктов для проведения занятий, проверки результатов обучения, развития у студентов навыков самостоятельного получения знаний, внедрение дистанционного обучения, использование интерактивных методов обучения.

Исключительно важное значение имеет овладение педагогом новыми практическими приемами методики преподавания конкретной, “своей” дисциплины, причем он должен не только их знать, но быть способен их активно и эффективно применять и творчески развивать [2].

Поэтому педагог новой формации должен быть профессионально-компетентным, иметь потребность в постоянном обогащении и обновлении знаний, способным к инновациям, высоконравственным человеком [3]. Постоянно осваивать образовательно-воспитательные технологии, интерактивную методику, которая основой обучения признает взаимодействие обучающихся и обучающихся, создает все условия для коммуникации. Термин «интерактивный» обозначает «быть с кем-то в тесном общении», взаимодействовать с ним и строить диалог» [3]. В более короткие сроки овладеть необходимыми знаниями и умениями позволяют активные методы обучения. К ним относятся отдельные виды интерактивной лекции.

Главной целью - является выведение студента из привычной формы размышления, организация самостоятельного процесса освоения знаний. Даже короткие дискуссии вносят оживление в учебный процесс, тем самым формируя у них навыки сопоставления, сравнения и анализа различных установок.

Эффективность учебных деловых игр достигается за счет воссоздания реальных условий профессиональной деятельности, полного включения обучаемого в игровую ситуацию. Чтобы занять достойное место в жизни необходимы такие качества, как коммуникабельность, инициативность, предприимчивость, способность к импровизации; склонность к риску (не бояться показаться странным и необычным); оптимизм как философия жизни.

В идеале педагог должен ясно видеть место каждого студента в педагогическом процессе, уметь организовывать деятельность учащихся, предвидеть ее результаты, корректировать возможные отклонения.

Традиционно выделяются три основных стиля педагогического общения [4]: авторитарный (педагог субъективен, недооценивает значение таких качеств, как самостоятельность, инициативность).

Либеральный - характеризуется попустительством, анархией. Стиль наиболее разрушительный.

Демократический стиль учитывает индивидуальные особенности студентов, их личный опыт, объективен в оценках. При кредитной технологии все большую популярность приобретает воспитание, основанное на сотрудничестве, партнерстве. Одно из первых педагогических требований, предъявляемых к процессу обучения, состоит в том, чтобы ни в коем случае не подавлять интуицию учащегося. Студента следует поощрять за попытку использовать интуицию и направить на дальнейший логический анализ выдвинутой идеи. Вторая рекомендация состоит в

формировании у студентов уверенности в своих силах, веры в свою способность решить задачу. Необходимо стимулировать стремление учащегося к самостоятельному выбору целей, задач и средств их решения. Важнейшая задача – не допускать формирования конформного мышления, бороться с соглашательством и ориентацией на мнение большинства. Студент уже не объект, а субъект, влияющий на учебный процесс. Важнейшим и сложным этапом учебного процесса является воспитание в вузе, именно здесь завершается заключительный этап системы воспитания обществом. И естественно, ведущая роль в этом деле принадлежит ППС. На Востоке говорят: «Отойди, чтобы не наступить на тень учителя». Давайте и мы вспомним, что на земле все профессии от людей и только три от Бога: учить, судить и лечить.

Преподаватель не только должен передавать студентам знания, но и жизненный опыт, свои заветные мысли, планомерно формировать моральный облик студента. Отношение ППС к работе, к окружающим, самодисциплина, стремление к творчеству способствует формированию подобных качеств и в студенческой среде. Для того, чтобы у студентов появилась мотивация учиться, в качестве примеров необходимо рассказывать о преподавателях вуза, достигших успехов в научно-педагогической деятельности, при чтении лекционного материала делать ссылки на их труды.

Если дать общий перечень качеств, которые более всего ценят или отвергают современные студенты в преподавателе, то к числу первых относятся широкий кругозор, увлеченность преподаваемым предметом и знание его, интерес к личности студента, уважение, терпимость, понимание, доброжелательность, справедливость; а к числу вторых - низкий уровень культуры, невежество, нетерпимость, фальшь, унижение достоинства студента, высокомерие, агрессивность[4].

В работе педагога много трудностей. Велика ответственность педагога. Его мировоззрение, поведение, жизнь, подход к каждому явлению, так или иначе влияют на всех обучающихся. Поэтому важно, чтобы педагог чувствовал, что его действия находятся под контролем.

Педагогический процесс-это единство элементов обучения, воспитания. Более сложной задачей является превращение ВУЗа в воспитательную систему. Методы воспитания в практике высшей школы с трудом поддаются выделению и классификации. Представление о воспитании в настоящее время подвергается интенсивному переосмыслению. Преподаватели вуза делятся на три категории. Одни вообще отрицают необходимость специально организованной воспитательной работы со студентами. Другие полагают, что она должна осуществляться в процессе обучения в соответствии с воспитывающей функцией. Третьи считают, что в условиях вуза есть необходимость в такой работе, так как учебный процесс не дает возможности решить многие задачи воспитания.

Если воспитание становится функцией всего социального организма вуза, можно говорить о создании упорядоченной воспитательной системы. Если не будет достигнуто единство требований педагогов в большом и малом, не выручит ни содержание учебного процесса, ни высокое индивидуальное мастерство отдельных педагогов. Поэтому в ходе реформирования образования необходимо соблюдать целостность учебно-воспитательного процесса.

Сегодня перед преподавателем снова ставится задача не просто передавать своим студентам некую сумму знаний, приобщить их к самостоятельному труду, мышлению и творчеству, но и помогать им стать людьми XXI в, гражданами нашей Родины, эффективно и честно работающими членами трудового коллектива.

Список использованной литературы:

- 1.Нормативный документ: Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020-2025 годы.г. Нур-Султан –27.12.2019.
<https://primeminister.kz/ru/gosprogrammy/gosudarstvennaya-programma-razvitiya-obrazovaniya-i-nauki-respubliki-kazahstan-na-2020-2025-gody-9114129>
- 2.Журнальная статья: Н.Х. Розов. Профессия-преподаватель. Вестн. Моск. ун-та. Сер.20. Педагогическое образование. 2016. №2 .
- 3.Учебное пособие: Алимов А.К. Активные методы обучения. Программа профессионального развития(PDP) Международной Бизнес-Школы(IBS). Алматы, 2010.
- 4.Учебное пособие: Смирнов С.Д. Педагогика и психология высшего образования.-М.,2003.

СТУДЕНТТЕРДІҢ АДАМИ КӨЗҚАРАСТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

БИСЕНГАЛИЕВА М.С.

Карбышев атындағы № 16 орта мектебінің директоры, п.ғ.м.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В этой статье рассматриваются вопросы о том, что основы становления и человеческие взгляды студентов.

Summary. This article examines the issues of what the foundations of becoming and the human views of students are.

Білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі – білім беру сапасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес, жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктеріне сәйкестігін белгілеудің құрылымдары, рәсімдері, нысандары мен әдістерінің жиынтығын құрайды. Жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту болып табылады.

Мемлекеттің үздіксіз білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер мен жаңашылдықтар, Қазақстан халқының әлемдік өркениетке жетуі үшін, жасалынып жатқан талпыныстар. Бүгінгі таңда әрбір маманнан білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарға сын тұрғысынан ойлауды, білім берудің әртүрлі жаңаша әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, өз үстінде ізденімпаз маманды, өз болмысын шынайы таныта алатын адами тұлғаны қалыптастыруды талап етіп отыр. Сондықтан біздің зерттеуімізде студенттердің саяси белсенділігін арттыру, оларды этнопедагогикалық дамыту мәселелері арқылы студенттердің адами көзқарасын қалыптастыру көзделіп отыр.

Студенттердің адами көзқарасын қалыптастыру мақсатында, азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу қажеттілігі туындап отыр.

Білім беру жүйесінде білім алушылардың мәдениетін қалыптастыру, қазіргі қазақ қоғамының азаматтық, саяси құндылықтарын игерумен байланысты алғы шарттары қарастырылады. Бүгінгі таңда студент - жастардың адами көзқарасы мен мәдениеті, олардың азаматтық белсенділігінің маңызды құралына айналды. Білім беру жүйесінде білім алушылардың мәдениетін қалыптастыру, қазіргі қазақ қоғамының азаматтық, саяси құндылықтарын игерумен байланысты алғы шарттары қарастырылады. Білгірлік - өмір заңдылықтарын, ғылыми негіздерді жақсы білудің көрінісі, жеке тұлғаның білімдарлық қасиеті. Әрбір адам білгір болуы үшін көпті көріп, көп оқып, көп тоқуы керек [1]. Мысалы, «Ит маржанды не қылсын», - деп ұлы Абай айтқандай, маржанды қажетсінген адам, оны іздеп тереңге бойлай білген адам табады. Ал тереңге бойлай білу үшін талап керек. Білім де талпынсаң қонады.

Білім - жеке тұлғаның оқып, үйреніп, санасына қабылдаған адами жемісі. Сондықтан, халық: «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деп адамның білімді болуын жоғары бағалаған.

Білімді адам деп оқыған ғана емес, тәжірибеде ұштастырған, өмір тәжірибесін игерген адамды атайды. Ғұлама Жүсіп Баласағұн «білімсіз адам – хайуанмен тең» - дейді. Халық жоғары білімі мен қатар өмір тәжірибесінде білімін қолдана білген адамды «білімдар кісі» деп біледі [2].

Қазақ этнопедагогикасының тәлім - тәрбиелік мәнін анықтау - ұлттық және халықтық тәлім - тәрбиенің зерттелу тарихына шолу жасауды талап етеді. Еліміздің болашағы – жастар, сондықтан оларға ұлттық тәрбие беру барша халықтың басты міндеті. Оны шешу үздіксіз білім беру жүйесіне, қазақ этнопедагогикасы материалдарын ендіргенде ғана жүзеге асады, - дейді профессор Қ.Бөлеев [3].

Қазақ этнопедагогикасы қазақ халқының ғасырлар бойы жинақталған ұлттық тәлім-тәрбиесі, оның педагогикалық ғылымы негізделген көзқарастары туралы ғылым. Сондықтан да ол бүкіл қазақ халқына, әсіресе жас ұрпақ пен жастарға ұлттық тәрбие берудің негізі.

М.Жұмабаевтың ұлттық тәрбие беру туралы ой-пікірлері, оның «Педагогика», «Бастауыш мектептегі ана тілі», «Бастауыш мектептегі ана тілін оқыту жөні», «Сауатты бол» атты еңбектері мен поэтикалық шығармаларында баяндалған. Ол өзінің «Педагогика» атты еңбегінде «Тәрбие деген не?» -деп сұрақ қоя отырып, оған жауап бере келе: оны дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі, құлық тәрбиесі деп төртке бөледі [4]. Егер де адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, онда тәрбие түгел берілгені, -дейді. М.Жұмабаевтың «Педагогикасы» ұлттық тәрбиені жүзеге асыруға бағытталған, жастарды ұлттық рухта тәрбиелеу мақсатында мектеп мұғалімдері мен тыңдаушыларға арналып жазылған тұңғыш этнопедагогикалық еңбек деп айтуға болады. Ж.Аймауытовтың оқушыларға ұлттық тәрбие беру туралы ой-пікірлері, әдебиет, психология, педагогика және методика салалары бойынша мұра етіп қалдырған «Тәрбие жетекші» атты оқу құралында [5]. оқу мен оқыту құралдарына қатысты ереже-шарттар, ең негізгісі мұғалімге оқушылар сеніп тапсырылған соң, одан адами қасиеттер, ізгілік иірімдері, маңыздысы - білім нәрінің сир-сипаттары талап етіледі.

Ал, М.Дулатовтың оқушыларға ұлттық тәрбие беру туралы ой-пікірлері, оның еңбектерінде баяндалған [6]. М.Дулатов сол мақалаларында қазақ мектептерінде оқу-тәрбие процесін ұлттық сипатта жүзеге асыру туралы ой-пікірлерінің маңызы мен мәні ерекше. Сондықтан, халық педагогикасының жастарды теориялық білім беру мен бірге тәрбиелеудің мен тәжірибеге баулудың білім берудегі маңызы мен студенттердің адами көзқарасын қалыптастырудағы ролі өте зор.

Этнопедагогика ұғымын алғаш рет ғылымға енгізген чуваш ғалымы Г.Н.Волков болды [7]. Оның пікірінше, «этнопедагогика» - халықтың жасөспірімді тәрбиелеу тәжірибесі, олардың педагогикалық көзқарастары, тұрмыс-тіршілігі, отбасы тәрбиесі, ру, тайпа, халық, ұлт педагогикасы туралы ғылым. Этникалық педагогика тарихи жағдайда қалыптасқан ұлттық ерекшеліктерді қарастырады.

Орыс ғалымдары этнопедагогика саласында халықтық педагогиканың ролі күшті екенін дәлелдейді. Мәселен, Г.С.Виноградов: «Халық педагогикасы – білім мен дағдылардың жиынтығы» [8], десе, В.Ф.Афанасьев: «Халықтық педагогика - балалардың және халықтың күнделікті өмірі үшін қажетті білімді меңгеруі үшін қамтамасыз ететін халықтық білімнің жиынтығы» [9] - деп түйіндейді.

Студенттердің адами көзқарасын қалыптастыруда халықтық педагогиканың ықпалының болуы, дамуы, қазіргі таңдағы мәселелерін жан - жақты сөз етіп, оның теориялық – әдіснамалық мәселелерін анықтауға бағытталған педагог - ғалымдардың еңбектерінің маңызы айтарлықтай.

Қазақ зиялылары мен ғалым-педагогтары Ш.Құдайбердиев, Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов және т.б. ана тілінде мектеп ашу мәселесімен халықтың өнегелі салт - дәстүрін, әдет - ғұрпын, ауызекі шығармашылығын оқу - тәрбие процесінде ұлттық сананы ояту, туған жерге, елге деген студенттердің көзқарастарын қалыптастыру мақсатында пайдалануға аса мәнді.

Студенттердің адами көзқарасын қалыптастыруда этнопедагогикалық ұғымдар мен терминдерді жүйелестіру мәселесі, студенттердің ой - өрісін кеңейтіп, білімге деген құштарлығын арттырып, өмірде өз ойлаған ортасын танып, тәрбиені біліммен байланыстырып, нағыз қоғамның білікті маманы мен тәрбиелі тұлғасы болып қалыптасуға әкеледі. Бұл қазақ этнопедагогикасы құралдарының студент - жастарды тәрбиелеудегі алғы шарттарын қарастыру арқылы, олардың тәлім-тәрбиесін де дұрыс жолға қоюға мүмкіндік туғызады.

Студенттердің адами көзқарасын қалыптастыруда және болашақ ұрпақтың жан-жақты болуы және соған тиісті қолайлы жағдай туғызу Қазақстан Республикасында да орасан зор маңызға ие болып отыр. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында мемлекеттік саясаттың бір принципі - «жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту қажет» - деп көрсетілген [10].

Оқытудың тиімділігін арттырудың жолы оқытушы мен студенттің жеке тұлғаларының арасындағы ізгілікті қатынас - психологиялық танымдық іс - әрекеттің маңыздылығын арттырады. Бұл іс - әрекет ұстаз бен білім алушы тұлғаларының арасында өрбиді, оқытудың әдіс - тәсілдері

мен құралдары арқылы іске асып, оқытудың нақты мазмұнын айқындайды. Жоғарыда көтерілген мәселелер «ынтымақтастық этнопедагогикасы» педагогиканың қағидаларына негізделеді. Ал, адам баласының барлық қабілеттерінің барлығы ойлау мен ақыл - ой әрекетінен бастау алады. Мәселен, Ақылды болуға жетелейтін үш жол бар: бірінші тәжірибе жолы, - ең ащы жол, екінші ұқсау жолы - ең жеңіл жол, үшінші ойлау жолы – ең таза жол, - дейді Ежелгі Қытай мақалында.

Осындай ұлы ғұламалардан қалған насихат сөздер мен өсиеттердің адам баласын тәрбиелеуге ықпалы мол деп түсінеміз. Өйткені, ойлағаныңды айту үлкен бақыт. Өмірде үш түрлі адам болады екен. Мәселен, біріншісі - ойлаған ойы, айтқан сөзі мен істеген ісі үш түрлі болады; екіншісі - ойлаған ойы мен істеген ісі бірдей, айтқан сөзі басқа болады; үшіншісі - ойлаған ойы, айтқан сөзі және істеген ісі бірдей адамдар. Бұлардың ішінде соңғысы яғни үшінші нағыз адам деп есептеледі. Әдеп – игі әдетпен, өміршең әдет-ғұрыппен қалыптасқан ұлттық мәдениеттің көрінісі, мәдени үрдістер мен имандылықтың тірек негізі. Академик Ж.Базарбаев өзінің «Әдептану» еңбегінде [11]. жас ұрпақты қалай әдептілікке үйрету мен оларға қандай да бір «әдеп» тәрбиесін берудің жолдарын іздейді. Сол арқылы ол өткен ғасырдың 90 жылдарында «Әдептану» оқу құралын жазып, оны студенттердің қолданылуына және көпшілік қауымның пайдалануына тапсырды.

Әдептілік - қазақ халқының ұлттық дәстүрі. Әдепті адам ата-ананың, ұжымның, айналасының тәрбиесімен, өзін-өзі тәрбиелеумен өзінің ұлттық қасиетін қалыптастыра білгендігін көрсетеді.

Ойымызды түйіндей келе айтарымыз, көптеген елдерде, «әдептілік» қағидасы орын алып, ата-ананың парызы мен қарызы ретінде «әдептілік» тәрбиесі өмірден өз орнын алып келеді. Әрбір адам егер адами көзқараспен қарасақ, өмірде әдептілікті қалайды. Өйткені, адамның адамгершілік тәрбиесі үшін «әдептіліктен» асқан ереже мен қағида жоқ. Ол адамзатты келешекке ұмтылдыратын, өмірді бағалай білуге үйрететін, ата-ананың қадіріне жетуге тәрбиелейтін, жарқын болшаққа жетелейтін баспалдақтың бірі. Бұл баспалдаққа жол ашатын тек білім мен тәрбие ғана деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. -Алматы: «Арыс», 2004,207б.
- 2.Табылды Ә.«Қазақ этнопедагогикасын оқытудың әдістемесі», - Алматы: «Қазақ университеті», - 2011, - 233б.
- 3.Бөлеев Қ.Қазақ этнопедагогикасы – ұлттық тәрбие берудің негізі.-Алматы:Нұрлы Әлем, -2004. -304б.
- 4.Жұмабаев М. «Педагогика»,– Алматы,1992.
- 5.Аймауытов Ж. Психология. - Алматы,1997. -350б
- 6.Дулатов М. // Қ.Бөлеев.Мұғалім және – ұлттық тәрбие. -Алматы:«Нұрлы Әлем», - 2000,-116б.
- 7.Волков Г.Н.«Этнопедагогика» - халықтың жасөспірімді тәрбиелеу тәжірибесі» //Болеева Л. Этнопедагогическая подготовка учителей средней школы. – Алматы: «Нұрлы Әлем», - 2005,- 108б.
- 8.Виноградов Г.С. «Халық педагогикасы – білім мен дағдылардың жиынтығы» //Болеева Л. Этнопедагогическая подготовка учителей средней школы. – Алматы: «Нұрлы Әлем», - 2005,- 108б.
- 9.Афанасьев В.Ф.«Халықтық педагогика - балалардың және халықтың күнделікті өмірі үшін қажетті білімді меңгеруі үшін қамтамасыз ететін халықтық білімнің жиынтығы»// Болеева Л. Этнопедагогическая подготовка учителей средней школы. – Алматы: «Нұрлы Әлем», - 2005,-108б.
10. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңы.- Астана, 27 шілде -2007.
- 11..Ж.Базарбаев «Әдептану»- Алматы,-1997. -250 б.

БІЛІМ БЕРУДЕ КОНСТРУКТИВТІ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК СИПАТЫ

ҚАРҚАБАЕВА ПАРИДА ПАЗЫЛОВНА

«Өрлеу» БАҰО АҚ «Жамбыл облысы бойынша Кәсіби даму институты» филиалының аға оқытушысы, п.ғ.м., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В данной работе автор рассматривает идею конструктивного обучения как один из современных эффективных способов в соответствии с внедрением изменений в систему образования. В статье написано о целях, структуре, процессе конструктивного обучения и об особенностях организации конструктивной деятельности.

Summary. In accordance with the changes in the national educational system the author considered the introduction of the idea of a constructive learning experience as one of the most modern and efficient ways. The purpose, structure of the constructive learning, the educational system and the features of organization of constructive interaction are mentioned in the article.

Аннотация. Альтернативная или вспомогательная система коммуникации PECS часто используется при работе с детьми с аутизмом или другими нарушениями развития. Применение этой системы способствует не только обучению детей общению, но и развитию вокальной речи - на определенном этапе использования карт ребенок начинает произносить слова вслух. Использование PECS также может помочь другим лучше понять ребенка, способствовать развитию многих речевых навыков (понимание речи, ведение диалога, понимание прочитанного) и может использоваться как метод исправления нежелательного поведения, как функциональное коммуникативное упражнение или как метод формирования навыков. Уметь спокойно ждать, отказываться и отвергать, придерживаться визуального графика и т. д.

Abstract. The alternative or auxiliary PECS communication system is often used when working with children with autism or other developmental disorders. The use of this system contributes not only to teaching children to communicate, but also to the development of vocal speech - at a certain stage of using cards, the child begins to pronounce words aloud.

The use of PECS can also help others better understand the child, contribute to the development of many speech skills (understanding speech, conducting dialogue, reading comprehension) and can be used

as a method of correcting undesirable behavior, as a functional communication exercise or as a method of skill formation. Be able to wait calmly, refuse and reject, adhere to a visual schedule, etc.

«Аутизм» терминін (грек тілінен аударғанда «autos» - өзі) әйгілі швейцариялық психиатр Е.Блейлер XX ғасырдың басында енгізген. Блейлер бұл терминді психикалық ауытқулары бар кейбір адамдардың сыртқы әлемнен оқшаулану және өздерінің ішкі әлеміне ену тенденциясын сипаттау үшін қолданды.

Аутизм спектрінің бұзылуы (әрі қарай АСБ) – әлеуметтік өзара әрекеттесу мен қарым-қатынастағы қалыптан тыс мінез-құлық пен қиындықтардың кең ауқымын, сондай-ақ қатаң шектеулі қызығушылықтарды және жиі қайталанатын мінез-құлық әрекеттерін сипаттайтын психологиялық сипаттамалардың спектрі.

Кейінірек, 1943 жылы американдық клиник Л. Каннер «ерте балалық аутизм синдромын» психикалық дамудың типтік бұзылуымен ерекше клиникалық синдром ретінде анықтады. Бұл синдромның ең тән белгілері: аутизм, мінез-құлықтағы стереотип, сөйлеу дамуының ерекше тән кешігуі және бұзылуы, аталған бұзылулардың ерте көрінісі. Л. Каннер белгілеген критерийлер ұзақ уақыт бойы аутизмді түсіну және оны диагностикалау үшін негіз болды [1, 2726].

Уақыт өте келе аутизм туралы түсінік кеңейіп, нәтижесінде «аутизм спектрі» термині Аспергер синдромы сияқты жеңіл формалардан бастап, интеллектуалды және тілдік бұзылыстары бар аутизмнің ауыр жағдайларына дейін өзгеруі мүмкін осы бұзылыстың клиникалық көріністерінің әртүрлілігін көрсету үшін енгізілді.

Аутизмнің қазіргі түсінігінде бұл бұзылыстың кешенді сипаты тек әлеуметтік және коммуникативті аспектілерді ғана емес, сонымен қатар мінез-құлық, сенсорлық және когнитивті ерекшеліктерді де қамтиды, бұл аутизм спектрі бұзылған балаларды түзету мен қолдауға жеке көзқарасты қажет етеді.

Аутизм контекстінде «спектр» термині АСБ әртүрлі адамдарда өзгеруі мүмкін клиникалық көріністер мен ауырлық деңгейлерінің кең ауқымын білдіреді. Бұл спектр аутизмнің әртүрлі формаларын қамтиды, жеңіл және атипті көріністерден бастап ауыр және классикалық жағдайларға дейін.

«Спектр» аутизммен ауыратын әрбір адамның өзіндік ерекшеліктері, белгілері мен қажеттіліктері бар екенін білдіреді. Кейбір адамдарда айқын әлеуметтік және коммуникативті қиындықтар болуы мүмкін, ал басқаларында бұл аспектілер аз байқалуы мүмкін. Сондай-ақ, аутизм спектріне интеллектуалды қабілеттің әр түрлі деңгейлері кіруі мүмкін, төменнен жоғарыға дейін [2, 4486].

Ресс карточкаларының көмегімен қарым-қатынас жүйесін енгізуде Энди Бонди мен Лори Фрост әзірлеген хаттама бойынша жүзеге асырылады. Хаттамада оқытудың бірнеше кезеңдері жүйені дәл енгізу және баланы карточкалармен сөйлесуге үйрету туралы егжей-тегжейлі нұсқаулар бар. Осыған қарамастан, PECS карталарын қолдану өте шектеулі болуы мүмкін - баланың қабілетіне байланысты емес, бірақ хаттаманың кейбір бөлшектері дұрыс қолданылмағандықтан және бұл баланың осы жүйені игеруін қиындатады.

PECS хаттамасын қолданудағы бірінші және ең көп кездесетін қателік-жаңа картаны енгізген кезде екінші ересек адамның болмауы. Хаттамаға сәйкес, баланың әңгімелесушісіне карточка беруді үйренуі үшін мотивациялық пәннің өтініші ретінде міндетті түрде екінші мұғалім қатысуы керек, ол физикалық кеңес арқылы баланы соған үйретеді. Көбінесе педагог-ассистент пен ата-аналар бұл нұсқаулықты елемейді және баланы басқа адамның көмегіне жүгінбестен үйретуге тырысады. Сабақта педагог-ассистент баланы пәнге қызықтыруға тырысады, ал бала тақырыпты іздей бастағанда, педагог-ассистент картаға нұсқайды немесе баланың қолын картаға бағыттайды «картаны беріңіз!» және ол балаға карточканы алуға көмектеседі, өзі осы картаны береді және балаға қажетті затты (ынталандыру заты) ұсынады. Оқытудың бұл форматы тиімсіз, өйткені ол тез арада тәуелділіктің дамуына әкеледі. Бала картаны жібермес бұрын шақыруды күтеді, егер кеңес берілмесе, онда тәуелсіз реакция болмайды. Екінші жағынан, егер сіз хаттамада жазылғандай жасасаңыз және басқа адамның көмегін қолдансаңыз, онда бала картаны өз бетінше тез қолдана бастайды, өйткені екінші адамға уақтылы кеңестер беріп, оларды тез арада алып тастау әлдеқайда ыңғайлы. Демек, бірінші кезеңде оқытуды кешіктірмеу үшін, баланың тәуелсіз реакциясын тез қалыптастыру және одан әрі алға жылжу үшін, екінші адамды (баланың ата-анасы немесе басқа педагог-ассистент болуы мүмкін) тартуға, әңгімелесуге де, көмекші де («ертегі») рөлдерін орындауға тырысқаннан гөрі «тиімдірек» [3, 2046].

Екінші жиі кездесетін қателік - екінші кезеңді елемеу. Хаттамада «қашықтық және табандылық» деп аталатын екінші кезеңде бала картаны қашықтықта беруді, сұхбаттасушының табуды, әңгімелесушінің кім екенін (яғни мотивациялық тақырыбы бар адам) анықтауды, сұхбаттасушының назарын аударуды және оған табандылықпен жүгінуге үйренеді (өйткені әңгімелесуші бос емес болуы мүмкін), сонымен қатар карталарды әртүрлі адамдармен, соның ішінде құрдастарымен қарым-қатынаста қолдануды үйренеді. Ең жақсы жағдайда, практикада сіз кеңістіктегі «карточканы ұсыну» дағдысын игере аласыз, кеңістікте «карточканы беру» дағдысы дұрыс жасалғанын сирек көруге болады. Басқа ересектермен және құрдастарымен баланың реакциясы толығымен өздігінен және оның бастамасы бойынша жүреді. Көбінесе педагог – ассистент баланы картаны 2-3 қадам қашықтықтан әкелуге бірнеше рет тырысып, екінші кезеңнің маңызды бөлшектерін жіберіп, 3-ші кезеңге асығады. Бұл асығыс көбінесе карталарды пайдалану дағдысы толығымен орындалмайтындығына әкеледі. Бала карточкаларды тек педагог – ассистентпен бірге сабақта, тек үстел басында отырғанда және барлық белгілерді жинағаннан кейін ғана қолданады. Бұл карточкаларды пайдалану байланыс жүйесі деген идеяға қайшы келеді. Сондықтан, PECS-ті сабақта ынталандыруды таңдау әдісіне айналдырмау үшін «қашықтық және табандылық» кезеңіне қатысты хаттаманың әр тармағын баламен пысықтау өте маңызды.

Үшінші қателік – «карталарды ажырату» шеберлігінің жетіспеушілігі. Көптеген педагог – ассистент PECS - тің үшінші кезеңінде, бала карточкаларды ажырата білуді үйренген кезде, екі кіші қадам бар-мотивациялық және қозғалмайтын заттардың карталарын ажырату және мотивациялық заттардың карталарын ажырату. Бұл кіші кезеңдердегі жұмыс әртүрлі!

Педагог – ассистент балаға мотивациялық объектінің картасын екі картадан - мотивациялық және қозғалмайтын заттардан таңдауға кеңес беретінін және оған қажетті затты ұсынатындығын жиі көруге болады, содан кейін бірден мотивациялық заттардың екі картасынан мотивациялық объектінің картасын таңдауға көшеді, сонымен қатар балаға картаға сәйкес келетін затты береді. Алайда, педагог – ассистент балаға екі мотивацияны таңдағанда мотивациялық тақырыпты ұсынған кезде, ол болжауды күшейтеді. Шынында да, баланың қандай карточка бергеніне қарамастан, оған қажетті зат беріледі. Мұғалімнің бұл қателігі өте тез баланың қолына түсетін кез-келген картаны таңдауына және қалаған нәрсесіне қарамастан кез-келген картаны беруіне әкеледі. Хаттаманың маңызды бөлігі – «сәйкестікті тексеру» – педагог - ассистент балаға кез келген заттарды бермеуі керек, тек баланың өзі сұраған затты көрсеткен кезде сол атты ұсынуды керек. Егер бала бір заттың картасын беріп, екінші сыналса, онда бұл жағдайда ол қате ретінде есептеледі, ал педагог-ассистент болжамды күшейтпеу үшін оны уақытында түзетуі керек [4, 80б].

Педагогтердің төртінші қателігі-сөйлем жолағын пайдалану кезеңінде (PECS-тің 4-кезеңі) бірнеше карточкалардан фразалар жасауға ілгерілеудің болмауы. Осы кезеңде жұмыс істеуге тырысып, педагог-ассистенттер «мен қалаймын» картасын жолаққа қояды, ал бала мотивациялық тақырып картасын қосуды және педагог-ассистентке бүкіл жолақты ұсынуды үйренеді. Мәселе мынада, «Мен қалаймын» картасы жолақта мәңгі қалады, ал бала бұл картаны да қосуды үйренбейді. Шын мәнінде, бала тек бір картаны қолдануды жалғастырады, бірақ қазір оны тікелей мұғалімге тапсырудың орнына, оны жолаққа бекітіп, жолақпен бірге береді. Мұндай жағдай бала PECS жүйесін тек сұраулар үшін ғана емес, сонымен қатар түсініктемелер мен сұрақтарға жауап беру үшін де қолданатын кезде шеберлікті одан әрі дамытуға айтарлықтай кедергі болады. Хаттамаға сәйкес, бала жолаққа бір картаны бекітуді үйренгеннен кейін, фразалық сөйлеуді дамытуға, сөйлеуде сын есімдерді, етістіктерді қолдануға ықпал ету үшін бірден жолаққа екі картаны бекіту дағдысын қалыптастыруға көшу керек, оның көмегімен бала импровизация жасай алады және ол үшін қолайлы карта жоқ тақырып туралы өтініш жасай алады.

Төртінші кезеңде педагог- ассистенттің міндеті баланың стихиялық вокалдык реакциясының көрінісі үшін жағдайларды қалпына келтіру болып табылады. Мұны істеу үшін сіз баланы жолақты берген сәтте карточкаларға саусағыңызды көрсетуге үйретуіңіз керек. Бала карточкаларға көрсеткенде, педагог- ассистент «мен қалаймын» және мотивациялық тақырыптың атауын айтуы керек, ал баланың реакциясы толығымен тәуелсіз болғаннан кейін, педагог- ассистент баланың вокалды реакциясының пайда болуына ықпал ету үшін тұрақты кідірісті қолдануы керек. Көбінесе педагог- ассистенттер хаттаманың осы маңызды бөлшектерін елемейді немесе уақытша кідірісті дәл қолданбайды, осылайша баланың стихиялық вокалды реакциясын көрсетуге мүмкіндік бермейді.

Тәжірибе көрсеткендей, төртінші кезеңде PECS жүйесін енгізу мәңгіге қалады, уақыт өте келе PECS карталары өз функцияларын жоғалтады - олар ынталандыру әдісіне айналады, бірақ

байланыс жүйесіне айналмайды. Тіпті педагог- ассистенттер алға ұмтылуға тырысқан жағдайда да, PECS-тің алтыншы кезеңін қолданудағы дәлсіздіктер бұл мақсатқа жетуге кедергі келтіреді. PECS - тің алтыншы кезеңінде бала түсініктеме беруді үйренеді-яғни оның сұхбаттасушысына оны қызықтыратын оқиғалар туралы хабарлау, материалдық ынталандыру алмастан, назар мен мақұлдауды алу. Сондай - ақ, әдеттегідей дамып келе жатқан балалар өтіп бара жатқан Мысыққа саусақтарын көрсетіп, анасына қарап «Киса» дейді - Мысықты өзіне алу үшін емес, ананың назарын аудару үшін,

PECS алтыншы сатысында карточкаларды қолданатын бала да солай істеуді үйренеді. Бірақ, мұнда педагог- ассистенттерде жиі қателеседі - олар қызықсыз тақырыптарға түсініктеме беруді үйретеді. Мысалы, балаға үйдің суреті бар карта көрсетіледі, ал бала карточкалардан «мен үйді көремін» деген сөз тіркесін қоюы керек. Фразаны орналастырғаннан кейін балаға белгі немесе тағамдық ынталандыру беріледі. Немесе балаға затты (мысалы, шыныаяқ) көрсетіңіз, ал бала жолаққа «мен көремін» картасын және зат (шыныаяқ) бейнеленген картаны салуы керек. Жаттығудың бұл форматы жаттығуды тез қызықсыз тапсырмаға айналдырады, және тағы да мағынасы жоғалады – риясыз қарым-қатынастың орнына, біз қиын жаттығуды көреміз.

Біз қандай қорытынды жасай аламыз? Ұстаздарды, арнайы педагог – ассистенттерді және ата-аналарға баланың коммуникация көмегіне үйрету. PECS, мұқият зерттеп, хаттамаларға сүйене отырып жұмыс жүргізу үшін ең жақсы әдіс – оқу семинарынан өту, онда PECS жүйесінде жұмыс істеуге мамандандырылған маман барлық мәліметтерді анықтайды және нақтылайды, маңызды іс – әрекеттерге назар аударуды үйретеді, онсыз бұл жүйені тиімді пайдалану мүмкін емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жизнь с достоинством (сопровожаемое проживание)/Под ред. А.М. Царёва. Практическое пособие. – М.: Издательство «Перо», 2017. - 272 с.

2. Морозов С.А. Аутизм спектрінің бұзылуының диагностикалау және түзету негіздері. - М., 2014. - 448 с.

3. Кац, Л. И. Формы сопровождаемого проживания во Владимирской области: юридические аспекты и опыт работы ВООО АРДИ «СВЕТ» по внедрению и развитию сопровождаемого проживания / Л. И. Кац, О. Г. Сторожук, Ю. М. Кац – Владимир : Транзит-Икс, 2015. – 204 с.

4. Сухова, Л. С. Медициналық-әлеуметтік оңалту негіздері (кәсіптік терапия)/ Л. С. Сухова – М. : Издательство «Свято-Димитриевское училище сестер милосердия», 2003. – 80 с.

ӘОЖ. 37. 459.036

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОЛДАРЫ

ҚҰЛИБАЙ Г.Қ

Шерхан Мұртаза атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. С момента обретения нашей страной суверенитета произошли значительные изменения в сфере образования: обновлено содержание образования. Одним из новых путей является создание новой системы образования.

Summary. Since our country gained sovereignty, significant changes have taken place in the field of education: the content of education has been updated. One of the new ways is to create a new education system.

Еліміз егемендік алғаннан бері білім саласында елеулі өзгерістер болып отыр: білім берудің мазмұны жаңарып өзгерді. Жаңа талпыныс, жаңа ашылған жолдардың бірі - білім берудің жаңа жүйесінің жасалуы. Бұл педагогикадағы тұтас педагогикалық үрдісті өзгертулермен тығыз байланысты.

Дегенмен де адам психикасын дамытудағы ең қажетті құрылым оқыту болса, кез келген оқыту есте сақтау мен білімді дамытады. Ал оқыту мен дамыту өз алдына жеке үрдіс бола

алмайды, өйткені екеуі де жеке тұлғаның дамуына әсер етеді. Осыдан мынадай екі концепция шығады:

1) Оқытудың даму концепциясы Ж.Пиаже, З.Фрейд, Д.Дьюидің пікірлерінше: Бала даму барысында оқиды. Яғни мұнда бала психикасының даму заңдылығына сүйенеміз.

2) Дамыта оқыту концепциясында бала оқу арқылы дамиды. XX ғасырда бұл теорияның негізін салған орыс ғалымдары: А.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн, Д.Б.Эльконин, П.Я.Гальперин, Л.В.Занков, В.В.Давыдов тағы басқалар. Қазіргі таңда жеке тұлға қоғам үшін белсенді түрде, яғни аз уақытты қамтып, жоғары сапалы дәрежеде дамуы қажет. Сол үшін бұл педагогикалық технологияны – дамыта оқыту технологиясы дейміз. Дамыта оқыту жеке тұлғаның дамуына бағыт - бағдар беріп, белсенділігін арттырады.

Физиологиялық дамуда бала бойының өсуі, бұлшық еттің дамуы, салмақтың қосылуы, яғни дені сау, шыныққан, шыдамдығы тағы басқа қорытындылар айтуға болады.

Ал психикасы туралы не дер едік? Оның қаншалықты дамығандығын оқыту үрдісі мен жас ерекшелігі арқылы анықтаймыз.

Қазіргі кезде дамыта оқыту технологиясы балаға өз бетінше ойлана білуге, сыртқы ортамен қарым-қатынас жасауына ықпал етеді. Қарым-қатынас жасау барысында: жоспарлауға, мақсат қою білуге, қойылған мақсат - міндеттерді жүзеге асырып, қорытындыны талдай білуге дағдыланады. Міне, осындай жүйелер арқылы «өзіндік даму» жүзеге асады. Соның негізінде өзіндік талдау, жинақтау, өзіндік бағыт беру, өзіндік тәрбие, білім алу жүйелері қалыптасады. Яғни дамыта оқыту жеке тұлғаның барлық қасиеттерінің дамуына бағытталады. Л.С.Выготский: «Педагогика бала дамуының ертеңгі емес, кешегі күніне сүйену керек», - деген. Осыған орай ол бала дамуының екі деңгейін анықтады:

1) өзекті даму деңгейі - бала бойында қалыптасқан өз бетінше орындай алатын іс-әрекеттер;

2) Жақын даму аймағы – бұл бала әлі өз бетінше іс-әрекетті орындай алмайды, бірақ үлкендердің көмегімен жүзеге асыра алатын көрініс.

Тұлға жақын даму аймағына өтуде өзекті даму аймағындағы білімдерін өз бетінше қолдануға, өзіндік танымын дамытуға дағдылана-ды. Г.К.Селевко өзіндік дамыта оқыту технологиясын жүйеге келтіріп, оны үш бөлікке бөлді.

1) «Теория» - өзін-өзі жетілдірудің теориялық негізін ұғыну. Бұл мектеп бағдарламасына енгізілген.

2) «Практика» - өзін-өзі жетілдіруді іс жүзінде асыра білу. Бұл іс-әрекет сабақтан тыс уақытта орындалады.

3) «Әдістеме» - ғылыми негізін жасауда өзін-өзі дамыта оқытудың әдісі мен құрылымын жасап, жүзеге асыру.

Осы үш бөлікті бір жүйеге келтіріп, мектептерде өзін-өзі жетілдіру сабақтарын жүргізуге болады. Өзіндік дамыта оқытудағы негізгі мақсат: жеке тұлғаның өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі басқара алатын механизм құрып, адамгершілік, танымдық қасиеттерін дамыту [1].

Бұл оқыту барысында мұғалім ұстанымы: дос, көп нәрсені білетін, терең білімді ақылшы.

Оқушы ұстанымы: өзін анықтап, еркін өз қалауы бойынша іс -әрекет ету. Өзіндік дамыта оқыту технологиясында баланың өзін-өзі тануын ұйымдастыруға мұғалімнің жоғары педагогикалық руханилығын керек етеді, оның балаға деген сүйіспеншілігі, «мұғалім» мен «оқушы» арасындағы сенім мен оның ішкі әлемін танып білуге, жеке қасиеттері мен мінезін ашуға мүмкіндік береді.

Бастауыш сыныпта «өзіндік танымды» қалыптастыру барысында оқушыларды қызықтырып өзінің жасаған жұмысына өзі баға беріп, қорытынды шығара білуге дағдыландырудың маңызы зор. Ол үшін әр түрлі өз бетінше орындалатын қызықты тапсырмалар беру керек.

Оқушы бойында өзіндік танымды қалыптастыруды оқыту үрдісінде жүзеге асыру өте тиімді. Себебі бала әр сабақта, әр тақырыпта өзін-өзі жетілдіріп отырады. Мұны жүзеге асыруда дамыта оқыту технологиясының маңызы өте зор.

Дамыта оқыту оқушыларды әр түрлі іс-әрекетке тартуды құптайды, сабақта дидактикалық ойындар, пікір-таластар, ойлау, қиялдау, есте сақтау, тіл байлығын, логикалық ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған оқыту әдістерін қолдануды ұсынады. Яғни күнделікті сабақта оқушылардың жоғары білімділік пен адамгершілік құндылықтарын арттырсақ, жеке тұлға білімдегі шындықты іздеу, салыстыру, дәлелдеу, зерделеу, өз іс-әрекеттерін сараптап, өзіне-өзі баға беруге дағдыланады. Дамыта оқыту жүйесіндегі оқытудың барлық кешенінде мақсаттары мен шешімдері бала дамуына бағытталған. Соның нәтижесінде барлық бала ойлануға, ізденуге, қорытындылауға мүмкіндік алып, өз деңгейінде нәтижелерге жетеді. Төменде дамыта

оқыту жүйесінің негізгі дидактикалық принциптеріне тоқтала отырып, ұлт мектептері осыдан өзіне не алады деген мәселеге тоқталсам:

1. Жүйедегі бүгінгі күннің өлшемімен қарағанда айрықша көкейкестілігімен ерекшеленетін принцип, жоғарғы қиындықта оқыту принципі. Бұл қағида баланың қиындатылған тапсырмаларды орындауға мүмкіндігінің бар екеніне көз жеткізеді. Бұл баланың шамасы келетін мәселелер төңірегінде айналсоқтап тұрып, қалай білім деңгейін күрделендіру, сол арқылы оны қиындықты жеңуге үйрету, өз күшіне деген шешімін туғызуға әкелу. Баланың өзінің білетінінің төңірегінде ғана қалсақ, немесе ойлауға жетелемесек, оның дамуын тежегеніміз. Мысалы: күнделікті сабағымызда қарапайым нәрселерді сұрау, жауап алу арқылы қанша уақыт жібереміз. Суретті көрсетіп тұрып ондағы бейнеленген түйенің неше өркеші, неше аяғы бар екенін айтқызу бала үшін ешнәрсе бермейді. Немесе алманың дөңгелек, қызыл болатындығын сұрап жату баланы дамытады деп айту қиын. Одан гөрі сол алма дөңгелек, қызыл болғанға дейін қандай кезеңдерден өткенін сұрап білу арқылы баланы ойландырамыз, өмірден алған білімін пайдалануға ықпал етеміз. Ондай қарапайымдылықтан арылу жағын әрбір мұғалім ізденгенде ғана жүзеге асыруға болады. Ол үшін бағдарламадан тыс сұрақтар қою қосымша материалдар пайдалану қажеттігі туады. Әрине күрделендіреміз деп баланы шамадан тыс қиындықтарға әкелу жағынан сақтану керек. Баланың сабаққа деген ынтасы жоғалады, сенімі құриды

Дамыта оқыту жүйесінің маңызды принциптерінің бірі—теориялық білімнің жетекші рөлі принципі. Бұл принцип бала тек теорияны оқуы, ғылыми терминдерді білуі, заңдарды жаттауы керек дегенді білдірмейді. Керісінше, олар оқу барысында бақылаулар, қарапайым зерттеулер арқылы нәтижеге келулері керек. Өтіліп жатқан тақырыптағы заңдылықтарды, байланыстарды сезінуге, қорытындылауға үйрету. Бірақ жаттап алмай, сол қорытындыға саналы түрде әкелуге келтіру. Мұғалім осы күрделі жұмысқа басшылық жасап қана отырады. Мысалы, «Аудан» тақырыбын өткенде, оқушыларға тік төтбұрыштың қабырғаларын өздеріне өлшету, содан кейін оларды ұзындығы мен енін көбейту арқылы табуға үйрету. Ауданның периметрден айырмашылығын өздеріне тапқызу сияқты жұмыстармен күрделендіру. Тіпті, қарапайым есептерді шешу үшін де оқушыларды ойландыратындай етіп сұрақ қоя білу [2].

Оқу процесін түсіну. Бұл принцип саналы оқу принципіне қайшы келмейді. Саналы оқу дегеніміз берілетін білімді ұғынуға бағытталған. Ал оқуды түсіну оқушы өз бойындағы оқудан алған өзгерістерді байқауы, бұған дейін мен мынаны білуші едім, осы пәнді оқу арқылы мынадай жаңа нәрсе үйрендім дегенді сезінуі. Мысалы, оқушыларға 4-ке көбейту таблицасын жаттап келуді тапсыруға болады. Олар оны түсініп жаттап келеді. Оқу процесін түсіну баланы өз-өзіне қорытынды жасауға сын көзбен қарауға тәрбиелейді.

Барлық оқушылардың жақсы, нашар дамуы үшін жұмыс істеу. Л.В.Занков жасаған жүйенің ерекшелігі - балаларды жақсы, нашар оқушыға бөлмеу. Шынында да бұл бала жаратылысына қарама-қарсы келу. Егер баланың дені сау болса, оқу барысында ол қандай да бір дәрежеде дамиды. Тек соған сену керек, шыдамдылық көрсету керек.

Оқытушы мен оқушы арасындағы жаңаша қарым-қатынас орнату. Осы кезге дейін ұстанып келген мұғалімнің сыныпта беделі болуы, ол беделді балаларды қорқыту, зеку, айтқанын қалайда орындату арқылы баланың дамуына үлкен кедергі жасайды. Мысалы: сұраққа дұрыс жауап бермеген балаға «отыр, білмейсің» деген қатал үн қандай әсер етеді. Ол бала енді дұрыс жауапты ойламайды, жауап беруге құлшынбайды. Осылай бірнеше рет қайталанған ескерту баланы жасқаншақ, өз ойын айтуға қорқатын, бірте-бірте ақыл-ойы төмендеген, белсенділігі жоқ оқушыға айналдырады. Ендеше, оқушыны кішкентай бала емес, адам деп қарау, оның жан дүниесін сезіне білу, көзқарасымен, пікірімен санасу, құрметтеу, білім алуға қажетті фактілердің бірі болып есептеледі.

Бастауыш сатыда дамыта оқытуда пайдаланатын тиімді әдіс-тәсілдері. Қазіргі күнгі мектеп бағдарламаларында мұғалім балаға білім, білік, дағды беріп қана қоймай, ақыл-ойын, қабілетін дамытуы «оқи алуға үйретуі керек» деген міндеттер қояды. Бұл дамыта оқыту идеясы деп аталады. Дамыта оқытудың Д.Б.Эльконин - В.В.Давыдов жасаған жүйесінің көздеген мақсаттарына жету тек баланың өзінің белсенділігіне байланысты. Осыған орай бұл жүйенің әдіс-тәсілдері де оқушының оқу белсенділігін ұйымдастыруды, қолдап көмектесіп отыруды көздейді. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік - зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезінетіндей жағдайда болуы керек. Содан барып оның білім алуға деген ынтаықшылығы артады, білім алуға әрекеттенеді. Сабақ мұндай жағдайда төмендегідей үш құрамдас бөліктерден тұрады:

1. Оқу мақсаттарының қойылуы.
2. Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру.
3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу [3].

Бұл үшеуі дамыта оқытудың Д.Б.Эльконин - В.В.Давыдов жасаған жүйесінің негізгі компоненттері оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу, іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ процесін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам ролінде. Шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі, әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Әрине, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермес. Дегенмен әр бала жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп отырады. Педагогикалық технологиялардың аттары, авторлары, мақсаты, ерекшеліктерімен танысып, оларды оқып - үйрену арқылы оқу материалын толық игертуге мүмкіндік беретін, басқа технологиялармен салыстырғанда өзінің тиімділігімен, әмбебаптығымен ерекшеленетін «Модульдік оқыту технологиясы».

Модульдік оқыту технологиясының мақсаты - материалды толық игерту әдістемесін меңгерту. Бұл оқытуда сабақтың семинар, конференция, диспут, топтық пікірталас сияқты формалары қолданылады. Ал жұмысты ұйымдастыру: топтық, жұптық, ұжымдық тұрғыда жүргізіледі. Негізінен модульдік оқыту технологиясы үш бөлімнен тұрады:

ІКіріспе.

Тақырыпты модульге енгізу - мотивациялық (Фридман). Оқушы бұл бөлімді не үшін, неліктен оқитынын саналы түсінуге, әрі қандай негізгі оқу міндеттері жүктелетіндігін білулері керек.

Бұл кезеңде мынадай оқу әрекеттері жүзеге асады:

- оқуға проблемалық жағдаят тудыру;
- негізгі оқу міндеттерін айқындау;
- оқушының өзін-өзі бақылап-бағалауы;
- алдағы жұмыстардың жоспарын талқылап, бірлесе отырып даярлау;

Ой-жүйрік, ол әр уақытта тілден озып кетеді. Тіл дамудың жеткен деңгейінен кейін қалып отырады. Жаңа білімді тілмен толық жеткізу қиын. Сондықтан сызба, кестелер т.б. белгілер арқылы түсіндірген тиімдірек.

Бала алғашқы түсініксіз сезімнен арылу керек, оның зердесінде түсінік ұғымдар упаковқадағыдай сақталып, қажетіне қарау керек.

Белгілік модульге:

- графиктер
- диаграммалар
- формула, теңдеу
- символдар, белгілік жүйелер жатады.

2. Диалогтық

Танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру (сұхбаттық) әрекеттік - танымдық. Бұл бөлімнің ерекшелігі: оқыту мен үйрету дамытушы-лықта және дайындықта жүргізіледі. Проблемелық, ізденушілік, зерттеу арқылы оқыту мен репродуктивті оқытуды үйлестіру. Диалогтық қарым-қатынаста оқушылар бір-біріне әсер етеді, ой қозғайды т.б. Оқушылардың белсенділігі артады, қарым-қатынасы нығаяды. Олар бірлесе отырып алға қойылған міндеттерді толық шешуге мүмкіндік алады. Ой жұмысы жеңіске жетуге борышты орындауға жетелейді.

3. Қорытынды.

Бақылау рефлексивті-бағалаушылық. Бұл бөлімде бақылау мен тесттің бірнеше түрлерін қолданамыз. Ал білімді бағалау объективті түрде болады. Бағалау мониторингі ұпаймен беріледі.

Қазіргі күнгі мектеп бағдарламаларында мұғалім балаға білім, білік, дағды беріп қана қоймай, ақыл-ойын, қабілетін дамытуға, «оқи алуға үйретуі керек» деген міндеттер қояды. Бұл «дамыта оқыту» идеясы деп аталады.

Білім мазмұнын, оның құрылымын анықтауда дамыта отырып оқытудың іргелі үш ұстанымын: теориялық деңгейін көтеру, білім мазмұнының жалпы адамзаттық құндылыққа бағдарлануы, пәндік білім, білік, дағдылардың оқушының тәрбиелік деңгейін сипаттайтын құндылық қатынастарды меңгертуде пәннің ролін көтерумен бірге білім мазмұнының интегративті сипатын қамтамасыз ету, оның адамгершілігін, этикалық талғамын, экологиялық салауатты өмір сүру мәдениетін халықтың озық салт-дәстүрі, рухани мәдени мұрасы негізінде тәрбиелеу сияқты ұстанымдар басшылыққа алынған.

Дамыта оқыту жүйесіндегі оқытудың барлық кешенінде мақсаттары мен шешімдері бала дамуына бағытталған. Соның нәтижесінде мүмкіндік алып, өз деңгейінде нәтижелерге жетеді. Төменде дамыта оқыту жүйесінің негізгі дидактикалық принциптеріне тоқтала отырып, ұлт мектептері осыдан өзіне не алады деген мәселеге тоқталсам:

1. Жүйедегі бүгінгі күннің өлшемімен қарағанда айрықша көкейкестілігімен ерекшеленетін принцип, жоғарғы қиындықта оқыту принципі. Бұл қағида баланың қиындатылған тапсырмаларды орындауға мүмкіндігінің бар екеніне көз жеткізеді. Бұл баланың шамасы келетін мәселелер төңірегінде айналсақтап тұрып, қалай білім деңгейін күрделендіру, сол арқылы оны қиындықты жеңуге үйрету, өз күшіне деген сенімін туғызуға әкелу. Баланың өзінің білетінінің төңірегінде ғана қалсақ, немесе ойлауға жетелемесек, оның дамуын тежегеніміз. Мысалы: күнделікті сабағымызда қарапайым нәселерді сұрау, жауап алу арқылы қанша уақыт жібереміз. Суретті көрсетіп тұрып, ондағы бейнеленген түйенің неше өркеші, неше аяғы бар екенін айтқызу бала үшін еш нәрсе бермейді. Немесе алма дөңгелек, қызыл болатындығын сұрап жату баланы дамытады деп айту қиын. Одан гөрі алма дөңгелек, қызыл болғанға дейін қандай кезеңдерден өткенін сұрап білу арқылы баланы ойландырамыз, өмірден алған білімін пайдалануға ықпал етеміз. Ондай қарапайымдылықтан арылу жағын әрбір мұғалім ізденгенде ғана жүзеге асыруға болады. Ол үшін бағдарламадан тыс сұрақтар қою, қосымша материалдар пайдалану қажеттігі туады, әрине күрделендіре-міз деп баланы шамадан тыс қиындықтарға әкелу жағынан сақтану керек. Баланың сабаққа деген ынтасы жоғалады, сенімі құриды.

2. Дамыта оқыту жүйесінің маңызды принциптерінің бірі- теориялық білімнің жетекші рөлі принципі. Бұл принцип бала тек теорияны оқуы, ғылыми терминдерді білуі, заңдарды жаттауы керек дегенді білдірмейді. Керісінше олар оқу барысында бақылаулар, қарапайым зерттеулер арқылы нәтижеге келулері керек. Өтіліп жатқан тақырыптағы заңдылықтарды, байланыстарды сезінуге, қорытынды-лауға үйрету. Бірақ жаттап алмай, сол қорытындыға саналы түрде әкелуге келтіру. Мұғалім осы күрделі жұмысқа басшылық жасап қана отырады.

3. Оқу процесін түсіну. Бұл принцип саналы оқу принципіне қайшы келмейді. Саналы оқу дегеніміз берілетін білімді ұғынуға бағытталған. Ал оқуды түсіну оқушы өз бойындағы оқудан алған өзгерістерді байқауы: бұған дейін мен мынаны білуші едім, осы пәнді оқу арқылы мынадай жаңа нәрсе үйрендім дегенді сезінуі.

4. Барлық оқушылардың жақсы, нашар дамуы үшін жұмыс істеу. Л.В.Занков жасаған жүйенің ерекшелігі балаларды жақсы, нашар оқушыға бөлмеу. Шынында да бұл бала жаратылысына қарама-қарсы келу. Егер баланың дені сау болса, оқу барысында ол қандай да бір дәрежеде дамиды. Тек соған сену керек, шыдамдылық көрсету керек.

Оқытушы мен оқушы арасындағы жаңаша қарым-қатынас орнату. Осы күнге дейін ұстанып келген мұғалімнің сыныпта беделі болуы, ол беделді балаларды қорқыту, зеку, айтқанын қалайда орындату арқылы баланың дамуына үлкен кедергі жасайды. Мысалы: ұрпаққа дұрыс жауап бермеген балаға «отыр, білмейсің» деген қатал үн қандай әсер етеді. Ол бала енді дұрыс жауапты ойламайды, дұрыс жауап беруге құлшынбайды [4]. Осындай бірнеше рет қайталанған ескерту баланы жасқаншақ, өз ойын айтуға қорқатын, бірте-бірте ақыл-ойы төмендеген, белсенділігі жоқ оқушыға айналдырады. Ендеше оқушыны кішкентай бала емес, адам деп қарау, оның жан дүниесін сезіне білу, көзқарасымен, пікірімен санасу, құрметтеу, білім алуға қажетті факторлардың бірі болып есептеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Беспалько В.П. Слагаемое педагогические технологии. – Москва «Педагогика» 1989. – 289 с.
2. Қабдықайыров Қ. Оқытудың жаңа педагогикалық технологиялары. – Алматы, 1999. – 315 б.
3. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. – Алматы, 2002. – 295 б.
4. Қуанбаева Б.О. Оқытудың педагогикалық жүйесін технологиялық негізде жетілдірудің дидактикалық шарттары. (Диссертация) канд. диссерт. Алматы 2004. – 135 б.

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУЫТУ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

ЖУМАБЕКОВА ФАТИМА НИЯЗБЕКОВНА

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақстан Республикасы, Астана қ.

ҚУАНЫШБАЕВА АРАЙЛЫМ НУРЖАНОВНА

Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің докторанты,
Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.

Резюме. Для повышения качества образования будущих специалистов, их всестороннее развитие и формирование профессиональных компетенций является актуальной проблемой сегодняшнего дня. Развитие профессиональных компетенций повышает качество работы будущего педагога-психолога и его работоспособность. В данной статье проведен анализ исследований по развитию профессиональных компетенций будущих педагогов-психологов, даны определения их видам.

Summary. To improve the quality of education of future specialists, their comprehensive development and the formation of professional competencies is an urgent problem of today. The development of professional competencies improves the quality of work of a future teacher-psychologist and his efficiency. This article analyzes research on the development of professional competencies of future teachers-psychologists, defines their types.

Қазіргі әлемде білім жеке тұлға мен қоғамның дамуында шешуші рөл атқарады. Осыған байланысты білім беру процесін психологиялық-педагогикалық қолдау міндеттерін шеше алатын жоғары білікті мамандарға сұраныс артып келеді.

Болашақ мамандардың білім сапасын арттыру үшін оларды жан-жақты дамытып, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады. Кәсіби құзыреттілікті дамыту болашақ педагог-психологтың жұмыс сапасын және оның жұмысқа қабілеттілігін арттыра түседі. Педагог-психологтар білім беру процесіне қатысушылардың психологиялық диагностикасын, түзетуін, кеңес беруін, ағартуын, психопрофилактикасын жүзеге асырады.

Кәсіби құзыреттілік – бұл психологияда, педагогикада, әлеуметтануда және басқа ғылымдарда белсенді зерттелетін және кәсіби қызметті жоғары деңгейде орындау үшін қажетті білім, дағдылар, жеке қасиеттер мен тәжірибелер жиынтығы.

Кәсіби құзыреттіліктің бірнеше анықтамалары бар:

К.К. Плахотнюк: "Кәсіби құзыреттілік – бұл кәсіби қызметті тиімді орындауға дайындығын қамтамасыз ететін маманның кәсіби білімінің, дағдыларының, жеке қасиеттерінің жиынтығы." [1].

А.В. Балаева: "Кәсіби құзыреттілік – бұл маман тұлғасының интегративті сипаты, ол үшін білімді, дағдыларды, жеке қасиеттер мен тәжірибені пайдалана отырып, кәсіби міндеттерді шешу қабілетін көрсетеді." [2].

И.А. Зиссер: "Кәсіби құзыреттілік – бұл кәсіби білімнің, дағдылардың, жеке қасиеттер мен тәжірибенің жиынтығы, маманның кәсіби міндеттерді сәтті шешуге қабілеттілігін қамтамасыз етеді." [3].

В.И. Чистякова: "Кәсіби құзыреттілік – бұл маманға өзінің кәсіби міндеттерін тиімді орындауға мүмкіндік беретін білім, дағдылар, жеке қасиеттер мен тәжірибелер жиынтығы." [4].

Педагог-психолог жұмысының тиімділігі көбінесе оның кәсіби құзыреттілік деңгейіне байланысты, оған мыналар кіреді:

-теориялық білім: психология, педагогика, жас физиологиясы, психологиялық-педагогикалық диагностика, түзету және кеңес беру әдістері;

- практикалық дағдылар: балалармен, жасөспірімдермен, ата-аналармен, педагогтармен жұмыс істей білу, психологиялық диагностика, түзету, кеңес беру, ағарту, психопрофилактика жүргізу;

- жеке қасиеттер: қарым-қатынас, эмпатия, стресске төзімділік, жауапкершілік, жұмысқа шығармашылық көзқарас.[5].

Болашақ педагог-психологтарды кәсіби даярлау жоғары оқу орындарында бакалавриат және магистратура бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады. Оқу барысында студенттер психологияның, педагогиканың теориялық негіздерін, психологиялық-педагогикалық диагностика, түзету және кеңес беру әдістерін үйренеді. Олар сондай-ақ қажетті практикалық дағдыларды игеретін оқу орындарында тәжірибеден өтеді.

Білім беру жүйесінде жасалып жатқан оң өзгерістерге қарамастан, болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға байланысты бірқатар проблемалар бар:

- білім беру мазмұнының қазіргі заманғы талаптарға жеткіліксіз сәйкестігі, оқыту бағдарламалары педагог-психологтардың жұмыс тәжірибесінің өзекті мәселелерін әрдайым толық көрсете бермейді;

- оқытудың интерактивті әдістерін жеткіліксіз пайдалану, студенттерге практикалық дағдыларды толық меңгеруге мүмкіндік бермейтін дәстүрлі оқыту әдістері басым;

- практикадан өту үшін шектеулі мүмкіндіктер, студенттер әрдайым практикадан нақты жағдайға жақын жағдайда өту мүмкіндігіне ие бола бермейді.

Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту проблемаларын шешу үшін:

- білім беру мазмұнын жетілдіру, оқыту бағдарламаларын жаңарту, оларға педагог-психологтардың жұмыс тәжірибесінің өзекті мәселелерін қосу;

- оқытудың интерактивті әдістерін белсенді қолдану, оқу процесіне іскерлік ойындарды, тренингтерді, психологиялық практикумдарды енгізу;

-практикадан өту мүмкіндіктерін кеңейту, студенттердің практикадан өтуі үшін білім беру мекемелерімен, психологиялық қызметтермен серіктестік құру.

Қазіргі жағдайда болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін үлкен мүмкіндіктер ақпараттық технологияларды қолдану. Ақпараттық технологияларды келесі мақсаттарда пайдалануға болады:

- ақпараттық технологиялар болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуда маңызды рөл атқарады. Ақпараттық технологияларды пайдалану келесі мүмкіндіктерді қамтиды:

- оқытудың тиімділігін арттыру,көрнекі, интерактивті құралдарды студенттердің жеке ерекшеліктеріне сәйкес ету;

- практикалық дағдыларды дамыту, студенттер ақпараттық технологияны психологиялық диагностика, түзету, кеңес беру үшін қолдана алады;

Болашақ педагог-психологтарды даярлауда ақпараттық технологияларды пайдалану бағыттары:

- оқу процесінде: теориялық материалды ұсыну, практикалық сабақтар өткізу, студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру;

- практикалық қызметте: психологиялық диагностиканы, түзетуді, кеңес беруді жүзеге асыру;

- ғылыми-зерттеу қызметінде: ақпаратты жинау және өңдеу, деректерді статистикалық талдау үшін.[6].

А.К.Маркова кәсіби құзыреттілікті белгілі еңбек функцияларын орындаудағы өзіндік жауапкершілігі, адамның біліктілігі мен қабілеттілігі, психологиялық сапалары, психологиялық жағдайының сабақтастығы ретінде анықтайды. Автор құзыреттілікті адамның кәсіби талаптарына сай жеке сипат дәрежесі, яғни адамның кәсіби қызметіндегі, кәсіби қарым-қатынастағы көрегендігі, оның даралығы мен кәсіби тұлғалық бейнесінің тұрақтануы деп пайымдайды. Осыған орай ғалым маманның төрт кәсіби құзыреттілік түрін ажыратады:

- кәсіби қызметті жоғары дәрежеде меңгеруіне және өзінің кәсіптік дамуын жобалау қабілетіне байланысты арнайы құзыреттілік;

- субъект-субъектілік біріккен қызметті ұйымдастыру біліктілігін меңгеруіне байланысты әлеуметтік құзыреттілік;

- өзін тұлғалық дамыту, өзін көрсету тәсілдерін меңгерген, сондай-ақ, кәсіби деформацияға қарсы тұруға мүмкіндік беретін тұлғалық құзыреттілік[7].

Е.Л.Иргит болашақ педагог-психологтарды теориялық және тәжірибелік даярлауда құзыреттілік тәсілдемесінің маңыздылығын негіздей отырып, болашақ маманның кәсіби дайындығын оның әдістемелік, кәсіби (арнайы) және әлеуметтік құзыреттіліктерін қалыптастырумен байланыстырады. Әдістемелік құзыреттілік педагог-психологтың арнайы кәсіби

құралдарды – технологиялар мен әдістемелерді, жеке адамға және топқа әсер ету іскерлігін меңгеруді білдіреді. Арнайы құзыреттілік нақты кәсіптік қызметті жүзеге асыруға қажетті теориялық білім мен практикалық іскерліктерді қамтиды. Әлеуметтік құзыреттілік маманның әлеуметтік жетілуін, белгілі бір этикалық тұстанымдарының, жеке тәжірибесінің, сондай-ақ өзге адамдармен тиімді қарым-қатынас орнату дағдыларының болуын білдіреді. [8].

Жоғарыдағы зерттеулерге сүйене отырып, болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің мәні мен мазмұны оның негізгі компоненттері, психологиялық-педагогикалық білім мен дағдылар, әдістемелік дағдылар, жеке қасиеттер және рефлексиялық қабілеттер ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылғандығын байқауымызға болады. Осыған орай болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға әртүрлі факторлардың әсерін зерттей отырып, осы мәселе бойынша зерттеулерді жалғастыру, ұсынылған әдістері мен құралдарын пайдалану бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу, білім беру ұйымдарының жұмыс тәжірибесіне болашақ педагог-психологтарды даярлаудың әзірленген жүйесін енгізу және жалпы, жүргізілген зерттеу болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту проблемасы өзекті болып табылатындығын және одан әрі зерттеуді қажет ететіндігін көрсетіп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Плахотнюк К.К. Профессиональная компетентность учителя. – Москва: Академия, 2005.
2. Чистякова В.И. Психология профессиональной деятельности. – Москва: Академия, 2006.
3. Балаева А.В. Психология профессиональной деятельности. – Москва: Академия, 2003.
4. Зиссер И.А. Психология профессиональной деятельности. – Москва: Академия, 2004.
5. Абильханова-Славская К. А. Психология личности и проблемы самоуправления. – Москва: МГУ, 1980.
6. Бадмаева Л.Д. Формирование профессиональной компетентности будущих педагогов-психологов на основе применения активных методов обучения // Известия Бурятского государственного университета. Серия: Педагогика. Психология.
7. Маркова А.К. Психология профессионализма. – Москва: Международный гуманитарный фонд «Знание», 1996. - 308 с.
8. Иргит Е.Л. Компетентностный подход в теории и практики профессиональной подготовки педагогов-психологов // Психология. Историко-критические обзоры и современные исследования. 2016. Том 5. 6А. S. 223-235 с.

УДК 373.1

МУҒАЛІМ МЕН ҮЛГЕРІМІ НАШАР ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІГІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ТАЗАБЕКОВА ГАЛИЯ ЖАНЫСБЕКОВНА

Әл-Фараби атындағы мектептің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қ.

Резюме. Особенности организации взаимодействия педагогов и неуспевающих учащихся является одной из наиболее актуальных проблем развития школы. Авторы статьи описывает особенности различных видов педагогических взаимодействий, раскрывают в этой связи роли субъектов образовательного процесса и предлагает способы построения конструктивных взаимодействий в школе: общение, диалог, учебное сотрудничество, интерактивное обучение и др.

Ключевые слова: школа, учитель, ученик, образование, неуспеваемость, воспитание, обучение

Summary. The specifics of the organization of interaction between teachers and underachieving students is one of the most pressing problems of school development. The authors of the article describe the features of various types of pedagogical interactions, reveal in this regard the roles of subjects of the educational process and suggest ways to build constructive interactions at school: communication, dialogue, educational cooperation, interactive learning, etc.

Keywords. school, teacher, student, education, academic failure, education, training

Қазіргі кездегі психологияда барлық аймақтарда жұмыс сапасының арту мәселесі сөз болып жатқанда, мектептегі келешек ұрпақтың тәрбиеленуі мен білім алу деңгейіне деген жауапкершілік артады. Осы жауапкершілікті қолға алу мақсатында үлгермеушілікті басты мәселелердің бірі деп санауға болады.

Бастауыш сынып оқушысының сабаққа үлгермеушілігін жеңу тек ғана педагогтердің мәселесі ғана емес, сонымен қатар психологтардың да өзекті мәселесі болып отыр. Осы үлгермеушілік мәселесінің туындауына түрлі жағдайлар әсер етеді. Көбінесе бастауыш оқушысының сабаққа үлгерімінің нашар себебі олардың әлеуметтік жағдайларына да байланысты, яғни отбасылық кейбір мәселелердің болуынан көрінді.

«Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында өскелең ұрпақтың білім алуының маңыздылығы атап өтіледі. «Білім беру-әрбір жеке тұлғаның дамуы мен әлеуметтік прогрестің қажетті шарты. Оқытудың нәтижесі-білім. Білім берудің тәрбиелік мәні-бұл мақсат емес, мақсатқа жетудің құралы [1]. «Жалпы орта білім беру деңгейінің басты міндеті оқушылардың ғылым жүйесінің базистік негіздерін меңгеруі болып табылады», - Қазақстан Республикасының 12 жылдық орта білім беру тұжырымдамасында мектептегі білім берудің негізгі міндеті бөліп көрсетіледі [2]. Сонымен қатар, мектепте бағдарламалық материалды игерудің ұзақ, тұрақты қиындықтары мұғалімдер, ата-аналар, психологтар және сәтсіз балалардың өздері үшін ең ауыр мәселелердің бірі. Ғылымның маңызды міндеті-білім берудің осы мақсаттары мен мазмұнындағы сәтсіздіктің мәнін ашу, сәтсіздіктің құрылымын, оның компоненттерін тануға болатын белгілерді анықтау, осы белгілерді анықтаудың ғылыми негізделген әдістерін жасау. Онсыз сәтсіздік факторларын ғылыми зерттеу және онымен күресу шараларын әзірлеу мүмкін емес.

Соңғы он жылда педагогикалық-психологияның жиі көтерілген мәселесі ретінде мұғаліммен оқушының өзара әрекеті немесе «мұғалім-оқушы» жүйесіндегі күрделі, көп аспектілі процесс ретінде педагогикалық қарым- қатынас болып табылады. Бір жағынан бұл мәселе зерттеудің жеке объектісі ретінде отандық және кеңестік педагогтердің еңбектерінде үлкен орын алған.

Адам өзінің өмірі барысында бір педагогикалық жүйеде екіншіге ауысып отырады (бала-бақша – мектеп - кәсіби оқу орындар - өндіріс). Педагогикалық жүйеде өзінің мақсаттары, міндеттері, мазмұны, құрлымы және педагогикалық міндеті ретінде бірлігі бар. Педагогикалық қарым-қатынас педагогикалық жүйенің ішіндегі процесс болса, онда педагогикалық қарым-қатынаста өзінің коммуникативті актінің функционалды актісі болу керек.

Шешуші субъектке қарағанда барлық үш міндет (танымдық, коммуникативті, ойлау) ішкі деп қарастырылады. Олар субъекттің мәселесі жағдайды шешу барысында пайда болады.

Тыңдаушының педагогикалық қарым-қатынас барысында келесі коммуникативті міндет бөлінеді: түсіну, есте сақтау, жаттау, игеру, жауап беру, қорытындылау, жоққа шығару, дәлелдеу. Әрине бұл міндеттер біркелкі емес, біреуі күрделі (дәлелдеу), екіншісі оңай (жаттап алу), бірақ сұрақтама нәтижесінде жиі кездесетін коммуникативті міндет ретінде түсіну, жауап беру, есте сақтау, жаттау сияқты міндеттерді айтып кеткен еді.

Педагогикалық қарым-қатынас ұғымын 3-ке бөліп қарастырған жөн:

- 1) оқу іс-әрекетін ұйымдастыру құралы,
- 2) оқыту мақсаты,
- 3) мақсат құралы ретінде де.

Д.Б.Эльконин бойынша оқу міндеті оқу іс-әрекетінің негізгі бөлігі. Оқу міндетінің басқаларға қарағанда негізгі айырмашылығы – ол оның мақсатымен нәтижесі субъекті өзгеруінде көрініс береді [3].

Осы ойды дамыта отырып, А.К. Маркова коммуникативті мәселелерге қолдануға болатындай оқу міндетінің бір ізділігінің иерархиясын анықтайды [4]. Коммуникативті міндет оқу іс-әректің тұрғысындағы оқу міндетін шешетін құрал деп қарастырылады. Мысалы, оқу барысында мұғалім оқушымен қарым-қатынасқа түскен кезде коммуникативті міндеттерді әр түрлі педагогикалық функциялар арқылы іске асырады.

Қазіргі кездегі коммуникативті міндетті іске асыру құрылымы ғана емес әлеуметтік бағдар, коммуникативті міндеттерін анықтайтын параметрлары және т.б зерттелініп жатыр. Сонымен коммуникативті міндет ретінде қарастырылған педагогикалық қарым-қатынас мұғаліммен оқушының арасындағы олардың оқу міндеттерімен жалпы оқу іс-әрекеттерімен қоса қарастыруға болады және әр түрлі қарым-қатынас жағдайларындағы бір жастық топтың және әр түрлі оқу пәнінің мәселесіне тән нақты эксперименталдық зерттеуді болжауға болады.

Қалыптасқан білім беру жүйесінде және кадырларды дайындауда оу ісәрекетін игеруі оың құрылымына кіретін элементтерді ұғынудан басталады. Оқу процессінің басты қатысушылардың арасындағы қатынас келесі үлгі бойынша қалыптасады: мұғалім («жетекші» позицияда) оқушының («бағынышты» позицияда) белсенділігі. Ол мұғалімнен берілген білім жәе дағдылар жиынын игеру, яғни оқу процессі репродуктивті сипатқа ие. Оқыту «монолог» принципімен құралады десек болады-бір бағыты (мұғалімнен мұғалімға).

А.Н.Леонтьев бойынша іс-әрекет тұтас, продуктивті процесс. Оның ішкі тұтастығы объективизациялауға келмегендіктен, тұлға іс-әрекетінің өзегімен негізделеді. Егер, адамда іс-әрекет мотиві болмаса онда ол іс-әрекетке де ие емес деп айтсақ болады: дағды, әрекет, әдістерді үйренгенімен ол шығармашылық, тұлғалық мотивтелген процессті жүзеге асырмайды, тек ісәрекеттің үлгісін ғана көрсетеді [5].

Қарым-қатынас жағдайында табысты іс-әрекетінің қалдыптасуына басқа не керек? Мұғалім оқушының қызығушылығын тудыртып, ал ойды іске асыруға көмектеседі ғой. Тұлғааралық қатынас жағдайында оқушы іс-әрекет интенцияға ие болуын ары қарай талдау керек және оқушыда мұғалімнен немесе басқа оқушылармен арақатынасынан туындаған іс-әрекетте арнайы мотив пайда болады. Бұл психологиялық құбылыстың механизмі болады.

Оқушымен мұғалімнің әрекеттесуі арқылы іс-әрекеттің қалыптасуына оптималды жағдай туғызады. Оған қоса осындай психологиялық толықтық жағдайда оқу серіктестігі өнегелік реттік факторына ауысады.

Сонымен, шынайы іс-әрекетті игеру тек оқу процессінің қатысушылардың диалогында серіктестік тұлғааралық оқу әрекеттестік жағдайларда ғана болады.

Мұғалім мен үлгермейтін оқушылардың өзара қарым-қатынасына әлеуметтік рөл де елеулі әсер етеді.

Қоғам мұғалімге белгілі қызметтерді жүктейді. Ол қарым-қатынаста, әрекетінде қоғамнан, ата-аналардан, оқушылардан күткен позициямен қамтамасыз етеді. Мұғалім өзінің әлеуметтік рөлдерде келіскен әрекет үміттерін орындайды. Әлеуметтік рөлде мұғалімге оқудағы тәрбиесі, білімі, даңқы толығымен тәуелді болады. Бір жағынан өзінің қызметтерін толық орындамаса, конфликті жағдайының пайда болуына әкеледі. Егер мұғалім өзін оқушылардың алдында ақтай алмаса, онда оқушылармен конфликт пайда болады. Егер мұғалім бастауыш сынып оқушысымен конфликт жағдайына жиі түссе, оқушылардың мұғалімге деген қанағаттанбаушылық пайда болады. Мұғалім сабақ түсіндіру барысында оқушыларға сұрақ қоюы мүмкін. Кім түсінбеді?- сонда бір оқушы тұрып, «мен түсінбедім»-дейді. Мұғалім қайта сұрайды: «кім түсінбеді? Егер сен оқуға үлгермесең келесі сыныпқа қалуық ықтимал»- дейді. Мұғалімнің жауабына көңілі толмаған оқушының сабаққа деген құлшынысы төмендейді. Сол кезде мұғалім мен оқушының арасында түсінбеушілік жағдай пайда болады. Мұғалім бастауыш сынып оқушысына айтылған сөздердің ауыр тигенін және топ арасында ыңғайсыз жағдайда қалдырғанын байқамайды. Осының әсерінен мұғалім мен оқушы арасында түсініспеушілік пайда болады.

Оқушы мен мұғалімнің өзара тұлғааралық байланыс қарым-қатынасының қандай екенін көрсетеді. Мұғалім мен оқушының арасындағы тұлғааралық бөліну олардың бір-біріне деген сезімдері өзара әрекетке дейінгі байланысты көрсетеді. Оқушы мен мұғалімнің арасындағы тұлғааралық рөлдер адекватты, зейінді, ұқыпты, жоғары талапкершілікті болса, онда бұл норманы көрсетеді. Егер бастауыш сынып оқушысы сабаққа үнемі дайындалып келсе, айтылған материалдар зейінімен тыңдалса, мұғалімнің де оқушыға деген көзқарасы өзгереді.

Бұндай жағдайда мұғалім қаталдық көрсетсе, оқушы мұғалімнің талаптарынан қорқады немесе оны тыныштықпен тыңдайды. Мұғалім оқушымен тұлға аралық қарым-қатынақа түскенде, бірінші әлеуметтік рөлде оқушының тәрбиесі мен іс-әрекетіне көңіл бөледі. Егер мұғалім өзінің шығармашылық қабілетін дұрыс тиімді өткізсе, оқушылардың еңбектерін дұрыс бағалай білсе, ал оқушы мұғалімнің айтқанын екі еткізбей орындаса, күнделікті сабаққа айналып келсе, онда оқушымен мұғалімнің арасында ешқандай стресстік жағдай мен қиындық тумас еді. Кейбір мұғалімдер бар, оқушыларға деген қамқорлығы жоқ, олар туралы ойламайды, үнемі олардың адамгершілік қасиеттерін төмендетеді және олармен ылғи конфликтілі жағдайда болады. Кей жағдайда мұғалімдер оқушылардың тәрбиесі жайында білгісі келмейді және оқушылармен жұмыс істегенді ұнатпайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Концепция воспитания в системе непрерывного образования Республики Казахстан. - Астана, 2009. - 40 с.
2. Концепция 12-летнего среднего образования Республики Казахстан. - Астана, 2010. - 40 с.
3. Эльконин Д. Б. Детская психология / Д. Б. Эльконин; ред.-сост. Б. Д. Эльконин. – 5-е изд., стереотип. – Москва: Издательский центр «Академия», 2008. – 383, [1] с. – ISBN 978-5-7695-5051-5.
4. Формирование мотивации учения: книга для учителя / А.К. Маркова, Т.А. Матис, А.Б. Орлов. – Москва: Просвещение, 1990. – 192 с. – (Психологическая наука - школе) . – ISBN 5-09-001744-1.
5. Леонтьев А. Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Смысл, Академия, 2005. — 352 с. — (Классическая учебная книга). — ISBN 5-89357-153-3, 5-7695-1624-0.

ӘОЖ: 37.032.7

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУЫНЫҢ ЖҮЙЕЛІ ЖОЛДАРЫ

АЙДОСОВА ЛАЗЗАТ ДАУЛЕТКЕЛДИЕВНА

Тараз қаласы білім бөлімінің №43 орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье утверждается, что учитель начальных классов должен понимать важность развития речи ребенка и что языковое развитие ребенка будет происходить быстрее, если языковое развитие ученика будет высоким. Важно начинать с периода внутренней речи при подготовке к устной и особенно письменной речи.

Summary. The article argues that a primary school teacher must understand the importance of a child's language development and that a child's language development will occur faster if the student's language development is high. It is important to start with the period of inner speech in preparation for oral and especially written speech.

Бүгінгі таңда қазақ мектептерінің өзекті мәселелерінің бірі-оқушылардың тіл мәдениетін көтеру, сауатты жаза алатын, өз ойын айқын жеткізе алатын азамат тәрбиелеу. Бұл мәселе туралы көптеп айтылып та, жазылып та жатыр.

Жаңартылған білім беру жағдайында бастауыш сынып пәндері бойынша педагогикалық тәсілдерді түсіну және қолдана білу үшін мұғалім өзінің жеке ұстанымын бағамдап алуы қажет. Сонымен қатар, мұғалім бастауыш сынып бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериялды бағалау жүйесін түсініп, қолдана білуін қамтамасыз етуді басты назарда ұстайды.

Тіл-білім алудың көзі болып саналады. Бастауыш сынып мұғалімі баланың тілін дамытуың маңызын түсінуі тиіс. Оқушының тілінің дамуы жоғары болса, ол оның өмір жолында, сыныптастарымен қарым-қатынасына, сонымен қатар мектепте нәтижелі оқуына әсер етеді. Алдымен сөйлеу әрекеті дегенге анықтама бере кетсек. Өзінің ерекшеліктері мен қызметіне қарай сөйлеу екі түрге бөлінеді: ішкі және сыртқы. Ішкі сөйлеу тағы да ауызша және жазбаша болып бөлінеді, ал ауызша монологтік және диалогтік болып бөлінеді. Сөйлеудің барлық түрлері бір-бірімен өзара байланысты. Бірақ, сөйлеу түрлерінің әрқайсысының оның өзіне тән ерекшеліктері бар. Ешқандай да ой тілсіз және материалдық сөйлеу үрдістерісіз айтылуы мүмкін емес.

Оқу әрекетінің негізі – оқушы десек, түпкі мақсаты оқушының ой-санасын өзгерту, дамыту екені белгілі. Оқу әрекеті психологтардың айтуы бойынша оқушының өзін-өзі тануы, өзгертуі.

Белгілі психолог М.Мұқанов: «Бастауыш мектеп жасындағылар мектеп табалдырығын аттап оқуға келгеннен кейін баланың психикалық дамуы ірі өзгеріске ұшырайды. Өзгеріске ұшырауының себебі ойынға қарағанда оқу талабының бала үшін қиындығында», - деп сипаттайды. Бала тілінің дамып қалыптасуы жоғарғы жүйке жүйесіне байланысты. Мектепке алғаш рет келген баланың психо-физиологиялық дамуы да (денесінің және психикасының дамуы) түрліше болады. Бала «арықтаудан» және «бойы өсуден», «толысуға» аяқ басады, яғни баланың бойының өсуі уақытша

тоқталып, салмағы артатын болады. Сонымен баланың бұлшық етінің де күші өседі. Бұдан баланың ұзақ, белсенді жұмыс істеуге деген бейімділігі әлдеқайда арта түсетінін байқаймыз.

В.В.Давыдов оқу әрекетінің мазмұнын аша отырып, «кіші мектеп жасындағы оқушыларда (сосын жоғары сынып оқушыларында) толыққанды оқу әрекеті қалыптасу үшін олар оқуміндеттерін жүйелі орындап отыру керек», - деп атап көрсетеді.

Ауызша, әсіресе жазбаша сөйлеуге даярлықта іштей сөйлеу кезеңі болады. Бұл іштей сөйлеу болып табылады. Іштей сөйлеу, жоғарда айтылғандай, ауызша және жазбаша болып бөлінеді. Жазбаша сөйлеуде қарым-қатынастың шарты мәтінімен байланысты. Жазбаша сөйлеу ауызша сөйлеуге қарағанда мазмұны жағынан ерекше жинақталған болады. Жазбаша сөйлеуде жазба белгілерді қолдану арқылы іске асады. Қазіргі тілдердің көбінде (идеографикалық жазу қолданатындарынан басқалары) сөйлеу дыбыстары әріптермен белгіленеді.

Бастауыш сыныпта оқушылардың сөйлеу әрекеттерінің қалыптасуы және дамуының нәтижелі шарттары қандай болмақ? Ең басты шарты-қарым-қатынастың қажеттілігі. Демек, өз пікірімен немесе ақпаратпен бөлісу тілегі мен қызығушылығын туғызатын, сөйлеу әрекетінде ынтықтасын айқындайтын жағдайларды қалыптастыру керек.

Екінші шарт ол-қарым-қатынас ортасын құру. Қарым-қатынас ортасы-бұл ата-аналардың, жақындардың, достардың әңгімелері, көркем әдебиет, бұқаралық ақпарат құралдары, мұғалімнің сөйлеу тілі, оқулықтардың тілі. Сөйлеу әрекеті оқушыға қарым-қатынасқа түсуге және дүниені танып білуге көмектеседі. Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеуге үйретуде психологияға сүйенбей болмайды. Сөйлеу тілін дамыту процесінде адамның еркі, есте сақтау қабілеті, ой-өрісінің дамуы, сезімі, маңызды рөл атқарады. Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілінің дамуы әрдайым педагогикалық басшылықты қажет етеді. Сөйлеу тілін дамыту мен байытуда жүйелі жұмыс қажет.

Тәжірибеде жүрген бастауыш сынып мұғалімдерінің байқауы бойынша бастауыш сынып оқушыларының жаттығуларды түсінбеуі, олардың тілінің дамуының жетіспеушілігінің себебі болып отыр. Жаңа сөздермен жұмыс тіл дамыту барысында ерекше орын алады. Оқушы әр сабақ барысында белгілі бір мөлшерде жаңа сөздерді меңгеруі тиіс. Сөйтіп, оқушылардың сөздік қоры молаяды. Сабақ барысында сөздерді жеке дара емес, белгілі бір жағдайға байланысты тақырып аясында қолдануға мүмкіндік жасалуы тиіс. Ахмет Байтұрсынұовтың: «Тіл дамыту мәселесі тек қана грамматика заңдарына үйреніп, не болмаса, сөздерді балаға үйретіп қана емес, сөзді тіршілігінде көрсету барысында ғана шешуге болады», - деген тұжырымы бұған дәлел бола алады. Сөйлеу әрекеті мен сөздік қоры молая бастаған сайын бала айналадағы адамдармен, құрдас балалармен белсенді түрде сөйлеу әрекетін жасайды. Осы тұста функционалдық сауаттылық мәселесіне тоқтала кету керек.

Функционалдық сауаттылық -адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол- ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

Бала тілін дамытып қалыптастыруда өз ұлтымыздың ауызекі шығармашылығының тигізер ықпалы зор. Халқымыздың ертегі, аңыз-әңгімелері, мақал-мәтелдері, жұмбақ, жаңылтпаштары, ойнақы, жеңіл тілімен беріледі. Балаға жаңылтпаш үйретіп, оны айтқызу сөзді дұрыс сөйлеуге әдеттендіреді, кейбір тілі келмей, бұзып айтатын дыбыстарды анық айтуға жаттықтырады. Ал жұмбақ айтқызу баланы тапқырлыққа үйретіп, ойлау қабілеті мен тілін ұштайды. Мақал-мәтелдерді пайдаланудың әдіс-тәсілдері көп. Оларды сыныпта, сыныптан тыс оқуда белгілі бір тақырыпты оқытумен бірге сәйкестендіріп алған ыңғайлы.

Сөйлеу тілін меңгерудің келесі жолы-кешенді оқыту. Ал оқушыларға арналған кешен: оқулық, фонограмма, күйтабақтар, ұнтаспалар, бейнетаспалар, дидактикалық үлестірмелік жаттығулар, сөздіктер, контенттер, білім беру порталдарына тікелей қосылу (онлайн) арқылы аудио оқулықтарды пайдалану. б.Әдебиеттік оқу сабақтарында ұнтаспаны қосу немесе бейнетаспаны көрсету арқылы тақырыпқа шығуға болады. Тақырыпты тапқаннан кейін оқушылар алдарына мақсаттарды қояды. Сабақ барысында тақырып мазмұнына сай дидактикалық үлестірмелі жаттығуларды беруге болады. Мысалы, жұппен жұмыста өз көршіңмен бірлесіп

диалог құру және оны сахналау. Бұл оқушылардың бір-бірімен қатынасын жақсартып, сахналауда тапқырлық пен ептеліктерін дамытады.

Бастауыш оқыту кезеңінде оқушылардың оқу материалдарын меңгеру мүмкіндіктері мен ақыл-ой қабілеті өте жоғары дамитындығы оқуды дұрысұйымдастырған жағдайда барлық психикалық үдерістерінің едәуір жаңа өзгеріс-жетістіктерге жететіндігін байқауға болады. Бала дамудың қай сатысына өтсе де, ол әрекеттің барлық түрін қамтиды. Бірақ олардың біреуі өзгелерінен басымырақ түрде дамитындығын байқаймыз. Бұл кезеңде баланың игерген сөзінің саны әртүрлі болады. Олай болу тәрбиенің күйіне байланысты. Бала тілі қалай болса солай дамымайды, ол сөз бен қатынастың, сыртқы әсерлердің нәтижесінде дамиды. Балалардың танымдық қажетсінулері олардың білімді сіңіруге деген қызығушылықтарын оятады. Мектепке алғаш келген бала сөйлеу дағдысын одан әрі дамытады, ол тілді жүйелі, ғылыми ұғымдарды меңгеруге дайын болады, оның жеткілікті сөздік қоры бар, сөйлемді дұрыс құрастыра алады, сондай-ақ қоршаған ортаға қатысты сөздер арқылы контексте берілген сөздердің мағынасын түсінеді.

Алайда баланың танымдық сұрауларына тек жауап беріп қою жеткіліксіз. Әр заттың өмірден алатын орны мен рөлін көрсеткен дұрыс. Баланың ұғымына әлі қиын құбылысты түсіндіргенде, оның жеңіл түрін іздестіру керек, мүмкіндігінше, көрнекілікпен соған жақына ойнайырағымен салыстыра отырып түсіндірген жөн. Мәліметтерді әртүрлі дереккөздерден тауып, оқыту әрі қарай туындаған әртүрлі сұрақтардың жауабын өзбетінше ізденуіне бағыт береді. Нәтижесінде балалар ақыл-ой әрекеттері (салыстыру, талдау, жинақтау) мен танымдық әрекеттер жүйесін орындайды. Алған мәліметтерді өңдеп, пайдаланғанда баланы жиі сөйлетіп, олардың ой-өрісін жетілдіріп отыру қажет, сөйлеу әрекетін дамытатын тапсырмалармен ұштастыру алғанақпараттың тез сіңуін қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.
2. Ж.Аймауытов. Бес томдық шығармалар жинағы. IV том. Алматы, Ғылым, 1998ж – 437 бет.
3. Мендаяхова Қ. Байланыстырып сөйлеуге үйрету арқылы қазақ тілін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері.
4. Әбенбаев С.Ш., Құдиярова А.М., Әбиев Ж.Ә. Педагогика. -А., 2003.
5. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы, 1989

ӘОЖ: 47.032.7

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

ИБРАГИМОВА САНДУГАШ НУРПАПАКЫЗЫ

Тараз қаласы білім бөлімінің № 46 орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье утверждается, что учитель начальных классов должен понимать важность развития речи ребенка и что языковое развитие ребенка будет происходить быстрее, если языковое развитие ученика будет высоким. Важно начинать с периода внутренней речи при подготовке к устной и особенно письменной речи.

Summary. The article argues that a primary school teacher must understand the importance of a child's language development and that a child's language development will occur faster if the student's language development is high. It is important to start with the period of inner speech in preparation for oral and especially written speech.

Қазіргі заман талаптарына сай жастарға білім және тәрбие беру, оларды жан-жақты дамыту — қоғам алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Кез келген елдің білім беру жүйесінің алдында қоғам дамуының қай кезінде болмасын үлкен міндеттер тұрғаны белгілі. Өйткені білім беруді

дамыту арқылы, мемлекеттің өсіп өркендеуіне жақсы жол ашылары сөзсіз. Мемлекеттің қалыптасып, саяси экономикалық бағыттардың дамып гүлденуі, білім беру жүйесімен тікелей байланысты болып отыр.

Математиканың күнделікті адам өміріндегі мәні орасан зор. Санай білмей, сандарды қосуды, азайтуды, көбейтуді, бөлуді дұрыс орындай білмей тұрып адам қоғамының дамуы мүмкін деп ойлауға болмайды. Арифметикалық төрт амал, ауызша және жазбаша есептеу ережелері бастауыш сыныптардан бастап оқылады. Бұл ережелерді бір адам ойлап шығарған немесе тапқан емес. Арифметика күнделікті практика талаптарынан, адамдардың еңбектеніп әрекет жасауындағы өмірлік мұқтаждықтарынан туған. Арифметика өте баяу және ұзақ уақыт дамыды.

Ұстаздың әрбір қылығы оқушыға әсер қалдырып, оның ары қарай жетілуіне ықпал ететіні бәрімізге белгілі. Мұғалім – оқушы атаулыға үлгі болатын өмірінің сан алуан жолынан адаспай өтуде оған бағыт беріп, жөн сілтеуші, баланы адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке, адалдыққа және басқа да сол сияқты ізгі қасиеттерге баулитын жан. Қазіргі заманымызда оқушының білім деңгейін көтеру мәселесі ең басты мәселелердің бірі болып отыр. Оқушының білім деңгейін көтерудегі басты тұлға – ұстаз екені бәрімізге белгілі. Оқушының білім деңгейін көтеру дегеніміз – оқушыны жан-жақты тәрбиелеп, ғылым негіздерінен берік білім беру, болашақ қоғамға пайдалы қызмет ететін азамат етіп шығару. Оқушының бойындағы білімін ары қарай тереңдетіп, жетілдіре түсу.

Бастауыш сынып математикасын оқыту үрдісінде есепті шығара білу шеберлігін қалыптастыру, жетілдіру және дамытудың шешуші бағыттарына тоқталайық.

1. Есеп шығаруға үйрету – математиканы оқытудағы ең қиын әрі күрделі мәселелердің бірі. Бұл балалардың шама-шарқына, психологиялық жас ерекшелігіне сәйкес салыстыру, жан-жақты талдау жасау, қарама-қарсы қою. Жалпылау, түрлендіру, зерттеу, әр алуан категорияларға біріктіру, қорытындылау, абстракциялау сияқты түрліше меңгеруіне байланысты бірдей дәрежеде орындала бермейді.

2. Балалардың топтық, өзіндік ерекшеліктері қабілет деңгейлерінің әр түрлілігіне байланысты, олардың бәрінен де бір тарақтың жүзінен шыққандай есепті шығара білуге біркелкі үйренеді деуге болмайды.

3. Есеп шығаруға үйрету алғашқы сабақтардың өзінде-ақ басталып, сынып ілгерілген сайын бірте-бірте сәйкес шеберлік те қалыптаса бастайды.

Ауызша есептеуге үйрету бастауыш сыныптан басталатыны бәрімізге мәлім. Ол уақыт үнемдеу тұрғысынан тиімді. Бір ғана мысалдың нәтижесін бірнеше тәсілмен есептегенде берілетін түсіндірмелер, аралық нәтижелердің қалай шығатыны, ақтық нәтижеде не болатыны ауызша айтылады да, оларды жазуға уақыт жұмсалмайды. Оған қоса қай тәсілді қолдану оқушының өз еркінде болғанымен, олардың барынша тиімдісін іріктеп алуды үйретуге де мүмкіндік мол.

Математика сабағында ауызша есептеу дағдыларын қалыптастыру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Сабақта оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін есеп шығарғанда орындайтын амалдарды ойша шешіп алуды дағдыландырған жөн. Бастауыш сыныпта математиканы оқыту тек математикалық білімді берумен шектелмейді. Бұл пән оқушылардың логикалық ойлауын дамытуда маңызы өте зор. Оқушылардың ойлау процесінің нақтылығын, тереңдігін анықтау үшін олардың белсенді іс-әрекетімен бірге өз бетінше жұмысын ұйымдастыру керек.

Ауызша есептеуге үйретуде оқушылардың білімі мен дағдысын тексеру кезінде арифметикалық диктант ретінде қолдануды ескеру қажет. Диктанттан кейін тексеруді ауызша жүргізген қолайлы. Бастауыш сыныптарда математиканы оқыту мектепке сабақ және сабақтан тыс жүргізілетін сабақтар формасында жүзеге асырылады. Сабақтарда балалардың математикаға деген ынтасын арттыруға, олардың өз бетінше жұмыс істей білу дағдысын тәрбиелеуге ерекше назар аударылады. Пәнге деген ынтасы мен өз бетінше ойлай білу өзара тығыз байланысты. Сабақ балалар үшін қызықты өткенде, олардың оқу жұмысында да белсенділігі артып, өз бетінше жұмыс жасап, белсенділігін арттырғандығынан олардың пәнге деген ынтасы өседі.

Оқушыларды өз бетімен ойлауға тәрбиелеп, математикаға деген ынтасын арттыру үшін оқыту әдістерін дұрыс тандап алудың маңызы зор. Оқудың белсенді әдістерінің бірі – оқушыларға өз бетімен жұмыс істете білу. Барлық сабақтың елеулі бөлігінде өз бетімен жұмыс істегенде оқушы жұмыстың мақсатын айқын түсіне білуі, оны орындауы, тексеруі және қателіктерді түзетуі сияқты өз бетімен істелетін жұмыстың жалпы әдістерін бірте-бірте игеріп алуы тиіс.

Оқушылардың сабақта өздігінен орындайтын жұмыстарын тиімді ұйымдастыру үшін математика кабинеттерінде дидактикалық материалды, үлестірмелі материалдар, баспа негіздегі дәптерлер, тағы басқа оқу құралдары жинастырылуы қажет.

Көрнекі құралдарды әр-түрлі тәсілмен пайдаланудың маңыздылығы оны жеткілікті және қажетті пайдалануды көрсету керек. Берекесіз пайдаланған көрнекілік өзінің сапасын жоғалтады. Мұнда оқу процесінің білімділігі де кемиді. Оқушылардың сабаққа ынта-жігері, қызығушылықтары жоғалады. Сондықтан көрнекіліктерді тиімді тәсілмен қолдану керек. Көрнекілік қолдану тәсілдерін таңдау үшін көрнекі құралдарды оқушылардың оқу процесіндегі ролін білуіміз керек. Көрнекіліктің оқу процесіндегі роліне қарай екі үлкен топқа бөліп қараймыз. Заттың-бейнелік көрнекі құралдармен таңбалы көрнекілікке бөлуге болады.

Бірінші топтың құралдары: суреттер, фотосуреттер, диафильмдер, кино үзінділері, табиғи объектілер және тағы басқалар. Осылар міне мұғалімге түсініктер мен ұғымдарды қалыптастыру кезінде сезімдік қабылдауына оқушыларға өзара жәрдем беріп отырады. Екінші жағдайдағы көрнекі құралдар: схемалық көлемді объектілердің күрделі байланыстарын, өзара тиімділігін және нақты бейнеде қабылдауға байланысты пайдалану керек.

Көрнекі құралдарды қолданудың осындай тәсілдерін білу мұғалімнің оларды дұрыс таңдап алуына және оқытуды тиімді түрде жүргізуге, сондай-ақ сабақтың сапасын арттыруға, оқушылардың зейінін бір мақсатқа бағындыруға көмектеседі. Сабақта көрнекі құралдарды тек қана бір тәсілмен қолдану дұрыс емес. Олар бір-бірімен араласып, біте қайнасып жатады. Көрнекілік математика сабағында білім көзі ретінде қолданылған, ол елеулі мәселеде берілетін білімдерді нақтылау мақсатында көрнекі құралдар да түрлі тәсілдермен қолданылады.

Қорыта айтқанда, ауызша есептеу математика сабағында өте тиімді. Сабақта оқушылардың ойлау қабілетін дамытады, есеп шығарғанда орындайтын амалдарды ойша шешіп алуға дағдыландыра отырып, шапшаң тез есептеуге сонымен қатар логикалық ойлаудың дамуына жол ашады.

Жоғарыда айтылып өткендей, оқыту процесінде бір-бірімен тығыз байланысты оқулықтардың, көрнекі құралдардың және оқытудың техникалық құралдарының тұтас жиынтығы пайдаланылады. Олардың ішінде ең маңыздылардың бірі — әр сыныпқа арналып жеке-жеке басылатын «Дидактикалық материалдар».

«Дидактикалық материалдар» ең алдымен курс бойынша орындалатын жаттығулар мен сабақтарда орындалатын әр түрлі жұмыстарды ұйымдастыруда мұғалімге елеулі көмек көрсетеді. Сонымен бірге, сабақ үстінде топтық немесе жеке-дара жұмыстар орындағанда, үлгерімі төмен немесе жақсы оқитын оқушылармен жеке жұмыс жүргізгенде, бақылау жұмысын ұйымдастырғанда; сондай-ақ оқушылардың әр алуан категорияларымен жұмыс істегенде «дидактикалық материалдар» кеңінен пайдаланылады. Оқушылар сабақта, ойын үстінде, ойлау, өлшеу, есептеу, табу, зерттеу жұмыстарымен шұғылданады.

Оларды ұштап, жетілдіріп отыру мұғалімнің міндеті деп білеміз. Бастауыш сыныптарда математика пәнін оқытуда баланың ой-өрісін дамытып, бағдарламада өтілген негізгі материалдарды практикада қолдана білуіне, оқушылардың сабаққа деген ынта-ықыласын арттыруына, өткен материалды өз мәнінде толық игеруіне мүмкіндік жасайтын тәсілдердің ішінде дидактикалық ойынның мәні зор. Сабақта өтілген материалға сәйкес дұрыс жүргізілген дидактикалық ойындар оқушылардың сабаққа қызығушылығын, белсенділігін арттырып, тақырыпты дұрыс меңгеруіне ықпал тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.
2. Ж.Аймауытов. Бес томдық шығармалар жинағы. IV том. Алматы, Ғылым, 1998ж – 437 бет.
3. Әбенбаев С.Ш., Құдиярова А.М., Әбиев Ж.Ә. Педагогика. –А., 2003.
5. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы, 1989

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БИ ӨНЕРІ - РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫ

КАРСАКОВА ШЫНАР МАРАТБЕКОВНА

Тараз қаласы білім бөлімінің М.Әуезов атындағы № 33 орта мектебінің хореография пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье утверждается, что казахские народные танцы – наследие страны, формировавшееся с древних времен и переплетающееся с богатой устной литературой, песнями и традиционным бытом нашего народа.

Summary. Kazakh folk dance is a heritage of the country, which has been formed since ancient times, and is intertwined with the rich oral literature, songs, and traditional way of life of our people.

Халқымыздың арғы-бергі тарихына терең зер салсақ, би өнерінің сонау ықылым заманның өзінде-ақ, қазақтың ұлттық өнерінің бір бұтағына айналғанын айқын аңғарамыз. Қазақ биінің бірнеше дәуірді бастан кешкені баршаға аян. Қазақ би өнерінің түп тамыры ғасырлар қойнауынан нәр алып, бүгінде еліміздегі кәсіби бишілер, би ансамбльдері мен би студияларымен жалғасып отыр. Қазақ биі - ұлттық дәстүрді, салтты танытатын өнердің төресі десек артық айтқандығымыз емес. Сайып келгенде, қазақ биінің арқауы халықтың жан дүниесі, оның таным-түсінігі, табиғатпен байланысы, философиясы. Міне осының бәрі кез келген бидің құрылымынан, болмысынан айшықты көрініс тауып жататынына күмән жоқ.

Қазақ биі – бишінің қозғалысы мен дене қимылы арқылы көркем образды бейнелейтін, ұлттық сахна өнері. Қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқан, халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы болып табылады. Халықтың көркемдік ойының бір көрінісі ретіндегі би өнері өзінің эстет. болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін қалыптастырған. Қазақ халқы ежелгі би өнерінің дәстүрі мен өрнегін сақтап, өзінің рухани қазынасымен ұштастыра отырып, ғасырлар бойы дамытқан. Қазақ биі халықтың тіршілік-тынысын, адамның табиғатқа көзқарасын, дүниетанымын айшықтайтын өнер ретінде өркендеуде. Қазақ биінің кейбір қимыл қозғалыстары, бақсы-балгерлердің ойындары арқылы қалыптасқан. Олар қобыз аспабымен бірге соқпалы муз. аспаптардың көмегімен де өздерінің бақсылық, балгерлік үрдістерін күшейтіп отырған. Қазақ биі өнері синкреттік түрде дамып, басқа өнер түрлерін насихаттау мен ақпараттық түрде бекіту және кейінгі ұрпаққа жеткізу барысында өзіндік маңызды рөл атқарды.

Ежелгі билердің канондық түрлері бізге жетпеген. Бірақ халық арасында би қимылдарын меңзейтін идеялар ұлттық ойындар мен салт-жораларда сақталған, тарихи және этногр. деректерде қалыптасу негіздері барлығы аңғарылады. Жиын-тойларда жұрт көңілін көтеретін күлдіргіш-қуақылардың өнерлерінде би қимылдары мол қолданылды. Қазақ биі көшпелі малшының тұрмыс-тіршілігін, табиғат көріністерін ұлттық таным-талғамға сай көркем бейнеледі.

Қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқан, халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы болып табылады. Халықтың көркемдік ойының бір көрінісі ретіндегі би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін қалыптастырған.

Қазақ халқы ежелгі би өнерінің дәстүрі мен өрнегін сақтап, өзінің рухани қазынасымен ұштастыра отырып, ғасырлар бойы дамытқан. Қазақ биі халықтың тіршілік-тынысын, адамның табиғатқа көзқарасын, дүниетанымын айшықтайтын өнер ретінде өркендеуде. Қазақ биінің кейбір қимыл қозғалыстары, бақсы-балгерлердің ойындары арқылы қалыптасқан.

Олар қобыз аспабымен бірге соқпалы муз. аспаптардың көмегімен де өздерінің бақсылық, балгерлік үрдістерін күшейтіп отырған. Қазақ биі өнері синкреттік түрде дамып, басқа өнер түрлерін насихаттау мен ақпараттық түрде бекіту және кейінгі ұрпаққа жеткізу барысында өзіндік маңызды рөл атқарды. Ежелгі билердің канондық түрлері бізге жетпеген. Бірақ халық арасында би қимылдарын меңзейтін идеялар ұлттық ойындар мен салт-жораларда сақталған, тарихи және этнографиялық деректерде қалыптасу негіздері барлығы аңғарылады. Жиын-тойларда жұрт көңілін

көтеретін күлдіргіш-қуақылардың өнерлерінде би қимылдары мол қолданылды. Қазақ биі көшпелі малшының тұрмыс-тіршілігін, табиғат көріністерін ұлттық таным-талғамға сай көркем бейнеледі.

Би – музыкалық ырғаққа сай дене қимылымен көрсетілетін өнер. Би өнері – тілсіз өнер, оның айтар мағынасы болуы шарт. Ол адам баласын үнемі көтеріңкі көңіл-күйде, қанаттанып жүруге мәжбүрлейтін өнер. Сонау ерте дүниеден адам аң мен құстың қимылына қарап, жапырақтардың сыбдырына, бұлақ суының сылдырына елтіп, соларды жанына тоқып дамыған. Би өнері сұлулық, сымбаттылық, әсемдік сыйлайды, еңбектенуге баулиды. Ол этика мен эстетикалық тәрбие беріп қана қоймай, жанға қуат береді. Би өнерімен айналысу балалардың көркемдік талғамын дамытады, олардың орындаушылығының сұлулығы мен байсалдылығын тәрбиелейді, жалпы мәдениетін қалыптастырады, балалардың гормоникалық, көркемдік-эстетикалық дамуын қамтамасыз етеді. Классикалық бимен айналысу балаларды әдемілікке және қимылдарының нақтылығына үйретеді, күші мен икемділігін арттырады. Олардың бұлшық-қозғағыш аппаратын, тыныс алу және жүрек-тамыр жүйелерін дамытып, мүлтіксіздігін нығайтады. Сонымен қатар, балалардан күш-қуатты, жинақылықты талап ететін би өнері олардың еңбексүйгіштігін көтереді, ерігі мен мінез-құлқын шынықтырады.

Алғаш рет «Хореография» терминін француз би үйретушісі Р.О. Фейе енгізді. Қазақстанда «Хореография» термині 20-шы ғасырдың 30-шы жылдары қолданыла бастады. «Би өнері адам өмірінің эмоциялық табиғаты мен оны қоршаған табиғи ортаны бейнелеген көркемдік шығармашылық салаларында елеулі орын алды. Осының қалыптасуы қоғамның әр алуан талаптарына, ең алдымен жастарды ұжымдық қарым-қатынастарды талап ететін аңшылық, соғыс кездерінде физикалық, рухани тұрғыда шымырлыққа тәрбиелеу қажеттілігіне байланысты болды».

Сол өнерлердің ішінде хореография өнері ерекше. Өйткені хореография ол - сөзсіз өнер. Оның негізі – би. Хореография - ой мен мазмұнды музыкалық-хореографиялық бейне арқылы ашатын сахналық өнердің бір түрі. Оның қайнар көзі - халық билерінде. Жалпы би – психиканың эмоциялық аясының жемісі. Музыкалық ырғаққа сай дене қимылымен көрсетілетін өнер ол би. Адамдардың күнделікті еңбек процесіндегі іс-әрекеттері, қоршаған дүниеден алған сезім-әсерлері би 174 қимыл-қозғалыстары мен ишараларына негіз болған. Табиғат құбылыстарын, аңшылық және соғыс көріністерін белгілі жүйеге түскен ырғақты қимыл - бимен бейнелеу көне дәуірде өмір талабынан туды. Келе-келе би қимылдарының мәнерлеу мүмкіндігі мен тәжірибенің молаюына орай жеке би өнері қалыптасты.

Халық биі-фольклорлық би, ол өзінің табиғи ортасында орындалатын және осы жерде белгілі дәстүрлі қозғалыс, ырғақтар, костюмдер және т.б. бар. Фольклорлық би-бұл сезімнің, көңіл-күйдің, эмоцияның табиғи көрінісі, бірінші кезекте өзі үшін, содан кейін көрермен үшін (қоғам, топ) орындалады. Біздің әлемде би бұрыннан пайда болды. Олар құстардың, жануарлардың, өсімдіктердің қозғалыстарын имитациялау арқылы қоршаған кеңістіктен әсер алды.

Халық биі - жеке аумақ пен халыққа тән би, ол өзінің ерекше қимылдарымен, ырғағымен, костюмімен және басқа да атрибуттарымен сипатталады. Мұндай Би би билеушінің эмоцияларын береді, оның бір нәрсеге деген қарым-қатынасын екінші кезекте көрермен қауымына арнайды. Ол билеушіге қатысты демократиялы және барлығына қол жетімді. Кәсіби болудың қажеті жоқ, би арқылы өз эмоцияларын жеткізуге жеткілікті. Тарих барысында бұл ұғымның бірнеше синонимі бар - фольклорлық, этникалық және дәстүрлі би. Біреу мұндай бірлестікті қате деп санайды, бірақ адамдар оларға бір түсінік береді. Халық биі ол дүниеге келген қоғамның сан ғасырлық және сан алуан тарихын айтып, көрсете алады. Халық билері әртүрлі сипатта және мағыналық негіз болуы мүмкін. Олар жиі Тарихи немесе діни болып табылады, бұл олардың қалыптасуында салт-жоралық, діни, этникалық дәстүрлер үлкен рөл атқарғанына байланысты. Бірақ олардың басты ерекшелігі-сол уақыт пен олар қалыптасқан аумақтың дәстүрлерін көрсету.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абилов Д.Т. История казахского танца: Учебное пособие. - Алматы: «Санат», 1997.- 160 с
2. Жиенкулова Ш. Би өрнектері. – Алматы: Рауан, 2010. - 314 б.
3. Аюханов Б. Современное состояние балетного искусства в Казахстане. Алматы, 17 января 2005 года. [Электрондық ресурс] URL: w

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕНЕДЖЕРДІҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ДАМУЫ ЖОЛДАРЫ

СЕЙДИБАЙ БАЙЗАК МҰХИТҰЛЫ

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье утверждается, что наставничество и коучинг играют решающую роль в изменении лидерских качеств менеджеров и педагогов в сфере образования. Эти методы обеспечивают личную поддержку, развивают профессиональные навыки, повышают мотивацию и самоэффективность, а также способствуют самосознанию и размышлению.

Summary. Mentoring and coaching play a crucial role in changing the leadership qualities of managers and educators in the field of education. These methods provide personal support, develop professional skills, increase motivation and self-efficacy, and promote self-awareness and reflection.

Тәлімгерлік пен коучинг білім беру саласындағы менеджерлермен тәрбиешілердің көшбасшылық қасиеттерін өзгертуде шешуші рөл атқарады. Бұл әдістер жеке қолдауы қамтамасыз етеді, кәсіби дағдыларды дамытуға, мотивация мен өзін-өзі тиімділікті арттыруға және өзін-өзі тану мен рефлексияға ықпал етеді.

Тәлімгерлік: тәлімгерлік тәлімгер болып табылатын тәжірибелі басшының немесе оқытушының және тәлімгер болып табылатын жас маманның немесе ұмтылатын оқытушының болуын болжайды. Тәлімгерліктің бір бөлігі ретінде тәлімгер жаңа дағдыларды игеруге, қиындықтарды жеңуге және кәсіби дағдыларды дамытуға көмектесу арқылы тәлімгерге қолдау, кеңес, кері байланыс және басшылық береді.

Тәлімгерліктің артықшылықтары:

1. Тәжірибе мен білімді беру: тәлімгер өзінің кәсіби арсеналын дамытуға көмектесу арқылы тәлімгер мен өз тәжірибесімен, білімімен және танылған әдістерімен бөлісе алады.

2. Қолдау және мотивация: тәлімгер тәлімгерге эмоционалды қолдау мен қолдау көрсетеді, оған қиындықтарды жеңуге және дамуға деген ынтасын сақтауға көмектеседі.

3. Кері байланыс және рефлексия: кері байланыс арқылы тәлімгер тәлімгерге өзінің күшті және әлсіз жақтарын білуге, сондай-ақ өзін-өзі көрсету дағдыларын өзгертуге көмектеседі.

Коучинг: Коучинг-бұл адамның қабілеттерін дамытуға және оның мақсаттарына жетуге бағытталған жеке сүйемелдеу процесі. Жаттықтырушы клиентке өз мақсаттарын, оларға жету жолындағы бағдарларды анықтауға және оларды жеңу стратегиясын жасауға көмектеседі. Коучингтің негізгі тұжырымдамасы - өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі оқытуға, сондай-ақ шешімдерді саналы түрде іздеуге баса назар аудару.

Коучингтің артықшылықтары:

1. Өзін-өзі оқыту : жаттықтырушы клиентке өз сұрақтарына өз бетінше жауап табуға және материалды терең игеруге және өзін-өзі дамытуға мүмкіндік беретін өзінің стратегиялық әрекеттерін жасауға көмектеседі.

2. Көшбасшылықты дамыту: жаттықтырушы клиентке эмпатия, тиімді қарым-қатынас, шешім табу және мәселелерді шешу сияқты көшбасшылық қасиеттерді дамытуға көмектеседі.

3. Қолдау және шабыт: жаттықтырушы Клиентті ынталандыруға және қиындықтарды жеңуге көмектесу арқылы оның күш-жігерін қолдайды.

Дизайнда тәлімгерлік пен коучинг білім беру саласындағы менеджерлер мен мұғалімдердің көшбасшылық қасиеттерін дамытудың қуатты құралдары болып табылады. Бұл әдістер кәсіби дамуға, жұмыстың уәждемесімен тиімділігін арттыруға, сондай-ақ қолайлы білім беру ортасын құруға бағытталған.

Инновациялар мен зерттеулерді ынталандыру білім беруді дамытудың және менеджерлер мен мұғалімдердің көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырудың маңызды аспектісі болып табылады. Бұл процесс оқытудың жаңа идеяларын, әдістері мен тәсілдерін әзірлеуді ынталандыратын жағдайлар жасауды, сондай-ақ олардың тиімділігі мен қолданылуын бағалау үшін зерттеулер жүргізуді қамтиды.

Шығармашылық ортаны ұйымдастыру: білім берудегі инновацияларды ынталандыру үшін тәрбиешілер мен менеджерлер өз идеяларын еркін жеткізе алатын және оқытудың жаңа тәсілдері мен тәжірибе жасай алатын шығармашылық және қолдау ортасын құру қажет. Бұл тәжірибе алмасуға және шығармашылық ойлауды дамытуға ықпал ететін жұмыс топтарын, мастер-кластарды, инновациялық зертханаларды және жұмыстың басқа түрлерін ұйымдастыруды қамтуы мүмкін.

Қолдау және қаржыландыру: Білім берудегі көшбасшылар инновациялық жобалар мен зерттеулерді белсенді түрде қолдап, қаржыландыруы керек, оларды жүзеге асыру үшін ресурстар мен инфрақұрылым ұсынуы керек. Бұл гранттарды бөлуді, үздік инновациялық идеяларға конкурстар ұйымдастыруды, сондай-ақ инновациялық бастамаларды қолдау үшін сыртқы серіктестермен және ұйымдармен ынтымақтастықты қамтуы мүмкін.

Оқыту және дамыту: инновацияларды ынталандыру педагогтармен білім беру мекемелерінің басшыларынан тұрақты оқыту мен дамытуды талап етеді. Көшбасшылар өз қызметкерлеріне шығармашылық ойлауды дамытуға, инновацияларды басқаруға және оқытуда жаңа әдістермен технологияларды қолдануға бағытталған білім беру бағдарламалары мен тренингтерге қол жеткізуге мүмкіндік беруі керек.

Зерттеу қызметін қолдау: Білім берудегі көшбасшылар педагогикалық зерттеулер жүргізуді, нәтижелерді талдауды және тәжірибеде жаңа педагогикалық тәсілдерді енгізуді ынталандыру арқылы өз қызметкерлері арасында зерттеу қызметін ынталандыруы және қолдауы керек. Бұған ғылыми конференциялар, семинарлар ұйымдастыру, ғылыми мақалалар жариялау және т. б. кіруі мүмкін.

Серіктестік және желілік байланыс: Білім берудегі көшбасшылар серіктестерді белсенді түрде іздеуі және басқа білім беру мекемелерімен, ғылыми орталықтармен, индустриямен және қоғамдық ұйымдармен желілік байланысқа қатысуы керек. Бұл тәжірибе, ресурстар мен идеялармен алмасуға ықпал етеді, сонымен бірге зерттеуді бірлесіп жүргізуге және білім беру практикасына инновацияларды енгізуге мүмкіндік береді.

Жалпы, білім берудегі инновациялар мен зерттеулерді ынталандыру менеджерлер мен мұғалімдердің көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, әр оқушының дамуымен жетістігіне бағытталған заманауи және тиімді білім беру ортасын құруға ықпал етеді.

Эмоционалды интеллекттің дамуы білім берудегі менеджерлер мен мұғалімдердің көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Эмоционалды интеллект өз эмоцияларын түсіну, басқару және білдіру қабілетін, сондай-ақ эмпатиямен басқа адамдар мен сапалы қарым-қатынас орнату қабілетін қамтиды. Эмоционалды интеллектті дамыту аналитикалық ойлау немесе уақытты басқару сияқты когнитивті дағдыларды дамыту сияқты маңызды екенін түсіну маңызды.

Менеджерлер мен тәрбиешілерде эмоционалды интеллектті дамытуға көмектесетін бірнеше әдістер:

1.Өзін-өзі көрсету: үнемі өзін-өзі көрсету тәжірибесі сіздің эмоцияларыңызды, олардың себептерімен салдарын жақсы түсінуге көмектеседі. Бұл эмоционалды интеллекттің маңызды аспектілері болып табылатын өзін-өзі тану мен зін-өзі басқаруды дамытуға мүмкіндік береді.

2.Стрессті басқару: тыныс алу жаттығулары, медитация немесе физикалық белсенділік сияқты стрессті басқару әдістерін жаттықтыру стресстік жағдайларға жауап беру қабілетін жақсартуға және эмоционалды тепе-теңдікті сақтауға көмектеседі.

3.Эмпатияны дамыту: эмпатия практикасы, яғни басқа адамдардың эмоцияларын қабылдау және түсіну қабілеті сапалы қарым-қатынас орнатуға, жанжалдарды шешуге және әріптестерімен, оқушылармен және ата-аналармен тиімді қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді.

4.Қарым-қатынас дағдыларын дамыту: белсенд тыңдауды, өз ойларыңызбен эмоцияларыңызды тиімді білдіруді қоса алғанда, қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру сапалы қарым-қатынас орнатуға және білім беру ортасындағы мәселелерді шешуге көмектеседі.

5.Жанжалдарды басқаруды үйрену: жанжалдарды тиімді басқара білу және даулы жағдайларды шеше білу эмоционалды интеллекттің маңызды аспектісі болып табылады. Жанжалдарды сындарлы шешу дағдыларына үйрету тұлға аралық қатынастардың сапасын жақсартуға және білім беру ұжымындағы шиеленісті азайтуға ықпал етеді.

6.Тұрақты оқыту және өзін-өзі дамыту: эмоционалды интеллект саласындағы тұрақты оқыту және өзін-өзі дамыту өз эмоцияларын және басқалардың эмоцияларын басқару қабілетін жақсартуға көмектеседі, бұл өз кезегінде білім беру саласындағы көшбасшылық қасиеттер мен тиімділікті арттыруға ықпал етеді.

Эмоционалды интеллектті дамыту білім берудегі көшбасшылық өсудің ажырамас бөлігі болып табылады, өйткені ол эмоционалды интеллектуалды қолдау көрсететін және өнімді білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, эмоционалды интеллектті дамыту білім беру саласындағы менеджерлер мен мұғалімдердің көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Эмоционалды сауатты көшбасшылар өздерінің эмоцияларын тиімді басқара алады, әріптестерімен, оқушыларымен және ата-аналарымен сапалы қарым-қатынас орната алады, сонымен қатар білім беру ортасындағы проблемалармен қақтығыстарды тиімді шеше алады.

Өзін-өзі көрсету, стрессті басқару, Эмпатияны дамыту, қарым-қатынас дағдылары және қақтығыстарды басқару арқылы білім берудегі көшбасшылар өздерінің эмоционалды құзыреттерін жақсартып, жұмысының тиімділігін арттыра алады. Эмоционалды интеллект саласындағы үздіксіз оқыту және өзін-өзі дамыту білім берудегі табысты көшбасшылықтың негізгі факторларына айналады, бұл оның барлық қатысушыларының дамуы мен табысқа жетуіне ықпал ететін қолдау көрсететін және шабыттандыратын білім беру ортасын құруға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Кравцова, М. В. (2018). Білім берудегі көшбасшылық: теория және практика. Мәскеу: "Академия" баспа орталығы. 44-46 бет
- 2.Никитин, С. Н. (2015). Білім беру жүйелерін басқару: теориядан практикаға. Мәскеу: "Юрайт" Баспасы. 51-53 бет
- 3.Андерсон, С. Е., & Маркс, С. С. (2017). Білім берудегі көшбасшылық: мақалалар жинағы. Новосибирск: НМПУ баспасы. 48-52 бет
- 4.Кузнецов, И. В. (2016). Болашақ мұғалімнің көшбасшылық қасиеттерін дамытудың педагогикалық технологиялары. Мәскеу: "Ағарту"Баспасы. 201-206 бет
- 5.Борисова, Л. А. (2018). Мұғалімнің көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары. Санкт-Петербург: "Лан" Баспасы.148-156 бет

ӘОЖ 372.4

САБАҚТА ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

РУСТЕМОВА Ш.К., СЕЙДУАЛИЕВА А.М.

Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушылары, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. По мере изменения времени, в обществе появляются различные перемены и новые начинания, видно, что «старое» трансформируется в новое, отражаются инновации и научные открытия. Непрерывность знаний и исследований, новое направление и творчество происходят с самого начала этих инноваций. Формативное оценивание должно быть неотъемлемой частью обучения, а не дополнительным обучением или тестированием. Определяет цели и результаты раздела в учебной программе, то есть каждый педагог может самостоятельно определить формативное оценивание на основе собственного опыта и должен включить в учебную программу все образовательные цели.

Summary. As time changes, various changes and new beginnings appear in society, it is clear that the “old” is transformed into the new, innovations and scientific discoveries are reflected. Continuity of knowledge and research, new direction and creativity occur from the very beginning of these innovations. Formative assessment should be an integral part of learning, not additional training or testing. Defines the goals and outcomes of a unit in the curriculum, that is, each teacher can independently determine formative assessment based on his own experience and must include all educational goals in the curriculum.

Заманауи білім беру бағдарламасының ерекшелігі - білім алушының қандай да бір іс-әрекетке құзіреттілігін дамыту, арттыру, қалыптастыру. Біз оқушының білімін, біліктілігін, дағдысын бағалаудан оның құзыреттілік қасиетінің қалыптасуын бағалауымыз керек, қазір

оқушылардың білімділігі ғана басты рөлде емес, басты рөлде оқушының құзыреттілігін, оның жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту, қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынасу, өзін-өзі дамыту, өзіндік білімін көтеру сияқты мақсаттар қойылған. Сол себептен оқытуға деген көзқарас өзгеріп отыр, оқыту нәтижесін бағалауда да жаңа бағытқа ие болуда.

Еліміздің білім беру жүйесіне енгізіліп жатқан оқытудың Кембридждік Бағдарламасы Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау модулін ұсынады. Бұл модуль бағалауды екі түрде қарастырады: суммативті (жиынтық) бағалау және формативті (қалыптастырушы) бағалау. Яғни мұғалімдер оқуды бағалаумен қатар оқыту үшін бағалауды пайдаланғанда, бағалау оқудағы аса пайдалы құралға айналады.

Сыныптағы бағалау тек қана техникалық тәсіл емес. Мұғалімдер жазбаша немесе ауызша түрде баға қою арқылы бағалайды. Олар қолданатын кез келген нысанның артында тек қана объективті немесе жеткілікті дәрежеде объективті емес нормалар мен стандарттар ғана емес, сондай-ақ баланың дамуы, оқуы және ынтасы туралы түсінік, сонымен қатар өзін өзі бағалау, қабілеттілік және күш-жігер сияқты ұғымдарға қатысты құндылықтар жатады. [Александр, 2001]. Кез келген мұғалім «Оқу үшін бағалау» нәліктен оқыту мен оқуды жетілдіру проблемаларын шешудің маңызды мәселесіне айналып отыр деген сұрақ қоюы мүмкін, онысы орынды да. Өздерінің бұрынғы тәжірибесі бойынша көптеген мұғалімдер, білім алушылар және олардың ата-аналары бағалауды оқыту және оқудан кейін болатын нәрсе ретінде қарастырады. Бағалау оқыту мен оқудың ажырамас бөлігі болуы мүмкін деген ойды қабылдау үшін біздің түсінігімізді едәуір өзгерту қажет болады. [САН. 51-52 б.]

Әріптесім екеуіміз сабақтарымызды бастамас бұрын тізбектелген орта мерзімді сабақ жоспарларын дайындап аламыз. Тізбектелген орта мерзімді сабақ жоспарларын бастауыш сыныптағы қазақ тілі пәнінің кезекті күнтізбелік тақырыптық жоспарына сәйкестендіріп таңдадық. Дайындау барысында жеті модульдерді төрт сабақтық қысқа мерзімді сабақ жоспарына бөліп, оларды қалай орындау керектігіне көңіл бөлдік. Сабақтың тақырыптары бастауыш сыныптағы қазақ тілі пәнінен біз әр сабақта сабақтың жоспарларына сай қолданған стратегияларға байланысты бағалау критерийлерін жасаймыз. Оқу үрдісіне орай әр сабақтың бағалаулары әр түрлі болады. Себебі, сабақтардың тақырыптары тізбектелген болғандықтан әдіс-тәсілдерді де сабақ мазмұнына сай алу керек.

Тәжірибе барысында «Джиксо», «INSERT», «Досыма хат», «Ыстық орындық», постермен жұмыс, «Ойлан, бірік, бөліс», «Еркін ойлау», «Миға шабуыл», «Ойды жалға», «Ойлаудың алты қалпағы», «Қар кесегі», «Айналым бекет», «Не жасай аласыз? Не үйрендіңіз? Қалай үйрендіңіз? Не үшін үйрендіңіз? Қайдан, кімнен үйрендіңіз?», «Төрт адамдық сұхбат» стратегиялары мен тәсілдерін қолдандық. Тренерге арналған нұсқаулықта «Бағалау – одан арғы білім алу туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жинақтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин болып табылады делінген». Сабақта әр түрлі әдіс-тәсілдерді ұйымдастыру арқылы студенттердің білім сапасының табысты болуын көздеу мақсатында әр сабақтың алдында көңілдерін көтеріп, сабаққа деген ынтасын арттыруға арналған тренингтер өткіземіз, студенттер бір-бірін бағалау жұмыстарын жүргізеді. Тәжірибелік сабақтарда бағалаудың түрлерін қолдану үшін «Өзін өзі бағалау», «Күту ағашы», «Пікір ағашы» кері байланыстар, «Инсерт» әдістерін пайдаланамыз. Алғашқы сабақтарда студенттерді топқа бөлу үшін туған айлары бойынша топтастырдық. Егер бір айда көп болып кеткен жағдайда 1, 2, 3, 4, 5 дейін санатып топқа бөлінді. Әр топ өз топ басшысын таңдап алды. Студенттер топ ережесін өздері жасады. Тәжірибелік бірінші сабақтарда білім алушылармен бірге өздерінің «Топ ережесін» құрып, осыған өздері бағынып, сабақта тәртіп ережесі сақталды. Сабақтың әр кезеңіндегі тапсырмаларға қарай топбасшысына өз топ мүшелерін берілген критерийлер бойынша бағалап отырды. Сабақ тақырыбына сай берілген мәтіндер мен бейне материалдардан көрсетілген үзінділер бойынша топтық жұмыстар жүргізілді. Топтар өз тапсырмаларын постер құрып қорғады. Өз жұмыстарын баяндап түсіндіру кезінде қалған топтар оларды «Жарайсыңдар!», «Керемет!», «Тамаша!» деген сөздермен және қол соғып қолпаштап бағалап отырды. Осылайша сабақ барысында бірін-бірі бағалау әдістері жүзеге асырылды.

Бағалау барысында қолданылған стратегиялардың тиімділігіне келетін болсақ, дәстүрлі сабақ кезіндегі 5 жүйелік бағалау студенттің нақты қай деңгейде екенін анықтап бергенімен, баланың жақсаруына, нәтижеге жетуіне мүмкіндік бермейді. Теориялық білімді практикамен ұштастыру барысында студенттің өзін және өзгені бағалауы студентке үлкен жауапкершілік пен сенім артады. Сондықтан да, студент өз міндетін жақсы атқарудың жолдарын қарастыруға талпынады және қызығады. Топ студенттеріне қосымша сабақтарда бағалау туралы, өзін - өзі

бағалау, өзгенің жұмысын бағалау, берілген тапсырмалардың критерийлері бойынша бағалауы туралы мағлұматтар беріледі. Оқыту үшін бағалауда студент өзін – өзі бағалауы, бірін – бірі бағалауы, ұсыныс, пікірлерін білдіруі, мұғалім студентпен кері байланыс орнатуы маңызды екенін ұғыну керек.

Студенттердің пәнге қызығушылығын арттыруда, сындарлы оқуын және түсінуін дамытып бағалауда формативті бағалаудың, яғни қалыптастырушы бағалаудың маңызы зор. Себебі осы бағалау жүйесі негізінде студенттер ертеңгі күнге ынталанып, ұмтылыспен кетеді.

Сабақты ұйымдастыру бөлімінде студенттерге сабақ барысында бағалауды өздері бағалайтындықтарын таныстырамыз. Бағалау парақтары топ басшыларына тапсырылады. Бағалау критерийлері таныстырылады. Бағалау парақтарында сабақ барысындағы іс-әрекеттер бойынша әр тапсырманы берілген балдар бойынша бағалап отыруды тапсырамыз. Мысалы, біз бірінші сабақта баға беріп, бағалау жұмысы жөнінде түсіндірдік делік. Бағалау критерийлері бойынша топ басшылары бағалап отырады. Әр ұпайдың критерийі бойынша сипаттайтын кесте жасакталады. Бағалау критерийлері: «Миға шабуыл» әр дұрыс айтылған нақты жауапқа – 2 ұпай, әдеби тілде жеткізе білуі – 3 ұпай. «Постер толтыру» Түйінді ой айтқандар – 3 ұпай, ойын толық тұжырымдай білгенге – 2 ұпай, көркем әдеби тілде жеткізе білу – 3 ұпай. «Джигсо» тәсілі өз пікірлерін дәлелдеп жеткізе білгенге – 3 ұпай, дұрыс жауап берсе – 2 ұпай, әр нақты жауапқа – 2 ұпай. Шығармашылық жұмыс «Досыма хат» өз ойларын нақты жеткізе білгенге – 2 ұпай, әдеби-теориялық терминдерді қолдана білгенге – 2 ұпай. «INSERT» әдісі толық толтырған әр студентке – 1 ұпай. 17-20 ұпайға - «5», 9-16 ұпайға – «4», 3-8 ұпайға – «3». Студенттер бағалау критерийлерін алғашқы екі сабақта дұрыс түсінбей кейбір топ басшылары уақытты тиімді пайдаланбады, бірін-бірі бағалауда бағаның әділ болмауы, толық түсінбегендіктен көтерме бағаның болуы кездесті. Үшінші, төртінші сабақтарда бағалау критерийлерін дұрыс түсінгендіктері байқалды. Мұғалімдер үшін сапалы нәтижеге әкелетін іс-әрекеттер критерийлер құрастыруға, өз іс-әрекетін саралап және болашаққа жоспарлай алатын мәліметтер алуға, сабақ берудің сапасын арттыруға, студенттің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың әр тұлғаға арналған ауқымын жоспарлауға, бағалаудың әр түрлі әдістерін пайдалануға, танымдық қабілеті мен ойлау, оқу бағдарламасын қолжетімді ету үшін ұсыныстар енгізуге тиімді және пайдалы. Ал студенттер үшін танымдық қабілеті мен ойлау деңгейін арттыратын оқытудың әр түрлі әдістерін пайдалануға, табысқа жетелейтін критерийлерін түсінуге, өзін және өзгелерді бағалау кері байланысқа түсуге қажетті.

Студенттермен жүргізілген кері байланыс барысында оларға критерийлер бойынша, өзін өзі бағалаулар ұнағанын байқадым. Олар бағалау туралы біраз мағлұмат алғандықтарын айтып, келешекте тағыда қалыптастырушы бағалау туралы білімдерін жетілдіргісі келетіндіктерін білдірді.

Оқу үрдісінде қолданған стратегиялар студенттер үшін маңызы зор деп айтуға болады. Өйткені топтағы әр студент өзінше жұмыс жасап, бір-бірімен ой бөлісіп, идея алмасады. Сабақты қорыту кезінде әр топқа шығармашылық тапсырмалар орындаған студенттерді «шапалақтау» арқылы бағалады.

Тапсырмаларды орындап болған соң топ басшылары өздерінің топтарындағы топ мүшелерін бағалап топтың қорытынды бағасын шығарады.

Оқыту үшін бағалау арқылы студент өз жұмысын ғана емес, басқаның жұмысын саралап, талдап, бағалай алады. Ең бастысы, алдағы жұмысын бағытын анықтай алады. Студенттің жұмысын өлшемдер арқылы бағалау нәтижесін жақсартуға, не істеу керектігін түсінуге мүмкіндік берсе, жетістігі үшін мадақтап, қолдау көрсету бойына сенім ұялатады.

Студент өзін-өзі бағалау арқылы оқуын қалай жақсартуға болатындығын көре алады. Қызығушылығы артып, белсенді жұмыс жасайтынына осы тәжірибе барысында көз жеткіздік. Бағалаудың нақты шығатын ұтымды жері бағалау критерийлері бойынша бағалау болып табылды. Сәтсіздеу жері бірін- бірі бағалаулары. Бұл кезде тым асыра бағалау көрініс табады. Алдағы уақытта оқу процесінде студенттің қызығушылығын арттыру мақсатында бұданда басқа бағалаудың түрлерін іздестіріп пайдалана керектігі ой үстінде. Осы мақсатқа жету үшін ізденіп, оқып, тренермен, әріптестерімізбен кеңесе отырып, әліде болса біз білмейтін, студент үшін қызықты, нақты баға беретін бағалаудың жолдарын қарастырып, оқу үрдісінде іске асырамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Кохаева Е.Н. Қалыптастырушы бағалау: әдістемелік құрал \ Астана: «Назарбаев Зияткерлік

мектебі» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014ж.

2.«Мұғалімге арналған нұсқаулық» ПҚМК\ «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2016 ж

3.Пит Дадли «Оқытудың белсенді әдістері»\ «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана, 2013ж.

4.Р.Х.Шакиров, А.А.Буркитова, О.И.Дудкина Оқушы жетістіктерін бағалау\ Әдістемелік нұсқаулық – «Билим», 2012.

ӘОЖ 371.297.02

ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА ҰМТЫЛУ– ОҚУ МЕН ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ

ЕГИЗБАЕВА АЙНУР АХМЕДУЛЛАЕВНА

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы

Тараз қаласының білім бөлімінің №15 мектеп-гимназиясы» КММ

бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы,

Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Стремление к инновациям – главная цель обучения и преподавания.

Summary. The pursuit of innovation is the main goal of learning and teaching.

Қазіргі таңда білім беру парадигмасы өзгеріп, білім берудің мазмұны жаңарды, білім беруге деген жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі бастамалар мен түрлендірулерге кеңінен жол аша отырып, тәрбие мен білім беру ісін жоғары деңгейге көтеруді қажет етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті- ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері атап көрсетілген.

Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені үйрену керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген тәрізді негізгі сұрақтар туындайды. Бұл сауалдар оқу бағдарламасымен және оқу бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық тәсілдермен тығыз байланысты. Қазіргі кезде оқу бағдарламасындағы ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар мектеп білім алушыларының жалпы үлгерімін арттыруды, сондай-ақ инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытуды, іске асыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді көздейді. Жаңартылған оқу бағдарламасы мен бағалау жүйесін енгізу аталған міндеттерді шешу үшін қабылданған шаралардың бірі болып табылады.

Оқу бағдарламалары мен оқу жоспарлары белгілі бір пән және сынып аясында білім алушылардың нені оқып, нені үйрену қажет екендігін айқындау үшін қолданылады. Сонымен қатар, жекеленген пәнді оқыту мазмұнына қысқаша шолу ұсына отырып, бұл құжаттар мүдделі талаптарға оқушылардың белгілі сынып аясында оқу бағдарламасы бойынша жалпы түсінік алуына, белгілі бір сыныпта оқушылардың қандай білім, білік, тәжірибе жинақтайтынын анықтауға мүмкіндік береді. Мұғалім әрбір кезеңде қолданатын оқыту үлгілеріне (жеке, жұптық, топтық, бүкіл сыныптық), оқытудың әдіс-тәсілдеріне мән беруі керек, себебі белсенді сабақта мұғалім мен білім алушының атқаратын қызметі мен іс-әрекеттерінде үлкен өзгеріс бар; сабақты жоспарлағанда мұғалім педагогикалық іс-әрекетінің мазмұнын анық көрсетеді, яғни өзінің және білім алушыларының орындайтын әрекеттерін ашып көрсетеді. Белсенді сабақта білім алушылардың әрекеті танымдық, коммуникативтік және өзін-өзі басқару тұрғысында көрініс табады. Оқу мақсаттары нені оқып-білу және нені бағалай алу керектігін көрсетеді. Егер нәтижесінде неге қол жеткізуіміз керектігін білмесек, оқу мен оқытудың табыстылығын бағалау да мүмкін емес. Бағалау критерийлері оқу мақсатына жетуге бағытталған қадамдар ретінде қарастырылады. Бағалау критерийлерін нақты анықтамай қалыптастырушы бағалауды тиімді

жүргізу мүмкін емес. Сабақтың әдістемелік жобасын құру барысында мұғалім белсенді оқу әдістерін ұтымды қолдану арқылы оқу мақсаттарының орындалуына барынша қол жеткізуді ұстанады. Мұнда оқу-танымдық үдерістердің табыстылығына әсер ететін ынталандыру, жағымды психологиялық орта орнату, білім алушылардың жеке және жас ерекшеліктерін ескеру сияқты маңызды мәселелерді басты назарға алу керек.

Жаңаша білім беру жүйесінде белсенді оқытудың әдістері жеке тұлғаның қалыптасуында маңызы зор. Оқытудың белсенді әдістері-оқу материалын игеру үдерісінде білім алушыларды белсенді ойлау және практикалық әрекетке итермелейтін әдістер. Белсенді оқыту мұғалімнің дайын білімді баяндауына, оларды есте сақтауы мен қайта жаңғыртуына емес, білім алушылардың белсенді ойлау және практикалық әрекет үдерісінде өз бетінше білімдер мен біліктерді меңгеруіне бағытталған әдістер жүйесін пайдалануды білдіреді. Белсенді оқыту әдістерінің ерекшеліктері олардың негізінде практикалық және ойлау әрекетіне ояту жатыр. Онсыз білімдерді игеру алға жылжушылық болмайды. Оқытудың белсенді әдістерінің пайда болуы және дамуы оқытудың алдына білім алушыларға білім ғана беріп қоймай, танымдық қызығушылықтар мен қабілеттердің, шығармашылық ойлаудың, өз бетінше ақыл-ой еңбегінің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ету т.б. жаңа міндеттер қойылумен байланысты.

Белсенді оқытудың мәні-оқу үдерісі іс жүзінде барлық білім алушы таным үрдісіне тартылатындай болып ұйымдастырылуында. Сабақтың тиімділігін және табыстылығын қамтамасыз ету- мұғалімнің айтарлықтай күш-жігерін жұмсауын қажет етеді. Дегенмен, сабақтың тиімділігін арттыру әрбір педагогтің қолынан келетіні анық. Тиімді сабақты ұйымдастыруда кездесетін мәселелер: сабақта қолданатын әдіс-тәсілдердің бірсарындылығы; сабақта уақытты тиімді қолданбау; проблемалық оқыту элементтерін сирек қолдану; сабақта АКТ тиімді қолданбау; барлық білім алушылардың танымдық әрекетке тартылуын қамтымау; сабақтың және тапсырмалардың логикалық құрылымына мән бермеу; сабақта көрнекі құралдардың жеткіліксіздігі; жаттығулар мен тапсырмаларды немқұрайлы таңдау; оқушыларды шектен тыс көп тапсырмалармен жалықтыру.

Аталған қиындықтарды шешу жолдарының бірі-сындарлы оқыту теориясын басшылыққа алып сабақты белсенді әдістер қолдану арқылы тиімді жоспарлау болып табылады.

Табыстылыққа ұмтылу-оқу мен оқытудың негізгі мақсаты. Білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу алдын ала болжауға мүмкін болмайтын көптеген жағдайларға тәуелді күрделі үдеріс. Оқудың табыстылығы пәннің ерекшелігіне сәйкес тиімді әдістерді таңдай білетін мұғалімнің шеберлігіне байланысты болатыны анық. Сонымен қатар мұғалімнің мәдениеті мен білім алушыларға деген сүйіспеншілігінің ең маңызы зор. Егер білім алушы сабақтан жаңа нәрсе үйреніп, өзіне көңілі толып шықса, сабақтың жақсы өткені, мұғалімнің еңбегі табысты болғаны, ал егер білім алушы сабақтан ештеңе үйренбей, немқұрайлы көңіл-күймен шықса-сабақтың сәтсіз болғаны; демек мұғалімнің ойлануы керек деген сөз. Дегенмен сабақтың табысты болуы тек мұғалімге қатысты нәрсе емес, білім алушының ынта-жігері мен өзінің білім алуына деген жауапкершілігіне де байланысты. Сабақта әрбір білім алушының өзіндік маңызын және өзінің қаншалықты табысты болғанын сезіне білуі қажет. Бұл үшін мұғалім дайын, жаттанды білім беруден арылып, білім алушыны жаңа білімді өздігінен игеруіне бағыттауы керек.

Сабақта белсенді әдістер қолдану білім алушының өзіндік рефлексия жасау дағдыларының дамуына, сыныптағы жалпы жұмысқа үлес қосып, қатысқанын сезінуге, оқу үдерісінің белсенді мүшесі болуына, танымдық белсенділігінің артуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ, мұғалімнің сабағын қызықты ұйымдастыруына, білім алушыларының танымдық әрекетін күшейтіп, өзінің кәсіби шеберлігін шындай түсуіне ықпал етеді.

Оқу пәндері арасында байланыс орнату білім беру бағдарламасының аясын кеңейтіп, теңестіреді, тереңірек білім алуға мүмкіндік береді, көптеген дағдыларды қалыптастырады, түсінік пен дағдыларды дамытуға көмектесе алады, оқудың анағұрлым саналы меңгерілуіне көмектеседі, оқуға деген уәжді арттыра алады.

Білім алушылардың қажеттілігін қанағаттандыру тәсілінде білім алушылардың оқуға қолдау көрсету мақсатында тексеру және кері байланыс ұсынылады. Яғни, уәжді және өзін-өзі бағалау деңгейін арттыра отырып қай бағытта оқыту керектігі анықталады. Сонымен бірге білім алушылардың өз жұмысын жақсартуына мүмкіндік беріп, білім алушылардың барынша тиімді оқу жолдарын түсінуіне көмектеседі.

Қорыта айтқанда, сабақта тиімді әдіс-тәсілдерді тиімді қолдансақ, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алып, шығармашылық, зерттеушілік қабілеттерінің қалыптастыруға ықпал етеміз. Білім алушылар бойына мейірімділік, бір-біріне деген сенімділік

қасиеттерін ұялата аламыз, себебі олар топпен жұмыс жасағанда бірлесіп жасауға үйренеді, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артады. Міржақып Дулатовтың «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт-оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасак та, дүниедегі сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз-оқу. Надан жұрттың күні –қараң, келешегі –тұман» деген сөздерімен аяқтағым келіп отыр. ХХІ ғасыр-ғылым ғасыры. Мақсатты білім беру-тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе. Ал осы жалпыеуропалық стандартқа сай жаңа білім беру-жеке тұлғаның жан-жақты дамуына әкелетін бірден-бір жол!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Астана, 1998 ж.
2. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, 1992 ж.
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. – Астана, «Дастан» баспауы, 2000 жыл, 336 бет.
4. Тәжібаева Т.С. ХІХ ғасырдың 2-ші жартысындағы Қазақстандағы ағарту ісінің педагогикалық ой-пікірдің дамуы.
5. Әбілова З.Ә. Этнопедагогика. – Алматы, 1997ж.
6. Сабыров Т. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары. – Алматы, 1978 ж.

ӘОЖ 821.512.122

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ

ЖУМАДИЛОВА Т.М.

Амангелді атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

Резюме. В статье рассматривается важность национальных ценностей
Summary. The article discusses the importance of national values

Қазақы мінез, қазақы рух, қазақы менталитет, қазақы тәрбие деген қасиетті сөздерімізді үлкен мақтанышпен сөз қылып айтып жүрсек те, осы ұлтымыз үшін маңызды ұғымдардың түпкі мағынасы өзгеріп, тек сөз күйінде қолданыста қалғандай сезім болады. Біле білсек, қазақы құндылықтардың ішкі мәнін терең түсініп, болмысымызға айналдырып, құнды қасиеттерімізді бойымызда дамыта білсек, қазақ халқында әлемді таңғалдырарлықтай мол рухани қазына, сарқылмас рухани қуат көзі жатыр. Ұлттық құндылықтарымыз – ұлтымыздың мәңгілік қорғаушы шамшырағы. Кезінде Алаш ардақтылары ұлттық құндылықтарымызды өз бақытын, өз басының амандығынан жоғары қойып, табандылықпен, жанын салып қорғай білді. Ұлттық құндылықтарымыз – ұлтымыздың қорғаны, келешегіміздің кемел болу жолында сәулесін шашып, құлдырап кетуден сақтап тұратын мәңгілік шамшырағымыз. «Еліміздің ұйытқысы – әдет-ғұрпымыз» деп қазақ әдебиетінің майталманы Ғабит Мүсірепов айтпақшы, әдет-ғұрып – халықтың ғасырлардан санасына сіңіріп, өмір сүру қағидаларын құрайтын жоралғылар, салттар жиынтығы. Қоғамның саяси өмірінде ел бірлігін сақтау мақсатында билер соты жариялылығы, әділдігі, шешендігі мен даналығы арқылы екі жақты татуластырумен бітімгершілікке көп мән беріп отырды. Бабаларымыздың қара қылды қақ жарған әділдігі мен өткірлігін біз бүгінгі алдымызда отырған білім алушылардың бойына дарыта білуіміз қажет. Ұлттық қадір-қасиет – ұлттық сана-сезімнің өзегі, адамгершіліктің бірегейі, халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық санасының жемісі, кісілік қасиеттер жиынтығы. Қазақ халқы өз ұрпағын адамгершілікке, ізгілікке, инабаттылыққа тәрбиелеуді ежелден-ақ өзінің басты мақсаты етіп қойған. Ұлттық құндылығымыздың ең бастысы адамның өмір сүруіне ең қажетті байлық – ана тілі. Тіпті дініміз, салт-дәстүріміз, мәдениетіміз, тарихымыз, ұлттық өнеріміз, барлық рухани байлықтарымыз тіл арқылы сақталып, баяндалатыны баршамызға айқын. Атадан балаға мирас болып келе жатқан салт-дәстүрімізді, елдігімізді, дінімізді сақтау, ардақтау қасиетті іс. Еліміз көпұлтты мемлекет болған соң әртүрлі дін өкілдерінің болуы заңды құбылыс. «Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды.

Патшалықтың, төңкеріс дүмпі мен тоталитаризмнің барлық ауыртпалығы мен қиыншылықтарына қарамастан, біздің еліміздің аумағында тұратын қазақтар және басқа да халықтардың өкілдері өздерінің мәдени ерекшеліктерін сақтай алды. Тәуелсіздік жылдарында жаһандану мен вестернденуге қарамастан, біздің мәдени іргетасымыз беки түсті. Қазақстан – бірегей ел. Біздің қоғамда әртүрлі мәдени элементтер бір-бірімен біріккен және бірін-бірі толықтырып тұрады, біріне бірі нәр беріп тұрады. Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әралуандығымен және ұлылығымен қойып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек» деген болатын. Сондықтан да егеменді ел болып, өз тіліміз бен дініміздің тізгіні өз қолымызға берілгендіктен, мәдениетімізді ата-бабаның салт-дәстүрімен суарып жандандыра алсақ қана оның ұлттық тарихи бейнесі сомдалмақшы. Қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрі дүние жүзі халықтарының мәдениеті мен салт-дәстүрінен көп ілгері болып келді, оның тұнып жатқан асыл маржандарын толықтап жинақтап қазіргі жас буындарға жеткізу парыз.

Әр ұлттың өзінің ұлттық құндылықтары болады. Бір ұлтты екінші ұлттан ерекшелендіріп тұратыны – оның тілі, әдет-ғұрпы, салт-санасы, ертегілері, мақал-мәтелдері, лиро-эпостық және батырлар жырлары, әдет-ғұрпы, салт-санасы, менталитеті, мәдениеті, өнері, тағамдары, ұлттық қолөнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Осылардың бәрі – ұлттық құндылықтарға жатады. Ұлттық құндылықтарды әр ұлттың ата-бабалары өздерінің өмір сүру салтына байланысты шығарып, пайдаланып, дамытып ұрпақтарына мұра етіп қалдырып отырған. Сондықтан ұлттық құндылықтар сол ұлттың меншігі болып есептеледі. Оны әр ұлттың ұрпақтары сақтап, заманына қарай дамытып отырулары керек. Егер халық өздерінің ұлттық құндылықтарын жоғалтып алса, ол халық – «ұлт» деп саналмайды. Сондықтан әр ұлт өздерінің ұлттық құндылықтарын сақтауға тырысады, әрі қорғайды. Мысалы, қазақ халқының ұлттық ойындарының біреуі – асық ойыны.

Асық ойнау: баланың ойлау қабілетін дамытады, адамдармен тез тіл табыса білуге үйретеді, денені шынықтырады, қан айналымы мен тыныс алу мүшелерінің жұмысын жақсартады, баланың көзі қашықтықтан көруге дағдыланады, мергендікке баулиды, бойдың жылдам өсуіне көмектеседі, таза ауада тері жасушалары ашылып, ағза тынығады.

Ал, қазақтың ұлттық бұйымы бесіктің пайдасын өмірдің өзі дәлелдеп, осы уақытқа дейін жетіп отыр. Баланың таза болуы, ұйқысының тыныш болуы өз алдына, баланың ана құрсағынан жарық дүниеге келген соң табиғи өсуіне әсер етеді. Жапонның әйгілі медицина ғалымы Гау Шцияу Иде Илаң қазіргі заманғы озық аспаптарды қолдана отырып зерттеу жүргізген. Оның зерттеуі бойынша «сәби өмір есігін ашпас бұрын, ана құрсағында жүріп тербеліске түседі. Алайда өмір есігін ашқан соң жарық дүниеге бірден үйлесе алмайды. Сондықтан оны ана құрсағындағыдай әлдилеп, тербетіп отыру керек» деген қорытынды жасайды. Міне, қазақ халқының ұлылығы, осы процестерді өзінің өміріне пайдаланып, бала жарық дүниеге бейімделгенше, бесікке бөлеп, тербетіп отырған. Білім беру ұйымдарындағы ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі нұсқаулықта ата-аналарға арналған сабақтардың әдістемелік тәсілдері мен мазмұны сипатталған, отбасы мен мектептің әлеуметтік әріптестігін дамытуға бағытталған практикалық материалдарды ала отырып мектебізде «Адамның үйлесімді дамуы» ұлттық институтының ғылыми-әдістемелік кеңесі ұсынған тақырыптар негізінде ай сайын ата-аналарға арналған 1-4 сынып жетекшілері, 5-8 сынып жетекшілері, 9-11 сынып жетекшілері сабақ өткіздік. Ондағы мақсат ең бірінші тәрбиені дұрыс жолға қою арқылы ата-анамен, оқушылармен, ұстаздар арасындағы дұрыс үйлесімді дамыту, яғни үштік одақты күшейтіп, алдымыздағы ұрпақ тәрбиесін басты назарда ұстау арқылы білімді, білікті жан-жақты дамыған, иманды, өз ойларын еркін жеткізетін жеке тұлғаны қалыптастыру.

Кез-келген елдегі жағдайдың шынайы өлшемі – балаларға қаншалықты қамқорлық жасалуы, олардың денсаулығы мен қорғалуы, материалдық әл-ауқаты, білімі және әлеуметтенуі. 2022 жылы Халықаралық балаларды қорғау күніне орайластырылған сөзінде Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж.Тоқаев мемлекеттік саясаттың балалық шақты қолдауды басты назарда ұстайтынын атап өтті: «... әлемде балалардың бақыты мен күлкісінен маңызды ештеңе жоқ. Өскелең ұрпақтың жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау әрқашан біздің мемлекетіміздің басты міндеттерінің бірі болды» [zakon.kz, 2022].

Қазіргі уақытта кез-келген мемлекеттің даму деңгейінің негізгі көрсеткіші ретінде анықталған адамның әл-ауқаты [Stiglitz, 2009], біздің республикамыздың ұлттық білім беру жүйесін дамытудың стратегиялық бағдарына айналды [Қазақстан Республикасының Президенті, 2022].

Адамның әл-ауқаты қоғам мен мемлекет дамуының әмбебап индикаторы ретінде әртүрлі аспектілерде қарастырылады. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы денсаулықты адамның физикалық, психологиялық және әлеуметтік әл-ауқатының жағдайы ретінде сипаттайды [Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымының Жарғысы (Конституциясы), 2005].

Әл-ауқат ұғымы білім беру сапасымен қамтамасыз етілген танымдық аспектіні де қамтиды. 2015 жылы оқушылардың қабілетін бағалау жөніндегі халықаралық PISA бағдарламасы аясында жүргізілген ауқымды зерттеуде оқушылар әл-ауқатының негізгі объективті және субъективті көрсеткіштері анықталды: физикалық денсаулық, білім деңгейі мен дағдылары, оқушылардың өздері және олардың өмірі туралы ойлары, мектеп ортасының әл-ауқаты, сондай-ақ оқушының мектептен тыс әл-ауқаты (мектептен тыс орта) [OECD, 2018].

ЮНИСЕФ тұжырымдамасына сәйкес «балалардың әл-ауқаты» ұғымы бірқатар көрсеткіштерді көрсетеді: материалдық әл-ауқат; денсаулық жағдайы және қауіпсіздік; білім беру; отбасындағы және құрдастарымен қарым-қатынас; тәуелді мінез-құлық факторлары; балалар мен жасөспірімдер әл-ауқатын субъективті қабылдау [UNICEF, 2007].

Қазақстанда балалардың хал-ахуал индексі сияқты ұлттық мониторингтік механизімін енгізу балалардың денсаулығы мен қорғалуының жай-күйі, олардың материалдық әл-ауқаты, білімі мен әлеуметтенуі туралы мемлекеттің қамқорлығының көрінісі болып табылады.

Бала хал-ахуалының индексі өскелең ұрпақтың ең өткір мәселелерін анықтау және шешу, балаларды қорғау саласындағы ведомствоаралық үйлестіруді күшейту үшін қажет. Кедейшілік пен азғындық балалардың денсаулығын, олардың танымдық қабілеттерінің дамуын, мектептегі үлгерімін, өмірлік ұмтылыстарын, өзін-өзі бағалауын, құрдастарымен және отбасымен қарым-қатынасын нашарлатады, тәуелді мінез-құлық факторларын анықтайды, баланың болашағына көлеңке түсіреді.

Психологтар мен мұғалімдер өскелең ұрпақтың инфантилизм сияқты ерекшеліктерін; эмоционалды байланыстардың болмауы және ақпараттың көптігі салдарынан жүйке жүйесі дамуындағы бұзылуларды; назардың жетіспеушілігі мен гиперактивтілікті аса аlandaушылықпен атайды.

Өз-өзіне қол жұмсауға әкелетін балалардың психоэмоционалды жағдайының бұзылуы; балаларға қатысты қылмыстар, физикалық және психологиялық зорлық-зомбылық (қорқыту, кибербуллинг және т.б.); балалар қылмысы; электрондық кеңістіктің теріс әсері (интернет, әлеуметтік желілер) [Мацкевич, 2021].

Бүкіл әлемде ара-тұра орын алатын мазасыздыққа жауап ретінде қазіргі балаларға кез-келген стресстік жағдайда эмпатия, эмоционалды интеллект, есте сақтау қабілеті, сыни тұрғыдан ойлауы аса қажет.

Баланың әл-ауқатының басты факторы тәрбиеленіп жатқан отбасының әл-ауқаты болып табылады. Осыған орай бүгінгі таңда әрбір қазақстандық отбасына өмір сүру сапасын арттыру үшін қолайлы жағдайлар жасау туралы мәселе күн тәртібіне орынды қойылды.

Отбасы – бұл адамның бүкіл өмірлік циклімен бірге жүретін маңызды топ қана емес, сонымен бірге қоғам мен мемлекеттің тұрақты және орнықты дамуының негізі. Материалдық әл-ауқат қана емес, сонымен қатар адамның жеке бақыты көбінесе отбасындағы өмір сүру жағдайларына байланысты болмақ. Оның әл-ауқаты ұрпақтар арасындағы және отбасындағы қарым-қатынас мәдениетіне тікелей байланысты, демек, бұл - қоғам мен жалпы мемлекеттің әл-ауқаты [Томас, 2017].

Отбасы бала тәрбиесінің басты факторы ретінде өскелең ұрпаққа толыққанды өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етуге арналған. Әр бала бақыт, махаббат пен түсіністік атмосферасында өсуі керек. Күрделі заманауи әлемде адамның өміршеңдігі әл-ауқаттың субъективті қабылдауына байланысты. Егер бала отбасында сүйіспеншілік пен қолдау көрмесе, онда ол эмоционалды күйзеліске ұшырайды, бұл агрессия, тежелу, қорқыныш, оқшаулану түрінде көрінеді. Зерттеушілердің пікірінше, бұл адам есейгенге дейін бірге жүреді.

Егер, керісінше, ата-аналар баласына сүйіспеншілік пен қолдау көрсетсе, онда ол эмоционалды жайлылық күйіне ие болып: сенімділік пен белсенділік; өзін-өзі бағалау мен бақылау; жетістікке ұмтылу сияқты құзіреттіліктерді меңгереді.

Зерттеушілер ата-аналарды баланың дамуы мен тәрбиесінің негізгі көзі ретінде қарастырады, олар балаға мектепте, ортаға бейімделуге, өз өмірін өз бетінше басқаруға қажетті дағдыларды игеруде маңызды рөл атқарады [Shepard, 1995].

Қазақстандық отбасылардың көпшілігінің балаларды толыққанды тәрбиелеу мен дамыту, олардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар жасаудағы мүмкіндіктері қандай?

Өкінішке орай, зерттеулер қазақстандық қоғамда отбасы институттарының әлсіреп, ғасырлар бойы қалыптасқан отбасылық құндылықтар мен дәстүрлердің жоғалып бара жатқанын анықтап отыр. Дәстүрлі білім беру тәжірибесі әрдайым қоршаған әлемнің келбетін өзгертетін терең, сапалы өзгерістерге сәйкес келе бермейді.

Адамдардың әлеуметтік жіктелуі күшейе түсті. Көптеген отбасылар үшін кедейліктен шығу қиынға айналды, өйткені табысы төмен және мүмкіндігі шектеулі отбасылардың балалары жақсы білім алуда, денсаулығын жақсартуда, жоғары жалақы алатын жұмысқа қол жеткізуде және т.б. әртүрлі қиындықтарға тап болады. Қазіргі ата-аналардың едәуір бөлігі, ең алдымен, өмір сүру, ақша табу мәселесімен айналысып, балаларымен араласуға жеткілікті уақыт бөлмейді, балалар ата-анамен ара-қатынастың жоғалуына байланысты өздерін жалғыз және психологиялық тұрғыдан дәрменсіз сезініп, кейде аға буындардан да жатсынатыны байқалады.

Мамандар қазіргі отбасылардың көпшілігі қолайсыз психологиялық климатпен, қарым-қатынастың тұрақсыз түрімен, отбасылық мақсаттардың бағдарсыздығымен, өмірдің мәнін прагматикалық парадигмаға дейін төмендетумен сипатталады деп алаңдайды.

Қолайсыз отбасылардың үлес салмағы өсуде. Отбасының қолайсыздық критерийлеріне мыналар жатады: асоциалды өмір салты; балалар мен ата-аналар арасындағы қатынастардың бұзылуы (қақтығыстар, зорлық-зомбылық, иеліктен шығару, немқұрайлылық және т.б.); ата-ана міндеттерін толық орындамау (баланы бетімен жіберу, қалыпты даму үшін қарапайым жағдайлардың болмауы, баланың мектепте бармауы және т.б.).

Қазақстандық отбасыларға балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету мәселелерінде қалай көмектесуге болады? Мемлекет қабылдаған маңызды әлеуметтік-экономикалық шаралардан басқа, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен тәрбиелеуге қатысуын арттыру, отбасы мен мектептің өзара байланысын жақсарту қажет. Бұл қатынастар көбінесе ресми немесе қарама-қайшылықты сипатта болады.

Балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуінің тиімді жолдарын анықтау ата-аналардың білімге қатысуын кеңейтудің заманауи тұжырымдамаларына көмектеседі. Ең танымал модель Д.Эпштейн [Epstein, 2007], оның ішінде мектепті, отбасын және жергілікті қоғамдастықты біріктіруге ықпал ететін іс-әрекеттің алты түрі бар.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламаларының мазмұны ұлттық құндылықтарға, балалар әл-ауқатының теориялық негіздеріне сүйенеді, олардың жас ерекшеліктерін ескеру.

Бүгінгі таңда белең алған жастар арасындағы келеңсіз жайттардан арыламыз десек, ұлттық тәрбиеге баулитын салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымыздың маңызының тереңде екендігіне көз жеткіземіз. Жалпы баланың бойына қадір-қасиетін жоймаған салт-дәстүрлермен, әдет-ғұрыптармен, жыраулық қисса-дастандар, шешендік өнер және нақыл сөздермен, эпостық және батырлар жырымен, мақал-мәтелдер, ұлттық ойындармен тәрбиелеу арқылы сіңіргені абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абай Кунанбаев. Слова назидания. - Алматы: издательство «Алматы кітап», 2022.
2. Баласағұн Ж. Құтты білік – Мазмұндама баспасы, 2022.
3. Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы 2021 жылғы баяндама, Нұрсұлтан, 2021.
4. Жұбаназарова Н.С. Жас ерекшелік психологиясы: оқулық. – Алматы, Қазақ университеті, 2014. – 285б.
5. Хмель Н.Д. Жалпы білім беретін мектептегі педагогикалық процесс. – Алматы: «Ғылым», 2002. – 168 б.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

МАҚСҰТ МАДИНА ТАЖІРАХМАНҚЫЗЫ

Шоқан Уалиханов атындағы орта мектебінің математика пәні мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются эффективные аспекты рационального педагогического мастерства в образовательном процессе. Проиллюстрировано и проанализировано эффективное действие новых технологий и инновационных методов в образовании. Определены пути правильного использования передовых технологий в образовании.

Ключевые слова: Педагогика, процесс, единый, структура, урок, организация, основной, форма, класс, система, преимущество, внешний вид, новаторство, технология.

Summary. The article discusses the effective aspects of rational pedagogical skill in the educational process. The effective action of new technologies and innovative methods in education is illustrated and analyzed. The ways of correct use of advanced technologies in education are determined.

Key words: Pedagogy, process, unified, structure, lesson, organization, basic, form, class, system, advantage, appearance, innovation, technology.

Педагогикалық үдерістің біртұтастығы тұрғысынан алғанда сабақ осы үдерісті ұйымдастырудың негізгі формасы болып табылады. Сыныптық-сабақтық жүйенің барлық артықшылықтары сабақта көрініс табады. Білім беру процессінде педагогикалық үдерісті ұйымдастыру формасы ретінде сабақтың артықшылықтары оның фронталды, топтық және жеке жекелей жұмыстарды сабақтастыру мүмкіндігінің молдығында болып табылады.

Сабақты дамыту үрдісі сабақты өмірлік маңызы бар мазмұнмен толықтырудан, оқытуды оқушы өмірінің табиғи құрамдас бөлігі ретінде ұйымдастырудан көрінеді. Осыған байланысты сабақ арнайы ұйымдастырылған танымдық құбылыс болып қана қоймайды, сондай-ақ әлеуметтік және адамгершілік тұрғысынан алғанда толыққанды маңызды танымдық әрекет болып табылады. Ол танымдық мүддені, оқуға және дамытуға белсенді оң қатынас қалыптастыруға бағытталған, оқу қызметінің өзгеше коммуникативтік маңызын қамтамасыз ету құралы ретінде көрінеді. Бұл үрдістің пайда болуы оқытудың сұхбаттық түрлерін (әңгіме, талқылау, пікірталас), проблемалық элементтерін, оқу жұмыстарының фронталды, топтық және жеке оқыту нысандарын сабақтастыруды кеңінен пайдалану және оқытудың топтық, ұжымдық үлгісінің үлесін кеңейтуді қамтиды. Қытайдың бір нақыл сөзінде: «Маған айтшы – мен ұмытып қаламын; маған көрсетші – менің есімде қалады; өзіме істетші – мен сонда түсінемін» [1] делінген. Осы сөздерден белсенді оқытудың мәні өз көрінісін табады.

Жаңаша сабақта интерактивті әдістерді пайдалану кезінде оқушылар түсіну процесіне толық қанды қатысушылар болады, оның тәжірибесі оқу танымының негізгі қайнар көзі қызметін атқарады. Мұғалім дайын білімді бермейді, бірақ оқушыларды өз бетімен ізденуге үйретеді. Білім берудің дәстүрлі нысандарымен салыстырғанда, белсенді оқытуда мұғалім мен оқушының өзара әрекеттестігі ауысады: педагогтың белсенділігі оқушының белсенділігіне орын береді, ал педагогтың тапсырмалары олардың өз біліміне жауапкершілігін сезіну үшін жағдай жасаушы болады.

Белсенді оқыту жаңашыл қазіргі сабақтарда кеңінен қолданыста болады.

Бұл әдістерді игеру және қолдану үшін, мұғалімге топтық өзара әрекеттердің әр түрлі әдістемелерін білу қажет. Белсенді оқыту өзара түсінікті, өзара әрекеттестікті, өзара байытуды қамтамасыз етеді. Интерактивті әдістер ешқандай жағдайда да дәрістік материалдардың орнын ауыстырмайды, бірақ оны жақсы меңгеруге септігін тигізеді, және ең маңыздысы: пікірді, қатынастарды, мінез-құлық машығын қалыптастырады.

Белсенді оқыту әдістері: «Миға шабуыл», шағын-лекциялар, топтардағы жұмыс, бақылау парағы немесе сынақ, рөлдік ойын, ойын жаттығулары, жобаны әзірлеу, жағдайлық тапсырмаларды шешу, сапаршыны (визитерді) шақыру, сарапшы топтарының пікірсайыстары,

сұхбаттар, сахналау, жағдайдан жеңілу, оқушының рөліне ену, сюжеттік суреттерді талқылау, сұрақ – квиз (бақылау) және т. б.» [2.18].

Заман талабына сай білім берудің парадигмасының өзгеруіне сәйкес құзыретті білім беру басшылыққа алынып, оқу-білім үйретудің жаңа әдістері пайда болды. Құзыретті білім беру көбіне Еуропа елдерінде ұлттық білім беру стандарттарында қолданылады. Әр мұғалім өз пәнінде ақпараттандыру технологиясын пайдалануы: Мультимедия, электронды оқулықтармен жұмыс істеу, керекті ақпараттарды интернеттен шығарып алып пайдалануды іс жүзінде үйренуі керек. Ел басшысы өз сөзінде «Жаңа ғасыр – адамгершілік ғасыры, ал адамгершілік бастауы – мектеп. Ауыл баласының білімі мен тәрбиесі жаһандану аясында ұлтты рухани мәңгірттіктен сақтандыру ұлттық тәрбие мен білімнің қайнар бұлағы» [3] - деген еді. Ал, әлемдік өркениетке жету, мектепті компьютерлендіру, интернет желісіне енгізу және қолданудан көрінбек. Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімде ғана. Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. Болашақта еліміздің мәртебесін көкке көтеріп, экономикасы мен ішкі және сыртқы саясатын дамытатын да бүгінгі жас ұрпақ.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту мектептің басты міндеті болып отыр. Ал, бүгінгі білім кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару мұғалімнің қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылығының жемісімен келмек. Сондықтан да, әрбір білім алушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру инновациялық технологияны ендіруді міндеттейді.

Инновациялық педагогикалық іс-әрекет белгілі оқытудың, тәрбие беру мен дамытудың стереотипіне қарама-қайшы, ол белгілі межеден шығып, жеке шығармашыл, өз бағытымен жұмыс істей алатын мұғалім қалыптастыруға бағытталады. Педагогикалық жаңалықтарды жасау, игеру қолдауды біріктіретін инновациялық процесстер білім беруді жаңарта алатыны сөзсіз. Сондықтан да, инновациялық процестерді игеру, жасау, қолдану мәселелерін талдау және жүзеге асыру білім беру жүйесінің әр түрлі баспалдақтарында кеңінен қолдануда. Мұғалімдер мен практикалық қызметкерлердің педагогикалық жаңа білімге деген қажеттіліктің күшеюінен келесі тенденция туындайды. Педагогикалық жаңалықтарға объективті баға бере алатындай, инновацияларды игере алатындай педагогикалық қауымның құрамын және құрылысын жаңарту жүзеге асып жатыр. Жаңа ақпараттық технология білім берудің стратегиясы ел мақсаттарына қызмет етеді. Қазақстан Республикасы Білім беру стандартына қоғамның қазіргі даму кезеңінен туындап отырған әлеуметтік сұранысқа орай баланың тұлға ретінде қалыптасуына, ақыл-ойын дамытуға, интеллектуалдық және ерік пен сезім белсенділігін қалыптастыруға септігін тигізетін жаңа технологиялық білім мазмұнын жасау және онымен үйлесімді оқытуды ұйымдастыру түрлерін анықтау қажеттілігі атап көрсетілген. Алайда, ғылыми зеріттеулер және біздің тәжірибеміз көрсеткендей баланы тұлға ретінде қалыптастыру үшін, қазіргі дидактиканың көкейтесті мәселесі - мектеп пәндерін соның ішінде технология мектеп курсына педагогика ғылымына сай әдістемелік жаңарту, білім беру жүйесін инновацияландыру керек екендігін көрсетіп отыр. Технология пәнін оқытудағы тиімді жолды тандап алу үшін эканомиканың осы қағидасын сүйгенді жөн көрдік. Әрбір бала мектепке білім алуды мақсат етіп келетіні аян. Бірақ нарықтық қатынас жағдайында оқушының білім алуға деген ынтасының төмендеп кеткені бізді қатты алаңдатады. Ұстаздың алға қойған мақсаттарының бірі оқушы белсенділігін арттыру, олардың іс-әрекеттерін басқару арқылы іздестіру, олардың іс-әрекеттерін басқару арқылы іздестіру ой – таласын туғызу.

Сатылай комплексті талдау дегеніміз - оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс тәсілдері, өзіндік ерекшелігі бар және оқушыларға білімді ғылыми негізде сатылай жүйелі, комплексті меңгертіп, оларға ұлттық құндылықтарда бағалай, қолдана білуге машықтандыратын оқыту. Бұл технологияның басты ерекшелігі-оқушы өз бетімен ізденіп, шығармашылықпен жұмыс жасайды, оның сабаққа деген ынтасы, қызығушылығы артады. Жаңаша педагогикалық технология-ғылым жетістігі. Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің міндеті жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенің басты бөлігі оқыту мақсаты болып қалады. Жаңа технологияны күнделікті сабақ үрдісіне пайдалану үшін әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагог мақсат-мүддесін өз шеберлігіне байланысты тандап алады. Жаңа технологияны жүзеге асыруды, мұғалім белсенділігін, шығармашылық ізденісін, өз мамандығына деген

сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін әділ бағалауы ерекше орын алады. Білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз процесі қазіргі кездегі білім берудегі мақсат жан-жақты, білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой – толғамы бар, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

Оқушылардың дүниетанымын кеңейту, істеген ісіне тұжырым Мектептерде жаңа технологиялық оқытудың тиімді жолдарын іздестіру жалғасуда. Оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жасауына, сабақта пікір таластырып, өз ойларын ортаға емін – еркін сала отырып, ашық айтуының да маңызы зор.

«Оқушылармен шығармашылық бағытта жұмыс жасаудың ұтымды жағы:

1. Бала оқулық көлемінен шығып ойланады.
2. Ойлағаны мен оқығанын саралап, салыстыра біледі.
3. Көпшілік алдында шығармашылық жұмысын қорғап, пікір айта біледі.
4. Оқуға, білімге, ғылымға қызығушылығы артып, одан әрі дами береді.

Жаңа ғасырға қадам басқан жас жеткіншектердің қазіргі өмірге бейімді болуына негізгі пәндерді игеріп, сапалы білім алып, сауатты да қабілетті азамат болып шығуына ұстаздар жауапты. Олай болса мұғалім үздіксіз білім жетілдіріп, ізденіспен жұмыс жасауы қажет. Қазіргі кезде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы адам қоғамының барлық саласына еркін кіріп, байланыстың аймағын кеңейтуде. Мұғалім жан-жақты идеясын байытуда ақпараттық құралдарды қолдану арқылы түрлі инновациялық технологияларды сабақта тиімді пайдаланудың жолдарын табады. Тек өзінің шығармашылық ізденістерін ғана емес, әріптестерінің де жетістіктері мен кемшіліктерін қатар алып, аналитикалық талдаулар жасайды. Инновациялық технологияларды нәтижелі қолдану мектеп мұғалімін нақты пікір қорытып, ойлау көзжиектерін кеңейтіп, ой еркіндігіне жол ашуына мүмкіндік береді. Президент Қ-Ж.Тоқаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер - бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстаздарға жүктелетін міндет ауыр» [3] - деген болатын. Қазіргі заман мұғалімдерімен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педогогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси эканомикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады. Орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі мақсаты оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру. Ақпараттық мәдениет бұл әңгімелесе білу, алынған мәліметті ой елегінен өткізіп талдай білу және өзгелердің еркіндігіне әсер ететін жағдайларда өз еркіндігінді шектей білу. ХХІ ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Ал бұл сауаттылықтың алғашқы баспалдағы мектептен басталады мектеп қабырғасынан теориялық біліммен қатар практикалық білімнің алғы шарттарын меңгеру тиіс.

Қорыта келгенде инновациялық технологияларды қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылығының күрт артқандығы байқалады. Мұғалімдер де өздеріне қажетті әдістемелік, дидактикалық көмекші құралдарды молынан ала алады. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде инновациялық технологияларды сабаққа пайдалану – оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады. Сонымен қатар инновациялық технологияларды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен практикалық тапсырмалар орындайды. Әрбір оқушы таңдалған тақырып бойынша қажетті материалдармен танысып, кестелер және сызбалармен жұмыс жасауға дағдыланады. Жаңашыл ақпараттық құралдар арқылы түрлі суреттер, бейне көріністер, дыбыс пен музыка тыңдатып көрсетуге болады. Бұл, әрине мұғалімнің тақтаға бормен жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі түсінікті. Меңгерілуі қиын тақырыптарды компьютердің көмегімен түсіндірсе жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазбекова Н.Т. «Қазақ тілі сабақтарында коммуникативтік оқытудың элементтерін қолдану»// Қазақстан мектебі, 2022-№1.
2. Мирсейтова С. Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде: Оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері – Қарағанды 2021 – «Кәсіби даму мектебі» сериясы.
3. Қабдықайырұлы Қ. Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы.– Алматы: ББЖ КБАРИ, 2023.

АНА ТІЛІ САБАҒЫНДА ТІЛ ДАМУДА СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

БАУЛЫБАЕВА ГУЛНАЗ НУРЛАНОВНА

Мыңатай Қыстаубайұлы атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье речь шла о видах внеклассной работы по развитию языка на уроках родного языка. На примерах проанализирован словарный запас учащегося на основе усвоенных им языковых единиц, т. е. раскрывающего значение нескольких слов, происходящих от одного корня.

Summary. The article discussed the types of extracurricular language development work in native language lessons. Using examples, the vocabulary of a student is analyzed on the basis of the learned language units, i.e. revealing the meaning of several words originating from the same root.

Бастауыш сыныптардығы оқушылардың тілін дамыту ана тілі пәнінің алғашқы сабағынан басталып, оқуды, әдеби талдауды, түсініксіз сөздермен жұмыс жасауды үйретуге арналған әдістер сабақтарда үнемі жүргізіліп отырады.

Бастауыш сыныпқа арналған ана тілінің бағдарламасы мынандай мәселелерді қарастырады:

1. Сыныпта оқу арқылы тіл дамыту;
2. Сыныптан тыс оқу арқылы тіл дамыту;
3. Сөздікпен жұмыс жасау арқылы тіл дамыту;
4. Әдеби талдау арқылы тіл дамыту;
5. Көрнекілік арқылы тіл дамыту.

Көріп отырғанымыздай, тіл дамыту осы мәселелердің басын біріктіретін негізгі тірек ретінде қарастырылады. Мұның өзі бастауыш сынып оқушыларын еркін сөйлеуге, түсініп оқуға және сауатты сөйлеуге үйретуді көздейді. Алайда: «қазақ тілі мен әдебиеті пәніне арналған бағдарламалық материалды оқытуға айрықшы көңіл бөлінгенімен, осы берілген грамматикалық тақырыптарды оқыта отырып, әр тіл материалын игерілті ерекшеліктеріне қарай, тіл дамыту жұмысын қалай жүргізу керек деген мәселе өз шешімін таппай келеді». [1]

Тіл дамыту дегеніміз не немесе дамыған тіл деп қандай тілді атаймыз? Яғни, оның алғы шарты қандай, соған тоқталсақ.

«Тіл» немесе «тіл дамыту» бұл – пән аралық түсінік: ол психологиялық, лингвистикалық және әдістемелік әдебиеттерде кездеседі. Мұнда, лингвистика тіл және тілдің даму заңдарын зерттесе, ал психология адамның бір-бірімен сөйлесудегі ойын, ерік-жігері мен сезімін және өз пікірін жеткізу мақсатында тіл материалдарын дұрыс қолдану процесін – сөйлеуді зерттейді.

«Тіл» дегеніміз, әр ұлттың ішкі заңдылықтарынан қалыптасқан, белгілі бір жүйеге түскен арнайы қатынас құралы екені белгілі. Ал енді даму деген ұғымды әдебиеттерде көпшілік қарапайым түрден күрделі түрге қарай көшу деп түсіндіреді. Психика даму үшін жаңамен қатар бұрыннан қалыптасқан (сөйлеу) негіздер болуы шарт. Қазақ психологі М.Мұқанов психиканың дамуында сонау көнеден қалған негізді инвариант (лат – өзгертілмейтін) соған тіректелетін жаңаны «өзгерілгіш» деп атады.

Бұл жайлы М.Мұқанов былай дейді: «Психика үнемі өзгеріске ұшырайды, бірақ оның құрамы бәрі бірдей өзгермейді, оның көп және аз мөлшерде дамуға ұшырайтын қасиеті бар. Сонымен қатар, аз өзгерілетін қасиеттері (инвариант) психикалық дамудың тірегі және негізгі шарты болып есептеледі» [2].

Бастауыш сыныптарда тіл дамыту мәселесінде де осы пікірді мақұлдауға болады. Басқаша айтқанда, оқушының сөздік қоры өзі түсініп игерген тіл единицаларының негізінде яғни, бір түбірден тараған бірнеше сөздің мағынасын аша түсінуден молаяды.

Ана тіліне бағдарлама жасауда: «...тіл дамыту жұмыстарында оқушының сөздік қорын, сөз байлығын толықтыру, өз ойын анық дұрыс етіп ауызша, жазбаша жеткізе білуге баулу, қазақ әдеби тіл нормасында жатық, әдепті сөйлеуге дағдыландыру» [3,456.], – десе, М. Балакаев: «... сөз байлығын молайту, сөз тіркестерін сөйлемдерді дұрыс түсініп, дұрыс құрай білу, сөздерді

орфоэпиялық нормаларын сақтап, дұрыс оқу – қазақ тілі пәнін меңгертуде оқушылардың бәріне бірдей қойылатын ортақ талаптар» [3,48б.], – деп анықтайды.

Ал ғалым Аханов тіл дамытуды: «Айтайын дегенді дәлмедәл, ашық айқын және әсерлі түрде жеткізіп беру ол үшін тілді, әсіресе оның байлығын, көркемділігі мен үнділігін. Сан сырлы мағынасы мен өткірлігін, эмоционалды болуы мен экспресивті қызметін жан-жақты меңгеру» [4, 12б.], деп біледі.

Ш.Уәлиевтің пайымдауынша, оқушыда сөз мәдениеті қалыптасады, егер: «алдымен әдеби тілдің грамматикалық лексикалық, стилистикалық, орфоэпиялық нормаларын меңгерсе, сонымен бірге, бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді, қарым-қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай етіп қолдана білсе», – дейді.[5]

Осы жоғарыда айтылған пікірлерден мынандай қорытынды жасауға болар еді. Яғни, әдебиет пәніндегі тіл дамыту жұмыстарын тіл білімінің заңдылықтарына сүйеніп жүргізу қажеттігі туындайды. Шын мәнінде солай ма екен тағы да ғалымдардың пікіріне назар аударайық: «Тіл дамыту, дейді Х.К. Арғынов, – баланың ойлау процесімен байланысты әрі психологиялық фактор, әрі тіл білімін зерттеу объектілерінің бірінен саналады. Баланың тілін дамыту жеке сөздердің басын біріктіріп сауатты сөйлеуге (жазуға) баулу – психология, тіл ғылымының заңдылықтарымен тығыз байланысты құбылыс» [6].

Ал енді тілді меңгеру сөз мағынасын түсініп, білумен шектелмейді, қоғамдағы заттар мен құбылыстарды жақсы тану үшін оқушы санасында белгілі бір қажетті ұғымдардың пайда болып, танымды қалыптастыруды талап етеді. Осы қалыптасқан ұғымдарды ұғынып, тануға бүтін логикалық ойлау операцияларының жүйесі түзілген, оқушы соның жәрдемімен белгілі ұғымға қатысты зат немесе құбылысты сонымен қатар, солардың арасындағы айырмашылығы мен ұқсас қасиеттерін дұрыс ажыратуға қалыптасады. Мұнсыз қай тілде де ойлану мүмкін емес.

Бастауыш сынып оқушысының бойына ауызша әдеби сөйлеу дағдыларына қалыптастырып, соған бейімдеу үшін орфоэпиялық ережелерге немесе фонетикалық заңдылықтарды жаттаттырып, мәнерлеп оқуға арналған арнайы әдістер арқылы алдын-ала ұйымдастырылған жаттығу жұмыстарын жүргізудің пайдасы мол. Мұндай жұмыс түрлері алуан түрлі әдіспен әдебиеттегі әр шығарманы оқытуға байланысты тақырыбына қарай тіл дамыту жұмыстары арқылы іске асуға тиіс. Сонымен қатар, оқушыға әдемі сөйлеудің, мәнерлеп оқытудың үлгілерін мұғалім өзі көрсетіп, оқушыны соған қалыптастырып отыруы қажет.

Оқушыны ауызша әдемі де әдеби сөйлеуге дағдыландырып, үйретуде фонетика мен орфоэпияны тіл дамыту жұмыстарында дұрыс оқытудың орны ерекше. Өйткені оқушы фонетика ережелері мен сөйлеу заңдылықтарын дұрыс меңгере отырып, әдеби тілдің нормасына жаттығады, қазақи дыбыстардың айтылуы мен естілуіне мән беріп, дұрыс айта білуге дағдыланады. Оқушы дыбысты дұрыс айта алмаса, немесе бір дыбыстың орнына ұқсас дыбысты ауыстырып айтатын болса онда оқушы әдеби тілдің сөйлеу дағдысын қалыптастыра алмайды, ол сөзді қате айтумен бірге, сауатты жазуда да қателесетін болады.

Ал орфографияны дұрыс меңгерген оқушы жазба жұмыстарында сөзді қате жазбайды. Мұндай жағдайда не істеу керек, мұғалім сөздің түбірі мен қосымшаның айырмасын білудің жолдарын тіл дамыту жұмыстары арқылы оқушыларға үйретіп отыруы қажет.

Оқушыны әдемі де әдеби сөйлеуге дағдыландыруда орфография, орфоэпия, фонетиканы оқытуға орай, дыбыстардың айтылуындағы ерекшеліктерді яғни, дауысты және дауыссыз дыбыстардың айтылу ерекшеліктерін меңгерту, тыныс белгілеріне қатысты дауыс ырғағын айтылуына қарай дұрыс қоя білу, сөзге дұрыс екпін түсіріп отыра сөйлеу де оқушының сыпайы, әдеби сөйлеп қалыптасуына әсер етеді. Сондай-ақ, таспада жазылған шығармаларды, мақал-мәтелдерді тыңдатуға қатысты әдістерді пайдалана отырып, сөздерді жұп-жұбымен жазып, өзара салыстырып айтындар, дыбыстың айтылу ерекшелігіне мән беріндер. Шығармадағы немесе мақал-мәтелдегі таныс емес сөздердің қандай буынды сөз екендігіне мән бере отырып, оқушылардың үлгеріміне қарай әртүрлі тапсырмалар беріп отыру пайдалы.

Оқушылардың әдеби сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда фонетикалық дыбыстар мен қажет сөздерді дұрыс айтуға үйрету және дұрыс сөйлеу дағдыларын дамыта отырып сөйлеу тіліне жаттықтыру, бағдарламада берілген өлеңдер мен әндерді жаттату, фабулаға құрылған мәтіндер мен диалогтарды тыңдату, классикалық және қазіргі кездегі музыканы тыңдату, сөз шеберлері мен атақты сахна шеберлерінің орындауындағы жазылып алынған поэтикалық шығармаларды, киноның мазмұнына қоса дыбыс арқылы жандандырып, тыңдату секілді жұмыстарды жүргізудің үлкен мәні бар. Демек, көркем сөздің қасиетімен оқушыны баурап, оны Отанды сүюге, ерлікке, адамгершілікке тәрбиелейміз. Оған тілді, әсіресе тілдің байлығын, оның көркемдігі мен үнділігін,

мағынасының сан қырлылығын сүйектен өтетін өткірлігін бала сезінетіндей етіп қалыптастыру үшін көптеген әдістерді қолданып, оқушыны жаттықтыру қажет.

Оқушылар әдемі, әдеби, сыпайы да жүйелі сөйлеуге дағдылану барысында синоним сөздерді көп үйрету ге қатысты тіл дамыту жұмыстарын жүргізіп отырудың мәні зор. Мұғалім оқушыға шығарманы оқытуға байланысты әдебиет сабағындағы тақырыпқа байланысты синоним сөздердің мағынасы мен мәніне, маңызына, ерекшелігіне мән бере отырып, сондай-ақ, тіліміздегі синоним сөздердің санының көптігін, синонимдік қатарларының молдығын, мағыналық байлығы жағынан да аса бай екенін, тіпті кейде бір ұғымды білдіру үшін бірнеше синоним сөздерді мәтіндегі мағынасына байланысты қолдануға болатынын ескертіп, оны дұрыс пайдалана білуге қатысты шеберлік жолдарын көрсетіп, әдеби сөйлеуге қалыптастыратындығын түсіндіріп отыру қажет. Бұл мақсатқа жетуде мұғалім синоним сөздердің әр алуан мағыналарын қалай ажырату керектігінің жолдарын көрсетіп, содан соң оқушының оны қалай түсінгендігін және түсінгенін сөйлеу қарам-қатынысын жасағанда қалай қолданатындықтарын бақылап, қадағалауы тиіс.

Сыныптан тыс оқыту. Мұндай оқуды белсенді ұйымдастырушы сонымен қатар, оны басқарушы да пән мұғалімі болуға тиіс. Сол себепті де мұғалім әдебиет сабағында өз оқушыларының шығарма оқуға деген ынтасын үздіксіз арттырумен бірге, оқушылардың жасына қарай қосымша қандай кітап оқуға болатындағына бағыт-бағдар беріп отырады. Төменгі сыныпты бітіргенде, оқушылар ақын-жазушыларының шығармаларының барлығын дерлік оқи бермей, жасына лайық тақырыптармен танысу қажет екенін арнайы ескертіп отырады. Сыныптан тыс оқуды оқушылар бастауыш мектепке келген кезде бастаған жөн. Дегенмен, сауат ашу кезінде оқушылардың жасына лайық ақыл-ойы мен сөйлеу тілін дамыту жұмыстары түрлі түсті суретті кітапшаларды балаларға көрсету арқылы дауыстап және мәнерлеп оқи отырып жүргізіледі. Бастауыш сыныптан бастап мұғалім оқушыларға мектеп кітапханасынан алған, өз жастарына лайық кітаптарды бере бастайды.

Қорыта айтқанда, ана тілі сабағынан сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыруда оның мынадай ерекшеліктері есте болуға тиіс.

Ана тілінен жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстарға мектеп оқушылары өз еркімен қатысады, оның бағыттарын өз еркімен таңдайды. Сыныптан тыс жұмыста күнделікті сабақтағыдай міндеттілік жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Иманбаева А. Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі // Қазақстан мектебі. №2.2016
2. Мұқанов М. Оқушылардың дара ерекшеліктерімен санасып қарым-қатынас жасай алу. – Алматы: Эверо, 2018. –215б.
3. Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Жалын, 2008.– 321б.
4. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. –Алматы: Санат, 1993. –342б.
5. «Қазақ тілі мен әдебиет» журналы. №8, 2019ж. 18бет.
6. Х. К. Аргынов, Т. М. Абдыкаримова, Г. Сулейменов. Книга для чтения : Учеб. для 3-го кл. четырехлет. нач. шк. / – Алма-Ата : Мектеп, 1988. – 223б.

ӘОЖ 373.545

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ТІЛ ДАМУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ТҮРЛЕРІ

РЫСБАЕВА ГАЛИЯ ТОГИСБЕАВНА

Мыңатай Қыстаубайұлы атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье речь шла о видах методики развития языка в начальной школе. Развитие речи учащихся начальных классов дифференцировано по рассказу истории непонятных слов на родном языке, раскрытию смысла, накоплению литературного словаря, обучению устной речи

Summary. The article discussed the types of methods of language development in elementary school. The speech development of primary school students is differentiated by telling the story of

incomprehensible words in their native language, revealing the meaning, accumulating a literary dictionary, and teaching oral speech.

Тіл дамытудың әдістемесі – педагогикалық қызмет заңдылықтарын саралап, зерттейтін, бастауыш сынып жасындағы оқушылардың тілін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық ғылым.

Тіл дамыту әдістемесі өзінің белгілі бір мақсаты, міндеті, мазмұны бар педагогикалық ғылымдардың бір бөлігі.

Тіл дамыту әдістемесінің басты міндеті – төменгі сыныптарға ана тілінен сабақ беретін мұғалім оқушының қажетті сөздік қорын дағдыландырып, шығарма оқу қабілеттерін дамыту мақсатында ғылыми педагогикалық негізде тіл дамыту жұмыстарының тиімді әдіс-тәсілдерін жинақтау, жасау. «Курстың басты мазмұны баланың ауызекі тілін қалыптастыру, қоршаған ортамен сөздік қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру». [1]

Тұжырымда бекітілгендей орта мекептің бастауыш сыныбындағы оқушыларының білім алу тіл дамыту әдебиеттегі түсініксіз сөздердің тарихын айтып, мағынасын ашып, әдеби сөздік қор жинап, соны ауызша сөйлеуде дағдыландыру, сөздік этикетін бойына сіңіру.

Тіл дамыту әдістемесі басқа да әдістемелер сияқты төмендегідей негізгі сұрақтарға жауап береді:

- Немен оқытамыз?
- Қалай оқытамыз?
- Неліктен тура осылай оқыту керек?

Е.И.Тихеева өз еңбегінде атап көрсеткендей, әдебиет тәрбиесінің негізі көзі болып табылады.

Басқа педагогикалық ғылымдар сияқты тіл дамыту әдістемесі де педагогикалық ғылымға енеді.

Оның методологиялық негізі – тіл мен әдебиет және ойлауға үйрену болып табылады.

Ал, тіл – адамның қарым-қатынас жасауының басты құралы болып табылады. Ойлау ол – тіл сияқты қалыптасып дамиды. Жалпы адамдар қоршаған орта мен тұрмысының, еңбек әрекетінің барысында дамиды, даму адамның қоғамдағы көрінісі болып табылады.

Тіл дамыту әдістемесі өзі жеке дара дамымайды, басқа ғылымдармен байланысты, атар өтсек, тіл туралы ғылымдармен: тілі білімі (тіл білімдері бөлімі – фонетика, орфоэпия, лексикология, грамматика, морфология, синтаксис): психолінгвистика. Тіл функциялары туралы білім, тіл білімі және психологияда жасалған.

Әдістемесінің басты тараулары:

- байланыстырып сөйлеуді қалыптастыру
- сөздің дыбыстық мәдениетіне тәрбиелеу
- балалардың ауызекі сөзінде сөз қорының және грамматикалық дағдыларының дамуы
- балаларды сауатты оқуға дайындау
- балаларды көркем әдебиетпен таныстыру.

Тіл дамыту әдістемесі барлық мазмұны іс жүзінде мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуға және тәрбиелеуге арналған.

Тіл дамыту әдістемесі ғылыми зерттеу әдістері. Ғылыми зерттеу – осы аймақта жаңа теория және іс-тәжірибе енгізу».

Әдебиеттік оқу сабақтарында қазіргі таңда айтылым дағдысына негізделген тіл дамыту жұмыстары жүргізілуде.

«Өнер алды – қызыл тіл», – дейді халқымыз. Орта мектепте берілетін білім мен бүкіл тәрбие ең алдымен әдебиет, әдеби көркем сөз арқылы жүзеге асырылады. Мұнда оқушылардың тілін дамытуда тек әдебиетші немесе тілшілер мақсатты емес, бүкіл мектептің ұжымы байыпты да байсалды, әдеби, сабырла сөйлеуі қажет. Оқушылардың тілін дамыту барлық пән мұғалімдерінің де негізгі мақсаты, ұстаздық борышы, барлық төменгі сынып мұғалімдеріне тән бірыңғай талап.

« - Ең әдемі сөз – аз сөз», – дейді халық. «Көп сөз көмір, аз сөз – алтын» дегені тағы бар. Адам мәдениетті, әдемі сұлу сөйлеу үшін, әдемі сөздерді термелеп, көп сөйлеу міндетті емес. Қандай мақсатта болмасын айтарыңды қысқа айтуға тырыс. Ел алдына шыққанда сөйлемдердің шұбалыңқы, шашыраңқы болмасын. Адамның мәдениетті сөйлеуінің бір құпиясы – қыстырма сөздерді қысқартып, жергілікті жерлерде пайдаланатын диалекті сөздерді пайдаланбай, «әй», «өй» деген қаратпа сөздерді дәмі жоқ пайдаланып, өзіңді де тындаушыны да бос мазалай беру әбестік болады.

Сөйлеу мәдениеті дегеніміз – ең алдымен әдепсіз сөздерді қолданбау. Осыған абай болу қажет. Екіншіден, айғайлап, дабыра жасап, екіленіп сөйлеме.

Пікір таластырып, өзіңнің пікірің дұрыс болып тұрсаң да, сабырлы байсалды сөйлеуге тырыс. Өзіңнен басқаны толық тыңда, оның сөзін бөле берме. Өзің де айтар ойыңды жинақы етіп жеткіз.

«Тіл дамыту – әдебиетті оқыту әдістемесінің ең бір күрделі де маңызды саласы. Ол жүйелі түрде шығармашылық бағытта жүргізіледі». [2]

Орта мектептің оқу бағдарламасында тіл дамыту жұмыстарына арнайы сағаттар бөлінген, дегенмен, тек сол сағаттарда ғана тіл дамыту жұмыстарын жүргізу керек деп ұқпау керек. Біз жоғарыда айтқанымыздай, тіл дамытуда мұғалім әдебиет сабағының әр тақырыбында, сыныптан тыс жұмыстарда әрқашан көңіл аударып отырады. Әдебиет пәні сабағындағы тіл дамыту жұмыстары жоспар бойынша оқытылып жатқан көркем шығарма жас ерекшеліктеріне қарай негізделіп, шығарманың көркем тілін жаңғырту негізінде жүргізілу керек. Оқушылардың әдебиет сабағында көркем әдеби тілін дамыту үшін басқа пәндермен бірлікте, байланыстырып оқытудың маңызы ерекше.

Х.К. Арғынов, – баланың ойлау процесімен байланысты әрі психологиялық фактор, әрі тіл білімін зерттеу объектілерінің бірінен саналады. Баланың тілін дамыту жеке сөздердің басын біріктіріп сауатты сөйлеуге (жазуға) баулу – психология, тіл ғылымының заңдылықтарымен тығыз байланысты құбылыс» [3].

Осы пікірді Б.В.Беляев та қолдайды: «Белгілі бір тілді меңгеруде тіл біліміне сүйенбей, сол тілде ойлай білуге үйрету қажет» [4].,– дейді.

Тіл мәдениетіне дағдыландыру барысында оқушының көркем, әдеби тілін жетілдіріп, қалыптастыруда қазақ тілі сабағының орны ерекше. Осы екі сабақты шебер мұғалім тіл дамытуда үндестіріп, бір бағытқа жұмсайды. Төменгі сыныптарда да қазақ тілі сабағында тіл дамытуға арнайы сағаттар бөлінеді және мұнда әдебиетке бөлінген сағаттардан көп. Айтып отырғанымыздай, осы сағаттарды мұғалім тиімді пайдаланса, оқушылардың көркем тілін қалыптастыруда әжептеуір жұмыстар атқарады.

Әсіресе оқушылардың ауызша тілінің дамуын, сөйлеу мәдениетінің жоғарылауын арттыруда «шеберлік пікірталасы», «айтыс сабақтар», «баспасөз конференциясы», «брифинг», «көзқарас сабақтарының» маңызы ерекше. Ал енді жазбаша тіл дамытуда: семинар, конференция, реферат қорғау, семинар-сабақ, т.б. сабақтардың орны зор.

Әсіресе, практикаға негізделген сабақтар тіл дамыту жұмыстарына ең қолайлы болып келеді. Мысалы, І.Жансүгіров шығармашылығын оқытып болғаннан кейін, қорытынды сабақта ақын поэзиясы тілінің көркемдігі, эстетикалық нәрі, поэтикасы айналасында өтуге болады. Бұл сияқты жұмыстар бала білімін тереңдетіп қоймай, тілін дамытуға оны меңгертуге және бейнелі, образды, көркем сөйлеуде пайдалана білуге де жетелейді.

Сондай-ақ, тіл дамыту жұмыстарын тарих, биология, т.б. сабақтармен сабақтастыра, байланыстыра жүргізуге болады.

Оқушылар да, мұғалімдер де әдебиет сабағының басым бөлігін ауызекі сөйлеу тілінде жүргізеді. Мұнда, көрем туындыларын мәнерлеп оқу, оқыған әңгімелерін не басқа шығармаларын мазмұндауда әдебиетті оқытудың дәстүрлі әдіс-тәсілдерін қолданады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы. Мектептегі тәжірибеде орындауға арналған тапсырмалар. Үшінші (базалық) деңгей. III басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2015.

2. «Қазақ тілі әдістеме» журналы. №6.2017ж.7бет

3. Х. К. Арғынов, Т. М. Абдыкаримова, Г. Сулейменов. Книга для чтения : Учеб. для 3-го кл. четырехлет. нач. шк. / – Алма-Ата : Мектеп, 1988. – 223б.

4. Очерки по психологии обучения иностранным языкам : пособие для преподавателей и студентов / – Москва : Просвещение, 1965. – 227 с.

ЕРЕСЕКТЕР ТОБЫНДАҒЫ АГРЕССИЯЛЫ БАЛАЛАРМЕН ТҮЗЕТУ-ДАМЫТУ САБАҚТАРЫН ЖҮРГІЗУ ТӘСІЛДЕРІ

ЖҰМАБАЕВА Г.С., АЛЖАНОВА О.А

№127 Ш. Уәлиханов атындағы орта мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы

Резюме. В статье рассмотрены способы проведения коррекционно-развивающих занятий с агрессивными детьми в старшей группе

Summary. The article discusses the ways of conducting correctional and developmental classes with aggressive children in the older group

Адамзат агрессиясы қазіргі замандағы өзекті мәселенің бірі. Осы соңғы айтылған жолдарды тұжырымдай келе, бала агрессиясы жайындағы кейбір психологиялық теориялардың актуалдылығына көңіл бөлсек.

Балалар бойында кездесетін агрессивтілік әрекеттің пайда болуы. Бала агрессиясын түсіндіру бағыты психоаналитикалық бағыт (А.Фрейд) [1,б.45]. Индивидуалды психологияның негізін қалаушы А.Адлер [2,б.36] - баланың бүкіл дамуында өзіне толық емес жартылай сенімділік сезімін агрессияның туындауының негізі деп қарастырды. Бала ұзақ уақыт біреуге тәуелділігіне күйзіледі, ол өзіне тіптен көмексіз болған кезде күн көруі үшін ата-анаға жүгінуі қажет. Баланың жетілмегендігі, өзіне сенімсіздігі және өз бетінше алып кете алмауы, отбасында қоршаған күшті адамдарға бағынышты болуы қатты қайғыруға әкеліп соқтырады. Бұл кем бағалы сезімді тудырады, қоршаған ортада жетістікке жетіге бағытталған ұзақ күрестің бастамасы.

Ата-аналар баламен қарым-қатынас жасаған кезде туындаған қиындықтарға кезіге отырып, көбіне бала өсіп есейген жағдайда өзін қалай ұстау керектігіне үйренеді, осылайша барлық қиындықтар өзінен өзі жоғалады деп ойлайды. Бірақ кейде балаға ықпал ету, оның бойында жақсы қасиеттер тәрбиелеу мүмкіндігінің уақыты өтіп кетіп жатады. Егер де ата-аналар бала туған сәттен бастап оның тәрбиесімен айналыспаса білімді, педагогикалық мәдениеті биік ата-ана болуға тырыспайтын болса, онда ол өз сәбиінің жеке ерекшеліктерін түсініп, ескермейтін болады. Баланың есею кезінде кездесетін қиындықтармен күресуге күш-жігерлері жетпейді. Дегенмен мектепке дейінгі жастағы балалардың бойында пайда болған эмоционалдық реакциялар және мінез-құлықтық модульдер кейіннен мінез-құлықтың сипаттамасы мен жеке тұлғаның мінездемесіне айналары сөзсіз. Дана халқымыз «баланы жастан» деп текке айтпаған болар. Ата-аналар әрдайым мынаны есте ұстаулары керек: сүйкімді сәбилерінің мінез-құлқында ұнамсыз болмаса баланың өзіне қасірет әкелетін қасиеттерді: иеленуге болатынын кейбір қасиеттерге биологиялық, тұқым қуалаушылық факторлар ықпал етеді, бірақ олардың көпшілігін иеленуге болады, яғни оны түзетуге де болады.

Агрессивтік мінез-құлық мектепке дейінгі жастағы балалардың арасында ең көп таралған ауытқушылықтардың бірі. Ғ.Құдиярованың [3, б.62] зерттеу нәтижесінің көрсеткіші бойынша агрессивтілік қажетінше нақты, уақытына қарай мүмкіндіктері мол, бала кезіндегі агрессия біртіндеп орта буындағы жасөспірім кезінде бекем әлеуметтік немесе антиәлеуметтік әрекетке ауысуы мүмкін. 8 жасар балалардың өзгешілігі агрессиялы әрекеттердің жоғары деңгейде болуы және әлеуметтік байланыстан қашқақтауы, ары қарай оқу іс-әрекетінде қиыншылықтарға кездеседі, мектепте үлгерімі төмен, интеллектуалды дамуы төмен деңгейде, бейімделуі нашар болуы мүмкін. Бала жастағы агрессивтілік оның өзін қоршаған шындықпен қатынасынан емес, оның бүкіл жан-жақты тұлғалық дамуын анықтайды. Күнделікті жағдайда балалар арасында әр түрлі қарым-қатынастар орнап жатады: балалар ұрсысады, төбелеседі, достасады. Барлық осындай қатынастар балаларды уайымға салады, әр түрлі эмоцияларды бастан өткізеді. Ал біз мәне бермей қалуымыз мүмкін. Олардың қандай сезімде қалғанын, қарым-қатынасы қай деңгейде екенін түсінбеуіміз мүмкін. Ал негізінде құрдастарымен орнаған алғашқы қарым-қатынас баланың тұлға ретінде қалыптасуына негіз болатын іргетас болып саналады. Осындай мектеп жасына дейінгі балалар арасындағы қарым-қатынастың проблемалық түрлерін анықтау және балаға оны жеңіп шығуға көмектесу педагог-психологтың негізгі міндеті.

Агрессия – қоршаған ортадағы адамдарға зиян келтіру, тұрақты жағдайларға қарсы тұратын мінез, адамдарға психологиялық немесе физиологиялық тұрғыдан зиян келтіруші күш. Қатыгез, агрессивті, төбелесқор және сотқар бала-ата-ананың ғана емес, педагогтар мен психологтардың, ең бастысы бүкіл қоғамның көкейтесті мәселесі. Кейбір зерттеулер бойынша агрессияның төмендеуі өзіндік бағалау процесімен жанама түрде байланысты болған (Б.Әубақырқызы) [4,б.141]. Агрессия сферасын анықтаушы нормативті стандарттар, балалардың агрессивтілік әрекетін дағдыланған түрде реттеп отырмайды. Балалардың мінезіндегі стандартты өзіндік бағалау әрекеттері болу үшін, субъектінің зейіні соларға бағытталуы қажет. Балада агрессивтіктің пайда болуына көптеген факторлар ықпал етеді. Олардың ішіндегі ең маңыздылары:

- Отбасындағы тәрбиестілі
- Орталық нерв жүйесінің ауруы
- Шамадан тыс бақылау немесе бақылаудың мүлде болмауы
- Бала еркіндігіне жол бермеу
- Қозғалыс белсенділігіне тыйым салу

Агрессиялы психологиялық қорғаныс құралы. Көптеген ғалымдар мен тәжірибешіл ұстаздардың пікірінше, олардың отбасылық ортасы мен тәрбиелеу стилі шешуші фактор болып табылады: эмоционалдық қатынастардың сипаты, қабылданған мінез-құлық нормалары, рұқсат етілген шекаралардың кеңдігі, баланың кез-келген қылықтарына қатысты ата-аналардың іс-әрекеті. Егерде ата-ана өздерін агрессиялы ұстап (сөзбен, дене жазасы), дене жазасын пайдаланатын болса немесе балада агрессияның пайда болуына кедергі жасамайтын болса, онда бұл қылықтар кеңінен таралады және оның мінезінің тұрақты сипатына айналуы шүбәсіз. Сондықтан да агрессиялы баласы бар отбасы отбасылық қарым-қатынастың жалпы атмосферасын айрықша мұқият талдау керек.

Агрессиялықты жою үшін келесі кеңестерді ұстану қажет:

- Отбасындағы ата-аналар мен балалардың өзара қарым-қатынасын талдаңыз.
- Отбасылық қарым-қатынасты қалыпқа түсіріңіз.
- Балаңыз қандай болса, сондай түрінде көріңіз және оны кез келген кемшіліктерімен қоса жақсы көріңіз.
- Баладан бір нәрсені талап еткен кезде, оның жас мөлшерлік және жеке ерекшеліктерін есепке алыңыз.
- Жағдайды алдын ала болжай білуге және баланың қызығушылығын басқа арнаға жіберуге тырысыңыз.

-Оны ересектермен және балалармен қарым-қатынас жасауға үйретіңіз.

- Өз балаңызды түсінуге үйретіңіз.

Агрессиялы балалармен түзету жұмысы 4 бағытта жүргізілуі керек:

1) Агрессиялы балаға ызасын көрсетуін ыңғайлы түрде, оны ойын арқылы затқа ауыстыру жолдары

2) Әр түрлі жағдайларда баланы өзін-өзі ұстай білуге үйрету

3) Дау-дамай жағдайында қатынастың мүмкін болатын жағымды дұрыс жолдарын қарастыру

4) Эмпатия. Адамға деген сенімділік қасиеттерін дамыту

Ойын барысында бала әрекетін бақылау әдісі:

1) Ойынға ену кезеңі

2) Ойын кезеңі

3) Ойыннан шығу кезеңі

Бет әлпеті және жалпы әрекеті.

Сөйлеу мәнері

Агрессивтіліктің көрінуі

Жанама агрессия

Баланың өз агрессиясын шығара білуі маңызды. Психологтар оларға мыналарды ұсына алады:

Ойыншықпен төбелесу

Дененің күш жаттығуларын пайдалану

Қағаз жырту

Кімді ұрғысы келсе, соның суретін салу және осы суретпен бір нәрсе жасау «Айқайларға арналған қапшықты» пайдалану. Жиһазды үрмелі балғамен ұру.

Психологтар баланың агрессивті мінез-құлқын түзету үшін изотерапия элементтерін пайдалануға кеңес береді: онымен бірге түрлі әдістермен сурет салу (саусақтарымен,

алақандарымен, табандарымен); мүсіндер жасау; балаларға жағымды сипаттамасы бар рөлдер (батырлар, серілер, алыптар) беретін спектакль қою.

Агрессиялы балалары бар ересектердің, баланың іс-әрекетінің алдындағы қорқыныш сезімін білдіруі, оның агрессиясын көтермелейтінін әрдайым естерінде ұстаулары керек. Сондай-ақ, «Сен біздің кішкентай қарақшымыз және сотқарымызсың» деп ата-анасы айтатын болса, «Солай ма, бәлем! Ендеше мен сендерге көрсетемін!» деп ойлайды бала. Және өзінің мінез-құлқымен ата-анасының бағалауы мен күткенінің «дұрыстығын» барынша дәлелдеуге тырысады. Ата-аналардың баласының эмоционалдық күйін жақсы көзіне елестету үшін «Ертегі» тестін меңгергендері пайдалы. Ол өздерінің сезімдерін көрсету үшін өте-мөте қарапайым тілді пайдаланатын ең балғын жастағы сәбилерге де жарайды.

Тесті өткізу ережесі: ата-ана балаға ертегі айтады, онда бала өзін ұқсастыратын кейіпкер болуы керек. Әр ертегі балаға арналған сұрақпен аяқталады. Бұл тесті өткізу аса қиын емес, себебі балалардың барлығы ертегі тыңдағанды ұнатады. Алынған нәтижелерді түсіндіру анағұрлым қиындау болады. Тесті өткізу бойынша бірнеше кеңестер:

Біріншіден, бала тест бұл кез келген ойын сияқты, сондықтан да оған ыңғайлы сәт таңдап алу керек. Мүмкін, әсіресе сіздің отбасыңызда сондай дәстүр қабылданған болса, оның сізден ертегі айтып беруіңізді күткені керек шығар. Екіншіден, ешуақытта да оның жауаптарын түсіндірудің қажеті жоқ және «Енді басқа ертегі тыңда» деп айтып, асығуға болмайды. Егер де бала ертегі тыңдап отырып, үрейленіп немесе шамадан тыс ашуланғыштық көрсетіп отырған болса тоқтатыңыз және оны келесі жолы айтуға әрекет жасаңыз. Егерде бала әңгімені бөліп, әңгіменің күтпеген соңын ұсынса, толқыныстың айқын белгілерімен «қызару немесе бозару, тершендік, аздаған бет тартуы) дауысын бәсеңдетіп, асығып жауап берсе, егерде ол сұраққа жауап беруден бса тартса-мұның барлығы тестке деген патологиялық әсердің белгілері. Мұндай жағдайда балалар психологына жүгінудің артықшылығы болмай қоймас.«Балапан» ертегісі баланың ата-ананың біріне немесе екеуіне де тәуелділік деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

«Ағаштағы ұяда құстар ұйықтап жатыр: әкесі, анасы және кішкентай балапан. Кенеттен күшті жел тұрды, бұта сынды, ұя жерге құлады:барлығы жерге құлады. Әкесі ұшып, бір бұтаққа отырды, анасы екіншісіне отырды. Балапанның не істеуі керек?».

Әдеттегі қалыпты жауаптар:

- ол да ұшып барып, бұтаққа отырады;
- анасына ұшып барады, себебі ол қорқып қалды;
- әкесіне ұшып барады, себебі әкесі күшті;

- жерде қалады, себебі ұша алмайды ғой, бірақ көмекке шақырады, сосын әкесі мен анасы алып кетеді.Әдеттегі патологиялық жауаптар (ата-аналарға агрессиялықты жоюға қарсы дабыл ретінде қызмет етуі керек):

- жерде қалады, себебі ұша алмайды;
- құлап келе жатқанда, өліп қалады;
- аштықтан немесе суықтан өліп қалады,
- оны барлығы ұмытып кетеді;
- оны біреу басып кетеді.

Агрессивті бала – ол бақытсыз, өйткені оны ешкім түсінбейді, аямайды және аяламайды. Агрессивті балалармен әрқашан өзара жылы қарым-қатынас түзеу және агрессия түрлерін ойын арқылы шығару керек.

«Сыбызғы» ойыны

Мақсаты: баланың ішкі агрессиясын шығару, беттің бұлшық еттерін, әсіресе ерін маңы еттерін босаңсыту арқылы.

«Бүгін біз сыбызғы тартуға үйренеміз. Демді ішке тартып, сыбызғыны ернімізге жақындатайық. Ақырындап, ауа еріннен шығатындай етіп, үрлейміз. Қане, тағы қайталайық. Неткен керемет оркестр!»

Бұл жаттығуларды топта кілемде отырып та, түрегеп тұрып та орындауға болады.

«Домалақ» ойыны

Мақсаты: баланы өзін-өзі қалыпқа түсіруге амалдарының бірі, ішкі агрессияны жеңуге шақыру.

Әрі бері не істерін білмей жүрген баланың қолына, ашық түсті тоқыманы ұстатып, домалақтап жинау керектігін тапсыру керек. Әр ұсынған сайын домалақтың мөлшері ұлғая береді. Ересек адам балаға домалақтың қарапайым емес сиқырлы екендігін айтады. Жіпті домалақтап жинай бастаса, мейлі қыз бала немесе ер бала болсын тыныштала бастайды. Осындай ойындар

бала үшін әдетке айнала бастағанда, бірдеңеге ренжігенде немесе шаршаған сәттерінде, міндетті түрде оның өзі ересектерден «сиқырлы жіпті» сұрай бастайды.

«Күн райын болжау» ойыны

Мақсаты: Арқаның бұлшық еттерін босаңсытып, бір-біріне қамқорлыққа үйрету, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

Балалар бірінің соңынан бірі шеңбер жасап тұрады. Ойын жүргізушінің ауа-райын болжаған нұсқауларына сәйкес, балалар бір-бірінің арқасына массаж жасайды. Мысалы: Ақтөбеде күн ашық (сылайды); Астанада күн бұлтты, аздаған жаңбыр жауады (бір саусақпен ақырындап тырсылдатады); Семейде күн бұлтты, нөсер жаууы ықтимал. (бес саусақпен қаттырақ тырсылдатады). Жаттығудан соң не ұнағаны, не ұнамағаны жайлы әңгімелесуге болады.

«Екі қошқар» ойыны

Мақсаты: Балаға жариялы ішкі ызасын шығаруға, бойында жиналған артық эмоция мен дене қысымын түсіруге, бойындағы қуатты пайдалы нәрсеге жұмсауға үйрету.

Психолог балаларды жұптарымен бөліп, ертегі оқиды. «Ерте мен екі қошқар көпір үстінде кездесіп қалыпты». Ойыншылар екі аяғына шақ етіп, маңдайларын түйістіріп, екі қолдарын алақанға тіреп ұрады. Мақсат орындарынан қозғалмай, бір-біріне қарсылық ету, «бә-бә-бә» деп қойдың дыбысын салу. Қауіпсіздікті сақтау керек.

«Жанжал» ойыны

Мақсаты: саусақ пен төменгі жақ бұлшық еттерін босаңсытуға үйрету. «Сен досыңмен ренжісіп қалдың. Міне-міне жанжал басталады. Қатты тістеніп тұрып, терең дем ал. Тырнақтарыңды алақаныңа батыра, қатты жұдырығыңды түй. Бірнеше секундта демінді ішіңе тарт.

Ойланып көрші: мүмкін жанжалдасудың қажеті жоқ шығар? Дем шығарып, дененді босат. Алақай! Жағымсыздықтың бәрі артта!»

«Құм және сумен» ойын

Мақсаты: балалардың агрессивтілігін құммен және сумен жұмыс жүргізу арқылы тыныштандыру.

Жоғарыда көрсетілген психологиялық ойындар бала бойын тек агрессиядан жеңілдетіп қана қоймай, бала белсенділігі мен қызығушылығын арттырып, таным процестерінің дамуына мүмкіндік жасайды. Тұлғалық құнды қасиеттерінің де жетілуіне себеп бола алады. Бала кездегі мінез-құлықтың бұзылуы және агрессиялықтың негізгі себептері, психикалық зақымданулар, отбасы тәрбиесіндегі кемшіліктер, мінездің акцентуациясы, әр түрлі конфликтілермен байланысты болады. Балалардағы жаңа бағыттағы қалыптасулар, қарым-қатынас деңгейінің өсуіне байланысты өзіндік сананың өсуі, ата-анамен, ересектермен, құрбы-құрдастарымен қатынастарын күрделендіреді. Балалық шақтың ішкі қарама-қайшық аумағы және оның үлкендерге қарсы сипаттары, өзара әрекеттері балаларға қатты әсер етеді. Бала үшін барынша тезірек ересек адамның статусын жаулап алуға тырысу, өз бетінше тез тәуелсіздікке жету жағдайы ерекше болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Фрейд А. Психология «Я» и защитные механизмы. - М., 2011. - с.45.
2. Адлер А. Эмоциональные нарушения в детском возрасте и их коррекция/ Практика и теория индивидуальной психологии. - М., 2016. - с.36
3. Құдиярова Ғ. Жасөспірімдердің мінез-құлындағы ауытқушылықтар. 2016ж.-62б.
4. Әубәкірқызы Б. Психология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. 2018ж.-141б.

ӘОЖ: 37.022. 161.1 (075.32)

ОРЫС ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

ШАЯНБАЕВА ГАУХАР ДЖАКСЫЛЫКОВНА

Айшабибі орта мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

Резюме. В данной статье раскрывается содержание деятельности учителя, основанной на использовании игровой технологии при обучении учащихся русскому языку, основанной на

коммуникативно-деятельном подходе к обучению русскому языку. В доступной, методически обоснованной форме представлены научные достижения и практический опыт в области преподавания русского языка.

Summary. This article reveals the content of the teacher's activity based on the use of game technology in teaching the Russian language to students, based on the communicative-active approach to teaching the Russian language. Presents scientific achievements and advanced practical experience in the field of teaching the Russian language in an accessible, methodologically appropriate manner.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. «Педагогика технологиялар – бұл білімнің; басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің; оқу – тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды».

«Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы жоқ және олай болуы мүмкін емес. Ойын дүниеге ашылған үлкен жарық терезе сияқты, сол арқылы баланың рухани байлығымен жасампаз өмірімен ұштасып, айналасындағы дүние туралы түсінік алады. Ойын жағымды эмоция сыйлаушы құрал. Ойын ойнату аяқ астынан болғандықтан, ойламаған жерден ойынға кірісу қызығушылықты тудырады. Ойын ойнау барысында оқушы ешбір бүкпесіз, бар жан-тәнімен ойынға кірісіп кетеді де, белсенділік пайда болады, білімгер лидерлік танытады. Тілді үйренгісі келмейтін адамның өзі ойын ойнаған кезде оны ұмытып кетеді. Ойын қатысымдықты қалыптастыратын әдіс болғандықтан, оны оқытудың ешбір әдіс-тәсілімен салыстыруға келмейді. Ойынды қолдану оқу үрдісінің басқа аспектілеріне де жақсы әсер етеді.

Педагогикалық ойынның маңызы өте зор. Ойын, 1) білу және үйрену, 2) адамның ойнай отырып, өзіндік білім алуы өмір тәжірибесін жинақтауға көмектеседі.

Ойынның кәсіптік, әуестену, оқу-жаттығу ойындары сияқты түрлері бар. Ол дем алу, көңіл көтеру бола тұра оқуға, шығармашылықта, емдеуде, адам қарым-қатысының типтерінің модельдерінде, еңбекте көрініс табады. Ойынды ерте заманнан үлкендердің іс-тәжірибесін жеткіншек ұрпаққа жеткізу үшін пайдаланған. Қазіргі мектепке дейінгі мекемелерде және мектептерде де ойын әрекеті ойын пәнінің тарауын және тақырыбын түсіну үшін өздік технология ретінде, жалпы технологияның элементі ретінде, сабақ немесе оның бір бөлігі ретінде қолданылады. Әр түрлі топтарда орыс тілі сабағын қызықты етіп өткізу үшін сабақтарда мынандай ойындар қолданады:

- Фонетикалық ойындар;
- Әріптерге байланысты ойындар;
- Оқу ережесіне байланысты ойындар;
- Сөйлеу қабілетін дамытуға байланысты ойындар;
- Грамматикалық ойындар;
- Лексикалық ойындар;

Тілдің дамуына ойын әдісі өте үлкен әсер етеді. Ойын ақыл-ойдың дамуына да әсер етеді, бала ойын үстінде заттар мен іс-әрекеттерді жалпылауды, сөздің жалпылама мағынасын қолдануды т.б. үйренеді.

Ойындар жаңа тақырыптарды өткенде, сөздерді, тұрақты сөз тіркестерін пысықтауға арналған жаттығулардың бір түрі ретінде пайдаланылады.

Қазақ сыныптарының балалары орыс тілі пәнін ойын сабағы ретінде тез қабылдайды, мұның өзі педагогқа бүлдіршіндерді пәнге қызықтырудың қосымша шараларын іздестіруді қажет етеді. Мұндай қызықтыру шараларының қатарына: еңбек процестерін суреттеу, табиғат, өзіңнің қалаң туралы әңгімелеу. Қазақ тілінде оқытылатын балабақшада орыс тілін оқытудың негізгі мақсаты – тәрбиеленушілерді орыс тілінде сөйлеуге үйрету. Орыс тілін үйретудің бастапқы кезеңінде әр сабақ өз мәнінде көрнекі құрал қолдану арқылы тартымды өткізілсе, білім мазмұнының сапасы да артпақ. Мектепке баратын балалардың бұл кезеңде сабаққа қызығуын жоғалтып алсақ, кейін олардың тілді әрі қарай меңгеруі қиынға түседі. Сондықтан сабақ арасында ойын элементтерін қолдану сабаққа қызығуын, белсенділігін, ойлау қабілетін дамытуға, жаңа сабақты пысықтау кезеңін сапалы өткізуге материалды толық меңгеруге көмектеседі.

Ойындарды екі тарауға бөлуге болады. Бірінші тарау сөйлеу қабілетін дамытатын грамматикалық, фонетикалық, лексикалық және орфографиялық ойындар жатады. Бұл

ойындар «Дайындық ойындары» деп аталады. Бұл тарау алдын-ала грамматикалық ойындардан басталады. Себебі грамматикалық материалдарды бірнеше рет қайталағанды қажет етеді және өзінің біркелкілігімен балаларды жалықтырып жібереді, ал жіберілген күш тез арада өз нәтижесін бермейді. Ойындар күнделікті жұмысты қызықты етіп өткізуге көмектеседі. Грамматикалық ойындардан кейін лексикалық ойындар жүреді. Фонетикалық ойындар сөйлеу қабілеті мен білігін дамыту кезеңінде дыбыстарды дұрыс айтып үйренуге арналған. Ең соңында жүргізілетін орфографиялық ойындардың мақсаты – лексика бойынша оқылған сөздердің дұрыс жазылуын үйрету.

«Шығармашылық ойындар» деп аталады. Бұл ойындардың мақсаты – сөйлеу қабілетінің ары қарай дамуына ықпал ету. Тез ойлауға, қарым-қатынаста ойланбай жауап қайтаруға, әр түрлі жағдайлардан тез шығуға көмектеседі.

Ойын – ақыл-ой мен сезім күшін талап ететін ерекше ұйымдастырылатын сабақтар. Ойын әрқашан шешім қабылдауды ұсынады- қалай істеу, не айту, қалай ұту қажет? Осы мәселелерді шешу тілегі ойнаушылардың ойлау әрекетін арттырады. Ал егер қазақ тілінде сөйлейтін бала сонымен қатар орыс тілінде сөйлесе, ол оқытудың бай мүмкіндігін ашады. Оқушылар ол туралы ойланбайды. Ойын олар үшін ең бастысы-еліктіргіш сабақ. Сонысымен ол оқытушыларды, соның ішінде орыс тілдер оқытушаларының қызықтырады. Ойын кезінде барлығы тең. Ол тіпті тілақауы бар балалардың да қолынан келеді. Теңдік сезімі, еліктеу мен қуаныш атмосферасы, тапсырманың қолынан келетіндігін сезіну- сөзінде басқа тіл сөздерін еркін қолдануға бөгет жасайтын балалардың ұялшақтық сезімін жеңуге мүмкіндік береді және оқыту нәтижесіне жағымды әсерін тигізеді. Байқаусыз тіл материалы меңгеріледі—«мен басқаларымен бірдей сөйлесе алады екенмін»

Жасөспірімдердің білімі қалыпты болса да тәрбиесі жеткіліксіз болуының қоғамға тигізетін кесірі мол. Қоғам өркендеп, заман көркейгенмен жаны азған, тілден, діннен безген, арбау мен алдау, кісі өлтіру мен ұрлық, әділетсіздік пен қайырымсыздық сияқты келеңсіз жағдайлардың кездесуі ата-ана, мектеп, жұртшылық тарапынан тәрбиенің кеміс түсіп жатқанының айғағы. Сондықтан, қазіргі таңда балабақша мен мектептің алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі — білім берумен қатар тәрбие жүйесін жетілдіру. Жалпы білімді ізгілендіре отырып, тәрбие беру жолдары қандай? Тәрбие беру жолдарын қалай жетілдіруге болады? Міне, педагог қауымды ойландырып отырған осындай өзекті сұрақтар болып отыр. Ал бұл сұрақтардың жауабы тек мынада – білім беру үрдісінде балалардың өзіндік қабілет қарымдарын ескере отырып, бейіндік көзқараспен оқыту, оқыту үрдісінде ойынның ең нәтижелі, тиімді үлгілерін пайдалану. Бұл жағдайлардың барлығы білім беру үрдісінің тәрбиелілігіне барып саяды. Сондықтан қай нәрсе де тек тәрбиеден бастау алады деу керек орынды. Себебі ұлтына пайдалы қызмет ететін ұрпақ тек тәрбиелі оқушылардан шығады.

Қорыта келгенде, мектеп оқушылардың білім, білік шеберліктерінің жан-жақты дамуына, қалыптасуына, тілдік материалдарды жақсы біліп, сөз іскерліктерін меңгеруіне ойындар көп көмек береді. Ойын - дұрыс сауатты сөйлеу, тыңдап түсіну деңгейлерін жоғарылататын, қатысымдыққа жетелейтін құралдың бірі болып табылады. Орыс тілі сабағында ойын ойнату басты мақсат емес. Орыс тілі пәнінің басты мақсаты - ойын арқылы оқушылардың орыс тілінде сөйлету болып табылады. Ойынның құрылымын оқу әрекетіне салғанда оқу үрдісін мақсатты қатысым үрдісіне айналдырамыз хақ. Мәселен, білімгерлерге бірдей екі нәрсені, не болмаса суретті көрсетіп, осы екі нәрсенің арасындағы айырмашылықтарды атап беріңіз деген кезде, олар оны оқу үрдісінің мақсаты деп қабылдамайды. Тіл сөйлету мақсатына жету құралы болып табылады. Және сөз соңында айтарымыз кез келген тақырыпқа сабақта рөлдік ойындар ойнатқызуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан мектебі. № 11, 2004
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030» (Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы) – Алматы. «Білім баспасы», 1998, 96 бет.
3. М.М. Жанпейісова. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы, 2002
4. Қ.Ақпаева. Оқу орыс тілінде жүретінде мектептерде қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері. – Алматы, Рауан, 1997
5. Стронин М.Р. Обучающие игры на уроке английского языка. – М., 1981.
6. Стронин М.Ф. Обучающие игры на уроке английского языка – М.: Просвещение, 1984.
7. Равинская В. Игры как средство обучения / Иностранные языки в школе. – 1980. – № 1.

ӘОЖ 371.458.020

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУ

ТАСТЕМИРОВА ТОЛКЫН АДІЛЬБЕКОВНА

Шона Смаханұлы атындағы №44 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В этой статье основной целью внедрения национальных культурных ценностей в воспитательную работу является воспитание у учащихся высокой морали, благотворительности, высокой ответственности, воспитания своей нации и родины.

Summary. In this article, the main goal of introducing national cultural values in educational work is to educate students in high moral, charity, high responsibility, education of their nation and motherland.

Рухани жаңғыру аясында ұлттық дәстүр мен салттың, өнеге мен тәлімнің ерекше дамуына барлық мүмкіндіктер жасалып отыр. Халықтың ғасырлар бойы жасалған мәдениеті мен рухани әлемі қазір жандану үстінде. Елдің өткеніне, тарихына өзгеше көзқарас қалыптасуда, әсіресе бұл қажеттілік ұрпақ тәрбиесіне байланысты туындап отыр. Әр халық өзінің жас ұрпағы қайырымды, адал, үлкенді құрметтейтін, әділ, ержүрек, ізгі ниетті, ар-ожданы мол болып өссін деп армандайды, бұл мәселені өзінің тұрмыс-салтына байланысты шешіп отырады.

Бала тәрбиесі қай заманда, қай қоғам үрдісінде болсын үздіксіз ізденуде ізгі мұрат екені баршаға аян. Ұрпақ тәрбиесі келешек қоғам қамын ойлаумен бала бойында үнемі үйретілетін ізеттілік, қайырымдылық, әдептілік, елін-жерін сүюшілік асыл қасиеттері салт-дәстүрден бастау алатыны белгілі. Әр халықтың көне заманнан бері келе жатқан өзіне тән әлеуметтік мәдени мұралары бар.

Ұлттық-мәдени құндылықтар – ата-бабамыздың тәрбиеге қатысты асыл қоры, осы тұрғыдан ұрпақ тәрбиесінде алатын орны ерекше, сонымен қатар, қазақ поэзиясының бөлінбес бір бөлшегі. Оған қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, айтыс, ертегі, аңыздар, жұмбақтар мен жаңылтпаштар жатады. Осындай асыл қазына – халық тәлімінсіз күнделікті өмірде жүзеге асуы мүмкін емес. Ұлтымыз өз ұрпағын «Балаларға оқу, білім берілсін, сұлу мінез әр өнермен өрілсін», – деп Ж.Баласағұн [1] айтқандай, еліміздің көк байрағындай желбіреп, тәуелсіз мемлекетіміздің тізгінін өз қолдарына мықтап ұстайтын азаматтар тәрбиелеуде, ғасыр бойы пайдаланып келген ауыз әдебиетіміздің асыл қорын бүгінгі күнге дейін құнын жоймай келген мұраны оқу-тәрбие үрдісінде тиімді пайдалану көкейкесті мәселе.

Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде [2], кемеңгер де ойшыл ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларындағы халықтың бай дәстүрі жете сипатталады. Д.Әшімхановтың «Бес арыс» еңбегіне [3] шолу жасағанда кемеңгер ойшылдарымыздың қай-қайсысы да балаға тәрбие беруде, олардың білімін кеңейтіп көзқарасын қалыптастыруда ұлттық мәдениеттің тәлім-тәрбиенің, әдет-ғұрыптың алатын орнын баса көрсеткен.

Бұл ғалымдар қазақ халқының болашағы – жастарды жан-жақты дамыту үшін нені оқыту, қалай оқыту керектігін айта келіп, берілетін білімді ұлттық-мәдени құндылықтарды негіздеу арқылы олардың бойында халықтың рухани байлығын сіңіруге болатынын дәйектейді. Біз осы бағыт-бағдар негізінде мектеп пәндерін оқыту барысында ұлттық-мәдени құндылықтарды кеңінен пайдалануды көздейміз.

Қазақ дәрігерлік ілімі тарихының өзіне тән ерекшеліктері бар. Ұлтымыздың өз алдына емшілік ғылым жүйесінде аурудың себеп-сипаттары жөніндегі тәлімі, дәрігерлік өнері мен әдіс-амалдары мол. Қазақ халқынан шыққан ұлы бабамыз Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы бұдан V ғасыр бұрын «Шипагерлік баян» еңбегін [4] жазды. Ол жан-жақты энциклопедиялық туынды. Бұл еңбек қазақ халқының тарихы, ертедегі қазақ халқының саз өнері, сөз құрауы, дүниетанымы, астрономиясы, философиясы, этнографиясы, өсімдік, жануарлар дүниелері, ең негізгісі емшілік шипагерлік ұғымы туралы ұланғайыр мағлұмат береді.

Қазақтың көрнекті қайраткері, ірі тіл маманы Ахмет Байтұрсынұлы: «Кемшілік болмас үшін

әр ұлт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін, өзге тілді оқыта бастайды» – деген еді [11]. Демек, жас ұрпақты ұлттық ерекшеліктеріндегі әдет, салт-дәстүрлерінен тәлім-тәрбие алуға негіз болатын - ана тілі.

Қазақ халқының туысқандық, бауырмалдылық қасиеті оның жеті атасын білуді талап етеді. «Жеті атасын білген ер, жеті жұрттың қамын жер», «Жеті атасын білмеген – жетесіз» – деген халықтың дана сөздері бар. Сондай-ақ «Қырық рулы елміз, қарға тамырлы қазақпыз» – деген аталы сөз де бірліктің, бауырмалдылықтың белгісін білдіреді.

Қазақ халқының бала тәрбиелеудегі мұрасына көз жіберсек, отбасына байланысты тұнып тұрған дәстүрдің бар екенін көреміз. Ұлттық салттар мен дәстүрлердің, әдет-ғұрыптардың заманға сай, ұрпақтарымызды өркендетер өрнектерін халық жоғары бағалайды.

Төменгі сынып оқушыларының ерекшелігін ескере отырып, ұлттық-мәдени тәрбие берудегі негізгі жол – іс-әрекетті ұйымдастыру. Оқушының өзі жолдастарымен, құрбыларымен, ересек адамдармен қарым-қатынас жасауда, халықтық дәстүрі негізінде балалардың қуанышты көңіл-күйін туғызатын қызықты іс-әрекеттерді педагогикалық, психологиялық талаптарға сай ұйымдастыру керек. Оқушыларды жан-жақты қабілетті адамзат етіп өсіруде халықтың салт-дәстүрінің тәлім-тәрбиелік, білім-танымдылық ролі орасан зор. Өзге халықтар сияқты қазақ елінің де бала тәрбиесі жөнінде атам заманнан бері жиып-терген мол тәжірибесі бар. Аға буын өз бойындағы ізеттілік, қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, елін-жерін, отансүйгіштік секілді ең асыл қасиеттерін жас ұрпаққа күнделікті тұрмыста үнемі үйреніп, қаны мен жанына сіңіріп келеді.

Ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлері мен тағылымдарын оқып үйреніп, өнеге тұтпай тұрып, жастарды ізгілік пен парасаттылыққа баулу мүмкін емес. Қазақта әр бала әкесінің жеті атасын білетін болған. «Ассалаумағалейкум» деп екі қолын созып амандасқан ауылдың жасөспірімдерін ауыл қарттары немесе көрнекі ауыл ақсақалдары «Уағалейкумәссалам» деп жақсы сәлем қайтарып, алдымен «Айналайын кімнің баласысың?» деп сұрайтын.

Әкесінің есімі таныс болмай қалса, «ол қайсысы, әлгі кімнің баласы ма?» деп немесе «әлгінің немересі ме?» деп баладан аталарының есімдерін сұрай бастайтын. Жеті атасын сол арада мүлт етпей атап шыққан бала неғұрлым жас болса, қарттар соғұрлым риза болатын-ды.

Ерте кезде мақалсыз, мағынасыз сөйлеген қарияларымыздың сөзінің қадірі болмаған. Мақалдап, мәтелдеп маңызды сөйлеуді борышым деп санаған.

Мақал-мәтелді әуел баста жеке адамдар шығарған, біреуден-біреу жаттау, ауызекі айта жүріп, өзгеріп жалпы халықтық мұраға айналған, яғни өмірден көрген-білгендерінен жасаған ақыл-ой қорытындысы екені мәлім. Оны айтылған сөзді көркейту үшін ғана емес, көркем шығармаларда да көп қолданады. Ақын-жазушылар ғана өз шығармаларында қолданып қоймайды, әрбір мәдениетті, сауатты адам өмір қайығында заманына қарай оны өңдейді, өз жанынан шығарады.

Мысалы: «Оқу - өмір шырағы, кітап - білім бұлағы» десе, оны «Жыланның күші - тілінде, ғалымның күші - білімде» деген теңеулермен салыстыра қолданады.

Ұлттық-мәдени құндылықтарды оқу-тәрбие жұмысына енгізудегі басты мақсат: оқушыларды биік адамгершілікке, қайырымдылыққа, жоғары жауапкершілікке, өзінің ұлтын, халқын, Отанын қастерлеп, оған қалтқысыз қызмет етуге тәрбиелеу. Олардың білімге ынтасы мен қызығушылығын көтеру. Алған білімін табиғат, тұрмыс, өмір заңдылықтарымен байланыстырып, тәжірибеде қолдана білуге, ойлау қабілеттері мен тіл шеберліктерін дамытуға, тапқырлыққа, суырып салма шешендікке, әдемілік пен әсемдікке, алғырлық пен ептілікке, ерлікке, тұрмыс қажеттерін өздері өндіретіндей кәсіптің түрін тандай білуге, еңбекқорлық пен шынайы шеберлікке үйрету.

Бастауыш мектеп – бұл оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан да бастауыш білім - үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы. Осыған сәйкес оқушыға белгілі бір көлемдегі білім, білік-дағдыларды меңгертумен бірге табиғат, қоршаған дүние туралы түсініктерін кеңейте отырып, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту - бүгінгі күннің басты талабы. Бұл әрине, мұғалімнен көп ізденісті талап етеді. Соңғы кездері бастауыш мектептерде дәстүрлі емес сабақ түрлері, соның ішінде кіріктірілген сабақтар ерекше орын алуда. Жас бүлдіршіндерді халықтың салт-дәстүрі, әдеп-ғұрыптары арқылы оқытып-тәрбиелеу өте ұтымды. Себебі, жастайынан халықтық тәлім-тәрбие негізінде тәрбиеленген жеткіншек болашақта өз халқын, өз жерін ардақтайтын адал да парасатты

азамат болып өсетіні сөзсіз.

Балалардың қабілетін кеңінен өрістете дамытуға тек мектеп қана мақсатты түрде ықпал ете алады. Бірінші сыныптан бастап балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін қандай жұмыс түрлерін, әдіс-тәсілдерді пайдалануға болады деген мәселе туындайды. Мұнда ең алдымен, біздіңше, оқушыға түрлі тақырыпта, мазмұнды шығарма жаздырту жұмысы орын алады. Балалар көптеген грамматикалық қателер жіберетіні белгілі. Сол себепті де уақытты үнемдей отырып, оқушылармен жеке дара жұмыс ұйымдастыру өте тиімді және бұл арада мұғалімнің оқушымен қарым-қатынасы, тіл табысуы да ерекше рөл атқарады. Өйткені, оқушының ар-намысына сын келтірмей, оған керісінше, кеңесші бола отырып, жіберген қателіктерін сыпайы да саналы түрде жеткізе білу, кез-келген мұғалімнен үлкен шеберлікті талап етеді.

Ертегі – халық шығармасы, халық мұрасы. Онда халықтың ертеңге деген сенімі мен үміт-арманы, бақыт туралы ойлары тоғысып жатады. Қай халық болса да өзінің дамуында қилы-қилы жолдардан өтеді. Сол жолдардың кейбір көрінісін ертегі арқылы қалдырады. Сондықтан балаларды ертегі оқуға қызықтыру, жақсы қасиеттерді оқушылар бойына сіңіру мақсатында «Ертегілер еліне саяхат» атты апталық немесе ашық сабақ өткізуге болады.

Ұлттық ойындар арқылы мектептегі оқу-тәрбие үрдісін жетілдіру – педагогиканың маңызды қорларының бірі. Олар оқыту мен тәрбиелеуге кешенді көзқарастың құралы есебінде көрініс береді. Бұлардың іс жүзіне асырылуы оқушылар білімінің мазмұны мен құрамына сапалық өзгерістер енгізеді. Өйткені ол білімнің жиынтығын қамтамасыз етіп, оның ғылыми деңгейін арттырады, сонымен бірге кең бейінді дағдылардың да қалыптасуына жағдай жасайды.

Ұрпақ – өмірдің жалғасы, халықтың мұрагері, кең даламызда көшпелі күн кешіп, аттың жалында, түйенің қомында жүрсе де, халқымыз ұрпағына жақсы тәрбие берудің салтын, дәстүрін, әдет-ғұрпын қалыптастырған. Еңбекті сүйу, қиыншылыққа төзімді болу, ел намысын қорғау, өзгені жатсынбау, ата-тегін жадында сақтау, сөз ақылын қастерлеу, тапқырлық пен алғырлық таныту, ата салтын бұзбау, жасы, жолы үлкенді сыйлау, қонақтың меселін қайтармау, көрші кәдесін жасау, адал болу сияқты талаптар қойған. Халықтық тәрбиенің асыл қазынасын қастерлеп, өткендегі мәдени мұра атаулыны іске асыру, жас ұрпағымыздың бойына ұлттық мәдениетті, ізгі салт-дәстүрді, сыпайылық пен мейірімділікті уағыздау, халықтық мәдени білім берудің өзегіне айналуы қажет.

Ұлттық-мәдени құндылықтарымыз әрдайым үздіксіз тәрбие мәселесінде адамгершілік, бауырмалдық, туыстық, қайырымдылық қағидаларын басшылыққа ала отырып үлкен мен кіші, ұстаз бен шәкірт, ата-ана мен бала арасындағы ынтымақтастық педагогикасын дәріптегендіктен, қазіргі ғылыми педагогика қағидалары да халықтық тәлім-тәрбиеден нәр алғанының айқын айғағы болмақ.

Ұлттық-мәдени құндылықтар негіздерін мектептерде пән ретінде енгізу оқушыларды халқымыздың, ұлтымыздың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары негізінде тәрбиелеуге, ұлтымыздың асыл қасиеттерін жастайынан бойына сіңіріп өсіруге мүмкіндік ашады. Халқымыздың көне заманнан бері қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері, өнеге-өсиеттері ұрпақ үшін сарқылмас қайнар бұлақ десек, бұл пәннің мақсаты – оқушыларды содан сусындату, оның қадір-қасиетін түсінуге, жан азығы етіп сіңіруге, әдет-дағдыларын күнделікті өмірде, тұрмыста орынды қолдана білуге, өз ортасында оны таратуға үлгі, жанашыр болуға тәрбиелеу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986.
2. Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралары. – Алматы: Рауан, 1991.
3. Әшімханов Д. Бес арыс. – Алматы: Жалын, 1992.
4. Тлеуғабылұлы Ө. Шипагерлік баян. – Алматы: Ана тілі, 1996.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҮРДІСТЕРІ

БАДАНОВА ГҮЛЖАМАЛ БУРКИТАЛЫЕВНА

№15 бөбекжай бақшасының тәрбиешісі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Данная статья рассматривает современное состояние дошкольного образования в Казахстане и акцентирует внимание на его развитии через внедрение новых подходов и методов обучения.

Summary. This article examines the current state of preschool education in Kazakhstan and focuses on its development through the introduction of new approaches and teaching methods.

XXI ғасырда білім беруді дамыту стратегиясы - кез келген мемлекеттің бірінші кезектегі міндеті, өйткені үшінші мыңжылдықта елдер дамуының басты құралы саяси құрылым, экономика, әскери қуат емес, ғылым мен білім болады. Ғылымды дамыту процесінде тек зияткерлік жаңалықтар ғана жасалмайды, олардың негізінде жаңа технологиялар қалыптасады, сондай-ақ адамдардың өздері шаруашылық субъектілері ретінде қайта құрылады. Мұндай жағдайларда білім беру мақсаттары өскелең ұрпақтың ақыл-ойының, технологиялық даярлығының, құндылық бағдарының түбегейлі жаңа деңгейін қалыптастыруға бағдарлануға тиіс. Бұл білім берудің туғаннан бастап қартайғанға дейінгі үздіксіздігі мен сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру-тәрбие мекемелерін реформалауды талап етеді. Мұндай білім беру жүйесінің бастапқы сатысы мектепке дейінгі білім беру болып табылады.

90-шы жылдардағы қаржы-экономикалық саладағы дағдарыс Қазақстанда мектепке дейінгі мекемелердің едәуір бөлігінің жабылуына әкелді. Қазіргі уақытта елде мектепке дейінгі тәрбиені қалпына келтіру және қайта жаңарту жүзеге асырылуда. Бұл жағдайда мектепке дейінгі тәрбиені одан әрі дамыту шарттарының бірі оның бұрынғы кезеңдегі тарихын зерттеу болып табылады, өйткені жүйені жетілдіру оның бұрын дамуын егжей-тегжейлі талдаусыз, оң және теріс тәжірибеге сүйенбестен, оның жұмыс істеу үрдістері мен заңдылықтарын ескермей мүмкін емес. Тарихи-педагогикалық зерттеулер практикасы тарихи өткенде өзінің бүгінгі күні неғұрлым толық білдірген педагогикалық құбылыстар мен жүйелердің тамырын табуға, қалыптасуы мен қалыптасуын қадағалауға болатынын растайды.

Мектепке дейінгі білім беру - бұл бүкіл білім беру жүйесінің іргетасы, өйткені баланың болашақ дамуының сипатын айқындайтын тұлғаның негізі дәл осы жерде қаланады. Мектепке дейінгі білім берудің мақсаты баланың жеке жас әлеуетін барынша ашу үшін жағдай жасау болып табылады. Кез келген өмірлік міндеттерді (проблемаларды) шеше алатын функционалдық сауатты тұлғаны дамыту үшін жағдайлар қажет. Ол үшін өмір бойы алған білімдерін, біліктері мен дағдыларын зерделеу және бұл ретте адам болып қалу. Бала өз өмірінің субъектісі болу, өз әлеуетін көру, өз күшіне сену, қызметінде табысты болуды үйрену құқығына ие болуы тиіс. Бұл оның балабақшадан мектепке көшуін едәуір жеңілдетеді, мектепте оқу жағдайында танымға деген қызығушылығын сақтайды және дамытады.

Мектепке дейінгі білім беру үздіксіз білім беру жүйесінің бастауыш буыны болып табылады. Ол баланың салауатты, дамыған тұлғасын қалыптастыруды қамтамасыз етеді, жаттығуға деген ұмтылысты оятады, жүйелі оқытуға дайындайды. Мемлекеттік және мемлекеттік емес мектепке дейінгі балалар мекемелерінде және отбасында 6-7 жасқа дейінгі мектепке дейінгі білім беру жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі білім берудің негізгі бағыты - балаларды мектепте оқуға дайындау, дені сау, дамыған, еркін тұлғаны қалыптастыру, қабілеттерін ашу, оқуға, жүйелі оқуға деген ұмтылысты тәрбиелеу. Мектепке дейінгі білім беру Қазақстан Республикасының жалпы білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде маңызды рөл атқарады, өйткені оның шеңберінде баланың табиғат тәрізді қасиеттері мен ерекшеліктері анықталады, олардың даму жағдайлары қамтамасыз етіледі, баланың мектепке дайындығының кең ауқымды бағдарламасы жүзеге асырылады. Қазіргі кезеңде әлемде мектепке дайындық екі құрамдас бөліктің жиынтығы ретінде түсініледі: оқуға дайындық және мектепке дайындық.

Мектепке дейінгі ұйым - бұл отбасының бала күтіміне, олардың жалпы мәдени, ұлттық құндылықтар негізінде үйлесімді дамуына, баланы жалпы орта білім берудің бастапқы сатысына

дайындауға, ата-аналарға өз жұмысын және оқуын жалғастыру, қоғамдық өмірге белсенді қатысу үшін қажетті жағдайлар жасауға сұраныстары мен қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында құрылатын білім беру ұйымы. Мектепке дейінгі ұйым мектеп жасына дейінгі бір жастан алты (жеті) жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеуді және оқытуды, олардың дене және психикалық денсаулығын қорғауды және нығайтуды, жеке қабілеттерін дамытуды және жалпы білім беретін және (немесе) арнайы бағдарламалар негізінде осыны қажет ететін балалардың дамуындағы бұзылыстарды қажетті түзетуді жүзеге асырады.

Қазіргі заманғы педагог гуманистік педагогика арнасында өзара іс-қимыл түрлерін - ынтымақтастық, шығармашылық, қатысу, диалог, серіктестік, түрлі мәдениет, ұлттар, әлеуметтік топтар өкілдерінің тәжірибесін ескеруі тиіс.

Педагог үшдеңгейдің талаптарына жауап беруі тиіс:

- тәрбиешінің берік азаматтық ұстанымы, мораль нормаларын сақтауы, руханилығы, зиялы болуы рухани-адамгершілік.

- педагогтің педагогикалық білімі, зерттеу қызметіне қажеттілігі, құрылымдық ойлау қабілеті, коммуникациялық және ахуалдық рефлексиясы бар зияткерлік;

- көрнекі, жақсы киінген, таралған, мимикалы, мінез-құлқы, сөйлеу мәдениеті, қозғалысы бар;

Педагогтың рөлі балаларға өзара іс-қимыл жасауға және білім мен мағынаны бірлесіп құру үдерістеріне қатысуға мүмкіндік беруден тұрады. Процестің барлық қатысушыларының арасында маңызды және құрметпен қарым-қатынас орнатуға көмектесетін өзара іс-қимылдар (әркімнің дауысын естуге ұмтылыс болған кезде) балалардың өзіне деген сенімін дамытуға және олардың қоғамның өнімді және қамқор мүшелеріне айналуына ықпал етеді.

Мектепке дейінгі білім берудің маңыздылығы - мектеп жасына дейінгі балалар қоршаған ортаны зерттеп қана қоймай, дене үйлестіру дағдыларын дамытады. Жүгіруге, жартасқа шығуға, бисер тоқуға, өнер мен қолөнерге байланысты сабақтар көру-моторлы үйлестіруді, сондай-ақ ұсақ және ірі моториканы дамытуға көмектеседі.

Альберт Эйнштейн айтқандай, «Ойын - бұл зерттеудің ең жоғары түрі» мектеп жасына дейінгі балалар үшін өте қолайлы, өйткені олар ересектер жасаған басқарылатын және ұйымдастырылған ойын кезінде зерттеу, эксперимент және әңгімелесу арқылы өздерінің көптеген сұрақтарына жауап табуды үйренеді. Бұл тәжірибе жас ақылдардың табиғи қызығушылығын тудырады және олар әрқашан жаңалық тануға ұмтылады.

Қазір балалардың символикалық ойлауына да үлкен мән беріледі. Символикалық ойлау - мектепке дейінгі жаста болатын маңызды когнитивтік даму. Символикалық ойлау - нақты нысандарды, іс-әрекеттер мен оқиғаларды оймен немесе символикалық түрде көрсету қабілеті. Мысал ретінде жалған ойын немесе қиял ойын қызметі, сурет салу немесе заттарды ұсыну және заттар туралы әңгімелер болуы мүмкін.

Біздің балалар дамуының көптеген теоретиктері сондай-ақ ерте жаста әлеуметтік, мінез-құлық және когнитивтік дамудың маңыздылығын атап өтті. Зерттеу жүргізілді, оған сәйкес ерте жас эмоционалдық тұрғыдан оң болып табылады және болашақта ол балалардың дамуына және олардың оқуға дайындығына оң әсер етеді. Жас кезінде оқуға, жаңалықтарға және жасына сәйкес келетін міндеттерді табысты орындауға қуанышты бала неғұрлым кеш кезінде мектептен ләззат алуы мүмкін және оқуда жақсы үлгереді.

Ерте білім беру зерттеушілері сондай-ақ мектепке дейінгі білім берудің маңыздылығын көрсетіп, ерте жаста оқытылатын балалардың әдетте әлеуметтік дағдылары жақсарғанын, мінез-құлық проблемалары аз екенін және ерекше назар аудармай, жоғары бағалары бар екенін айтты. Ойын түрінде оқыту арқылы өзіне деген сенімділік баланың жеке басының дамуына ықпал етеді.

Сапалы мектепке дейінгі білім балаларға когнитивтік, мінез-құлық және әлеуметтік дағдылар береді, оларды олар үйде үйрене алмайды. Сондықтан баланы оқытуға дайындықты қалыптастыру үшін мектепке дейінгі білім негізгі рөл атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың "Қазақстан-2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы" // Қазақстанская правда. — 1997. - 11 қазан - 32 с.

2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // - 2010. - 21 күн. - С. 5-10.

3. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы//Казахстанская правда. — 2007. — № 127 (25372). - 11 с.

4. Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасы bala-kkk.kz

5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты РК-1.001-2001. - Астана, 2001. - 16 с.

6. 5 жасқа дейінгі балаларды мектепалды даярлаудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (негізгі ережелер) 6. - Астана, 2006. - 17 с.

7. 2007 жылғы 21 желтоқсандағы № 1245// invalid.kz «Қазақстан балалары» 2007-2011 жылдарға арналған бағдарламасы.

9. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2006. - 21 с.

10. Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008-2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы//Казахстанская правда. — 2008. — № 157. - 6 с.

ӘОЖ 112.62.8

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНА ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТІ ЕНДІРУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ҚАРҚАБАЕВА ПАРИДА ПАЗЫЛОВНА

«Өрлеу» БАҰО АҚ «Жамбыл облысы бойынша Кәсіби даму институты» филиалының аға оқытушы, п.ф.м. Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается проблема системного и качественного проведения научных исследований студентами и преподавателями образовательных учреждений. Подробно обсуждается, что владение учителем исследовательским делом позволит ему по-новому взглянуть на свою деятельность, добиться положительных изменений в образовательном процессе, позволит учителю освоить новые методы и новую технологию. Доказано, что научно-исследовательской работой занимается не один педагог в педагогическом коллективе, а научно-исследовательской работой вокруг актуальной проблемы занимается каждый педагог, то есть весь педагогический коллектив.

Summary. The article discusses the problem of systematic and high-quality scientific research by students and teachers of educational institutions. It is discussed in detail that a teacher's mastery of research will allow him to take a fresh look at his activities, achieve positive changes in the educational process, and allow the teacher to master new methods and new technology. It has been proven that not just one teacher in a teaching staff is engaged in research work, but every teacher, that is, the entire teaching staff, is engaged in research work around an actual problem.

Мұғалімнің зерттеу іскерлігін меңгеруі өз іс-әрекетіне жаңаша қарап, оқу-тәрбие үрдісіне өзгерістер еңгізуіне жол салып, мұғалімнің жаңа әдіс-тәсілдері мен жаңа технологияны меңгеруіне жол салады. Мұғалімнің ғылыми-зерттеу жұмысы мектептің оқу-тәрбие үрдісін жетілдіру құралына айналады. Педагогикалық ұжымда тек бір ғана мұғалім ғылыми-зерттеу жұмысымен айналыспай, әрбір мұғалім, яғни тұтастай педагогикалық ұжым өзекті мәселе төңірегінде ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысқаны орынды. Ғалым Г.Б.Омарова «Мұғалімнің ғылыми-зерттеу жұмысы – мектептің оқу – тәрбие үрдісін жетілдіру құралы» [1,55] ғылыми еңбегінде мектептің педагогикалық ұжымының ғылыми-зерттеу жұмысына даярлаудың нобайын ұсынады. Автор мектептің педагогикалық ұжымын ғылыми-зерттеу жұмысына даярлауды қалыптастыру критерийлерінің ең бастыларына мұғалімнің (ұжымның) ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне деген құлшынысын (ынтасын), зерттеу объектісі бойынша теориялық білім қорының ғылыми зерттеу әдістерін меңгеруін жатқызады.

Қазіргі кезеңде әрбір мектеп, әрбір педагогикалық ұжымда оқу-тәрбие үрдісін жетілдіру, жаңарту бағытында көптеген жұмыстар жүргізілуде. Қазақстандық көрнекті ғалым Н.Д.Хмель «Мұғалімді кәсіби даярлаудың теориялық негізі» атты монографияда мұғалімді кәсіби даярлаудың негізін жүйелейді. Н.Д.Хмельдің пікірінше «Даярлау іс-әрекеттің мотивациялық, мазмұндық және процессуальдық компоненттерінің ажырамас бірлігі, өйткені мамандықты иеленген кез келген

адам іс-әрекеттің 3 аспектісімен: психологиялық, ғылыми-теориялық және практикалық (технологиялық) кездеседі» [2.88].

Жоғарыда көрсетілген ғылыми-зерттеулерді зерделей келе мұғалімнің иновациялық даярлығы деп мотивациялық, мазмұндық, процессуальдық компоненттерінен тұратын ғылыми-зерттеу іс-әрекетін меңгеру екендігіне көзімізді жеткіздік. Педагогикалық іс-әрекеттік мотивациялық компоненті деп мұғалімнің зерттеу іс-әрекетіне құнды бағыттылығының болуын, ғылыми-зерттеу жұмыстарына оң көзқарастырының болуын, біртұтас педагогикалық үрдістің тиімділігін арттыруда ғылыми-зерттеу жұмыстарының қажеттілігін, маңыздылығын түсінуін айтамыз. Педагогикалық іс-әрекеттің маңызды компоненттеріне мұғалімнің педагогикалық әдістемесі мен педагогикалық зерттеу әдістері бойынша білімінің болуын, ғылыми-зерттеу жұмыстарының қажеттілігін, маңыздылығын түсінуін айтамыз. Педагогикалық іс-әрекеттің маңызды компонентіне мұғалімнің педагогика әдістемесі мен педагогикалық зерттеу әдістері бойынша білімнің болуын, ғылыми-зерттеу жұмыстарының қажеттілігін, маңыздылығын түсінуін айтамыз. Қазіргі кезеңде жалпы білім беретін мектептердегі әдістемелік жұмыстар қызметі жоғарыдағы талаптарға сәйкес жүргізілетін болса, онда мұғалімдердің өз жұмыстарына деген көзқарастары жаңаша бағыт алып, мұғалім ұдайы ізденісте өзінің шығармашылығын арттырып, оқушылардың да шығармашылық қабілеттерінің артуына жағдай жасаған болар еді.

Қазіргі кезең жаңа педагогикалық технологияны өз тәжірибесінде кеңінен пайдаланып жатқан жаңашыл мұғалімдерді қажет ететіндіктен, біз өз зерттеуімізде жаңашыл мұғалімдерді қажет ететіндіктен, біз өз зерттеуімізде жаңашыл мұғалім-ізденуші мұғалімнің иновациялық іс-әрекетін қоса салыстыруды жөн көрдік. Біз ұсынған тәжірибелі мұғалім – зерттеуші мұғалім – жаңашыл мұғалім-ізденуші мұғалімнің иновациялық іс-әрекетінің салыстырмасы сипаттамасынан көріп отырғанымыздай, қазіргі кезеңге (жаңа ғасырға) керектісі жаңа тұрпаттағы мұғалім – жаңашыл мұғалім-ғылыми ізденуші. Атының өзі айқындап тұрғанындай, өзі ғана емес, оқушыларды да ізденіске, шығармашылыққа баули алатын жаңашыл мұғалімдерді дайындау – өмір талабы. 6-кестеде жаңа тұрпаттағы ХХІ ғасыр мұғалімнің иновациялық іс-әрекетінің сипаттамасын бердік.

ХХІ ғасырдың басында-ақ зерттеулік ізденіс біліктері мен дағдылары тек ғалымдарға емес, ол барша адамға сөзсіз қажеттігі айқындалды. Оқытуды зерттеушілік бағытта ұйымдастыру, оның теориялық идеясы мен практикасын біріктіру бүгінгі психологтар мен педагогтардың міндеттеріне жүктелгендігін байқауға болады. Психология және педагогика ғылымдары адам өміріндегі зерттеу тәртібінің ролін, жалпы білім беру үдерісіндегі зерттеулік әдіспен оқытудың бағытын қайта қарастырып, бағалауда. Қазіргі білім беру практикасында баланы зерттеу жолымен оқыту – қоршаған әлемді тануға мүмкіндік беретін ең тиімді әдістердің бірі. Бүгінгі күні мектепте ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың қол жетімді түрі – оқушылардың ғылыми қоғамы болып отыр. Оқушылардың ғылыми қоғамы (ОҒҚ) жас ерекшеліктері әр түрлі, жоғары интеллектуалды, шығармашыл оқушылардан құралады. ОҒҚ-ның атқаратын негізгі қызметі - оқушылардың ғылыми ізденушілікке қызығушылығын кеңейтуге, зерттеулік оқыту біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға, әдебиеттермен жұмыс жасауды үйретуге және т.б. бағытталады.

Балалардың дарындылығын дамытудағы бұл құралдың мәні, ең алдымен, зерттеушілік ізденістің жаратылыстан бөлінбейтін құбылыс екендігімен түсіндіріледі. Білуге деген құштарлық, бақылауға тырысушылық, тәжірибеден өткізуге дайын тұру, әлем туралы жаңа мәлімет жинауға талпынушылық қасиеттер балаға тән дәстүрлі мінез болып саналады. Ендеше, зерттеушілік, ізденушілік- бала табиғатына тән құбылыс. Бұл белсенділік оның жеке дамуына, өзіндік көзқарасының қалыптасуына игі ықпал етеді. Педагогикалық процесте балалардың дарынын ашуда оқушы мен мұғалімнің ынтымақтастығы шешуші рөл атқарады. Жеке тұлғаны дамытып қалыптастыру үшін олардың өзгермелі әрекеттерін айналадағы нақты құбылыстар мен таныс объектілерді зерттеумен байланыстырудың маңызы зор.

Зерттеу білігі мен дағдысы ғылыммен ғана айналысатын адамдарға ғана емес, сондай-ақ әр адамның түрлі саладағы қызметіне қажет. Шығармашылық ізденушілік кез-келген кәсіппен тікелей байланысты. Зерттеу ісі қазіргі кезде аясы тар мамандандырылған қызмет емес, ғылыми қызметкерлердің белгілі топтарына ғана тән емес, сондай-ақ бүгінгі заман адамының өмір сүру тәсіліне енген, кәсіби шеберлігін танытуда өзіндік көзқарасына сәйкес қызмет болып табылады.

Бұл пікірімізді Абайдың жетінші қара сөзіндегі: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біріншісі- «ішсем, жесем, ұйықтасам» деп тұрады, екіншісі- «көрсем, білсем» деп, ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да «ол неге үйтеді», «бұл неге бүйтеді» деп көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді», - деген ой-тұжырымы растайды. Баланы

ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті болып саналады. Егер ол оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуын қамтамасыз ету қажет болса, онда баланың қабілетін түрлі әрекеттерге көрсету үшін зерттеуге дайындау қажет.

Ғылыми әдебиеттерде оқушылардың ізденушілік әрекетінде қолданылатын түрлі терминдер кездеседі: ғылыми-зерттеу жұмысы, зерттеу жүргізу, зерттей оқыту, т.б. Әлемге жаңалық әкелетін ғалымның ақыл-ой әрекеті мен жаңаны тануға талпынатын баланың ақыл-ой әрекеті арасындағы ерекшелік бұрыннан танылған. Сондықтан да жоғарыда аталған терминдердің мәні, ғылым, зерттеу, ғылыми зерттеу сияқты базалық түсініктерді қалыптастырған. «Энциклопедиялық сөздікте» ғылым тарихи қалыптасқан және табиғат, қоғам, ойлау, олардың даму заңдылықтары туралы қоғамдық тәжірибе негізінде үздіксіз дамитын білім жүйесі ретінде анықталған. Ғылыми әлемді өз қажетіне қарай өзгертуге белсенді адамзат таным қызметінің көпқасырлық дамуының нәтижесі болып табылады.

Ғылыми зерттеу- ғылыми әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, белгілі бір объект жөнінде жаңа білім қалыптастырумен аяқталатын жүйелі және арнайы мақсатқа көздеген объектілермен танысу. Оның негізінде адам әрекетінің ең қиын түрі – ғалымның таным қызметі. Танымдық әрекет оқушы үшін еске түсіру (репродуктивті) мен өзгерту (шығармашылық) бағытында болуы мүмкін. Оқушының өзгерту таным әрекеті зерттеу деп аталатын тәсіл арқылы жүзеге асырылады. Интеллектуалдық және шығармашылық қабілеті жоғары балалардың өз бетімен білім алу мүмкіндігі болуы тиіс. Яғни мұндай оқытуды бала өзі анықтайды, өзі басқарады, өзі жүзеге асырады.

Мектептегі ғылымды жүйелі жүзеге асырудың тиімді жолдары жөнінде ғалым К.Бұзаубақова былай дейді: «Дарынды балаларды оқытуда зерттеу әдісін қолдану қажеттілігі олардың табиғи қызығушылығының жоғарылығымен, қоршаған ортасына деген құштарлығының басымдылығымен түсіндіріледі. Оқушының өзіндік зерттеу әрекеті оның өзіндік талабын қанағаттандыруға ықпал етеді. Оқушылар қоршаған ортамен таныса отырып, өзіндік зерттеу әрекетінің көмегімен жаңа білімді дайын күйінде емес өзі ашады» [3].

Қазіргі кезде қоғамдық-әлеуметтік өмірдің барлық саласында түбірлі өзгерістердің болуына байланысты білім жүйесінде де, оның мазмұны мен оқыту әдістемесінде де біршама жаңарулар болып жатыр.

Инновациялық процестер ғалымдар мен практик- ұстаздар арасында кең өріс алуда. Бірақ мектептегі дәстүрлі оқыту өзінің дайын білімді ұсынатын ақпараттық арнасынан аса алмай отыр. Оқытудың бұл бағыты ең алдымен таным қабілеті қарқынды дамып келе жатқан жас бүлдіршіндердің білсем деген ынтасы мен ізденушілік құлшынысын бәсеңдетуде. Бұл өз кезегінде оқушының өзін-өзі тәрбиеленуіне, өзін-өзі дамытуына, өз бетімен білім алуына кері ықпал етуі мүмкін.

Соңғы жылдары зерттеу қызметі мәселесіне «зерттеу тәртібі» деген жаңа термин енді. Бұл термин ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде бұрыннан қолданылады (мінез-құлық мәдениеті, адамгершілік мінез, оқушының жүріс-тұрысы, тәртібі, т.б.). Бұл сөздің түпкі мәні біреудің әрекеті немесе әрекеттер жиынтығын білдіреді. Педагогикалық энциклопедияда «тәртіп» сөзі адамның және жануарлар қоршаған ортасына қатынасын білдіретін әрекеті ретінде қарастырылған.

Адамның тәртібі саналы тұлғаның әрекеттер жүйесінен тұрады. Оның жануарлар әрекетінен айырмашылығы қоршаған орта жағдайына саналы және мақсатты қызығушылық танытуында. Адамның мінез-құлқы арқасында қоршаған ортада өзгеріс болып, онымен бірге өзі де дамып жатады. Адамның өмір сүру тәртібінен оның болмысы, мінез-құлқы, темпераменті, көзқарасы, талабы мен талғамы көрінеді. Әсіресе эмоциясы мен сезімі басты рөл атқарады.

Баланың жүріс-тұрысындағы әрекеттер процесінде оның тұлғалық қасиеті қалыптасады. Тұлғаның қасиеті, жүріс-тұрысы қоғамдық қатынастармен, жалпыадамзаттық құндылықтармен бірге қарастырылады. Сонымен қатар, әрбір адам өзінің ортасына деген көзқарасы мен әрекетіне қарай бір-бірінен өзгешеленеді. Адамның өмір сүру тәртібі қоғамдық қатынастар мен тәрбиеге байланысты жинақталады.

Зерттеу тәртібі- кез-келген тірі жанның белсенді өмір сүру тәртібінен бөлінбейтін құбылыс. Сондықтан ол ең маңызды дамыту қызметін атқарады. Айналасындағыларды танып-білуге деген талпыныстың арқасында ғана тіршілік иесі белгілі бір ортаға икемделіп, өмір сүру тәртібін қалыптастырады.

Адамның айналысын танып-білуде жануарлардан айырмашылығы ортаға бейімделуінде емес, оған шығармашылықпен қарауында. Шығармашылық- зерттеу тәртібінің маңызды

сипаттамасы. Шығармашылық зерттеушілік ізденіс адам үшін екі түрлі көзқараспен маңызды: бір жағынан, жаңа өнімге қол жеткізуінде, екінші жағынан, ізденіс процесінің мәнділігінде. Адам шығармашылық нәтижесіне ғана қанағаттанып қоймай, шығармашылық пен зерттеу ізденушілігінің өзінен де ләззат алуға қабілетті.

Психологтар зерттеу тәртібін тұлғаның дамуы мен өзін-өзі дамытуында маңызды деп көрсетеді. Шынында да ізденушілік белсенділігі төмендеген сайын адам қолынан еш нәрсе келмейтін сияқты үрей туғызатын жағдайға тап болуы мүмкін. Сонымен қатар ізденушілік талабы басылып қалған баланың мінез-құлқы өзгеріп, айналасындағы жағымсыз қылықтарға бой алдыруы мүмкін. Сөйтіп білімге деген ынтасы басылып, нәтижесінде өзінің қабілетін- мүмкіндігін әлдеқайда төмендетіп алуы ғажап емес.

Көркем әдебиет мәтіндерін тиянақты оқып зерделеген оқушының дүниетанымы кеңейе түседі, жаңа терминдерді тың сөздерді меңгереді, әдеби тіл мәнерімен сөйлеуге және жазуға дағдыланады. Ғылыми жұмыстардағы олқылықтар көркем әдебиет мәтіндерін тиянақты оқып меңгермей жаза бастаудан туындайды. Оқушыға жетекші кеңесші болған мұғалімдер қажетті ғылыми-теориялық әдістемелік әдебиеттерді іріктеп ұсына білуі тиіс.

Қорыта айтар болсақ, ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптарын ұсына білу тақырыпқа сәйкес әдістемелік негізділігі тиянақты зерттеулерді, нақты мәтіндерді дәйектемелік тұрғыдан пайдалануға үйрету арқылы мұғалім жетекшілердің деңгейі анықталады. Орта мектептегі оқушы ертеңгі студент, магистрант, ғылым докторы. Бұл қазіргі әлем өркениетіндегі оқу мен ғылыми зерттеу жұмыстар тұтастығы жүйесіндегі көрсеткіштер оқушы барлық деңгейдегі оқу кезеңдерінде іздену, зерттеу қабілеттерін дамытады.

Оқушының сабақтан тыс уақытта және үйдегі теледидар, ғаламтор мәліметтерінен қызыға қарайтын көрілімдерінде ғылыми-зерттеу қабілетін қалыптастыруға, дамытуға бағыттап отыруға болады. Мысалы: Гарри Поттер туралы кітаптар, коммисстар туралы журналдар, суреттер солардың негізіндегі фильмдер, сюжеттерін фольклордағы қиял-ғажайып ертегілер оқиғаларымен немесе әлем әдебиетіндегі ғылыми фантастикалық көркем шығармалармен сабақтастыра поэтикалық үндестік және ұлттық өзгешелік т.б. аясында зерттеулер жазуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Омарова Г.Б. Мұғалімнің ғылыми-зерттеу жұмысы – мектептің оқу – тәрбие үрдісін жетілдіру құралы. – Алматы: Өркен, 2017. – 230б.

2.ХмельдіңН.Д. Мектепте ғылымды жүйелендірудің проблемалары және преспективасы.- Астана: Жеті Жарғы, 2018.-153б.

3.Бұзаубақова К.Ж. Дарынды тұлға тәрбиелеудегі ғылыми ізденістің мәні//Білімді ел. 2022. – 12 сәуір

ӘОЖ 371. 236.18

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

АЖИБЕКОВА ЖАДРА ТУРГАНБЕКОВНА

Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. В статье рассматриваются проблемы и эффективность использования электронных учебников. Подробно подчеркивается, что электронный учебник является дидактическим методом – основным вспомогательным инструментом в использовании методов и информационных технологий.

Summary. The article discusses the problems and effectiveness of using electronic textbooks. It is emphasized in detail that the electronic textbook is a didactic method - the main auxiliary tool in the use of methods and information technologies.

Заман талабына сай білім берудің парадигмасының өзгеруіне сәйкес құзыретті білім беру басшылыққа алынып, оқу-білім үйретудің жаңа әдістері пайда болуда. Құзыретті білім беру көбіне Еуропа елдерінде ұлттық білім беру стандарттарында қолданылады. Әр мұғалім өз пәнінде ақпараттандыру технологиясын пайдалануы: Мультимедия, электронды оқулықтармен жұмыс

істеу, керекті ақпараттарды интернеттен шығарып алып пайдалануды іс жүзінде үйренуі талап етілуде. Тұңғыш президент Н.Ә.Назарбаев өз сөзінде «Жаңа ғасыр – адамгершілік ғасыры, ал адамгершілік бастауы – мектеп. Ауыл баласының білімі мен тәрбиесі жаһандану аясында ұлтты рухани мәңгірттіктен сақтандыру ұлттық тәрбие мен білімнің қайнар бұлағы» [1] – делінген еді. Ал, әлемдік өркениетке жету, мектепті компьютерлендіру, интернет желісіне енгізу және қолданудан көрінбек.

Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күдіретті күш тек білімде ғана. Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. Болашақта еліміздің мәртебесін көкке көтеріп, экономикасы мен ішкі және сыртқы саясатын дамытатын да бүгінгі жас ұрпақ. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту мектептің басты міндеті болып отыр.

Ал, бүгінгі білім кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару мұғалімнің қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылығының жемісімен келмек. Сондықтан да, әрбір білім алушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені 179 мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру инновациялық технологияны ендіруді міндеттейді.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін компьютермен оқытудың мақсаты - оқу жұмысының жоғары дәрежелі болуына жағдай жасайды, оқушының қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша біліктілігі мен белсенділігін арттырады, жеке тұлғаның әлеуметтенуіне әсер етеді, өзін-өзі реттеуді дамытады, оқушының мақсатты қызметін ынталандырады. Қазақ тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен информацияларды білуге жол ашады.

Мультимедиа бағдарламасы бойынша, ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығын оқытуда географиялық картамен немесе көмекші материалдармен жұмыс істеп, сарамандық жұмыс жүргізуге болады. Ақын-жазушылардың шығармаларын, сазгерлердің күйлерін тыңдау арқылы мәнерлеп оқуды, эстетикалық тәрбиені қалыптастырады. Мәтіндік редактор арқылы бақылау жұмыстарын жүргізуге болады (тест, диктант).

Компьютердің көмегімен жүргізілген бақылау жұмыстары оқушының білімін объективті бақылап, материалдың дұрыс өтілгенін немесе дұрыс өтілмегенін талдауға мүмкіндік береді. Бұрын адам ойында болмаған оқытудың жаңа әдістерін ұйымдастыруға болады. Ертеңгі күнімізге аттамас бұрын бүгінгі ұстаздың кім екендігіне баға беріп көрейік. Бүгінгі мұғалім ата – ана, бала бағбаны, қоғам қайраткері. Мұғалім – оқытушы, мұғалім – ұстаз, мұғалім – оқулық авторы, мұғалім – технолог, мұғалім – жаңалықты дәріптеуші, таратушы. Қазіргі мектептің даму болашағы қоғамның даму үрдісімен үнемі өсіп отыратын ақпарат көлемінің әр түрлі тегімен анықталады. Оқушыларға білім беруде жаңа оқыту технологияларын қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман талабына сай талап етілуде.

Электрондық оқулық дегеніміз – мультимедиялық оқулық.

Осы уақытқа дейінгі білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес, сондықтан электронды оқулықтың құрылымы сапалы жаңа деңгейде болуы тиіс. Электрондық оқулық оқушының уақытын үнемдейді, оқу материалдарын іздеп отырмай, өтілген және оқушының ұмытып қалған материалдарын еске түсіруге зор ықпал етеді.

Сонымен қатар электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық жұмыстар орындайды. Әр оқушы таңдалған тақырып бойынша тапсырмалар орындап, тестілер шешіп, карталар мен схемалармен жұмыс жасауға дағдыланады.

Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, видокөріністер, дыбыс және музыка тыңдатыр көрсетуге болады. Бұл әрине мұғалімінің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі әсерлі. Меңгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен оқушыларға ұғындырса, жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады деп ойлаймын.

«Электронды оқулықтар оқушының білім сарасын бақылау жүйесін өзгертуге мүмкіндік жасайды. Дәстүрлі оқытуда әр оқушы оқытушы тарапынан бақылау өте жиі болмай қолуы да кездеседі, ал электрондық оқулықтың көмегімен оқыту үрдісінің әр тарапын бақылай алады. Тіпті кейде тапсырманың дұрыс орындалуын ғана қадағалап қоймай, қате орындаған жағдайды оқулықтың тарауына, керекті тақырыбына немесе қажет ақпаратқа сілтемлер беріп отырады» [2.53]

дегенді үнемі назарда ұстау керекпіз. Бұл оқушы үшін, біріншіден үлкен көмек, жеңілдіктер туғызса, екіншіден, сол материалды автоматты түрде бақылап, әділ бағасын беруге, оқушыға қажетіне қарай кеңес беруге, сол жайында барынша мәлімет алуға мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар оқушы грамматикалық анықтамаларды оқи отырып білімін тереңдете алады. Міне, осындай мүмкіндіктердің барлығы оқудың мотивациясын күшейтеді, оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттырады, оқытудың дәстүрлі ұйымдастыру формасынан шығып, оқытуды даралауды күшейтуге көп көмегін тигізеді.

Электронды оқулықта берілген мәтіндік материалдар белгілі бір қатынас жағдаяттарында қолданылатын сөйлемдерді құрайды. Сұхбаттар көлемі жағынан шағын және жеңіл жатталады. Сұхбаттық жағдаяттар қазақ тілінде бір – біріне сұрақтар қойып және жауап қайтара алуға үйретеді. Сонымен қатар берілген тақырып төңірегіндегі сөйлемдер мен әңгімелерді микрофонның көмегімен компьютерге басып, өздері тыңдап, өзін – өзі тексеруге, дұрыс сөйлеуге көмектеседі.

Қорыта келе айтарым, оқу үрдісінде электронды оқулықты қолданудың маңызы өте зор.

Тіл үйренуші электронды оқулықпен сабақ бойы үздіксіз байланыста болғандықтан тілді меңгеруіне үлкен мүмкіндіктері бар. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде электрондық оқулықтарды сабаққа пайдалану – оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады. Ой – өрісі дамыған, шетелдік білім жүйесінен қалыспайтын жас ұрпаққа білім беру жолындағы ортақ міндетті өз мәнінде жүргізу үшін, бір – бірімізден тәжірибе алмасып, кемшілік – жетістіктерді айтып отырсақ жұмысымыз өнімді болады деп ойлаймын.

Әрбір сабақта жаңа сөздер, фонетикалық, лексика-грамматикалық тақырыптар, мәтін, жаттығу жұмыстары, диалог үлгілері, әр сабақтың соңында тест сұрақтары беріледі. Оқыту кезінде әр түрлі анықтамалар, нұсқаулар, тапсырмалар берілуі тиіс. Мектепте оқыту процесінде электрондық оқулық қолдану өте тиімді. Оқушылар өздерінің білімін өз бетімен толықтырып, емтихан материалдарына дайындалады.

Электрондық оқулықтар арқылы оқыту кезінде 3 қағиданы анықтай білу керек:

1. логикалық ойлау жүйесін дамыту;
2. ойлау белсенділігін арттыру;
3. трансформация әрекетін жетілдіру.

1. Логикалық ойлау операцияларын қалыптастыру жолдары:

- заттардың, сөздердің қасиеттерін сипаттау;

- берілген қасиеттерге сай немесе басқа нәрселердің ұқсас және өзгеше қасиеттерін анықтау.

Мысалы: «Сөздерді анықтау», «Артықсөзді табу», «Сөйлем құрастыру», «Болымсыз сөйлем құрастыру», т.б.

2. Ойлау белсенділігін, өз бетімен жұмыс істеуін дамыту жолдары:

- сұрақ қою;
- шағын пікірталас өткізу;
- мазмұнын айту.

Мысалы: «Ситуация құрыңыз», «Қалай пайдалануға болады?», «Кері сөйле», «Өз ойыңызды айтыңыз».

3. Трансформация әрекетін жетілдіру бағытында арнайы жаттығулар ұсынуға болады.

Мысалы: «Қажеттісін тандап ал», «Қажетті қосымшаңы қойыңыз», «Сөз тіркестерін пайдаланып сөйлем құрастырыңыз» [3]

Компьютерді пайдалану сабақ сапасын көтерумен қатар оқушылардың ынғасын, белсенділігін арттыруда ерекше орын алады. Оқушының назарын пән мазмұнына аударады, өз бетінше практикалық жұмыстарды орындауға қызықтырады. Оқытушы көбінесе оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолданған жөн. Көбінесе, проблемалық оқыту, ойын арқылы оқыту, инновациялық оқыту, саралап оқыту, тірек сигналдары арқылы оқыту, компьютерлік оқыту және жаңа технологиялар бойынша оқыту, электронды оқыту т.б. Компьютерлік технологияларды оқу процесінде тиімді қолдану үшін, ең алдымен, өтетін пәнге талдау жасау керек, себебі, компьютерді жақсы меңгерген оқытушы ғана программистер көмегін қолдана отырып, компьютерлік бағдарламалар, электрондық оқулықтар жасай алады.

Өткен ұрпақ үшін кітаптың маңызы қандай болса, компьютер де оқушы үшін қоршаған әлемді тану құралы болып табылады. Олай болса, барлық пәнді, соның ішінде, қазақ тілі мен әдебиеті пәні сабақтарын компьютердің қуаттауымен жүргізуді үйрену - бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

Оқыту процесінде шәкірт пен ұстаз арасындағы қарым-қатынастың атқаратын рөлі ерекше. Осы талапты жақсы түсінген ұстаз ғана өз оқушыларының жүрегіне жол тауып, олардың компьютерге деген қызығушылығын, пәнді үйренуге деген ынта жігерін, құштарлығын арттырады. Дүниежүзілік өркениетке жету үшін ұрпағымыз білімді, парасатты, бүкіл ғаламдық мәдени құндылықтарға ие болу үшін жан-жақты болып өсуі шарт.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстандық жол-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы. – Астана, 2014 жылғы 17 қаңтар.
2. Башмаков М.А. Разработка компьютерно- обучающих систем и компьютерных учебников. М. 2012. 60с.
3. Рысбаева Г.Қ., Ерназарова З.Ш., Есеналиева Ж.Ж. «Қазақ тілі» пәні бойынша электрондық оқулық. Алматы 2004 ж.

ӘОЖ 371.852.23

ПІКІРТАЛАС-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТИПТЕГІ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ БІРІ

ҚОЖАБЕК АЙГЕРІМ АҚБЕРГЕНҚЫЗЫ

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласының білім бөлімінің Б.Сүлейменов атындағы №37 орта мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-модератор,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Дискуссия – одна из инновационных образовательных технологий.

Summary. Discussion is one of the innovative educational technologies.

Бүгінгі тәуелсіз еліміздің дамып, одан әрі өсіп-өркендеуі мен Елбасының атап айтқандай бәсекеге барынша қабілетті болуы ең алдымен осы мемлекеттің іргетасын құрайтын жастардың білімділігі, мәдениеттілігі, саяси саналығы мен өмірге бейімділігіне байланысты болса керек. Бүгінгі қоғамда болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси құбылыстар жас ұрпақты тәрбиелеу ісіне жаңа өзгерістер енгізуді талап етуде. Ол үшін болашақ ұрпақты жан-жақты тәрбиелеу керек. Себебі рухани жан-дүниесі бай, халқын сүйген, ата-баба жерін қадірлейтін ұрпақ қана болашағымыздың тірегі бола алады. Сондықтан білімділерді аялап тербетер, баптап өсірер ауқымды тәрбие керек. Бұл ретте балаға тәлім-тәрбие беріп, оны білім-ғылымға баулитын ұстаздар мен тәрбиешілерінің міндетті түрде білікті, көрегенді әрі өнегелі болғаны абзал. «Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез» деп хакім Абай айтқандай, ақыл-ой тәрбиесінде пікірлесу, пікірталас арқылы ой дамыту, оқушы тұлғасының өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес оның дарынын дамытуға, интеллектісін арттыруға ат салысуымыз қажет.

Бүгінгі оқушы өзінің алдағы бағытын дұрыс белгілеп, саралай білу үшін оларға берілетін білім өзегінде, біріншіден, өзіндік сана, көзқарас, дүниетаным мен сенім қалыптастыратын, екіншіден, қай ортаға болсын тез бейімделіп, жаңа ақпараттарды тез түсіну, қабылдау қабілеттілігін, іскерлік қасиетін дамытатын тәсілдер қамтылуы тиіс. Сонда ғана білім әлеуметтік күштен оқушы әрекетін дамытудың тетігіне, яғни практикалық қажеттілікті ақтайтын тегеуірінді күшке айналады.

Жалпы білім беретін орта мектепте оқушының, пікір-пайымын дұрыс жеткізумен қатар, оның өз көзқарас-тұжырымдарын дәлелдей алуы – өте маңызды ритрикалық дағды. Осы тұрғыдан алғанда, оқушыны пікірталасқа қатысуға үйрету үдерісі көптеген аспектіден тұратын күрделі құбылыс. Оның: педагогикалық, психологиялық, әдістемелік, этникалық, яғни тәрбиелік секілді құрамдас бөліктері бар. Психологиялық тұрғыдан алғанда, пікірталасты сөйлеу әрекеті деп қарауға болады, себебі пікірталас дегеніміз – бұл ең алдымен, сөйлеу, өз ойыңды өзгеге жеткізу, дәлелдеу.

Ал, пікір деген – қарапайым тілмен айтқанда, көрген, оқыған, естіген әңгіме, баяндама, көркем шығарма т.б. еңбектер жайындағы әсер, туған ой.

Мұғалімнің әрбір сабақта пікірталас ұйымдастыруы – оқытудың тиімді тәсілдерінің бірі. Себебі, оқушы пікірталас кезінде еркін қарым-қатынаста болып, өз позицияларын қалыптастыру және қорғау, оларды өзге пікірлермен салыстыру әрекетін жасайды. Пікірталас оқушылар өміріне шынайы проблемаларды әкеліп, оларды әртүрлі көзқарас тұрғысынан қарастырады, ең тиімді шешімдерін табуға бағыттайды.

Сабақты пікірталас форматында дұрыс ұйымдастыра білуі керек. Мәселен, тақырыптыалдын ала беруіқажет. Жәнекезкелгентақырыптыемес, бағдарламағасәйкес дау туғызатын мәселелерді берсе, оқушылар дайындық кезінде біршама ақпаратқа кез болады. Мен былтыр педагогикалық практикада болған кезде, өзімсабақберген 9-10 сыныптар арасында бірнеше пікір сайыс өткіздім. Байқағаным, басында ұяндықтары басым болған оқушыларым, соңында шаршы топта сөйлеп, шешендік өнерге машықтанды. Өз ойларына нық жеткізуге тырысып, көп ізденді. Пікірталаста тек екі топ болады, ал үшінші топтағы оқушылар көрермендер қатарын толықтыратыны белгілі. Осы орайда, ойынға қатыспаған оқушыларды блиц-сұрақтар қойып, қысқаша ғана олардың да пікірін білген жөн. Сонымен қатар, олардан пікір сайыстың барысы туралы өз көзқарастарын біліп, қатысушылардың жіберген қателіктері мен кемшіліктерін таба білуге үйрету керек.

Пікірталас кезінде оқушылармен бірлесіп ұстанатын ережелерді анықтап алған дұрыс. Пікірталас кезінде әрбір қатысушының өз мүмкіндігін айту мүмкіншілігі болу керек; қарсыласын тыңдай білуге дағдылану; біреудің сөзін бөлмеу; үйренушілерге ой шақыру немесе дәлелдерді жинақтау үшін уақыт беріп отыру.

Пікір сайысшы да болуға тиісті қасиеттердің негізгілері: харизмалық қасиет, яғни шешендік, импровизаторлық қасиет, яғни кез келген жағдайдан сүрінбей өту, дер кезінде шешім шығара білу, риторикалық қасиет, яғни сұрақты жүйелі қоя білу, эмоциялық қасиет, яғни өз эмоциясын басқара алу. Ең бастысы, мықты пікір сайысшыға логика мен білім қажет екені белгілі. Пікір сайыс кезінде дауыстың тембрі де белгілі бір дәрежеде қызмет атқаратынын да оқушы білуі тиіс.

Ұтымды ой айту, құнды сөз арқылы ойындағы сын жеткізу – ата-бабадан қалған игі дәстүр. «Шешендік – көп сөздікте емес, тапқырлықта» деп Ғабиден Мұстафин айтқандай шешендік өнердің қыр-сырын жетік меңгеріп, саналы да ұтымды ойды тапқырлықпен ұштастыра білген жастарымыз ел үмітін ақтар ертеңгі болашағымыз. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, болашақты білімді ұрпақ айқындайды» деп баса атап көрсеткен болатын. Сондықтан да еліміздің ертеңгі тұтқасын ұстар болашақ жастарымыз саналы да сапалы білім игеріп, тәлім-тәрбие алып, қандай жерде болмасын өз ойын еркін түрде жеткізе алатындай тұлға болып қалыптасуы қажет.

Ұрпақ тәрбиесі – ел алдындағы маңызы зор міндет. Еліміздің, қоғамның экономикалық, саяси, мәдени дамуында үлес қосатын, білімді де мәдениетті, парасатты, денсаулығы мықты азамат тәрбиелеп шығару – орта кәсіптік білім беру жүйесіндегі ұстаздар қауымының бүгінгі таңдағы міндеті. «Адам ұрпағымен мың жасайды» – дегендей, ұрпақ тәрбиесі қай кезде де халықтық мәселе болған. Тарихтан білетініміздей, дарындылар, қабілеттілер аса жоғары бағаланған. Сондықтан қазіргі жоғарғы сынып оқушылары педагогтары алдында тұрған аса маңызды міндет – талабы таудай тұлғаны тәрбиелеп, орта кәсіптік біліктілігі бар маманды өсіріп шығару. Ал ешнәрсеге бейімі жоқ, қабілеті жоқ адамның болмайтыны педагогикада дәлелденгендіктен, оқушы дарынын дамытар жұмысты орта мектептен кейінде жалғастыра беру керектігі айдан анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бұзаубақова К. “Жаңа ПЕД-технологияны меңгеру - міндет”. // Қазақстан мектебі. № 9-10. 2005 ж. 25-26 б.
2. Байғазиева Г. “Жаңа Педтехнология”. // Қазақстан мектебі. № 8. 2005 ж.

3. Бұзаубақова К. “Жаңа педагогикалық технологиялар”. // Қазақстан мектебі. № 4. 2005 ж. 5-8 б.
4. Тұрғынбаева Б. Дамыта оқыту технологиясы. А. 2004ж.
5. Женни. А. Стилл, Курт.С. Мередит, Ч. Темпл. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту құрылымының оқу жоспары. Мет. құрал №1, №2.
6. Керімбаев М.С. Мектептегі инновациялық процестер: мәселелер, болашағы, ізденістер. – Алматы, 1995ж.
7. Арысбаева З. “Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану ерекшеліктері”. // Қазақстан мектебі. № 1. 2007 ж. 69-70 б.
8. Әмір Шарапат. “Педагогикалық инновацияны іске асырудың жолдары” // Қазақстан мектебі. № 6. 2001 ж. 32-34 б.
9. Бейсембаева А. “Оқу-тәрбие үрдісін ізгілендірудің мүмкіндіктері”. // Қазақстан мектебі. № 4. 2001 ж. 12-13 б.

UDC 802.0. 378 147

INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN TEACHING ENGLISH

M.Kh.Dulaty Taraz Regional University
Senior teacher, Zamisheva G.A.,
2nd year student Baskynbayeva D.

Annotation. In the given article the new innovative technologies in the process of teaching English are observed. Namely, a slide show is a linear multimedia presentation, hypermedia, padlets and others were used during the process of studying a foreign language. In the article we will research and differentiate three main types of multimedia projects: embellished documents, linear multimedia presentation (a slide show) and hypermedia. Knowing about the different categories of multimedia projects should help teacher think about multimedia projects to use in teaching.

Аннотация. В данной статье рассмотрены новые инновационные технологии в процессе преподавания английского языка. А именно, слайд-шоу - это линейная мультимедийная презентация, в процессе изучения иностранного языка использовались гипермедиа, паплеты и другие. В этой статье мы исследуем и выделим три основных типа мультимедийных проектов: оформленные документы, линейные мультимедийные презентации (слайд-шоу) и гипермедиа. Знание о различных категориях мультимедийных проектов должно помочь учителю продумать мультимедийные проекты для использования в обучении.

In the given article the importance of Innovative technologies in the process of teaching foreign languages is described.

Times change, fashions change... The role of English in the world has grown so much that there are reportedly more nonnative speakers of English than native speakers of English. The spread of English requires many more instructors. Those who teach English need to be able to manage a much broader range of teaching responsibilities and increasingly diverse learner needs. Teachers of English language know much more today about language learning and language teaching than they ever did before. We know more about second language acquisition and the myriad factors that influence it. We understand more about the intersection between teaching and learning, the classroom experience, and the value of the communication. Effective English language teachers are obliged to look carefully at their professional development in order to improve their experiences in classrooms and to minimize burnout. Teachers intrinsically want and need to participate in ongoing development and change in their own professional lives. Teachers need to be supported in their efforts.

Teachers have always been expected to set a good example for learners, to provide a model of behavior. The model can and does change. Teachers have found many ways or methods for teaching languages. All have been admired models in some time or place, but perhaps have been ridiculed or dismissed in other contexts [1,23].

Within the last quarter century, Communicative Language Teaching has been put forth around the world as the new and innovative technologies to teach English as a second or foreign language. Proponents of the communicative language teaching approach argue that English Foreign language students are in need of Communicative Language Teaching methodology in order to gain facility and confidence in using English. The communicative language teaching approach features high profile teacher roles, frequent pair work or small group solving, students responding to authentic samples of English, extended exchanges on high interest topics and the integration of the four basic skills, namely speaking, listening, reading and writing.

Teaching materials, course descriptions, and curriculum guidelines proclaim a goal of communicative competence. Learners' communicative needs provide a framework for elaborating program goals in terms of functional competence.

Now it is important to any teacher to be able to work with the computer, to use the Internet for preparation various additional materials. Through the Internet it is possible easily to receive a professional advice, to communicate with bearer of English language. It is obvious, that at a lesson of foreign language it is difficult to do without means of training. Nevertheless still there are schools, where not only computers and Internet, but also the video and audio equipments are considered as inadmissible luxury. But teachers of a foreign language should use audio-visual materials to stimulate conversation [2,63].

So recently, computers and software in Kazakhstan have become widespread in homes and their uses have expanded so dramatically that the majority of language teachers must now begin to think about their implications for teaching and learning. Although more recently computers in our schools also began to be more common and accessible to teachers and students, many practicing language teachers appear to know what to do with them and perceive technology as burden and a problem rather than as any effective tool for advancement of language teaching and learning [3,85].

Integrative computer assisted language teaching and learning was based on two important technological development through 1990's: rise of multimedia capabilities of computers and Internet. Multimedia computers allowed a variety of media – text, graphics, sound, animation, and video – to be accessed on a single machine. What makes multimedia even more powerful is that it also entails “hypermedia” and “interactivity”. That means the multimedia resources are all linked together and that learners can navigate their own path simply by pointing and clicking a mouse. Multimedia provides a number of advantages for language learning: providing more authentic language learning environment since listening is combined with seeing, just like in the real world.; skills are easily integrated, since the variety of media make it natural to combine reading, writing, speaking and listening in a single activity; students have great control over their learning, since they can not only move in their own pace but even select their own individual paths, going forward and backward to different parts of the program, honing in on particular aspects and skipping other aspects altogether; it facilitates focus on the content, without sacrificing a secondary focus on language form or learning strategies.

So in our investigation we emphasize and differentiate three types of multimedia projects: embellished documents, linear multimedia presentation (a slide show) and hypermedia. Knowing about the different categories of multimedia projects should help teacher think about multimedia projects to use in teaching.

Now we tried to differentiate all of them.

The Internet is an enormous resource of information which is getting easier to access. It is a resource that can be exploited in many ways. The nature of the internet also means that students can create their own pages which can be seen by anyone in the world with internet access. As English is the dominant language on the Internet, it means they will be exposed to English and using it for variety of motivating and interesting tasks. Some site on the Internet offer interactive grammar exercises – this means that when the students complete an exercise their answers are checked and corrected automatically. One site that does offer this is BBC World Service Learning. It is possible to interact not only with the computer but also with other learners around the world.

Computer technology is becoming cheaper and more available around the world. However, because it is a relatively new and rapidly changing technology the teacher needs to be familiar with the equipment and the possibilities [3,89].

Nowadays our government makes all things to increase the level of introducing new technologies in our country. Schools have opportunity to make computer classroom at them. Teachers and students have the ability of using information systems.

Computers are increasingly a part of everyday life and the Internet has, since the middle of the 1990s, revolutionized communication. This revolution has found its way into the classroom.

An embellished document is a text document that has been enhanced with other multimedia elements. Student authors might add pictures, sounds, or video segments to text because information in these alternative formats seems more informative or more interesting than text alone. Students can prepare some form of embellished document with nearly every word processing program and with other tools such as paint programs and web authoring programs.

If embellished document is to include sound or video, the audience will have to view the document using a computer. The author does not have to be present or use his or her own computer to show this kind of document to a reader. It is as easy to send someone a word processing file on disk as it is to send a letter, and embellished documents can usually be sent as an attachment to an e-mail message. Students in other classrooms or schools can easily view the document containing sound and video that the teacher or students have created. If the document contains text and still graphics, students can print and distribute it. Common examples of embellished documents are student-authored newsletters, reports, and instructional manuals. A single web page might also be considered an embellished document [3,96].

A slide show is a linear multimedia presentation that might be used as a self-contained presentation or may accompany a speech or lecture. The defining attribute of this format is the linear nature of the presentation. Slide show can be viewed on the computer screen or by using a projection system, recorded on videotape for presentation, printed to produce a series of overhead transparencies, or made available on the Web. Like all the other projects a slide show can incorporate text, several types of graphics, and sound. It is fairly common for instructors to use what is frequently referred to as presentation software to prepare and present multimedia material as support for their lectures. Students can also use the same software to prepare their own presentations.

A hypermedia project differs from embellished documents and linear multimedia in the complexity of the pathways that are available through the information and the degree of control that users can exercise in navigating those pathways. Moreover, hypermedia authors segment information into meaningful units and create pathways among the units. In creating the units of information and establishing the links, authors attempt to anticipate the types of information different users might find helpful and provide convenient ways for these users to explore. Users decide which of the options provided by the author they want or need to experience. [3,102]

As it is clearly shown, the three formats we described differ in complexity. Embellished documents or slide shows can be used in any situation in which reports are used to develop communication skills and encourage students to think about course content. Nearly all classes require to write reports or research papers or to give presentation of some type. Incorporating a few graphics or a short video segment takes a little additional time and new skills but does not require a serious deviation from existing activities. On the other hand creating an interactive hypermedia project does involve committing a significant amount of time to developing some new skills in using technology and developing the project itself. In deciding to embark on involving students in developing hypermedia, teacher needs to be committed to something that is currently quite out of the ordinary.

And now we shall speak about software tools for creating above described projects. A basic set of tools can be used to construct the entire range of project types, and the project types can be applied to a variety of content areas, at many levels of sophistication, by students at all grade levels. The time that students spend learning how to use the software tools and to design each category of multimedia will be spent efficiently if they continue to use similar software tools to design similar projects. Whether students will eventually communicate with multimedia the way many adults now communicate with text remains to be seen, but it is reasonable to predict that multimedia – very possibly student-authored multimedia – will play an increasingly important role in academic settings.

So, the people who teach English need to be able to manage a much broader range of teaching responsibilities and increasingly diverse learner needs. English language teachers know much more today about language learning and language teaching than they ever did before. We know more about second language acquisition and the myriad factors that influence it. They understand more about the intersection between teaching and learning, the classroom experience, and the value of the communication. Effective English language teachers are obliged to look carefully at their professional development in order to develop and improve their experiences in classrooms and to minimize burnout. Teachers intrinsically want and need to participate in ongoing development and change in their own professional lives. Teachers need to be supported in their efforts.

And teachers have always been expected to set a good example for learners, to provide a model of behavior. The model can and does change. Teachers have found many ways or methods for teaching languages.

List of used literature.

1. Brownell, E., G. Computers and teaching. St. Paul, MN: West Publishing company. 2007
2. Bovtenko M.A. Computer-Assisted Language Learning. Moscow: Flinta and Nauka. 2011
3. Carr K. How can we teach critical thinking? // ERIC Digest. 2000.

ӘОЖ 323.1(574)

Р. ГАМЗАТОВ. «ЖУРАВЛИ» ИЗ РАЗДЕЛА «ДЕНЬ ПОБЕДЫ: НИКТО НЕ ЗАБЫТ, НИЧТО НЕ ЗАБЫТО»

АХМЕТОВА ГУЛЗИРА КАМЕНОВНА

Город Тараз ср. школа имени Ы.Сулейменова №37,
учительница русского языка и литературы,
Республика Казахстан, г.Тараз

Резюме. Жұмыста топтық формасы білім беру міндеттерін шешіп қана қоймай, сараланған тәсілді жүзеге асыруға, яғни дарынды және талантты оқушылармен сабақтарда жұмыс жүргізуге, сондай-ақ ойлау процестерін жандандыруға, сыни ойлауды дамытуға, барлық оқушыларды оқу іс-әрекетіне тартуға, балалардың сөйлеуі мен танымдық қабілеттерін дамытуға, сөздік қорын байытуға мүмкіндік берілген. Біз жұмыстың осы түрінің тиімділігін және оның оқушылардың табыстылығына оң әсерін беретініне сенімдіміз.

Summary. In the work, the group form allows not only to solve educational tasks, but also to implement a differentiated approach, that is, to work in classes with gifted and talented students, as well as to activate thought processes, develop critical thinking, involve all students in educational activities, develop children's speech and cognitive abilities, and enrich vocabulary. We are confident in the effectiveness of this type of work and its positive impact on the success of students.

Мной был разработан план урока русского языка и литературы 7 класса на тему «Р. Гамзатов. «Журавли» из раздела «День Победы: никто не забыт, ничто не забыто». Изучив типовую учебную программу для 5-9 классов уровня основного среднего образования (с нерусским языком обучения) по обновленному содержанию, я отобрала следующие цели обучения:

7.3.6. анализировать содержание художественных произведений (поэтических, прозаических), определяя жанровые особенности и художественно-изобразительные средства;

7.4.4. писать творческие работы (в том числе на литературные темы) представляя себя в предлагаемой ситуации и описывая собственные ощущения, с использованием эмоционально-окрашенной лексики, эпитетов, сравнений, фразеологизмов и олицетворений

Цели урока согласованы с целями обучения; сформулированы в формате СМАРТ с учетом потребности обучающихся и дифференцированного подхода в обучении. Цели урока достижимые, конкретные, ориентированы на результат, определены во времени для учителя и учащихся.

Так на уроке учащиеся смогут:

- анализировать стихотворение «Журавли», определяя жанровые особенности и художественно – изобразительные средства;

- - написать эссе, используя эпитеты, сравнения, фразеологизмы и олицетворения

Критерии оценивания:

- анализирует стихотворение «Журавли», определяя жанровые особенности и художественно – изобразительные средства;

- пишет эссе на тему «Вечная слава бойцам», используя эпитеты, сравнения, олицетворения

Уровни мыслительных навыков: навыки высокого порядка.

Для решение задач обучения мной были использованы словесный метод, наглядный метод обучения, метод практического обучения. Выбор перечисленных методов был зависим от цели, задач и содержания материала урока.

Для обеспечения высокого качества знаний, развития умственных и творческих способностей, познавательной, а главное самостоятельной деятельности школьников был применен метод ролевой игры «Шесть шляп мышления», который помог

- работать с информацией
- находить возможности учащихся
- использовать интуицию
- критически анализировать проблемы
- генерировать творческие идеи
- организовывать мышление учеников

Я выбрала эту ролевую игру, потому что она способствовала на достижение цели обучения, направленного на развитие навыков чтения и цели 7.3.6.1 анализировать содержание художественных произведений (поэтических, прозаических), определяя жанровые особенности и художественно-образительные средства;

Задания для каждой группы были составлены в соответствии с критериями оценивания и соответствуют таким уровням мыслительных навыков, как: применение, навыки высокого порядка.

Группа «Белая шляпа» заполняет таблицу, демонстрируя не только понимание содержания, но и определяя эмоциональное состояние читателя

Группа «Желтая шляпа» характеризует лирического героя

Группа «Красная шляпа» определяет эмоциональное состояние лирического героя

Группа «Черная шляпа» выписывают цитату из текста и пишут комментарии к нему.

Группа «Зеленая шляпа» предлагает композицию для музыкального клипа. Определяют декорацию, образы, фоновую музыку, проявляя креативность

Группа «Синяя шляпа» отвечает на проблемные вопросы, дает развернутые ответы, приводит обоснование для выражения собственной точки зрения.

Наиболее благоприятные условия для включения каждого ученика в активную деятельность на любых этапах урока создает групповая форма работы. При организации работы в парах и группах каждый ученик не просто сидит на уроке, а мыслит, предлагает своё мнение, пусть оно и неверное. В группах рождаются споры, обсуждаются разные варианты решения, идёт взаимообучение детей в процессе учебной дискуссии, учебного диалога. Кроме того, я старалась разнообразить виды деятельности, так как использование разных видов деятельности на данном уроке (обсуждения в группах, использование приёмов, способствующих развитию критического мышления, составление кластеров, флипчартов, презентации) облегчило запоминание изучаемого материала. Процесс выполнения заданий в группах осуществлялся на основе обмена мнениями, высказыванием суждений. Используя групповую форму работы, я заметила, что при совместной деятельности проявляется, в первую очередь, активность учащихся в малых группах – там им комфортнее, что в классах есть учащиеся, которым по разным причинам тяжело публично выступать и высказывать свои мысли вслух перед всем классом и учителем. Но зато в группе они занимают активную позицию, обсуждают наравне со всеми предложенные вопросы и задания. Ученики в такой ситуации чувствуют себя увереннее.

Какая же поддержка была оказана для ученика с ООП? Во-первых, он работал в группе, где необходимо было продемонстрировать фактологичность, знание и понимание содержания произведения. Оказывается поддержка учителя- предоставляется шаблон и речевые клише. Ученик работает в группе «Белая шляпа» Ему предоставлялись речевые клише: Вижу: клин журавлей, небо, Слышу: голос журавлей, Чувствую: боль утраты, горечь потери.

Групповая форма работы позволила не только решить образовательные задачи, но и осуществлять дифференцированный подход, т.е. проводить работу на уроках с одарёнными и талантливыми учениками, а также способствовать активизации мыслительных процессов, развитие критического мышления, вовлечение всех учащихся в учебную деятельность, развитию речи детей и их познавательных способностей, обогащению словарного запаса. Ученики имели возможность самостоятельно оценивать свою работу или взаимооценивать друг друга. Мы увидели эффективность данного вида работы и её положительное влияние на успешность учащихся.

Именно для учащихся с высокой мотивацией было дано задание: на развитие функциональной грамотности. Ведь функциональная грамотность сегодня — это базовое

образование личности. Ребенку важно обладать: Готовностью успешно взаимодействовать с изменяющимся окружающим миром; Возможностью решать различные (в том числе нестандартные) учебные и жизненные задачи; Способностью строить социальные отношения; Совокупностью рефлексивных умений, обеспечивающих оценку своей грамотности, стремление к дальнейшему образованию».

Группа «Зеленая шляпа» предлагает композицию для музыкального клипа. Определяют декорацию, образы, фоновую музыку, проявляя креативность

Группа «Синяя шляпа» отвечает на проблемные вопросы, дает развернутые ответы, приводит обоснование для выражения собственной точки зрения.

Задание №2 предусматривает развитие навыка письма. Для достижения цели 7.4.4.1 писать творческие работы (в том числе на литературные темы) представляя себя в предлагаемой ситуации и описывая собственные ощущения, с использованием эмоционально-окрашенной лексики, эпитетов, сравнений, фразеологизмов и олицетворений

Были даны следующие задания: Представьте, на празднике ко Дню Победы вы участвовали на встрече ветеранов. Какие эмоции и ощущения вы испытали от этой встречи? Напишите эссе на тему «Вечная слава бойцам» объемом 80-60 слов. Соблюдайте при написании структуру эссе, используйте средства художественной выразительности (по одному тропу)

Сейчас важно, чтобы школьник умел успешно взаимодействовать не только со сплошными текстами: материалами для диктантов, упражнениями, текстами для чтения. На уроках также должны демонстрировать тексты табличной формы, в виде инфографики и графики, с кодовыми обозначениями, стрелками. Работа с такими несплошными текстами крайне важна для старшеклассников. Эти навыки будут не только проверяться на PISA и аттестации, но и понадобятся во взрослой жизни. Поэтому для достижения цели по письму мной было использовано следующее задание: **Задание на развитие ФГШ: В сети интернет есть такая информация. Напиши пост и вырази свою оценку по данному факту.** Чтобы достичь желаемого результата мной была использована парная форма работы. Работа в парах является наиболее комфортной формой организации учебного процесса, целью которого является формирование деловых межличностных отношений. Работа в парах — это выполнение задания двумя учениками, которые, общаясь и взаимодействуя, выполняют решение задачи, направленной на получение общего итога. Он складывается фактически из двух результатов его участников, поэтому соответствие общего результата поставленной цели зависит от правильности выполненного задания каждым участником. Ученику с ООП был предоставлен шаблон на основе которого была написан пост. Работа ученика с ООП проверяется учителем, тем самым давая возможность предоставить своевременную конструктивную обратную связь через дескрипторы.

Если мастерски подойти к планированию урока, то продумыванию вовлечению всех учащихся в процесс обучения, то, несомненно, возрастает объем усваиваемого материала и глубина его понимания; на формирование понятий, умений, навыков тратится меньше времени, чем при фронтальном обучении; приобретаются навыки, необходимые для жизни в обществе: самостоятельность, ответственность, такт, умение строить свое поведение с учетом позиций других людей; учитель получает возможность реально осуществлять индивидуальный подход к учащимся; учитывать их взаимные склонности, способности, темп работы при делении класса на группы, давать группам задания, дифференцированные по трудности.

Список использованной литературы:

1. Учебник: «Литература (в 2 частях)», Полухина В.П., Коровина В.Я., Журавлёв В.П. и др. / Под ред. Коровиной В.Я.
2. Произведения русских писателей XIX века
3. Учебник: «Литература (в 2 частях)», Меркин Г.С.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЕРЕКШЕЛІГІ

АБДИКЕРИМОВА АЙМКУЛЬ ЖЕТЕСОВНА

Ю.Гагарин атындағы № 29 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Проблема, рассматриваемая в статье основная цель инклюзивного образования- обучение, образование детей с ограниченными возможностями в развитии вместе с нормальными детьми.

Summary. The problem considered in the article is that the main goal of inclusive education is to educate, educate children with developmental disabilities together with normal children.

Инклюзивті білім берудің негізгі мақсаты – даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балалармен бірге оқыту, білім беру.

Әрбір бала, мүмкіндігінше қажетті деңгейде білім алуы тиіс. Бұл арнайы қажеттілігі бар балалар үшін мектептерде, мекемелерде жағдай туғызып, оларды жалпы білім беру жүйесіне қосу. Әлемдік педагогикалық қауымдастық үшін 1994 жылы Испанияның Саламан қаласында ЮНЕСКО ұйымдастырумен өткізілген ерекше қажеттіліктері бар адамдарға білім беру бойынша Бүкіләлемдік конференция айқын оқиға болды. Педагогикаға «инклюзивті білім беру» термині енгізілді, инклюзивті білім берудің негізгі принциптері жарияланды. Мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру маңызды саланың қалыптасуы, көп жағдайда әрбір нақты елдің дәстүрлері мен деңгейіне тәуелді болады.

Инклюзивті тұғыр балалардың алуан түрлі білім алу қажеттіліктерін түсінуді және осы қажеттіліктерге сәйкес, балаларды білім беру үдерісіне аса толық қатыстыру, қоғамдастықты баулу, білім берудегі дискриминация мен сегрегацияны жою арқылы қызмет ұсынуды қамтиды. Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету. Оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Инклюзивті оқыту – оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс – әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті оқытудың негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым – қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір – біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым – қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. Барлық адамдар құрбы – құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету – өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.
8. Жан - жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Инклюзивті білім беретін мектептерде білім мазмұны үш түрлі бағдарлама бойынша жүргізіледі:

- - жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары
- - мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары
- - мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы

Осы тұста балаларды оқытудың келесідей түрлерін ажыратуға болады:

1. Үйде оқыту
2. Стационар
3. Кері инклюзиядан түзеу балабақшасында оқыту
4. Коррекциялық балабақшада оқыту
5. Ішінара инклюзия
6. Толық инклюзия

Бүкіл елде кең тараған инклюзивті білім берудің өз артықшылығымен қоса кемшілігі де бар. Инклюзивті білім берудің бірқатар кемшіліктері:

1. Оқу құрамы тарапынан оқушының білімін объективті бағалау (көбінесе оны асыра бағалау) әрдайым бола бермейді, өйткені оның денсаулығына байланысты оған мейірімділік танытады;

2. Білім берудің инклюзивті түріне мұқтаж азаматтар үшін жеткілікті ақпарат көлемінің болмауы;

3. Білім берудің инклюзивті нысанын қажет ететін адамдарды қолдау үшін тиісті білімі бар білікті кадрлардың (тәлімгерлер, мұғалімдер, әлеуметтік педагогтар, логопедтер, дефектологтар, психологтар) болмауы;

Инклюзивті білім берудің тәсілдерін меңгеру отбасы үшін де пайдалы. Инклюзивті білім беру – бұл барлық бала өздерінің физикалық, ақыл – ой, интеллектуалды және басқа ерекшеліктеріне қарамастан, жалпы білім беру жүйесіне енгізілген және мүмкіндігі шектеусіз құрдастарымен бірге оқытылатын оқыту және тәрбиелеу процесі.

ҚР «Білім туралы» заңында инклюзивті білім беру ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке – дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс екені көрсетілген.

Сонымен қорыта айтқанда, инклюзивті оқыту – оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс – әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым – қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Сонымен қоса, инклюзивті оқыту үрдісі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің бастауы болмақ.

Әр оқушының білім алуға өз ерекшеліктері бар. Мәселен әр оқушының эмоционалдық және психикалық таным процестерінің дамуы деңгейі әртүрлі екенін естен шығармау керек. Жалпы білім беретін мектептердегі мүмкіндігі шектеулі балалар оқу материалын меңгеруде, жеке тәсілдің жоқтығы, арнайы коррекциялық – түзету, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігі салдарынан әлеуметтік дағдыларды игеруде елеулі қиындықтарға тап болады.

Инклюзивті оқыту- барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында мектеп және мектепке өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-барлық балалардың мұқтаждығын ескеретін ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы.

Инклюзивті білім беру балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайын да өзгереді. Инклюзивті білім беруді ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіндік алады. Инклюзивті оқыту балаларды жалпы білім беру үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімделуге, жынысына, шығу тегіне, дініне қарамай балаларды айыратын кедергілерді жоюға ата-аналарын белсенділікке шақыруға балалардың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді саясат.

Қорыта айтқанда, қазіргі таңда әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие сапалы білім беру өмір талабы болып табылады. «Бәріне бірдей мүмкіндік», «Сапалы білім - барлығы үшін» деген ұстанымды қолдаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Адырбаева М.Ж. Инклюзивті білім беру жүйесіндегі психологиялық – медициналық педагогикалық консультацияның жұмыс барысы. – Алматы, 2011. – Б.30-35.

Электронды ресурсы: <http://www.zkoipk.kz>

2. Инклюзивті білім берудің заманауи технологиялары (Электрондық ресурс) – URL: [https : // moaугra.ru/publication/8/480](https://moaугra.ru/publication/8/480)

3. Ерекше оқыту қажеттіліктеріне қарай қысқа мерзімдік, орташа мерзімдік және ұзақ мерзімдік негізде оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 80 б.

4. Инклюзивтік білім беру жағдайында 8 санат бойынша ерекше білім беруде қажеттіліктері бар балалардың оқытуын ұйымдастыру. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 64 б.

5. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі. – А., 2016. – 51б.

6. Алтаева Г. Ж. Роль психолого-педагогического сопровождения детей в условиях инклюзивного образования. – Щучинск, 2015.

7. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 51 б. 6. Поташник М.М. Управление качеством образования

ӘОЖ 377.49.71

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ МӘСЕЛЕЛЕРІ

КАРЖАУЛОВА АЛТЫНАЙ МАХУЛБЕКОВНА

Шона Смаханұлы атындағы №44 орта мектептің мектепалды даярлық сынып тәрбиешісі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются современные проблемы дошкольного воспитания и образования.

Summary. The article discusses the modern problems of preschool education and education.

Қазіргі қоғамда болып жатқан жалпы мәселелер оның өмірінің барлық салаларын қамтиды. Бүгінгі таңда қоғамдық өмірдің дамуы білім беру ұйымдарындағы әлеуметтік тәрбие мәселелеріне қызығушылықты арттырды. Мектепке дейінгі мекемедегі тәрбиенің әлеуметтік мәселелерінің бірі – тәрбие жүйесінің мәселесі. Соңғы жылдар аясында мемлекет білім берудің міндеттерін тұжырымдады.

Мектепке дейінгі тәрбие – бұл Қазақстан Республикасының жалпы білім беру жүйесіндегі алғашқы қадам. Бұл мектеп жасына дейінгі кезеңде адамгершілік негіздерінің негізі қалаған әлемді және адами қарым-қатынастарды тану уақыты, сондай-ақ моральдық және рухани сезімдерді қалыптастырудың ақылға қонымды кезеңі. Мектепке дейінгі балаларды моральдық және рухани тәрбиелеу рухани бай, ішкі еркін, тәуелсіз және сонымен бірге әлеуметтік жетілген, жауапты адамға айналатын халықтық дәстүрге негізделген әмбебап құндылықтарға лайықталған.

«Өзін-өзі тану» пәні бойынша, білім беру мазмұны «Мен адаммын», «Қарым- қатынас қуанышы», «Адамгершілік әліппесі», «Мен және менің әлемім» тараулары бойынша берілген. Бұл тараулардың тақырыптары әртүрлі болғанмен, мақсаттары бір арнаға келіп тоғысады. Әрбір жеке тұлғаға достық, отбасы, Отан құндылықтары туралы алғашқы қарапайым түсініктер беру; мейірімділікке, жауапкершілікке, қайырымдылыққа, сүйіспеншілікке баулу, құрбы-құрдастарымен, өзінен кішілермен және үлкендермен ізгілікті қарым-қатынас, өзін қоршаған ортаға жайыптарын сезініп, табиғатқа зиян келтіруден бойын аулақ ұстауға тәрбиелеуге бағытталған.

«Рухани-адамгершілік тәрбие беру балабақшада балалармен, ата-аналармен жүргізетін барлық тәлім-тәрбие, білім беру жұмысының барысында жүзеге асады.«Мен әдепті баламын», «Бәрін жақсы көремін» тақырыптарында сабақтар өткізіліп, сабақтың бөлімдері бойынша фото-көрмелер ұйымдастырылды» [1].

«Қарым- қатынас қуанышы» тарауы бойынша, Мектепалды дайындық 5 жас тобы балаларымен салыстырмалы түрде тест жұмысы жүргізілді. Тест қорытындысында «Өзін-өзі тану» пәні бойынша жүргізілген оқу- тәрбие жұмысының нәтижелігі байқалды.

Ата-анамен жұмыста ата-анаға бұл пәнді енгізудің мақсат, міндеттері мен бағдарлама талаптары жөнінде кеңестер берілді. «Өзіндік таным» журналында жарияланған мақалалардың

ата-анаға пән туралы педагогикалық білім беруде маңызы зор, ата-аналардың «Өзін-өзі тану» пәніне деген пікірлерін оқу, арқылы бұл пәннің болашақ ұрпақтың бойына имандылық құндылықтарын дарытып, жеке тұлғаны ізгілендіруде маңызды екенін, тек балаға ғана емес үлкен адамды тәрбиелеу пәні екені туралы түсініктер берілуде.

Ата-анамен жұмыста сабақта беріліп отырған ұғымдар «Бүгін біз не үйрендік?» жартақтасы арқылы жарнамаланып, бала психологиясындағы өзгерістер туралы пікірлесіп отырылады.

«Өзін-өзі тану» журналдарының кезекті сандарындағы іс-тәжірибелік мақалалар талданып, балабақшаның оқу-тәрбие жұмысына ыңғайластырылып, тәрбиешілер өз жұмыстарына пайдалануда.

«Өзін-өзі тану» пәні мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі жаңа пән болғанымен, ересектер және мектепалды дайындық тобы балаларының «білсем, үйренсем, көрсем» деген ынта-тілектерінің өз ішкі сезімдеріне қозғау салып, әр сабақты асыға күтетін деңгейге жетті. Бұл деңгейге жету себебін «Өзін-өзі тану» пәні әдіс-тәсілдерінің тиімділігінен және тәрбиешілердің әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана білуінің нәтижесі деп айтуға болады.

Әр баланың жеке басы – оның моральдық дамуы үшін қамқорлық жасау – бүгінгі күннің және алдағы күндердің талабы.

Мектепке дейінгі жастағы баланың рухани-адамгершілік дамуы балабақшасы мен отбасы арасындағы қарым-қатынастың тығыздығы артқан сайын ойдағыдай жүзеге асады. Әрбір бала қандай да болмасын бір міндетті орындау үшін, өзіндік ерекше жағдайлар жасалады. Мәселен, ойында ұнамды әдеттер, өзара қарым-қатынастар, адамгершілік сезімдер қалыптасады, еңбекте – еңбексүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, сондай-ақ ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздың сезімі сияқты қасиеттер, патриоттық сезімдер жайлы мағлұматтар т.б. қалыптасады. Мектепке дейінгі жаста балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері мына жайлармен түйінделеді: ізгілік бастамасымен тәрбиелеу, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым-қатынас, тұрмыстың қарапайым ережелерін орындау, кеңпейілдік, қайырымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау және т. б. Ұжымға тәрбиелеу, балалардың өзара ұжымда қарым-қатынасын қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әр түрлі ұлт өкілдеріне қадір тұту және сыйлау. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады, немқұрайлылықтың пайда болуына, құрбыларына, төңіректегі үлкендерге қалай болса солай қарауға мүмкіндігі жасалмайды.

Қарапайым әдеттерді тәрбиелей отырып педагог балдырғаннның бар істі шын пейілмен әрі саналы атқаруына қол жеткізеді, яғни сыртқы ұнамды мінездері оның ішкі жан дүниесін, оның ережеге деген көзқарасын айқындайды. Атақты педагог Сухомлинский: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады[2].

Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор. Ол балаға рухани ләззат беріп, қиялға қанат бітіретін, жас баланың рухының өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры бар рухани азық, – деп атап көрсеткен.

Руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-зі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады.

Рухани-адамгершілік тәрбие – бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды.

Сананың қалыптасуы – ол баланың мектепке бармастан бұрын, қоғам туралы алғашқы ұғымдарының қалыптасуына, жақын адамдардың өзара қатынасынан басталады. Баланы жақсы адамгершілік қасиеттерге, мәдениетке тәрбиелеуде тәрбиелі адаммен жолдас болудың әсері күшті екенін халқымыз ежелден бағалай білген.

XXI ғасырда көтеріліп отырған «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білімі – ұлттық құндылықтарды іске асыру мен таратудың маңызды механизмі болып табылады.

«Өзін-өзі тану» пәні – баланы жастайынан отаншылдыққа, әдептілікке, достыққа, тазалыққа, ұқыптылыққа, мейірімділікке, табиғатты сүйуге, отбасын сыйлауға, ұйымшылдыққа үйретеді.

Адам бойына кішіпейілдік, сыпайлық, рақымшылық, жанашарлық, сыйластық, тілектестік сияқты қасиеттерді дарыту және өзгелерді қадірлей, сыйлай, құрметтей білу, тыңдай білу, қолынан келгенше адамдарға көмектесу, кешірімді болуды үйрету де «Өзін-өзі тану» пәнінің үйлесіне тимек.

«Халық педагогикасы – нәрестенің сезімін ананың әуенімен оятатын бесік жырлары, даналыққа толы мақал-мәтелдер, жұмбақ-жаңылтпаштар, қиял-ғажайып ертегілері, ойындары, тәрбиелеп өсіру негіздері адамгершілік ниеттерге баулиды. Олай болса, адамгершілік тәрбие беру кілті – халық педагогикасында деуге болады. Ұлттық асыл қасиеттерді жас ұрпақтың ақыл парасатта азық ете білуде «Өзін-өзі тану» курсының рөлі ерекше» [3].

Балабақша тәрбиешісіне арналған әдістемелік құрал, көркем шығармалар хрестоматиясы және балалардың дәптерінен тұратын бұл оқу - әдістемелік кешен «Өзін-өзі тану» курсының негізгі мақсатына қол жеткізуге бағытталған. Сабақтардың негізгі құрылымдары «Амандасу рәсімі», «Шаттық шеңбері», «Көңіл күйді көтеру» сабақтың негізгі мазмұны «Сергіту сәті», «Тыныштық сәті», «Ойын», «Дәйексөз», «Шығармашылық тапсырма» ұжымдық жұмыс, дәптермен жұмыс, жүректен-жүрекке шеңберінен тұрады.

Ата-аналарға ойын жаттығулардың және әр түрлі байланыстырып сөйлеуге, сөздік қорын дамытуға арналған тапсырмалардың жазбаларын үйде баласымен сауат ашу, математика, тіл дамыту сабақтарын қайталау үшін ұсынамыз. «Сөзді кішірейтіп айт», «Кәне сөз іздейік», моншақтан жасалған әріптерден сөздер құрастырады.

Жас ұрпақты саналы, сергек етіп тәрбиелеу отбасы мен балабақша қызметкерлерінің бірден бір парызы. Оқу- тәрбие жұмысын дұрыс жолға қоюда ата-аналармен жұмыстың орны орасан. Сондықтан біздің балабақшада ата-аналармен жұмыстардың алуан түрлері іске асырылуы қажет.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Қазіргі уақытта жалпы адами құндылықтарды дамыту және нығайту маңызды мәнге ие. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын ендірудің арқасында оқу-тәрбие процесінің жүйесінде әрекеттер спекторы дамытылуда.

Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. – Алматы: Білім, 1995. – 232 б. 103.
2. Сухомлинский В.А. Балаға жүрек жылуы. – Алматы: Жазушы, 1999.-238б.
3. Қожахметова К.Ж. Этнопедагогика: әдіснама, теория, тәжірибе. Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2013. -254 бет. 55. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Пед

ӘОЖ 371.245.02

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН САУАТТЫ ЖАЗУҒА ҮЙРЕТУ

БЕРКЕН ЖАЗИРА ҚАЛДЫБЕКҚЫЗЫ

Б.Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье подробно рассмотрены методы обучения младших школьников грамотному письму

Summary. The article describes in detail the methods of teaching literate writing to younger schoolchildren.

Бастауыш сыныпта оқушыларды сауатты жазуға үйрету мұғалімнің басты міндеті. Оқушылардың таза көркем жазуын қалыптастыру жазудың әдемі болуы оқушының мінез-құлқын тәрбиелеуге, әсемдік сезімін оятуға, ой-өрісін дамытуға мейілінше әсер етеді. Таза, әдемі жазылған жазба жұмыстары оңай әрі тез оқуға мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен қатар сырттай қарағанда да сүйсіндіреді. Көркем жазу оқушыны ұқыптылыққа, тыңғылықтылыққа, еңбек сүйгіштікке баулып, адамгершілік, эстетикалық тәрбие алуға құлшындырады. Көркем каллиграфия оқушының орфографиялық қателер жібермей жазуын қамтамасыз етудің сенімді құралы. Көркем жазудың негізі бастауыш сыныпта қалыптасады. Көркем жазуды бастаудан бұрын сыныппен дайындық жұмысын жүргізу керек. Оқушыларды жазу кезінде дұрыс отыруға, дәптерді көлбеу қойып жазуға, қаламды дұрыс ұстауға дағдыландыру қажет. Бұл талаптарды орындау мектепке жаңа келген оқушылар үшін оңайға түспейді. Әсіресе, мектепке алғаш келген оқушылар дұрыс

отыру ережесін орындауға бірден төселіп кете алмайды. Баланың еркін қозғалып, жиі қимыл жасап отыруы табиғи қажеттілік екені белгілі. Сондықтан мұғалім жазу барысында біршама уақыт өткен соң, сергіту сәттерін өткізіп тұруы тиіс[1].

Мен өзім жазу сабағында бірінші күннен бастап, оқушыларды партада дұрыс отыруға, дәптер қаламды дұрыс ұстауға үйрете бастаймын және әр сабақта өткен сайын қайталап айтып отырамын.

Сауат ашу кезеңіндегі орындалатын жазу жұмыстарының түрлері сан алуан. Бірақ олардың қай-қайсысында да қойылатын негізгі талап оқушыларды сөз ішінде әріп орнын ауыстырмай, әрі әріп тастамай дұрыс жаза білуге дағдыландырады. Жазатын әр сөздің мағынасы түсінікті, әріп саны аз, бұрыннан таныс әріптер болуы шарт. Оқушыларды жазуға үйретуде жеке әріптерді дұрыс жазуға және оларды өзара дұрыс қосып жаза білуге, әрбір әріптің элементтерін дұрыс жазуға үйрету арқылы оқушыларды жазу жұмысына өте мұқият қарауға дағдыландыру керек. Сауат ашудың алғашқы кезеңдерінде екі-үш сөзден құралған сөйлемді көшіртіп жаздыру жеткілікті. Бұл кезеңде оқушыларды есту арқылы жазуға төселдірудің маңызы ерекше. Егер оқушыларды біркелкі көшіріп жазуға ғана дағдыландырып, есту арқылы жазуға үйретпесек олардың дыбыстарды есту қабілетін дамыта алмаймыз. Сондықтан сауат ашу кезеңінде диктанттардың бірнеше түрлерін орындатып, әріп диктантын, буын диктантын, сөз диктантын алып отыру өте маңызды. Жеке әріпті жазудан бұрын сөзді дыбысқа, буынға бөлігізу қолайлы. Сауат ашу мен жазу кезінде суреттермен бірге сол тақырып бойынша буынға бөлініп жазылып көрсетілген сөздер берілген көрнекіліктерді пайдаланған дұрыс[2]. Сауат ашу кезеңінде жазудың негізі мен сауатты жазудың негізі қаланады.

1. Жазуға үйрету, партаға отыру, қаламды, дәптерді дұрыс қою ережелерін сақтаудан басталады. Жазу кезінде жарық баланың сол жағынан түсу керек.

2. Жазу дәптерде әліппеге дейінгі кезеңде баланың саусақ бұлшық еттерін жазуға икемдеп, дайындау үшін тапсырмалар берілген, сол үлгі бойынша жұмыс жүргізіледі.

3. Жазу дәптермен толықтанысқаннан кейін оны партаның, үстелдің үстіне 30 градус бұрыш жасайтындай жағдайда орналастыруға ерекше көңіл бөлу.

4. Әрбір әріптің баспа және жазба түрі салыстырмалы түрде көрсетіліп отырады.

5. Жазу кезінде қалай отыру, қаламды қалай ұстау керектігі үнемі ескертіліп, отырған жағдайда ғана баланың жазуы жақсы, әдемі болады.

Енді өзім әліппе кезеңінде өткен бір сабағыма қысқаша шолу жасай кетейін.

Сабақтың тақырыбы: Тт дыбысы мен әрпі

Сабақтың мақсаты: Тт дыбысы мен әрпін тану арқылы, сөздерді оқу мен жазуға, әріп элементін дұрыс таңбалауға үйренеді.

Сабақтың көрнекілігі: Т т әрпінің баспа, жазба түрі., суреттер

Сабақтың барысында үй тапсырмасы й әрпін мұқият тексеріп, берілген сөздерді оқыттым. Тапсырманы жақсы орындаған оқушыларды мадақтап, ал нашар жазғандар болса түзетіп ескерту жасаймын.

Жаңа сабақ суреттерді көрсете отырып сөз ішінде таныс емес әріпті тапқыздым.

Қай әріп таныс емес?

-Т тәрпі.

Әр сабақ сайын әріпті көреміз және жазамыз деп айтып отырамын.

-Т тәрпі науада жазып көреміз.

Т бас әрпінің жазбаша түрі 4 элементтен тұратынын және т кіші әрпінің жазбаша түрі 3 элементтен тұратынын айтып, жазып көрсетемін. Оқушылар кітаптан қарап Тт әрпінің жазылуын тақтада көрсетілген әріппен салыстырып көреді. Тт әрпінің жазбаша түрін оқушыларға тақтаға жазғызып әдемі жазғандарын мадақтап, дұрыс жазбаса үлгіге қарап жазуды ескертемін.

Әрбір әріпті, сөзді дұрыс жазуды ескертіп отырамын. Әріптерді дұрыс қосып жазуларына көп көңіл бөлемін

Ат, ай, ас, а-та, от, тай, тас.

А-науа-ла тай. А-ла тай а-сау. Тау-ман, Ма-рат тай су-ар.

Сөйлемдері жазғыздым әріп таңбаларын, әріптерді қосып, сөздерді дұрыс буынға бөліп жазуларын қарадым.

Бірінші сыныпта әліппеден әріптерді өткен кезде үнемі оқушыларға әріп элементтерін дұрыс, әдемі жазуды, дұрыс қосып жазуды қадағалап отырса, сауатты көркем жазуға қалыптасады.

Оқу мен жазуға үйретудің элементтері қатар жүреді. Оқу мен жазудың негізі—ана тілінің дыбыстық құрылымын түсінуі өте маңызды. Бағдарлама талабына сәйкес оқушыларды жазудың графикалық дағдысы (әріптерді дұрыс жазу және олардың байланысы) және қарапайым

орфографиялық дағды (сөздің дыбыстық және әріптік құрылымын дұрыс жазу) қалыптасуы қажет. Жазу бірнеше бөліктерден құралады. Жазатын сөздерге талдау жасай білу, дыбыстардың реттілігін сақтау, дыбыстарды сәйкес әріптермен белгілеу, бейнелеу. Басқы кезеңде бұл бөліктер арнайы қайталанатын. Жазу сабағы дыбыстық талдаусыз өтпейді. Сауат ашу кезеңінде жазудың негізі мен сауатты жазудың негізі қаланады. Екінші сыныпта көркем жазу одан әрі жетілдіріле түседі. Оқушылардың бірінші сыныпта жазуға қалыптасқан әрекеттері, бұл сыныпта дамытылып, ары қарай әдемі жазуға үйрене түседі.

Екінші сыныпта жүргізілетін көркем жазу сабақтарының негізгі мақсаты жазу қарқынын жеделдету, біркелкі ырғақпен жазуға үйрену. Бұл сыныпта біркелкі ырғақпен жазу мен тез жазуға арналған жаттығуларды орындауға баса назар аударылады.

Үшінші сыныпта оқушылардың жазу дағдысы одан әрі жетілдіріледі. Әріптерді әдемі, тез жазуға арналған жаттығулар жүргізіледі. Әр сабақта көркем жазуды қадағалап отырған жөн. Сынып жоғарлаған сайын кейбір оқушылар әріп элементтерін бұзып қате жазады. Мұндай оқушыларға үнемі ескерту жасап, қадағалап отыру керек. Сонда ғана білімді, сауатты оқушылар қатары көбейеді. Жазба жұмыстарын жүргізудегі басты мақсаттар қазақ тілі сабақтарында алған білім-білік дағдыларын тілдік ортада, қазақша қарым-қатынас жасауда қолдана алатындай дәрежеге жеткізу десек, осы орайда нәтижеге жетіп, алға қойған мақсат орындалды деген қорытынды жасаған жөн. Ол үшін мақсатқа жетудің алғышарттарына назар аударайық: біріншіден, жазылым жұмысының сәтті шығуы, ең алдымен, лексикалық минимумға, сөздік қорға байланысты. Екіншіден, грамматикалық минимумға, грамматика формаларын дұрыс меңгеруге байланысты. Үшіншіден, жазылым әрекетінің талапқа сай жүзеге асуы тұрақты түрде дағды қалыптастыруға байланысты. Төртіншіден, жазылым тапсырмаларының шынайы өмірге жақындығына байланысты. Бесіншіден, жаттығулардың бірсарынды емес, түрлендіріліп берілуіне байланысты. Алтыншыдан, мәтін құрау, мәтінмен жұмыс істеу дағдысына байланысты. Сонымен, сауатты жазу әрекеті сөйлесімнің өзге түрлерімен бірлікте қарастырылып, тіл үйретуге қызмет етеді демекпіз [3].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасы. – Нұр-Сұлтан, 2020.

2. Нұрбекова А.М. Бастауыш сынып оқушыларының ойлауын дамытудағы ойлау операцияларының алатын орны. //Бастауыш мектеп Ғылыми педагогикалық басылым. – Алматы, №11, 2007. -12-16б.

3. Сарыбаев Ш.Х. «Жаздырып үйретудің әдістері». Интернет ресурстары

ӘОЖ 73. 151.881

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ТИЛЕГЕНОВА ТОТЫ СЛАМБЕКОВНА

М.Мәметова атындағы №27 орта мектебінің педагог-психологы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В данной статье рассматривается формирование творческих способностей учащихся.

Summary. This article discusses the formation of creative abilities of students.

Бүгінгі күні еліміздегі білім беру салаларының білім мазмұнын жетілдіруде, оқушыларды жан-жақты дамытып, жеке тұлға етіп шығаруда тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану – ең бір өзекті мәселеге айналып отыр. Себебі оқыту үдерісінде тиімді әдістерді іріктей білу, сол әдістерді орынды қолдану оқушының сабақта білімді игеру мүмкіндігімен, қызығушылығын арттыратыны белгілі. Бүгінгі күнге дейін әдіс – тәсілдер жөнінде бірнеше тыңғылықты еңбектер жазылып, зерттеулер жүргізілген. Мұның өзі оқыту үдерісінде әдістерді дұрыс іріктеу мәселелесінің күрделілігін көрсетсе керек. Мұның барлығы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға негізделген.

Психолог С.Л.Рубинштейн шығармашылық қабілет туралы былайша ой қорытады: «Адамның шығармашылығының өзіне тән ерекшелігі – оның саналы түрде мақсатты әрекет жасауымен анықталады. Бұл жағдайда адам алға қойған мақсатына қарай өз ойларын объективті түрде тұжырымдап, оны нақты жағдайда қолдана біледі және адам мен қоршаған орта арасындағы, яғни субъекті мен объектінің нақты бірлігі түрінде көрінеді», – деп тұжырымдайды [1,103б.].

Л.С.Выготский: «шығармашылық» деп нәтижесінде жаңа құндылықтар пайда болатын, жаңалық ашатын әрекетті атаған [2]. Шығармашылық туралы еңбектерді талдай келе, ұзақ жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері қабілеттің мұндай дәрежесіне, бастауыш сынып оқушысының өзін дамыта оқытуды жүзеге асыру арқылы баулуға болатынын дәлелдеді [3, 122б.].

Оқыту үдерісінде оқушылардың шығармашылығын қалыптастыру және дамыту мәселесі шығармашылық процестің қандай кезеңдерден тұратындығын білуді талап етеді және оған деген көзқарастар түрліше.

Психолог ғалымдардың еңбектері негізінде оқушылардың шығармашылығын дамыту процесінің даму кезеңдерін былайша топтастыруға болады. Мәселені түсіну қабілеттілігі – ең алдымен, дидактикалық ойындарды жинауда фактілерге сын тұрғысынан қарау. Тек өзінің ғана емес, сондай-ақ өзге адамдардың ойы мен іс-әрекетін түсіну мүмкіндігі. Проблемалық мәселелерді, адамдар қылығы, құбылыстар мен жағдаяттардың шешілуін шынайы сипаттай алу қабілетімен айқындалады. Логикалық ойлау мен тұжырымдау қабілеті – дидактикалық ойындарды жіктей алу, талдау және жинақтау қабілеті, өз ойын анық жеткізе алу. Түсінік қалыптастыру мен өз ойын жеткізе алу қабілетімен сипатталады.

Табандылық (мақсаттылық) – алға қойған мақсатқа қалмай ұмтылу, кедергілерге қарамай іс-әрекет барысында өз мүмкіндіктерін жинақтай алу қабілеті. Баланың барлық іс-әрекеті мен мінез-құлқынан байқалады. Өз қызметінің нәтижесіне талап қоюшылық.

Перфекционизм – өз іс-әрекетінің түпкі өнімін жоғары талаптарға жеткізуге ұмтылыс. Бала өзі істеп жатқан жұмысын жоғары деңгейде орындамайынша тыным таппайтынымен сипатталады.

Шешім шығару – түрлі іс-әрекет пен мәселелерді шешуде тосын, жаңа жолдарды таба алу қабілеттілігі. Бала мінез-құлқы, ойындар мен түрлі іс-әрекет барысында көрінеді. Нәтиженің дұрыстығын тексеру. Оқушының өзі тұжырымдаған қорытындыларына сын тұрғысынан қарауы. Қосымша мәліметтерді енгізуі. Оқушылардың қалыптасқан дағдылары мен біліктері олардың білімдерінің сапалы қалыптасқанын көрсетеді. Біз оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дағдыға айналдыруда Л.С.Выготскийдің төмендегі пікірін негізге алдық:

Дағдыландыру – соқыр сезімдермен және басқа да тәсіл арқылы пайда болған биологиялық әрекетпен салыстырғанда адамның жеке басының тіршілігінде пайда болатын қылықтар. Дағдылану үйренумен, жаттығумен, бір әрекетті бірнеше рет қайталаумен, дәл қазіргі әрекетті басынан өткізген адамның бұрынғы тәжірибесіндегі әрекеттерімен байланысып, жүзеге асады.

Дағдылануға алғашқы кезде әдейілеп зейін, ерік-жігер, күші жұмсалса да кейін бірте-бірте автоматтану арқылы жүзеге асып отырады. Бірақ, барлық дағдылану автоматизм тәрізді болады деуге болмайды. Кейбір өте күрделі дағдыланулар (мәселен, ақыл-ойымен байланысты) автоматизм түрінде әрекет етпеуі де мүмкін. Дағдылану бір қалыпта өзгермей тұратын әрекет емес. Егер адам өзінің әрекетін де, жүріс-тұрысын да, ақыл-ойын да жаттығу, қайталау арқылы атқаратын болса, сол әрекетін басқа әрекеттерге де көшіре алады. Мысалы, адам әр уақытта оң қолымен жазып, сол қолымен еш уақытта жазып көрмесе де, ол сол қолымен де жаза алады [4,108б.].

Қорыта айтқанда жоғарыда аталған тұжырымдар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту негізін құрайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. –М.:Педагогика,1989.-488с.
- 2.Выготский Л.С.Педагогическая психология. –М.:Педагогика,1991.-461с.
- 3.Эльконин Д.Б. Избранные психологические труды. –М.:Педагогика,1989. – 560с.
- 4.Ананьев Б.Г.Избранные психологические труды. – В 2 т. - М.,1980.

РОЛЬ МОТИВАЦИИ В ПРОЯВЛЕНИИ ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОЙ РАЗВИТИЙ ЛИЧНОСТИ

ГАДЖИЕВ СЕЙРАН ГАФАРОВИЧ,

Учитель информатики Мойынкумской средней школы, Республика Казахстан,
с. Мойынкум

КОЙЧУБЕКОВА ЯГУТ БАЛАКИШИЕВНА

Методист дошкольного центра Мойынкумской средней школы,
Республика Казахстан, с. Мойынкум

Түйіндеме. Берілген мақалада рухани–адамгершілік тұлғалық даму идеялары ашылып жазылған. Мұнда рухани-адамгершіліктің көрініс табуына септігін тигізетін ұжымдық мативация мәселесі қарастырылады.

Annotation. The article reveals the ideas of spiritual-moral stability. Special attention is paid to the issue of collectivist motivation, leading to spiritual-moral stability demonstration.

Изучая основные тенденции в развитии личности отдельных школьников, их духовно-нравственную направленность, мы учитывали особенности поведения школьников при реализации в конкретных делах и поступках общественных интересов коллектива. Это прежде всего их поведение за пределами данного первичного коллектива и за пределами школы: отношение к труду во время благоустройства территории школы и района, во время субботников по озеленению и благоустройству улиц и т.п.

Обобщая данные, полученные такими путями на протяжении длительного времени, мы пришли к определенному пониманию психологической сущности духовно-нравственной устойчивости личности. Подчеркнем, что духовно-нравственная устойчивость личности не является абсолютной независимостью от обстоятельств. Более того, в ней выражается определенная зависимость от социальной среды, но зависимость особого, специфического рода.

Подчеркнем в связи сказанным, что существует два ряда зависимостей, два ряда ориентаций поведения человека:

1) зависимость поведения от целей, не выходящих за пределы ситуации. В этом случае цель духовно-нравственной деятельности находится в рамках наличной ситуации и изменяется с изменением ситуации. Такое подчинение ситуации мы характеризуем как ситуативность;

2) зависимость духовно-нравственного поведения от цели, вынесенной за пределы наличной ситуации.

Внешне выглядит так, что первый вид ориентировки ведет к неустойчивости духовно-нравственной личности, второй (ориентирован на дальнюю перспективу) – к ее неустойчивости.

Первоначально мы понимали неустойчивость как подчинение целей и поступков индивида ситуации. Однако дальнейшее осмысление данного вопроса показало недостаточность такого понимания духовно-нравственной неустойчивости. С одной стороны, анализ результатов исследования показал, что в поведении отдельных учащихся неустойчивость действительно имеет в своей основе подчинение целей и поступков наличной ситуации. В этом случае стремление любыми средствами добиться временного сиюминутного благополучия становится доминирующим мотивом поведения. Для этой группы учащихся была характерна слабость духовно-нравственной самоорганизации поведения. Анализ результатов исследования показал, что такая особенность мотивационно – потребностной сферы характерна для тех школьников, которых учителя обычно называют трудными. Наши наблюдения за детьми девиантного поведения в спецшколе города Тараза показали большую зависимость поведения детей правонарушителей от ситуации, суженность круга интересов детей удовлетворением примитивных потребностей, слабость осознания духовно-нравственной мотивировки поступков. Такое сходство в особенностях мотивации этих двух категорий подростков дает основание говорить об опасности превращения «трудных» в малолетних правонарушителей. Ситуативность поведения выступает в данном случае как начальный этап психологической подготовленности к совершению правонарушения.

С другой стороны, были выявлены проявления неустойчивости принципиально другого характера. Мы обратили внимание на группу школьников, для которых вследствие недостатков в

организации воспитательной работы по мере их взросления становилась все более характерна эгоистическая ориентация. Чтобы выяснить психологические факторы, лежащие в основе поведения этой группы учащихся, считаем необходимым остановиться на некоторых особенностях формирования их личности. Следует подчеркнуть, что эти школьники были в свое время активистами – общественниками, т.е. активными участниками в различных видах деятельности, которая по своей самой сути должна быть направлена на удовлетворение интересов коллектива. Причина такого, как будто парадоксального поведения, в недостатках организации деятельности школьника, в убеждении, имеющем прочность предрассудка, будто бы непосредственное участие в общественной деятельности (а вернее говорить – в мероприятиях) приведет к формированию у школьника нужных воспитателю духовно-нравственных качеств личности. Между тем реальные факты убеждают в обратном. Анализ поведения указанной группы учащихся позволяет условно выделить три этапа в их жизни: в начальной школе – они активные общественники, живущие разнообразной, интересной и напряженной жизнью. Далее наступает основное среднее образование, общее среднее образование. На этих этапах, происходит активный процесс формирования личности. Ранее вполне благополучный школьник, начинает изменять свою направленность. Формализм в организации общественной деятельности, резкое разделение учащихся на «актив» и «пассив», длительное пребывание некоторых в качестве «активистов-руководителей» - все это приводит к возникновению в сознании учащихся разрыв между смыслом и «значением» общественной деятельности, последняя начинает становиться средством самоутверждения, способствует концентрации личности на собственных интересах. Это особенно четко выступает на третьем этапе (общее среднее образование), когда такие школьники становятся старшеклассниками. Внешние атрибуты общественной деятельности, привилегии, к которым привыкает школьник (возможность быть в центре внимания, пользоваться популярностью, авторитетом), отрываются от подлинного смысла деятельности, становятся самодовлеющими и в качестве цели, вынесенной за пределы ситуации, начинают определять поступки такого школьника. Следовательно, у этой группы школьников вследствие недостатков воспитательной работы формировались эгоистические устремления, которые становились факторами их «отделенной ориентации» и определяли собой проявление неустойчивости.

Таким образом, можно считать, что *духовно-нравственная неустойчивость связана, либо с доминирующим стремлением ксиюминутному благополучию, либо с ориентацией на вынесенную за пределы эгоистическую цель.*

Отсюда следует, что неправомерно делать вывод о том, что эгоистическая направленность непременно ведет к неустойчивости духовно-нравственного становления личности. Связь между этими двумя феноменами (покажем дальше) более сложна и не однозначна.

Из сказанного следует лишь, что ориентация на отдаленную цель является хотя и необходимым, но недостаточным условием проявления духовно-нравственной устойчивости личности. В основе некоторых проявлений духовно-нравственной неустойчивости может лежать специфическая ориентация на отдаленную перспективу.

Вместе с тем сам факт наличия связи между эгоистической мотивацией и проявлением духовно-нравственной неустойчивости личности для современной теории морали весьма значим. Он противостоит попыткам некоторых исследователей, например А.Маслоу показали, что эмансипированность личности, ее устойчивость могут формироваться лишь на основе индивидуальной морали.

Для понимания психологической сущности духовно-нравственной устойчивости личности, как характер отдельной ориентации связан с проявлением духовно-нравственной устойчивости личности. Обобщая материалы проведенного исследования, мы пришли к выводу, что духовно-нравственная устойчивость личности предполагает наличие у индивида способности, ориентируя свое поведение, выходить не только за пределы ситуации, но в известном смысле и за пределы собственной личности. В этом случае индивид приобретает как опору вовне, которая позволяет ему преобразовывать ситуацию, оставаясь самим собой. Именно этот факт выступает, по мнению философов человек сливается со своей жизнедеятельностью воедино, что только в силу этого его деятельность есть свободная деятельность [2, с.565-566].

Исходя из сказанного, следует выделить определенный уровень духовно-нравственной устойчивости личности, в основе которого лежит способность человека в большей или меньшей степени выходить за пределы узколичностных интересов. Этот уровень духовно-нравственной устойчивости, который мы назвали общей духовно-нравственной устойчивостью личности, т.е. он может проявляться при различном содержании мотивации. Факторами духовно-нравственной

устойчивости на этом уровне могут быть: доминирование различных по содержанию профессиональных интересов, последовательное служение определенной идее и даже некоторых форм эгоистических мотивов. Изучая поведение школьников преобладанием эгоистической мотивации, мы отмечали такие факты и такие периоды в жизни некоторых школьников, когда наряду с эгоистической мотивацией, а в отдельных случаях и благодаря ей у школьников проявлялась способность в определенной степени выходить за пределы узколичных интересов. Первоначально доминировал эгоистичный престижный мотив (желание добиться популярности, авторитет среди сверстников и учителей); но осуществить это желание школьник стремился путем выработки у себя некоторых духовно и нравственно ценных качеств. В результате постепенно изменялся характер доминирующей мотивации: духовно и нравственно ценные принципы, переходя во внутренний, «личный план», все более становились регуляторами поведения. Престижный мотив, который послужил своеобразным побудителем, облегчающим присвоение духовно и нравственно ценных принципов, постепенно отступал на второй план, и все более проявлялась способность, ориентируя свое поведение, выходить за пределы узколичных интересов.

Следует отметить, что эти положительные изменения в формировании духовно-нравственной личности данных школьников во многом было обусловлено характером организации воспитательной работы. Внимание учащихся концентрировалось не на формальном выполнении мероприятий, а на сути дела. Школьника ставили в позицию непосредственного участника решения общешкольных задач. Общественная деятельность раскрывала и укрепляла связи между узколичными и коллективными интересами. В этих условиях качественно преобразовывалось стремление к самоутверждению, которое постепенно принимало форму самореализации в жизни и делах коллектива.

Можно утверждать, влияние эгоистической мотивации на проявление духовно-нравственной устойчивости личности неоднозначно. Она может вести к формированию соответствующей отдаленной жизненной цели, выводящей индивида за пределы ситуации, что способствует проявлению духовно-нравственной устойчивости личности. С другой стороны, эгоистическая мотивация «замыкает» индивида на собственных узколичных интересах, что делает его опоры вовне и негативно влияет на формирование духовно-нравственную устойчивость.

Следовательно, конкретные проявления духовно-нравственной устойчивости – неустойчивости существенно зависят от того, какая из этих двух тенденций более отчетливо выражена в структуре личности.

Таким образом, в основе общей духовно-нравственной устойчивости личности могут лежать различные по содержанию мотивы. Характерным для проявлений общей духовно-нравственной устойчивости (как низшая форма устойчивости) является способность индивида сохранять свои личностные позиции, преобразовывать ситуацию и собственное поведение в соответствии с намеченными целями. Вместе с тем, как было сказано выше, общую духовно-нравственную устойчивость мы характеризуем как низший уровень духовно-нравственной устойчивости личности. Поскольку в данном случае способность индивида выходить «за пределы собственной личности» весьма ограничена и варьируется в зависимости от содержательной стороны мотивации.

Наряду с общей устойчивостью мы выделяем как высший уровень духовно-нравственной устойчивости личности, в основе которой лежит общественно значимая – коллективистическая цель. Анализ результатов исследования дает основание утверждать, что коллективистическая направленность создает наиболее благоприятные предпосылки для формирования духовно-нравственной личности. Она способна сохранять в различных ситуациях свои личностные позиции с учетом конкретных обстоятельств, которые способны преобразовывать ситуацию и собственное поведение личности в соответствии с намеченными целями.

Подлинная духовно-нравственная устойчивость личности не может быть сведена лишь к устойчивости какой-либо одной определенной, хотя бы даже жизненно важной цели. Существенным для проявления духовно-нравственной устойчивости является единство основной жизненной цели, нравственных установок личности, их полное соответствие друг другу.

Анализ результатов нашего исследования показывает сходство психологических механизмов, на основе которых происходит как формирование коллективистической направленности, так и развитие духовно-нравственной саморегуляции поведения. Общее в указанных механизмах – выход за пределы собственных узколичных потребностей, интересов, переживаний.

В нашем исследовании выявлен факт: школьники, сконцентрированные на собственных узколичных интересах, в большей мере ориентировались на непосредственный контроль со стороны взрослых, на их запреты и разрешения. В поведении школьников – коллективистов большую значимость имела ориентация на духовно-нравственные нормы и образцы. Это означает, что способность коллективистов выходить за пределы собственных - личных интересов облегчает принятие и усвоение в качестве ориентиров поведения определенных духовно-нравственных принципов. У детей же с преобладанием эгоистической мотивации формирование такой ориентации поведения оказалось более трудным. Поэтому поведение детей этой группы в большей степени зависело от регламентирующего влияния извне.

Таким образом, доминирование коллективистических мотивов создает предрасположенность к усвоению ценных духовно - нравственных норм и регуляции поведения на их основе. Это является психологической предпосылкой формирования такой структуры личности, в которой основная коллективистическая цель и духовно-нравственные установки личности образуют неразрывное единство.

На основании анализа полученных результатов исследования можно выделить и охарактеризовать следующие уровни сформированности духовно-нравственной личности и в отношении ее устойчивости:

1. Духовно-нравственная неустойчивость, обусловленная отсутствием или слабостью регулирующего влияния отдаленной цели (ситуативность)

2. Духовно-нравственная неустойчивость, обусловленная характером «отделенной» цели, не выходящей за пределы собственно-личностных потребностей и интересов.

3. Общая духовно-нравственная устойчивость личности, проявляющаяся при различном содержании мотивации, позволяет в большей или меньшей степени выходить за пределы различных интересов.

4. Высший уровень духовно-нравственной устойчивости личности, в основе которой лежит коллективистическая направленность. На этом уровне возникает органическое единство основной коллективистической цели и духовно-нравственных установок.

Список использованной литературы:

1. Маслоу А. Мотивация и личность // <https://docviewer.yandex.kz>
2. Бактимирова В.Р. Мотивация. роль мотивов в развитии человека // <https://cyberleninka.ru/>

**ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТІҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ
ЖАЙЛЫ ДЕРЕКТЕР МЕН ТАРИХНАМА**

АУЕЖАНОВА ЖАДЫРА ЕЛЕМЕСОВНА

№32 орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье описываются события о предпосылках и организации национально-освободительного восстания антиправительственного народа. При этом, конечно, рассматриваются различные тенденции в обществе с целью выявления предпосылок и последствий восстания как в начале XX века, так и в послевоенный период.

Summary. The article describes events about the prerequisites and organization of the national liberation uprising of the anti-government people. At the same time, of course, various trends in society are considered in order to identify the prerequisites and consequences of the uprising both at the beginning of the twentieth century and in the post-war period.

Еліміз көптен күткен мемлекеттік егемендікке қол жеткізгеннен бері маңызды мәселелерді шешу және оны нығайту бағытында елеулі өзгерістерге ұшырады. Бұл жағдайларда бүгінгі күннің мәселелерін шешудің жолы өткен күндердің қиын кезеңдерінен алынады. Шындық айтылып, әділ бағаланатын тарихқа қоғамның қызығушылығы артып келеді. Сонымен қатар, еліміздің тарихи траекториясына объективті және идеологиялық емес көзқарас тарихи жадымызды қалпына келтірудің негізі, ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың, өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңызды факторларының бірі болып табылады. Демек, отандық тарих ғылымының қазіргі кезеңдегі міндеті – идеологиялық шектеулер бойынша біржақты сипатталған жаңа деректі материалдар негізінде ұлттық мүддедегі тарихи оқиғалар мен құбылыстарды қайта қарастыру. Сонымен бірге ұлт-азаттық қозғалыстарды талдау, олардың қорытындылары үлкен теориялық және практикалық мәнге ие. Әсіресе, ұлт-азаттық және тәуелсіздік жолындағы күрестің бір діңгегі болған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс мәселелерін объективті түрде зерттеуді назардан тыс қалдыруға болмайды.

Талқыланып отырған тақырып Жетісу жерінде болғандықтан, ең алдымен көтеріліске бастамашы болған өлкенің саяси-әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани мәселелеріне тоқталуды қажет деп санаймыз. Ресей империясы жаулап алғанға дейін қазақтар Жетісудың едәуір бөлігінде, сондай-ақ Тянь-Шань (Тянь-Шань) тау бөктерлерінің оңтүстік бөлігінде Ыстықкөлге құятын жерде және оның жоғарғы бөлігінде өмір сүрді. өзенге дейін жетеді.

Кеңестік кезеңдегі зерттеулерде көтерілістің жергілікті ерекшеліктері толық ескерілмеді, оның табиғатына, ұлт қайраткерлері мен қайраткерлерінің қызметіне біржақты баға беруге, ұлтаралық қайшылықтарды таптық тұрғыдан түсіндіруге, интернационализм, шынайы бейнені жасыру. .

Бірақ, 1916 жылы Түркістанның бүкіл Жетісу өңірінде болған қазақ және қырғыз халықтарының ұлт-азаттық көтерілісі ескерілмеді. Оның құрылуына түрткі болған мәселелер, атап айтқанда, көтерілісшілерге қарсы отаршылдық әкімшіліктің қуғын-сүргіні, шиеленіскен ұлтаралық қарым-қатынастар, босқындардың тарихи тағдыры, осы тарихи кезеңдегі қазақ-қырғыз қайраткерлерінің қызметі және басқа да аспектілер әлі күнгедейін шешілген жоқ. зерттелуі. Тиісінше, біздің зерттеу тақырыбымыз нақты мәселеге бағытталған.

Тәуелсіздік жылдарында елімізде ұлт-азаттық қозғалысқа қатысты көптеген жаңа еңбектер жарық көргені белгілі.

19 ғасырдың екінші жартысы мен 20 ғасырдың басында Түркістанның бүкіл аумағы Ресей империясының отарына айналып, арзан әрі сарқылмас шикізат көзі ретінде қанауға, талан-таражға салынды.

Сонымен бірге қазақ-қырғыз бауырлас халқы отар ел ретінде саяси және әлеуметтік-экономикалық еркіндігінен айырылып, рухани және ұлттық езгіге ұшырап, ұлт болып жапа шекті.

18 ғасырдың орта шенінде басталған Ресей империясының өлкедегі отарлау саясаты 20 ғасырдың басында шарықтау шегіне жетті.

Өйткені, қазақ пен қырғыз халықтары Ресей империясының отаршылдық жүйесіне бағынып қана қойған жоқ, сонымен қатар тәуелсіздік пен ұлт бостандығы үшін кезең-кезеңімен күресіп отырды. Мұның бәрі отар елдің озбыр саясатына наразылық.

20 ғасырдың басында патшалық Ресей түркі жерлерін қанауды одан әрі күшейтті. Өлкеде жер мәселесі шиеленісіп, саяси, әлеуметтік-рухани, ұлттық езгі тереңдей түсті. Тұтыну тауарларының бағасы күрт төмендеді, салықтар өсті, өмір сүру деңгейі төмендеді. Экономикалық дағдарыс ауыр болды. Елде дүрбелең орнаған тұста 1916 жылы маусымда «құйынды» халықтардың қара еңбегі туралы декрет шығып, наразы халық билікке қарсы ашық көтеріліс бастады. Осы кезде Орта Азия мен Қазақстанның көптеген аймақтарында көтерілістер басталды. Жетісудағы қазақтар мен қырғыздар да көтеріліске шықты. Оның пайда болуы аймақта жүргізілген отарлау саясатымен байланысты болды.

Оның негізгі қозғаушы күші – бұқара. Көтерілістерді мүлтік және әлеуметтік жағдайына қарамастан байлардың көпшілігі басқарады. Қазақстан мен Қырғызстанның басқа да әлеуметтік топтары қатысты. Жалпы көтеріліс ұлт-азаттық көтеріліс сипатына ие болды. Қазақ-қырғыз қауымының мұндай бас көтеруі негізінен патша үкіметінің жерді жаппай басып алуын, ұлттық, саяси, әлеуметтік, рухани езгісін көздеді. Көтеріліс кезінде ұлтаралық қақтығыстар орын алды. Бұл жағдай патшалық отаршыл державаның халықтарды бір-біріне қарсы қойған саясатының бір бағытының нәтижесі болды.

Көтеріліс кезінде аймақтағы жағдай ушығып, ұлтаралық қақтығыстарға ұласты. Көтерілістерді монархия аяусыз басып тастады. Көтерілісшілер күшпен қуылып, оларды қиын тағдыр күтіп тұрды. Ұлттық саясаткерлер қиыншылыққа ұшыраған елді құтқару үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды. Оқиғалардың барысы осы тарихи кезеңде екінші көзқарастың ұлт мүддесіне сай келетінін көрсетті. Жаңа дәуір, жаңа өзгерістер келе жатқанын түсінген ұлттық-саяси топ енді белсенділік танытты.

1916 жылғы көтерілістің тамыры тереңде болды. Алдымен жерді, сосын малды, енді «жанын» алғымыз келгенде, құлшыныспен қаналған халық патшалық отаршылдық жүйеге қарсы шығып, саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани езгіден құтылу үшін ұлттық тәуелсіздік үшін күресті. бұрынғы ұлт-азаттық қозғалыстардың заңды жалғасы болды.

1916 жылғы оқиғалар да қазақ пен қырғыз қоғамында ұлт-азаттық күреске жаңа көзқарас, жаңаша көзқарас қалыптасқанын көрсетті. Осы мақсаттардың бірі – ұлттық күрестің жаңа түрі мен әдісіне көшу қажеттілігі. Бұл біртұтас, ұйымдасқан және жоспарлы әрекеттерге бағытталған қозғалыс екенін адамдарға жеткізуге тырысты.

Жоғарыда айтылғандай, 1916 жылғы көтеріліс кезінде патша үкіметі ұзақ жылдар бойы орыс шаруаларымен бірге қазақ-қырғыз жерлерін орыс казактарынан зорлықпен тартып алып, құнарлы егін мен шұрайлы шабындығынан айырылған көшпелі халық тауға қуылып, жер-жерден қуылды. шөлдер. . Бір ғана Жетісу өңірінде бірінші дүниежүзілік соғыстың алғашқы үш жылында 1 миллион 800 мың қазақ жері тартып алынды. Өлкедегі шиеленісті әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдай және ұлттық езгі күшейген кезеңде 1916 жылы 25 маусымда патша үкіметі Қазақстан мен Орта Азия азаматтарын майдандағы бағынышты жұмысқа тарту туралы жарлық шығарды. Ресей империясының заңдары бойынша Мәскеу аймағындағы отаршыл халықтар әскерге алынбаған. Өйткені патша үкіметі оларға мылтық берілгеніне сенбеді. Екінші дүниежүзілік соғыс патша үкіметін шет елдердің халықтарын майдан шебіне жақын жерден окоп қазуға, ағаштарды кесуге, жол салуға шақыруға мәжбүр етті.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезеңіндегі қазақ-қырғыз зиялыларының қоғамдық-саяси қызметін арнайы зерттеу Қазақстан мен Қырғызстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана дұрыс жүргізіле бастады.

«1913 жылдан бастап «Қазақ» газетінің төңірегінде топтаса бастаған қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси санасы Қазақ империясы мен аймақтарындағы нақты саяси жағдайға байланысты қалыптасып, өзгеріп отырды. Сонымен бірге билік тарапынан оппозициялық күш ретінде танылып, жергілікті отаршыл әкімшіліктің жауы ретінде қуғын-сүргінге ұшыраған ұлттық зиялы қауым өз халқынан көп түсіністік пен қолдау таппады. Мұндай қиын жағдай оның саяси көзқарасы мен бағдарына әсер етті. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезіндегі ұлттық интеллигенцияның қоғамдық-саяси қызметін жақсы түсіну үшін бұл факторларды ескеру қажет.

Демек, қазақ-қырғыз қоғамында империялық озбырлыққа қарсы күресте көзқарас та, көңіл-күй де бірдей күшті болғанын XVI ғасырдағы аласапыран оқиғалар көрсетті. Соның бірі –

батырлардың білектің күшімен, найзаның ұшымен ел бостандығын қорғау әрекеті. Ежелгі дәуірден бастау алған бұл белгілі әдіс тіпті 16-шы ғасырдың қиын-қыстау кезеңдерінде де көрінеді. Алғашында басқа жолды әлі білмеген қарапайым халықтың көпшілігі кейіпкерлеріне еріп, мұндай әрекеттің салдарын түсінбеді. Олардың хан сайлап, хандық құру әрекеті феодалдық-патриархалдық қоғамдық қатынастардың сақталуын көрсетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Моисеев В. А. Ресей мен Қытай Орталық Азияда (XIX ғасырдың екінші жартысы – 1917 ж.)
2. Түркістанда 1916 жылғы көтеріліс: жалпы трагедияның құжаттық дәлелі: куәг. құж. мен материалдар / МГУ им. М. В. Ломоносова, Ин-т всеобщ. истории РАН; [сост., авт. предисл., вступ. ст. и коммент. Т. В. Котюкова]. – М.: Марджани, 2016. стр. 71–76
3. Папазов А.В. Среднеазиатское восстание 1916 года и роль генерал-губернатора А.Н. Куропаткина в его подавлении // Вестник Московского государственного областного университета. Серия: История и политические науки. – 2012. – № 2. – С. 111.
4. Булдаков В., Леонтьева Т. Революцияны тудырған соғыс: Ресей, 1914-1917 жж. – Мәскеу, 2015. – 720 б.
5. Қазақстан тарихы: Аса маңызды кезеңдері мен ғылым мәселелері. Жалпы білім еретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық / М. Қойгелдиев, Ө. Төлеубаев, Ж. Қасымбаев, т.б. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007. ISBN 9965-36-106-1

ӘОЖ 94 (255)

ОРЫС ЖӘНЕ ҚОҚАН БИЛІГІНДЕГІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ӨЗАРА ҚАТЫНАСЫ ЖӘНЕ ОТАРШЫЛДАРҒА ҚАРСЫ КҮРЕС

ДАЛИБАЕВА АЛИЯ АДІЛХАНОВНА

Шона Смахан атындағы №44 орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье подробно рассмотрены исторические сведения о взаимоотношениях казахов при русской и кокандской власти и борьбе против колонистов.

Summary. The article examines in detail historical information about the relationship between the Kazakhs under the Russian and Kokand authorities and the struggle against the colonists

XIX ғасырдың ортасына қарай Ресей қоластындағы болсын, Қоқан қоластындағы болсын қазақ руларының арасындағы өзара талас-тартыстар тоқтамай, одан орі жалтаса берді. Қазақ феодалдары арасындағы дау-жанжалдар күшейді. Бұлардың барлығы қарапайым қазақ шаруаларының жағдайларының нашарлай түсуіне алып келді. Мысалға алатын болсақ, Іле өзенінің бойындағы Орта жүз бен Ұлы жүз қазақтарының арасындағы көптен келе жатқан, бітпейтін барымта қазақтың қарапайым шаруаларына қатты тиді. Бір-бірінің малын тартып алып кетумен тынбай, адамдардың, қатты жаралануына, тіпті адам өліміне дейін алып келді.

Бірақ мұнда кімнің кінәлі екенін таба алмайтын. Себебі бір-бірімен жалғасып кеткен оқиғалар соңын табу мүмкін емес бұл жағдай шешілмейтін дауға айналған еді. Соның бір көрінісі, Қарқаралы өңіріндегі Ұлы жүздің Ботпай руының 1153 жылқысын, 9984 қойын, 344 түйесін, 130 ірі қарасын және осымен қатар 4680 қойдың құнына тең келетін мүліктерін алып кетуі болды. Тоналған отыз үш ауылдан 4 адам өліп, көптеген әйелдер мен балалар тұтқындаған еді. Мұнда көріп отырғанымыздай, малды барымталауды айтпағанда, адамның өлімі болып, әйелдер мен балаларды тұтқынға алып кету бостан-бос емес. Бұл қарымта қайтару. Бір кезде кеткен ауыр кекті қайтару. Осы мәселені Ботпай руының бірнеше билері мен Қарқаралы округінің тиісті адамдары қатысып, қарап, бұған кінолелер анықталып келісімге келген болды. Онда қазақтардың одет-ғұрпына сай келісімге келгендігі айтылды. Мал қайтарылып, айып ат-шапан берілді. Қатысқандар дау-жанжал осымен бітті, - деп ауыл билеушілері бармақ басып, мерлерін қойды [1].

Алайда дау еш біткен емес. Бұл бір жердегі барымта дауы ғана еді. Ал кең байтақ казак датасында қаншама тайпалар, қаншама рулар бар. Олардың барлығының арасында дерлік осы жай қайталанып жатқан жоқ па. Мұндағы айтпағымыз, бір жағы орыстардың отары болып қалып, екінші жағы қоқандықтардан езіліп жатқан қазақтардың сол қиын жағдайдың өзінде өзара келісімге келе алмай, бірінің ауылын бірі шауып жатқаны.

Сөйтіп, XIX ғасырдың 50-жылдары қазақтардың арасындағы өзара талас-тартыс, барымталыққа енді Ресейге қарайтын қазақтар мен Қоқанға қарайтын қазақтар арасындағы күшейген дау-жанжал келіп қосылды. Бұрынғы талас-тартыс аз болғандай, енді Ресей қарамағына қарайтын қазақтар мен Қоқан қоластындағы қазақтардың арасында жаңа қатынастың түрі, өзара шабуыл жасап, ауылдарын шауып, малдарын алып кету шығыс жақта ғана емес, сонымен бірге Сыр бойындағы қазақтар арасында да көбейді.

Атап айтсақ, XIX ғасырдың 30-40 жылдары Арал теңізінің маңындағы қазақтар Сырдың екі бетіндегілер болып өзара шабысса, ғасырдың ортасына қарай, әсіресе Ақмешітті орыстардың алуынан бастап, онысы аз болғандай қазақтар енді Ресей қоластындағы қазақтар мен Қоқан хандығы қаласындағы қазақтар болып өзара шабысты. Бірде Қоқан қоластындағылар Ресейдің қарамағына өткен өз бауырларының ауылын шауып, малдарын айдап кетіп, жігіттерін сойылға жықса, келесі жолы Ресей қарамағындағылар солай етті. Қазақтардың осылай, ынтымағы болмай өзара талас-тартысқа түсіп, жауласып жатуы қайсы бір билеуші шетелдіктер үшін де пайдалы еді. Сондықтан мұндай барымталар мен шапқаншылыққа шетелдік билеушілер дем беріп, бір-біріне айдап салып отырды. Жалпы, барымта ұрлық жасаудан бөлек екені белгілі. Сондықтан қазақтар барымтаға қатысуды абырой деп есептеген. Осы дәстүрді сұлтандар, билер өздерінің жеке бастарының бауы үшін шебер пайдаланған. Алайда барымта жасау қазақ ауылдарын апатқа, күйзеліске ұшырататын кәсіпке айналған болатын.

Соның салдарынан қаншама ауыл шабылды, қаншама малдар айдалды, қаншама адамдар мерт болып, арты бітіспес дауға айналды. Мысалы, 1850 жылдың жазында Түркістан қаласының маңындағы қазақтар Сібір генерал-губернаторлығына қарайтын қазақтардың ауылына шабуыл жасады. Бұл жолы атқа қонғандар саны 800 адам болды. Олар Қаратаудың арғы бетіндегі Шолаққорғаннан өтті.

1952 жылдың ақпанында Ақмешіт бекінісінің бастығы Якупбек өзіне қарайтын Ақмешіт, Жөлек, Күміскорған, Шымқорған, Қосқорған бекіністеріндегі әскерлері мен сол төңіректерде көшіп жүрген қазақтар мен хиуалық Қожанияз бекінісінің маңындағы хиуалық қазақтарды жинады. Олардың жалпы саны 1200 адамға жетіп, 3-наурыз күні орыс қоластындағы Айгерікке жетіп, сол өңірдегі жүздегі қазақ ауылдарын шапты, малдарын айдап оқетіп, адамдарын соққыға жықты.

Арал бекінісінің бастығы Энгманға бұл жөнінде хабар жетіп, ол қаруланған жүз әскермен бекіністен шықты. Жолай оған зардап шеккен қазақтар қосылып барымталаған малдарын айдап, бейғам кетіп бара жатқан Якупбек адамдарын Ақшабұлақ деген жерде қуып жетті. Әрине қоқандықтар артынан қотерілген шанды көргенде алғашқыда одан қаймыға қойған жоқ еді. Сөйтіп, кезекті шайқасқа әзірлене бастады. Бірақ, қаптаған қара шаң өз бауырлары жөбір көрген қазақтардікі емес, қолына атылатын қару ұстаған орыстардікі екенін білмеді. Ақырында, жақын келгенде барып орыс әскерлерінің жарқ-жүрк еткен қаруларын көріп не істерін білмей сасқан олар мылтықтың алғашқы даусынан-ақ «қайдасың ауыл!» - деп, аттың басын бос жіберді. Осындай сұрапыл оқиғаның бірі 1856 жылдың маусымында болды. Түркістан маңында тұратын жігіттер тағы да атқа қонды. Тағы да аз емес, саны шамамен 800-дей адам. Бағыттары Сібір генерал-губернаторлығына қарайтын қазақ бауырларының ауылдары болды.

Бір қарағанда, Түркістан өңіріне барған қазақтардың бұл ісі шапқыншылық емес, тек кек қайтару. Өйткені, осының алдында Сібір генерал-губернаторлығы на қарайтын қазақ ауылдарының біраз жігіттері келіп, сол өңірдегі бірнеше қазақ ауылдарын ойрандап, малдарын айдап кеткен еді. Сонымен, Түркістан жақтан барғандар қазақ ауылдарын шауып қаншама малды айдап, қаншама мүліктерді тартап алып қайтты. Шолаққорғанға жетті.

Дәл осы жерде Қоқан қоластындағы барымташылардың ойына түгіл түсіне кірмеген сұмдық болды. Қайдан келгені белгісіз, ойламаған жерден Ұлытау жақтан орыс әскерлері сау ете қалды. Гүрс-гүрс атылған мылтық. Құлап жатқан жігіттер. Қарулы әскерлер соңынан түсіп, барымташылардың бірінен соң бірін аттын жалын күштырып жатыр. Кеше ғана талай ауылда жігіттерді сұлатып, ірілік көрсеткен барымташылардың ойында «бір шыбын жанымды қалай сақтап қаламын» дегеннен басқа ештеңе жоқ. Бірақ орыс казактарының долдеп атқан оғы бірінен соң бірін жалп еткізіп, Шолаққорған мен Қаратау асуының арасындағы кең жазықта талайларын

жер күштырды. Қашқан қазақтардың алды асуға жеткенде кең жазықта 500-ге жуық қазақтың жігіттерінің өліктері жатты... Аман-есен қалғандары Түркістан өңіріндегі ауылдарына жетті-ау әйтеуір.

Сонда оққа ұшқан жарты мындай қазақ жігіттерінің өліміне кім кінәлі?.. Әрине ешкім емес. Өйткені бұлар барымта жасап орыстардың қоластындағы қазақ ауылдарын шапты. Ал орыс әскерлері болса, алдын ала-ақ хабар жеткеннен кейін олардың сазайын тартқызу үшін сонынан қуып жетті. Екінші сөзбен айтқанда өз қоластындағы қазақтарды «қорғады» ғой. Ұлытау әскерлері ешқашан оздерін кінәліміз демейді. Өйткені олар іс жүзінде зәбір шеккендер үшін кегін алып берді.

Әрине бұл оқиға қай жақ үшін де үлкен сабақ болуы керек еді. Бірақ бұл жағдай Ресей қоластындағы бауырларының ойына кіріп шыққан жоқ. Ал Түркістан өңірінің қазақтары бұл оқиғадан кейін де сабақ алған жоқ. Тағы да орыс қоластындағы шеткі ауылдарға барып тиісті.

1858 жылы 13-14 мамырда сұлтан Борі бастаған қоқандық иелігіндегі қоңыраттар орыс қоластындағы қазақтарға шабуыл жасап, N2 фортқа жақын маңдағы Қарапұш жайлауындағы қазақтардың 200 жылқысы мен 200-дей түйесін айдап кетті. Ресей әкімшілік өкілдері ара түскендіктен ол малдар иелеріне қайтарылатын болды.

1860 жылдың жазында Перовск фортының бастығына сол өңірдегі Сарыбұлақ, Жартышағыл жайлауларындағы қазақтардан өздерінің батыс жағындағы қорші қазақтардың жігіттерінің келіп 65 жылқысы мен 9 түйесін алып кеткендігі жөнінде арызданды. Мұндағы барымтаға ұшыраандар да, барымта жасаушылар да Ресей қоластына қарайтын қазақтар болатын. Сондықтан бекініс басшысы тез уақыттың ішінде барымталанған малды қайтару, барымта жасаған ауылдағы негізгі кінолі адамдарды соттау керек екендігін талап етті. Бірақ қазақтар арасындағы барымта 50-жылдардың соңында да тоқтаған жоқ. Ресей және Қоқан қоластындағы қазақтардың бұл істері 60-жылдардың басында одан әрі жалғасты.

Ұлы жүздің Ресей құрамына жаңадан қосылған қазақтары патша әкімшілігінен қазақтарды әбден шаршатқан ішкі өзара тартыстарды тоқтату үшін бірқатар шаралар қолдануды, ел ішіндегі орын алған келеңсіз жайларды басып отыру үшін тіпті әскери отрядтарды орналастыруды сұранған болатын. Патша әкімшілігі мұны әрине қуана қарсы алды. Өйткені бұл әскер сол жердегі қазақтардың басқа да тыныштығын бақылап отыру үшін керек еді. Осындай хаттың бірі Ұлы жүздің. Шапырашты, Жалайыр, Албан, Суан тайпалары тұратын жердегі қазақтарынан осындай бір отрядтың бастығы Ф.Шубинге келіп түсті. Онда қазақтар: «Сіз осы жерге отрядыңызбен келгелі бері қазақтардың арасында орын алған өзара тартыстар тоқтап, тыныштық орнады. Барымтаның қайтадан басталып кетпеуі үшін біздің қоныстарымыздың маңында 50 казак қалдырсаңыз. Егер ондай әскер қалмаса қазақтар арасындағы өзара барымта жасау қайтадан өсіп халықтың тыныштығы кетеді» [2],- деп жазған екен.

Расында мұндай әскерлердің болуы сол жерлердегі қазақтар арасындағы талас-тартыстардың, барымталардың орын алуына кедергі жасады. Патша үкіметінің көздеген таптық мүдделеріне қарамастан, басқа да жерлердегі сияқты Ұлы жүз қазақтарының арасындағы өзара тартыстарды тоқтату жөніндегі жүргізілген шаралары шекаралық аудандарды нығайту, саудасаттықты кеңейту, өлкенің сауда жолдарында тірек пункттер салу істері Ресей империясының Ұлы жүз қазақтарының арасындағы ықдалылының нығая түсуіне көмектесті.

Қоқан билеушілігінің шектен тыс озбырлығына қарсы қазақ шаруалары тағы да бас көтерді. 1857 жылы Ташкент құсбегі Түркістан билеушісіне халықтан кезектен тыс салық жинауды тапсырды. Халықтың қолында салыққа төлейтін ештеңесі жоқ еді. Бірақ салық төлемесе қоқандықтардың аямайтындығын білген кей қазақтар өздерінің мекендерін тастап, жақын мандаты орыс қамалдарына қарай көшіп кетті. Бұл жағдай 1857 жылдың бүкіл бойына созылды. Келесі жылы да қазақ шаруалары ауыр салықтың астында қалды.

Осыған байланысты 1858 жылдың басынан қоқан билеушілеріне, салық жинаушыларына қарсы қазақ шаруаларының наразылықтары тағы да өсе бастады.

1858 жылдың көктемінде Жаңақорған маңында көшіп жүретін шамамен 1000 үйлі Қыпшақ руларының адамдары қоқандықтардың ауыр салығынан қашып Перовский фортына қарай өтіп, Қоқан езгісінен құтылуды ойлады. Бірақ мұны біліп қалған Қоқан үкіметі адамдары олардың қайтадан Түркістанға қарай көшуін бұйырды. Сөйтіп олар қоқандықтар талап еткен 10 ділләға дейін салық төлеуге мәжбүр болды. Дегенмен, қанау зардабын обден басынан кешірген қыпшақтардан бірнеше үй қоқандықтардың тарапынан басқа жаққа жібермеу үшін болған қырағылыққа қарамастан 1-сәуірде Перовск фортына қарай жасырын түрде өтіп кетті. Олар ол жаққа өткеннен кейін қалып қойған өзге қазақ ауылдарының орыс әскерлерінің ертерек келуін

күтіп отырғанын, тездетіп патша өкіметінің қарамағына өтуге мәжбүр екендіктерін жеткізді [3].

Түркістандағы Қожа Ахмед Йасауи кесенесінің шырақшылары Шейх-Ислам және Наиб-Ишан, сондай-ақ қоқандық биліктегі тамалардың билеушісі Бұқарбай датқанын Г.Осмоловскийге жазған хатында, егер орыс әскерлері Жөлектен Жаңақорғанға келетін болса, онда осы өңірдегі Қоңырат, Қыпшақ, Найман, Аргын билерінің қарамағындағыларымен түгелдей дерлік тездетіп орыс шекарасына қарай көшетіндігін хабарлады. Сөйтіп, олар Сарысу ауданына қарай жайлауға көшкенде сібірлік әкімшіліктің тиіспеуін өтінді. Осы бір қоқандықтардан көргөн ауыр азаптар, қиын жайлардың барлығы Қазақтардың жаппай көтерілісіне алып келді. Жалпы бұл көтеріліс алдымен Сыр бойынан басталса, екінші шегі Әулиеатадан ары асты. Қоқандық билеушілерге қарсы көтеріліс былай басталды...

1858 жылдың наурызында Ташкенттің билеушісі Мырзахмед халықты тыныштандыру және зекет жинау үшін өзінің қоқандықтарымен Әулиеата маңына келді. Қазақ билерін жинап, қойдан ғана емес, түйеден, тіпті мүйізді ірі қарадан салық толсуді талап етті. Бірақ бұған дейін Қазақтар салықты тек қойдан ғана төлейтін. Осыдан кейін ауылдағы қазақ билері шаруаларымен сөйлескен сді, олар бұл шешімге өздерінің келіспейтіндіктерін білдірді. Мұны естіген Мырзахмед қазақ шаруаларынан салықты күшпен тартып алуды ойлады. Қасындағы 2000 жігітті жүз-жүзден ауыл-ауылға бөліп, олар қазақ шаруаларына салықты міндетті түрде төлету үшін жер-жерлерде жаппай қинай бастады. Осы жайлардың барлығын естігеннен кейін, бұл жай бүкіл Қоқан хандығы қоластындағы қазақтардың ашу-ызасын туғызды. Олар ең алдымен Бадам өзенінің жанындағы Ордабасы деген жерде Ташкент билеушісі молда Маюсуптың інісі Мырзабиді өлтірді. Осыдан кейін бүкіл Алатаудағы Қоқан билігіндегі қаңлылар, шанышқылылар, көтеншілер, дулаттар, бестамғалылар және басқа рулардың адамдары көтерілді. Көтеріліске шыққандар Әулиеатаны қоршады. Ташкенттік билеушілер болса, қарсы тұратындай шамасы болмағандықтан не істерін білмей бекініске жасырынды.

Түркістан қаласын қоршау одан өрі жалғастырылды. Бірақ олардың қалаға кіруге жасаған бірнеше орскеттері бірінен соң бірі тойтарылды. Көтерілісшілер ұйымдаспаған түрде жүрді. Олардың араларында бірлік болмады, тәжірибе жоқтығын көрсетті. Тіпті олар көтеріліс барысында бейғамдық жасады. Соның сәттарынан 17-мамырда қоқандықтар қамалдан шығып бірден лап қойғанда, ондай болады деп күтпеген олар не істерін білмей асып-састы. Қоқандақтар болса қаннен қаперсіз болған көтерілісшілердің біразын ұстап алып, қамалдың ішіне алып кеткен.

Көтерілісті бастап алып, енді оны қалай жүргізуді білмеген қазақтардың арасындағы болып жатқан келеңсіз жайларды жақсы білген Мырзанияз қорықпай, тіпті қоршауда қалып көмек сұраған солтүстік жағындағы Жаңақорған бекінісіне көмекке өзінің 80 адамнан тұратын қарулы отрядын сол жаққа шұғыл түрде жіберіп, көтерілісшілердің енді қала бекінісін алуға шамалары келмейтінін түсінген еді.

Дегенмен, қаланы қоршап, бірақ ала алмай үнжырғалары түсіп, енді не істеу керек екенін түсінбей тұрғанда оларға жан-жақтан жаңа күш келіп қосылды. Көтерілісшілердің көңілі көтеріліп, қаланы қоршауды қайтадан бастады.

Түркістан өңірінде өріс алған көтеріліс ақырына дейін жетпеді. Оның себебі олардың арасында бірлік болмады. Әр тайпа, ру көтеріліс барысында өз мүдделерін ғана қойып, жатпы мүддені естен шығарды. Көтеріліс қызып жатқан кезде дулаттардан шыққан Қанай датқаның бастауымен Қоқан ханымен келісөз жүргізуге жеті би барып қабылдауында болып қайтты, ал мейлінше ықпалды Қарауыл, Асқақ, Қоныс, Тобағабыл датқалар қоқандық жоғары әкімшілік қызметінде болғандықтан көтеріліске мүлде қатыспады [4].

Түркістан өңіріндегі көтеріліс басылды. Дегенмен Қоқан ханы Ташкенттегі Мырзахмед күсбегіні орнынан алуға мәжбүр болды. Оның орнына хан бекляр-бегі қызметіне өзінің інісі Мұрат аталақты тағайындады. Бүкіл оңтүстік қазақтарын, қырғыздардың біразын қамтыған бұл көтеріліс осы өңір қазақтарының қоқан хандығының езуіне ғана қарсы емес, сонымен бірге оларға қарсы ұлт-азаттық та көтерілісі болатын.

Бұл көтеріліске қатысқан негізгі күш-қазақтар, өзбек дихандары, қырғыз еңбекшілері арасында өзара ынтымақ болмады. Оның үстіне бір жағы Әулиеата, Меркі, екінші жағы Түркістан, Жаңақорған арасындағы осынша кең аймақты қамтыған көтерілістің алдарына қойған мақсаттары да айқын емес еді. Бір өңір мен екінші өңір арасында байланыстың жоқтығы, басшылықтың болмауы айтарлықтай нәтижесіз аяқталуына алып келді.

1856 жылдың желтоқсанында, N1 форттың төңірегінде көшіп-қонып жүрген қазақтар осы төңіректегі бидай егуге қолайлы жерлердің барлығын бекініс комендантының қоныс аударушыларға тартып алып беруіне байланысты қазақтардың жасы келіп қалған осы өңірдегі

белгілі батыр Жанқожа НұрмағамбетҰлы бастаған Кіші жуз қазақтарының наразылығы туды. Қазақтар бекіністі жан-жағынан қоршап, шайқас кезінде үш казакты өлтіріп қазынаның шөбін өртеп жіберді. Сырдария шебінің қолбасшысы барон Фитенгоф бұл жөнінде хабар естіген бойда оларға көмек беру үшін Перовский фортынан 2 зеңбірек, 1 ракеталық қондырғысы бар 265 адаммен N1 фортқа келді.

Әрине, қазақтардың жалпы саны 3000-ға жеткенімен қолдарындағы қаруы белгілі еді. Бірақ сонысына қарамай, Жанқожа батыр бастаған Кіші жүз шаруалары өздерінің ата-бабаларының сонау заманнан бері пайдаланып келе жатқан жерлерін тартып алған орыстарға қарсы аяусыз шайқасуға дайын тұрды. Сыр бойындағы шеп бастығы, генерал И.Осмоловский шұғыл шаралар жүргізді.

Қазақтардың соңына түскен орыс әскерлері Сырдың арғы бетіне өтіп және Кіші Борсыққа дейін іздеп барып, олардың көптеген түйе, сиыр, қой т.б. малдарын тартып алды. Жанқожа Нұрмағамбетұлының Хиуа иелігіндегі жерге өтіп кетіп, Хиуа ханынан және шекті батыры Есет Көтібарұлынан N1 фортты алуға көмек сұрады. Бірақ Хиуа ханы түркмендермен соғысып жатуына байланысты көмек беруден бас тартты, ал Есет батыр болса орыстарға қарсы күресуге көмектесуге уәде берді.

Ал 1855-1858 жылдары Сыр бойындағы шаруалар соғысының бірін бастаған Есет Көтібарұлының да негізгі мақсаты біресе жерін, біресе малын тартып алып қазақ шаруаларына тыныштық бермеген орыс отаршылдарына қарсы өздерінің бостандығын алу үшін болған еді. Шектен тыс қысым көрсеткен отаршылдардың жасаған адам төзгісіз орскеттері бейбіт жатқан Сыр бойының қазақтарын көтеріліске шығуға мәжбүр етті. Ал орыс билігіне қарсы шыққан Жанқожа Нұрмағамбетұлы тағдырына келер болсақ, Сырдария әскерінің қолбасшысы оның ежелден дұшпаны болған Ермұхаммед Қасымов бастаған орыс әскерлерін жіберіп, 1860 жылы 86 жасқа келген оны өлтіріп, малдарын айдап кетті [5].

Осы айтылғандардың барлығына саралап қарасақ, XIX-ғасырдың 50- жылдарында Қазақстанның оңтүстік жерін Қоқан хандығының билігінен орыстардың шетінен тартып алып жатқан кезінде бұл өңірде көптеген дүбірлі оқиғалар болды. Оның бірі берекесіздіктің, алауыздықтың салдарынан қазақтардың бір-біріне барымта жасап, ауылдарын шауып қарапайым халыққа көп зардабын тигізіп жатса, екінші олардың қанауға бас шұлғып отыра бермей көтерілгені. Шекара өңіріндегі қазақтардың хал-жағдайларының мейлінше нашарлауының негізгі себебі, олардың қосқабат қанауға ұшырауынан да болды. Кейде бір жердегі қазақтар әрі қоқандықтарға, әрі орыстарға бірден салық төлесе, енді бір жерде орыс, әрі қытай билеушілеріне төледі. Тағдыры ауыр оңтүстік қазақтары бірде Қоқан хандығына, Бұқара әмірлігіне, Хиуа билеушілеріне қарсы бас имей күрессе, енді бірде жаңа отаршылдарға қарсы көтерілді. Осының қай-қайсысында болсын қазақ шаруаларының отаршылдарға қарсы күресте жеңіске жетпегенімен өздерін бостандық үшін күреске дайын халық ретінде көрсете білді.

Қорыта айтқанда, осы жағдайлардың барлығы қазақ шаруаларының әйтеуір бас шұлғып отыра бермейтін, бойында ұлттық намысы бар, қашанда бостандық үшін күресетін халық екендігін көрсетті. Олардың бұл істері келешектегі ұрпақтарына үлгі-өнеге болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Халфин Н.А. Россия и ханства Средней Азии (первая половина XIX века). Москва: Наука. 1974. С.336, 338.
- 2.Сейпілмәлікова С. 1853 жылғы Ақмешіт жорығы. // Қазақ тарихы. 1997. N4. Б.55-59.
- 3.Мәшімбаев С. Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. Алматы: Санат, 1994. Б.99
- 4.Жолдасов Б. XIX ғасырдың ортасындағы Түркістан өңірінің тарихынан. Алматы: Қазақпарат. 1999. - 87 б.
- 5.Қуандықұлы Е. Қоқан езгісіне қарсы күрес // Қазақ тарихы. 2004. N2. Б.
- 6.Жолдасов Б. XIX ғасырдың ортасындағы Түркістан өңірінің тарихынан. Алматы: ҚАЗАқпарат. 1999. Б.37.

УДК 372.858

**PISA ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУІНЕ ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ
МАТЕМАТИКА ПӘНІ БОЙЫНША ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

БОПЕТАЕВА САНДУГАШ РАХМАНКУЛОВНА

Амангелді атындағы орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы

Резюме. Сегодня перед казахстанской системой образования стоят вопросы повышения конкурентоспособности качества образования, адаптации к реальным жизненным этапам, так как человек должен жить в обществе в условиях, требующих высокой профессионализма и интеллектуальных действий для принятия правильных решений, связанных с различными жизненными проблемами. Поэтому пятнадцатилетние обучающиеся страны принимают участие в международном исследовании PISA с целью определения уровня образовательных достижений. Это позволяет каждой стране-участнице определить стратегическую цель системы образования.

Summary. Today, the Kazakh education system faces issues of increasing the competitiveness of the quality of education, adapting to real life stages, since a person must live in society in conditions requiring high professionalism and intellectual actions to make the right decisions related to various life problems. Therefore, fifteen-year-old students of the country take part in the international PISA study in order to determine the level of educational achievements. This allows each participating country to define the strategic goal of the education system.

Бүгінгі таңда қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімделендіру мәселелері тұр, өйткені адам қоғамда әртүрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін жоғары кәсіптілік пен интеллектуалдық әрекеттерді қажет ететін жағдайларда заман талабына сай өмір сүру керек. Сол себепті еліміздің он бес жастағы білім алушылар білім жетістіктерінің деңгейін анықтау мақсатында PISA халықаралық зерттеуіне қатысады. Бұл әрбір қатысушы елге білім беру жүйесінің стратегиялық мақсатын анықтауға мүмкіндік береді. Заманауи сұранысқа сай тұлғаны дайындау үшін білім беру жүйесіне, мұғалімге қойылатын талаптар түбегейлі өзгерді десек қателеспейміз. Себебі, мұғалім жарқын, ерекше тұлға, жалпыадамзаттық құндылықтардың терең және әр түрлі білімнің, жоғары мәдениеттің иесі болатындай адам идеясын тәрбиелеуге міндетті. Математика мұғалімдерінің ақпараттық құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін олардан алдымен АКТ-ны қолданудың психологиялық педагогикалық негіздерінің мәнін, мүмкіндіктері мен перспективаларын игеруі талап етіледі. PISA зерттеуінде математика бойынша жеке ойлау қабілеттеріне бағытталған тест тапсырмаларының мазмұнына ерекше көңіл бөлінеді. Тест тапсырмаларының құбылымы математикалық ойлаудан және құбылыстарды сипаттап, түсіндіруге және болжау арқылы математикалық тұжырымдамаларды, рәсімдерді, айғақтарды және құбылысты қолданудан тұрады. PISA тестіндегі математикалық тапсырмалар сонымен бірге, оқушыларға математиканың олардың өмірінде қандай басты рөл атқаратынын түсінулеріне көмектеседі. PISA тестіндегі математикалық тапсырмалар оқушыларға сандық, кеңістік, ықтимал болатын және басқа да математикалық тұжырымдамалары бар математикалық мәселелерді талдауға, ойластыруға, шешуге және түсінік беруге мүмкіндік туғызады. 15-жастағы оқушылардың математикалық дайындықтарын тексеру мазмұны математикалық сауаттылық түсінігіне негізделген, ол «адам өмір сүретін әлемде математиканың рөлін анықтау және түсіну қабілеті, жақсы қисынды математикалық пікірлерді айту, қазір және келешекте мүдделі, саналы азамат жасайтын қажеттілігін қанағаттандыру үшін математиканы қолданып білу» деген түсінікті береді.

Математикалық сауаттылық ұғымына оқушылардың келесі қабілеттіліктерін жатқызуға болады:

1. Қоршаған ортада пайда болған мәселелерді математикалық тұрғыда тани білу;

2. Мәселелерді математика тілінде құрастыра білу;

3. Пайда болған мәселелерді математикалық айғақтар мен әдіс-тәсілдерді қолдана отырып шеше білу;

4. Шешімдерде қолданылған әдістерді талдау;

5. Қойылған мәселелерді есепке ала отырып нәтижелерді түсіндіру;

6. Шешімдердің нәтижелерін құрастырып жазу.

PISA зерттеуінде оқушыларға қазақстандық мониторингтік зерттеулерге тән стандарттық математикалық есептер берілмейді. Бұл зерттеудегі математикалық тапсырмалар нақты өмірлік мәселелерге жақын, қоршаған өмірдің түрлі аспектілерімен байланысты және өз шешімдері үшін математикалық талдау талап ететін, мектептің өмірі, қоғам, оқушының жеке өмірі, кәсіби қызметі, спорт және т.б. туралы мәліметтер ұсынылады. Зерттеу тұжырымдамасына сәйкес, әрбір тапсырма математиканың мазмұнды бөлімдерінің біріне сәйкес келеді: сандар; кеңістік және форма; өзгерістер мен қатынастар; белгісіздік. Оқушылардың «математикалық сауаттылығының деңгейі, осы аталған мазмұнды бөлімдермен қатар «математикалық құзыреттіліктің» [1] даму деңгейімен сипатталады.

Оқушылардың математикалық құзыреттілігі зерттеуде «тұлғаның математикалық білімдерінің, біліктілігінің, тәжірибесінің және қабілеттерінің үндесуімен» [2,68] анықталады. Зерттеуде үш математикалық құзыреттіліктің деңгейлері қарастырылады: елестету деңгейі, байланыс орнату деңгейі, ойлау деңгейі. Математиканы оқыту процесінде оқушылардың қолданбалы есептерді шешуде мәселелік тапсырмалардың шешімдерін және сұрақтарға жауаптарды өздігінен немесе өзара байланыста ізденуді, түсіндіруді, талдауды, әртүрлі дерек көздерінен ақпараттарды іздеуді, оқу, түсіну және түрлендіруді, дәлелдемелер келтіру, қорыту, қорытынды шығаруды, есептердің өмірмен байланысын табуды, оқу мазмұнын ой елегінен өткізуге, салыстыруға, дәлелдемелер келтіруге, өз пікірін қорғауға арналған мәнмәтінді есептерді шешуді, қоршаған ортадағы, өмірлік жағдайлардағы мәселелерді математикалық жолмен (модельдеу) есептерді шешуді, сандық және графикалық және басқадай білім беру ресурстарын қолдануды меңзейді. Жаңартылған білім беру мазмұны нәтижеге және білім сапасын қамтамасыз етуге бағытталған бағдарлама болып табылады. Сонымен қатар мектеп оқушыларына математиканы оқытуда оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, ақпараттық-коммуникациялық технологияны (АКТ) қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді қолдану жаңартылған білім берудің маңыздылығын көрсетеді.

Орта мектеп «оқушыларының оқу нәтижелерін арттыру мәселесі әлемнің барлық елдерінде өзекті болып табылады. Жоғары сынып оқушыларының оқу нәтижелерін арттыру үшін білім сапасын көтеруіміз қажет. Ал білім беру сапасы дегеніміз - оқушылардың, қоғамның және білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын білім беру нәтижелерінің маңызды қасиеттері мен сипаттамаларының жиынтығы» [3]. Білім беру сапасы келесілер арқылы анықталады: - Педагогтердің жоғары кәсіби деңгейі;

- Оқушыларды оқытуда жайлылықты қамтамасыз етуі;

- Оқушылардың білімінің беріктігі;

- Санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау;

- Мектептің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі. Орта мектепте оқытудың негізгі мақсаты - әр баланы қысқа уақыт ішінде үлкен көлемде ақпаратты игеруге, түрлендіруге және практикалық іс-әрекетте қолдануға үйрету [4]. Сабақты оқытудың негізгі нысаны ретінде мойындай отырып, біз оны одан әрі жетілдіру жолдарын үнемі іздейміз. Ендеше білім сапасының компоненттеріне төмендегілер жатады:

- білім беру салалары бойынша оқушылардың сапалы білім алуы;

- оқушылардың жалпы білім беру дағдыларын қалыптастыру сапасы (оқулықпен, мәтінмен жұмыс істеу, жоспар құру, талдау, қорытынды жасау және т. б.);

- мектеп оқушыларының білім сапасы (арнайы әдістемелер бойынша қадағаланады); -

оқушылардың жеке басының даму сапасы (эмоционалдылық, ерік-жігер, танымдық қызығушылық, мотивация және т.);

- әлеуметтік бейімделудің сапасы. Оқу нәтижелерін арттыру үшін оқу іс-әрекеті қандай компоненттерден тұратынын түсініп, мұғалім келесілерді басшылыққа алуы тиіс: - оқушылардың мақсат қоюы; - олардың іс-әрекетін ынталандыру;

- оқушылардың біліктерін қалыптастыру;
- «мұғалім-оқушы» кері байланысын құру»;
- мәселелік жағдайларды жасау;
- білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзін жайлы сезінуіне жағдай жасау.

Конфуций былай деген: «білімге үш жол жетелейді: ойлау жолы – ең асыл; еліктеу жолы – ең оңай жол және тәжірибе жолы – ең ащы жол». Ендеше мектеп оқушыларының оқу нәтижелерін арттыру үшін біз бірден осы үш жолмен жүруіміз керек. Сабақтың тиімділігін арттырудың маңызды құралы - сабақтағы іс-әрекеттің әртүрлілігі. Оқушыларға сабақта оқу процесін жандандыру мақсатында әртүрлі әдіс-тәсілдер қолданылатын болса, баланың оқуға деген ынтасы артып, ол білімді жақсы меңгереді. Қазақтың тұңғыш педагогы Ыбырай Алтынсарин балаларға сабақты қызықты, тартымды, әрі түсінікті етіп берген екен. Мәселен, діни мектептерде молдалардан сабақ алған балалар бір жылда эзер хат таныса, Ыбырайдың оқушылары небәрі үш айдың ішінде хат танитын болған. Осы айтылғаннан-ақ білім сапасының жоғары болуы, оқу нәтижелерінің артуы тікелей мұғалімге байланысты екеніне көзіміз жетеді. Ендеше оқушыны сабаққа қызықтырып, оның білімге деген құштарлығын оятатын мұғалімдер, яғни біздер боламыз. Ендеше оқу нәтижелері бойынша жоғары жетістіктерге қол жеткізгіміз келсе, ең алдымен өзімізден бастайық. 0% 5% 10% 15% 20% 25% 30% 35% Мұғалімнің әдістемелік тұрғыдан жетік болуы Заманауи технологияларды қолдануы Мұғалімнің кәсіби даярлық деңгейі оқушылардың пәнге деген қызығушылығы Оқушылардың дайындық деңгейі орта мектеп оқушыларының оқу нәтижелерін арттыруға әсер етеді. Сонымен, оқу нәтижелерін арттыру үшін орта мектеп мұғалімі келесілерді басшылыққа алуы тиіс:

Сабақтарда және сабақтан тыс уақытта заманауи инновациялық әдістемелерді, оқу сабақтарын ұйымдастыру мен өткізудің жаңа формаларын қолдану қажет; Өзінің кәсібилігін арттыру үшін әдістемелік тұрғыдан өзін дамыту және басқа педагогтармен тәжірибе алмасу; Сабақтарда заманауи педагогикалық технологияларды, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдану, ғаламтор желісінің мүмкіндіктерін белсенді түрде қолдану арқылы кәсіби біліктілігін үздіксіз жетілдіру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың 2015-2025 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары/ Қазақстан Республикасы.
2. Қ. Өстеміров, А. Айтбаева Заманауи білім беру технологиялары.-Алматы: Сана, 2006-224б.
3. PISA халықаралық зерттеуін жүргізу шеңберінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту әдістері бойынша Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Тыңдау жұмыс кітабы // NIS—PEARSON.
4. PISA халықаралық зерттеуін жүргізу шеңберінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту әдістері бойынша Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Оқу сауаттылығы. Мұғалімнің жұмыс кітабы// NIS—PEARSON.

ӘОЖ 004. 245.01

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ОНТОЛОГИЯ НЕГІЗІНДЕ РЕЛЯЦИЯЛАНҒАН МӘЛІМЕТТЕР БАЗАСЫН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ

АМАНТАЙ БАЯНБЕК

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Аннотация. В статье рассматривается интеграция реляционных баз данных с использованием онтологических фреймворков для улучшения управления данными в образовательных учреждениях. Используя онтологии, образовательные учреждения могут обеспечить лучшую совместимость данных, более точный поиск информации и улучшенную аналитику. В исследовании обсуждаются методология, преимущества и практическое применение этой интеграции.

Ключевые слова: Онтология, реляционные базы данных, образование, управление данными, семантический веб.

Annotation.In the article explores the integration of relational databases using ontological frameworks to enhance data management in educational settings. By leveraging ontologies, educational institutions can achieve better data interoperability, more accurate information retrieval, and improved analytics. The study discusses the methodology, benefits, and practical applications of this integration.

Keywords: Ontology, relational databases, education, data management, semantic web.

Онтологияға негізделген реляциялық мәліметтер базасының интеграциясы білім беру деректерін басқаруда айтарлықтай ілгерлетеді. Онтологиялар әртүрлі білім беру платформаларында деректерді басқару және пайдалану мүмкіндігін арттыра отырып, семантикалық өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін құрылымды қамтамасыз етеді. Бұл жұмыста онтологияларды реляциялық мәліметтер базасымен интеграциялау әдістемесі зерттеліп, оның білім беру жүйелеріне әсері бағаланады.

Қазіргі заманғы ақпараттық жүйелерді пайдалану кезінде енгізілген және алынған ақпарат жинақталатын өзіндік мәліметтер базасы болады. Әр түрлі ақпараттық жүйелермен автоматтандырылған білім беру процестерінің ақпараттық және логикалық байланысына байланысты әр түрлі мәліметтер базасындағы ақпараттың бір бөлігі сөзсіз қайталанады. Бұл, ең алдымен, шартты тұрақты деп аталатын ақпараттық сөздіктерге, анықтамалықтарға және жедел өңдеу циклінде өзгермейтін басқа да ақпаратқа қатысты. Деректердің қайталануының тағы бір көзі – әртүрлі ақпараттық жүйелер арасындағы білім беру процестердің алшақтығы.

Бұл жағдайда жүйелердің бірінде шығыс көзі ретінде алынған деректер екіншісіне кіріс болып табылады. Бұл деректерді біріктіру кезінде жиі кездеседі. Бұндай аналитикалық жүйелерді кіріс ретінде мәліметтер базасы стандартты мерзімде есеп жасайды. Ақпараттық жүйелер арасында ақпаратты тасымалдаудың компьютерлік құралдары болмаған кезде ақпарат барлық тиісті жүйелерге қолмен енгізу жолымен көшіріледі. Артық жұмыс күшінен басқа, қолмен қайта енгізу сөзсіз қателіктердің жиналуына әкеледі, нәтижесінде әртүрлі жүйелердегі деректерді салыстыруға келмейді.

Онтология негізінде реляциялық мәліметтер базасын қолданатын ақпараттық жүйелердің рөлі мәтіндермен, графикалық деректермен және ақпараттың басқа түрлерімен жұмыс істейтін жүйелердің рөлінен өлшеусіз жоғары екенін атап өткен жөн. Бұл, ең алдымен, құрылымдық деректерді алгоритмдік басқарудың дамыған құралдарының болуына байланысты. Білім беру жүйесі үшін реляциялық мәліметтер базасы түрінде ұсынылған ақпараттық ресурстарды интеграциялау міндеті ең өзекті болып табылады, осыған байланысты реляциялық мәліметтер базасын интеграциялау мәселелерін шешу үшін бірнеше әдістері жасалды, олардың ішіндегі ең танымалы келесідей.

Оқу орындары студенттердің жазбаларын, курстық материалдарды, әкімшілік құжаттарды және зерттеу нәтижелерін қоса алғанда, көптеген деректерді жасайды және басқарады. Дәстүрлі реляциялық мәліметтер базасын басқару жүйелері (RDBMS) құрылымдық деректерді өңдеу үшін тиімді, бірақ көбінесе семантикалық қатынастармен және әртүрлі жүйелердегі деректерді интеграциялаумен айналыспайды. Домендегі білімнің ресми көрінісін қамтамасыз ететін онтологиялар деректердің семантикалық өзара әрекеттесуін және деректерді басқарудың тиімдірек әдістерін қамтамасыз ету арқылы осы шектеулердің шешімін ұсынады. Бұл жұмыс RDBMS және онтологиялық құрылымдар арасындағы алшақтықты жоюға бағытталған, білім беру деректерін басқаруды жақсарту үшін *оларды біріктіру әдісін* ұсынады.

Білім берудегі реляциялық мәліметтер базасы – оқу орындарында студенттердің жазбаларын, курстық ақпараттарды және әкімшілік деректерді басқару үшін кеңінен қолданылады. Алайда, бұл мәліметтер базасында көбінесе мағыналық байлық жетіспейді, бұл деректердің өзара әрекеттесуі мен алынуында қиындықтарға әкеледі [1]. 1970 жылдары Э.Ф. Кодд енгізген реляциялық модель деректерді жолдар мен бағандардан тұратын кестелерге (немесе қатынастарға) ұйымдастырады. Өзінің сенімділігі мен тиімділігіне қарамастан, реляциялық модель күрделі қатынастарды ұсынумен және гетерогенді деректер көздерін біріктірумен күреседі.

Білім беру мекемелері әдетте RDBMS-ті студенттердің ақпараттық жүйелері (СӨЖ), оқытуды басқару жүйелері (LMS) және кітапханаларды басқару жүйелері сияқты әртүрлі қолданбалар үшін пайдаланады. Бұл жүйелер жиі оқшауланады, бұл әртүрлі платформаларда деректерді бөлісуді және біріктіруді қиындатады. Мысалы, СӨЖ-де сақталған студенттің курсқа жазылу туралы ақпараты LMS-тегі бір оқушының оқу әрекетінің деректерімен үздіксіз

біріктірілмеуі мүмкін. Бұл фрагментация деректерді жан-жақты талдауға және шешім қабылдау процестеріне кедергі келтіреді.

Онтология және семантикалық веб

Ақпаратты шынымен ғылыми ұғым ретінде қарастыруға болады. Шынында да, бұған дейін ақпараттың құрылымы мен қасиеттері ғылымның барлық салаларында зерттелген. Мысалы, физика ақпаратты тасымалдайтын сигналдардың қасиеттерін зерттейді. Табиғаттағы көптеген құбылыстар сигналдар шығаратыны белгілі. Тіркелген сигналдар белгілі бір деректерді құрайды. Деректер түрлендіріледі, тасымалданады және әдістер арқылы қолданылады. Деректер мен әдістер өзара әрекеттескенде ақпарат қалыптасады. Өлі табиғаттағы процестер үздіксіз энергия алмасу түрінде жүреді. Энергия алмасумен қатар тірі табиғатта бағытталған метаболизм процесі жүреді. Метаболизм мен энергия алмасу процестері арасындағы байланыс ақпарат алмасу процесінде жүреді немесе ақпараттық процесс деп аталады.

Осылайша, ақпарат – бұл ақпараттық процесс барысында пайда болатын қозғалатын объект. Ақпараттың қасиеттері деректердің қасиеттеріне де, әдістердің қасиеттеріне де тікелей байланысты.

Мәліметтер-ақпараттың құрамдас бөлігі. Тіркеу тәсілі бойынша деректер әртүрлі тасымалдаушыларда сақталады және тасымалданады. Ең көп таралған деректер тасымалдаушысы-қағаз. CD-ROM-да заттың оптикалық қасиеттерінің өзгеруі лазер сәулелерінің көмегімен бекітілетін тасымалдаушылар қолданылады. Магниттік сенсорлық өзгерістерді магниттік таспалар мен дискілер түрінде алуға болады.

Мәліметтерге қолданылатын амалдар. Ақпараттық процесс барысында деректер әдістердің көмегімен бір түрден екінші түрге өзгереді. Деректерді өңдеу көптеген операциялардан тұрады:

- деректерді жинау;
- деректерді қалыптастыру;
- деректерді сүзу;
- деректердісұрыптау;
- деректерді топтастыру;
- деректерді мұрағаттау;
- деректерді қорғау;
- деректерді беру;
- деректердітүрлендіру.

Жоғарыда келтірілген деректерге қолданылатын операциялардың тізімі толық емес. Дүниежүзіндегі миллиондаған адамдар деректерді құрумен, өңдеумен, түрлендірумен және тасымалдаумен айналысады, әр жұмыс үстелінде әлеуметтік, экономикалық, ғылыми және мәдени процестерді басқаруға қажетті арнайы әдістер қолданылады. Барлық ықтимал трюктардың толық тізімін жасау мүмкін емес және қажет емес. Осыдан ақпаратпен жұмыс істеу көп уақытты қажет етеді, сондықтан оны автоматтандыру қажет [1].

Мәліметтердің негізгі құрылымы. Егер деректер реттелген болса, яғни берілген құрылымға сәйкес келтірілсе, онда олармен жұмысты автоматтандыру оңайырақ болады. Деректер құрылымының үш негізгі түрі бар: сызықтық, кестелік және иерархиялық. Сызықтық деректер құрылымы дегеніміз – әр элементтің мекен-жайы мен нөмірі бір мәнді болатын реттелген құрылым.

Сызықтық құрылымның мысалы ретінде тізімдерді алуға болады. Кестелік деректер құрылымымен танысу үшін көбейту кестесін есте сақтау жеткілікті. Кестелік құрылымдардағы элементтер ұяшықтардың мекен жайларымен анықталады. Ұяшықтың мекен-жайы кестенің қиылысатын жолдары мен бағандарының нөмірімен анықталады.

Иерархиялық құрылымды мәліметтер. Тізім немесе кесте түрінде бейнелеуге келмейтін, реттелмеген мәліметтерді иерархиялық түрде бейнелейді. Бұл тәріздес құрылымдар бізге күнделікті өмірден таныс. Негізінен түрлі ғылыми жүйелеуде кеңінен қолданылады.

Иерархиялық құрылымдардағы әрбір элементтің адресі құрылымның төбесінен берілген элементке дейінгі жолмен анықталады. Мысалы, Paint программасын іске қосатын командаға әкелетін жол былай көрсетіледі:

Іске қосу → Программалар → Стандартт → Paint (Пуск → Программы → Стандартные → Paint)

Мәліметтерді сақтаудың бірлігі ретінде файл деп аталатын объект қабылданған. Файл – бұл өзіне ғана тән атауы бар еркін алынған көптеген байттардан тұратын тізбек. Файлдар байтпен өлшенеді. Бір байт сегіз биттен тұрады. Биттер 0 және 1 мәндерінің біреуін ғана қабылдай алатын ақпараттың ең кіші өлшем бірлігі деп аталады. Әр файл белгілі бір түрге қатысты деректерді сақтауға арналған. Бұл жағдайда деректер түрі файл түрін анықтайды.

Файл атауы тек осы файлға ғана тән бірегей болуы керек және олардың арасында нүкте орналастырылған екі бөліктен тұрады; аты және кеңейтімі. Файл атауы кез-келген шектеулі ұзындықтағы әріптердің, таңбалардың тіркесімінен тұрады. Екінші бөлім файл атауының кеңюі деп аталады. Ол үш әріптен аспайды.

Мысалы: Мәтін.doc – Word редакторында жазылған мәтіндік файл;

Кесте.xls – Excel процессорында дайындалған файл;

Сурет.bmp – графикалық файл;

Мәліметтер.mdb – Access мәліметтер базасында әзірленген файл.

Файлдарды сақтау иерархиялық құрылым бойынша жүргізіледі. Бұл жағдайда оны файлдық құрылым деп атайды. Құрылымның төбесі ретінде тасуыштын (дискінің) аты алынады. Бұдан әрі файлдар каталогтарға (қаптамаларға) топтастырылады, олардың ішінде бағыныңқы каталогтар орналастыруға болады [2].

C: \Қаптама \Кітап\ Мәтін.doc — C дискісінің Қаптама деген каталогының Кітап деген ішкі каталогында орналасқан Word -та дайындалған Мәтін.doc мәтіндік файлы.

Информатика – бұл компьютерлік технологиялар көмегімен деректерді қабылдау, құру, сақтау, теңестіру, өңдеу және беру әдістерін жүйелейтін жаңа техникалы қғылыми пән. Информатика пәні келесідей ұғымдарды қарастырады:

- есептеу техникасы құралдарының аппараттық жасақтамасы;
- есептеу техникасы құралдарының программалық жасақтамасы;
- аппараттық және программалық жасақтамалардың өзара әсерлесу құралдары;
- аппараттық және программалық құралдар мен адамның өзара әсерлесу құралдары.

Аппараттық және программалық құралдар мен адамның өзара қарым-қатынасының әдістері мен құралдарын қолданушы интерфейсін деп атайды.

Информатиканың негізгі мәселесі – есептеу техникасының аппараттық және программалық құралдарымен жұмыс істеу тәсілдерін жүйелеу болып табылады.

Бүгінгі таңда информатиканың негізгі мәселелерінің құрамына келесі бағыттарды жатқызуға болады:

- есептеу жүйелерінің архитектурасы (мәліметтерді автоматты түрде өңдеуге арналған жүйелерді құрудың тәсілдері мен әдістері);
- есептеу жүйелерінің интерфейсін (аппараттық және программалық жасақтаманы басқару тәсілдері мен әдістері);
- программалау (компьютерлік программаларды даярлау әдістері);
- мәліметтерді түрлендіру; ақпаратты қорғау;
- автоматтандыру;
- стандарттау (әртүрлі есептеу техникасы құралдарына сәйкес аппараттық және программалық құралдар арасындағы, мәліметтердің берілу пішімі арасындағы үйлесімдікті қамтамасыз ету) [3].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шәріпбай А.Ә. Тілдер мен автоматтар теориясы: оқулық. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2014.
2. Мейер Б. Инструменты, алгоритмы и структуры данных: Национальный Открытый Университет "ИНТУИТ". - 2016.
3. Никлаус Вирт. Алгоритмы и структуры данных, аратов: Профобразование. – 2017.

ӘОЖ 371 . 3 : 53

ФИЗИКА ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

АХМЕТОВА МАРАЛ ЖАҚСЫЛЫҚҚЫЗЫ

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласының білім бөлімінің
№25 орта мектебінің физика пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассказывается о том, что задача формирования функциональной грамотности учащихся при преподавании предмета физики реализуется с точки зрения содержания учебной деятельности и компетентности учителя. Развитие познавательной активности учащихся, творческих способностей, способностей логического мышления, умения работать самостоятельно путем развития функциональной грамотности учащихся. Использование различных методов обучения на уроке физики расширяет теоретические знания и развивает навыки логического мышления, одновременно повышая творческую исследовательскую, самостоятельную трудовую деятельность учащихся. Научиться подтверждать теоретические знания на практике.

Summary. The article mentions that the task of forming the functional literacy of students during the teaching of physics is carried out in terms of the content of the educational activity and the teacher's competence.

Development of students' cognitive activity, creativity, logical thinking abilities, ability to work independently by developing functional literacy of students. Using different methods of teaching in the physics class, expanding theoretical knowledge and developing logical thinking skills while increasing students' creative research, independent work activities. To learn how to prove theoretical knowledge in practice.

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе – нәтижелі білім беру, білім сапасын арттыру және рухани дүниесі бай жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеу, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді акпараттандыру.

Қазіргі кезде физика пәнін оқытуда оқушылардың функционалдық ойлау қабілеті мен шығармашылық тұрғыдағы жұмысын дамытуда өз бетімен жұмыс жасаулары және логикалық тапсырмаларды орындаудың маңызы зор. Бұл тапсырмаларды қалай ұйымдастыру керек, тарау бойынша тақырыпқа сай етіп деңгейлеп, саралап таңдай білу ол мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Бүгінгі таңдағы алда тұрған басты міндет – оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз - адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге араласуы. яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи тұрғыдан өзгергенін, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалдық сауаттылыққа жету, қалыптастыру, меңгерту.

Жай сауаттылық - адамның оқу, түсіну, қысқа мәтіндерді құру және қарапайым арифметикалық әрекеттерді орындауы. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым - қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым - қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым - қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығы ең алдымен үйден отбасынан басталады. Өйткені, ата - аналардың балаларды оқытуы және тәрбиелеуі ұлттық жоспарда функционалдық сауаттылықтың негізгі тетіктерінің бірі болып көрсетілген.

Тіпті «экономика» деген сөздің өзін сөзбе сөз аударсақ «үй шаруашылығы» дегенді білдіреді. Сондықтан да отбасындағы экономиканы мемлекеттік экономиканың құрамдас бөлігі ретінде қарауға тура келеді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығы екіншіден, мектептен басталады. Мектеп - үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Оқушының бойына білім нәрін дарытуға көмек беретін функционалдық сауаттылық мұғалім бойында да болуы тиіс. Функционалдық сауаттылықтың негізгі міндеті - мұғалім баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастырып және де баланың өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Білім алуда жақсы көрсеткіш көрсететін оқушы сабаққа белсенді қатысып, жақсы баға алады, алайда, кейбір балаларымыз мектептен алған білімдерінің қорытындысын өз мүмкіндіктерінде көрсете алмайды. Алған білімдері шешімдер мен іс-әрекет таңдауда тұлғаның дамыту қажеттеліктеріне сәйкес келмей де жатады. PRTS (PISA) халықаралық зерттеуінде, ББЖМ әсіресе, ҰБТ-де өз білімдерін дәлелдей алмай да қалатыны жоқ емес.

Ойын еркін айтатын, сын тұрғысынан ойлануға бейім, интеллект қабілеті дамыған, қоғамдық өмірде өз орнын табатын жеке тұлғаны қалыптастыру мектеп мұғалімдері үшін үлкен жауапты іс. Мақсатқа жету оқушының өзі арқылы іске асады. Мұғалім – бағыт беруші, ұйымдастырушы.

Физиканың ерекшелігі – ол қазіргі кездегі ауадай қажетті техникалық ғылымдардың негізі. Физика сабағында оқушыларға нақты мысал келтіре отырып, олардың алған білімдері маңызды практикалық мәселелерді шешуге қажет екендігін түсіндіру қажет. Оқушылардың білімнің өмірлік маңызын түсінуі, теория мен практиканы тығыз байланыстырады, пәнге ынтасын арттырады.

Физика курсының әрбір тақырыбын оқыту барысында оқушыларды айнала қоршаған ортаны танудағы физиканың рөлін дұрыс түсінуге және алған білімдерін практикалық есептерді шешуде қолдана білуге әсері тиетіндей пәнаралық байланыстарды іске асырып отыруы қажет.

Физика сабағында оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, оқушылардың шығармашылық ізденістерін, өз бетінше жұмыс істеу белсенділіктерін арттыру барысында теориялық білімдерін кеңейтіп, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде дәлелдей білуге үйрету. Осы аталған мақсатқа жетудің міндеттеріне тоқтала кетейік :

- 1) оқушылардың теориялық білімдерін шыңдау
- 2) оқушылардың жеке дара ерекшеліктерін ескеру
- 3) шығармашыл тұлға қалыптастыру.

Мектеп физика курсының оқытудың ең маңызды мақсаттарының бірі – физиканың қолданбалы мүмкіндіктерін ашу. Оқушылардың дүниетанымына әр оқу пәні өз үлесін қосып отырады. Соның ішінде физиканы оқыту барысында сабақтас пәндерден және нақтылы өмірден оқушыларға түсінікті түрде келтірген деректер ғылыми білімдердің пайда болу негізін, қоршаған ортаның табиғат құбылыстарының танымалы жеке пәндердің физиканың ұғымдары мен абстрактілі жағдайларын оңай сезіне біледі.

Физика пәнінің оқыту процесін жетілдіру оқушылардың танымдық белсенділігі мен іздемпаздығын арттыруға негізделген. Оқу танымдық қызметі барысында оқушылар қажетті көлемдегі білімді игеріп қана қоймастан, танымдық қабілеті мен шығармашылық ойлауы да дамытылады. Сын тұрғыдан ойлау барысында, бала өз заманының озық өнегесін санасына сіңіреді, функционалдық сауаттылығы артады, басқаның пікірін тыңдауға дағдыланады және өзі де пікір айтуға үйренеді.

Физика сабағында бағдарлама материалын сапалы меңгерту үшін оқыту мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы арқылы және басқа да белсенді педагогикалық

технологиялардың әдістерін кірістіре отырып, оқушыларды бір – бірімен пікірлесе білуге, ойларын нақты, ашық жеткізе білуге дағдыланады.

Физика пәнінде шығармашылық есептер оқушының шығармалығын шындайдын есептер болып табылады. Шығармашылық есептерді пәнге деген қызығушылығы жоғары оқушылар орындағаны өте тиімді. Олимпиадаға дайындау барысында оқушының танымдық қызығушылығын арттырады. Оқушыларда оқу қызметінің мүддесі мен мақсатын, оларды іске асыру әдістерін қалыптастыру үшін, ең алдымен оларды қызықтыру керек. Физика сабағында сапалық есептерді пайдалану осы қызметті орындауға мүмкіндік береді. Қарапайым сапалық есептер – ойды, зейінді қызықтырып әкететін тартымды есептер. Әсіресе 7-8 сыныптарда физиканы бастағанда сапалық есептерді көбірек шығартса, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары артады. Сапалық есептер оқушыларды әртүрлі ой әрекетіне: салыстыруға, жалпылауға, талдауға, синтездеуге үйретеді. Сапалық есептер оқушылардың есте сақтауын қалыптастырады, танымдық мүмкіншіліктерін кеңейтеді, физикалық білім деңгейінің жоғарлауына, мектеп курсы саналы қабылдауына жетелейді. Сапалық есеп оқушылардың физика заңдарын, құбылыстарды, постулаттарды тез естеріне түсіріп, білу дағдыларын, тапқырлықты, шығармашылықты, мұқияттылықты, кеңістікте елестету қабілеттерін дамытады, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуге кең мүмкіншілік береді.

10 және 11 сыныптарда «Физика ғылымындағы ілгері эксперименттер» және «Физика пәнінен есептер шығару әдістері» тақырыбында қолданбалы курсты жоспарлы түрде ұйымдастырып, оқушылардың шығармашылығын дамыту мақсатында жұмыстар жүргіздім. Сабақта оқушылар қиын деңгейлі есептерді шығаруға әр түрлі әдісті қолдана отырып, тиімді, ықшамды жолмен шығаруға қалыптасты. Әр түрлі қиындықтағы тапсырмаларды орындау барысында, өз бетімен оқып, қосымша анықтамалық материалдарды қолдануды меңгергендіктерін байқатты.

Физика – эксперименттік ғылым болғандықтан, онда теорияны практикамен ұштастыру мақсатында кейбір тақырыптардан кейін зертханалық жұмыстар өткізіледі.

Мұғалімнің негізгі ұстанған мақсаты – білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу материалын қаншалықты деңгейде меңгергенін бақылаудың сан түрлі жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабақта тиімді пайдалана білу. «Білімнен қымбат нәрсе жоқ. Көңілде жатса баспай тот» дегендей оқушылар алған сапалы білімдерін, тәрбиесін, бойға дарыған өнерлерін үнемі жаңғыртып, жетілдіріп оны ғылыми жетістіктермен толықтырып отыруы тиіс.

Мұғалім сабақты түрлендіріп, өмірмен байланыстырып өтуінде, пәндік білімдеріне, ептіліктеріне және сауаттылығына сүйене отырып, оқу пәндері арқылы, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру негізінде жүзеге асады. Физика сабағында алған білімдерін оқушылар күнделікті өмірмен байланыстара алуын қамтамасыз ету менің бірінші міндетім болып саналады. Физика пәні күрделі екеніне ешкімнің де дауы жоқ. Оны жаттап алу мүмкін емес, түсіну қажет! Міне осындай әр түрлі ойлардан кейін бала жүрегіне жол тауып, білімге жетелеу үшін қызығушылығын арттыру үшін тиімді әдіс- тәсілдерді қолданамын. Мысалы, 7 сыныпта Үйкеліс күші тақырыбын өткен кезде үйкеліс арқылы заттардың тозатынын, ескіретінін және үйкелісті арттырудың, кемітудің тәсілдерін біледі, күнделікті өмірде қолданады. Қысым тақырыбын меңгере отырып күнделікті тұрмыста пышақты не үшін қайрайтынымызды және жер қазу үшін қандай күректі қолданғанымыз жеңілдірек болатынын, шайға қант қосқанда тәтті болу себебінің диффузия құбылысы екенін біледі.

Жаңа технологияның тиімді әдіс- тәсілдерін ұрпақтың бойына сіңірте білу ұстаздардың басты міндеті. Оқушы:

- мақсат қоюға үйренеді;
- есте сақтау қабілеттері дамиды;
- басқалармен бірігіп жұмыс жасайды;
- дарынды оқушылар өз қабілеттерін одан әрі бекіте түседі;
- әлсіздер оқуға ниет білдіріп, өзіне деген сенімсіздіктен арылады.
- өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады.

Мұғалім:

- жүйелі тапсырма беруге ұмтылады;
- оқушыны жан-жақты танып біледі;
- оқушылардың өзара әрекеттесуіне жол ашады;
- оларға шығармашылық еркіндік беріледі.

Біздің заманымыз ғылым мен техниканың ғарыштап дамыған кезеңі, біз ұстаздар сол заманмен бірдей қадам басуға міндеттіміз, себебі біз адам тағдырына, бала тағдырына жауаптымыз.

Қорыта келгенде, елдің ертеңі білімнің тереңдігі мен өлшенеді демекші. Үздіксіз өзгеріп тұрған әлем адамнан да қабілет пен қажеттіліктерді үздіксіз дамытуды талап етеді. Сондықтан білім беру саласының басты мақсаты оқушыларды өзгермелі өмірде қорықпай, еркін өмір сүруге, білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеге, өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға, аналитикалық ойлау қабілеттерін дамыту және олардың шынайы өмірде дара тұлға етіп қалыптасуына ықпал ету. «Шәкірт – нығырлай беретін ыдыс емес, керісінше тұтандыруды талап ететін шырақ» демекші оқушылардың жеке шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту және оларды шынайы өмірдегі дара тұлға етіп дайындау мектептің басты мақсаттарының бірі. Қорыта айтқанда, функционалдық сауаттылықты жүзеге асырудың басты міндеті – оқушылардың теориялық білімдерін практикалық тұрғыда қолдануымен қатар тәуелсіз еліміздің келешегіне үлкен жауапкершілікпен қарауға үлестерін қосу болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ақитай Б.Е. Физиканы оқытудың теориясы мен әдістемелік негіздері, - «Алматы», 2017. 233 б.
2. М. Құдайқұлов, Қ. Жаңабергенов. Орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі. – А.: «Рауан», 2010. 215б.
3. В.Г.Гудкова. Физический эксперимент в школе. – «Просвещение», 2012. С.317
4. Физика сабақтарындағы оқытудың инновациялық технологиялары. Авторы: К. Ж Бұзаубақова
5. Үш өлшемді әдістемелік жүйе-білім беру сапасын арттырудың тиімді құралы. Авторы : Ж.У. Кобдикова

УДК 004.74 (02)

ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ НА УРОКЕ ИНФОРМАТИКИ

АЛТЫНБАЕВА АЗИЗА АБДЫКАЛЫКОВНА

Средняя школа № 27, учитель информатики,
Республика Казахстан, г.Тараз

Түйіндеме. Мақалада информатиканы оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану, оларды білім беру процесінде қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері қарастырылады.

Summary. The article examines the use of digital educational resources in teaching computer science, the advantages and disadvantages of their use in the educational process.

Использование цифровых образовательных технологий для развития системы общего образования является одним из важнейших стратегических направлений в области повышения качества образования. На сегодняшний день применение цифровых технологий переживает этап своего развития. Актуальность данной модели подкрепляется приоритетным проектом «Современная цифровая образовательная среда». Целью данного государственного проекта является создание условий для непрерывного образования на базе цифровой платформы онлайн-образования.

В основе образовательного процесса с применением цифровых технологий лежит целенаправленная и контролируемая самостоятельная работа обучающегося. Внедрение в школьную систему цифровых образовательных технологий позволяет приобретать ученикам не только ИКТ компетентность: умение использовать информационные ресурсы сети Интернет в профессиональной деятельности, осуществлять поиск, анализ и оценку информации, но и сформировать у них умение критически мыслить, принимать взвешенные, обоснованные решения, сформировать навыки профессионального общения. К сожалению, обучение с применением цифровых образовательных технологий предполагает наличие у учеников повышенного уровня мотивации, а также стремления к самостоятельному повышению уровня компетентности.

Я, как учитель информатики, использую разные формы, методы и технологии для организации обучения: чат-занятия — учебные занятия, осуществляемые с использованием чат-технологий; веб-занятия — дистанционные уроки, семинары, деловые игры, лабораторные работы, практикумы и другие формы учебных занятий, проводимых с помощью средств телекоммуникаций и других возможностей сети Интернет. Это у нас облачное пространство Яндекс Диск, платформа ЯКласс и платформа Google Classroom; Компьютерная телеконференция это видеоконференция с применением ПК с возможностью быстрого Интернет-соединения, наличием микрофона и цифровой видеокамеры. Наша школа использует платформу ZOOM.

В последнее время в практику вошло использование мобильных технологий в образовательном процессе. Почти у всех учеников имеются мобильные телефоны, смартфоны, планшеты и электронные книги. Ученики часто используют мобильные устройства не только для общения и развлечения, но и в образовательных целях.

Часто в своем образовательном процессе с учениками яиспользую приложение LearningApps.org. Оно является приложением для поддержки цифрового обучения с помощью создания различных интерактивных заданий. На данном ресурсе собран банк интерактивных блоков, которые являются общедоступными и могут быть использованы в учебном курсе. Упражнения из LearningApps можно воспроизводить как на сайте сервиса, так и встроить в систему дистанционного обучения. Я использую в формате обучения обучающие игры на своих уроках, предоставляю ссылки на игры в качестве домашних заданий, печатаю или вывожу на экран QR-коды игр.

Интерактивные упражнения, созданные в этой среде, дают возможность учителю предметнику активно вовлекать учащихся в учебный процесс и играют большую роль в развитии познавательного интереса учащихся к изучаемому предмету. Вопросы, заданные в игровой форме, не пугают и не отталкивают ребёнка. И перед учителем стоит задача придумать интерактивные формы работы для осознанного приобретения учащимися необходимых знаний, умений, навыков. Любой по сложности урок можно сделать лёгким для восприятия, если в нём присутствует игра. Учащиеся с удовольствием играют в предметные КВН, различные викторины и разгадывают кроссворды - <https://learningapps.org/display?v=ps7obmjwk20>



На сервисе имеется галерея общедоступных интерактивных заданий по различным категориям. Галерея приложений создана педагогами из разных стран и может быть использована другими педагогами в своей работе (педагогическая копилка). Для работы с учащимися во вкладке Мои классы учитель создаёт аккаунты для своих учеников. В папку класса учитель добавляет приложения, которые необходимо выполнить учащимся. Есть возможность распечатки логинов и паролей класса, обмена сообщениями учеников с учителем, а также отслеживать статистику выполнения работ. Оценка выполнения учащимися приложений выполнена не баллами, а цветом. Такая система оценивания комфортно воспринимается учащимися и не отбивает желания работать с этим ресурсом. Созданные приложения можно добавлять на курс дистанционного обучения как Гиперссылку по URL-адресу и в качестве элемента курса пакета информации в формате SCORM.

В использовании этих цифровых инструментов проведения опросов есть свои преимущества и недостатки. Требуется подготовка – создание собственных викторин или выбор из библиотек, учитель выступает в роли дизайнера и менеджера цифровых ресурсов и систем опросов. Необходимо стабильное подключение к сети Интернет, а преимуществом использования цифровых инструментов тестирования является мгновенная проверка и подробная статистика. В любом случае обучение через игру, сотрудничество, соревнование и самопроверку, коррекцию

неверных ответов является одним из способов достижения предметных и метапредметных результатов.

В завершении хотелось бы сказать, что цифровое обучение крайне актуально в настоящее время. Задача сделать обучение непрерывным для всех является крайне важной. Различные формы цифрового обучения позволяют проводить разные виды занятий и иметь постоянную коммуникацию с учениками. Применение цифровых форм обучения необходимо в реализации изучения предмета Информатики на всех уровнях.

Список использованной литературы:

1.97 вещей, о которых должен знать каждый Java-программист, Советы лучших экспертов, Хенни К., 2023

2. Информационные технологии, Базовый уровень, Артюшина Л.А., Спирина Т.В., Троицкая Е.А., 2023

УДК 544.12.26

ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

САПАРАЛИЕВА САЙРА АЙТАЛИЕВНА

Средняя школа № 27, учитель химии и биологии,
Республика Казахстан, г.Тараз

Резюме. В статье рассматривается освоение учащимися системы ключевых компетенций, позволяющих эффективно и успешно использовать полученные знания в практических ситуациях и в процессе социальной адаптации – результат развития их функциональной грамотности.

Summary. The article discusses the development of a system of key competencies by students that allow them to effectively and successfully use their knowledge in practical situations and in the process of social adaptation – the result of the development of their functional literacy.

“Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Сондай-ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды. Ұлттық жоспардың мақсаты – еліміздегі барлық оқушылардың функционалдық сауаттылығының дамуы үшін жағдай туғызу болып табылады. Яғни, оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту барысында атқарылатын іс-шаралардың жүйелілігі мен тұтастығын қамтамасыз ету болып табылады. Оқушылардың алған білімдерін практикалық жағдайларда тиімді және әлеуметтік бейімделу үрдісінде сәтті пайдалануға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттіктер жүйесін меңгеруі – олардың функционалдық сауаттылығы дамуының нәтижесін береді. Функционалдық сауатты адам қоғамның құндылықтарына сәйкес, қоғамдық ахуалдың қалыптасқан мүдделеріне қарай әрекет ете алады [1].

Қазіргі заманда еліміздің болашағы – жастар деп жиі айтып жатамыз. Алдағы жылдарда елді дамытатын да, сол дамыған дәуірдің жемісін көретін де – жастар. Жастарымыздың білімді, денсаулықтары мықты болып өсулері үшін ғана емес, сонымен қатар, олардың өз елінің шынайы патриоттары болып ержетуі жолында тер төгу бүгінгі аға буынның өкілдері үшін зор міндет деп білемін. Сондықтан, әрбір білім нәрімен сусындатын ұстаздың міндеті болғандықтан, оқушылардың пәндік білімдеріне, ептіліктеріне және дағдыларына сүйене отырып, оқу пәндері арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту бағытында білім, білік - дағдыларын қалыптастыру негізінде жүзеге асады [2].

Осыған орай, химия пәнінің қызығы мен ғажайыбын көрсету мақсатында әр сабақты оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру мақсатында үнемі байланыстырып тәрбиелеу бағытында өткізіп отырамын. Химия сабағында алған білімдерін оқушылар күнделікті өмірдегі байланыстармен қамтамасыз ету менің бірінші міндетім болып саналады. Химия пәні күрделі пән екендігі бәрімізге де белгілі. Оны жаттап алу мүмкін емес, түсіну керек. Міне,

осындай әр түрлі ойлардан кейін бала жүрегіне жол тауып, білімге жетелеу үшін мұғалім әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек.

“Ғылымды күшті меңгерген және оны сүйетін мұғалім ғана өз шәкіртінің бәріне жемісті ықпал жасайтын болады” деп Д.И. Менделеев айтқандай, оқушының терең білімді болуының басты шарттарының бірі мұғалімнен оқушыға берілетін білімнің көлемі жеткілікті, толық әрі нақты болуы керек және де білім оқушының ішкі жан дүниесінде қалыптасып, керек кезде белгілі бір дамитын күш ретінде қажетке жарау керек деп ойлаймын. Мысалы, барлық басқа пәндер сияқты химия пәнін мектепте оқытудың алдында қойған өз мақсаты бар. Оқушы өзі білетін химиялық ұғымдарды өз ойынша қорыта отырып, кейбір түсініксіз жағдайларды қарапайым химиялық фактілермен салыстыра отырып қорытынды жасай алса немесе өзіне қажет, ойландыратын сұрақ туралы қорытынды жасай алатын деңгейге жетсе, пәнді оқыту өзінің мақсатына жетті деп айтуға болады. Сол себепті, мен өз сабақ жоспарымның әр бөлімінде оқушылардың пәнге деген сауаттылықтарын анықтап отырамын. Оқушының танымдық белсенділігін арттыру үшін сапалы тапсырмаларды қолданамын [5].

Химия пәнінде шығармашылық есептер оқушының шығармашылығын шыңдайтын есептер болып табылады. Шығармашылық есептерді пәнге деген қызығушылығы жоғары оқушылар орындайды. Химия сабағында сандық есептерді шығару – ойды, зейінді қызықтыратын тартымды есептер болып табылады. Әсіресе 8-сыныптарда химияны бастағанда сандық есептерді көбірек шығарса, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары артады. Сондықтан, сандық есептер оқушыларды әртүрлі ой әрекетіне: салыстыруға, жалпылауға, талдауға үйренеді. Сонымен қатар, сандық есептер оқушылардың есте сақтауын қалыптастырады, танымдық мүмкіншіліктерін кеңейтеді, химиялық білім деңгейінің жоғарлауына, мектеп курсы саналы қабылдауына жетелейді. Оқушылардың осындай танымдық белсенділігін дамыту барысында төмендегідей нақты жұмыстар атқарып жүрмін: “Жас химик” атты үйірме сағатында және “Химия және экология” тақырыбында факультативтік курсты жоспарлы түрде ұйымдастырып, оқушылардың шығармашылығын дамыту мақсатында жұмыстар жүргізіп келемін. Сабақта оқушылар қиын деңгейлі есептерді шығаруға әр түрлі әдісті қолдана отырып, тиімді, ықшамды жолмен шығаруға қалыптасуда. Әр түрлі қиындықтағы тапсырмаларды орындау барысында, өз бетімен оқып, қосымша анықтамалық материалдарды қолдануды меңгергендіктерін байқатып келеді [4].

Ұлттық жоспардың негізіндегі функционалдық сауаттылықтың механизмі - ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеуге белсене қатысуын қамтамасыз ету. Ата-аналармен тығыз байланыс жасап отырамын. Химия пәнінен функционалдық сауаттылықты арттыру-бүгінгі таңдағы басты міндетім деп білемін. Қай елде болсын, балаға білім беру ісі елеулі орын алып, ұрпағының білімділігі мен біліктілігін шыңдауға бет бұрады. Сонымен қатар, оқушылардың жалпы білімін көтеру үлкен мәселе екені сөзсіз.

Еліміздің мәртебесінің биік болуы қоғам мүшелерінің келешек ел болашағы – жас ұрпақтың белсенділігі мен іскерлігіне тікелей байланысты болмақ. Қазіргі таңда еліміздің келешегін, өз елін сүйетін, әдет-ғұрпын, салт-санасын қастерлейтін ұрпақты тәрбиелеу маңызды орын алып отыр. Сондықтан осыны негізге ала отырып, күнделікті тұрмыста қолданылатын химиялық заттардың қасиеттерін сипаттап, түсіндіру бір бөлек. Бұл заттардың адам өміріндегі маңыздылығын, пайдасы мен зияны бірге айтылады [7].

Мысалы, ас тұзы, ас содасы, темір, судың кермектігі, металдар мен бейметалдардың қасиеттері, олардың қолданылуы немесе синтетикалық жуғыш заттар, барлығының күнделікті өмірде пайдаланғанымен, олардың ұлттық педагогикалық тәрбиедегі алатын орны ерекше. Мысалы, “Заттар және олардың физикалық қасиеттері. Таза заттар және қоспалар. Заттарды тазарту әдістері.” тақырыбында бізді қоршаған заттардың көптеген қосылыстардан тұратынын, олардың бір-біріне айналып, түрін, түсін, дәмін өзгертіп отыратынын күнделікті тұрмыстан білуге болады. Сонымен қатар, заттардың түсіне келетін болсам, көк түс “Көк аспанның”, қызыл түс – оттың, күннің көзі десек, қара түсті жел мен жер, күштің белгісі, ал жасыл түсті өмірдің көктемгі символы деп есептеп, оларға тәрбиелік бағытында үлкен мән беремін. Сонымен қатар, “Табиғаттағы су. Судың құрамы, қасиеттері және қолданылуы.” тақырыбында судың пайдасы туралы, соның ішінде халқымыздың “Су – тіршілік көзі ” дегенді негізге ала отырып, “Су ішкен құдығына түкірме”, “Жылай-жылай арық қазсаң, кліп жүріп суын ішерсің” деген мақалдары оқушыларды еңбеңсүйгіштікке, адамгершілікке тәрбиелейді. Химиялық реакция теңдеуін құрып, оны теңеструдің өзі де оқушыға берілген тапсырма деп, оларды сауатты түрде орындатуға тырысамын [6].

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», – деп, білім беру жүйесін одан ары дамыту міндеттері негізделген. Осыған орай, оқытудың жаңа әдіс – тәсілдерін меңгеріп қана қоймай, оқушыға сапалы білім мен саналы тәрбие беру негізінде жаңа инновациялық оқуларды барынша қолданып келемін. Оқушыларға химиядан жүйелі білім беруде сабақ басты орын алады. Қазіргі кезде химия пәні бойынша білім мен іскерлікті қалыптастыру, дүниетанымдық көзқарастарды түсініп, қорытындылар жасай білуге үйрету мақсатының ортақтығы негізінде іске асырылады. Сабақта оқытудың барлық формасында жақсы нәтижеге жету үшін бір формадан екінші формаға ауысып отыру оң нәтиже береді. Жаңа сабақтың материалын оқуда ұжымды жүргізеді. Оқытудың түрлі формаларын қолдану оқушылардың белсенділігін, өз бетінше жұмыс істеу және таным қабілетін арттырады. Қазіргі сабақ оқушылардың өзіндік жұмыстарынсыз болмайды. Ол- оқушылардың алдына қойған мақсаттарын орындау қызметі[3]

Химия сабағындағы оқушылардың өзіндік жұмыстары сан алуан сарамандық тәжірибелерді орындаулары, есептерді шығаруы, формулалар бойынша реакциялардың теңдеуін құрастыру, жаттығуларды орындау, бақылау және тексеру жұмыстарын орындау, оқулықпен жұмыс, анықтамалар және әр түрлі қосымша әдебиеттермен жұмыс т.б. Оқушылар ұжымы бір тақырыпты немесе бір жоспар бойынша бірнеше топқа бөлініп жұмыс жасайды. Сарамандық жұмыстарды бірлесіп орындап, есептерді бірлесіп шешеді, зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Осы бағытта 9-сыныптар арасында “Ойлан. Топтас. Талқыла.” тақырыбында танымдық сайысы өтті. Бұл сайыстың мақсаты – пән бойынша алған білімдерін жүйелеп, бекіту, тексеру және шығармашылық қабілеттерін шыңдаумен қатар, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту болды.

Мұнда “Химия тұрмыста”, “ Химия медицинада” “Химия айналамызда” “Химия техникада” тақырыбында оқушылар постер қорғап, өз ойларын ортаға салды. Химияға деген қабілеттіліктерді дамыту үшін мүмкіндігінше оқушылардың өзіне тапсырмаларды көбірек етіп беріп, оларға химиялық проблемаларды шығармашылықпен шешу тәсілдерін біртіндеп түсіндіру қажет. “Адам қоғамдық, мемлекеттік барша мүдделері үшін және бүкіл адамзат үшін пайдалырақ болса, соғұрлым кемелдене түседі” деген Д.И. Менделеев. Олай болса, сапалы білім табысты оқуға қол жеткізу басты талап екендігін ескере отырып, бүгінгі таңда оқушыларымызға білім берілуімен маңызды емес, маңыздысы – білім беру сапасын көтеру және олардың білімі терең, ойы ұшқыр, функционалдық сауаттылығы жоғары адам болып қалыптасуына ықпал жасау біздің міндетіміз деп ойлаймын. Және де Абай Құнанбаевтың “Бұлақ көрсең көзін аш” деген ұлағатты сөзді негізге ала отырып, бар мүмкіндікті пайдаланып, өзін тәрбиелеп жатқан оқушыларымыздың қабілеттерін, сауаттылықтарын дамытуды парызым деп санаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев “Қазақстан - 2050” стратегиясы
2. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың “Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: Өсу, реформалар, даму” Жолдауы 2015-2016 ж
3. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңы
4. “Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары” 2012 ж-6б
5. И.Нұғыманов “Химияны оқыту әдістемесі” Алматы Print-S.2005
6. Қазақстан мектебі. 2006 ж. №4 “Инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану тетіктері”
7. “Функционалды сауаттылықты дамытуда критериалды бағалау рөлі “ “Химия мектепте” журналы 2016 №1 56-б

МАЗМҰНЫ

ІТ ЛИНГВИСТИКАСЫНЫҢ БАСТАУ КӨЗДЕРІ

ХАЛЫМ БОТА. ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ АДАМНЫҢ ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗІН СИПАТТАЙТЫН ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ТІРКЕСТЕР.....	3
КЕНЖЕБАЕВА Н.Е. ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫ - ТІЛ МӘДЕНИЕТІНІҢ БАСТЫ КӨРСЕТКІШІ.....	5
МУРСАЛАЙ КЕРИМ. ҰЛТТЫҚ КОРПУС БАЗАСЫНА ТАРИХИ ІІІ КОРПУСТЫ ӨЗІРЛЕУДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ.....	8
БЕЙСЕНХАН САМАЛ. КОПИРАЙТЕРДІҢ ПРАГМАЛИНГВИСТИКАЛЫҚ БІЛІМІНІҢ ЖАРНАМАҒА ӨСЕРІ.....	11
МҰСАБЕКОВА М.Д., ОРАЗБАЙ А.А. ҚАЗАҚ ЛЕКСИКОГРАФИЯСЫ. БІРТІЛДІ ОҚУ СӨЗДІГІН ТҮЗУДІҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ.....	15
КОСАЕВА Л.Т. ІТ- ЛИНГВИСТИКАСЫНЫҢ БАСТАУ КӨЗДЕРІ ЖӘНЕ ДАМУЫ.....	18

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУ АСПЕКТІЛЕРІ

ТОРТКУЛБАЕВА Т.А. Т.АМАНЖОЛОВ ТАРИХИ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР.....	2
3	
БЫБРАЙЫМ Ә.О., ТУРСЫНБАЕВА А.Т. СТИЛИСТИКАНЫҢ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРЫ МЕН КАТЕГОРИЯЛАРЫ.....	25
ABDYGALIYEVA N.N. THE CONTENT AND FEATURES OF SPEECH ETIQUETTE OF KAZAKH NATION.....	28
АДЕНОВА Д.Қ. КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАР	31
САТБЕКОВА А.К. ЭТНОЛИНГВИСТИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	33
ОМАРОВА А.О. НҰРЖАНҚЫЗЫ К. ФОРМИРОВАНИЕ ЛИНГВОКУЛЬТУРНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ БИЛИНГВА ЧЕРЕЗ СРАВНИТЕЛЬНО-СОПОСТАВИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ РУССКИХ И КАЗАХСКИХ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ.....	36
ТАЖИБЕК А., КУЛЕКЕЕВА Т.К. АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛІН ЗЕРТТЕУДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР.....	40
НАУРЫЗБАЕВА З.Н. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАЛАРЫ.....	42
НАМЕТКУЛОВА Г.Н. ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҒАШЫЛДЫҚ.....	44
АУЕЖАНОВА З.Е. БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ – БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ БӘЙТЕРЕГІ.....	46
САНАКУЛОВА Д.К., ИСАМЕТОВА К.А. АУДАРМАТАНУ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ.....	48
ТҰРЫСБЕК М., АЛТЫНБЕКОВА М.Ж. АҚМОЛЛА АҚЫН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ.....	53
АКШАЕВА Б.К., АБИТАЕВА Д.К. М.ӘУЕЗОВТІҢ АБАЙҒА ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ	56
КАРИБАЕВА А.У. ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ РУХАНИ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ.....	59
БЕЙСЕНОВА К.С. ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ – МӘДЕНИЕТ ПЕН ТІЛ БІРЛІКТЕРІНІҢ ЖИЫНТЫҒЫ.....	62
ШОПИЕВА А.Р. МАҚАЛ-МӘТЕЛ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ДІҢГЕГІ.....	65
БАЯЛИЕВА А.Ж., ШАЛИБЕКОВА Г.М. ҚАЗАҚ ФРАЗЕОЛОГИЯСЫНЫҢ СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН МЕНГЕРТУ	68
ДАУЛЕТКАЛИЕВА Э.М. М.ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ.....	72
САПАРБАЕВА Г.С. АБАЙДЫҢ САТИРАЛЫҚ МҰРАСЫ.....	74
АРТИКОВА З.З., РЫСБАЕВА Н.С. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ АҚЫНДАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСЫ	77
АМАЛБАЕВА З. И. Ш. МҰРТАЗАНЫҢ ҚЫЗЫЛ ЖЕБЕ РОМАНЫНДАҒЫ ТҰРАРДЫҢ БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ.....	80

САДУОВА Г. М. МАҒЫНАСЫ ЖАҒЫНАН ҰҚСАС АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІН ТАЛДАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ АУДАРУ	82
ДИНКЕЕВА А.З. ҚАЗАҚ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ХАРАКТЕР МЕН ЖАҒДАЙ	85
МАМЫТОВА С.М., ҚҰРАНБЕК Ә. XX Ғ. 60-ЖЖ. ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ БАТЫРЛАР ЖЫРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯЛЫҚ МӘНІ	88
АРХАБАЕВА Г.Е. ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰСТАЗДЫҢ БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ	95
АБИТАЕВА Э.Е., АЮПОВА Э.М. ТІЛ МӘДЕНИЕТІ	98
ТҮЙМЕБЕКОВА Ә.Ә. БАТЫРЛЫҚҚА ЖЕТЕЛЕР ҚАСИЕТТЕР	101
МАМЕЕВА Н.А., ШОНБАЕВА И.Ж. М.ЖҰМАБАЕВ –СЫРШЫЛ ЛИРИК	103
САТҚЫНОВА А.Т. ҰЛЫ ТҰЛҒА ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ	107
ИБРАИМОВА С.М., АБДРАХМАНОВА С.Х. Ш.ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ	110
УТЕП Д.Х., ПЕРТАЕВА Э.К. АБАЙ ӨЛЕҢІНДЕГІ ШЫҒЫС ҮЛГІСІН АЙҚЫНДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	113
ҚЫЛЫШБЕК А.Ж., ПЕРТАЕВА Э.К. Б.МОМЫШҰЛЫНЫҢ ҚАЛАМҒЕРЛІК ШЕБЕРЛІГІ	115
ӘБІЛДА Ә.Ш., БЕРКЕНОВА Р.А. ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫН ӨЗБЕК ТІЛІНЕ АУДАРУ	118
ДАНЫШПАНОВА Қ.Т., БЕРКЕНОВА Р.А. ФАРАБИДІҢ ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫНДАҒЫ ЕҢБЕКТЕРІ	121
ДУЙСЕНБАЕВА Б.М. М.МАҒАУИННИҢ «ЖАРМАҚ» РОМАНЫНЫҢ ТІЛТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ	123
АЛЬБЕК З.Р., ИГИЛИКОВА Э.С. ҚИМЫЛ ЕСІМДЕРІНІҢ МАҒЫНАСЫ МЕН ҚОЛДАНЫСЫ	128
ОРЫНБАСАР А.Е., САРСЕНБАЕВА М.Б. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҮСТЕУЛЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ МЕН МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ӨЗГЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ	130

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУЫ

НҮРДИН НҮРДАУЛЕТ., ШОЛПАНКУЛОВА Г.К. ОҚУШЫЛАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ДАМУЫ	133
МАМАЕВ Қ.С. ОҚУЛЫҚТАРДЫҢ МӘТІНДЕРІНЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ-СТАТИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ ЖАСАУ	136
ШАМҒОНОВА Р.Г., БУРКУТОВА Т.Г. ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	140
БЕСПАЕВА Г.К., АЛИНА Г.М. О ПОДГОТОВКЕ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ НОВОЙ ФОРМАЦИИ В УСЛОВИЯХ РЕФОРМИРОВАНИЯ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ	143
БИСЕНГАЛИЕВА М.С. СТУДЕНТТЕРДІҢ АДАМИ КӨЗҚАРАСТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ	146
ҚАРҚАБАЕВА П.П. БІЛІМ БЕРУДЕ КОНСТРУКТИВТІ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК СИПАТЫ	149
БАДЫРОВА А.Н. TRANSLANGUAGING AS A WAY TO MAXIMIZE STUDENTS' COMMUNICATIVE ABILITIES	152.
КҮРКЕБАЕВА Г.М. ЦИФРОВЫЕ СИСТЕМЫ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ РУССКОМУ ЯЗЫКУ	155
ZHUMADILOVA ARAILYM ELSHIBEKOVNA. EFFECTIVE TEACHING METHODS OF ENGLISH TO COLLEGE STUDENTS	158
ҚҰДИЯР А.А., САНАЙ Г.Е. ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	161

НАГАШБАЕВА А.К. ОҚУШЫЛАРДЫҢ МӘДЕНИ-ТЫНЫҒУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДА ТЕАТРЛАРДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ.....	164
КОЛОДНИКОВА В.И. ТЕХНОЛОГИЯ РАБОТЫ СОЦИАЛЬНОГО ПЕДАГОГА С ДЕТЬМИ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ.....	166
ТАЙЛАН А.Ж. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІ ДАМУЫМАҒАН ҮЛКЕН МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘНГІМЕЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	170
ПАЙЗИЕВА М.А. PECS - АУТИСТЕРГЕ АРНАЛҒАН БАЛАМАЛЫ КОММУНИКАЦИЯ ЖҮЙЕСІ.....	172
ҚҰЛИБАЙ Г.Қ. БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОЛДАРЫ.....	175
ЖУМАБЕКОВА Ф.Н., КУАНЫШБАЕВА А.Н. БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР.....	180
ТАЗАБЕКОВА Г.Ж. МҰҒАЛІМ МЕН ҮЛГЕРІМІ НАШАР ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗАРА ӨРЕКЕТТЕСТІГІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	182
АЙДОСОВА Л.Д. БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУЫН ДАМУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ.....	185
ИБРАГИМОВА С.Н. БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ.....	187
КАРСАКОВА Ш.М. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БИ ӨНЕРІ - РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫ.....	190
СЕЙДИБАЙ Б.М. БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕНЕДЖЕРДІҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ДАМУЫ ЖОЛДАРЫ.....	192
РУСТЕМОВА Ш.К., СЕЙДУАЛИЕВА А.М. САБАҚТА ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	194
ЕГИЗБАЕВА А.А. ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА ҰМТЫЛУ – ОҚУ МЕН ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ.....	197
ЖУМАДИЛОВА Т.М. ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ.....	199
МАҚСҮТ М.Т. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ.....	203
БАУЛЫБАЕВА Г.Н. АНА ТІЛІ САБАҒЫНДА ТІЛ ДАМУЫНДА СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ.....	206
РЫСБАЕВА Г.Т. БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ТІЛ ДАМУЫ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ТҮРЛЕРІ.....	208
ЖҰМАБАЕВА Г.С., АЛЖАНОВА О.А. ЕРЕСЕКТЕР ТОБЫНДАҒЫ АГРЕССИЯЛЫ БАЛАЛАРМЕН ТҮЗЕТУ-ДАМУЫ САБАҚТАРЫН ЖҮРГІЗУ ТӘСІЛДЕРІ.....	211
ШАЯНБАЕВА Г.Д. ОРЫС ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ.....	214
ТАСТЕМИРОВА Т.А. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУ.....	217
БАДАНОВА Г. Б. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУЫНДА ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҮРДІСТЕРІ.....	220
ҚАРҚАБАЕВА П.П. БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНА ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТІ ЕНДІРУДІҢ МӘСЕЛелЕРІ.....	222
АЖИБЕКОВА Ж.Т. ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ.....	225
ҚОЖАБЕК А.А. ПІКІРТАЛАС-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТИПТЕГІ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ БІРІ.....	228
ZAMISHEVA G.A., BASKYNBAYEVA D. INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN TEACHING ENGLISH.....	230
АХМЕТОВА Г. К. Р. ГАМЗАТОВ. «ЖУРАВЛИ» ИЗ РАЗДЕЛА «ДЕНЬ ПОБЕДЫ: НИКТО НЕ ЗАБЫТ, НИЧТО НЕ ЗАБЫТО».....	233
АБДИКЕРИМОВА А.Ж. ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	236
КАРЖАУЛОВА А.М. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ МӘСЕЛелЕРІ.....	238
БЕРКЕН Ж. Қ. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН САУАТТЫ ЖАЗУҒА	

ҮЙРЕТУ.....	240
ТИЛЕГЕНОВА Т.С. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН	
ҚАЛЫПТАСТЫРУ	242
ГАДЖИЕВ С. Г. КОЙЧУБЕКОВА Я.Б. РОЛЬ МОТИВАЦИИ В ПРОЯВЛЕНИИ ДУХОВНО-	
НРАВСТВЕННОЙ РАЗВИТИЙ ЛИЧНОСТИ	244

ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ

АУЕЖАНОВА Ж. Е. ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТІҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ	
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ ЖАЙЛЫ ДЕРЕКТЕР МЕН ТАРИХНАМА	248
ДАЛИБАЕВА А.А. ОРЫС ЖӘНЕ ҚОҚАН БІЛГІНДЕГІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ӨЗАРА ҚАТЫНАСЫ	
ЖӘНЕ ОТАРШЫЛДАРҒА ҚАРСЫ КҮРЕС	250

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ

БОПЕТАЕВА С.Р. PIZA ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУІНЕ ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫНДА	
ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКА ПӘНІ БОЙЫНША ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН	
ҚАЛЫПТАСТЫРУ	255
АМАНТАЙ БАЯНБЕК. БІЛІМ БЕРУДЕГІ ОНТОЛОГИЯ НЕГІЗІНДЕ РЕЛЯЦИЯЛАНҒАН	
МӨЛІМЕТТЕР БАЗАСЫН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ	257
ЕСИРКЕПОВА С.Б. ОБ ИСПОЛЬЗОВАНИИ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ	
ПРИ ОБУЧЕНИИ МАТЕМАТИКЕ	261
САИП В.А., ҚОЖАМЖАРОВА Б.С. ОҚЫТУ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕ ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН	
ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	264
ҚАСЕНҚЫЗЫ А., ҚОЖАМЖАРОВА Б.С. БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДАҒЫ НЕГІЗГІ БІЛІМ	
БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ	267
КОНАРБАЕВА Ф. К. АҚПАРАТ ЖӘНЕ ИНФОРМАТИКА	271
АХМЕТОВА М.Ж. ФИЗИКА ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ	
САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ	273
АЛТЫНБАЕВА А.А. ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ НА УРОКЕ ИНФОРМАТИКИ	276
САПАРАЛИЕВА С. А. ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ	
САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ	278

Жарияланған мақалалардың стиліне, мазмұнына редакциялық алқа мүшелері жауап бермейді.

**Сверстано и отпечатано с авторских оригиналов
Ответственность за научное содержание и грамматические ошибки несут авторы**

Шартты б.т. 17,8
Қағазы офсеттік
Офсеттік басылым. Таралымы 100 дана
Тапсырыс №

ХТИИ баспаханасы,
080000, Тараз қ., Жамбыл даңғылы, 75А